«Ақмола облысы білім басқармасының Жарқайың ауданы бойынша білім бөлімі Державин қаласының А.Үкібаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2025-2026 оқу жылына арналған мектепалды 0 «А» сыныбының

ТӘРБИЕЛЕУ – БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЦИКЛОГРАММА
жоспары

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен *(2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттама)* ұсынылады.Астана,2025ж.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 05 тамызда № 29031 болып тіркелді;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 09 қыркүйектен № 394 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы; 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы негізінде талаптарына сәйкес әзірленді.

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: А.Үкібаев атындағы ЖОББМ
Сынып/Топ: Мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы: 5-6 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.09.- 06.09.2025-2026 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 01.09.25**	**Сейсенбі 02.09.25**	**Сәрсенбі 03.09.25**	**Бейсенбі 04.09.25**	**Жұма 05.09.25**
08:30-08:45 **Балаларды қабылдау**	**ҚЫРКҮЙЕК** Құндылық – **Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік** **1-апта дәйексөзі:«Еңбек — қуаныштың кілті»** **«Қауіпсіздікті қамтамасыз ету» бағыты бойынша: «Төтенше қызметтердің телефон нөмірлері»** **«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында** **«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 10 минут жеке әңгімелесуі.**				
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында **Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** **Тәрбиеленушілердің құқықтық тәрбиесінің негізгі тәсілдері:** **үстел үсті және дидактикалық ойындар — балаларда құқықтық түсініктерді қалыптастырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі.** **Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Төтенше қызметтердің телефон нөмірлері»** **«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру.**					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сыныпта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Сыныпта балалармен қауіпсіз,жайлы,дамытушы білім беру орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (құрастыру және робототехника). Шығармашылық: орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Кітап бұрышы:ертегі кітаптарды қарау,боямақ,пазылы ойындары. Табиғат және ғылым:бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Театрландырылған ойындармен жеке жұмыс				

		Құндылықты қалыптастыру **«Адал азамат»** **біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Үнемді тұтыну»** **Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту.** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Су тіршілік көзі» **Түсіндірме жазба:** «Су тіршілік көзі» бірнеше дидактикалық ойындар жүргізуге болады,баланың еркін таңдап алуына қарай. Дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп пайдалануға және судың барлық ерекшеліктері туралы сипаттау. Қазіргі кезде адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат-ананы қорғап, аялауға үйрету. **Міндет:** балаларға судың	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат»** **біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **Қаржылық сауаттылық бойынша** **«Еңбегі адал жас өрен»** **жобасы сыныпішілік** **Үстел үсті еркін ойын жаттығу:** «Егер саған ұнаса...» (Мамандық иесі туралы) **Түсіндірме жазба:** «Егер саған ұнаса...» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және көру,тыңдау,есте сақтау,қиялдау,ойлау қабілеттерін, зейіндерін,сөйлеу мәдениетін, дүниетанымдарын кеңейтіп,шығармашылық арқылы ұсақ саусақ моторикаларын дамыту,заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. **Міндеттері:** Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру; -Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып,олардың маңыздылығы туралы білім беру; -Әр түрлі мамандық түрлеріне қызығушылығын тудыру және еңбек	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат»** **біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Мен өмір сүретін әлем»** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Көкөністер мен жемістер құрап,жинау» **Аннотация:** «Көкөністер мен жемістер құрап,жинау»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Балалардың өздері жиі көретін кейбір көкөністер мен жемістер туралы (жергілікті жағдайды ескеріп) түсініктерін нақтылау. Бұл ойынның көмегімен бала сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. **Міндеттері:** Жемістер мен көкөністерге түсінік беру; оларды ажырата білуге үйрету; ойын, есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту;балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету; Оларды шынайы түрде және суреттерден тануға жаттықтыру. **Дағды:** көкөністер мен	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат»** **біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **Экологиялық мәдениет** **Дидактикалық үстел үсті ойын жаттығу** (топтық,жекелік): «Қоқысты сұрыптаймыз – табиғатты сақтаймыз» **Түсіндірме жазба:** «Қоқысты сұрыптаймыз – табиғатты сақтаймыз» бұл ойын 5-6 жастағы балаларға арналған. Балалардың қимыл-қозғалыс әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру; - балалардың негізгі қимыл түрлерін және олардың атауларын орындау тәсілдері туралы білімдерін бекіту. **Міндет:** Балалардың қоршаған ортаны сақтау үшін қалдықтарды қайта өңдеу қажет екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру. **Дағды:** Балалардың сөйлеу,ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын жетілдіру,алған ақпараттарын жүйелеп қорытындылай білу дағдыларын бекіту. **Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,дене шынықтыру,шығармашы-лық дағдылар. **Ұлттық құндылықтар:**

		маңыздылығы, оның өмірде өте қажет екенін түсіндіру. Сумен ойын арқылы бақылағыш қабілетін дамыту. **Дағды:** Ең біріншіден, сумен шынығу, ол – денсаулыққа пайдалы әрі суды үнемдеуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылық актуалдылығы:** - ойынға деген қызығушылықты, табандылықты, нәтижеге жетуге деген қызығушылықты тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Суды ластамауға тәрбиелеу. **Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: Жемістердің, өсімдіктердің өсуіне су керек, таза киім кию үшін, таза жүру үшін де су керек; ас әзірлеу үшін де су керек т.б. Яғни, жер бетіндегі тіршілік иелерінің барлығы да сумен қоректенеді. Су – тіршілік көзі. Ендеше, әрдайым біз жуынып, таза жүруіміз керек. Даладан кіргенде, ас ішердің алдында қолымызды, бетімізді сабынмен жуу керек. **Дидактикалық ойын: «Қуыршақты жуындыру».** Ойынның барысы: Балалар	адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу. **Дағды:** берілген құралдардан мамандық иесіне тек ғана керек құралын табуға, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру. **Ұлттық құндылық актуалдылығы:** Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып,олардың маңыздылығы туралы білім беру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** берілген құралдардан мамандық иесіне тек ғана керек құралын табуға, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру. **Қауіпсіздігі:** Ойынға танымдық қызығушылығын, байқағыштығын дамыту. **Кіріктірілген:** кө ркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу,шығармашылық. **Қосымша жабдықтар**:әр түрлі мамандықтар туралы пазылы суреттер. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Үстел үстіне түрлі сурет қиындыларын құрастырып маман иелерін шығару.(шаштараз, дәрігер, мұғалім, аспаз, құрылысшы, өрт сөндіруші, тәрбиеші, суретші, жол	жемістерді айыра білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылық актуалдылығы:** Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Сөздік қорын молайтуға, таза жазуға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың зейінін, ой-өрісін дамыту, сөздік қорын молайту, дидактикалық ойындар арқылы балалардың ақыл ой белсенділігін тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. Сандарды білу, заттарды санау, салыстыру, ажырату. **Кіріктірілген:**математика негіздері,сурет салу,көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу. **Қосымша жабдықтар**: **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** балаларға көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. Араласып жатқан суреттерден көкөніс пен жемісті тауып құрастыру. **Ықтимал күрделендіру:** Көлеміне,пішіндеріне қарай сипаттап айтып беру. Өз ойларын еркін жеткізу. **Ойынның нұсқаулары:** пазлдағы суреттің не екенін және оның қолданылуы туралы сұрау.	Өз-өзіне қызмет етудің қарапайым дағдыларын меңгерту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалар бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. **Қосымша жабдықтар**: тақырыпқа сай бейнеленген карточкалар **Әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар: Ойынның шарты: Балаларға экологиялық жағдай ұсынылады: «Адамдар орманға демалуға келіп, қоқыс тастап кеткен. Елестетіп көріңізші, егер біз өзімізден кейін қоқыс жинауды үйренбесек не болады, бұл не әкелуі мүмкін? Сіз не ұсына аласыз?» Қоқысты жинап, арнайы қоқыс жәшіктеріне (контейнерлерге) салу керек. Бұл ойынның тиімділігі балалардың қоршаған ортаны сақтау үшін қоқыстарды сұрыптау қажеттігі туралы білімдерін байыту арқылы дәлелденеді. **Ықтимал күрделендіру:** - Қандай ыдысқа лақтыру керектігін қалай анықтауға болады?

		қуыршақтың дене мүшелерін қазақ тілінде атай отырып, қуыршақты жуындырады. Орамалмен сүртіндіреді. (Ойынға қыздар қатысады). **Дидактикалық ойын: «Жануарларға су беру».** Ойынның барысы: Суды жан-жануарлар, құстар да ішеді. Үй жануарларының макеттерін алып, оларды суғару. (Ойынға ұлдар қатысады). **Дидактикалық ойын: «Анамның көмекшісімін».** Ойынның барысы: қыздар ыдыстарды алып, шай қайнатып, тамақ пысырады. Ол үшін судың көмегін пайдаланады. (Қыздар қатысады). **Дидактикалық ойын: «Батады ма батпайды ма?».** Ойынның барысы: Ойында қағаздан жасалған кемелерді ұл балалар суға жібереді. Оның суға батып кетеді немесе батпайтынын көреді. **Дидактикалық ойын: «Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау».** Ойынның барысы: қыз балалар су құйғыштармен гүлдерді суғарады және жапырақтарын сүртеді. **Бақылау: «Мұз және су».** Бақылауда, егер су суық жерде тұрса мұзға айналады. Бақылау жасайды. **Күтілетін нәтиже:** Ойын барысында, балалар судың	сақшысы,дикаршы,сатушы, тігінші) **Ықтимал күрделендіру:** Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру. - Балалар бағанадан бері сендер көптеген мамандық иелерінің еңбегімен таныстыңдар. Енді өздерің де өскенде кім болғыларың келетінін айтатын кез келді. **Ойынның нұсқаулары:** Балалар үстел үстіндегі мамандық иелерінің қолданатын құралдарын, аз уақыттың ішінде табулары керек. **Есіңе сақтап ал:** Сын тұрғысынан сұрақтар: 1.Мамандық адамға керек пе? (иә) 2.Әр мамандықтың ерекшелігі бар ма? (иә) 3.Дәрігер балаларды оқытады? (жоқ, мұғалім оқытады?) 4.Мұғалім адамдарды емдейді? (жоқ, дәрігер емдейді) 5. Шаштараз шаш қимайды? (жоқ, қияды) 6.Аспаз тамақ даярламайды? (жоқ, даярлайды) **Тіл ұстарту жаттығуы:** Еңбек етсең ерінбей, Абыройыңды асырған. Бірақ өзі көрінбей, Бізден бойын жасырған. (Мамандық) **Жұмбақтар:** 1) Мектептің жүрегі, Білімнің тірегі. (Мұғалім)	**Есіңе сақтап ал:** Көкөністер мен жемістерді көп жесеңдер денсаулықтарың мықты болады. Өйткені оларда дәрумендер көп. Сондықтан бұларды баптап жақсылап өсіріп қарайық. **Пайдасы:** Қызанақ ол біріншіден, тағам ретінде өте пайдалы. Екіншіден, қызанақта С дәрумені өте көп. Сәбіздің құрамында дәрумендер көп. Көп жесеңдер бойларың өседі. Жемістер мен көкөністерді көбірек жеуіміз керек. Өйткені оларда дәрумендер көп, дәрумендер адамдарға күш, куат береді. **Тіл ұстарту жаттығуы:** Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Сә - сә – сә- сәбіз, Ши-ши-ши –шие. Ал- ал- ал – алма Пи- пи – пи – пияз **Шығармашылық жұмыс:** Алдарыңдағы парақтарға кім өзінің жақсы көретін көкөнісі және жемістің суретін салу керек. Салған суреттеріңді атап, қандай жағы ұнайтынын айтасыңдар. **Сипаттамалық жұмыс:** **Тіл дамыту.** Мынау жеміс алма Мынау жеміс алма. Алма домалақ. Мынау жеміс алма. Алма домалақ, тәтті, қызыл. Мынау көкөніс қияр Мынау көкөніс қияр. Қияр сопақ.	-Қоқыс дорбасында не бар екен көрейік? Әртүрлі топтарға бөлуге тырысыңыз (2-3 адам орындайды) 1 топ. Картон және қағаз. (Тұрмыстық техниканың қораптары, кәмпит орамдары, газет-журналдар, ескі дәптер, майлықтар). 2-топ. Шыны. (Сынған әйнек, электр шамдары, шыны бөтелкелер мен банкалар, айналар). 3-топ. Пластмасса. (йогурт кесе, шарикті қалам, пластик бөтелкелер, пластик пакеттер, сынған ойыншықтар). 4-топ. Металл. (Шегелер, бұрандалар, алюминий банкалар, металл ыдыстар, сынған ойыншықтар). **Ойынның нұсқаулары:** Нұсқаулық қоқыс суреті бар карталармен бірге қоқыс контейнерлерінен тұрады. Балалар қажетсіз бұйым жасалған материалды анықтап, оны атайды және ыдыстарға тастайды: «Қағаз», «Пластик», «Шыны», «Металл», «Тағам қалдықтары» **Дамытушылық жаттығулар** 1.Дауысымыз жоғарырақ ша-ша-ша, Біздің шымшық ән салады тамаша. 2.Дауысымыз төменірек - са-са,са Ән саламыз ,бәріміз де жараса. 3.Дауысымыз жоғарырақ

		пайдасы туралы көп біледі. Ойын барысында суды пайдалану қызығушылықтарын тудырады. **Балалардың дербес әрекеттері** **Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр. **Ойынның нұсқаулары:** балаларының бақылаудағы әрекеттеріне сараптама жасап, бағасын беру, не үшін жасалатынын сұрау. **Қосымша жабдықтар**: **Дидактикалық балалардың дербес әрекеттері ойын жаттығу: «Қуыршақты жуындыру»** **1. Суды дайындап аламыз** **2. Жуынуға арналған заттарды дайындаймыз** **3. Қуыршақты жуындырамыз**  **4. Орамалмен сүртіндіреміз** **5. Жұмыс орнын жинаймыз**	2) Сауықтырар сырқатты, Жылы үнмен тіл қатты. (Дәрігер) 3) Тікті әсем киімді, Дүкенге әкеп ілінді. (Тігінші) 4) Зымыранды ерттеген, Ай – жұлдызды зерттеген. (Ғарышкер) 5) Тыныштығын Отанның, Күзететін адам кім? (Шекарашы) 6) Тәртіп, заңды сақтайды, Ел сенімін ақтайды. (Полиция) **Қосымша жабдықтар**: 	Мынау көкөніс қияр. Қияр сопақ, жасыл, дәмді. **Қосымша жабдықтар**: 	шы-шы-шы, Ән күйіміз жарасып тұр қарашы. 4.Дауысымыз төменірек сы-сы-сы Шырқатайық құстар әнін біз осы. **Тіл ұстарту** Табиғаттың панасымыз, Түйіп айтар сөзіміз. Табиғаттың панасы, Мына тұрған өзіміз. Көру жүйесінің қозғалыс функциясы дамуына қарай лабиринтпен жұмыс: **Қосымша жабдықтар**:

		 Дидактикалық балалардың дербес әрекеттері ойын жаттығу: **«Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау»** **1.Суқұйғышты аламыз** **2. Суды аламыз** **3. Өсімдіктерді суғарамыз** **4.Өсімдіктердің шанын сүртеміз** **5. Жұмыс орнын жинаймыз** **Дидактикалық балалардың дербес әрекеттері ойын**	 	    	  

		жаттығу: **«Ас пісіру»** **1.Ал шалғыш тағамыз** **2.Суды дайындап аламыз** **3.Асқа қажетті тағамдарды және ыдысты дайындау** **4.Асты әзірлейміз** **5.Жұмыс орнын жинау** **Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында** **Білу керек:** *Жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта біледі. **Болуы керек:** *Білімге деген құштарлық дағдысы. **Істей білуі керек:**	 	   	 

		*Бір-бірімен қазақша амандасып,қарапайым сұраққа жауап береді. **Тілдік және сергіту жаттығулары:** **«Қуыршақты жуындыру» ойыны кезінде** Шаң боп үстім, Суға түстім. Сүңгіп алдым, Сергіп қалдым. **«Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау»** «Гүлдер» туралы өлең айту. Күнде, күнде, күнде, Су құямын гүлге. Гүлім өсті жайнап, Жайқалып тұр айбат. **Біз нені білеміз** **Суды білеміз.** **Суды ішеміз.** **Суға жуынамыз.** **Өсімдіктерді суғарамыз..** **Нені білгіміз келеді** **Су қайдан келеді?** **Суды қалай тазалайды?** **Біз қалай білеміз** **1.Тәрбиешіден сұраймыз.** **2.Мұғалімнен сұраймыз.** **3.Ата-аналарымыздан сұраймыз.** **4.Видео материалдардан көреміз.**			

					
08:45-09:00 **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.		**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 1** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** ***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары*** 1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Қолды алға созу, дөңгелекшені алға созылған сол қолға ауыстыру, қолды төмен	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 2** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** ***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары*** 1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары көтеру, оны сол қолға ауыстыру, төмен түсіру (4 рет). 2. Б.қ.: сондй, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда.	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 3** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** ***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары*** 1. Б.қ.:өкше түйістірілген, дөңгелекше төмен түсірілген оң қолда. Қолды алға түзу созу, дөңгелекшені келесі қолға ауыстырып, қолды түсіру (8 рет). 2. Б.қ.: аяқ сәл	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 4** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** ***Дөңгелекшемен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары*** 1. Б.қ.: өкше түйістірілген. дөңгелекше оң қолда. Дөңгелекшені жоғары көтеру, сол қолға ауыстыру, төмен түсіру. 2. Б.қ.: өкше түйістірілген, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда.

		түсіру (5 рет). 2. Б.қ.: аяқсәл алшақтатылған, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Отырып, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды арт жаққа ұстау;отыру, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 3. Б.қ.: тізерлеп тұру, жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшетөмен түсірілген екі қолда. Тізерлеп тұру, дөңгелекшені бастан асырып, жоғары, түзу көтеру, жүрелеп отыру, қолды төмен түсіру (5 рет). 4. Б.қ.: аяқ бірге қойылған, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет).	Отыру, қолды түзу ұстап, дөңгелекшені алға созу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет). 3. Б.қ.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң қолда. Оңға (солға) бұрылу, дөңгелекшені оң (сол) аяқтың ұшына қою,бұрылу, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (әр жаққа 3 реттенн). 4. Б.қ.: аяқ бірге, қол белде, дөңгелекше еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, дөңгелекшені айналып, екі аяқтап секіру (2 рет).	алшақтатылған, дөңгелекше кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, дөңгелекшені еденге қою, түзелу, қолды артқа ұстау. Отыру, дөңгелекшені алу, бастапқы қалыпқа қайту. 3. Б.қ.: жүрелеп отыру, дөңгелекше төмен түсірілген екі қолда. Түзелу, дөңгелекшені басынан асырып, жоғары, түзу көтеру, бастапқы қалыпқа қайту (5-7 рет). 4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, дөңгелеше еденде. Аздаған үзіліс жасап, дөңгелекшені айналып, екі аяқпен секіру.	Отыру, дөңгелекшеніалға созу, қолды түзулеп, бастапқы қалыпқа қайту. 3. Б.қ.: тізерлеп тұру, дөңгелекше оң (сол) аяқтың ұшында. Бұрылу, дөңгелекшені алып, бастапқы қалыпқа қайту (әр жаққа 3 реттен). 4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қолды төмен ұстау, дөңгелекше еденде. Дөңгелекшені айналып, екі аяқпен екі бағытқа секіру.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӘ уақыты: 09.00-11.10	09.00-09.25 09.35-10.00 10.10-10.35 10.45-11.10	**Дүйсенбі** **01.09.25**	**Сейсенбі** **02.09.25**	**Сәрсенбі** **03.09.25**	**Бейсенбі** **04.09.25**	**Жұма** **05.09.25**
			Сауат ашу негіздері **Қоршаған әлеммен танысу** **Сурет салу** **Музыка**	**Математика негіздері** **Көркем әдебиет** **Сауат ашу негіздері** **Дене тәрбиесі**	**Математика негіздері** **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Музыка**	**Сауат ашу негіздері** **Көркем әдебиет** **Қоршаған әлеммен танысу** **Дене тәрбиесі**
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша			**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас,	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті.	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас,

ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)		ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыс. **ҰІӘ міндеттері:** -табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру; -көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету; -ұқыптылыққа, бастаған жұмысын тиянақты аяқтауға тәрбиелеу. **Дағды**: Қағылезділікке, бастаған істі аяқтай білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Балаларды еңбек-сүйгіштікке, үлкенді сыйлауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелу. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды ұлтжандылыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**:**«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтиже**: **Қолданады**: саусақ бұлшық еттеріне арналған	**ҰІӘ тақырыбы:** Кеңістікте бағдарлау\ Қағаз бетінде бағдарлау. **ҰІӘ міндеттері:** - сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын және заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) орналасуын үйрету; қозғалысты бағыттау: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағытта; -берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту; -шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. -балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау; сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу; -логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. **Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** Татулыққа, бірлікке, достыққа және қолындағы нәрсені бір-бірімен бөлісе білуге тәрбиелеу.	**ҰІӘ тақырыбы:** Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. **ҰІӘ міндеттері:** балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау, сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу; берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту,логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. **Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** Татулыққа, бірлікке, достыққа және қолындағы нәрсені бір-бірімен бөлісе білуге тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, қолындағы затты орнына қоюға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қоршаған ортадағы сәйкес пішіндерді беттестіре отырып, салыстыруға үйрету. **Қауіпсіздігі:** - дәптерде берілген тапсырмалармен жұмыс	ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Сөз. **ҰІӘ міндеттері:** -сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру; -сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту; -таза, әдемі жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: сөздердің заттың атын, табиғат құбылыстарын,заттың сапасын білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Балаларды еңбек-сүйгіштікке, үлкенді сыйлауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелу. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды ұлтжандылыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**:**«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтиже**: сөздерді атайды, мағынасын түсінеді.

		жаттығу жасауды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалар көңілді күйде шаттық шеңберіне тұрады. Өлеңді қимылымен айтып, қайталайды. Қуан шаттан, алақай, Қуанатын күн келді! Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы таң, достарым! Педагог балаларды жаңа басталатын «Сауат ашу негіздері» ұйымдастырылған іс-әрекетімен таныстырады және нені үйренетіндерін түсіндіреді. Үлестірмелі материалды көрсетеді, жұмыс дәптерімен жұмыс жасау үшін қолданылатын шартты белгілермен таныстырады. – Үстелде дұрыс отыруды, дұрыс қалам ұстауды үйрен. Сымбатты мүсін тек әдемілік үшін емес, ол денсаулыққа пайдалы. – Балалар, дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады? Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады. Педагог: – Табиғатта түрлі-түрлі дыбыстар бар. Педагог үнтаспадан табиғатта кездесетін	Ұқыптылыққа, қолындағы затты орнына қоюға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қоршаған ортадағы сәйкес пішіндерді беттестіре отырып, салыстыруға үйрету. **Қауіпсіздігі:** - қарапайым таразы көмегімен өлшеу барысымен таныстыру, заттарды таразы аоқылы салыстыруға үйрету; ай аттарын, уақытты дұрыс атау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; зейіндерін және логикалық ойлауларын дамыту. **Апта дәйексөзі:«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтижелер:** заттардың қағаз бетінде, кеңістікте орналасуын түсіндіруді біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Ойыншық қай жерде?»** деп аталатын қызықты ойын әзірлегенін хабарлайды. Ойынды жеке немесе жұппен ұйымдастыру үшін балалар ойын алаңын және ойыншықтар бейнеленген карточкаларды алады. Педагог ойыншық	істеу қабілеттерін артттыру; балалардың зейінін мен талқылау қабілеттерін дамыту. **Апта дәйексөзі:«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтижелер:** Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтай алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Сырым мен Әлия (№1 парақ) ойнауға шақырады. Ұйымдастырылған іс-әрекеті басталар алдында педагог топтық жұмыс үшін үлестірмелі материалды (№11 парақ) дайындайды, жұмыс алаңы және гномдар. Педагог **«Серуендегі гномдар»** ойынын ұйымдастырады: суретте алаңда гномдар серуендеуге шықты. Ең үлкен гномды алаңның ортасына қояды. Одан әрі қарай педагог қалған кейіпкерлерді оңға, солға, жоғары немесе төмен орналастыруды сұрайды. Ойынның тағы бір нұсқасы болуы мүмкін, онда балалар кейіпкерлерді өздері орналастырады, содан кейін олардың орналасқан жері туралы	**Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалар бір-біріне әдемі күлкілерін сыйлап, өлең жолдарын бірге айтады. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді болып жүрейік. – Балалар, дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады? Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады. Педагог балаларға ыммен *«отырыңдар», «сөйлемеңдер», «тыныштalыңдар»,* – деп белгі береді. Сөздік жұмыс: *Ыммен сөйлеу – сөйлемей ишарамен түсіндіру.* – Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз, сөз арқылы бір-бірімізді түсінеміз. – Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «*ағаш*», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған сайын бір қарындаштан салып отырайық. Мен «ағаш» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Балалар ойлаған сөздерін

		дыбыстарды тыңдатады. – Балалар, құстың шиқылдауы, желдің соғуы, жаңбырдың сылдыры, жапырақтардың сыбдыры, иттің үруі, қойдың маңырауы бұлар табиғи жолмен жасалған дыбыстар. ***«Көрсет» ойын-жаттығуы.*** 1. Жылан қалай ысылдайды? 2. Қасқыр қалай ұлиды? 3. Жапырақтар қалай сырдырлайды? 4. Жаңбыр қалай тамшылайды? 5. Ит қалай үреді? **Балаларға көрсету әрекеті:** ***«Ненің дыбысы?» ойын-жаттығуы*** Педагог балаларға көздерін жұмып, естіліп тұрған дыбыстарды тыңдауларын сұрайды. Педагог допты еденге ұрып ойнайды, есікті ашып-жабады, қоңырауды сылдырлатады, қағазды сыбдырлатады. Балалар ненің дыбыстарын естігендерін айтады. Педагог балаларға суреттер көрсетіп, оларға мұқият қарауларын сұрайды. – Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? Балалар қандай дыбыс шығарып жатыр? Бұл дыбыстар нені білдіреді? – «Ау-у!» – «Адасып кеттім, көмектесіңдер!»	салынған карточканы көрсетіп, тапсырма береді: зымыранның суреті салынған карточканы жоғарғы оң жаққа қойыңдар, зымыранның астына мәшинені суреті бар карточканы салыңдар. Балалар суреттерді орналастырады. Содан кейін педагог заттардың атауын айтады, ал балалар оның орналасқан жерін атайды. **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Балалар мәтінді тыңдайды (педагог мәтінді оқиды). Оң қолыңды жоғары көтер. Ортадағы жапырақтың түсі қандай? Жасыл түсті жапырақтың айналасындағыларды көрсетілген түспен боя. Әрі қарай балалар шартты белгілермен мұқият танысады. Педагог балалардың назарын бағыттаушы сызыққа аударып, заттың қай жерде екенін көрсетеді, ал қарындаштың түсін қалай бояу керектігін түсіндіреді. **Балаларға көрсету әрекеті:** Шартты таңбаларды «оқып беруді» өтінуге болады. Мысалы, сол жақта, төменде орналасқан затты жасыл түске бояу керек . Педагог тапсырманы толықтыра алады. Мысалы:	айтады. Педагог іс-әрекетінің тақырыбын ашуға көшеді. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Әжеге осы заттарды үйден табуға көмектес. «Сол жақта», «оң жақта», «жоғарыда», «төменде» сөздерін пайдаланып, олардың қай жерде екенін айт. Егер әже аулада болса, онда ол аталған заттарға қалай жетеді? Әрі қарай педагог **«Әжеге көмектес»** ойынын ұйымдастырады. Балаларға «сол жақта», «оң жақта», «жоғарыда», «төменде» сөздерін пайдалана отырып қозғалыс бағытын жасауды ұсынады. **«Әже ас үйде»** жағдаятын ойната алуға болады. Әже балалар бөлмесіне қалай барады? Аулаға қалай шығады? Жуынатын бөлмеге қалай барады? **Сергіту сәті.** *Кәне қанат жазайық,* *Қарлығашқа ұқсайық.* *Ұшып-ұшып алайық,* *Орнымызға қонайық,* *Білімде алда болайық.* **2-тапсырма.** Суреттерді боя. Қозылардың қайда жүргенін ата. Оларға «шөптің» суретін сал. Үзік сызықтарды жиектеп сызу кезінде педагог балалардың назарын дәптердің ыңғайлы орналасуына, алға қарай	айтып, бір қарындаштан салып отырады. Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды. – Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп. Сөз заттың атын *(үстел, кітап, доп),* белгілі іс-әрекетті *(жүгіреді, ойнайды, секіреді),* түр-түсті *(ақ, үлкен, тәтті),* білдіреді. – Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***«Сөзді өлшеп көрсетейік» дидактикалық жаттығуы*** – Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады? – Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді айта бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал айтып болысымен сол сәтте тоқтай қалыңдар (Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады). **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1.Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Ойыншықтарды ата.

		деген мағынаны білдіреді. – «Шүу-шү-у» деп атты жүргізу үшін айтады. – «Іңгә-әңгә-ә!» – нәрестенің жылаған дауысы. – Бұлардың барлығында да сөздер айтылады. Тек ол сөздерді есту үшін, сөзді созып айту керек. «Ааууу!», «Шүу!», «Іңгәәә!» **Балалармен бірге орындау әрекеті:*Дидактикалық ойын: «Мен сияқты айт» (доппен)*** – Мен сендерге допты лақтырып, кез келген сөзді айтамын, ал сендер допты қағып алып, тура мен сияқты қайталап, допты кері лақтыруларың керек. Мысалы: *ққол, өзззен, үүй, қасссқыр, дооомбыра, құұұмыра, қанннт, батыыыр, арррба, балллға, балла, шаррр, дөңгелллек, қаззз, құмммыра, көлллік, құссс, қааайық, бөшшшке, шанышшшқы, түлллкі, көззз, қоңңңырау, құлллпы, бақққа, сазззан, тышшшшқан, сссан, көрррпе, керррік. (Ойынға барлық бала қатысады).* ***Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?»*** ***Ойын шарты:*** Педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады.	Қағаз парағының жоғарғы бөлігінің ортасына бұлттың суретін салуға болады. Суреттегі үзік сызықтарды көрсетілген бағытта бастырып сыз. **Сергіту сәті.** «Ормандағы серуен». Балалар бір орнында қадамдар жасап, мәтінде айтылғандай басын жоғары – төмен, оңға – солға бұрады. *Бұталар мен төмпешіктен* *Аттап өтіп жеңілдікпен,* *Бұтақтар мен томарлардан* *Секіріп өтіп оңайлықпен* *Ұзақ-ұзақ жүріп келдік,* *Шаршадық деп берілмедік.* *Енді жеттік, тоқтадық,* *Кел, достарым, жайғасып,* *Отырайық демалып.* *Тынығамыз, күш жинаймыз,* *Одан кейін сапарға* *Аттанамыз қайтадан.* **2-тапсырма.** Қолшатырларды берілген бағыт бойынша қарындаштардың түсіне сәйкес боя. 1-тапсырмаға ұқсас орындалады, сонымен қатар балалардан тапсырманы орындау алдында шартты белгілерді «оқуды» сұрайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Суреттерді түймедақ үстінде, ал жапырақ астында; жапырақ үстінде, ал қызғалдақ астында болатындай боя.	қатты иілуге болмайтынына, қарындашты дұрыс ұстау қажеттілігіне, сызық жиегінен асырып сызбауына және қол шаршағанда, тынығып алу керектігін айтады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Саусақ жаттығуы.** Педагог балаларға келесі жаттығуды орындауды ұсынады: «Көжек» – саусақтар жұдырық болып жұмылған. «Көжек» – құлағын созады. Бала сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын түзулеп, екі жаққа ажыратады. **3-тапсырма.** Атаға қай жерде не тұрғанын табуға көмектес. Тапсырма бойынша суретін сал. Алдыңғы тапсырмаларға ұқсас педагог балалардан шартты белгілерді «оқуды» сұрайды. Мысалы, оң жақ бағытты көрсету сызығы бүркіттің оң жағына бұлттың суретін салу керек екенін көрсетеді немесе т.б. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы	2. Суреттегі заттардың ұзақ және қысқа айтылуына қарай тиісті таспаға қос. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Балалар заттарды атайды. **Сергіту сәті :** Адымдаймыз көңілді, Адымдаймыз көңілді, Алға қарай сенімді. Алға қарай сенімді. Тік көтеріп кеудені, Шеңбер болып тұрайық, Адымдаймыз жігерлі. Дөңгелекті құрайық. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** (*графикалық жұмыс*) **3. Саусақ жаттығуы:** Тыңда, орында. Алақанның біреуін Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын, Қол үстінен ұрайық. 4-5. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог балаларды үстелде отыру, жазу ережесімен таныстырады. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. **Үстелде отыру ережесімен таныстыру:** жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортанғы саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол

		Қой маңырайды: *(мәәә)* Сиыр мөңірейді*:(мууу)* Жылқы кісінейді*:(йоо)* Түйе боздайды*:(баа)* Ешкі бақырады: (*мәққ)* **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 2. Суреттерге қара. Сен қандай дыбыстарды ести аласың? Табиғат құбылыстарының дыбысын сал. 3. Балалардың дыбысын қайталап айт. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. **Сергіту сәті** Жаттығуды біз бастаймыз, Денемізді тік көтеріп, Орнымызда адымдаймыз. Аяқтарды нық басамыз. Қатар тұрып тізілеміз, Оңға-солға қолды сермеп, «Бір, екі», – деп біз санаймыз. Қатар болып жұптасамыз. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** (*графикалық жұмыс)* 5. Нүктелер мен үзік сызықтарды көрсетілген бағыттары бойынша бастыр. **Үстелде отыру ережесімен таныстыру:** жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортанғы саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында	Орындау алдында педагог жағдайды суреттейді. Қағаздан кесілген түрлі түсті жапырақшаларды алып, оларды бірінің үстіне бірін қойып, одан әрі түсіндіреді: Содан кейін олардың орнын ауыстырады. Не өзгерді? Осыдан кейін балалар тапсырманы өз бетінше орындай алады (тапсырма: суреттердің бірін таңдау). Педагог соңында балалардан оң жақта, сол жақта, артта, алда кім отырғанын айтуды сұрайды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Балалар графикалық жұмысты бастамас бұрын, педагог қарындашты қолдарына алдырып алдымен ауада жаздырады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. – Сөз нені білдіреді? Сөзсіз қарым-қатынас жасау мүмкін бе? Іс-әрекетке жақсы қатысып, белсенді болған балаларды мадақтап, мақтайды. – Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды? Балаларға жұмыс дәптерде өздерінің игерген білімінің дәрежесін, өздерінің үлгерімін смайл арқылы белгілеуді ұсынады. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

		болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Жеке жұмыс жүргізеді. **4. Тыңда, орында.** **Саусақ жаттығу** Кіп-кішкентай саусақтар Түрлі түсті сызықтарды Шаршамайды, тынбайды. Дәптерлерге жазады. Себебі бұл саусақтар Еңбексүйгіш саусақтар, Жаттығулар жасайды. Бәрінен де озады.			

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Қимылды ойын: «Кімде доп бар?»

Басты міндеттері: Балаларды ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру. Қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Сымбаттылыққа, шымыр болуға,ептілікке тәрбиелеу. Күш қуат пен секіргіштікті дамыту.

Қимылды ойын: «Кімде доп бар?»Таза ауада ойын.

Ойынның міндеттері: Балаларды ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру. Қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Сымбаттылыққа, шымыр болуға, епті лікке тәрбиелеу. Күш қуат пен секіргіштікті дамыту.

Дағды: Балаларды ойын сөзін ұғып тез қимылдауға үйрету, қимыл бағытын тез орындауға, тәрбиешінің ұсынысын қабылдай білуге дағыландыру.

Қауіпсіздігі: Бір-бірімен ауызбіршілігін дамыту арқылы адалдыққа тәрбиелеу.

Материал: доп

Ойынға дайындық: Жүрісі: Бір бала жүргізуші болады. Бір бала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап, иықтарын тақап тұрады (қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек).

Ойынның ережесі : Ойыншылар шеңбер жасап тұрады. Ойын бастаушы тағайындалады. Ол шеңбердің ортасында тұрады, қолдарын арқасына ұстап бір-бірімен тығыздалып тұрады. Тәрбиеші допты (диаметрі 15 см-ден аспайтын) кімге болса да біреуіне береді, балалар оны арттарымен шеңбер жасай бір-біріне береді. Бастаушы доптың кімде екенін табуға тырысады. Ол: «Қолыңды» деп кімге айтса, сол екі қолын алға шығарып, алақанын жайып, жоғары көтеруге тиіс, онда ол оның қолында доптың жоқ екенін көрсетеді. Егер басқарушыдобы бар екенін тапса, ол допты алады да шеңберге тұрады, ал доп табылған бала ойынды басқара бастайды. Ойынға балалардың ықыласы болмағанға дейін ойын қайталана береді.

Әдістемелік нұсқаулар:

Ойынның педагогикалық маңызы.

Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника

		қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу. **Ұсыныс:** Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін (көзінің т.б) біліп айту керек. Тапса допты алады. Таппаса-басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары көтеруі тиіс.			
2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)		**2.Қоршаған әлеммен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері **ҰІӘ міндеттері:** жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу; осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы білім беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту; топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу. **Дағды**: топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылату арқылы олардың құпия сырлары мен тіршіліктері	**2.Көркем әдебиет**- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Білімің – бұлағың. (Ақылбек Шаяхметовтің өлеңі) **ҰІӘ міндеттері:** Білім туралы түсінігін кеңейту; ойлау қабілетін дамыту; ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу. **Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Баланың сөздік қорын молайту арқылы, салт – дәстүр туралы ұғымдарын қалыптастыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Үлкендерді тыңдауға, сыйлауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Бір-бірімен ауызбіршілігін дамыту арқылы адалдыққа тәрбиелеу. Ой-өрістерін, көріп білу қабілеттерін	**2.Сөйлеуді дамыту**- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Балабақшадағы,мектептегі алғашқы күн.(Мектептегі алғашқы күн)Мектеп ауласында\ Менің досым. **ҰІӘ міндеттері:** - балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету; -мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту;баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. -суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту; -бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту; -достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу. **Дағды**: -әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтуға дағдыландыру; - дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Баланың сөздік қорын молайту арқылы, салт – дәстүр туралы ұғымдарын қалыптастыру. **«Адал азамат» біртұтас**	**2.Көркем әдебиет**- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Бәрі де бар бақшада. (Өтепберген Ақыпбековтің өлеңі) **ҰІӘ міндеттері:** Өлең мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Балабақшада бір-бірімен тату болуға тәрбиелеу. **Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Баланың сөздік қорын молайту арқылы, салт – дәстүр туралы ұғымдарын қалыптастыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.Балалардың бойында ертегілер туралы түсініктерін кеңейту. Ертегі мазмұнын суреттер арқылы түсініктерін қалыптастыру. Үлкендерді тыңдауға, сыйлауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Бір-бірімен ауызбіршілігін дамыту

		туралы түсінік беру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға адам мен табиғаттың егіз екенін ұғындыру. **Қауіпсіздігі:** - табиғат құндылығының маңыздылығы туралы түсінік беру. Табиғатты қадірлеуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Экология туралы білімдерін пысықтау. **Апта дәйексөзі**:**«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтиже**: осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы түсініктерге ие. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Үлестірмелі материалдармен танысу:** шартты белгілермен**,** Ер Төстіктің достары: Сақұлақ (алыс пен жақындағыны еститін тыңшы), Желаяқ (ұшқан құс, жүгірген аңды қуып жететін жүйрік), Қырағы (жердің асты-үстін көріп отыратын адам), Таусоғар (алып күштің иесі, тауды көтеретін күші бар) және Көлтауысар (бір көлдің суын ұрттап ішетін адам)	дамыту.Ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**:**«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтиже**: **Түсінеді:** Өлең мазмұнын түсінеді. Әдеби жанрды ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Қазір жылдың қай мезгілі? Бүгін қандай мереке? Тақтаға Білім күніне арналған суреттер ілінеді. Білім, оқу, оқушы, мектеп туралы әңгіме жүргізіледі. – Балалар, өнер де, білім де тек оқудың арқасында болады. Келешекте мектепке барғанда оқу арқылы өнердің, білімнің қыр-сырымен танысасыңдар. – Балалар, бүгін – ерекше күн. Білім күні (слайдтан Білім күніне арналған сурет көрсетіледі). Балалар мектепке, балабақшаға барады. Балабақша – біздің екінші үйіміз. Сендер ақылды, тәрбиелі, ұқыпты, өнерлі, жақсы азамат болып өсулерің үшін балабақшада, мектепте көп нәрсе үйреніп, оқып, білім аласыңдар. Көптеген дос табасыңдар. Балабақша қызметкерлері сендерді өз баласындай мәпелеп,	**тәрбие:** досына деген адалдықты, сенімділікті; **Қауіпсіздігі:** бір-біріне қол ұшын бере білуді. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтиже**: **Қолданады:** әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** тақтаға көркем сурет іліп, балалардан кімнің суретін көріп отырғандарын сұрайды. «Бала» сөзі «Б» дыбысынан басталып тұр. Кәне, бәріміз бірге «Б» деп айтайық. Енді «П» дыбысын айтайық. "П" дыбысы парта сөзінде бірінші болып тұр. Екі дыбысбір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты жұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқа шығу нәтижесінде жасалады. **«Адал дос»** деген әңгіме оқып береді. Адал дос Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуінің аты –	арқылы адалдыққа тәрбиелеу. Ой-өрістерін, көріп білу қабілеттерін дамыту.Ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтиже**: **Түсінеді:** Өлең мазмұнын түсінеді. Әдеби жанрды ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңберін құру.** Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат. Берекелі бүгіндей, Бейбіт болсын болашақ. – Қазір жылдың қай мезгілі? Күз кезінде далада қандай өзгерістер болады? – Бүгінгі ауа райы қандай? Ашық па? Бұлтты ма? Педагог балабақша туралы суреттер бойынша әңгіме құрайды. – Бүгін сүйікті балабақшамыз туралы әңгімелейміз. Балабақша – әдемі атау. Бақшада жас жеміс ағаштары өссе, балабақшада Отанымыздың жас ұландары, сендер өсіп, мейірімді, тату болуға, жақсылыққа, әдептілікке үйренесіңдер. – Біз бүгін ақын Өтепберген Ақыпбековтың «Бәрі де бар

		есімді кейіпкерлермен танысады. Олар әр ҰІӘ сайын балалармен бірге болады және олармен бірге жаңа тақырыптарды меңгеріп, тәжірибелік жұмыстар жасауға атсалысады. Педагог жұмбақ оқиды: Алғашқысы суытады өлкені, Үшіншісі: «Көк теңізге бар», – дейді, Екіншісі жылытады жер көкті, Төртіншісі ұсынады бар дәмді. – Жұмбақ не туралы? – Жыл мезгілдері туралы. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы жұмбақтың шешуі қыс, көктем, жаз және күз екенін тапқызады және әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін естеріне түсіреді. – Балалар, біз «Жаз және күз мезгілдері» ойынын ойнаймыз. Ол үшін екі топқа бөлінеміз, гүл алғандарың оң жаққа, жапырақ алғандарың сол жаққа орналасыңдар. Бүгін сабақта Ер Төстіктің тапсырмаларын орындаймыз. Зырылдауықты айналдыру арқылы тапсырмаларды таңдаймыз, қай топ тапсырманы жақсы орындап, жұлдызшалар көп жинайды, сол топ жеңімпаз болады. Топтардың көшбасшылары сайланады, зырылдауықты айналдырады, бағыты қай	тәрбиелейді, көп нәрсеге үйретеді. – Бүгін біз ақын Ақылбек Шаяхметовтің «Білімің – бұлағың» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – шағын шығарма, ырғағы мен ұйқасы қалыпқа түскен сөздер тізбегі. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, түсіндіреді (толық мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). **Білімің – бұлағың** Қанатым талмайды, Қиялым самғайды. Ақын да, ғалым да Ұстазсыз болмайды. *А. Шаяхметов* **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** *қанатым талмайды* – ерінбей білім алу *қиялым самғайды* – армандау ***Тіл ұстарту жаттығуы:*** Біл-біл-біл – білімді бол. Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:*** – Өлең қалай аталады? Өлеңнің авторы кім? – Өлең не туралы? Саған ұнады ма? – Бүгін қандай мереке? Мерекеде кімді құттықтайсың? Білімді деп көп оқитын, көп ізденетін адамды айтады. «Білімің – бұлағың» өлеңінде білім туралы айтылған. Білімнің бастауын бізге ұстаз, тәрбиеші үйретеді. Ақын да, ғалым да – бәрі	Аблан да, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпесырқаты болатын. Бір үйдің жанынан өте бергендерінде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шығакелді. Абыз қатты қорқып: Аблан, қаш, әне, ит келіп қалды, – деп айғайлап жіберді. Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарыннанбірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абыланды құтқарып алды. Абыз Абланның жанына келіп: Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенімізде шалбарыңды бүйтіп жыртыптастамас еді, – деді. Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені, сен қатты жүгіре алмайсың ғой.Сені иттен қорғайын деп әдейі қалып қойдым, – деді Аблан. Достар деген осындай болар, – деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп. Балалар, достар жайлы әңгіме сендерге ұнады ма? Әңгімеде достар қандай екен? **Балаларға көрсету әрекеті:** «Б», «П» дыбысының буын ішінде келетін сөздерге мысал: Ба-ба-ба – бала.	бақшада» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, түсіндіреді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). – Өлең балабақша туралы. Балабақшаға тек қана балалар келетіндіктен, оны балабақша деп айтамыз. Балабақшада педагогтер, тәрбиешілер, дәрігер, музыка жетекшісі, аспаз жұмыс жасайды. Сендер балабақшада көп нәрсені үйренесіңдер. Үлкендердің көмегімен ән салып, би билеп, сурет саласыңдар. Табиғаттың сан алуан сырларымен танысасыңдар. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** *мазалайды* – ойлай беру *кілең* – тек қана, ылғи Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:*** – Өлең ұнады ма?Авторы кім? – Өлең қалай аталады? Неліктен балабақша деп айтамыз? – Балабақшада сендерді кім қарсы алады? – Балабақшада не үйренесіңдер? Сендерге балабақша несімен ұнайды? – Балабақшада қандай бөлмелер бар? **Сергіту сәті :** Бір шаңырақ астында, Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Педагог «Бәрі де бар

		санға келіп тоқтайды, сол санға байланысты тапсырма интербелсенді тақтадан шығады. **Балаларға көрсету әрекеті:** Жазғы, күзгі ағаштардың өсуі, жыл мезгіліне байланысты өзгерістері жайлы бейнебаян шығады. Қайың, емен, үйеңкі ағаштары саябақтарда, жол бойында, орманда өседі. Алмаағаш – ең көп таралған бақша ағашы. Алмаағаштың жемісі – алма, өте пайдалы. Қайың – ақ, жіңішке, діңі бар ағаш. Көктемде қайыңнан қайың шырыны алынады. Емен – күшті ағаш, дөңгелек, шеті иректелген жапырақтары бар, күзде жаңғақтары піседі. Үйеңкі – әдемі жапырақтары бар ағаш, күзде оның түрлі түсті жапырақтары кез келген саябақтың сәні болып келеді, жапырақтары күзде жерге түскенде, жерді кілем сияқты жауып жатады. Бұл ағаштардың ішінде емен жапырағы ғана күзде сарғаймайды, қоңыр, қошқыл түске боялып, құрайды. **Тапсырма:** «Ағаш пен жапырақ» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Зырылдауықты айналдырады. 3-слайд. Жазғы, күзгі алаңқайдағы өзгерістер жайлы көріністер шығады.	балабақшадан, мектептен білім алады. Сендер де балабақшадан көп нәрсені көріп, үйренесіңдер. Балалардың, яғни оқушылардың мектепке баратын күні – бірінші қыргүйек «Білім күні» деп аталады. Бұл күн бәрімізге мереке. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** ***Дидактикалық ойын: «Алтын сандық»*** (баланың зейінін дамыту). Шарты: алтын сандықтың ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды атайды, ажыратып, бөлек жинайды. **Сергіту сәті :** Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суретке қарап, өз ойыңды айт. Балаларды кім қарсы алып тұр? Балалардың көңіл күйі қандай? 2. Суреттегі заттардың жалпы және жеке атауын ата. 3. Сөмкеге не салу керек? Белгіле. 4. Мақалды жаттап ал. Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады. Педагогпен бірге	Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ. Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру. Клуб, штаб, араб, куб; Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп. «Б» ұяң – дауыссыз, ал «п» дыбысы – қатаң дауыссыз. **Сергіту сәті:** (Сергіту жаттығуларын А.С.Пушкиннің **«Жел»** өлеңімен жасатуға болады.) Жел, жел, қалай сермейсің? Бұлтты үйіріп қуасың. Көк теңіздей тербейсің, Дәйім соғып тұрасың. Жел теңіздей шарлайды, Кемеге тыным бермейді. Толқынмен бірге аунайды, Желкендерді кернейді. **Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».** **Ойын шарты:** педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ... Қасқыр,түлкі,жолбарыс – Қызыл,сары,жасыл,көк –	бақшада» өлеңін қайталап оқиды. Балалар педагогтің жетелеуімен өлең мазмұнын айтады. 3-4 балаға өлеңнің мазмұнын мәнерлеп қайталап айтуды ұсынады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суреттен не көріп отырсың? Балалар не істеп отыр? Балабақшадағы бөлмелерді ата. 2. Балабақшада кімдер жұмыс істейді? Белгіле. 3. Балабақшаға баратын жолды үзік сызықпен қос. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. ***«Менің балабақшам» ойыны*** (баланың қиялын, ойлауын дамыту). **Шарты:** «Лото» үстел үсті ойыны арқылы педагогтің көмегімен құрастырғыштан балабақшаның бейнесін құрастырады. **Есіңде сақта:** Балабақша – базарлы үй. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. Балабақшадағы досыңның аты кім? Сен досыңды не үшін жақсы көресің? Балаларды мадақтау.

		– Күн сәулесі жарқырап, жерге нұрын шашып, ауада әдемі гүлдердің иісі шығып тұрды. Ормандағы жазғы әдемі алаңқайда гүл, шөп, бұталар өседі. Кәне, бәріміз тыңдайық! Бұл алаңқайда біреулер жүрген секілді. Олар не екен? Жақындап қарайық. (Балалар олардың жәндіктер екенін тауып, атайды). Жазғы алаңқайда қанқыз, шегіртке, инелік, көбелек, құмырсқа тіршілік етеді. Кенет ауа райы бұзылып, күн суыта бастады, жәндіктер әр жерге тығылды, шөптер сарғайып, гүлдер қурап қалды. Жазғы алаңқайға қандай мезгіл келді? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Күз мезгілі келді. Тапсырма: **«Жазғы және күзгі алаңқай» ойыны.** Панно жасау (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). 4-слайд. Жаз, күз мезгілдеріндегі еңбек. Адамдар көктемде жер жыртып егін егеді, бау-бақша егеді, жазда оны күтеді, суарады, күзде піскен егінді оны қамбаға жинайды, егін жинау науқаны жүреді. Суреттегі техника мен құралдар қандай жұмыстарға арналған? – Комбайн, соқа, тырма, күрек – астық өнімдері	мақалдың мазмұнын талдау арқылы білімді адамның мықты болатынын, ақылды болу үшін көп оқу, үйрену керектігін түсінеді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Суретке қараңдаршы, оқушылардың көңіл қандай? Оқушылар көп пе, аз ба? Оқушылар қалай киінген? Мектепке балалар не үшін барады? Білім күнін қалай мерекелейміз? Кітапты көп оқитын адамды кім деп айтамыз? Балаларды мадақтау.		

		мен картоп жинауға және жер жыртуға арналған техника мен құралдар (соқа – жер жыртуға арналған құрал, комбайнның тіркемесі). Тапсырма: «Еңбек құралдар көрмесі» ойыны. **Сергіту сәті** (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Балалар, біз жаз бен күз мезгілдері жайлы сөйлестік. Жаз, күз мезгілдерінің маусымдық өзгерістерін, адамдар еңбегін еске түсіреді. Жеңімпаздар анықталып, жұлдызшалар саналады. **Үлестірмелі материалдармен жұмыс:** 1. Ер Төстікті жыл мезгілдерімен таныстыр. Жыл мезгіліне байланысты серуенге шығатын киім таңда. Сызықпен қос. 2. Жыл мезгіліне байланысты ауа райы құбылыстарын, табиғаттағы өзгерістерді атап айт, жаз мезгіліне байланысты өзгерістерді жасыл түсті қарындашпен, күз мезгіліне байланысты өзгерістерді сары түсті қарындашпен қорша. 3. Суретті аяқта. Ненің жапырақтары екенін айт. 4. Жаңбырда қайсысы қайда жасырынады? Сызып көрсет.			

<table>
<tr><td rowspan="4">«Ас – адамның арқауы» түскі ас.
10:00-10:10
Ас қабылдау мақсаты:
Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Дағды: Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.</td><td colspan="5">Үнемді тұтыну мақсаты: берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.
(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)
Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="5">«Адал азамат» біртұтас тәрбие</td></tr>
<tr><td colspan="5">- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды.
- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.
- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.
- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.</td></tr>
<tr><td></td><td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»
анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»
«Нан тағамның атасы»,
«Нанды шашпай, үгітпей жейміз»</td><td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»
анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»
Дәнді шашпа, нанды баспа</td><td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ...ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»
Ас адамның арқауы.</td><td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»
анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»
«Нан тағамның атасы»,
«Нанды шашпай, үгітпей жейміз»</td></tr>
<tr><td colspan="6">2 үзіліс – 10:00 – 10:10</td></tr>
<tr><td colspan="6">Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары
Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td></tr>
<tr><td colspan="6">Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға арналған
Аз қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»
Басты міндеттері: Балалардың жылдамдығын жетілдіру,есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ
Ойын: «Жүретін саусақтар»
Мақсаты:Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.
Дағды: Сөйлеу, ес, зейін, қиял, кеңістікті бағдарлау, байқампаздық дамиды; мектепке дейінгі жастағы бала жазуды меңгеруге дайындала бастайды және жаттығу жұмыстарына дағдыланады.
Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар.</td><td colspan="2"> </td><td colspan="2">Аз қимылды ойын:«Күн мен жаңбыр»
Ойын міндеттері: Балалардың жылдамдығын жетілдіру,есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.
Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.
Әдістемелік нұсқау:
Ойын шарты: Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге»</td></tr>
</table>

Шарты: Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады. **«Саусақтар сәлемдеседі»** - оң қолдың басбармағының ұшын кезек-кезек сұқ саусаққа, орта саусаққа, аты жоқ саусаққа және шынашаққа тигізесіз. Алдымен оң қолдың саусақтарымен амандасып, сосын бір мезгілде екі қолдың да саусақтарымен амандасуы керек. **«Кішкене адам»** - қолдың (кейін сол қолдың да) сұқ саусағымен орта саусағы үстел үстіне жүгіреді. «Кішкентай піл» - (орта саусақ алға қарай шығыңқы – тұмсығы, ал сұқ саусақ пен аты жоқ саусақ - аяқтар) үстел үстімен жүреді. **«Сона»** - оң қолдың сұқ саусағын түзетіп, оны айналдыру керек. Сол қолдың сұқ саусмағымен және екі қолдың сұқ саусақтарымен бір мерзгілде осы қимылды (сона) жасау керек. **«Ағаштардың тамырлары»** - қолдардың білезіктері қосылған, тарбиған саусақтары төменге түсірілген. **«Ағаштар»** - екі қолдың алақанын өзіне қаратып, көтеру керек, саусақтарды кеңінен ашу керек. **«Көзілдірік»** - қолдардың бас бармақ пен сұқ саусақтарынан екі дөңгелек жасап, оларды қосу керек. 		(орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды. **Ойынның педагогикалық маңызы.** **Тәрбиеші:** «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.10 – 10.35

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)		**3.Сурет салу-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Ағаш бұтақтары. *(Түрлі түсті қарындаштар)* **ҰІӘ міндеттері:** ағаш түрлері, терек бұталарының салыну	**3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыс пен сөз. **ҰІӘ міндеттері:** -табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету,	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Менің мектебім\ Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмесімен салыстыру. **ҰІӘ міндеттері:** - мектеп туралы түсініктерін кеңейту.	**3.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Қыстап қалатын құстар және жыл құстары. **ҰІӘ міндеттері:** қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін

		тәсілдері туралы білім беру; балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. **Дағды**: қағаз бетіне қарындашпен терек бұталарын сала білу біліктерін өз тілегіне байланысты еркін салуға,еркін жұмыстануға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Туған жердің табиғатының сұлулығын сезінуге, оны аялап қорғауға, адамгершілікке, қамқорлық сезімдерге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың жүрегіне ұлттық сана - сезімді ұялату, ұлттық өнер жайлы білімін кеңейту. **Қауіпсіздігі:** - үлкендер еңбегін бақылау арқылы бағалай білу,бақылағандарын есте сақтай білу дағдыларын қалыптастыру; -еңбексүйгіштікке, табиғатқа деген қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**:**«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтиже**: ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ажыратуға болатынын түсінеді, терек бұталары жайлы түсініктері кеңейеді; **Педагог әрекетінің**	дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру; -екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту; -ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу. **Дағды:** есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** Балаларды еңбек-сүйгіштікке, үлкенді сыйлауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелу. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды ұлтжандылыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**:**«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтиже**: тақырыпқа және дыбыс санына байланысты сөздер ойлап айтады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау.	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету,диалогке қатысуға үйрету. -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; -білімпаздыққа тәрбиелеу. -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. **Дағды**: сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; **Ұлттық құндылықтар:** жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру және қайырымдылыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ұқыптылыққа өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету. **Қауіпсіздігі:** Топтасып тапсырманы орындау арқылы бір-бірімен тату дос болуға	қалыптастыру. Қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру; оларды маңызды белгілері бойынша ажырата білуге үйрету; балалардың құстардың жылы жаққа ұшып кету себептері туралы түсініктерін тереңдету; құстарды қыстап қалатын, жылы жаққа ұшып кететін құстарға бөліп жіктей алу білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; қыста оларға қамқорлық жасауға деген құштарлықтарының артуына жағдай жасау. **Дағды**: қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыруға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру; Табиғат тұрғындарын сүю және оларға ұқыпты қарау. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Құстарды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; қыста оларға қамқорлық жасауға деген құштарлықтарының артуына жағдай жасау. **Күтілетін нәтиже**: құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; қыста оларға

		алгоритмі: балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Бақыт ағашы: – Балалар, күз мезгілі келді, өкінішке орай менің бұталарымның жапырақтары азайып жатыр. Мен сендердің өнерлі балалар екендеріңді естіп, ұзақ сапарға шығып, сендерді әдейі іздеп келдім. Маған сендердің көмектерің керек. Қатты желден түсіп қалған жапырақтарымды толықтырып бересіңдер ме? **Балаларға көрсету әрекеті:** Жұмыс басталмай тұрып балалардан ағаштың бұталары қандай болатыны, жапырақтардың қайда өсетіндігі сұралады және балалар жауаптары толықтырылады (терек ағашынан сіріңке, қағаз жасайды, теректің бұтақ шоғырының түрі пирамидаға, жапырағы жалпақ, ромб пішініне ұқсайды). **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Балаларға терек бұтасының суретін салу жолдары үлгі ретінде көрсетіліп, түсіндіріледі: ең алдымен, қалың сызықпен теректі (бұта) сызып аламыз, діңі,	**Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалар бір-біріне әдемі күлкілерін сыйлап, өлең жолдарын бірге айтады. Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз. Педагог: – Балалар, дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады? Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады. Педагог «Дыбыстың не екенін білесің бе?» деген өленді балаларға оқып береді. **Дыбыстың не екенін білесің бе?** Дыбыстың не екенін білесің бе? Дыбыстарға құлақты түресің бе? Бұлақтың сылдырын, қоңыраудың сыңғырын, Күннің күркірін, жаңбырдың тырсылын, Адамдардың дауысын, көліктердің дыбысын, Құстардың салған әнін де, естігеннің бәрін де «Дыбыстар» деп атаймыз. Өлең жолдарында ненің дыбыстары туралы айтылған айтып көрейікші. – Сөздер дыбыстардың көмегімен айтылады. Осы дыбыстарды жеке-жеке айтсақ, ешбір мағына бере алмайды. Сондықтан дыбыстарды тіркестіріп, сөз жасаймыз. Біз дыбысты	тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**:**«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды**: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, диалогке қатысады. **Түсінеді:** қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді. **Қолданады:** сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** ***Жаңа сөздермен таныстыру***. Демонстрациялық материалдармен немесе слайдпен «Біздің мектеп» жұмыс. Мынау – мектеп. (*Айнаны қолымызға алып жаңа сөздерді қайталаймыз).* Қ-к-қ – бақ-ша – балабақша. Мынау не? Мынау – мектеп Біздің мектеп әдемі, кең, жарық және таза. Ә-ә-ә - әдемі, ң ң ң кең, қ қ қ жарық, таза. (Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды). Біздің мектеп қандай? Біздің мектеп әдемі, кең, жарық және таза. **Дидактикалық**	қамқорлық жасауға дайын. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** – Балалар, Саққұлақ нелердің дауысы екенін ажырата алмай қалыпты. Педагог балаларға құстардың сайраған, қиқулаған, шықылықтаған дауыстары жазылған үнтаспаны тыңдатады. Балалар дауыстар құстардікі екенін тапқан соң, өлең оқиды: Қош бол туған жеріміз, Қайта айналып келгенше Айдын шалқар көліміз. Аман-сау бол, еліміз! Өленнің не туралы екенін сұрап, балалардың пайымдаулары тыңдалады. Педагог жетекші сұрақтар арқылы өленнің мазмұны туған жерін, айдын көлін тастап, жылы жаққа ұшып бара жатқан құстар деген жауапқа әкеледі. **Балаларға көрсету әрекеті:** Ұшып кететін құстарды тағы қалай атауға болады? – Отырықшы құстар. – Құстар қай мезгілде жылы жаққа ұшады? – Күз мезгілінде. Балалар, құстар неге күзде ұшып кетеді? – Суықтан үсіп қалады. Қыста жейтін қоректері өте аз болады.

		төменгі бөлігі жуан, ағаштың басына қарай жіңішкере түседі, діңіне көлбеу сызықтар сызу арқылы бұтақтарын саламыз, осы үлкен бұтадан тармақтап кішкентай бұталарды саламыз. Содан кейін терек бұтақтарына ретімен біртіндеп жапырақтар саламыз. Жапырақтарды қарындашпен әдемілеп тегістеп бояймыз. **Сергіту сәті:** **Сары жапырақтар жауғанда** Күзде жауын. Бұлт. Тұман. Сары жапырақ жауады: Сары құйын ұйтқыған, Сапырады ауаны. Тапталды табанға, Судыр-судыр жапырақ. Өттей сары бояуға, Малынғандай атырап. (*Мұзафар Әлімбаев)*	дауыстап айтамыз, дауыстап айтқан кезде ғана дыбыс естіледі, біз тыңдаймыз. Есіңе сақта! Дыбысты айтамыз және естиміз. Сөзде неше дыбыс болса, сөздің сызбасында сонша төртбұрыш салынады. Педагог тақтада көрсетеді. – Сөз – белгілі бір дыбыстар жиынтығы. Құрамында қанша дыбыс болғанына қарамастан бір ұғымды анықтап, бір мағына береді. Бәріміз айнаны қолымызға алып, аузымызды ашайық. Аузымызда нелер бар екен? – Иә, аузымызда тіс, тіл, еріндер бар. Осылардың бәрі дыбыстарды айтуға көмектеседі екен. – Ал сөздегі дыбыс саны әртүрлі болады. Педагог тақтаға суреттер іліп көрсетеді. – Мысалы: ет, ұн, сөздері екі дыбыстан, ата, төрт, тарақ сөздері үш, төрт, бес дыбыстан тұрса жапырақ, домбырашы сөздері жеті, тоғыз дыбыстан құралған. Сөз айтылады және жазылады, сондықтан дыбыстар белгілі таңбамен белгіленеді. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***«Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық жаттығуы*** Шарты: педагог балаларды үш топқа бөліп, 1-топқа екі дыбыстан, 2-топқа үш дыбыстан, 3-топқа үш	**ойын:«Тыңда, көрсет, қайтала».** Балаларға мектептің,балабақшаның суреттерін көрсетіп,өткен ҰІӘ қайталайды. Жаңа сөздермен таныстыру. **Ойын: «Біз саяхат жасаймыз».** Тамаша ғой бақшамыз, Саяхатқа шығамыз. Алға басып келеміз, Бәрін, бәрін білеміз. Мынау – дәрігер бөлмесі. Дәрігер бөлмесінде дәрігер отырады. Дәрігер балалардыемдейді. Мынау – асүй. Асүйде аспаздар балаларға ас дайындайды. Мынау – музыка залы. Музыка залында кімдер бар? Музыка залында музыка жетекшісі, балалар бар. Балалар би билеп, өлең айтады. Мынау – спорт залы. Балалар жаттығулар жасап, спортпен шұғылданады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дидактикалық ойын: «Аудармашы».** Педагог сөздерді қазақ тілінде айтады, балалар аударады.біздің балабақша – наш детский сад Педагог балаларға қолдарына айнаны алып, дыбыстық жаттығулар жасауды ұсынадыжәне сөздерді қайталап, естеріне сақтауды ескертеді. Ші-ші-ші – бір-ін-ші қа-	Интербелсенді тақтадан бейнебаянға назар аударады: – Жазда күн жылы, қорек көп, сондықтан олар ұя салады, балапандарын өсіреді. Ал суық ауа райының басталуымен олар ыстық елдерге ұшады, өйткені жылы жаққа ұшатын құстар қыста азық қорын жинамайды, қар астынан қоек таба алуды білмейді. Қыстайтын құстар (торғай, көгершін, сауысқан, тоқылдақ, қарға, суықторғай) ағаш қабығының арасына, үй мен қоршаулардың қуыстарына тығылған жәндіктермен қоректенеді, өсімдік тұқымдарын жейді. «Қай құс ұшып кетті?» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Балалар, қыста құстарға қорек табу оңай ма? (Балалардың жауаптары тыңдалады). Қыста қар көп жауады, өте суық күндер, аяз, жиі қарлы боран болады. Мұндай ауа райында құстар жиі суық пен аштықтан өледі. Қанатты достарымызға қалай көмектесе аламыз? (Балалардың жауаптары тыңдалады) – Дұрыс, балалар, біз құстарға жем бере аламыз. Ол жемді қайда саламыз? – Жемсауытқа. **Балаларға көрсету әрекеті:** Жемсауытқа.

			дыбыстан көп дыбыстан құралған сөздер ойлап айтуға тапсырма береді. **1-топ:** *ет, ұн, ал, мә, от, ки, ми, қи, ой,өр, үр,аң, ат, ши т.б.* **2-топ:** *бал, қал, сал, бар, жар, мөр, көр,кел, қой, ала, қар, тор, бор, тар, көк, теп, сеп, жат, кет, қап, шие, сыз, қыз т.б.* **3-топ:** *қара, тара, жара, сары, қора, қылыш, сағыз, алма, қалма, өрік, бөрік, түйе, сиыр, қала, дала, бала т.б.* ***«Бірінші дыбысты қайтала» дидактикалық ойыны (доппен).*** Педагог қандай да бір сөздің бірінші дыбысын анығырақ, созып айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап, допты педагогқа кері лақтырады. *(Ойынға барлық бала қатысады.)* Мысалы: *аааалма(а), ттттиін(т), қққасқыр(қ), ммммақта(м), өөөшіргіш(ө), сссағат(с), қққыс(қ), аааалжапқыш(а), рррадио(р), ттттышқан(т), сссазан(с), қққияр(қ), жұлдыз(ж)т.б.* **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті** Кім таңертең жаттығудан қалмайды, Сол ауырып дәрігерге бармайды. Түшкірмейді, ауырмайды ешқашан,	бат-та дәрігер бөл-ме-сі. Дәрігер бөлмесінде мейірбике отырады. Ші-ші-ші – е-кін-ші қа-бат-та қазақ тілі бөлмесі бар. ең-ең-ең – балабақша кең. ық-ық-ық – бөлмелер жарық. нық-нық-нық – жоғары шық (балалар қайталайды). **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Дидактикалық ойын: «Аудармашы».** Мектеп және балабақша бөлмелерінің қазақша атауын естеріне сақтау. Кабинет казахского языка ... (қазақ тілі кабинеті) Музыкальный зал ... (музыка залы) Кабинет врача ... (дәрігердің бөлмесі) т.б.	**«Жемсауыт жасау» ойыны.** «Құстарды қоректендіреміз» ойыны. Сергіту сәті. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Балалар «Құстар» және «Балалар» деген екі топқа бөлінеді. – Біздің достарымыз – құстарға не айтамыз, құстар бізге не айтады? «Балалар» тобы: – Құстар – біздің досымыз. Біз оларға жамсауыт жасап, қыста қоректендіреміз. «Құстар» тобы: – Біз бау-бақшаны зиянды жәндіктерден қорғаймыз. Ән салып, бау-бақшаны көңілдендіреміз: чик-чирик, чик-чирик. **Үлестірмелі материалдармен жұмыс:** 1. Саққұлаққа қыстап қалатын және жыл құстары туралы әңгімеле. Артық құсты қорша. Өз жауабыңды түсіндір. 2. Жемсауытқа құстардың азықтарының суреттерін бейнеле. 3. Бірінші ағашқа қыстап қалатын құстарға қажетті заттардың, екінші ағашқа жыл құстарына қажетті заттардың суреттерін сал. Құстарға қандай көмек көрсетесің? 4. Қолдан жасалған жемсауыт түрлерін қара. Олар неден жасалған? Үйде қайсысын жасар едің? Белгіле. Педагог қорытынды жасайды, балаларды

			Дені сау боп балалармен ойнайды. **Үстелде отыру ережесімен таныстыру.** Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортанғы саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). **3. Саусақ жаттығуы:** Тыңда, орында. Саусағымыз айқасып, «Жеңемін» деп шайқасып, Бірін-бірі тартады, Білекке сенім артады. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 4. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Педагог қорытынды жасайды. – Сөз неден жасалады? – Дыбыс деген не? – Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды? Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Балаларға жұмыс дәптерде өздерінің игерген білімінің дәрежесін, өздерінің үлгерімін смайл арқылы белгілеуді ұсынады.		мадақтайды.

			– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.		

Құндылықты қалыптастыру

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

3 үзіліс – 10:35 – 10:45

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен танысыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.

Дыбыстық есту арқылы ойын:

Мақсаты: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

Міндеттері:

-балалардың сөздік қорын молайту;
-үйренген дыбыстарды дұрыс және анық айтып жаттықтыру;
-балаларға сөз тіркестерді, сөйлемдерді құрастырып айтқызу;
-заттардың түрін, пішінін, түсін, дәмінін қандай екенін қайталату;
-үйренген дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;

Дағды: балалардың еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін, зейіндерін дамыту,үйренген дыбыстарды дұрыс айтуға, артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру;

Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.

Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығуларартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:

1. «Сабын көпіршігін үрле». Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.

2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле» (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).

3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді». Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.

4. «Көңілді маймыл». Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.

5. «Шарларды үрлеу». Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.

6. «Жылан қалай ысқырады». Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс).

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 10.45 – 11.10

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)		**4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:**	**4. Дене тәрбиесі -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Спортзал. Спортзалда	**4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:**	**4. Дене тәрбиесі -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Күлкі сыйла.

		Білімің-бұлағың. **ҰІӘ міндеттері:** домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру,күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру; әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажыратуға үйрету; балалардың музыкаға құштарлығын арттыру. **Дағды**: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды еркін орындауға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Музыкалық ойындар арқылы балалардың денсаулығын, шығармашылығын нығайту. Музыканы мұқият тыңдай отырып ести білуге, ырғақтарды айыра білуге үйрету. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Музыкаға әсерлену, дыбыс жоғарылығын ажырату қабілетін дамыту. Музыкалық ойындар арқылы музыкаға қызығушылықтарын арттыру. Әуенді ноталарды түстеріне байланысты ажырата білуге үйрету. **Қауіпсіздігі:** аспаптарда ойнаудың	ойнаймыз \ Денсаулықтың құпиялары. **ҰІӘ міндеттері:** -кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту; -спортқа деген қызығушылықтарын дамыту; -ептілік,шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. -спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу. **Дағды**: баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілетіне дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Ұжым болып әрекет етуге,ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын:ептілік , төзімділік , икемділік , шапшаңдық , үйлесімділікті дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Баланың ұлттық және азаматтық құндылықтарға,ана тілін және мемлекеттік тілді, мәдениетін құрметтеугі бағдарлау.Балаларды ұйымшылдыққа баулып, қимыл-әрекетке жаттықтыру.	Білімің-бұлағың. **ҰІӘ міндеттері:** домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру,күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру; әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажыратуға үйрету; балалардың музыкаға құштарлығын арттыру. **Дағды**: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды еркін орындауға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Музыкалық ойындар арқылы балалардың денсаулығын, шығармашылығын нығайту. Музыканы мұқият тыңдай отырып ести білуге, ырғақтарды айыра білуге үйрету. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Музыкаға әсерлену, дыбыс жоғарылығын ажырату қабілетін дамыту. Музыкалық ойындар арқылы музыкаға қызығушылықтарын арттыру. Әуенді ноталарды түстеріне байланысты ажырата білуге үйрету. **Қауіпсіздігі:** аспаптарда ойнаудың	**ҰІӘ міндеттері:** - бала ағзасын төзімді,мықты болуға шынықтыру,омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу. **Дағды**: допты соға білуді, екі аяқпен секіре білуді, допты қағып алу дағдыларын бекіту. **Ұлттық құндылықтар:** Ұжым болып әрекет етуге,ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын:ептілік , төзімділік , икемділік , шапшаңдық , үйлесімділікті дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Сымбаттылыққа, шымыр болуға, ептілікке тәрбиелеу. Күш қуат пен секіргіштікті дамыту. **Қауіпсіздігі:** таяқты қалай дұрыс ұстау керектігін, жаттығулар орындау барысында, жүру жәнежүгіру, секіру кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау қажеттігін. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтиже:** **Жасайды:** жалпы дамыту жаттығуларын таяқпен орындайды, орындық үстінде тепе-теңдік сақтап жүруді, құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіруді, допты екі қолмен жоғары лақтырып,оны қайтадан

		қарапайым дағдыларын дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** дауысын дәл келтіріп, әндерді орындайды. **Түсінеді:** қарапайым музыкалық терминдерді, "күй" жанрын. **Қолданады:** музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды орындайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***«Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т. Ломова). Балалар шеңбер бойымен жүреді де, әр аңның музыкасы ойналғанда, сол аңның қимыл-қозғалысына лайық қимылдар жасайды. ***Музыка тыңдау:*** «Қосалқа» (Дәулеткерей). Қазақ даласының кең, табиғаты бай екенін айта отырып, қазақтың киелі аспабы домбыра туралы әңгімелеу. Аспапты көрсетіп, қызығушылықтарын арттыру. Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Домбыра аспабында	Сымбаттылыққа, шымыр болуға, ептілікке тәрбиелеу. Күш қуат пен секіргіштікті дамыту. **Қауіпсіздігі:** таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау керектігін. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтиже:** -тыныс алу гимнастикасы, 4 метр артпен жүру, «Миға арналған гимнастика» жаттығуы, допты ілгері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүру. -баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілетін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** І. Бір-бірден тізбек құрып жай жүру, жартылай отырып жүру, отырып жүру. 4 метр артпен жүру. Әр жүріс түріне сәйкес қолдарының қозғалыс амплитудасынқолданады. Баяу жүгіру (2 минут) – қолдарын кеуде тұсына	қарапайым дағдыларын дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Еңбек — қуаныштың кілті»** **Күтілетін нәтиже**: **Жасайды:** дауысын дәл келтіріп, әндерді орындайды. **Түсінеді:** қарапайым музыкалық терминдерді, "күй" жанрын. **Қолданады:** музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды орындайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:***«Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»(Т. Ломова). Балалар шеңбер бойымен жүреді де, әр аңның музыкасы ойналғанда, сол аңның қимыл-қозғалысына лайық қимылдар жасайды. ***Музыка тыңдау:*** «Қосалқа» (Дәулеткерей). Қазақ даласының кең, табиғаты бай екенін айта отырып, қазақтың киелі аспабы домбыра туралы әңгімелеу. Аспапты көрсетіп, қызығушылықтарын арттыру. Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Домбыра аспабында	қағып алуды, допты лақтырып, шапалақ ұрғаннан кейін қағып алуды. **Қолданады:** допты соға білуді, екі аяқпен секіре білуді, допты қағып алу дағдыларын. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Тізбекпен бір-бірден жүру, екі, бір тізбекке қайтадан сап түзеп жүру. Екі, бір тізбекке қайтадан сап түзеп жүгіру. Қолға арналған жаттығулар орындап жүру. Жалпы дамыту жаттығуларын таяқпен орындау (№1) Таяқтарды қолдарына алады (таяқтың бір ұшын алақандарына тіреп, қолдың бойында тігінен ұстап тұрады), тізбекте арақашықтықтарын сақтап тұрады – 3 адым. Дене бітімдерінтүзу ұстайды. **Балаларға көрсету әрекеті: Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру:** ширақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. **(3 рет).** Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кездекұрсаудың

		ойналатын шығарма түрлерімен таныстыру. **Балаларға көрсету әрекеті: *Ән айту:*** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Балалармен білім күні туралы әңгіме өткізіп, болашақ туралы ой бөлісу. Әннің мазмұны туралы тоқталу. *Білім* деген сөздің өзі әлемді, табиғатты тану, білу. Білімді адам жан-жақты адам, көп білу сауаттылықты арттырады. Бұлақ – таусылмайтын ағын су. Сондай ағын су сияқты білімді болу керек. Ән айтар алдында ережелерді еске түсірейік. Иықты көтермей тыныс алып, денені тік ұстап, әнді еркін айту. ***Билер:*** «Жұптасу биі» (чех халық әуені). Балалар жұппен бірге әуенге ілесе отырып қимылдар жасайды. **Балаларға көрсету әрекеті: *Ойындар, хороводтар:***«Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б.Қыдырбекова). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Әнді кезектесіп айтып, бір баланы шақырады. Бала қолды үзсе, қалаған досын алып қайтады, үзе алмаса, сол топта қалады.	жоғары-алға, ішке қарай бағыттайды,сосын шынтағымен артқа қарай қозғалтады. **Тыныс алуды қалыпқа келтіру.** *«ха» – демін толық шығарып тазалау жаттығуы.* Аяқтарын иық деңгейіне дейін ашып қойып, түзу тұру. Қолдарын алдыға ұстап, демін ішінеркін тарту. Қолдарын төмен түсіріп, денесін алдыға ие отырып, демін сыртқа шұғыл шығарады. Сосын 2-3 рет еркін дем алу. Бұл жаттығу қақырық түсуіне көмектеседі. *Энергетикаландырушы тыныс алу* Демін толық ішке тартып, мүмкіндігінше кідіру. Аузын дөңгелетіп, демін 3 рет шамдыөшіргендей шұғыл шығару. Сосын 2-3 рет еркін тыныс алу. 3 рет қайталау. *Бағыттағыш, ысылдап тыныс алу.* Демін ішке еркін тартып, мүмкіндігінше кідіру. Демін ауыз арқылы «ысссс» деп дыбыстап,созыңқы ұзақ етіп шығару. Бұл дыбысты шағаруда тіл қатысады. 3 рет қайталау. **Балаларға көрсету әрекеті:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет). Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан	ойналатын шығарма түрлерімен таныстыру. **Балаларға көрсету әрекеті: *Ән айту:*** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай) Балалармен білім күні туралы әңгіме өткізіп, болашақ туралы ой бөлісу. Әннің мазмұны туралы тоқталу. *Білім* деген сөздің өзі әлемді, табиғатты тану, білу. Білімді адам жан-жақты адам, көп білу сауаттылықты арттырады. Бұлақ – таусылмайтын ағын су. Сондай ағын су сияқты білімді болу керек. Ән айтар алдында ережелерді еске түсірейік. Иықты көтермей тыныс алып, денені тік ұстап, әнді еркін айту. ***Билер:*** «Жұптасу биі» (чех халық әуені). Балалар жұппен бірге әуенге ілесе отырып қимылдар жасайды. **Балаларға көрсету әрекеті: *Ойындар, хороводтар:***«Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б.Қыдырбекова). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Әнді кезектесіп айтып, бір баланы шақырады. Бала қолды үзсе, қалаған досын алып қайтады, үзе алмаса, сол топта қалады.	ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіруге жаттықтыру, әр секіру фазасында қозғалыстарының үйлесімділіктерін қалыптастыру. Допты екі қолмен жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуға, допты лақтырып, шапалақ ұрғаннан кейін саусақтарын бүгіп қағып алуға жаттықтыру. ***Ойын:*** «Қайда жасырылғанын тап». **(2 рет).** Спортзалда еркін тұрады.

			ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жербауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** «Теңгерім түймесі» жаттығуы. Бастапқы қалып негізгі тұрысты қабылдайды. Оң қолының саусақтарымен оң жақ құлағының артындағы бас сүйегінің астына таяу тұрған шұңғымаға ақырындап басады. Сол қолын кіндігіне қойып, демін тартып терең тыныс алады «энергияны ішіне тартады». Бір минуттан кейін сол қолымен сол құлағының артындағы шұңқырлау жерінен басып, оңқолымен кіндіктен басып, дәл солай «энергияны ішіне тартады». **(5 рет)**		
Серуенге дайындық 11:10-11.15	**Еңбегі адал жас өрен: «Мен дұрыс киіне аламын»** **Мақсаты:**Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. **Дағды:**киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру**.**				
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру **«Біз табиғат қорғаушыларымыз!» Танымдық,эксперименталдық іс-әрекет табиғат аясында**					

«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» **11:15 – 11:40** **Күндізгі серуен жалпы мақсаты:** 1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. **Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту.** Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер. Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық		**Қыркүйек** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №1** **Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау** **Міндеттері:** — Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру; — әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау. **Серуен кезіндегі қауіпсіздік:** Баланың өмірге бейімделуіне үлкен мән беру.Қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. ***Бақылау барысы*** **Жұмбақ жасыру** Ақ киімді біреуі, Сары киімді біреуі, Көк киімді біреуі, Әлем, жәлем киімі, Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі) -Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу) -Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу) Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-	**Қыркүйек** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №2** **Күздің алғашқы белгілерін бақылау** **Міндеттері:** — Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту; — Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. **Серуен кезіндегі қауіпсіздік:** Баланың өмірге бейімделуіне үлкен мән беру.Қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. ***Бақылау барысы*** **Көркем сөз «Қыркүйек»** Ғ. Өкеев Бір-біріне жер, аспан, Мейірлене қарасқан. Төкпей-шашпай тасып дән Машиналар асыққан. Ұстаз, шәкірт жүздескен, «Қош келіпсіз күз» дескен. Берекелі алтын күз, Ұмытпаймыз салтын біз Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.	**Қыркүйек** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №3** **Қайың ағашын бақылау** **Міндеттері:** - Күзгі қайың ағашын бақылауды жалғастыру; — Қайың ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы мен ұқсастығын табуға үйрету **Бақылау барысы:** **Көркем сөз** Сырғалы қайың, ақ қайың. Сыныңды сенің жаттайын. Өсе берші жайқалып, Мен ерінбей баптайын. **Серуен кезіндегі қауіпсіздік:** Баланың өмірге бейімделуіне үлкен мән беру.Қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. **Балаларға сұрақтар:** -Күзде ағаштар қандай өзгерістерге ұшырайды? -Олардың жапырақтары неге сарғаяды? -Ең алғаш қай ағаштың жапырағы сарғаяды? -Ағаштардың өндірісте қандай пайдасы бар? **Зерттеу жұмысы:** қайың ағашының жапырағы мен басқа ағаштардың жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын табу. **Еңбек:** Гүлзарлардағы солған гүлдер дәнін жинау	**Қыркүйек** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №4** **Күн — жылу мен жарық көзі** **Міндеттері:** — күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру; — ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту; —табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. **Серуен кезіндегі қауіпсіздік:** Баланың өмірге бейімделуіне үлкен мән беру.Қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. ***Бақылау барысы*** ***Психологиялық жаттығу: «Күншуақ»*** ***Міндет:*** *Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну* *-Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз.* Сұрақтар: ♦Жануарлар мен өсімдіктер бойы өсуі үшін не керек? ♦Күн не береді? Жер бетіндегі тіршілік үшін КҮН – жарық және жылу

	Бірге ойнап жүремін. *Ойыншығым қуыршақ, Не берсем де жемейді. Еркелігі соншама, Көтермесем жүрмейді.* *Досым маған ойыншық, Мәшинесін сыйлады. Бірақ оның ішіне, Саусағым да сыймады.* **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Суретте не бейнеленгенін ата. – Дүкенде неше ойыншық бар? (Ойыншықтар көп.) – Қандай ойыншықтар туралы «көп» деп айтуға болады? – Қандай ойыншықтар туралы «біреу» деп айтуға болады? – Қандай ойыншықтар бірнешеу? – Ал бір түрінен ойыншық қанша? Көп пе? – Түстері әртүрлі, бірақ бірдей ойыншықтар бар ма? Балалар суретті қарап, жеке тұрған ойыншықтарды табады: бір зымыран, бір гитара және т.б. қуыршақтар, текшелер көп. Балалар сөйлеуде «бір», «көп» және «бірнеше» сөздерін қолданады. Саны бойынша салыстырыңдар: қуыршақтар көп, ал барабан біреу және т.б. **Сергіту сәті.** *Кәне қанат жазайық,* *Қарлығашқа ұқсайық.* *Ұшып-ұшып алайық,* *Орнымызға қонайық,* *Білімде алда болайық.* **2-тапсырма.** Бастырып сыз. Бір сыйлықты банттың	қонаққа келді? (*Тақтаға сурет іледі).* Бұл – жұмбақ жасыратын Жұмбақбай ата. Ол маған мына хатқалтаны беріп, жұмбақтарын шешуді сұрады. Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл, Түссе – сары. *(Жапырақ)* Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? *(Күз)* Балалар Жұмбақбай атаның жұмбақтарын шешеді. Жұмбақбай ата бізге қандай қызықты жұмбақтар жасырды. Жапырақтар және күз туралы қандай әдемі сөздермен бізге суреттеп берді. Балалар, сендердің естеріңде ма сөз деген не еді? Сөз неден тұрады, нені білдіреді? *(Балалардың жауабы тыңдалады).* Егер сөз бір нәрсенің атын білдірсе, онда ол бір мағына береді, яғни лексикалық мағынасы болады. Мысалы: *алма, алмұрт, лимон* – жемістердің аты; *қызанақ, қияр, пияз* – көгөністердің аты; *құлпынай, бүлдірген, таңқурай* – жидектердің аты; *үстел, керует, орындық* – жиһаздардың аты; *тәрелке, кесе, қазан* – ыдыстардың аты*; көйлек, жейде, шалбар* –	заттарды сатып алуға болатын дүкенге сызып қос. Берілген тапсырмада педагог киім-кешек және құрылыс дүкені тұрғанына назар аудару қажет. Сатып алуға болатын заттарды сәйкес дүкенмен сызып қосу керек. **2-тапсырма.** Карточкаларда қандай түсті заттардың бейнеленгенін ата. Оларды сондай түстегі шаршымен сызып қос. Әртүрлі түстегі заттар қанша? Сана. Балалар заттардың атауын атап, оларды түсіне қарай топтастырады. Педагог қызыл түсті заттарды атауға және оларды қызыл шаршымен біріктіруге ұсынады, көк заттарды – көкпен және т.б. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сергіту сәті.** **Саусақ жаттығуы** **1 2 3** Балаларға келесі жаттығуды орындауға ұсынады. **«Көжек»** – саусақтарға арналған жаттығулар. 1) «Көжек» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр.	орналастыруды сұрайды, содан соң мысалы, пішіндеріне, өлшемдеріне қарай жапырақтарды орналастыруды сұрауға болады. **Дәптермен жұмыс** **1-тапсырма.** Карточкаларда не бейнеленгенін ата. Заттарды сатып алуға болатын дүкенмен сызып қос. Балалар гүлдер және кондитер дүкенінің жанына келді. Заттардың атауын атап және оларды сатып алуға болатын дүкенмен сызып қосу керек. **Балаларға көрсету әрекеті:** **2-тапсырма.** Дөңгелек үлкен сары печеньенің суретін сал. Төртбұрышты кішкентай қоңыр печеньенің суретін сал. Дөңгелек үлкен сары печеньенің суретін салу керек. Педагог тақтаға үлкен сары дөңгелек қоя алады. Содан кейін төртбұрышты қоңыр кішкентай печеньенің суретін салу керек. Педагог тақтаға кішкене қоңыр шаршы қоя алады. Әрі қарай балалар тапсырманы орындайды. **Сергіту сәті.** *Кәне қанат жазайық,* *Қарлығашқа ұқсайық.* *Ұшып-ұшып алайық,* *Орнымызға қонайық,* *Білімде алда болайық.* **Балалармен бірге**	дауыс шымылдығы, көмей, ауыз қуысы, тіл, тіс, таңдай, жақ, ерін жатады. Дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Дауысты дыбыстар дауыс шымылдығының керіліп тұрып діріл пайда болуы арқылы жасалады, сондықтан дауыстыларды созып, әндетіп айтуға болады. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар: *а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е, и, у, э*. Балалар педагогпен бірге дауысты дыбыстарды қайталайды. Педагог балалардан түсіндерін сұрайды. Дыбысты айтуға адамның қандай мүшелері қатысады? **Балаларға көрсету әрекеті:** **Артикуляциялық жаттығу жасау.** ***Дидактикалық жаттығуы*** ***«Әндетіп көр»*** – Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «*а»* дыбысын дыбыстау арқылы айтып көрейік. Әнді алдымен тыңдайды. Нұрын төккен маған Шаттандырған мені, Шуағымсың сен! Жұбанышым сен! Айналайын мама, Құттықтаймын сені Қуанышыңмен! Туған күніңмен! – Осы әуенді *е, а* дыбыстары арқылы әндетіп көрейік. Балалар бірге әндетіп

	түсіндей етіп боя. Боялмаған қанша сыйлық қалды? Суреттегі бант (лента) қандай түспен боялған? (қызыл). Сыйлықтардың бірін таңдап, оны бант (лента) түсіндей етіп боя. – Қанша сыйлық боялмай қалды? – Қораптарда не болуы мүмкін? Сыйлық ретінде қандай ойыншық алғың келеді? **Балаларға көрсету әрекеті:** **Ойындық жаттығулар.** Қандай заттар көп, қандай заттар біреу екенін, қарап атаңдар. Педагог бөлмедегі саны көп заттарды (үстелдер, орындықтар, қарындаштар, кітаптар) және саны біреу болатын заттарды (экран, есік және т.б.) атауды сұрайды, **«Біреу – көп» дидактикалық ойыны** (*санның қозғалыстармен байланысы, зейінді дамыту).* Егер зат біреу болса – бір рет қол шапалақта. Егер заттар саны көп болса – көп рет қол шапалақта. – Адамда қанша бас бар? – Теңізде қанша балық бар? – Итте қанша құйрық бар? – Өзен түбінде қанша құм бар? – Аспандағы жұлдыз саны қанша? – Ағашта қанша жапырақ бар? – Гүлдің қанша сабағы бар? **3-тапсырма.** Бір ғана кітап тұрған суреттерді белгіле.	киімдердің аты*; қоңыз, шыбын, көбелек* – жәндіктердің аты*; сазан, мөңке, бекіре* – балықтардың аты; *қарға, кептер, қарлығаш* – құстардың аты; *райхан, қызғалдақ, раушан* – гүлдердің аты; *сиыр, ат, қоян, қасқыр, арыстан, бұғы* – жануарлардың аты; *автобус, ұшақ, троллейбус* – көліктердің аты; *нан, шұжық, сүт, май, ет* – тағамдардың аты; *жүгіру, секіру, жүру, тұру* – бұл сөздер іс-әрекетті білдіреді; *қызыл, жасыл, төмен, жоғары, қышқыл* – бұл сөздер заттың сапасын, сынын білдіреді; *жаңбыр, қар, бұршақ, найзағай, жел, боран* – табиғат құбылыстарының аты. **Балаларға көрсету әрекеті:** «Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы Жақсы, балалар, енді *«Сөз жарысын»* ұйымдастырайық. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Ыдыс. Кесе, тәрелке т.б.	2) «Сақина» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді. 3) «Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама-қарсы ұстайды. Саусақтарға арналған жаттығуды қайталайды. **3-тапсырма.** Жемістің әр түрінен бір үлкенін қызыл қарындашпен, ал қалғандарын сары түспен қоршап сыз. – Суретте не бейнеленген? Ата. – Жемістердің көлемі бірдей ме? Педагог суреттен көлемі үлкен жемістерді бір-бірден қызыл қарындашпен қоршап сызуды ұсынады. Қалғандарын сары түсті қарындашпен қоршап сызу керек. Тапсырманы жеке орындап шығуға уақыт береді. Сұрақ қояды: – Әр топта қанша алма бар – қанша үлкен алма және қанша кішкентай алма? Педагог сөйлеу кезінде «бірнеше» немесе «көп», «бір» сөздерінің қолданылуын құптайды. Балалар тапсырманы орындайды: «Кішкентай алмалар және бір үлкен алма», «Кішкентай алмұрттар және бір үлкен» деп атайды. **Балалармен бірге**	**орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Суретке қара. Артық затты қоршап сыз. Өз таңдауыңды түсіндір. – Суретте не бейнеленгенін ата. Қай затты артық деп санауға болады және неге? Педагог балалардан өз таңдауын түсіндіруді сұрайды, мысалы, кияр артық, өйткені ол көгөніс, ал басқа заттар – жеміс-жидектер. **4-тапсырма.** Барлық үлкен заттарды жасыл, кішкентай заттарды қызыл қарындашпен қоршап сыз. Заттарды тағы қандай топтарға бөлуге болады? Осы топтарды ата. Тапсырманы түсіндіріп орындауды ұсынуға болады. Бала тапсырманы орындайды және өз әрекетін түсіндіріп айтады: суретте үлкен алмұрт бейнеленген, оны жасыл түсті қарындашпен қоршап сызамын. Сонымен бірге үлкен алма, баялды, қызылша. Кішкентай заттар – кәмпиттер. Оларды қызыл қарындашпен қоршап сызамын. – Заттарды тағы қандай топтарға жинақтауға болады? Ол топтарды ата. Көгөністер: баялды, қызылша; жемістер: алма, алмұрт; тәттілер. Педагог балалардың заттарды түрлі белгілеріне қарап, топтастырып заттар жиынтығын құра алу қабілетіне баса назар	айтады. Дауысты дыбыстар қызыл түспен белгіленеді. Қызыл түсті фишканы көрсетеді. ***«Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы*** Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Дауысты дыбыстарды сызбамен көрсету.** – Дыбыстарды қалай белгілейміз? (Төртбұрышпен). Педагог «алма» сөзін бірнеше рет дауысты дыбысты созып айтып қайталайды. Тақтаға «алма» сөзінің сызбасын іліп бірінші «а» дауысты дыбысты қызыл фишкамен белгілейді. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1.Суреттерді ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттарды қызыл үйге орналастыр. Сызықпен қос. 2-тапсырмада балалар **ана** сөзін бір неше рет қайталайды. Дауысты дыбыстан басталауын анықтайды. **Сергіту сәті** «Сау болсын» деп деніміз, Шынығамыз бәріміз. Ерте оян, ерте тұр, Алға қадам жасаймыз. Жаттығуды бастаймыз,

	Олардың қайда орналасқанын айт. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **«Алаңдама» дидактикалық ойыны.** Педагог ойын шарттарын түсіндіреді: Мен сөйлемді бастаймын, сендер оны жалғастырып, аяқтауларың керек. Егер сөйлемде «бір (біреу)» деп айту керек болса, қол шапалақтап «бір» сөзін айтасыңдар. Егер «көп» деп айту керек болса, орындарыңнан тұрып «көп» деп айтасыңдар. – Аспанда жұлдыздар … (көп). – Аспанда ай … (бір/біреу). – Адамда ана …. (бір/біреу). – Теңізде балықтар… (көп). – Егінде бидай … (көп). – Аспанда күн … (бір/біреу). Педагог ойыншықтар дүкенінде қандай әдеп сақталу керектігі және сатып алынған ойыншықтармен үйде және балабақшада қалай қолдану керектігі жөнінде тәрбиелік әңгіме жүргізеді. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл	«Мен айтамын, ал сен көрсет» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге іс-әрекетті білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздерді орындайсыңдар. Мысалы: *жүгіру, секіру, отыру, бір аяқпен тұру, қолды көтеру, отырып-тұру, қолды алдыға сөзу, шапалақтау, бір орында жүру т.б.* **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1.Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті білдіретін сөздерді ата. 2.Суреттерге қара. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Балалар іс-әрекетті білдіретін сөздерді атайды: ойнайды, оқиды, сурет салады. Екінші тапсырмада 1 топ жабайы жануарлардың, 2-топ ыдыстардың, 3-топ киімдердің, 4-топ жәндіктердің, 5-топ оқу құралдарының, 6-топ музыкалық аспаптардың атын айтады. **Сергіту сәті:** Тікірейіп құлағы Бойын жазып керіліп, Менен бұрын тұрады. Беті-қолын жуады. Оң қолымда білезік, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Сол қолымда білезік, Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Санап көрші, кәнеки,	**орындау әрекеті:** Алған заттарды қоңыр қарындашпен қоршап сыз. Киімдерді ата. Педагог заттарды әртүрлі белгілеріне қарап топтастырып жиынтық жасау қабілетін қалыптастырады. – Жеуге болатын заттарды атаңдар. Тағы қандай заттар жиынтығын белгілеп көрсетуге болады? Қызыл түсті заттарды атаңдар. Оның ішінде жеуге болмайтын заттар бар ма? Қызыл түсті заттардың ішінде киім-кешек бұйымдары бар ма? Барлық киім-кешек бұйымдарын ата. – Қандай заттар ағаштан жасалған? Одан әрі балалар тапсырма бойынша заттарды сызықпен қосып біріктіреді. Педагог балалардың заттарды түрлі белгілеріне қарап, топтастырып заттар жиынтығын құра алу қабілетіне баса назар аударады. Педагог қортытынды жасайды Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын,	аударады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	Денсаулықты шынықтыр. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** (*графикалық жұмыс)* 4. Үзік сызықтарды бастыр. **Саусақ жаттығуы:** **Тында, орында.** Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді. Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады. Педагог жазу барысында үстелде қалай отыру керектігін балаларға ескертіп өтеді. Жазуды ауада балаларға жазып көрсетеді, балалар қарындаштарын алып, ауада жазып қайталайды. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды? – Несімен ұнады? Ең қызықты сәтті есіңе түсіріп көр. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

	дөңгелекті боя.	Құлағымда сыңғырлар. (Балалар білектерін ары-бері айналдырады). **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Саусақ жаттығуы.** Партадағы саусақтар Ортанғы мен сұқ саусақ Адымдайды, жүреді. Түйеқұсты салады. Өнерлі бұл саусақтар Төңкеріліп аспанға. Сурет сала біледі. Қоян да бола қалады. Педагог жазу ережесін балалардың есіне салып өтеді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортанғы саусақпен ұстайды. Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Педагог балаларға қарындаш пен ауада жазып көрсетеді. Балалар педагог көрсеткендерді ауада қайталайды. Графикалық тапсырмаларды орындайды. ҰІӘ қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.	түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.		
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру					

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Ақырын – қатты»

Басты міндеттері: Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету,қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Логикалық-абстрактылы ойлауды дамыту жаттығулары(мидың сол жақ жартышары). Жаттығулар нәтижесінде есте сақтау қабілеттері, ойлаумүмкіндіктері, математикалық қабілеттері жақсарады. Ми белсенділігі артады. (4рет)

«Тілше»
Тілімізді көрсетейік,
Қарап оны көрейік.
Іс-әрекеті: Тілдерін ілгері-кейін қозғалтады.
«Тілше»
Тілімізді қимылдатып,
Дөңгелетіп ойнайық.
Іс-әрекеті: Тілдерін жан-жаққа жүгіртіп ойнақы қозғалтады.
«Ауызшық»
Ауызды ашып айналдыр,
Оңға-солға шайнаңда!
Іс-әрекеті: Ауыздарын ашып, жақ сүйегін оңға-солға шапшаң айналдырып қозғалтады.

Ұмыт болған ұлттық ойын: «Ақырын – қатты»
Ойын міндеттері: Өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету,
қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа,
төзімдікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.
Қауіпсіздігі: Бір-бірімен ауызбіршілігін дамыту арқылы адалдыққа тәрбиелеу.
Әдістемелік нұсқау: Жүргізуші ойыншыларға теріс қарап тұрады, ал ұстаз балалардың біреуіне жасыруға бір зат береді. Барлық балалар зат кімде екендігін біледі. Жүргізуші затты жасырған ойыншыға жақындап келсе, балалар қатты шапалақтай бастайды, ал ол алыстаған сайын шапалақтар тыныш бола бастайды. Егер жүргізуші ұзақ уақыт сәтсіздікке тап болса, оны басқа ойыншы алмастырады.
Ойын шарты:
«Тап та үндеме»
Ұстаз алдын ала қандай да бір затты тығады және оны табуды ұсынады. Кімде-кім көрегер болса, ол ұстазға жақындап, оның құлағына айтады. Балалардың көпшілігі тапсырманы орындағаннан кейін, ұстаз неғұрлым зейінді ойыншыларды атайды.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Менің сүйікті ойыншығым. **ҰІӘ міндеттері:** - ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету; -сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін	**2.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Нан дастарқанға қалай келеді? **ҰІӘ міндеттері:** жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Күз жомарт.(Ермек Өтетілеуұлының өлеңі) **ҰІӘ міндеттері:** күз мезгіліндегі табиғат ерекшелігімен таныстыру; -сөздік қорын байыту; -табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Күз бояуы. **ҰІӘ міндеттері:** - балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту,күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу; -өлең тыңдау арқылы әңгіме	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Ас атасы-нан. (Мәдіхат Төрежановтың әңгімесі) **ҰІӘ міндеттері:** -күзгі еңбек туралы түсінігін дамыту; -сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету;

	дамыту; -ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу. **Дағды**: «д» – «т» дыбыстарын дұрыс айтуды,дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** ойыншықтардың неден жасалғандығын, оның қажеттілігін түсіну. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ойыншықтар туралы әңгімелесу, оларды сипаттап айтуға үйрету. Ойыншықтар жайында әңгімелесу арқылы, балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту. **Қауіпсіздігі:** Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**:**«Шебердің қолы алтын»** **Күтілетін нәтиже**: ойыншықтарды суреттеп әңгіме құрайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Ой қозғау»әдісі:** Балалар, мына көріп тұрғандарың "Шаштараз "бұрышы, «Денсаулық»бұрышы мынау ақ халат, жедел жәрдем,дәрі-дәрмек, ине, барометр,кеуде	қорытындылау, жүйелеу; осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы білім беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту; топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу. **Дағды**: қарапайым еңбекті күнделікті өмірде пайдалана білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға дағдыландыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Нан туралы түсінік беру, дән тұқымымен таныстыру, бидайдан нан жасалатынын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі істелетін еңбек мазмұнымен, қолданылатын техникалардың аттарымен таныстыру. Диханшылардың еңбегімен таныстыру. **Қауіпсіздігі:** "Ас атасы – нан" екенін түсіндіру. Нанды қадірлеп, қастерлеуге үйрету. Нанның дастарханға қалай келетіндігін айтып, оған көптеген адамдар еңбек	**Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Баланың ұлттық және азаматтық құндылықтарға,ана тілін және мемлекеттік тілді, мәдениетін құрметтеугі бағдарлау. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Адамдар үшін жемістер мен көкеністердің маңызы туралы түсінік беру. Жапырақтардың түсінің өзгеруі, жамістердің пісуі туралы және ой-өрісін дамыта отырып, есте сақтау мен тілін дамыту. Адамдардың күзгі еңбегі туралы түсінік беру. **Қауіпсіздігі:** Өсімдіктерді күтіп-баптауға және табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Адамдардың күзгі еңбегі туралы түсінік беру. **Апта дәйексөзі**: **«Шебердің қолы алтын»** **Күтілетін нәтиже**: **Түсінеді:** Өлең мазмұнын түсінеді. Әдеби жанрды ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңберін құру.** Қуантып біздерді, Берекелі күз келді.	құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту;күздің жомарт,мырза екенін айтып,мейірбандыққа тәрбиелеу. **Дағды**: дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** күзде жемістер мен көгөністер мол болып, дәруменге бай болатынын түсіне білу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың ойын арқылы байланыстырып сөйлеуге, әңгіме құрастыруға,заттың түр — түсін және де басқа ерекшеліктерін айта білуге үйрету. **Қауіпсіздігі:** табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге тәрбиелеу **Апта дәйексөзі**:**«Шебердің қолы алтын»** **Күтілетін нәтиже**: өлең жолындағы сөзді педагогпен бірге және өздері жіктейді; **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалар, күз мезгілі келді. Дала мүлдем өзгеріп кеткен. Ағаштардан жапырақтар саудырап жерге түсіп жатыр. Жапырақтар әр түсті қызғылт, сары, қоңыр. Міне сендер,табиғаттың	-нанды қастерлеуге тәрбиелеу. **Дағды**: Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** нанның дастарханға келу жолы,құрметтеугі бағдарлау. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Нан туралы түсінік беру, дән тұқымымен таныстыру, бидайдан нан жасалатынын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі істелетін еңбек мазмұнымен, қолданылатын техникалардың аттарымен таныстыру. Диханшылардың еңбегімен таныстыру. **Қауіпсіздігі:** "Ас атасы – нан" екенін түсіндіру. Нанды қадірлеп, қастерлеуге үйрету. Нанның дастарханға қалай келетіндігін айтып, оған көптеген адамдар еңбек еткендігін түсіндіру. **Апта дәйексөзі**: **«Шебердің қолы алтын»** **Күтілетін нәтиже**: Әңгіме мазмұнын түсінеді. Әңгіменің мазмұны бойынша бір бала бастап, екінші бала жалғастыра алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру**

	тыңдағыш тұрған бұрыш қалай аталады? – деп балалардан сұрайды.Ал ыдыстар, жапқыштар тұрған бұрыш қалай аталады? Көліктер, жол белгілері, бағдаршам тұрған бұрыш қалай аталады? Міне, сендер ойын бұрышындағы түрлі ойыншықтармен таныстыңдар. Ойын бұрышында көрген доп "Д" дыбысынан басталады. Ал шаштараз бұрышындағытарақтар "Т" дыбысынан басталып тұр. «Д» және «Т»дыбыстары – бір-біріне ұқсас дыбыстар. **Балаларға көрсету әрекеті:** осы дыбыстарды айнаға қарап айтқызады. (Үш дауыста айтқызады). Екі дыбыс та – дауыссыз дыбыстар. Дыбыстардың дұрыс айтылу артикуляциясы. «Д» дыбысын айтқанда тіліміз алдыңғы, астыңғы тістерге қатар тиеді. «Т» дыбысын айтқанда тіліміз үстінгі тістің түбіне тиеді. «Д» және «Т»дыбыстарын буын ішінде айтқызады. Да – да – дала. До – до – доп. Та – та – тарақ. Енді ойыншықтар арасынан ұнаған ойыншықтарыңды алып, сол туралы әңгіме құрап,суреттеп беріңдер. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Дидактикалық ойын: «Жасырынған**	еткендігін түсіндіру. **Апта дәйексөзі**: **«Шебердің қолы алтын»** **Күтілетін нәтиже**: жақсы өнім диқандардың еңбегінің жемісі екенін түсінеді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Ә. Қалдыбаевтың өлеңінен үзінді оқиды. Нан – ардақты, асыл ас, Ақ дастарқан үстінде Кәрі, жас одан аттамас. Қол жумай оны ұстамас. – «Ардақты, адал ас» дегенді қалай түсінесіңдер? – Нанды бидайдан алады. Бидайдан бірден нан жасай алмаймыз. Оған адам көп етеді. – Нанды қалай қастерлейді? – Нанды баспайды, жерге тастамайды, қолын жумай ұстамайды. – Нанды қазақ халқы өте қастерлеп, ардақтаған. Нан туралы шешендік сөздер өте көп. Сендер нанға қатысты қандай мақал-мәтел, тыйым сөздер білесіңдер ме? – Ас атасы – нан, нан атасы – дән. – Нанды бір қолмен үзбе. Нан қоқымын басуға болмайды. **Балаларға көрсету**	Көп жемісті алтын күз, Кемелденсін халқымыз. Күз туралы суреттер бойынша күз мезгілі туралы әңгіме құрайды. – Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? – Күзде далада қандай өзгерістер болады? – Бүгін күн ашық па, бұлтты ма? – Күз мезгілінде күн суытып, әлсін-әлсін жаңбыр жауады. Жемістер мен көгөністер піседі. Сондықтан күз мезгілін «Күз – жомарт» деп атайды. – Біз бүгін ақын Ермек Өтетілеуұлының «Күз – жомарт» өлеңімен танысамыз. Өлең – ырғағы мен ұйқасы қалыпқа түскен шағын шығарма екенін естеріне түсіреміз. Педагог «Күз – жомарт» өлеңін мәнерлеп оқиды (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). – Күзде ауа райында көп өзгеріс болады. Адамдар қалың киіне бастайды. Көгөністер мен жемістерді жаздай күтіп-баптасақ, мол өнім аламыз. Еңбектің арқасында жақсылық та, қуаныш та, байлық та болады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** *тоңазыт* – салқын, суық *саудырап* – сарғайған жапырақтардың жерге	өзгеруінен күз мезгілінің ерекшелігін байқаған боларсыңдар. Демонстрациялық материалмен жұмыс. Мына суретке назар аударып, әңгіме құраңдаршы. Міне, күз мезгіліндегі табиғаттың сұлулығы, ерекшелігі. Жалпы күз мезгілін – сары күз, алтын күз, күрең күз деп үшке бөліп айтамыз. Күз – барлық өнімдердің пісіп-жетіліп, жеміс-жидектер, көгөністер дүкендерге толатын мезгіл. Дәруменге бай жемістерді таңдап сатып алып жеп, көңілдің бір марқайатын мезгілі. **Балаларға көрсету әрекеті:** Бүгін сендер Қ.Баянбаевтің «Күз бояуы» өлеңімен танысып, жаттап аласыңдар. **Күз бояуы** Самал қозғап қалғанда, Үзіледі сары алма, Шолып едім бақшаны, Қауын біткен сап-сары.Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақ төгілген Тоғайды да көрдім мен.Таза жездей жинаған, Сары бояу айналам. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?» Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалғанбалалар табу керек.	**әрекеті:** Балалар жарты шеңбер болып тұрады. Қайырлы күн, табиғат, Жайқалып өссін егініміз. Жайнай берсін орманымыз, Биік болсын тауларымыз, Сәтті болсын әр күніміз! – Қазір жылдың қай мезгілі? – Бүгін ауа райы қандай? Күн ашық па, бұлтты ма? – Адамдар күзде нені жинайды? – Егінді, бидайды күз мезгілінде жинайды. Бидайдың ұнынан нан дайындайды. – Бүгін Мәдіхат Төрежановтың «Ас атасы – нан» әңгімесін оқимыз. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Әңгіменің ерекшелігі – оқиғаны қысқа әңгімелейді. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Балалармен бірге қайталап оқу. Балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталату. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** *дән* – астықты дақыл ***Сұрақ-жауап:*** – Әңгімеде не туралы айтылған? – Әжесі мен Науан қайда келді? – Науан бидайды көргенде неге таңғалды? – Әжесі бидай туралы Науанға не айтты? Нан

	ойыншықты тап». Ойын шарты: балалар тығылған ойыншықтарды тауып, неден жасалғанын, қайдақолданылатынын түсін айтып береді. **Дыбыстардың дұрыс айтылу артикуляциясына арналған тілдік жұмыс: Жаңылтпаш қайталату.** Топ бала, топ бала, Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. *(Е.Өтетілеуұлы)*	**әрекеті:** «Нанды қадірлейік» әңгімесінен үзінді оқиды. Нан еңбекпен дастарқанға еңбектің арқасында келеді. Дикандар көктемде жерге тұқым себеді. Одан егін шығады, оны жаз бойы күтіп-баптайды. Күзде астықты комбайнмен орып алады. Жүргізушілер астықты мәшинемен астық қабылдау орындарына жеткізеді. Бидайдан ұн дайындайды. Ұннан неше түрлі нан пісіреді. Мұның бәрі – адам еңбегі, сондықтан оны қадірлеуіміз керек. Интербелсенді тақтадан желаяқтың бейнесі шығады:. – Балалар, бізге Желаяқ сұрақтар қойғысы келіп тұр. – Бидай неден өсіп шығады? – Бидай тұқымнан өсіп шығады. – Күзде дайын болған өнімді қалай атайды? – Астық. – Егін өсірушілердің мамандықтарын атаңдар. – Тракторшы, дикан, диірменші, комбайншы. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Суретпен жұмыс** Балалар суреттерде бейнеленгендері атайды (егіс даласында астық жинап жатқан комбайн, элеватордағы құйылып жатқан астық, нан илейтін	көптеп түсуі ***Тіл ұстарту жаттығуы*** Ақ-ақ-ақ – сарғайды күзде жапырақ Үз-үз-үз – келді жаңбырлы күз Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:*** – Өлеңде не туралы айтылған? – Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? – Күзде бау-бақшада не піседі? Қандай жеміс түрлерін білесіңдер? – Жапырақтар қандай түске енеді? – Неліктен «Күз – жомарт» деп айтамыз? **Сергіту сәті** Дала қандай керемет, Сары түске боялды. Күзде жаңбыр жауады, Қатты жел де тұрады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** ***Дидактикалық ойын: «Лото»*** (баланың ойлау қабілетін дамыту). Шарты: көгөністерді бақшаға, жемістерді баққа орналастыру. Педагог «Күз – жомарт» өлеңін қайталап оқиды. Балалар бірге қайталап, жаттайды. 3-4 балаға өленді жатқа айтқызу. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? Қандай жемістер мен		қандай дәннен дайындалады? – Нанның қандай түрлерін білесің? **Сергіту сәті** Нан болса, ойнап-күлеміз, Нан барда еркін жүреміз. Тіршілік көзі нан ғана, Нан қадірін білеміз. Педагог әңгімені қайталап оқиды. Әңгіменің мазмұны бойынша бір бала бастап, екінші бала жалғастырады. 2-3 бала педагогтің жетелеуімен әңгіме мазмұнын айтады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суретте не бейнеленген? Егіс даласына кімдер келді? Бидайдан не жасалады? 2. Нанның түрлерін ата. 3. Нан түрлері қандай пішінге ұқсайды? Сызып қос. 4. Үзік сызықтарды қос. Мақалмен жұмыс жүргізу. Ас атасы – нан, Нан атасы – дән. Балалар педагогтің жетелеуімен нанның қасиетін түсіндіреді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақ қою арқылы іс-әрекетті пысықтау. – Нан неден жасалады? Нанның түрлерін ата. – Нанды аяқ астына тастауға бола ма? Балаларды мадақтау.

		мәшине, дастарқанға қойылған нан түрлері). – Дәнді дақылдардың қай түрінен ұн тартылып, нан пісіріледі? – Бидай, қарабидай. – Қазіргі уақытта бұл дәнді дақылдардың ішінен бидай мен қара бидайды нан пісіруге көп қолданады. Қазір арпа, күріш, жүгері ұнынан тәтті нан түрлерін, шелпектер пісіреді (мүмкін болса сұлының печеньесін, жүгері шелпегін көрсету). Сендер тағы қандай дәндер түрлерін білесіңдер? Олардан не пісіріледі? – Арпа, жүгері, күріш, бидай, қарабидай, тары, сұлы. Олардан әртүрлі ботқа, көже тағы да басқа тағамдар дайындалады. – Бұларды бір сөзбен қалай атайды? – Дәнді дақылдар. – Үйде аналарың үйлеріңде ұннан тағы не пісіреді? Балалар аналары пісіретін нан түрлерін атайды. Педагог балалардың назарын келесі суретке аударады. Суретте элеватор бейнеленген. Элеватор – бидайды қабылдауға, тазалауға, кептіруге және артуға арналған қамба, диірмен. Сурет арқылы бұрынғы уақытта ұнды қандай жолмен алғанын көрсетеді. Дайын болған ұнды	көгөністерді білесің? Олардың пайдасы туралы не айтар едің? 2. Көгөністер мен жемістерді бөліп, себеттерге сызып қос. 3. Жұмбақты шеш. Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады. *(Жапырақ)* Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетті пысықтау. – Бүгін не туралы әңгімеледік? Күз мезгілінің ерекшелігі неде? – Жапырақтың түстері қандай болады? Адамдар қалай киінеді? Балаларды мадақтайды.		

		наубайхана әкелетінін және ол жерде нан пісіретінін айтады. **Тыйым** сөздермен таныстырады. Нанды жерге тастамайды. Нанның үстінен аттамайды.Нанның үстіне ешбір зат қоймайды. **Үлестірмелі материалдармен жұмыс:** 1. Желаяққа бидайдан дайындалатын өнімдерді тауып белгілеуге көмектес. Нан өнімдерінің түрлерін ата. 2. Нанның дастарқанға келетін ретін цифрмен көрсет. Қорытынды,балаларды мадақтайды.			

«Ас – адамның арқауы» түскі ас. **10:00-10:10** **Ас қабылдау мақсаты:** Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының	**Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
	«Адал азамат» біртұтас тәрбие				
	- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды. **- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.** **- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.** **- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.**				
	«Тамақ ішу әдебі» **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Дәнді шашпа, нанды баспа	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ...ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Ас адамның арқауы.	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай,

алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.					үгітпей жейміз»

2 үзіліс – 10:00 – 10:10

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу

Аз қимылды ойын.

Ұлттық ойын: «Асық ату»,«Ханталапай»

Басты міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.



Аз қимылды ойын. Ұлттық ойын: «Асық ату»,«Ханталапай»

Ойын міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.

Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.

Әдістемелік нұсқау: «Талапай - ау, талапай, табылды ойын алақай»- деп қоржындағы асықтарды балалар алдына тастаймын. Балалар жарыса асықтарды «ханталапай» деп дауыстап асықтарды таласып, бөліп алады. Жинаған асықтарын санап, әр бала 5 асықтан тігіп ойынға қатысады. Хан асығы қолына түскен бала алғашқы болып ойынды бастайды. Асықтарды атады да, тигізген асықтарын ұтып алады. Тигізе алмай қалған жағдайда, мұғалім қойған тапсырмаға жауап береді. Егер ойыншы бала жауап бере алмаса, қатысушы басқа балалар жауап береді. Осылайша ойын жалғасады. Ойын соңында сұрақтарға дұрыс жауап беріп, асықты көп жинаған бала жеңімпаз атанады.

Ойын шарты: Ал, «Ханталапай» ойыны бүкіл қазақ жеріне кең тараған. Ойынға екеуден он адамға дейін қатысады. Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың ішінде біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік, не тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. «Ханды» жатысы «хандікіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуге тура келеді.

Ойынның педагогикалық маңызы. Ойын бастаушы баланың қолы басқа асықтарға тиіп кетсе, сондай-ақ атқан асығы басқа асыққа барып тисе, ойынды келесі бала жүргізеді. Ал, «хан» алшы түссе, балалар жарыса «ханталапай» деп дауыстап, «ханды» өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып есептеледі. Онда ойынды сол бала қайта бастайды.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.10 – 10.35

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Біздің сынып	**3.Мүсіндеу-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жеміс бағында.	**3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Біз дыбыс пен сөз туралы	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Біз балабақшада не	**3.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:**

	ҰІӘ міндеттері: -не? нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; -игерген сөздерін қолданып, шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру. **Дағды**: Біздің сынып.(Біздің топ) шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** «Менің сыныбым»тақырып аясында сурет салу. Достарының, үлкендердің айтқанын аяғына дейін тыңдауға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** «татулық» адамгершілік құндылықтарды түсіндіру **Қауіпсіздігі:** Өз сыныбын,оның әр затын бағалай білуге,қорғауға және сауаттылыққа баулу. **Апта дәйексөзі:«Шебердің қолы алтын»** **Күтілетін нәтиже**: сұрақтарды түсініп, жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойын:** «Біреу – көп».Заттарды жекеше,	**ҰІӘ міндеттері:** - пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып,жемістерді мүсіндеу; -бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту; -балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу. **Дағды**: еркін жұмыстануға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** жеміс-жидектер табиғаттың сыйы екендігін түсіну. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың ой-өрісін, тілін дамыту, өз ойын тез әрі жүйелі жеткізуге дағдыландыру; Достарына, туыстарына қамқорлық көрсетуге, бөлісе білуге тәрбиелеу **Қауіпсіздігі:** - үлкендер еңбегін бақылау арқылы бағалай білу,бақылағандарын есте сақтай білу дағдыларын қалыптастыру; -еңбексүйгіштікке, табиғатқа деген қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Шебердің қолы алтын»** **Күтілетін нәтиже**: жемістердің пайдасын түсіне отырып, заттарды мүсіндеуді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:**	не білеміз? **ҰІӘ міндеттері:** -балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып, берілген дыбысқа сөз ойлап, оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру; -қысқа және ұзын сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту; -ұқыптылыққа, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Дағды:** есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге,сөздік қорларын молайту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелу. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды ұлтжандылыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**: **«Шебердің қолы алтын»** **Күтілетін нәтиже**: дыбыс пен сөз туралы білгендерін еске түсіреді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету,	істейміз?Мектепте не істейміз? **ҰІӘ міндеттері:** - сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету,шағын мәтіндер құрау үйрету; -сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. **Дағды**: сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** «Менің мектебім»тақырып аясында сурет салу.Іс-әрекеттерін білу, сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ұқыптылыққа өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету. **Қауіпсіздігі:** Топтасып тапсырманы орындау арқылы бір-бірімен тату дос болуға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Шебердің қолы алтын»** **Күтілетін нәтиже**: жаңа сөздерді атайды, сөйлемдерді құрастырады, тақпақ жаттайды, қайталайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру,	Ауылдағы адам еңбегі **ҰІӘ міндеттері:** - ауыл адамдардың еңбегімен таныстыру, ауылдағы еңбек туралы жалпы білімдерін бекіту; -еңбек туралы жалпы түсініктерін бекіту арқылы балалардың сөздік қорын байыту; -адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, еңбексүйгіштікке баулу, барлық мамандық маңызды және құрметті екенін саналарына жеткізу. **Дағды**: құрбы-құрдастарымен және ересектермен емін-еркін сөйлесу кезінде танымдық зерттеушілік қызметті дамыту дағдыларына ие. **Ұлттық құндылықтар:** Еңбек – адамның өз қажеттілігі үшін орындайтын жұмысы, **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды ауылдағы адамдардың еңбегімен таныстыру, ауылдағы басты еңбек түрін ажырата білуге үйрету. Жыл мезгілдеріне қарай еңбек түрлері және қолданылатын техника құралдары жайлы білімдерін дамыту. Әңгіме желісін көрініс арқылы көрсету. Әңгіме арқылы ойын, қиялын дамыту, өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу. Табиғатты сүюге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Ауыл адамдарының еңбегін

	көпше түрде айтуға үйретеді. ойыншық – ойыншықтар кереует – кереуеттер гүл – гүлдер үстел – үстелдер орындық – орындықтар Ойын бұрышында нелер бар? Ойын бұрышында ойыншықтар бар. Кереуеттер қай бөлмеде? Кереуеттер ұйықтайтын бөлмеде. Гүлдер қай бөлмеде тұр? Гүлдер табиғат бұрышында тұр. Сыныпта нелер бар? Сыныпта үстелдер, орындықтар бар. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік ойын:** «Жалғасын тап». Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атынатайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды. Біздің сынып(әдемі, жарық, таза) Біздің(сынып,топ) Біздің сыныпта,топта.(ойыншықтар көп) Біздің сыныпта.(үстелдер, орындықтар) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жаңылтпашпен таныстыру.** Топ бала, топ бала, Ойнап жүр топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. *Балалармен бірге*	балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалардан себеттегі муляжды көрсетіп,қандай жеміс екенін сұрау. Мынау қандай жеміс? Мынау ше? Тағы қандай жемісті көріп тұрсыңдар? Балалар,енді,осы жемістердің ішінен алма мен алмұртты мүсіндейік. Алдымен, балалар, қызыл түсті ермексаздың бір бөлігіналақанымызға салып жұмсартып,домалақ пішінге келтіреміз. Бас бармақпен басу арқылы алманың пішінін келтіреміз. Сабағын ағаш бұтақшасынан орналастырамыз. – Енді,жасыл түсті ермексаздың кішкене бөлшегін алып,алақанға салып домалақтаймыз**.** Тақтайшаға қойып жалпақтау әдісі арқылы сопақша пішінге келтіреміз.Пышақтың ұшымен кесу арқылы жапырақтың бейнесін жасаймыз.Жапырақты алманың сабағына орналастырамыз. Алмамыз дайын болды. **Балаларға көрсету әрекеті:** Енді,алмұртты жасауға кірісеміз.Сары түсті ермексазды алып,алақанға	балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**Шаттық шеңберіне тұрғызу. Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді, Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң! Қайырлы күн! Қайырлы күн, балалар! Өткен тақырыптарды пысықтау. Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады. Дыбыстар сөзде қандай да бір ретпен тізбектеліп орналасады. Кез келген дыбысты бірінен соң бірін жалғап, сөз жасай алмаймыз. Мысалы, мдоп, бұл – сөз емес. Ал «доп» десек, бұл – сөз. Ол – ойын құралы. **Артикуляциялық жаттығу жасау.** ***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. ***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. ***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. ***«Түтікше»*** – тілді ауыздан	балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті: «Қарап алып,айт»** Балалар мектеп,сынып туралы шағын әңгіме құрайды. Біздің сынып қандай? Біздің сынып таза, жарық, әдемі, үлкен. Біздің мектепте қандай бөлмелер бар? Мектепте спорт залы, музыка залы, асүй, дәрігер бөлмесі, қазақ тілі кабинеті бар.Біз мектепте таңертең жаттығу жасаудан бастаймыз. Жат-ты-ғу жа-сай-мыз. Жаттығу жасаймыз *(айнамен жұмыс).* Біз мектепте таңертең не істейміз? Біз мектепте таңертең жаттығу жасаймыз. Біз мектепте асханаға барып тамақ ішеміз. Та-мақ-қ-к і-і-і ше-міз – тамақ ішеміз. Ұ-ұ-ұ-ұй-ық-қ-қ-таймыз – ұйықтаймыз. Біз мектепте не істейміз? Біз мектепте тамақ ішеміз, ұйықтаймыз. Біз мектепте серуенге барамыз, би билейміз, әң айтамыз, демаламыз, сурет саламыз. Біз мектепте не істейміз? Біз мектепте серуенге барамыз, би билейміз, әң айтамыз, демаламыз, сурет саламыз. **Балаларға көрсету әрекеті:**	бағалауды үйренеді, дастарқандағы тағамның, үстеріне киетін киімнің қандай жолмен келгенін біледі. **Апта дәйексөзі**: **«Шебердің қолы алтын»** **Күтілетін нәтиже**: Ауыл еңбегі туралы жалпы білім алады. Жыл мезгілдеріне сәйкес еңбек түрлерін; егінші, шопан,мақташы сияқты еңбек адамдарының еңбегі туралы білімді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Адамдар не үшін еңбектенеді? Интербелсенді тақтадан Таусоғардың бейнесі шығып, «еңбек» деген сөздің мағынасын түсіндіреді. *Еңбек – адамның өз қажеттілігі үшін орындайтын жұмысы, ісі.* Педагог кез келген затты алып, қандай еңбекпен жасалғанын балаларға әңгімелеп береді. Интербелсенді тақтадан бейнебаяндар көрсету. Ауылды бейнелейтін суреттерді көрсетіп, ауылда адамдар ауылшаруашылығымен айналысатынын айтады. Педагог беті жабық себет алып шығады.

	Ойынның іс-қимыл арқылы жасау нұсқаулары: Дене жаттығуларын не үшін жасалатынын сұрау. «Мен істей аламын» немесе «Мен істей алмаймын» дейді. Бала допты ұстап алып, неліктен мұны қалай білетінін (оған не көмектесетінін) немесе мұны қалай істейтінін (үйренуі мүмкін) түсіндіріп, сөйлемді жалғастыруы керек және допты көшбасшыға қайтаруы керек. Мысалы: «Мен жүгіре аламын, өйткені аяғым бар», «Мен ұша алмаймын, өйткені қанатым жоқ». **Жалпы дамыту жаттығулар кешені Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар** **№1 жаттығулар кешені** 1.«Біз – зілтеміршіміз». Б.қ.: аяқтарын аздап алшақтатып қойып, тұру; 1 – таяқшаны кеудесіне қояды; 2 – кеудесін жоғары көтереді; 3 – кеудесіне; 4 – б.қ. 8 рет қайталау. 2.«Ескекшілер». Б.қ.: аяқтарын иық енінде қою, таяқшаны ортасына таман көлденең ұстау;оңға, солға бұрылып, ескекті келтіріп қозғалту. 6–8 рет қайталау. 3.«Отыруға тырыс». Б.қ.: шалқалап жату, таяқшаны төмен түсірілген қолдарында ұстау; 1 – таяқты серпіп, басынан жоғары асыру; 2-3 – таяқты	тор көздер,тиісті жануарлар. **Ұлттық құндылық актуалдылығы:** - ойынға деген қызығушылықты, табандылықты, нәтижеге жетуге деген қызығушылықты тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Оларды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** 2-5 адам ойнайды. Үстелде жануарлар,құстар бейнеленген карточкалар (бетін төмен қаратып) орналастырылған. Балалар кезекпен 2 карточканы аударады,астында тұрған суреттер бойынша спорттың қай түрі бейнеленгенін атайды. Егер карточкалардың суреттері сәйкес келсе, онда бала оларды өзі үшін алып, тағы бір қимыл жасайды. Егер карточкалар сәйкес келмесе, онда карточкалар бетін төмен қаратып, кезек келесі ойыншыға беріледі. Кімде көп жұп карточка болса, сол жеңеді. **Ықтимал күрделендіру:** карточкалардың санын көбейту, белгілі бір спорт түрімен айналысатын	кезекпен 2 карточканы аударады,астында тұрған суреттер бойынша спорттың қай түрі бейнеленгенін атайды. Егер карточкалардың суреттері сәйкес келсе, онда бала оларды өзі үшін алып, тағы бір қимыл жасайды. Егер карточкалар сәйкес келмесе, онда карточкалар бетін төмен қаратып, кезек келесі ойыншыға беріледі. Кімде көп жұп карточка болса, сол жеңеді. **Ықтимал күрделендіру:** карточкалардың санын көбейту, белгілі бір спорт түрімен айналысатын спортшының аты-жөнін айту, қажетті құрал-жабдықтарды атау. **Ойынның нұсқаулары: Ережелер:** 1- нұсқа. Мұғалім ойыншыларға карточкаларды көрсетеді, ал ойыншылар оларда бейнеленген қимылды орындауы керек. 2- нұсқа. Әр ойыншыға карточка беріледі. Содан кейін ойыншылар шеңберге тұрып, кезек-кезек алған тапсырмаларын көрсетеді, ал басқалары қайталайды. **Жалпы дамыту жаттығулар кешені: Акробатика элементтері бар жаттығулар.** **№1 жаттығулар кешені** 1.«Алдыға қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен	***Ойынның шарты:*** балалар бір түсті картаны алады, әр бала ұсынылған суреттердің ішінен заттың бейнесін таңдауы керек. **Ықтимал күрделендіру:** өз - ара бір - біріне жақын түстерді ажырата білу. **Ойынның нұсқаулары:** Ойынды барлық сынып балалар ойнай алады.Берілген карта суреттерге байланысты әрбір қарындашқа жапсырады,егер толық түсінбей жатса онда II нұсқа бойынша жұмыс жасайды,яғни жұптық жұмысқа сәйкес. **Көзге арналған жаттығулар:** 1.1-4-ке дейін санап көзді қатты жұмып,сонан кейін ашып,жайбарақат ұстап, 1-6-ға дейін санай отырып,алысқа қарау қажет.4-5 рет қайталау қажет 2.1-4-ке дейін санай отырып,екі көзді оларға қатты күш салмай,бір-біріне қаратып,соңында 1-6-ға дейін санай отырып алысқа қарап,4-5 рет қайталау керек. 3.1-4-ке дейін санап,басты қозғамай,оңға қарап бір нүктеге көз тоқтату,соңында 1-6-ға дейін санап,алысқа қарау.Осы тәрізді басты қозғамай,солға,жоғары,төмен қарау керек. **Бой сергіту:** Аяқтарың орнында иә-иә-	**Ойынның нұсқаулары:** Жануарлардың төлдерін ажыратқаннан соң олардың қимылын, қалай дыбыстайтының айтқызу. (олардын пайдасы туралы айтұызу) Жануарлардың іздерінің суретін тауып жандарына орналастыру. **II Нұсқа** Егер сыныпта жануарлар,аңдар ойыншықтары болса онда соларды қолданып іздерін басуға болады. **Тілдік және дене қозғалысына арналған жаттығу: «Орман аңдары»** 1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру. 2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру. 3. «Көжек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру. 4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру. Балаларға әр түсті екі текшелерден беріп,бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу. **Ұсақ қол моторикасын дамыту жаттығулары:** Ойын барысында бала бөлшектермен қозғалыс жасайды, байқағыштық, төзімділік, табандылық пайда болады.Саусақ ойыны арқылы баланың

	сермеп алдыға шығару, тартылып отыру; 4 – б.қ. 8 рет қайталау. 4.«Таяқшаға қара». Б.қ.: етбеттеп жату, жұдырықтарын иектің астына тіреу, таяқшаны алдына қою. 1-2– таяқшаны жоғары көтереді, таяқшаға қарау; 3-4 – б.қ. - босаңсу. 6 рет қайталау. 5.«Таяқшаны тізесіне қою». Б.қ.: шалқасынан жату, таяқша санында, 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – оң (сол) аяғын бүгу, таяқшаны тізесіне көтеру; 3 – таяқшаны жоғары көтеру; 4 – б.қ. Басы мен иықтарын жерден алмай, аяғының басын созады. 6 рет қайталау. 6.«Аяғыңның басына жеткіз». Б.қ.: отыру, аяқтарын ашу, таяқшаны кеуде тұсында ұстау; 1–3 – алдыға еңкею, таяқшамен аяқтарының басына дейін жету; 4 – б.қ. 6 рет қайталау. 7.«Стадионға». Б.қ.: тұру. Таяқшаны шынтақ бүгілуіне ұстау. Бір орында тізесін жоғары көтеріп жүгіру. 3 рет 20 секундтан жүрумен алмастырып, қайталау. **Қосымша жабдықтар**:	спортшының аты-жөнін айту, қажетті құрал-жабдықтарды атау. **Ойынның нұсқаулары:** Ережелер: **1- нұсқа.** Мұғалім ойыншыларға карточкаларды көрсетеді, ал ойыншылар оларда бейнеленген қимылды орындауы керек. **2- нұсқа.** Әр ойыншыға карточка беріледі. Содан кейін ойыншылар шеңберге тұрып, кезек-кезек алған тапсырмаларын көрсетеді, ал басқалары қайталайды. ***Ойынның шарты:*** Үй жануарлары деп неге атаған? Олардың пайдасы жайлы айтып өту. **1-ойын нұсқасы**: Балалар үй және жабайы жануарлары бейнеленген суреттердің бірін таңдап, оның атын атап, төлін тауып, сәйкестендіріп қояды. Үй жануарлары мен төлдерінің қорегі мен мекені туралы білгендерін айтады. **2-ойын нұсқасы:** Барлық суреттер үстелге қойылған. Бала өзіне ұнаған кез келген суретті алып, сәйкес суреттермен сәйкестендіру.Жеке,жұп бойынша бала кезекпен суреттерді алып ойнай алады. **Ықтимал күрделендіру:** Үй жануарларының дыбыстарын салу және қалай шақыратынын келтіріп айту.	түсірілген. 1 – оң жағына қарай қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу; 2 – бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (8 рет) 2.«Бұрыш» Б.қ. – артына қолдарымен тіреліп, еденге отыру; 1– аяқтарын 45°бұрыш жасап көтеріп, ұстап тұру (8-ге дейін санағанша); бастапқы қалыпқа келу (5 рет қайталау). 3.«Қолдарын алдына кеуде тұсына ұстау» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, аяқтары иық еніндей қойылған. 1 – қолдарын кеудесінде бүгіп ұстау; 2 – оңға бұрылу, қолдарын екі жаққа жазу; 3 – қолдарын кеудесінде ұстау; 4 – б.қ. Сол жағына осы қимылдарды қайталау (8 рет) 4.«Қолдары тізеде» Б.қ. – аяқтары параллель, қолдары дене бойымен төмен түскен. 1 – қолдарын екі жаққа жазу; 2 – оң аяғын бүгу, қолдарын тізесіне қою; 3 – аяғын түсіру, қолдарын қайта екі жаққа жазу. Сол аяғымен сол қимылдарды қайталау (9 рет). 5.«Қарлығаш» Б.қ. – тұру. 1–4 – оң аяғымен тұру, денені	иә Алақанды соғайық иә-иә-иә Енді алға созамыз соқ-соқ-соқ Енді артқа созамыз тез-тез-тез Биік –биік шығамыз тез-тез-тез Қолымызды шайқаймыз шоқ шоқ-шоқ Демаламыз қане біз уф-уф-уф **Саусақ жаттығуы:** Болу үшін тым епті Қозғалтайық білекті Саусақтарым әйбат Былай-былай ойнат **Қосымша жабдықтар**:   	сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғауларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

	     	(Сиыр мөңірейді, аухау, аухау деп шақырады, қой маңырайды, пұшайт, пұшайт деп шақырады т.б.) **Тіл ұстарту жаттығуы:** Та -та- та жібек жүнді бота Зау-зау-зау мөңірейді бұзау, Шақ-шақ-шақ құлдырайды құлыншақ, Зы-зы-зы моп- момақан қозы **Артикуляциялық жаттығулар:** Қ-қ-қ-қ қозы, қозы. Б-б-б-б бұзау, бота. С-с-с-с сиыр, сиыр. Ұ-ұ-ұ құлын, құлын. І-і-і ешкі, ешкі. **«Шаршасақ, дем алайық»** Бә - бә деген қошақан Өзі сондай момақан, Бө - бө еген әні бар, Жібек жүнді ботақан. Мө - мө деген әні бар, Бұзауым менің тағы бар, Ио - ио дейтін құлыным, Желбірейді тұлымың. Шөре - шөре лағым, Тентек болма шырағым. **Тыңдап ойларыңа сақтап жүр!** «Ақты төкпе» яғни сүтті, айранды төгуге болмайды. «Малды теппе» балалар малды тебуге болмайды. **Қосымша жабдықтар**:	алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8 рет). 6.«Қорапша» Б.қ. – еденге етпетінен жатып, 1 – 4 – аяқтарын жоғары басына тигенше көтеру – 6 рет «Көпір» Б.қ. — жерде жату, қолдарымен басынан асырып, еденге тірелу. Қол-аяғына тіреліп, денесін жерден көтеру – 5 рет. **Сымбаттылық әліппесі**: «Денеңді тік ұста» - тыныс алу бұлшықеттерінің жұмысын жеңіл сезіну үшін дене қалпын дұрыс ұстай білуі қажет. Орнымыздан тұрамыз, жауырын, иық бұлшықеттерін босаңсытамыз. Енді өз денемізді (иық, кеуде) көтеріп, оны артқа итереміз. Жауырынымыз мықты, тік, ал қолымыз, мойынымыз бен иығымызды жеңіл, бос жібереміз. **Қосымша жабдықтар**:   	  	 **Қосымша жабдықтар**:

Упражнение 1
И. П.
Упражнение 2
И. П.
Упражнение 3
И. П.




















































					

08:45-09:00 **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 10** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **№5 жиынтық** **(Құрсаумен жұпта орындалатын жаттығулар)** 1.Б.қ. – құрсаудың ортасына арқаларын түйістіріп тұру. Құрсау иықтың тұсында. 1-2– құрсауды аяқ басына жоғары көтеру – демін ішіне тарту; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6–8 рет). 2.Б.қ. – құрсаудың ортасына арқаларын түйістіріп тұру. 1-2 – құрсауды жоғары көтеріп, оңға (солға) иілу – демін ішіне тарту; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6 рет). 3.Б.қ. – балалардың біреуі құрсауды жерден 30 см көтеріп, тігінен ұстайды, ал екіншісі құрсауға еш жерін тигізбей, оның ішінен еңбектеп өтіп, түрегеліп, қайта ішімен орнына қайтуы керек. (3–5 рет қайталау).	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 11** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **№ 6 *жиынтық*** **(Құрсаумен жұпта орындалатын жаттығулар)** 1.Б.қ.: құрсаудың шеттеріне арқаларын түйістіріп тұру. 1-4– қолдарын артқа, екі жаққа, оң (сол) аяқтарын ұшымен құрсаудың сыртына басу – демін ішіне тарту; 5–8 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу – демін сыртқа шығару, қайталау (8–10 рет). 2.Б.қ.: бір-біріне қарама-қарсы өкшесімен отыру, құрсау екеуінің ортасында. Біреуі еңкейіп, құрсауды итереді, ал екіншісі құрсауды өзіне тартады. Қайталау (4-5 рет). 3.Б.қ.: құрсаудың ішінде арқаларын түйістіріп тұру. Құрсауды қолдарымен ұстап тұрады.1-2 –	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 12** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **№ 1 *жиынтық*** **Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар** 1.«Біз – зілтеміршіміз». Б.қ.: аяқтарын аздап алшақтатып қойып, тұру; 1 – таяқшанықеудесіне қояды; 2 – кеудесін жоғары көтереді; 3 – кеудесіне; 4 – б.қ. 8 рет қайталау. 2.«Ескекшілер». Б.қ.: аяқтарын иық енінде қою, таяқшаны ортасына таман көлденең ұстау;оңға, солға бұрылып, ескекті келтіріп қозғалту. 6–8 рет қайталау. 3.«Отыруға тырыс». Б.қ.: шалқалап жату, таяқшаны төмен түсірілген қолдарында ұстау; 1 – таяқты серпіп, басынан жоғары асыру; 2-3 – таяқты сермеп алдыға шығару, тартылып отыру; 4 – б.қ. 8 рет қайталау. 4.«Таяқшаға қара». Б.қ.:	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 13** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **№ 2 *жиынтық*** 1.Б.қ.: тұру. 14 – таяқшаны жоғары көтеру, демін ішіне тарту; 5–8 – таяқшаны төмен түсіру, демін сыртқа шығару. 8 рет қайталау. 2.Б.қ.: аяқтарын тіреп қою, шынтақтары бүгілген, таяқшаны кеудесінде ортасына қарай ұстау. 1-2 – оңға бұрылу, таяқшаны оңға қарай оң қолымен апару (таяқша еденге параллель); баяу қозғалу; 3-4 – б.қ. Сол жағына 5 рет қайталау. 3.Б.қ.: тұру. 1–3 – таяқты алдыға ұстау, оң аяғын басына-өкшесіне-басына басу; 4 – б.қ. Солаяқпен осы қимылдарды қайталау. 1.Б.қ.: тұру. Таяқты үстіңгі шетінен ұстап, тігінен аяқтарының ортасына орналастыру, демін ішіне тарту. 1-2 – еңкею (тікбұрыш жасап),	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 14** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **№ 3 *жиынтық*** 1.«Таяқшаны жоғарыға көтеру». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқшаны иық еніндей шетінен ұстап төменге қою. 1 – таяқшаны жоғары көтеріп созылу; 2қолдарын бүгіп, таяқшаны жауырынына қояды; 3 – таяқшаны жоғары көтереді; 4 – таяқшаны төмен түсіреді, б.қ. (8 рет). 2.«Созылғыштар». Б.қ.: – тұру, таяқты төмен ұстау. 1-3 – таяқты жоғары көтеріп, артқа жіберу, аяқтың басымен тұрып, созылу; 4 – б.қ. 8 рет қайталау. 3.«Отырып-тұру» Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқшаны иық еніндей шетінен ұстап төменге қою. 1 – отыру, таяқшаны алға шығару; 2 – б.қ. (8 рет).

	Балалар орындарын ауыстырып, қимылдарды қайтадан бастайды. 4.Б.қ.: құрсауды бармақтары және өкшелерімен басып тұру. 1-2 – аяқ басына көтерілу, қолдарын көтеру; 3-4 – өкшесіне түсу, қолдарын төмен түсіру; 8–10 рет қайталау. «Айналада». Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; бір қолдары белінде, екіншімен құрсауды ұстау; аяқ ұшына отырып, құрсауды үш рет айналу; тұрып, денені түзеу, бағытты өзгертіп, қайталау (3-4 рет). 5.Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; шеңбер бойымен аяқтарын жоғары көтеріп, шапшаң жүгіріп үш рет айналу; бір орында жай жүру; бағытын өзгерту, қайталау (3-4 рет).	арқаларын түзу ұстап, отыра бергенде құрсауды жоғары көтере бастау; қайталау (8–10рет). 4.Б.қ.: арқасына шалқалап, өкшелерін құрсауға қойып жату. 1-4– аяқтарын жоғары көтеру; 5–8 – аяқ бастарын құрсауға баяу тарту. Қайталау (8 рет). 5.Б.қ.: біреуі құрсауды еденге параллель 40 см биіктікке ұстап, тізерлеп тұру; екіншісі құрсауға қырындап тұрады; құрсаудың астына өтіп, ішінен аттап шығады. 6 рет қайталау. Балалар орындарын ауыстырады. 6.Б.қ.: екеуі де оң қолдарымен құрсауды ұстап тұрады. Оңға айналу, тоқтау; сол жаққа айналу. Қайталау (4-5 рет) 7.Б.қ.: қолдары артта, құрсауды еденге қою; екі аяқтап құрсауды артпен үш рет айналу; тоқтау. Бағытты өзгерту, жай жүріспен алмастырып, қайталау (2-3 рет).	етбеттеп жату, жұдырықтарын иектің астына тіреу, таяқшаны алдына қою. 1-2– таяқшаны жоғары көтереді, таяқшаға қарау; 3-4 – б.қ. - босаңсу. 6 рет қайталау. 5.«Таяқшаны тізесіне қою». Б.қ.: шалқасынан жату, таяқша санында, 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – оң (сол) аяғын бүгу, таяқшаны тізесіне көтеру; 3 – таяқшаны жоғары көтеру; 4 – б.қ. Басы мен иықтарын жерден алмай, аяғының басын созады. 6 рет қайталау. 6.«Аяғыңның басына жеткіз». Б.қ.: отыру, аяқтарын ашу, таяқшаны кеуде тұсында ұстау; 1–3 – алдыға еңкею, таяқшамен аяқтарының басына дейін жету; 4 – б.қ. 6 рет қайталау. 7.«Стадионға». Б.қ.: тұру. Таяқшаны шынтақ бүгілуіне ұстау. Бір орында тізесін жоғары көтеріп жүгіру. 3 рет 20 секундтан жүрумен алмастырып, қайталау.	қолдарын таяқты жылжыта алға созу,басы түзу, демін сыртқа шығару; 3-4 – б.қ. Аяқтарын бүкпей 6–8 рет қайталау. 2.Б.қ.: етбеттеп жату. Таяқшаны артына қолдарын бүгіп ұстау. 1-2– таяқша мен денесін жоғары көтеру; 3-4 – б.қ. Баяу 4–6 рет қайталау. 3.Б.қ.: тұру. Таяқшаны төмен түсіріп шетіне қарай ұстау. 1-2– аяқ басымен отырып-тұру; тізелерін ашып қою, арқасын түзеу – демін сыртқа шығару; 3-4 – б.қ. -демін сыртқа шығару. 8–10 рет қайталау. 4.Б.қ.: тұру. Таяқшаны алдына қою. 9 рет секектеу, 9-рет таяқшадан секіріп өту; 4 қадам орынында тұрып ату. 4–6 рет қайталау.	4.«Еңкею» Б.қ.: – аяқтарын алшақ қою, таяқшаны төмен ұстау; 1-2 – алдыға еңкею, таяқшаны жоғары көтеру, керілу; 3-4 – б.қ. (8 рет) 5.«Жанына иілу». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – оң аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу: 3 – денені түзеу; 4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет). 6.«Уқалау» Б.қ.: – тұру. Бармақтары таяқшаның үстінде, таяқшаны аяғымен дөңгелету (бармақтарынан бастап, өкшесіне дейін). Сол аяғымен осы қимылдарды қайталау. 8 рет. 7.«Секірулер». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. Секіру – аяқтарын екі жаққа ашу, қайта жинау. 1–8 дейін. Шағын үзіліс жасап, қайта 8 рет қайталау.

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӘ уақыты: 09.00-11.10	09.00-09.25 09.35-10.00 10.10-10.35 10.45-11.10	**Дүйсенбі** **15.09.25**	**Сейсенбі** **16.09.25**	**Сәрсенбі** **17.09.25**	**Бейсенбі** **18.09.25**	**Жұма** **19.09.25**
		Математика негіздері **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Дене тәрбиесі**	**Сауат ашу негіздері** **Қоршаған әлеммен танысу** **Жапсыру** **Музыка**	**Математика негіздері** **Көркем әдебиет** **Сауат ашу негіздері** **Дене тәрбиесі**	**Математика негіздері** **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Музыка**	**Сауат ашу негіздері** **Көркем әдебиет** **Қоршаған әлеммен танысу** **Дене тәрбиесі**
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** 1 саны және цифры. **ҰІӘ міндеттері:** -1 саны және цифрымен таныстыру; «Көп», «бір» ұғымдарын бекіту; заттарды жіктеу, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу; -сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қимылдарын үйлестіру және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу. **Дағды**: сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** -ойлау, шығармашылық қабілеттерін және тілдерін дамыту; -ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:**	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жуан дауысты дыбыстар. **ҰІӘ міндеттері:** - дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру; -жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту; -жазу жұмыстары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды:** Жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолы арқылы сөздік қорларын молайту.Балаларды ел тарихы мен дәстүрін	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** 2 саны және цифры. **ҰІӘ міндеттері:** - 2 саны және цифрымен таныстыру; сандарды ретімен айтуға, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу, заттарды жіктеуге үйрету. 1 саны мен цифры туралы білімін бекіту; -танымдық әрекетке қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: «бір» зат пен заттар «жұбының» не екенін түсіне отырып,қолдана алуға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** белсендік пен дербестікке тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Дидактикалық материалдарды пайдалана	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** 3 саны және цифры. **ҰІӘ міндеттері:** - 3 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 3-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу дағдыларын жетілдіру; -сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Баланың ойлау қабілетін дамыта отырып, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:**	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дауысты дыбыстарды бекіту. **ҰІӘ міндеттері:** - сөздегі дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту; -дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажырата білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажырату арқылы сөздік қорларын молайту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелу. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды ұлтжандылыққа, ептілікке,

	1 санының пайда болуы, сын тұрғысынын ойлау арқылы айналаны қоршаған ортадағы 1 санының орнын және цифрдың жазылу дағдысын қалыптастыру. **Қауіпсіздігі:** - білімділікке шақыра отырып танымдық іс – әрекеттің дамуына ықпал ету; -сабақ барысында достыққа, ұжымшылдаққа, адамгершілікке тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтижелер:** жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 цифрын тануды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті: «Сиқырлы паровоз». Үлестірмелі материалмен жұмыс** (№16 парақ). – Суретте қанша паровоз бар? (Бір). Қанша вагон бар? (Бір). Саяхаттау үшін қанша машинист қажет болады? (Бір). Балалар көп ойыншықтың ішінен машинисті таңдайды. Кейіпкерлер – көп, машинист – біреу (жалғыз). **1 цифрымен таныстыру.** Педагог түсіндіреді: машинист – біреу, бір санын 1 цифрмен белгілейміз. **Дәптермен жұмыс.**	қастерлеуге, сөз өнерін ардақтауға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелу. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды ұлтжандылыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға жалпы сауаттылықтары мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, лингвистикалық дүниетанымдарын кеңейту, грамматикалық талдау жасау дағдыларын дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтиже**: суретті әңгімелеп айтады, жуан дауысты дыбыстан басталатын суреттерді тауып айтады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберіне балаларды тұрғызу. Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы – Достығымыз жарасқан. Өткен тақырыптарды пысықтау.	отырып, балаларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - 2 саны туралы түсініктерін қалыптастыру. 0 - ден 2 санына дейінгі сандарды ауызша тура және кері санауға үйрету. Суреттер бойынша есептер құрастыра отырып, балалардың логикалық ойлау қабілетін, тіл байлығын, сөздік қорын молайту. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтижелер:** жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 және 2 цифрларын тануды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) сиқырлы паровозбен саяхат жасауды жалғастыруға шақырады. Педагог паровоз бен екі вагонды шығарып қояды (№16 парақ). – Суретте қанша вагон бар? *(Бір)* – Терезе санына қарай вагонға ертегі кейіпкерлерін орналастырыңдар (суреттер алдын-ала педагогпен таңдалады). Балалар ойынға қатысады.	Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қоршаған ортадағы сәйкес пішіндерді беттестіре отырып, салыстыруға үйрету. **Қауіпсіздігі:** Балаларды 3 саны және цифрымен таныстыру, тура және кері санауға үйрету, 3 санын жаза білуге, сандарды заттармен сәйкестендіре білуге үйрету. Ақыл ойын, логикалық ойлау қабілетін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтижелер:** 3 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті: Үлестірмелі материалмен жұмыс.** Педагог вагондармен ойналатын ойындық жағдаяттар сериясын жалғастыруын ұсынады. Бұл тәсіл сандар қатарында келесі санның пайда болуын түсінуге ықпал жасайды. Педагог паровоз және екі вагонды көрсетіп қояды. Оған үшіншісі қозғалып жақындайды. №16 парақ	шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтиже**: жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды ажыратып бөледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Төмендегі өлеңді балалар бірге айтады: Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз. **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** 1) Дауысты дыбысты қалай белгілейді? 2) Дауысты дыбыстар қалай жасалады? Дауысты дыбыстар – өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырамай шыққан дыбыстар. Қолымызға айнаны алып, дауысты дыбыстарды айтып көрейік, бұл дыбыстарды әндетіп, созып айтсақ та болады: *«ааа», «әәә», «ооо» «өөө» «ееее», «ыыы», «ііі», «ұұұ», «үүү», «ууу», «эээ», «ууу».* **Балаларға көрсету**

	1-тапсырма. Бір-бірден көрсетілген заттарды белгіле. Суретте қанша зат болса, ұяшыққа сонша нүкте сал. Балалар суреттерді қарайды. Жеке бір-бірден тұрған заттарды белгілейді. Суретте қанша зат болса, сонша нүкте салады. Тапсырманың орындалуын түсіндіреді: шар біреу, оған белгі саламын. **2-тапсырма.** Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Одан әрі педагог 1 цифрының үстінен саусақтарымен жүргізуді ұсынады. Саусақпен төменнен жоғары оңға қарай, тоқтамай, одан әрі солға қарай төмен түседі. 1 цифрын ермексаздан жасайды. №5 пазл қағазын пайдаланады (үлестірмелі материал). **Сергіту сәті.** Біз санадық, біз шаршадық, Орнымыздан тұрамыз. Қол соғамыз: бір, екі. Аяқпен топылдатамыз: бір, екі. Педагог жаттығуларды орындауды ұсынады: 2 рет секіреміз, оң аяқпен 2 рет, сол аяқпен 2 рет, аяқпен топылдатамыз. 2 рет қол соғамыз. Досымызбен екі рет алақандарымызды соғамыз және т.с.с. **Балаларға көрсету әрекеті:** **3-тапсырма.** 1 цифрын тауып, қоршап сыз. Оны	Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады. – Тіл дыбыстары адамның дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Дыбысты жасауға қатысатын мүшелерге өкпе, кеңірдек, дауыс шымылдығы, көмей, ауыз қуысы, тіл, тіс, таңдай, жақ, ерін жатады. Дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Дауысты дыбыстар дауыс шымылдығының керіліп тұрып діріл пайда болуы арқылы жасалады, сондықтан дауыстыларды созып, әндетіп айтуға болады. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар: *а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е, и, у, э*. Балалар педагогпен бірге дауысты дыбыстарды қайталайды. Педагог балалардан түсінгендерін сұрайды. Дыбысты айтуға адамның қандай мүшелері қатысады? **Балаларға көрсету әрекеті:** **Артикуляциялық жаттығу жасау.** ***Дидактикалық жаттығуы «Әндетіп көр»*** – Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «*а»* дыбысын дыбыстау	Әр вагонда екі кейіпкер саяхаттауға шыға алатындығын анықтайды. Педагог тақтаға паровозды және екі вагонды іледі. Балалар кейіпкерлерді таңдап, оларды вагонға отырғызады/орналастырады. Ізденіс тапсырмаларын ұйымдастырады. – Қанша паровоз бар? – Паровозға біз қанша вагон жалғадық? Балалармен бірге дауыстап санайды, әрбіреуін таяқшамен көрсетеді. Вагондарды, вагондағы кейіпкерлерді, вагон терезелерін санайды. «Екі» сөзін дауыстап қайталайды. Одан кейін педагог ұсыныс жасайды: – Терезелерді санайық: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі және т.б. Әр вагонда 2 терезеден бар. **Ойын жаттығу.** **«Бір немесе екіден тұрған заттарды тап».** Педагог заттар жиынтығынан 1 немесе 2-ден тұрған заттарды табуды сұрайды. – Сендерде неше қол, неше аяқ, неше көз, неше құлақ бар? Екі ол – «жұп» деген түсінікпен таныстырады. Екі қолғап, екі шұлық және т.б. Мына сөздерді дауыстап қайталайды: «екі», «жұп». – Бір затты қандай цифрмен белгілейміз? (1). Қос/екі	үлестірмелі материалын қолданады. – Паровозда қанша вагон бар? (Екі). Оған тағы біреуін жалға! Вагондар саны қанша болды? (Балалар дауыстап санайды: бір, екі, үш.) Педагог цифрларды көрсетіп, оларды вагондардың астына немесе үстіне қояды. 3 цифрмен танысу. 3 цифры бар карточканы көрсету. 3 цифрын 3 санының таңбасы ретінде белгілейміз. Педагог 3 цифры туралы өлең оқиды. Екі доға түйіскен, Қара, аумай тұр ол «Үштен». Елубай Отарұлы Үлестірмелі материалды пайдалану (№4, №5 парақтар) балалар пазлдарды құрастырып 3 цифрының бейнесін жасайды. **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Суретке қара. Қанша қыз және қанша ит екенін сана. Ұяшыққа сонша нүкте сал. – Суретте не бейнелеген? – Қыздар нешеу? Сана. Неше ит бар? – Ұяшыққа сонша нүкте сал. Балалар суреттегі заттарды санайды. Педагог ұяшыққа сонша нүкте салуды сұрайды. **Балаларға көрсету**	**әрекеті:** **Артикуляциялық жаттығу жасау.** ***«Күрекше», «Ине», «Төбешік», «Түтікше»*** ***«Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. ***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. ***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. ***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. ***«Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы*** Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы көтереді. ***«Кім көп сөз айтады» дидактикалық жаттығуы*** – Балалар, сендер дауысты дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі, кім көп сөз айтса, сол – жеңімпаз. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттерге қара. Ата. Құрамында дауысты «а»

	боя. Берілген тапсырма цифрдың визуалды бейнесін бекітуге бағытталған: тап және қорша, боя. Балаларға **«Сан неге ұқсайды?»** ойынын ойнатуға болады, балалар қоршаған ортадағы заттардан 1 цифрына ұқсас заттарды табу керек. Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығу **«Жолмен жүріп келеміз».** (№ 4 парақ). Педагог әр балаға цифрмен «жүріп өтуді» ұсынады, ойын барысында қозғалыстың қай тұстан басталатына баса назар аударады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **4-тапсырма.** Суретке қара. Артық затты қоршап сыз. Өз таңдауыңды түсіндір. Тапсырманы орындау алдында балаларға ненің артық екенін іздеп табуға жаттықтырып алуға болады. Балалар не артық екенін тауып, оның артық болу себептерін белгілеріне қарай түсіндіріп береді. Балалар «артық» заттарды бөліп алуға үйренеді, жасалған таңдау негізінде, оның белгілерін айтады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Қандай санмен, қандай цифрмен таныстық? Ұйымдастырылған іс-әрекетінде сендерге не ұнады? Іс-әрекетінде балалардың өз	арқылы айтып көрейік. Әнді алдымен тыңдайды. Нұрын төккен маған Шаттандырған мені, Шуағымсың сен! Жұбанышым сен! Айналайын мама, Құттықтаймын сені Қуанышыңмен! Туған күніңмен! – Осы әуенді *е, а* дыбыстары арқылы әндетіп көрейік. Балалар бірге әндетіп айтады. Дауысты дыбыстар қызыл түспен белгіленеді. Қызыл түсті фишканы көрсетеді. ***«Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы*** Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Дауысты дыбыстарды сызбамен көрсету.** – Дыбыстарды қалай белгілейміз? (Төртбұрышпен). Педагог «алма» сөзін бірнеше рет дауысты дыбысты созып айтып қайталайды. Тақтаға «алма» сөзінің сызбасын іліп бірінші «а» дауысты дыбысты қызыл фишкамен белгілейді.	затты? (2) Педагог тақтадан 1 және 2 цифрын көрсетеді. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Суретте не бейнеленгенін ата. Бір-бірден тұрған заттарды боя. Суретте екі-екіден тұрған заттарды қоршап сыз. Балалар суреттерді анықтап қарайды. Бір немесе екі-екіден тұрған заттарды таңдап, олардың атауын атайды. Педагог тапсырманы түсіндіріп отырады. – Қай заттар туралы «бір» деп айтуға болады? Балалар бір себетті тауып, оны бояйды. – Қандай заттар туралы «екі-екіден» деп айтуға болады? – Екі мысық, екі тышқан, екі табақ. (Оларды қоршап сызады). Педагог үстел үстінде отыру ережесін қайталайды. **Сергіту сәті.** Балалар мәтін мазмұны бойынша жаттығу жасайды. Біз санадық, біз шаршадық, Орнымыздан тұрамыз. Қол соғамыз: бір, екі. Аяқпен топылдатамыз: бір, екі. Педагог жаттығуларды орындауды ұсынады: 2 рет секіреміз, оң аяқпен 2 рет, сол аяқпен 2 рет, аяқпен топылдатамыз, 2 рет қол соғамыз. Досымызбен екі	**әрекеті: 2-тапсырма.** Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Тапсырманы орындар алдында QR код арқылы, цифрды таңбалау тәртібі туралы анимация көруге болады. Цифр бейнесімен танысу. Балалар цифрдың үстінен саусағымен сызып, одан кейін ауада сызып үйренеді. Ауада 3 цифрын «жаз»: кіші жарты сопақшаны солдан оңға жүргізіп, одан соң қолды үзіп үлкен жарты сопақшаны жүргіз. Ермексазбен немесе басқа материалдармен тәжірибелік жұмысты жасау. **Сергіту сәті.** Балалар мәтін мазмұны бойынша жаттығу орындайды. *Біз санадық, біз шаршадық,* *Орнымыздан тұрамыз.* *Қол соғамыз: бір, екі, үш,* *Аяқпен топылдатамыз:* *бір, екі, үш.* Педагог жаттығуды орындауды ұсынады: 3 рет секіреміз, оң аяқпен 3 рет, сол аяқпен 3 рет секіреміз, аяқпен топылдатамыз. 3 рет қол соғамыз. Досымызбен 3 рет алақандарымызды соғамыз және т.с.с. **3-тапсырма.** 2 және 3 цифрларын тауып, қоршап сыз. Оларды боя. Өткен сабақтардағыдай орындалады. Балалар 2 және 3 цифрларын тауып, қоршап сызады. Оларды	дыбысы бар затты сары қарындашпен, дауысты дыбысы «е» бар затты қызыл қарындашпен қос. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Заттарды атайды, «а», «е» дауысты дыбыстары бар заттарды анықтайды. 2. Дауысты дыбыстан басталып, дауысты дыбыстан аяқталатын суреттерді қорша. **Сергіту сәті** Өкшемізді қосамыз, Білекті біз түреміз, Балпаң-балпаң басамыз. Қатарласып жүреміз. Асулардан асамыз, Адаспаймыз білеміз Біздер пингвин боламыз. Пингвин болып жүреміз. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс (***графикалық жұмыс***)** 4. Нүктелерді бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды. **Саусақ жаттығуы:** **Тында, орында.** Айдын шалқар көлдерде Балықтар өмір сүреді. Шолпылдатып құйрығын, Әрі-бері жүзеді. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін

	жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	**Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1.Суреттерді ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттарды қызыл үйге орналастыр. Сызықпен қос. 2. Өлеңді тыңда. Кім туралы айтылған? Осы сөз қандай дыбыстан басталады? Күлімдеген көзінен Күн мейірімі сезілген. Бұл жалғанда балаға Жақын жан жоқ өзіңнен. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. **Жеке жұмыс жүргізеді**. 2-тапсырмада балалар **ана** сөзін бір неше рет қайталайды. Дауысты дыбыстан басталауын анықтайды. **Сергіту сәті** «Сау болсын» деп деніміз, Шынығамыз бәріміз. Ерте оян, ерте тұр, Алға қадам жасаймыз. Жаттығуды бастаймыз, Денсаулықты шынықтыр. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** (*графикалық жұмыс)* 4. Үзік сызықтарды бастыр. **Саусақ жаттығуы:** **Тыңда, орында.** Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді. Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады. Педагог жазу барысында үстелде қалай отыру керектігін балаларға	рет алақандарымызды соғамыз және т.с.с. **2-тапсырма.** Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Цифрды жиектеп сызу тәртібін көрсетілген видеодан қарауға болады. Цифр бейнесімен танысу. Балалар суреттегі цифрдың үстінен саусақтарымен жүргізеді, ауада жазады. 2 цифры: сызықты жоғары жүргізеді, оны дөңгелектейді, көлбеу сызықты төмен жүргізеді, одан кейін астыңғы сызықты жиектейді. Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Ермексазбен тәжірибелік жұмыс. Егерде қандай да бір жағдайларға байланысты ермексазбен жұмыс істеу қолайсыз болса, оны жіптермен, бұршақ дәнімен, түймелермен немесе цифрды бейнелеуге арналған басқа да материалдармен алмастыруға болады. Балалар ермексаздан цифрды мүсіндейді. Мүсіндеген цифрларын көрсетеді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Заттарды сана. Көрсетілген түспен боя. Тапсырманы орындау алдында әңгімелесу жүргізіледі.	бояйды. **«Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны.** Педагог ойын шарттарын түсіндіреді: үш бала 1-ден 3-ке дейінгі цифрларды таңдап алады. Әрқайсысы бір саннан алуы тиіс. «Тірілер» шартты дабыл белгісі бойынша балалар бөлме ішінде жүгіреді. Жүргізушінің екінші шартты дабыл белгісі бойынша барлық сандар/цифрлар рет бойынша 1-ден 3-ке дейін солдан оңға қарай тізіліп тұрады. Одан соң әр санға жеке-жеке тапсырма беріледі: өзіндегі цифр көрсететін санға сәйкес қол шапалақтау, алға қарай сонша қадам жасау және т.б. «Тірі» цифр тапсырманы орындайды және топтың басқа баласына кезек береді. Ойыншылар ауысқан соң, ойын кері басынан басталады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **4-тапсырма.** Жолақты бастырып сыз. Педагог жолақты мұқият бастырып сызуды ұсынады. **5-тапсырма.** Музыкалық дүкенде сатылатын заттарды қоршап сыз. Сана. Олардың саны қанша? Педагог «Музыкалық дүкен» ойындық жағдайын тудырады. – Музыкалық дүкенде не сатылуы мүмкін?	қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

		ескертіп өтеді. Жазуды ауада балаларға жазып көрсетеді, балалар қарындаштарын алып, ауада жазып қайталайды. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды? – Несімен ұнады? Ең қызықты сәтті есіңе түсіріп көр.	– Әр жиынтық топта қанша зат бар? Оларды қандай түске бояу керектігін ойланып, тап. Балалар берілген заттарды осы заттардың санына сәйкес 1 және 2 цифрларының түсіне бояу керектігін ойлап тауып шешеді. Одан соң балалар тексеру тапсырмасын өз бетімен жеке орындайды. **4-тапсырма.** Суретке қара. Артық жануарды тауып, қоршап сыз. Өз таңдауыңды түсіндір. Суретке қарап артық жануарды тауып қоршайды. Өз таңдауларын түсіндіреді. Балалардан танысқан цифр бейнеленген карточкаларды көрсетуді сұрайды. 2 цифры неге ұқсайтынын айтады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	(Музыкалық аспаптар, ноталар.) – Музыкалық дүкенде сатылатын заттарды қоршап сызу керек. Оларды санап, нешеу екенін айтады. Одан соң балалар тексеру тапсырмасын өз бетімен орындайды. Балалардан өздеріне таныс цифр бейнеленген карточкаларды көрсетуді сұрайды. 3 цифры неге ұқсайтынын айтуды сұрайды. Үлестірмелі материалдың ішінен санына қарай алманың суретін табуды ұсынады және санға сәйкес цифрды таңдау сұралады (№2 парақ). Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру
Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

Артикуляциялық жаттығулар: ***Ойын:* «Күз туралы»** ***Міндеті:*** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру. Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз. ***Әдістемелік нұсқау.*** 1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау кере. 2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек. 3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек. 4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.	**Күз туралы** Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз. Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ. Ел – ел – ел, Соғадыжел. Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Дай – дай – дай, Жинаймыз бидай.	**Демалу гимнастика жаттығулары.** (желдің үрлеу суреті) **«Қатты жел».** -Жел қалай соғады ? (Терең дем аламыз, шығарғанда үстел үстіндегі жапыраққа үрлейміз. Жапырақ арқарай ұшу керек). -Орманда қатты жел соқты. Ағаштардың басы қозғалды.(балалар қолдарды жоғары көтеріп тербетеді: ш-ш-ш). -Алдымен дұрыстап «Ш» дыбысын қайталайық. 

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Менің атам. **ҰІӘ міндеттері:** - ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету; -балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту; -баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу. **Дағды**: дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** сәлем беруді, амандасуды құндылыққа,мәдениеттілік-ке баулу. Сөздік қорларын молайту, тілге тән	**2.Қоршаған әлеммен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Жанды және жансыз табиғат. **ҰІӘ міндеттері:** - жанды және жансыз табиғат, олардың белгілері туралы түсінік беру, жансыз және жанды табиғат нысандарын айырмашылықтарын түсіндіру. Жансыз және жанды табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратуды үйрету; -табиғат нысандарына тән сипат бойынша топқа бөле	**2.Көркем әдебиет**- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Тату доспыз бәріміз. (Фариза Оңғарсынованың өлеңі) **ҰІӘ міндеттері:** - достық туралы түсінігін кеңейту; -өленді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; -достарымен тату болуға тәрбиелеу. **Дағды**: Сурет бойынша достық, татулық туралы сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Қорыққанға қос көрінеді (Ертегі) **ҰІӘ міндеттері:** - ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету; -балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту; -баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу. **Дағды**: "г" "к" дыбыстарға сөз ойлап, сөйлем құрай білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** өз ойларыннан ертегіге тақырып қояды. Өз ойларыннан ертегі	**2.Көркем әдебиет**- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Кішкентай бағбан. (Мәдіхат Төрежановтың әңгімесі) **ҰІӘ міндеттері:** - кейіпкерге мінездеме беруге үйрету; -әдеби шығарманы мұқият тыңдауға баулу; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Дағды**: әңгіменің мазмұнын сақтай отырып, айтып беруге дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** Адам бойына жат қасиет тілазарлықтан аулақ болып, кешірімді болуға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас**

	дыбыстарды, жаңа сөздерді дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Естіп, тыңдап түсіну, сөйлеу әрекеттерін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды өзінің жақсы көретін адамадары, отбасы туралы. Олардың үйдегі қызметері жөнінде әңгімелеуге ықпал ету. Отбасы мүшелерін тану, ажыратуға үйрету. **Қауіпсіздігі:** үлкендердің еңбектерін құрметтеу, көмектесу дағдыларын қалыптастырып, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтиже**: саусақты бүгу арқылы, өлең жолдарындағы отбасы мүшелерін санайды,берілген тақырыпқа әңгіме құрайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Ой қозғау»әдісі:** Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін педагог мәнерлеп оқиды. Басбармағым – атам, үйдің данасы, Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы. Ортан терек – әкем,отау панасы, Шылдыр шүмек – шешем,	білу. Жанды табиғат нысаны – гүл дәнін, жансыз табиғат нысаны – тасты салыстырып, ыдысқа отырғызып, тәжірибе жасау, бақылау, пайымдау, дәлелдеу, топта жұмыс істеу дағдыларын арттыру; -табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, табиғатты көзінің қарашығындай сақтауға тәрбиелеу. **Дағды**: жанды және жансыз табиғатты ажырата білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жанды табиғат, оның тіршілік тіршілік ортасы және жансыз табиғаттағы қайталанбас құбылыс түрлері туралы білімдерін жетілдіру. Табиғат байлығына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Жанды және жансыз табиғатқа не жататынын түсіндіру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтиже**: Берілген сұрақтардың нақты жауап тауып, айта	үйрету;достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа шақыру.Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту. **Қауіпсіздігі:** -балаларға достық, татулық, бірлік ұғымдарын түсіндіру; -өзара татулық сезімдерін дамыту; -жас шамасына сәйкес ұлтжандылық сезімдерін қалыптастыру; -достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтиже**: Өзара татулық сезімдерін дамыту. Достық, татулық туралы тереңірек біледі. Сурет бойынша достық туралы әңгімелейді. Сурет бойынша достық, татулық туралы сұрақтарға жауап бере алады. Өзінің ұсынымдарын сурет, сызба түрінде безендіреді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңбер** Бір – бірімізге достық лебімізді білдірейік.	құрастыра білу дағдыларын. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың ойын арқылы байланыстырып сөйлеуге, әңгіме құрастыруға,заттың түр — түсін және де басқа ерекшеліктерін айта білуге үйрету. **Қауіпсіздігі:** "г" "к" дыбыстарына сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарғажауап береді, әр кейіпкерлердің өз шелегін өз орынына қояды; ертегі мазмұнын түсінеді. **Апта дәйексөзі**:**«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтиже**: "г" "к" дыбыстарына сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарғажауап береді, әр кейіпкерлердің өз шелегін өз орынына қояды; ертегі мазмұнын түсінеді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалар, сендер айтқан жауаптардың басындағы дыбыстар, бүгінгі жаңадан танысатын дыбыстарың. Балалар, «күн» сөзі қандай дыбыстан басталады? Бәріміз бірге «күн» деп айтайықшы. «Гүл» сөзі қандай дыбыстан басталады?	**тәрбие:** Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, сипаттама бере білуге одан әрі үйрету. Ойлау,есте сақтау,еске түсіру қабілеттерін қалыптастыру. **Қауіпсіздігі:**Өз достарын тыңдау іскерліктерін тәрбиелеу. Көркем сөйлеу және орындау қабілеттерін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтиже**: Шығарма мағынасын түсінеді, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалай алу, олар жайлы айтуға, сипаттама бере алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Бүгін М. Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесімен танысамыз. **Кішкентай бағбан.** Садықтың әкесі – бағбан. Садық оған үнемі көмектесіп жүреді. Қар кетіп, жер құрғаннан кейін әкесі мен баласы бақта құмырсқаша қыбырлап еңбек етеді. Бір күні Қалел жүгіріп келіп: Кеттік, Садық, ойынға, –

	шаңырақ ажары, Титтей бөбек – мен, бәрінің базары. Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін педагог мәнерлеп оқиды. Басбармағым – атам, үйдің данасы,Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы. Ортан терек – әкем,отау панасы, Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары,Титтей бөбек – мен, бәрінің базары. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дидактикалық ойын:** «Отбасы мүшелерін ата» Ойын шарты: жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады. Суреттегі отбасы мүшелерінің атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі. Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** «Сәлем – сөздің анасы» демекші М. Жаманбалиновтың «Көрші атам» атты өлең жолдарын оқып берейін. Көрші атам Күнде үйдің қасынан, Көрші атамды көремін Оған сәлем беремін. Қолымды ол,Күліп кеп, Иіліп тұрып алады. Міне, нағыз жігіт, – деп, Сүйсініп бір қалады.	біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог табиғат туралы өлең оқиды (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Балалар өлеңнің табиғат туралы екенін айтады. Слайдтармен жұмыс жүргізіледі. Әр слайдта көрсетілген сурет бойынша жұмыс «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы жүреді. **1-слайд.** Бізді қоршаған табиғатта өсімдіктер өседі, жануарлар тіршілік етеді. Бұлар – жанды табиғат. Олар өмірге келеді, өседі, жетіледі , көбейеді, тіршілігін тоқтатады. Жанды табиғатқа жататын да ауамен дем алады. **2-слайд.** Жансыз табиғатта бұл қасиеттер жоқ. (Балалар суреттегі жансыз табиғатқа жататын заттарды атайды, неге «жансыз» деп аталатынын пайымдайды: «Күн, тас, тау, топырақ, құм, су жансыз, өйткені олар тыныс алмайды, қоректенбейді, өспейді, көбеймейді»). Адам қолымен жасаған заттар да жансыз табиғатқа жатады, өйткені оларды жасау үшін адам табиғи заттарды пайдаланады. Балалардың	Достарды біз қолдаймыз, Қиын шақты қорғаймыз. Біздің топта ұл – қыздар Тату – тәтті ойнаймыз. Балалар, достық туралы өлеңімізді есімізге түсірейік. Дос болайық бәріміз, Жарасып тұр сәніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. Әнімен айтып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. – Сен қандай әдемісің? Өйткені... – Сен менің досымсың! Өйткені... **Педагог мақалмен таныстырады.** «Достық, татулық бәрінен де қымбат»Мәтіннің достық, татулық туралы болатынын болжамдайды. «Дос» деп қиналғанда қол ұшын беретін, алыста жүрсе сағынатын, қолындағысымен бөлісетін, үнемі бірге жүріп, қуаныштарын бөлісіп, қиналғанда бір-бірінің жанынан табылатын адамдарды айтамыз. **Балаларға көрсету әрекеті:** Суретте не болып жатыр? – Суретке тақырып ойлап тап. – Суретте ұлдар мен қыздар не істеп жүр? – Олар бір-бірімен қалай ойнап жатыр? – Балалардың қолдарында қандай ойыншықтар бар? – Олардың көңіл күйлері	«Г» мен «К» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынадай: ерін ашылып тілдің ұшы астыңғы тістің түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. Дем жоғары көтеріліп, тілмен таңдайдың арасынан шыққанда «К» дыбысы жасалады. Дауыс шымылдығының дірілінен «Г» дыбысы естіледі. Бұл екі дыбыс та – дауыссыз дыбыстар. Қолайналарыңды алып, «Г», «К» деп айтып көріңдер. Бұл екі дыбыс бір-біріне ұқсас ағайынды дыбыстар. «Г», «К» дыбыстарынан басталатын сөздерді айтыңдаршы? Иә, сендер осы екі дыбыстан басталатын біраз сөз біледі екенсіңдер. **Балаларға көрсету әрекеті:** Балалар, мына сөздерде "г" "к" дыбыстары қай буында кездесіп тұрғанын айтыңдар: Гү-лім, кө-гім. Гү-ріл, жү-гір. Кө-лік, кө-лең-ке. Ке-се, кес-те. **Сергіту сәті:** Сергіту жаттығулары үнтаспадан қойылған әуен ырғағымен жасалады. -Балалар, орыс халқының **«Қорыққанға қос көрінеді»** ертегісін тыңдаңдар. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Қорыққанға қос көрінеді Баяғыда қартайған әже,	деді. Менің жұмысым көп, – деп жауап берді Садық оған. Жұмыс деген немене, тәйірі. Әкең бәрін істейді ғой. Ойнаған қызық емес пе? Садықтың ойнағысы келіп кетсе де, өзін-өзі басып, жұмысын жалғастыра берді. Күз де келді. Бақта жеміс пен жидектің сан алуан түрі өсіп-жетілді. Садықтың өзі де қарық болды, досын да барынша сыйлады. Қалел тойып алып:Бәрін де түк қалдырмай жеп қоямыз, – деді. Қалады, – деп жауап берді Садық. – Әкем: «Кім ойынға елікпей еңбек етсе, жер соны қарық қылады» деген. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмыс:** *Көп қимылдайтын адам* – ерінбей еңбек ететін адам. *Бағбан* – бау-бақшада жемістерді күтіп-баптайтын адам. **Қайталайық:** «Ойынға елікпей, көп ойнай бермей, еңбек ету керек. Жер ол адамның еңбегін өтейді. Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді». ***Есіңе сақта:*** «Еңбекпенен тапқаның, Шекер-балдан татқаның». **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Д/ ойын: «Жеміс терейік». **Ойынның ережесі:** интерактивті тақтадағы

		пайымдауы: «Жиһаз, киім, үй – бәрі жансыз табиғатқа жатады, өйткені үй құрылысына жансыз табиғи заттар – құм, тас, ағаш т.с.с. заттарды пайдаланады. Адам жанды табиғатқа жатады, табиғаттың бір бөлігі». **Балаларға көрсету әрекеті:** Педагог қысқаша қорытынды жасайды: «Табиғат – адамның қатысуынсыз пайда болған және барлық жанды табиғат бөліктері өмір сүре алатын жаратылыс». Үнтаспадан көлдегі толқынның дыбысын тыңдайды, осы кезде есіктен жүгіріп Көлтауысар кіреді (маңдай терін сүртіп): – Ер Төстіктің досы Көлтауысар мен боламын, көлдің суын тауысқан көлдің иесімін. Көл туралы кім біледі? Балалар, көлдің суы қандай табиғатқа жатады? Судың қандай пайдасы бар? (Балалардың жауабы тыңдалады). Педагог Көлтауысар мен балаларға жанды, жансыз заттарды салыстыруды, адам қолымен жасалған заттардан ажыратуды ұсынады. Балалар гүл, жапырақ, бұта, ыдыстағы алма, жүзім, алмұрт жанды табиғатқа жататыны, ал гүл отырғызылған ыдыс, топырақ, тастар, суқұйғыш, күрекше,	қандай? – Сендер достарыңмен қалай ойнайсыңдар? Педагог Фариза Оңғарсынованың «Тату доспыз бәріміз» өлеңін ұсынады. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді. Өлеңнің мазмұны бойынша сұрақтар. – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? Сендерге ұнады ма? – Сендер достарыңның қандай болғанын қалайсыңдар? – Сендер «тату достар» деген сөзді қалай түсінесіңдер? Татулық – достар арасындағы ең керемет қасиет. Тату балалар бір-бірін тыңдайды. Ойыншықтарымен, кітаптарымен т.б. бөліседі.Ренжіспейді, тату-тәтті ойнайды. Өлеңді бірге жаттайық. **Сергіту сәті:** Достар тату-тәттіміз, Болса қолда тәттіміз Біз бөлісіп жатамыз, Бәріміз дәм татамыз. Педагог өлеңді екінші қайтара оқиды.Балалармен қайталап, өлеңді бірге жаттайды. 3-4 балаға өлеңді жатқа айтуды ұсынады. **Әліппе-дәптермен жұмыс:** Досыңа не сыйлайсың?	күлегеш немере, қыт-қыттай беретін Тауық және пештің астын мекендейтін Тышқан болыпты. Олар күнде су тасиды екен. Әжесінің қолында үлкен шелек, немересінің қолында кішірек шелек, Тауықта қиярдың үлкендігіндей, Тышқанда оймақтай шелек бар. Әжесі суды құдықтан, немересі астаудан, Тауық шалшықтан, Тышқан Торайдың тұяғы кірген жерден алады екен. Олар кейін қайтқанда су шолп-шолпетеді екен. Жол бойындағы бақшада самсап алмаағашы өсіп тұратын. Бұтақтарында самсаған алма болатын. Оның астында Қоян отыратын. Бір жолы суға барып қайтып келе жатқанда жел соғып, алмаағашының бұтағынан бір алма түсіп, қоянның басына тиеді. Қоян атқып жөнеліп, су әкеле жатқандардың аяғына оралды. Сушылар үрейлері ұшып, үйлеріне қашады. Әжесі сәкіге құлай кетеді, немересі әжесіне тығылады, Тауық пештің үстіне қонақтайды, Тышқан пеш астындағы інге тығылады. Әжесі: «Ойпырмай! Аюдың мені таптап кете жаздағаны-ай!» – деп сарнайды. Немересі: «Әже, бір құбыжықтай қасқыр маған тап берді!» – деп жылайды. Тауық: «Қыт-қыт-қыт! Түлкі мені аңдып жүр екен, жеп қоя жаздады!» – дейді.	немесе муляж жемістер мен көгөністерден мәтінде барын және қайда өсетінін ажыратып айтады. **Ойынның шарты:** балалар жемістерді атап береді. Мысалы, алма, алмұрт, өрік, жүзім, банан т.б.

		алжапқыш, сөрелер жансыз табиғатқа жататынын анықтайды. Педагог балаларға жансыз табиғат заттарының ішінен адам қолымен жасалған заттарды бөліп алуды өтінеді, оның ішінде қай зат жанды, қай зат жансыз табиғатқа жататынын бірден айтуларын сұрайды. Мысалы: гүл отырғызылған ыдыс адам қолымен жасалған, оның ішіндегі топырақ – табиғат жаратқан жансыз табиғат бөлігі, ал гүл – жанды табиғат бөлігі. Осылайша балалар пайымдауларымен табиғат бұрышына орналасқан заттарды ажыратып, салыстырады. Педагог балаларға екі жансыз зат орналасқан бір затты табуды ұсынады, ол – суқұйғыш, ішіндегі су – жансыз табиғат, суқұйғыш – адам қолымен жасалған жансыз табиғат бөлігі. – Балалар, жансыз табиғат екіге бөлінеді екен. – Иә, адам қолымен жасалған және табиғат өзі жаратқан болып бөлінеді. **Балалармен бірге орындау әрекеті: 3-слайд.** «Не артық?», «Күн шуағы нелерді оятты?» ойындары. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). **4-слайд.** Күннің шығып келе жатқан шапағы және ормандағы құс, аңдардың суреті көрсетіледі.	Суретін салу. Балалар педагогпен бірге **«Достық ережесін»** құрастырады. Жолдастарыңа көмектес. Егер қолыңнан бір нәрсе келсе, оларға да үйрет.Жолдастарыңмен ойын кезінде өзіңе ұнайтын заттарыңмен бөліс.Егер жолдасың жаман қылық жасаса, тоқтатып, дұрыс еместігін түсіндір.Жанжал дасудан, сөз таластырудан аулақ бол. Тату ойна, мақтанып кетпе.Жолдасыңның жетістігіне қуан. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Ойын: «Менің досым»** «Сенің досың қандай?» Мен бір балаға гүл беремін, «Сенің досың қандай?» деп сұраймын, ол гүлді алып, толық сөйлеммен өз досының қандай екенін айтып, келесі балаға гүлді ұсынады. Мысалы: Менің досым батыр, өйткені...Менің досым әдемі, өйткені...Менің досым адал, өйткені.	Тышқан: «Әлгі мұрты едірейген дәу Мысықтың үрейімді ұшырғаны, жаным шығып кетежаздады!» – дейді. Ал бұл кезде зытып орманға келген Қоян: «Басыма мұндай қауіп төнбес! Төрт бірдей аңшы соңыма түсті, бәрінің де Иті бар, зорға қашып құтылып кеттім-ау!» – деп ентігіпотырды. «Қорыққанға қос көрінеді» деген осы. Ертегі сендерге ұнады ма? Сөздік жұмысы: немере – внук, әже – бабушка, тауық – петух – шелек – ведро. Оймақтай – кішкентай мағынада екенін айтып өтеді. Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші? Олар күнде не тасиды? Суды немен тасиды? Суды олар қайдан тасиды? Сушылар қайтарда қай жолмен жүреді? Бақта ағаш түбінде не отырады? Бірде қоянның төбесіне не түсті?Қоян қорқып не істейді?Қорыққан сушылар не істеді? Сушыларға қоян қалай елестеді?Ал қоянға ше? Міне, балалар, "қорыққанға қос көрінеді " деген осы екен. Балалар осы ертегінің авторы сендер болсаңдар, ертегіге қандай тақырып қойған боларедіңдер, ойланып көріңдерші?	

		Балаларға Күннің жер бетіне тіршілік сыйлайтыны туралы бейнебаян көрсетіледі. Егер Күн Жерді өз сәулелерімен нұрландырмаса, жылытпаса, онда біздің ғаламшар өлі мұзды шөлге айналар еді, онда мәңгілік түн орнар еді, өсімдіктер, тіршілік иелері болмайтын еді. Өйткені өсімдіктер өмір сүру үшін күн сәулесі мен жылуды қажет етеді. Өсімдіктерді өз кезегінде, адамдар мен жануарлар қорек етеді. Демек, Жерде Күннің арқасында өсімдіктер, жануарлар, адамдар бар екен! Ал жарық пен жылудың негізгі көзі – Күн. Бұл жұлдыз болмаса, Жер бетіндегі тіршілік болмас еді. – Балалар, Күн қандай табиғатқа жатады? – Жансыз табиғатқа. – Ал Күн сәулесі біздің Жерге түспесе, онда тіршілік бола ма? – Жер қараңғы болады, аяз болып, бәрі қатып қалады. «Тау мен теңіз – тіршілік мекені» ойыны. Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Үлестірмелі материалдармен жұмыс 1. Көлтауысарды жанды және жансыз табиғаттың бөліктерімен таныстыр. Жанды табиғатқа жататындарды жасыл,		**Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда».** Ойын шарты: Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.Мысалы: «Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына; «Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына; «Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды.	

		жансыз табиғатқа жататындарды көк түспен боя (дөңгелекті). 2. Бос торкөзге нені орналастырар едің? Сызықпен қос. Дәлелдеп айт. 3. Күн шуағы нелерді оятты? Жанды және жансыз табиғат заттарын ата. Суретте қандай жыл мезгілі бейнеленген? Күн қандай табиғатқа жатады? Әңгімелеп айт. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.			
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. **10:00-10:10** **Ас қабылдау мақсаты:** Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.	**Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.			
	«Адал азамат» біртұтас тәрбие				
	- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды. **- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.** **- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.** **- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.**				
	«Тамақ ішу әдебі» **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Дәнді шашпа, нанды баспа	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ...ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Ас адамның арқауы.	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»

2 үзіліс – 10:00 – 10:10

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу

Аз қимылды ойын.

Ұлттық ойын: «Асық ату»,«Ханталапай»

Басты міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.



Аз қимылды ойын. Ұлттық ойын: «Асық ату»,«Ханталапай»

Ойын міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.

Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.

Әдістемелік нұсқау: «Талапай - ау, талапай, табылды ойын алақай»- деп қоржындағы асықтарды балалар алдына тастаймын. Балалар жарыса асықтарды «ханталапай» деп дауыстап асықтарды таласып, бөліп алады. Жинаған асықтарын санап, әр бала 5 асықтан тігіп ойынға қатысады. Хан асығы қолына түскен бала алғашқы болып ойынды бастайды. Асықтарды атады да, тигізген асықтарын ұтып алады. Тигізе алмай қалған жағдайда, мұғалім қойған тапсырмаға жауап береді. Егер ойыншы бала жауап бере алмаса, қатысушы басқа балалар жауап береді. Осылайша ойын жалғасады. Ойын соңында сұрақтарға дұрыс жауап беріп, асықты көп жинаған бала жеңімпаз атанады.

Ойын шарты: Ал, «Ханталапай» ойыны бүкіл қазақ жеріне кең тараған. Ойынға екеуден он адамға дейін қатысады. Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың ішінде біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік, не тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ырғытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. «Ханды» жатысы «хандікіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуге тура келеді.

Ойынның педагогикалық маңызы. Ойын бастаушы баланың қолы басқа асықтарға тиіп кетсе, сондай-ақ атқан асығы басқа асыққа барып тисе, ойынды келесі бала жүргізеді. Ал, «хан» алшы түссе, балалар жарыса «ханталапай» деп дауыстап, «ханды» өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып есептеледі. Онда ойынды сол бала қайта бастайды.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.10 – 10.35

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Мектеп қызметкерлері **ҰІӘ міндеттері:** - мектептегі қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге	**3.Жапсыру-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Көшедегі үйлер.Біздің үй. **ҰІӘ міндеттері:** - архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен	**3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жіңішке дауысты дыбыстар. **ҰІӘ міндеттері:** - дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру;	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Алтын күз. **ҰІӘ міндеттері:** - күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және	**3.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Жабайы жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістер. **ҰІӘ міндеттері:** - жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы

	үйрету; -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру,қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Дағды**: Біздің мектеп.(Біздің аула) шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** мектеп қызметкерлерімен қазақша амандасу, құрметтеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** мектеп қызметкерлер иелерінің қызметі және олардың еңбегімен,әр түрлі мамандық түрлеріне қызығушылығын тудыру,еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету; - мектепке деген мақтаныш, құрмет сезімдерін дамыту - айналасындағы адамдарды жақсы көруге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтиже**: сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтады. адамгершілікті, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді түсінеді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету,	жапсыру қабілеттерін дамыту; -балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру. **Дағды**: геометриялық пішіндерді қиып жапсыруға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** екі топқа бөлініп жұмыс істеуді, архитектуралық бөлшектер туралы, шығармашылық қабілеттерін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Үйлердің түрлерімен таныстыру.Балаларға әр адамның тұратын үйі болатындығын түсіндіру. Балалардың эстетикалық сезімдерін, қиялын дамыту, түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру, түстердің үйлесімділігін бере білуге жаттықтыру. Балаларды белсенді әңгімелеуге ынталандыру. **Қауіпсіздігі:** Ұқыптылыққа , бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Коррекциялық:** балалардың ұсақ қол моторикасын, ой-өрісін, логикалық ойлауын, сөздік қорын, тілін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтиже**:	-жаңа сөздердің мағыналарын ашу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; -жазу барысында эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу. **Дағды:** Жіңішке дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру қабілеттеріне қарай дағдыға айналдыру. **Ұлттық құндылықтар:** Сөзді байланыстырып сөйлеуін дамыту. Саусақ моторикасын жетілдіру **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды бауырмалдыққа, бір - бірін қолдауға, достарының сөздерін тыңдай білуге, топпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу **Қауіпсіздігі:** Дауысты, дауысыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Сөздерді талдай білуге жаттықтыру. Сөздердегі дыбыстарды орнына қоюын бекіту. Сөздегі басында және соңында тұрған дыбыстарды анықтауды үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтиже**: жіңішке дауысты дыбыстар бар сөздерді атайды; жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу	қолдануды үйрету; -жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. -қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Дағды**: сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** күз мезгілінің ерекшелігін еске сақтау.Табиғатты аялау. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың күз туралы түсініктерін кеңейтіп, күз мезгілінің ерекшелігін, қоршаған ортадағы табиғат өзгерістері, күзгі адамдар еңбегі туралы ойларын, грамматикалық формада және байланыстырып сөйлеуге төселдіру. **Қауіпсіздігі:** Іскерлік дағдыларына баулу арқылы шығармашылықты дамыту. Табиғатты аялауға, әсемдікке көре білу, сезінуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтиже**: мезгілі, күз айларын, шағын мәтінді, жаңылтпашты қайталайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру,	өзгерістері және тіршілігімен таныстыру; -жануарлардың қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беру. Жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру; -жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. **Дағды**: Жабайы аңдарды бір-бірінен ажырата білуге және олардың аттарын дұрыс айтуға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Балалардың аңдарға деген суйіспеншілік сезімдерін арттырып , оларға қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Қыс мезгілінің құбылыстары мен қысқы табиғаттың ерекшеліктері туралы білімдерін нығайту, балаларды жабайы аңдардың қысқы өмірімен таныстыру, өмір сүру жолдары туралы мағлұмат беру. (Олардың сыртқы бейнесін, қайда мекендейтінін, немен қоректенетінін айту) Сурет бойынша толық сөйлем құрастыру, сұраққа жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. **Қауіпсіздігі:** Жануарларға қамқорлық жасау керектігін ұғындыру. **Апта дәйексөзі**: **«Үйренген – үлгереді, ерінген – кейін қалады»** **Күтілетін нәтиже**:

	балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Дәлелдеп талаптану.** Ән салғызып,билетіп, Ылғи бізбен жүреді, Тақпақты да үйретіп, Ойнатады күледі, Әліппе оқуға, Үйреткен әр күні, Үйретіп санауды, Есепке төселткен, Бұл кім? *Балаларға қолдарына айнаны алып, дыбыстық жаттығулар жасауды ұсынадыжәне сөздері қайталап, естеріне сақтауды ескертеді.* Мынау – тәрбиеші, і-і-і-ші – тәр-бие-ші. Мынау кім? Мынау – тәрбиеші. Тәрбиеші кітап оқиды. Тәрбиеші не істейді? Тәрбиеші кітап оқиды. Балабақшада меңгеруші бар. Мынау – меңгеруші, ң-ң-ң-ең- мең-ге-ру-ші Мынау кім? Мынау – меңгеруші. Балабақшада дәрігер бар. Мынау – дәрігер. Мынау кім? Мынау – дәрігер. Дәрігер емдейді. Дәрігер не істейді? Дәрігер емдейді. Мынау – мейірбике. І-і-і-ір – ме-йір-би-ке. Мынау кім? Мынау – мейірбике. Мейірбике емдейді. Мейірбеке не істейді? Мейірбике емдейді.	көп қабатты және бір қабатты үйлерді біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог балалармен өздері тұратын ауыл, қала, көше және өз балабақшалары орналасқан көше туралы қысқаша сұрақ-жауапқа құрылған кіріспе әңгіме өткізеді. – Біз қай Республикада тұрамыз? – Біздің ауылымыз (қаламыз) қалай аталады? – Өздерің тұратын көшені атаңдар? – Ал біздің балабақшамыз орналасқан көше қалай аталады? №1 слайдтан көше және көп қабатты, бір қабатты үйлер көрсетіледі. Көше (аты, орналасуы, нелер бар екені т.б.) туралы сұрақтар қою. **Көптілділік компонент:** үй – дом–house, көше – улица – street. Психологиялық релаксация: педагог пен психолог «Біздің үй тақырыбына музыка әуенімен психологиялық жаттығу жасатады. Әдемі, үлкен үйдің макетін көрсете отырып педагог: – Үй адамға не үшін керек? – сауалымен әңгіме жүргізеді.	жолдарын. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Сендер білесіңдер ме?** Туғаннан соң адам боп, Білімсізден жаман жоқ. Ел дәстүрін білмесең, Жұрт айтады «Надан» деп. Өлең жолдарынан нені түсіндіңдер? – Балалар, біз білімді, дәстүрді білетін, халқына қызмет ете алатын азаматтар немесе азаматшалар болуымыз керек. **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** 1) Дыбыс деген не? 2) Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар деп атаймыз? **Артикуляциялық жаттығу жасау.** **(**Үйренгендері бойынша**)** ***«Құпия сөз» дидактикалық жаттығуы*** – Балалар, сендер мені мұқият тыңдауларың қажет. Мен сөздің өзін айтпаймын, бірақ сол туралы айтамын. Кім құпия сөзді тапса, сол бала 1 ұпай алады. – Ол қаладан алыста да, жақын да, да орналаса береді. Ол жердің ауасы таза, табиғаты әдемі. Онда төрт түлік малдың бәрі бар. Ол жерде адамдар қалаға қарағанда аз тұрады.	балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Педагог шағын мәтін құрайды. *Қазір жылдың күз мезгілі. Күзде жапырақтар сарғаяды, түседі. Сондықтан алтын күз деп айтады. Күзде салқын болады. Жаңбыр жауады. Күздекұстар ұшып кетеді. Күз айлары: қыргүйек, қазан, қараша.* Қима материалдармен жұмыс.Мынау – жапырақ. Мынау не? Мынау – жапырақ. Жапырақ сары. Жапырақ қандай? Жапырақ сары. Алтын күз. Қандай күз? Алтын күз. Балалар сөздерді, мәтінді қайталайды **Балаларға көрсету әрекеті:** Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ү- ү-үз-үз – келді күз. Ү-ү-ү-үй - қыр-кү -йек – қыркүйек Қ-қ-қ-қа- қа-зан – қазан Қ-қ-қ-қа- қа-ра-ша – қараша **«Төрт мезгіл»** ертегісінің бейнесін көрсету арқылы ертегіні түсіндіре, жыл мезгілдері туралы түсініктер беру. **«Төрт мезгіл»ертегісі.** Қимыл әрекетті мұқият бақылап ертегіні тыңдайды.	жабайы жануарлардың қоректенетін азықтарын ажырата білуді; жабайы жануарлардың орманда өмір сүретінін; үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратуды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Күздің басталуымен жапырақтардың сарғаятынын, күннің суытатынын, құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, суық жаңбыр жауып, күн қысқаратынын да айтады. Педагог балаларға орманға саяхат жасауды ұсынады, интербелсенді тақтадан «Кәне, кімнің бойы ұзын, паровозы пойыздың» әні шырқалады. 1-аялдама: «Жұмбақтар аялдамасы». Ер Төстіктің жұмбақтарын шешеді. Бұтақтан бұтаққа шапқылап Мамық жүнді тоны бар, Ұлпа құйрық тұр қарап. Ауыстырғанға ол құмар. Кішкентай орман тұрғыны, Қыста кисе ақ тонын, Қызғылт сары, төсі ақ. (Тиін) Жазда сұры табылар. (Қоян) Тал шыбықтай бұралып, Ат қойсақ оған «Қорбаңбай» Кербез, сұлу қу бикеш. Ұнай ма саған, балақай?

	Мынау – жаттықтырушы. Қ- қ -қ -ық – жат-тық-ты-ру-шы. Мынау кім? Мынау – жаттықтырушы. Жаттықтырушы балалардың денесін шынықтырады. Жаттықтырушы не істейді? Жаттықтырушы балалардың денесін шынықтырады. Мынау – музыка жетекшісі. Мынау кім? Мынау – музыка жетекшісі. Музыка жетекшісі балаларды ән айтуға, билеуге үйретеді. Музыка жетекшісі не істейді? Музыка жетекшісі балаларды ән айтуға, билеуге үйретеді. Мынау – аспаз. Мынау кім? Мынау – аспаз. Аспаз дәмді ас пісіреді. Аспаз не істейді? Аспаз дәмді ас пісіреді. Балалар сөйлемдерді қайталайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Тақпақ оқу.** *Педагог тақпақ оқиды. Өздеріңе таныс сөздерді айтыңдар.* Мен мектепке барамын, Ойнаймын, ән саламын. Тәрбиеші апайлар, Досы барлық баланың. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». Балаларға балабақша қызметкерлеріниңсуретін көрсету. Бұл кім?	Дұрыс айтасыңдар. Әр адамның үйі, баспанасы болуы керек. Үйді құрылысшылар салады. Үй салу өте үлкен еңбекпен келеді. Бейнетаспадан сәулетті ғимараттарды, үйлерді көрсетіп және олардың құрылысы туралы әңгімелеп түсінік беру. **Балаларға көрсету әрекеті:** –Педагог: –Балалар, үйлерді кімдер салады? Көше бейнесі бейнеленген екі ақ қағазды көрсетіп, көшелерге ат қойдырады. Балаларды екі топқа бөліп отырғызады. – Қазір біз құрылысшы болып әдемі үйлер тұрғызамыз. Келісесіңдер ме? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** I топ көп қабатты үйлер бойынша, ал II топ бір қабатты үйлер бойынша жұмыс жасаулары тиіс. 1. Үлкен тіктөртбұрышты қиямыз (үйдің қабырғасы). 2. Үшбұрышты қиямыз (үйдің шатыры). 3. Шаршыларды қиямыз (үйдің терезесі). Педагог жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөледі. Үйлердің қиып алған бөліктерін үлестірмелі материалдың 2-бетіндегі үлгіге жапсырамыз. Жұмыс толық аяқталғанда	– Ауыл. – Иә, балалар, бұл – *ауыл.* Енді келесі құпия сөзді табуға тырысыңдар. – Олар өте тату, бір-бірін жақсы көреді, сыйлайды, көмектеседі. Олар көбіне бірге тамақтанады. Кешкілік бәрі жиналады, әңгімелеседі. Балалардың жауабы тыңдалады. – Дұрыс айтасыңдар балалар, мен ***отбасы*** туралы айттым. – Оны құрайдан, шөптен, ағаштан, балшықтан да жасайды, оны ағашқа, тасқа, қабырғаға орналастырады. Қараторғайға оны адамдар жасап береді. Ол жерге жұмыртқа салады, балапандарын өсіреді. – Құпия сөз – ***ұя***. – Ол темір, әйнек, қыш пластмасса, шойыннан да жасалады. Адамдар оны күнде пайдаланады. Әсіресе ас үйде. Онымен тамақ пісіреді, су ішеді, тамақ ішеді. – Ыдыстар. – Ол ағаштан жасалады. Өзі ұзын, жіңішке, көп, бір басы доғалдау, екінші басы тесіліп, оған жіп тағылған. Онымен ертеректе көп пайдаланған. Қазір сирек кездеседі. Оны киіз үй құрғанда пайдаланады. Ол – киіз үйдің қажетті заты. Онымен киіз үйдің шаңырағы көтеріліп тұрады.	Ерте, ерте, ертеде атақты Жыл ақсақалдың Қыс, Күз дейтін екі ұлы, Көктем, Жаз дейтін екі қызы болыпты. Ұлдары мен қыздары есейгеннен кейін, Жыл ақсақал оларды шақырыпты. - Ұлдарым мен қыздарым! Ақылдарың толысты, буындарың бекіді. Енді мен сендерге үлкен сенім артып, зор міндет жүктегелі отырмын. Қалай көресіңдер?- деп, ол ұлдары мен қыздарына сынай қарапты. - Мен дайынмын!- дейді қызу қанды Қыс қабағымен сүзе қарап. - Мен де,- депті көктем сұлу қасын керіп. - Мен де,- депті көңілшек Күз аузын бұртитып. - Мен де,- депті жадыраған Жаз. Жыл ақсақал оларға риза болады. - Ендеше, мен сендерге он екі Айды үш - үштен теңдей бөліп, енші бергім келіп отыр,- деп, Жыл ақсақал денесін тіктеп алады да,- мына ақ қағазға ай аттары жазылған. Әрқайсысың үш - үштен алатын болыңдар,- деп ораулы он екі қағазды шашып тастайды... Ұлдары мен қыздары шашылған қағаздарды таласып - тармасып алып жатады. - Сонымен сендер кезекпен	Алдыңнан шықса қуланып, Қойнында оның таңқурай, Аңтарылып қалма еш. (Түлкі) Жинайды жидек жай тұрмай. (Аю) Балалар жұмбақтарды шешіп, үстелде тұрған орман макетіне тиін, қоян, аю, түлкіні орналастырады. **Балаларға көрсету әрекеті:** 2-аялдама: Жануарлар мен аңдардың қысқа дайындығы туралы әңгімелейді. Бейнебаян: «Қаһарлы қысты қарсы алу үшін орман жануарлары күздің басында дайындық жұмыстарын бастайды. Өздері ін қазады, азық қорларын дайындайды. Тиіндер мен қояндар түлейді. Олар жазғы тондарын қысқы тондарға ауыстырады. Аю жаз бойы орманды аралап, піскен жидектерді, жаңғақтарды жейді, қысқа дайындалып, семіреді. Алғашқы қар жауғанда, апанына кіріп алып, ұйқыға кетеді. Қасқыр мен түлкі қыста ұйықтамайды, күзде қор дайындамайды, аң аулайды. Күздің аяғында орманда тыныштық орнайды. Неліктен? Құстардың дауыстары естілмейді, олар жылы жаққа ұшып кеткен. Отырықшы құстар ғана қалған. «Пошташы ашықхат әкелді» ойыны 3-аялдама: «Күз және қыстағы тиіннің тіршілігі»

	Бұл – тәрбиеші. Аты кім? Любовь Петровна. Дұрыс, сендердің тәрбиешілерің – Тим Любовь Петровна. Осылайша балабақшада жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздыңаты-жөндері айтады **Сергіту сәті:** Бір-бірімен сыйласты, Тату жүрміз бәріміз. Бал достықтың ұясы , Біздің балабақшамыз.	«Ұшқыштар» және «Батырлар» көшесі бойына өз үйлерін жапсыру тапсырылады. Балалардың назарын 4-беттегі сюжетті суретке аудару. Педагог кейбір бір қабатты үйлерде қыста от жағатын пеш болатынын, ал ол пештің түтіні мұржадан шығатынын айтып түсіндіреді. – Мына үй қандай геометриялық пішіндерден құралған? – Бүгін біз осындай үйді геометриялық пішіндерден құрастырып жапсырамыз. Педагог жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөледі. Қауіпсіздік ережелерін және тазалық шараларын ескертеді. 1. Үйдің геометриялық пішіндерден тұратын бөліктерін жеке-жеке қиып аламыз.	– Ол – ***уық.*** – Балалар, осы ***ауыл, отбасы, ұя, ыдыс, уық*** сөздері дауысты дыбыстан басталып тұр. Тақтаға суреттерін іліп көрсету. – Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екіге бөлінеді. Айнаны қолымызға алып *а, о, ы, ұ, у.* дауысты дыбыстарды айтып көрейік бұл дыбыстарды айтқанда тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен. **Балаларға көрсету әрекеті:** Дауысты дыбыстарды есімізге сақтау үшін, тағы да бір қайталайық. Ерніміз әртүрлі пішінде болғанымен тіліміз дөңестеніп кейін жиырылады. Айнаға қарап *алма, асық, арба, ожау, оқулық, орамал, алмұрт, ыза, ұлу, ұста, ұжым, ұстаз* сөздерін айтайық, бұл сөздер дауысты дыбыстардан басталып тұр. Дыбысты айтқанда тілімізді қай жерде соған мән береміз. Дауысты дыбыстарды еске сақтаймыз. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1.Суретке қара. Дауысты дыбыстан басталатын сөздерді ата. 2. Суреттегілердің атындағы дауысты дыбыстарды ата. Педагог балалармен бірге	Үш ай жұмыс істейтін боласыңдар. Ал жолдарың болсын! Бірақ бір ескертерім сол, әрқашан халық үшін, адамдар үшін қызмет ететіндеріңді ұмытпаңдар,- дейді де Жыл ақсақал кетуге ыңғайланады. Содан бері жылдың төрт мезгілі - қыс, көктем, жаз, күз адамдарға қалтқысыз қызмет етумен келеді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Жаңылтпашпен танысу. Күз, кез, күз, Күш, кеш, көш, Күл, кел, көл, Кілең қысқа сөз, Кім оқиды тез? Балалар жаныltпашты қайталайды: жай, жылдам. **Сергіту сәті.** Массаж: Балалар бір-бірінің артына сөздерді қайталап, сурет салады. Күн шықты, Сәулесін шашты,Бұлт жапты, Жаңбыр жауды, Кемпірқосақ шықты.	бейнебаян көрсетіледі. Бұл жазда тиіннің түсі қызғылт сары болады, ал қысқа қарай сұрланып, ақ түске айналады. Тиін жыртқыштарға көрінбеу үшін түсін өзгертеді. Қыста тиін емен қуысына салған ұясын жылытып, ол ұя оны қатты суықта және қолайсыз ауа райында қорғайды, жылы тонына қарамастан, тиін ұясынан мүлдем шықпайды. Суық мезгілде ол күніне 20–22 сағат ұйықтайды. «Тиінді қысқа дайында» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). **Балаларға көрсету әрекеті:** 4-аялдама: «Күз бен қыстағы аю тіршілігі» бейнебаяны Күзге қарай аю түлеуді аяқтайды, оның жүні қалың, тығыз болады. Қысқы жүні оны ең қатты аяздан қорғайды. Күз мезгілінде аю көп май жинайды, өйткені ол қыс бойы ұйқыда болады. Аю ауа райы суыта басталысымен орманда апанға қолайлы орын тауып, мүк пен ағаштардан түскен жапырақтарды жинайды. Алғашқы қар бүршіктері түскенде, аю апанында жатады. Сыртта уілдеп боран соғып тұр, ал апанда жылы, тыныш, аю табанын сорып, тәтті ұйқыға кетеді. Аюлар жыртқыш болғанымен, олар

			тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. **Сергіту сәті** Күн ұйықтайды. Күн оянады. Бұлт шатырлады. Жел соқты. Күн ашылды Жаңбыр жауды. Жел басылды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** (*графикалық жұмыс)* 4. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды. 5. Үзік сызықтарды бастыр. **3. Саусақ жаттығуы:** **Тыңда, орында.** «Бәрінен де мен күшті», – Екі қолдың күштерін, Деп айтады оң қол. Кәне, сынап көрейік. «Неге сен? Ал мен ше!» – Оңға, солға тартайық, Деп келіспейді сол қол. Достастырып қайтайық. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер		жеміс-жидектерді жақсы көреді. «Аюды оятайық» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Музыка ойналып, саяхат жалғасады. 5-аялдама: «Қыс пен күздегі қоян тіршілігі». Қояндар шағын топтармен тіршілік етеді. Олар күні бойы бұта түбінде тығылып жатып, түнде тамақ іздеп шығады. Жазда да, қыста да қоян азық жинамайды, қыста ағаштар мен бұталардың қабығымен қоректенеді. Қоян қыста аппақ түске айналады. Қарда ақ қоян байқалмайды. Қоян қасқыр, түлкі, бүркіт, үкі, әсіресе сілеусіннен қорқады. Қоянға жоғары қарай жүгіру ыңғайлырақ. Өйткені оның алдыңғы аяқтары қысқа, артқы аяқтары ұзын, жоғары қарай жақсы жүгіреді, төмен қарай домалап кетеді. **Сергіту сәті** Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Ер Төстіктің пайымдауы: Түлкі – тонының түсін өзгертпейді, қысқа ін дайындамайды, азық қорын жасамайды. 1. Суретте жануарлардың бөліктері белгіленген. Қай жануар екенін анықтап, суреттерді сызықпен қос. Ер Төстікке осы жануарлардың күзгі, қысқы тіршілігі туралы айт.

			тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.		2. Жануарлар қыста қайда паналайды? Сызықпен қос. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.

Құндылықты қалыптастыру

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

3 үзіліс – 10:35 – 10:45

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен танысыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру

Қимыл қозғалмалы ойын: «Аңшылар мен қояндар»

Басты міндеттері: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық,ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.

II БӨЛІМ Сөзді, әуенді және қимылды біріктіру
Ритмика, логоритмика, дауыс арналған артикуляциялық жаттығулар.

	Күрекше Жалпақ тілді төменгі ерінге қойып, шығарып ұстап тұру – 1 – 10 дейін ұстап тұрып санау.	
	Ине Тілінің ұшын алға шығарып – 1 – 10 дейін ұстап тұрып санау, «ине» тәрізді.	
	Жылан Ерін «Жымию», жалпақ тілді көтеріп, алға-артқа қозғап, «жылан» тілі тәрізді	





Қимыл қозғалмалы ойын: «Аңшылар мен қояндар»

Ойын міндеттері: Төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.

Дағды: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар болу,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.

Ойын шарты:Барлық ойыншылар «аңшылар» мен «үйректер» болып тең бөлінеді. Алаңда өзен белгіленеді. «Аңшылар» сызықтың сыртында, ал «үйректер» оның ішінде орналасады.

«Аңшылар» допты лақтырып, онымен «үйректерді» атып түсіруге тырысады. «Оқ тиген» үйректер ойыннан шығып отырады. Барлық үйректер атылғаннан кейін топтар рөлдерін ауыстырады. Барлық үйректерді атуға азырақ уақыт кетірген топ жеңімпаз атанады.

Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады,ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады.

Сипаттама:

Балалардың жабайы аңдар туралы білімдерін толықтыру. Табиғат туралы көзқарастарын қалыптастыру, қоршаған ортаға қызушылық туғызу.

Балалардың аңдар туралы білімдерін пысықтау (түр-түсі, қоршаған ортаға бейімділігі) т.б.

Жасырын жұмбақ:

Қыста ақ,

	Әткен шек Ерін «Жымию», жалпақ тілді төменгі-жоғары тістерге тигізіп, «әйткеншек» тәрізді қозғалту.			Жазда сұр. Бұл қай аң? Балалардың жауабы: Қоян. - Өте дұрыс. Қоян маусымға байланысты өз түсін өзгертіп отырады. (тәрбиеші үшін мәтін). Қоян шөл-шөлейтте, орманды далада мекендейді. Өсімдіктермен қоректенеді. Қояннның құлағы ұзын, құйрығы үлпілдеген қысқа. Артқы аяқтары алдыңғы аяқтарына қарағанда ұзын. Сондықтанда биіктеу жерлерге тез көтеріледі, ал биіктен түсерде қоян қиналады, кейде домалап та кетеді. Кей ертегілерде қоянды «қыли» деп атайды. Неліктен? Қояннның көзі басының ортасында емес, екі жағында орналасқан. Ол артынан, не жанынан кездесіп қалған аңды тез байқап қалады. Тісі өткір. Қояндар өзіне үйшік дайындамайды, қысқа азық жинамайды. Бұта түбінде, орман жиегінде тіршілік етеді. Түнге қарай азық іздеуге шығады. Көктем, жаз айларында жасыл шөп, өсімдік тамырларымен қоректенеді. Ал қыста қалың қар астында тығылады. Жаздағы сұр қоян күзде өз терісін ақ түске өзгертеді. Кейде ақ қоянды аңшыларға байқамай қалады. Қыс мезгілінде орманда азық өте аз болғандықтан қояндар кейде бақша дақылдары егілген жерлердегі қырыққабат, сәбіз қалдықтарын жейді. Қыркүйек айында адамдар егісте күздік егістерді (бидай, қара бидай) себеді. Күз мезгілінің аяғында күздік егіс көктеп, қар астында басылып қалады. Кейде қояндар осындай егіске тап болса, қар астынан шұңқыр қазып күздік егіспен қоректенеді. Қыс мезгілінде қояндар жас теректердің қабығын кеміріп жейді. Орманды мекендейтін кейбір жыртқыш аңдар мен құстар: қасқыр, түлкі, сусар, бүркіт, қаршыға, жапалақ т.б. қоянды аңдиды. Бұл сәттерде қоян өзінің жүйріктігіне байланысты кейде құтылып кетеді.
	Тіс тазалау Ерін «Жымию», тілінің ұшымен тістерді тазалау.			
	Мысықтың арқасы Ерін«Жымию», тілдің ұшын төменгі тістерге тіреп, тілдің ортасын көтеріп ұстап тұру, еркелеп тұрған мысық тәрізді			

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 10.45 – 11.10

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)	**4. Дене тәрбиесі -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Бадминтон, футбол. **ҰІӘ міндеттері:** - спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы	**4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Көңілді ырғақтар. **ҰІӘ міндеттері:** - әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау;	**4. Дене тәрбиесі -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Күзгі орманда. **ҰІӘ міндеттері:** - қозғалыс мәнерлігін,ырғақтылығын дамыту; азаматтық және	**4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Көңілді ырғақтар. **ҰІӘ міндеттері:** - әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау;	**4. Дене тәрбиесі -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Ұлттық ойындар (таза ауада) **ҰІӘ міндеттері:** - ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік

	жүгіре аламын, өйткені аяғым бар», «Мен ұша алмаймын, өйткені қанатым жоқ». **Жалпы дамыту жаттығулар кешені Жалпақтабандылықтың алдын алу (ойын түрінде)** «Жұмбақтар». Әр жаттығуды орындар алдында инструктор балаға жұмбақ жасырады, ол жұмбақтың шешімін аяқ табанымен суреттеу керек. **1.«Ай». Табақ астында жарты күлше.** Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр. Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет дөңгелектіңжартысын көрсету. **2.«Күн».** Ақ сандығым ашылды, Қызарып жалын шашылды. Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр. Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет дөңгелеп, оларданжан-жаққа шыққан сызықтарды көрсету. **3.«Бұлт».** Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ, Ұстаған қолдарында таяғы жоқ. Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы	тигізетін пайдасы туралы түсінікті игереді; үй құстары және олардың пайдасы туралы танымдары кеңейеді. **Қауіпсіздігі:** Үй құстарының әрқайсысының өзіне тән қасиеттері туралы пікірлерін айтқызу арқылы кез-келген тақырып бойынша ойларын еркін жеткізе білуге баулу.Сөздік қорларын молайту.Бір - біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға дағдыларын қалыптастыру. **Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қоршаған әлеммен таныстыру. **Қосымша жабдықтар**: әр балаға арналған бөліктердің сызбалары бар карточка,үй құстары туралы жұмбақ,«жоғарғы көрініс - түзу көрініс - бүйірлік көрініс», иллюстрациялар - әртүрлі үй құстартың суреттері . **Әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Үй құстартың бейнеленген суреттерді көрсету, сол суреттегі құстардың атын атап,олардың адамдарға қандай пайдасы бар екенін айтып құрау немесе сәйкестендіріп жинақтау. **Ықтимал күрделендіру**: Ойдан басқа кейіпкерлер құрастыру. **Ойынның нұсқаулары**:	түрімен айналысатын спортшының аты-жөнін айту, қажетті құрал-жабдықтарды атау. **Ойынның нұсқаулары:** **Ережелер:** 1- нұсқа. Мұғалім ойыншыларға карточкаларды көрсетеді, ал ойыншылар оларда бейнеленген қимылды орындауы керек. 2- нұсқа. Әр ойыншыға карточка беріледі. Содан кейін ойыншылар шеңберге тұрып, кезек-кезек алған тапсырмаларын көрсетеді, ал басқалары қайталайды. **Жалпы дамыту жаттығулар кешені:** **Акробатика элементтері бар жаттығулар.** **№1 жаттығулар кешені** 1.«Алдыға қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – оң жағына қарай қадам аттау, қолдарын екі жаққа созу; 2 – бастапқы қалыпқа келу. Сол аяқпен қимылдарды қайталау (8 рет) 2.«Бұрыш» Б.қ. – артына қолдарымен тіреліп, еденге отыру; 1– аяқтарын 45°бұрыш жасап көтеріп, ұстап тұру (8-ге дейін санағанша); бастапқы қалыпқа келу (5 рет қайталау). 3.«Қолдарын алдына кеуде тұсына ұстау» Б.қ. – негізгі тұрыс,	ынталандыру. **Ойынның нұсқаулары**: Бала аталған санды сурет арқылы, саусақпен санау арқылы көрсетіп, санның неше бірліктен тұратынын айтады және қойылған текшені дұрыс қоя білу. **Бой сергіту сәтінде пайдаланатын математикалық тақпақ:** Дүкеннен мен сабын алдым, Оның және қабын алдым, Екі дәптер, бір қарындаш, Тіс ысқышты тағы да алдым. Есептеші сонда бәрі Қанша болды, қолда бары? (6) **Тіл ұстарту жаттығуы.** Тамшы,тамшы,тамшылар Көгерді ағаш, тал шынар. Тамшылардан өнетін Тамаша гүлдер бар шығар. **Сандарға байланысты мақал - мәтел айту.** Ерке бала-2 жылар. 2 жақсы қас болмас, 2 жаман дос болмас. **Сусақ жаттығуы:** «Тамшылар» жаттығуында алақанды бармақпен ұрады. 1.Күркіреді күн, күн..... Терезелер шың – шың, Жауды жаңбыр топ – топ, Шелек – шелек, көп – көп. 2.Отырайық қисаймай. Қолды, жайып қанатша, Жұдырықты түйелік. Саусақтарды талғанша. Ашып, жұмып көрейік. Белімізді жазайық. Демімізді алайық. **Қосымша жабдықтар**:	жасырылғанын бала іздеп табады.Балалар суреттерді тауып, сұрақтарға жауап береді,әңгіме құрастырады. **Тыныс алу жаттығуы:** Таза ауада тыныс ал. **Саусақ жаттығуы:** Бір, екі – еңкей, Бүгілмесін тізең. Үш-төрт шалқай Иілмесін тізең. Қолды көтер аспанға Саусақты соз, жасқанба. **Сергіту сәті:** *Саябаққа барамыз,* *Жүзім теріп аламыз.* *Жүзім теріп аламыз,* *Себетке біз саламыз.* **Тіл ұстарту жаттығуы:** Доп-доп, Доп, доп, дөңгелек, Көп-көп, Көп, көп, көбелек. Гүл-гүл, Көбелекке гүл керек, Су-су, Ал гүлге жаңбыр мен су керек. **Қосымша жабдықтар**:

	жоқ. Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр. Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше рет бұлттардыңкескінін бейнелеу. **4.«Жаңбыр».** Көтеріліп теңізден, Аспанға биік шығамын. Өрінен мен түскенде, Өңі кірер даланың. Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, табан бір-біріне параллель, қолды артқа қарай тірепотыр. Бір аяқтың басымен еденді ақырын тоқылдату, екінші аяқтың кейін екеуімен бір мезгілдеорында. Өкше еденде қозғалмай тұрады. **5.«Кемпірқосақ».** Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. Б.т. – отырған күйде, аяқты екі жаққа, қолды артқа қарай тіреп отыр. Оң, сол, екі аяқтың табанымен бір мезгілде кезектесіп ауада бірнеше 6рет кемпірқосақты бейнелеу. **Қосымша жабдықтар**: 	«Адамдар үй құстарын неге ұстайды және олардың қандай пайдасы бар?» Неліктен адамдар үй құстары деп атаған?Үй құстартың пайдасын тауып құрастыру. **Құстардың ортақ қасиеті:** қанаты бар ұшады, тұмсығы бар, шоқиды. **Құстардың айырмашылығы:** әртүрлі дауыстайды. **Құстардың пайдасы:** олар ағаштарды зиянды жәндіктерден тазалайды. Мысалы: құрт, құмырысқа. шіркейлерді жейді. **Сипаттау:** -Иә,тауықтар бидайды жақсы көреді.Міне, балалар суреттен көріп тұрғандай,әтештің тауықтан ерекшелігі мынандай.Оның айдары бар,ал қауырсыны түрлі түсті болады.Тауықты сипап көрейік(жұмсақ ойыншық тауықты көрсету).Ол қанатының астына балапандарын алып қорғайды. Аяғында тырнағы бар екен.Онымен жер тырналап, балапандарына жем тауып береді. **Логопедиялық сауықтыру жұмыс:** **«Үй құстары қалай дыбыстайды »** Әтеш — ку-ка-ре-ку. Тауық — қыт-қыт-қыт. Қаз — ғақ- ғақ- ғақ. Үйрек — ғұқ – ғұқ- ғұқ.	қолдары екі жанына төмен түсірілген, аяқтары иық еніндей қойылған. 1 – қолдарын кеудесінде бүгіп ұстау; 2 – оңға бұрылу, қолдарын екі жаққа жазу; 3 – қолдарын кеудесінде ұстау; 4 – б.қ. Сол жағына осы қимылдарды қайталау (8 рет) 4.«Қолдары тізеде» Б.қ. – аяқтары параллель, қолдары дене бойымен төмен түскен. 1 – қолдарын екі жаққа жазу; 2 – оң аяғын бүгу, қолдарын тізесіне қою; 3 – аяғын түсіру, қолдарын қайта екі жаққа жазу. Сол аяғымен сол қимылдарды қайталау (9 рет). 5.«Қарлығаш» Б.қ. – тұру. 1–4 – оң аяғымен тұру, денені алдыға еңкею, оң аяғын түзеп жоғары көтеру (8 рет). 6.«Қорапша» Б.қ. – еденге етпетінен жатып, 1 – 4 – аяқтарын жоғары басына тигенше көтеру – 6 рет «Көпір» Б.қ. — жерде жату, қолдарымен басынан асырып, еденге тірелу. Қол-аяғына тіреліп, денесін жерден көтеру – 5 рет. **Сымбаттылық әліппесі**: «Денеңді тік ұста» - тыныс алу бұлшықеттерінің жұмысын жеңіл сезіну үшін	  	

	     	**Тіл ұстарту жаттығулары:** **Ойын:** ***Актер болып ойнайық.*** Құстар қалай дыбыстайды? Тауық – қыт-қыттайды. Қарлығаш – шиқылдайды. Қарға – қарқылдайды. Әтеш – ку-ка-ри-кук Бұлбұл – сайрайды. Тырна – тыраулайды. Торғай – шиқылдайды. Көгершін – үілдейді. **Сергіту сәті:** Қолымызды жаямыз, қанат қылып. Адымдап жүреміз тауық болып Дән шоқимыз,тереміз. Ұшып — ұшып, Орнымызға қонамыз. **Артық болмас білгенің (Халық болжамдары)** 1.Қаз немесе әтеш бір аяғымен тұрса, аяз болады. 2.Егер торғайлар қосылып шықылдаса, ауа райы жылы болады. 3.Көкек қатты, әрі жиі шақырса күн жылынады. 4.Қарлығаш жоғары ұшса, күн жылы болады, ал төмен ұшса жаңбыр жауады. 5.Көктемде қаздар қайтқанда жоғары ұшса, су тасқыны болады. 6.Қарғалар у-шу болса, жаңбыр жауады. 7.Шымшық ұя салса, қыс қатты болады. Құс жүнін үрпитсе, жаңбыр жауады.	дене қалпын дұрыс ұстай білуі қажет. Орнымыздан тұрамыз, жауырын, иық бұлшықеттерін босаңсытамыз. Енді өз денемізді (иық, кеуде) көтеріп, оны артқа итереміз. Жауырынымыз мықты, тік, ал қолымыз, мойынымыз бен иығымызды жеңіл, бос жібереміз. **Қосымша жабдықтар**:    	 	 

		Жыл құсы қаптап келсе, көктем ерте келеді. **Тыйым сөдер** 1.Құстың ұясын бұзба, Жұмыртқасын жарма! 2.Жұмыртқасы мен балапаны бар ұяны бұзба! 3.Аққуды атпа! **Қосымша жабдықтар**: 			

		  	   		

08:45-09:00 **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 15** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **№ 1 *жиынтық*** **(бір таяқшамен жұптасып орындайды)** 1.«Зілтемірші». Б.қ.: бір қадам қашықтықта бір-біріне арқасымен қарап, таяқшаны төмен ұстап тұрады. 1-2– қолдарын жоғары көтеріп, таяқшаны серігіне басынан асырып береді, демін ішіне тартады; 3-4 – қолдарын төмен түсіреді, демін сыртқа шығарады. 8 рет қайталау. 2.«Ескекшілер». Б.қ.: бір-біріне табанымен тіреліп, қарсы қарап, таяқшадан ұстанып отырады, аяқтарын тік ұстайды; таяқшаны бірі тартып, шалқайса, бірі еңкейіп қозғалады. 8–10 рет қайталау. 3.«Таяқшаны тарту». Б.қ.: бір-біріне қарап қолдарымен арт жаққа тіреліп отырады; таяқшаны ортаға қояды; таяқшаны аяқтарының	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 16** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар** **№ 1 *жиынтық*** 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу;2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет) 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет) 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, доптысол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 17** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар** **№ 2 *жиынтық*** 1.Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, төмен,қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет) 2.Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап тұрып,қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет) 3.Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайтатүзеу. (8–10 рет) 4.Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысыпұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бүгу, қайта созу. (8–10 рет)	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 18** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар** **№ 1 *жиынтық*** **№ 1 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-2– допты басынан асырыпбарып, артқа жіберіп, аяқ басына көтерілу, демін ішіне тарту; 3-4– б.қ. – демін сыртқа шығару. 10 рет қайталау. 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын бүгіп, доп алып тұру. 1-2– доп ұстаған қолын жанына қарай апарып, оңға (солға) бұрылу; 3-4– б.қ.: аяқтарын бүкпей, түзу ұстау. 5рет қайталау. 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-3– оңға (солға) иіліп, допты аяғынан айналдыра дөңгелету; 4- б.қ. 4 рет	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Шынықсаң шымыр боласың** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 19** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар** **№ 2 *жиынтық*** **№ 2 жаттығулар кешені** 1.«Допты жоғарыға». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1 – қолдарын бүгіп, допты кеуде тұсына ұстау; 2 – допты жоғары көтеру; 3 – допты кеуде тұсыны ұстау; 4 – б.қ.қ. (8 рет). 2.«Отырып-тұру». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолын бүгіп, доп алып тұру. 1 –отыру, допты алдына шығару; 2 – тұру, б.қ.қ. (8 рет). 3.«Еңкею». Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолына доп алып кеуде тұсына ұстап тұру. 1оң аяғына қарай иілу; 2-3 – допты оң жағына оң қолымен домалату, екі қолымен алу;

	бармақтарымен әркім өзіне қарай тартуға тырысады. 4–6 рет қайталау. 4.«Таяқшаны бірге көтереміз» Б.қ.: бір-біріне қарап етпеттеп жатады; аздап бүгілген қолдарымен таяқшадан ұстанады; 1-2 – таяқшаны бірге көтереді; 3-4 б.қ. 4–6 рет қайталау. 5.«Тұруға көмектес». Б.қ.: созылған қолдарындай қашықтықта бір-біріне қарап отырады; аяқтарын бүгіп, таяқты ортаға қояды; бір-біріне оң қолын созып, қолдарымен ұстасады. Екеуі бір уақытта тұрып, қайта отырады. Келесі қолымен осы қимылдарды қайталайды. 5 рет қайталау. 6.«Секектеу». Б.қ.: таяқшаны еденге қояды, таяқтың бойымен қолдарын беліне қойып, 4 рет секектеу, тізесін жоғары көтеріп, 4 рет аттайды. 5-6 рет қайталау.	рет) 4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, доптыеденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет) 5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңғақарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет) 6.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырыпорындау.	5.Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан асырып ұстап жату; арқасынан ішіне,ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет) 6.Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет).	қайталау. 4.Б.қ.: арқасымен шалқалап жату, допты басынан жоғары көтеру. Допты бір жағынанекінші жағына өзін айналдыра дөңгелету. 5-6 рет қайталау. 5.Б.қ.: қолын артынан еденге таянып отыру, допты балтырының тұсына қою. 1-2– аяқтарын түзу созу, жоғары көтеріп, допты балтыр тұсымен оңға-солға дөңгелету; 3-4– б.қ. Басын төмен түсірмеу. 4–6 рет қайталау. 6.Б.қ.: етпеттеп жатып, допты түзу аяқтарының ортасына қысу; қолдарының шынтағымен еденге тірену; аяқтарын допты түсірмей бүгу, жазу. 3–5 рет қайталап, үзіліс жасап, 4–6 рет қайталау.	4 –б.қ.қ. (8 рет). 4.«Қайық». Б.қ.– етпетінен жатып, аяқтарын біріктіру, допты қолдарында ұстау. 1-3 – қолдарын жоғары көтеру, допқа қарау; 4 – б.қ.қ. (8 рет) 5.«Отырып иілу». Б.қ.: отыру, аяқтарын аздап ашу, допты арасына қою; 1-2 – аяқтарын бүкпей допты ілгері домалату; 3-4 – допты артқа дөңгелету. 6.«Секірулер». Б.қ.: – аяқтарын аздап ашу, допты еденге қою. Допты айнала екі аяқпен секіріп жүру. 8 рет.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӘ уақыты: 09.00-11.10	09.00-09.25 09.35-10.00 10.10-10.35 10.45-11.10	**Дүйсенбі** **22.09.25**	**Сейсенбі** **23.09.25**	**Сәрсенбі** **24.09.25**	**Бейсенбі** **25.09.25**	**Жұма** **26.09.25**
		Математика негіздері **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Дене тәрбиесі**	**Сауат ашу негіздері** **Қоршаған әлеммен танысу** **Құрастыру** **Музыка**	**Математика негіздері** **Көркем әдебиет** **Сауат ашу негіздері** **Дене тәрбиесі**	**Математика негіздері** **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Музыка**	**Сауат ашу негіздері** **Көркем әдебиет** **Қоршаған әлеммен танысу** **Дене тәрбиесі**
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ		**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:**	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:**	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:**	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.

(ұйымдастырылған іс-әрекет)	4 саны және цифры. **ҰІӘ міндеттері:** -4 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 4-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу дағдыларын жетілдіру; -сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекке және ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Балалардың ой-өрісін, танымдық қабілетін дамыту. Есептеу, жазу дағдыларын жетілдіру. **Ұлттық құндылықтар:** -ойлау, шығармашылық қабілеттерін және тілдерін дамыту; -ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** 4 санының пайда болуы, сын тұрғысынын ойлау арқылы айналаны қоршаған ортадағы 4 санының орнын және цифрдың жазылу дағдысын қалыптастыру. Балаларды достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - білімділікке шақыра отырып танымдық іс – әрекеттің дамуына ықпал ету;	әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дауыссыз дыбыстардың жасалуы. **ҰІӘ міндеттері:** - суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту; -дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру; -жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу. **Дағды:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратады, түсіп қалған дыбыстарды сөз ішінде табады. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелу. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды ұлтжандылыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға жалпы сауаттылықтары мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, лингвистикалық дүниетанымдарын кеңейту, грамматикалық талдау жасау дағдыларын	5 саны және цифры. **ҰІӘ міндеттері:** - 5 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -басталған істі соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу. **Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін,киелі сандар қатарымен түсіндіру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балаларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - 5 саны туралы түсініктерін қалыптастыру. 0 - ден 5 санына дейінгі сандарды ауызша тура және кері санауға үйрету. Суреттер бойынша есептер құрастыра отырып, балалардың логикалық ойлау қабілетін, тіл	Мен 5-ке дейін санаймын. **ҰІӘ міндеттері:** - 1-ден 5-ке дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау; 5 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу тілін, зейінін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу, жол ережелерін сақтауға әдеттендіру. **Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін,киелі сандар қатарымен түсіндіру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қоршаған ортадағы сәйкес пішіндерді беттестіре отырып, салыстыруға үйрету. **Қауіпсіздігі:** Балаларды 5 саны және	**ҰІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік? **ҰІӘ міндеттері:** - берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру; -тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру; -білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **Дағды**: сөз ішінен берілген дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Қазақ ауыз әдебиеті балалардың ой-өрісін дамытуға, қиялын шарықтатуға, тіл байлығын молайтуға, дүниетанымын кеңейтуге, балаларды адамгершілікке, тапқырлыққа, еңбекке баулу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелу. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды ұлтжандылыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру.

	-сабақ барысында достыққа, ұжымшылдаққа, адамгершілікке тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтижелер:** 4 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог вагондармен ойналатын ойындық жағдаяттарды жалғастыруын ұсынады. Бұл тәсіл сандар қатарында келесі санның пайда болуын түсінуге ықпал жасайды. Педагог паровоз және үш вагонды көрсетіп қояды. Оған төртінші вагонды жақындатады. Үлестірмелі материалдың № 16 парағын пайдаланады. – Паровозда қанша вагон бар? (Үш). Оған тағы біреуін жалғайық! Вагондар саны қанша болды? (Балалар дауыстап санайды: бір, екі, үш, төрт.) **4 цифрымен танысу.** 4 цифрын 4 санының таңбасы ретінде белгілейміз. Цифрды көрсету. Педагог 4 цифры туралы өлең шумақтарын оқиды. *Ұқсастығын табады*	дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: дауыссыз дыбыстар көк түспен белгіленетінін. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды анықтау, сөз ойлайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Орнымыздан тұрайық, Шапалақтап алайық. Бір отырып, бір тұрып, Атымызды айтайық. Педагог балаларға өз есімдерін өлшеп көрулерін сұрайды. Кімнің есімі ұзақ болса, олар қолдарын шапалақтасын, ал кімнің есімі қысқа болса, олар айналсын. Өткен тақырыптарды қайталау. **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** 1) Дыбыс деген не? 2) Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз? 3) Дауысты дыбыстарды қалай белгілейміз? **Артикуляциялық жаттығу жасау.** ***«Күрекше», «Ине»,«Төбешік», «Түтікше» «Күрекше»*** – тілді	байлығын, сөздік қорын молайту. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтижелер:** 5 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Үлестірмелі материалдармен жұмыс (**№16 парақ). Педагог вагондармен ойналатын ойындық жағдаяттар сериясын жалғастыруына болады. Бұл тәсіл сандар қатарында келесі санның пайда болуын түсінуге ықпал жасайды. №16 парақтағы үлестірмелі материалды пайдаланады. – Паровозда қанша вагон бар? Оған тағы біреуін жалға! Вагондар саны қанша болды? Педагог 1- тапсырманы орындауды ұсынады. Вагондар саны -5. Цифрмен танысу. 5 цифрын 5 санының таңбасы ретінде белгілейміз. Цифрды көрсету. Педагог 5 цифр туралы өлең шумақтарын оқиды.	цифрымен таныстыру, тура және кері санауға үйрету, 5 санын жаза білуге, сандарды заттармен сәйкестендіре білуге үйрету. Ақыл ойын, логикалық ойлау қабілетін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтижелер:** 5 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым (№1 парақ) ойнауға шақырады. Педагог ақ парақ бетіне өз алақанын жиектеп сызып, әр саусаққа бет бейне салуды ұсынады. Сурет салынған соң саусақтарды санауға болады. Бірінші саусақ – ата, Екінші саусақ – әже, Үшінші саусақ – әке, Төртінші саусақ – ана, Бесінші саусақ – бұл мен! Таныстық отбасыммен! Педагог 1-тапсырманы жұмыс дәптерінде орындауды сұрайды. Суретте қандай және қанша зат бейнеленгенін сана. Сонша нүкте сал. Нүктелерді сәйкес цифрмен	**Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: сөз ішінен берілген дыбысты табады, дыбыстарды ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді, Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң! Қайырлы күн! Қайырлы күн, балалар! **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** **Артикуляциялық жаттығу жасау.** ***«Күрекше»,«Ине», «Төбешік»,«Түтікше» «Күрекше»*** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. ***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. ***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. ***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей

	Зер салғандар мынаған: *Тура «Төрт» боп қалады.* *Орындықтар құлаған.* Елубай Отаруллы **Балаларға көрсету әрекеті:** **1-тапсырма.** Суретке қара. Қанша бала және қанша қонжық екенін сана. Ұяшыққа сонша нүкте сал. – Суретте не бейнеленген? – Сана, қанша бала бар? Қанша ойыншық қонжық бар? Балалар суреттегі заттарды санайды. Педагог ұяшықтарға сонша нүкте салуды сұрайды. **2-тапсырма.** Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Цифр бейнесімен танысу – өткен іс-әрекетіне ұқсас жүргізіледі. Ауада 4 цифрын «жаз»: бірінші қысқа таяқшаны жоғарыдан төменге қарай жүргіз, тоқта, оңға бұр. Қолыңды көтер. Ұзын таяқшаны жоғарыдан төменге қарай сызып жүргіз. Педагог балалардың дұрыс отыруына назар аударады. Үлестірмелі материалындағы № 4, 5 парақтарды қолдану мүмкіндігі бар, балалар пазлдан 4 цифрының бейнесін құрастырып шығарады. Цифр-жолмен жүріп өтуіне де болады. **Сергіту сәті.** **Педагог балаларға сергіту жаттығуларын жасауға**	жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. ***«Ине»*** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. ***«Төбешік»*** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. ***«Түтікше»*** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. ***«Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық ойыны*** – Мен сендерге сөз айтамын да, сурет көрсетемін, сендер сол суреттегі заттың атын айтып мен айтқан сөзге жалғайсыңдар. Мысалы: *үлкен (алма), тәтті (алмұрт), дәмді (айран), домалақ (өрік), сопақ (асқабақ) т.б.* ***«Қайтала»(доппен) дидактикалық ойыны*** – Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: *ттттиін(т), қққасқыр(қ), бббаққа(б),*	Педагог цифр бейнеленген карточканы көрсетеді. *Бас бармағым – әкем,* *Балаң үйрек – шешем,* *Ортақ тірек – ағам,* *Шылдыр шүмек апам,* *Кішкентай бөбек – мен.* *Бір үйде біз нешеуміз?* *Бір үйде біз бесеуміз.* **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Суретке қара. Мына отбасында неше адам барын сана. Қанша мысық бар? Сонша нүкте сал. – Суретте не бейнеленген? – Мына отбасында неше адам барын сана. Қанша мысық бар? Балалар санайды және атайды. Педагог торкөз ұяшықтарға сонша нүкте салуды сұрайды. **2-тапсырма.** Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Тапсырманы орындар алдында QR код арқылы, цифрды таңбалау тәртібі туралы анимация көруге болады. Цифр бейнесімен танысу. Балалар цифрдың үстінен саусағымен сызып, одан кейін ауада сызып үйренеді. Ауада 5 цифрын «жаз». Ермексазбен немесе басқа материалдармен тәжірибелік жұмысты жасауға мүмкіндігі бар. № 6 парақтағы үлестірмелі материалды пайдаланады,	сызып қос. Жолды өту кезінде, жол жүру ережесін сақтау керектігі туралы әңгіме жүргізеді. Суретте не бейнеленген? Әртүрлі заттардың әрқайсысын санайды. Педагог дәптер ұяшықтарына сонша нүкте салуды және карточкаларды цифрлардың суретімен сызып қосуды сұрайды **Балаларға көрсету әрекеті:** 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Мәшинеңің қозғалыс бағытынан баста. Цифрлар бейнесінің үстінен саусағымен мәшинеңің қозғалыс бағытынан бастайды. Үлестірмелі материалдағы №4 парақтарды қолданады, балалар пазл құрастыру арқылы 1-ден 5-ке дейінгі цифр бейнелерін шығарады. **Сергіту сәті.** Шеңбер бойынша санайды. Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші санай бастайды: «Бір!» және допты екінші балаға лақтырады. Допты ұстаған бала допты келесі ойыншыға лақтырып, санауды жалғастырады. Ойын бірнеше рет қайталанады. «Қанша?» дидактикалық ойыны. Педагог әр суретте 1-ден 5 адамға дейін балалар бейнесі салынған	үрлеу. **Дыбыстармен жұмыс.** ***«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны*** Педагог дыбыстарды айтады: а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек. **1-тапсырма.** ***«Берілген дыбысқа сөз ойла» дидактикалық жаттығуы*** *Дұрыс жауапқа фишка беріледі.* Педагог балаларға «е» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді. *– Етік, ешкі, елгезек.* *– Емізік, ел, есік, есеп, елек, елпілдеп, Елжас, Ернар, Елдана, Ернұр.* Педагог балаларға «ы» дыбысынан басталатын сөз айтуға тапсырма береді. *– Ыдыс, ырыс, ымырт, Ыбырай, ылғал, ық ықылық, ырым т.б.* Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды. **2-тапсырма.** ***«Дыбыстар тізбегі» дидактикалық ойыны*** – Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бір сөз айтамын. Сендер сол сөз қай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтып, допты келесі балаға лақтырасыңдар. Мысалы:

	ұсынады: 4 рет секіру, 4 рет шапалақ ұру, 4 рет тебіну, 4 рет досымен алақанын беттестіру. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **«Математикалық домино» дидактикалық ойыны.** Педагог үлестірмелі материалдағы № 8 парақты пайдаланады. Балалар заттар санын цифрмен сәйкестендіреді. Бұл ойын жұмыс дәптерінде орындалатын тапсырмаға дайындық болады. **3-тапсырма.** Заттардың санына сәйкес цифрлар мен нүктелерді сызып қос. Педагог карточкалардағы нүктелерді санауды сұрайды, соңында нүктелер 1, 2, 3, 4 сандарын білдіреді деген шешімге келеді. – Суреттерде белгілі бір сан мөлшерін білдіретін заттарды тап. (1-ден 4-ке дейін). Сандарды, нүктелерді және суреттерді бір-бірімен қосып біріктір. **4-тапсырма.** Артық затты тап. Қоршап сыз.Өз таңдауыңды түсіндір. Педагог ойын түрінде өткізіледі. Алдымен педагог 4 суреттен тұратын жиынтықты ұсынады, оның ішінде бір зат «артық» болуы тиіс – түсі, пішіні, көлемі немесе қолданысы бойынша. Балалар затты атайды, және өз таңдауын айтып түсіндіреді. Одан әрі балалар дәл сондай тапсырманы жұмыс	*ввагон(в), ғғарыш(ғ), дддоп(д), жжжалбыз(ж), ззэәкір(з), ккккітап(к), лллақ(л(, ммммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), т.б.* – Балалар, осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар? Дыбыстарды айту оңай болды ма? – Ауыздан шығатын ауаға кедергілер жасалады екен. – Ал ол кедергілер нелер? (Ерін, тіл, тіс т.б.) – Айтылу кезінде ауаның еркін шықпай, кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз. Олар сөйлеу мүшелерінің (ерін, тіл, тіс, т.б.) бір-бірімен жанасуы немесе толық қабысуы арқылы пайда болады. Дауыссыз дыбыстардың жасалатын орны – ауыз және көмей қуыстары. Кәне, барлықтарың айнаны алып қараңдар да, менің артымнан қайталаңдар: *«Қ», «Т», «М».* Осы дыбыстарды әндетіп айтып көрейік. Айтылады ма екен әндетіп? Неге? Өйткені бұлар дауыссыз дыбыстар, дауыссыз дыбыстар созып, әндетіп айтылуға келмейді, олар қысқа да нақты айтылады. Дауыссыз дыбыстар тек салдыр немесе салдыр мен үн қатысуы арқылы жасалады. Дауыссыз дыбыстарды көк түспен	балалар пазлдан 5 цифрдың бейнесін құрастырып шығарады. **Ойын жаттығуы. «Жолмен жүреміз»,** үлестірмелі материалды пайдаланады, № 4 парақ. **Сергіту сәті. Педагог балаларға сергіту жаттығуларын жасауды ұсынады:** 5 рет секіру, 5 рет шапалақ соғу, 5 рет аяқпен тебу, 5 рет досымен алақан беттестіру. **«Математикалық домино» дидактикалық ойыны.** Педагог № 10 парақтағы үлестірмелі материалды пайдаланады. Балалар заттар санын цифрлармен сәйкестендіреді. Балалар екі жақты карталарды үстелге немесе магниттік тақтаға жинайды. Ойын карталарының мысалы:  **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** 4 және 5 цифрын тауып, қоршап сыз. Оларды боя. Цифрды іздеу – өткен сабақтарға ұқсас жүргізіледі. **«Шашыраңқы сандар»**	карточкаларды дайындайды. Мысалы, екі баланың бейнесі бар карточканы алып сұрайды: «Оларға қанша қалпақ керек?» (арқақоржын, футболкалар және т.б.) Балалар жауап береді және 2 цифры бар карточканы көрсетеді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Сөредегі заттарды сана. Сонша торкөзді боя. Педагог 3-тапсырманың орындалуын тақтада көрсетеді. Мысалы: Сөреде қанша доп бар? (Төрт) Кестеден осындай бағанды тауып, 4 торкөзді боя. Мұндай кестені жеке қағазға да дайындауға болады, торкөздерді боямай дөңгелекше белгілермен жауып көрсете алады. Ең бастысы – заттардың санын және боялған торкөздердің санын айту. Әрі қарай, тапсырманы орындағаннан кейін түсініктеме берген жөн. **«Математикалық домино»** ойыны. Үлестірмелі материалдың № 8 парақтын беттерін қолдана отырып, жоғары деңгейлі балалармен жұпта немесе топта сараланған түрде өткізуге болады. Балалар карточкаларды өз	*ана-арман-нар-рақат-тағам-мандарин-нан-нәтиже-елгезер-рамазан-нәзік т.б.*). **Балаларға көрсету әрекеті:** **3-тапсырма.** ***«Кім тапқыр?» дидактикалық ойыны*** Педагог берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетінін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер педагог айтқан дыбыс сөздің басында болса көк жалаушаны, егер сөз соңында болса, жасыл түсті жалаушаны жоғары көтереді, ал ортасында болса, жалауша көтермейді. Педагог дауыссыз дыбыстармен жұмыс жасайды. Мысалы: ***(С)*** *Самат, сағыз, тіс, қасық, сабын, тас;* ***(Ғ)*** *ғалым, ғарыш, аға, таға, жаға, сағыз, тоғыз, жаға, Ғазиз*; ***(Б)*** *бидон, Бейбіт, бейбітшілік, былғары, жабық, жалбыз,;* ***(К)*** *қаша, арық, қоңыз, қорық, қол, қолтық, қоян, бұтақ, сұғанақ, қошақан, құлын, таяқ, салақ, ақ, т.б.* **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттерге қара. [А] дыбысынан басталатын екі жемістің суретін тап, ата. Суреттерді қос. [А] дыбысынан басталатын екі жануардың суретін тап, ата. Суреттерді қос.

	дәптерінде орындайды, өз таңдауын түсіндіреді. Балалармен бірге 4 цифры туралы өлең жолдарын қайталап айтып, 4 цифрға ұқсайтын заттар атауын балаларға айтқызу. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	белгілейміз. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны*** Педагог а, б, у, о, и, с, п, р, л, д, ф, ж дыбыстарын айтады. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса – қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек. ***«Түсіп қалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны*** *Педагог заттың суреттерін көрсетеді.* – Балалар, мен сендерге сурет көрсетіп, сөздердің бір дыбысын түсіріп айтамын, сендер түсіп қалған дыбысты қосып, толық сөзді айтуларың керек. *(Балалар суретке қарап, педагогтің қатесін түзеп, түсіп қалған дыбысты айқынырақ айтады.* Мысалы: *ұша...(қ), қызана...(қ), бана...(н), тор...(т), апельси...(н), қоя...(н), автобу...(с), шәйне...(к), қо...(й).* **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1.Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата.	**дидактикалық ойыны.** Педагог ойын шартын түсіндіреді: бес балаға бірден беске дейінгі цифр таңдалып беріледі. Әрқайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден төртке дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифр қанша болса, сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады. **4-тапсырма.** Киім дүкенінде сатылатын заттарды қоршап сыз. Оларды сана. Педагог **«Киім дүкені»** ойындық жағдаятын тудырады. Ойын басталу алдында адамдардың әр маусымда қандай киім киетіндігін, мысалы қыстық, күздік киім үлгілері туралы әңгімелесуді жүргізуге болады. – Киім дүкенінде не сатылуы мүмкін? – Карточкалардан сәйкес	бетінше таңдап, домино ойнайды. Орта және төменгі деңгейдегі балаларға педагог пазлдарды таратады , үлестірмелі материалдың № 5, № 6 парақтар, балалар пазлдардан цифрдың суреттерін құрастырып жинайды. Педагог балалармен бірге 1-ден 5-ке дейінгі барлық сандарды әндетіп айтуына болады. Бес адамнан топқа тұрып, сандарды ретімен атауға болады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	[А] дыбысынан басталатын екі отбасы мүшесін тап, ата. Суреттерді қос. 2. Тыңда. Жұмбақтың жауабы болған сөздің дыбыстық белгісін сыз. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. **Сергіту сәті** Құлыншағым шапқылайды тоқ, тоқ, тоқ, Тұяқтары тақылдайды тоқ, тоқ, тоқ. Алыстағы ауылдарға шабады, Жасыл өлке жайлауға да барады. Құлыншақтың тұлымшағы желбіреп, Өскенде ол жүйрік тұлпар болады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 4. Нүктелерді бастыр. 5. Штрихта. Жазуды бастамас бұрын педагог балаларға ауада жазып көрсетеді. Педагог балаларға жазу барысында үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп айтып кетеді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай

		2.Дауыссыз дыбыстардан басталатын заттарды көк түспен белгіле. **Сергіту сәті** Қонжықтардай қорбаңдап жүреміз, Томпаңдап жүріп біздер келеміз, Асықпай аяқты жай басып. Орманнан жаңғақ көп тереміз. Аюларша маймаңдап келеміз, Теңселеміз оңға бір, солға бір, Бөшкемізге бал жинап, оны тасып. Жан-жаққа қарап біз келеміз. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 4. Нүктелер мен үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. **Саусақ жаттығуы:** **Тыңда, орында.** Партадағы саусақтар Ортанғы мен сұқ саусақ Адымдайды, жүреді. Түйеқұсты салады. Өнерлі бұл саусақтар Төңкеріліп аспанға, Сурет сала біледі. Қоянда бола қалады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.	тауарларды тауып, олардың атауын айтыңдар. Оларды қоршап сызыңдар. Одан соң балалар тексеру тапсырмасын өз бетінше дербес орындайды. Балармен бірге отырып 1-ден 5-ке дейінгі сандарды әндетіп айтуға болады. Бес-бестен топ құрып, санды 1-ден 5-ке дейін реттік нөмірде қайталатып айтады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.		қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортанғы саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). **Саусақ жаттығуы:** **Тыңда, орында.** Қолды алға созамыз, Алақанды бұрамыз. Алақанның сыртымен Шапалақты ұрамыз. Педагог қорытынды жасап, балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Бүгінгі іс-әрекетімізде аса қызық болған тапсырманы айта аласың ба? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

		– Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.			

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру

Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Таудан тауға»

Басты міндеттері: Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту; ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, өзара көмектестікке тәрбиелеу.

Аз қимылды ойын.

Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Таудан тауға»

Міндет: Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;
ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;
бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, өзара көмектестікке тәрбиелеу.

Дағды: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққабейім дағдыларын қалыптастыру.

Ойын шарты:

Әдістемелік нұсқаулар:

Ойыншылар жанындағы көршісінің басына қолы жететіндей болып, шеңбер құрып отырады. Барлығы баскиімсіз отырады, тек жүргізушінің басында ғана тақия бар.Жүргізуші келесі сөздерді айтады: «Таудан тауға ! Таудан тауға!». Осыдан кейін басынан тақияны алып, оны оң жағындағы көршісінің басына кигізеді. Ал тақия кигізілген ойыншы дәл сол сөздермен солай келесі көршіге кигізеді. Тақия жүргізуші басын жауып «Таудың басына! Таудың басына!» сөздерін айтқанша шеңбер бойымен жүре береді. Сол кезде тақиябасында қалған ойыншы қандай да бір тапсырманы орындайды.

Ұсыныс: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін...

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:**	**2.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:**	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:**	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:**

іс-әрекет)	Отбасының күзгі еңбегі. **ҰІӘ міндеттері:** - отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу; -отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету; -балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу. **Дағды**: күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер құрай білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер қолдану барысында. Балалардың ақыл-ойын жетілдіріп, тіл байлығын дамыту. Балаларды әдептілікке, сыйластыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Балаларды ауылдағы адамдардың еңбегімен таныстыру, ауылдағы басты еңбек түрін ажырата білуге үйрету. Жыл мезгілдеріне қарай еңбек түрлері және қолданылатын техника құралдары жайлы білімдерін дамыту. Әңгіме желісін көріністі арқылы көрсету. Әңгіме арқылы ойын, қиялын дамыту, өз ойын қиялымен ұштастыра айтуға баулу. Табиғатты сүюге тәрбиелеу.	баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Заттар әлеміне саяхат **ҰІӘ міндеттері:** - заттар әлемі туралы түсініктерін бекіту, заттардың адам өміріндегі маңызы туралы көзқарастарын кеңейту; -олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну; -балаларды айналадағы қоршаған ортаға танымдық қызығушылықпен қарауға баулу. **Дағды**: Заттарды ен, биіктігі,жуандығы бойынша салыстыруды ажырата білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Фигураларды бірнеше қасиеттері бойынша топтастыруды,олардың өлшемдерін өсу не кему ретімен орналастыруды, ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Заттардың адам өміріндегі маңызы туралы көзқарастарын кеңейту. Балаларды айналадағы қоршаған ортаға танымдық қызығушылықпен қарауға баулу. **Қауіпсіздігі:** Есте сақтау қабілетін, зейіндерін дамыту.Ұжыммен бірге жұмыс жасай білуге	Жемістер жыры (Рза Құнақованың өлеңі) **ҰІӘ міндеттері:** - жемістер туралы түсінігін кеңейту; -басқалардың пікірін тыңдай білуге баулу; -бақылағыштыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Жемістерді ағаштарымен бірге біріктіруге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Жемістерді танып, түстерінің, дәмінің әр түрлі болатынын түсінді. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Өлең мазмұнын ашу.Өлең ырғағын келтіре отырып,тіл ерекшелігін, көркем сөздерін түсіну, әр шумағын қайталау барысында ойлау қабілетін дамыту. Жемістердің пайдасы туралы айтып, құрамындағы дәрумендері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатты сүюге,қорғауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - Жемістер денсаулыққа пайдалы. Өйткені оның құраманыда дәрумендер көп. Жемістерді жеген кезде қолды жуып жеу керек. Бас салып, қолға түскеннің бәрін жей берген де дұрыс емес шығар. Қандай жемістерді көбірек жеген пайдалы. Ауырмаудың жолы – жеміс жеу.	Күзгі жапырақтар. **ҰІӘ міндеттері:** - балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру; -Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту; -балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу. **Дағды**: күз мезгілінің ерекшеліктерін, сипаттайтын көркем сөздер құрай білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** күз мезгілінің ерекшеліктері. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға күз мезгілі туралы айту, күз мезгілінде ағаштардың жапырақтары неліктен сарғаятыны жайлы айту. Балалардың ой-өрісін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балалардың сөздік қорын дамыту, дыбыстарды анық айтуға үйрету. Күз мезгілінің ерекшеліктерін айтып түсіндіру, жапырақтардың түсін ажыратуға үйрету. **Апта дәйексөзі**: **« Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: ағаштардың жапырақтарын ажыратып орнына қояды. **Педагог әрекетінің**	Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегісі) **ҰІӘ міндеттері:** - таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -жанашырлыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алады, жұмбақтың шешімін айта алады. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды көркем шығармамен таныстыру, ынта қойып тыңдауға дағдыландыру. Оқиға желісі бойынша дауыс ырғағын түрлендіре отырып, әңгімелеп айтып беруге үйрету. **Қауіпсіздігі:**Өз достарын тыңдау іскерліктерін тәрбиелеу. Көркем сөйлеу және орындау қабілеттерін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: ертегіні тыңдайды, кейіпкерлерді атайды;

	Қауіпсіздігі: үлкендердің еңбектерін құрметтеу, көмектесу дағдыларын қалыптастырып, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: «Отбасының күзгі еңбегі» тақырыбына әңгіме құрайды, көгөністермен жемістерді ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілі екенін қайдан білеміз? -Қандай көгөніс түрлерін білесіңдер? -Күз мезгілі несімен ұнайды? -Күз мезгілінде адамдар, жан-жануарлар қысқа дайындалады. Тиіндар жаңғақтарынжинаса, кірпілер індеріне саңырауқұлақтар тасып алады. Ал адамдар күзде қалай еңбек етеді? **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сергіту сәті:** **(жаттығуды қимыл-қозғалыс арқылы орындау).** Шөп үстімен жүреміз, сырт-сырт. Тас үстімен жүреміз, тырс-	тәрбиелеу **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: берілген өлшем мен пішін бойынша табуды,оларды өлшемдерінің өсу ретімен орналастыруды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Менің...» деген тіркесті қосып атауды өтінеді. Орамал – менің орамалым. Қалам – менің қаламым т.б. Бұлардың ортақ атауы заттар және олардың күнделікті өмірде қажет заттар екенін айтады. Жаңа заттардың күн санап көптеп пайда болатындығы, олар адам қолымен тұрмыстық қажеттіліктерді жеңілдету үшін жасалатындығы да айтылады. – Біз қазір заттардың шығу тарихын білу үшін Қырағымен бірге әлем музейлеріне саяхаттаймыз. (Шыққан суреттердің барлығы ежелгі және қазіргі баламасымен бейнеленген). Интербелсенді тақтадан сіріңкенің суреттері шығады. – Сіріңке – шамамен екі ғасыр бұрын ойлап	**Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: Жемістерді атай отырып, бірін-бірінен ерекшеліктерін ажырата алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалар қимылмен орындайды. Берекесін сыйлауға *(қолдарын алға қарай созады)* Өлкемізге күз келді. *(қолдарын шапалақтайды)* Жемістерін жинауға *(жемістерді көрсетеді)* Шақырады біздерді. *(қолдарын жоғары көтеріп қуанады)* Педагог жұмбақ жасырады. Аспай піскен, Қайнамай түскен. Ол не? *(Жеміс)* – Жемістің қандай түрлерін білесіңдер? – Жемістер қайда өседі? Алманың, өріктің дәмі қандай? – Сен қай жеміс түрінің дәмін білесің? – Бүгін ақын Рза Құнақованың «Жемістер жыры» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды (мазмұнын	**алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі екенін қайдан білесіңдер? Күз мезгілінде неше ай бар? Қазір сендерге мен күз мезгілі туралы жұмбақ жасырамын. Жұмбақ Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл, Түссе – сары. Иә, балалар, күз мезгілінде жапырақтар жерге түсіп, сары алтындай болып жарқырап жатады. Байқап қарасаңдар, жапырақтардың бәрі бірдей сары емес, қызғылт, қоңыр болып көрінеді. Тура бір даланы бояп тастаған тәрізді. Ақын Қ. Шаңғытбаев табиғат туралы көптеген өлеңдер жазған. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Күзгі жапырақтар** Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырық. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Күншуаққа маужырап, Жатыр еді атырап. Ағаштардан жамырап, Ұшты кенет жапырақ. Ой, алақай, тамаша, Шашу шашты жапырақ. Бақтың іші алаша, Аунар ма еді жатып ап. Өлеңде қай мезгіл	ертегінің мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** – Балалар, бір-біріміздің көңіл күйімізді көтеруге мына сиқырлы қоңырау көмектеседі. Осы қоңырауды жалғастыру арқылы бір-бірімізге жылы тілегімізді айтайық. Бұл ойын «Қоңырау» деп аталады. – Бүгінгі күніміз сәтті болсын! – Достарыңнан жақсы тілек есту ұнады ма? Көңіл күйің көтерілді ме? Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Еріксе, құйрығымен ойнайды, Зеріксе, ұйқыға бір тоймайды. *(Мысық)* – Мысық қалай дыбыстайды? Ол нені жақсы көреді? – Бүгін мысықтың басынан өткен оқиға туралы «Мақтақыз бен мысық» атты қазақ халқының ертегісімен танысамыз. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегі ойдан, қиялдан құрастырылады. Педагог ертегіні оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді (мазмұнын соңындағы

	тырс. Шалшық сумен жүреміз, шолп-шолп, Жолдарменен жүреміз , топ-топ. **Демонстрациялық материалмен жұмыс.** Күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтаржерде саудырап жатыр». Жапырақтардың түстері қандай? Бақшада кімдер жүр? Бақшадағы балаларға ат қойыңдаршы? Бақшада балалар не істеп жүр? Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды. Педагог «азық» сөзінің мағынасын түсіндіреді**.** **Азық** – тамақ, қысқы қорек. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Сөйлеу үшін бізге қандай мүшелер көмектеседі? (Балалардың жауаптары тыңдалады). Иә, тіл, ауыз керек, онсыз түсінісу өте қиын. Педагог бір баланы тақтаға шығарып, картоп қазып жатқан, алма теріп жатқан, қияр,қызанақ жинап жатқан адамдардың қимыл-қозғалысын келтіреді. Қалған балалар табады. Бірақ балаларға сөзсіз қимылмен түсіну қиындау болады, сөздің	табылған зат, ол тұтандырғышты ауыстырды.1826 жылы британдық дәріханашы Джон Уокер алғашқы үйкеліспен тұтанатын сіріңкелерді ойлап тапты. Сіріңке болмаса, отты қалай тұтандырамыз? Балалардың пайымдаулары тыңдалады. Интербелсенді тақтадан қаламның суреттері шығады. – Жазатын қаламдардың көне тарихы бар. Қытайда қолданылған қылқалам алғашқы қалам деуге болады. Қалам болмаса жазуды қалай жазамыз? **Балаларға көрсету әрекеті:** – Сағаттың қажеттілігін атаңдар. Балалардың пайымдаулары тыңдалады. – Сағат болмағанда не болар еді? – Бұрынғы кезде сағат болмағанда адамдар құмсағатты, күн сағатын, су сағатын ойлап тапқан. Су сағатын ежелгі мысырлықтар ойлап тапқан. Су сағаты екі ыдыстан тұрады, бір ыдыстың түбінен тесік жасалып, оның ішіндегі су екінші ыдысқа біртіндеп ағады, жоғарғы ыдыстағы су деңгейі қай белгіге дейін азайғанына қарап, уақытты есептеген. Біз қазір тәжірибе жасаймыз, уақытты есептеу үшін су сағатын жасаймыз, ол	соңындағы қосымшадан қараңыз). **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** *нарттай* – піскен қызыл өріктің түсі *уылжыған* – әбден піскен жеміс Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:*** – Өлеңде қандай жеміс туралы айтылған? – Алманың, өріктің түсі, дәмі қандай? Пішіні неге ұқсайды? – Саған қандай жеміс ұнайды? – Неліктен жемістерді жақсы көресің? – Алма қатты ма, жұмсақ па? Түсі қандай болады? – Ал өрік қандай, үлкен бе, кіші ме, түсі қандай? – Осы жемістерді күтіп-баптасақ, мол өнім аламыз. «Еңбек – бәрін де жеңбек» деген мақал бар. Еңбектің арқасында мол өнім, жақсылық та, қуаныш та, байлық та – бәрі болады. ***Дидактикалық ойын: «Дәмін тат»*** (баланың ойлау қабілетін дамыту). Шарты: ойынға қатысушылардың көзін кезекпен байлап, кесілген дайын жемісті аузына салады. Бала қандай жемістің дәмі екенін айтады. **Сергіту сәті** Біз бақшаға барамыз, Жемістерді жинаймыз.	бейнеленген? Не жайлы айтылған? Ақын жапырақтарды неге теңеген? Бұл өлеңнен жапырақтардың жерде алаша сияқты жататынын, алтындай жалтырайтынын, желмен түскен жапырақтар шашуға ұқсап шашылатынын, күз мезгілініңдарқан, кең екенін білдік. Күз мезгілі қандай? Күз мезгілінде айнала сары болады. Ағаш жапырақтары жерге судырап түседі. Жер бетін жапырақ жапқан. Бір жер сары, бір жер – қызғылт сары. Керемет көрініс. **Сөздік жұмыс:** *Алаша, жамырап* деген сөздердің мағынасын түсіндіреді. *Алаша – төсеніш, жамырап түсу – жапырақтардың көп түсуі.* **Сергіту сәті** Оңға қарай түзу тұр, Солға қарай түзу тұр. Алға қарай бір қадам, Артқа қарай бір қадам. Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық. Сендерге өлең ұнады ма ? Ендеше мен қайталап оқимын, сендер естеріңе сақтап алуға тырысыңдар. Балаларға өлең жолдарын бірнеше рет қайталату арқылы өлеңнің бірінші шумағын жаттатады. **Балалармен бірге орындау**	қосымшадан қараңыз). – Балалар, суреттен нені көріп тұрсыңдар? (Слайд көрсету) Ертегідегі мысық пен Мақтақыздың әрекеті туралы сурет. **Балаларға көрсету әрекеті:** Ертегінің мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:*** – Ертегі не туралы? Мақтақыз не тауып алды? – Мақтақыз мысықты не үшін жазалады? – Мысық қатық алу үшін қайда барды? – Жапырақ қайда өседі? – Мысық дәнді қайдан алды? **Сөздік жұмысы:** *қатық* – ұйыған сүттен дайындалатын тағам *ін* – тышқанның баспанасы *жанының барында айт* – қорқыту **Сергіту сәті:** Балалар педагогпен бірге ертегі кейіпкерінің (мысықтың) қимылын, даусын, жүрісін бейнелейді. Педагог ертегіні екінші рет қайталап оқиды. Мысық қатық іздегенде қай ретпен қайда **Балалармен бірге орындау әрекеті:** ***«Суреттер сөйлейді» әдісі*** Суреттерді пайдаланып, ертегі жүйесін сақтап баяндау. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суреттер бойынша ертегінің жүйесін сақтап

	маңыздылығын түсінеді. Міне, қимылмен келтіргенмен толық, еңбек қозғалыстарын аша алмаймыз. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды. Әңгіме айту үшін сөз керек екен. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу арқылы бір-бірімізбен қарым-қатынас жасаймыз. Ойын: «Сөйлемей көрейікші» (үндемес ойыны ойналады).Педагог: «Орындарыңнан тұрыңдар», – деп ымдайды. Міне, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру өте қиын. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды. **Дидактикалық ойын:** "Бақта ма, әлде бақша да ма?" **Шарты:** Тақтаға қалташалары бар себет пен ағаштың суреті ілінеді. Балалар жемістерді ағашқа, көкөністерді себетке орналастыруы қажет.	үшін бізге екі ыдыс керек (алдын ала дайындалған пластик ыдыс – майонездің бос екі ыдысы, біреуі түбі тесілген, олардың іші фломастермен сызылып, белгіленген). Балаларға су құйып, ыдыстардың ішіндегі су ағып, екінші ыдысқа құйылатынын өздері жасап, бақылау ұсынылады. – Балалар, түбі тесік ыдыстағы су, екінші ыдысқа құйылу үшін не істеу қажет? – Дұрыс, түбі тесік ыдысты, екінші ыдыстан жоғары қою керек. Біздің күнделікті пайдаланып жүрген заттарымыздың барлығын өнертабыстар деп атайды, көптеген өнертабыстар ежелден белгілі, кейбіреуін жақында ғана қолданыла бастады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** – Бір бала түс көріпті. Түсінде айналадағы заттардың барлығы басқаша екен. Үстел жұмсақ, үлпілдек, Күн – үшбұрыш пішінді, велосипедтің дөңгелегі төртбұрыш, қағазбен қаламға жазу жазылады. Балалар баланың түсінде көрген іс-әрекеттерінің дұрыс еместігін дәлелдеуі керек. – Үстел жұмсақ болмайды, өйткені оған қойған заттар	Алма, алмұрт, жүзімді Себетке біз саламыз. ***Тіл ұстарту жаттығуы:*** Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Жемістер жыры» өлеңін екінші қайтара оқиды. Балалар бірге қайталап, өлеңді тыңдай отырып жаттайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суретте не бейнеленген? Үйдің ауласында қандай жемістер өсіп тұр? Сен қандай жеміс түрлерін білесің? Жемістердің пайдасы туралы айт. 2. Қыздың себетіне жемістерді сызып қос. 3. Жаңылтпашты жаңылыспай айт. Не деген таңғажайып бақша бұл – Төбеден алма қарша жауып тұр. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Жемістер қайда өседі? – Жемістер қай кезде піседі? **Рза Құнақованың «Жемістер жыры» өлең.** Нардай қызыл алмам бар, Мәз болады алғандар. Тілді балдай үйірем,	**әрекеті:** Қазір есікті қағайық. Не естіңдер? –Тағы тыңдаңдар (дабыл соғылады). Ненің дыбысын естіңдер? Дыбыстар бірдей болып шықты ма? Дыбыстар әртүрлі болады. Кейбір дыбыстар созылып әндетіп айтылады. Кейбіреуі кедергіге ұшырап қысылып айтылады. Мысалы,«А-а-а» деп айтайықшы. Дыбыс ешқандайкедергісіз ұзақ айтылды. Кедергісіз айтылатын дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз. Мысалы: «А», «Ә», – дыбыстары дауысты дыбыстар. Екі дыбысты да әндетіп айтуға болады. **Дидактикалық ой*ын: «Қай ағаштың жапырағы*?»** **Ойын шарты:** Әр жапырақтарды өзі өсетін ағаштарына апарып ілу. **Мақал-мәтелмен жұмыс:** 1. Диқан жерін мақтайды, Балықшы көлін мақтайды, Кәсіпкер кенін мақтайды. 2.Жердің сәні – егін, Ердің сәні – білім. 3.Не ексең соны орарсың. 4.Қырман басы – береке, Көп жүрген жер – мереке. Балалар, мақал-мәтелдерде егін жайлы, күз мезгілінің берекесі жайында айтылған. Егінбітік болса, елімізде береке, тоқшылық болады. «Күз мезгілі жомарт» деп бекер айтылмаған.	баянда. Мақтақыз неге ашуланды? Мысық не істеді? Жұбыңмен кейіпкерлердің диалогін құр. 2. Жұмбақты шеш. Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған. *(Мысық)* Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды. Педагог сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтайды. – Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Мысық дәнді қайдан алды?

		батып кетеді. Күн үшбұрыш пішінді емес, дөңгелек пішінді. Велосипедтің дөңгелегі төртбұрыш болса, ол жүре алмайды. Қағазбен қаламға жазу жазылмайды, қаламмен қағазға жазу жазылады. – Күнделікті қолданатын заттардың барлығы біз үшін маңызды ма? Оларды кім және қалай ойлап тапты? Қасықсыз, табақсыз, тарақсыз және басқа да тұрмыстық заттарсыз өмір сүре аламыз ба? Күнделікті өмірімізден бізге қолайлы бір нәрсе жойылып кетсе не болады? **Үлестірмелі материалдармен жұмыс.** – Балалар, Қырағы заттардың нақты не мақсатқа арналып жасалғанын анықтады. Сендер де айналадағы заттарды бақылап, анықтауға тырысыңдар. 1. Қырағымен заттар әлеміне саяхат жаса. Ағаштан жасалатын заттардың суреттерін сызықпен қос. 2. Әр затқа ортақ қасиеттерді тап. Неден жасалғанына қарай топтарға біріктіріп қорша. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.	Өз көркіме сүйінем. Бұрын пісем бәрінен, Аялдауды білмеймін. Өйткені алтын өрікпін, Бақшаларға көрікпін. Менің атым – алмұрт, Ұнатып жер бар жұрт. Мені өсіре алмайды, Қарағандар салғырт.		

<table>
<tr><td rowspan="3">«Ас – адамның арқауы» түскі ас.
10:00-10:10
Ас қабылдау мақсаты:
Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Дағды: Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.</td><td colspan="5">Үнемді тұтыну мақсаты: берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.
(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)
Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td></tr>
<tr><td colspan="5">«Адал азамат» біртұтас тәрбие</td></tr>
<tr><td colspan="5">- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды.
- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.
- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.
- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.</td></tr>
<tr><td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»
«Нан тағамның атасы»,
«Нанды шашпай, үгітпей жейміз»</td><td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»
«Нан тағамның атасы»,
«Нанды шашпай, үгітпей жейміз»</td><td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»
Дәнді шашпа, нанды баспа</td><td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ...ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»
Ас адамның арқауы.</td><td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»
«Нан тағамның атасы»,
«Нанды шашпай, үгітпей жейміз»</td></tr>
<tr><td colspan="6">2 үзіліс – 10:00 – 10:10</td></tr>
<tr><td colspan="6">Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары
Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.</td></tr>
<tr><td colspan="6">«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу
Аз қимылды ойын.
Ұлттық ойын: «Асық ату»,«Ханталапай»
Басты міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.</td></tr>
<tr><td colspan="2"> 
</td><td colspan="2">Аз қимылды ойын. Ұлттық ойын: «Асық ату»,«Ханталапай»
Ойын міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.
Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі</td><td colspan="2">Ойын шарты: Ал, «Ханталапай» ойыны бүкіл қазақ жеріне кең тараған. Ойынға екеуден он адамға дейін қатысады. Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың ішінде біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік, не тәйкі түссе, ойын</td></tr>
</table>

	бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру. **Әдістемелік нұсқау:** «Талапай - ау, талапай, табылды ойын алақай»- деп қоржындағы асықтарды балалар алдына тастаймын. Балалар жарыса асықтарды «ханталапай» деп дауыстап асықтарды таласып, бөліп алады. Жинаған асықтарын санап, әр бала 5 асықтан тігіп ойынға қатысады. Хан асығы қолына түскен бала алғашқы болып ойынды бастайды. Асықтарды атады да, тигізген асықтарын ұтып алады. Тигізе алмай қалған жағдайда, мұғалім қойған тапсырмаға жауап береді. Егер ойыншы бала жауап бере алмаса, қатысушы басқа балалар жауап береді. Осылайша ойын жалғасады. Ойын соңында сұрақтарға дұрыс жауап беріп, асықты көп жинаған бала жеңімпаз атанады.		бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. «Ханды» жатысы «хандікіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуге тура келеді. **Ойынның педагогикалық маңызы.** Ойын бастаушы баланың қолы басқа асықтарға тиіп кетсе, сондай-ақ атқан асығы басқа асыққа барып тисе, ойынды келесі бала жүргізеді. Ал, «хан» алшы түссе, балалар жарыса «ханталапай» деп дауыстап, «ханды» өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып есептеледі. Онда ойынды сол бала қайта бастайды.	
3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.10 – 10.35					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Көгөністер **ҰІӘ міндеттері:** - тақпақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлем мен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту; -сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту. **Дағды**: 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** көгөністердің қазақша	**3.Құрастыру-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Ұшақ. **ҰІӘ міндеттері:** - құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету; -ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту; -өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу. **Дағды**: өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алуға, еркін жұмыстануға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** екі топқа бөлініп жұмыс істеуді, архитектуралық бөлшектер туралы, шығармашылық	**3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік? **ҰІӘ міндеттері:** - жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру; -сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге жаттықтыру; -мұқияттылыққа тәрбиелеу. **Дағды:** Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді қосады. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды бауырмалдыққа, бір - бірін қолдауға, достарының сөздерін тыңдай білуге, топпен	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жемістер **ҰІӘ міндеттері:** - жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету; -диалогке қатысуға үйрету; -сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Дағды**: жемістердің атауларын айтып, сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрайды, жаңылтпашты қайталайды. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:**	**3.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Отбасындағы мерекелер мен дәстүрлер. **ҰІӘ міндеттері:** - отбасылық мерекелер, отбасылық дәстүрлер туралы білімдерін кеңейту; -«Отбасылық мерекелер», «Отбасылық дәстүрлер» ұғымымен таныстыру. Отбасылық дәстүрлердің маңыздылығын түсіндіру; -отбасылық дәстүрлерді қастерлеуге баулу. **Дағды**: Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Өз отбасына деген сүйіспеншілік пен

	атауларын атайды, диалог құрайды, тақпақты жаттайды. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жаңа сөздерді меңгерте отырып, жеміс - жидектерді атай білуге дағдыландыру. Көкөністер мен жемістерді бір - бірінен ажырата білуге үйрету. Балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** -үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету; - көгеністердің пайдасы туралы түсінік беру. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: көгөністер бақшада өседі, тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Өткен «Алтын күз» тақырыпты қайталау. Аз қимылды ойын: «Кім жылдам?». Педагогсебеттегі жапырақтарды шашады, балалар жылдам жинап алады. Педагог сұрақтар қояды: -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады? -Күзде ағаштың жапырақтары сарғаяды,	қабілеттерін дамыту. Көлік және олардың түрлері туралы түсініктерін бекіту; өз беттерінше жапсыру жеке жолдарын ойлап табу дағдыларын қалыптастыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** -тақырыпқа сай заттармен өз жұмыстарын толықтыра білу іскерлігін бекіту; -ұшқыш туралы қиялын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Ұқыптылыққа , бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Коррекциялық:** балалардың ұсақ қол моторикасын, ой-өрісін, логикалық ойлауын, сөздік қорын, тілін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра алуды; түсінеді: ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажыратуды және балалардың ой-қиялы дамитынын; қолданады: өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алады және өз іс- әрекетінде пайдаланады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру,	жұмыс жасай білуге тәрбиелеу **Қауіпсіздігі:** Дауысты, дауысыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Сөздерді талдай білуге жаттықтыру. Сөздердегі дыбыстарды орнына қоюын бекіту. Сөздегі басында және соңында тұрған дыбыстарды анықтауды үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: дауысты және дауыссыз дыбыстардың қалай белгіленетінін, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Қарама-қарсы сөзді тап» ойынын балалармен ойнайды. сұйық – ... *(қою)* жуан – ... *(жіңішке)* кішкентай – ... *(үлкен)* ашық – ... *(жабық)* ақылды – ... *(ақымақ)* Өтілген тақырыптарды «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. **Артикуляциялық жаттығу жасау.** ***«Күрекше», «Ин»,«Төбешік» «Түтікше»***	Ойын, есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту. Балалардың жеміс ағаштарын қорғап, оларға қамқор болуына ықпал ету үшін тәрбиелік әңгімелер жүргізу. **Қауіпсіздігі:** Балалардың күз туралы білімдерін толықтыру. Көкөністер мен жемістерді сипаттай білуге үйрету. Байланыстырып сойлеу тілін, көпкемдік талғамын дамыту, сөздік қорын молайту. Адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: Диалогке қатысады, жемістердің атауларын қолданады, сұрақтарға жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Қайырлы таң, балалар! Бүгін сендермен ойын ойнаймыз. **Дидактикалық ойын: «Көгөністер мен жемістер».** Қоржындағы көгөністерді бөліп алады, қайталап, сипаттайды (көлемін, түсін). Білетін жемістерді атайды. Балалар әр дұрыс жауапүшін	мақтаныш сезімін, ата-аналарға құрмет сезімін тәрбиелеу; - Өз отбасының тарихына, отбасылық дәстүрлерге қызығушылықты дамыту; - Сыныптастарының отбасыларына деген құрмет, оң қарым-қатынасты қалыптастыру; **Қауіпсіздігі:** отбасындағы өзге мүшелерге қатысты өзінің туыстық байланыстар жүйесіндегі орнын анықтау **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: Отбасылық мерекені сипаттайды. Мерекені өткізуді жоспарлай алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** – Балалар, әр отбасының айырмашылығын мен ұқсастығын атаңдар. – Барлық отбасында ең жақын туыстар тұрады. Барлық отбасы үй-жайларда тұрады. Барлық отбасы мүшелерінің тегі, аты-жөні бар. – Барлық отбасы мүшелері бір-біріне қамқор болады. – Әр отбасы мүшелерінің саны әртүрлі болады. Әр отбасының өз тегі, аты-жөні болады. Барлық отбасы ұлтына, салт-дәстүрлері,

	жерге түседі. Жаңбыр жауады. Күн салқындайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** Міне, күз сыйлығы (табақта көгөніс-муляждар). -Мынау нелер? -Мынау – көгөністер. Өткен жылдан таныс көгөніс атауларын естеріне түсіруге көмектесіп, жаңа сөздерментаныстырады. -Мынау – қияр. -Мынау – қызанақ. -Мынау – пияз. -Мынау – сәбіз. -Мынау – қызылша, қы-зыл-ша. -Мынау не? -Мынау – қызылша. -Қызылша күзде піседі. -Қызылша қай жыл мезгілінде піседі? -Қызылша күзде піседі. -Қызылша қызыл. -Қызылшаның түсі қандай? -Қызылша қызыл. -Қызылша дәмді, өте пайдалы. -Қызылша қандай? -Қызылша дәмді, өте пайдалы. -Мынау – орамжапырақ. -Мынау не? -Мынау – орамжапырақ. -Орамжапырақ күзде піседі. -Қызылша қай жыл мезгілінде піседі? -Орамжапырақ күзде піседі. -Орамжапырақ жасыл. Өте пайдалы. -Орамжапырақ қандай? -Орамжапырақ жасыл. Өте пайдалы. -Көгөністер бақшада өседі. -Көгөністер қайда өседі?	балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог ұшақ туралы жұмбақ жасырады. «Құстан аумайды, Көкті жаулайды». –Ұшақ қандай көлік түріне жатады? – Ұшақтың қандай түрлерін білесіңдер? – Өздерің ұшақпен ұштыңдар ма? Педагог ұшақтардың суреттерін көрсетеді. Балалар қандай ұшақ екенін айтады. **Балаларға көрсету әрекеті:** Педагог балалармен бірге ұшақтардың құрылысына талдау жасайды. Үлгіден ұшақтың негізгі бөлігін, қанаттарын, құйрығын, дөңгелектерін (шасси) көрсетеді. –Осындай ұшақ жасау үшін оның қандай бөлігінен бастаған дұрыс деп ойлайсыңдар? Педагог тәрбиеленушілерге жұмыстың ретін түсіндіреді. –Алдымен негізгі үлкен бөлігін, одан кейін ұшақтың қанаттарын, соңынан құйрығы мен дөңгелектерін орналастырамыз. –Ол үшін қандай құрылыс материалдары керек? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Көптілділік:** ұшақ –	***«Сөзге сөз қос» дидактикалық ойыны*** – Балалар, мен сендерге сөз айтып, сурет көрсетемін, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын суреттегі сөзді қосуларың керек. Мысалы: *қызыл ... (алма), ыстық ... (от), әдемі ... (әтеш), темір ... (ыдыс)т.б.* – Балалар, бүгін мен сендерге жаңылтпаштар туралы айтып беремін. Жаңылтпашты жаңылмай айта білген бала шешен де, ұтымды сөйлеуді меңгереді. Логикалық ойлау қабілеттері жетіледі. Сонымен қатар жаңылтпаш айта білген баланың тіл байлығы дамып, күрделі сөздерді қиналмай айта білуге дағдыланады. Ал жаңылтпаш табиғат, жан-жануарлар, құстар мен жәндіктер туралы әртүрлі тақырыптарда болады. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***«Қай дыбыс қайталанды?» дидактикалық жаттығуы*** Асан бақша жақтан Ақ сабақты асқабақ әкелді. Басқа жақтан Басқарақ асқабақ әкелді. – Балалар, осы жаңылтпашта қай дыбыс жиі естіліп тұр? – **А** дыбысы. – **А** дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбыс.	фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. **Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын».** Қоржынның екінші жағын ашады. *Педагог жемістерді бір-бірлеп алады, жаңа сөздермен таныстырады.* Күз мезгілінде жемістер піседі. Мынау – өрік. Ік-ік – міне, өрік. Мынау не? Мынау – өрік. Өрік – жеміс. Өрік не? Өрік – жеміс. Өрік дәмді. Өрік қандай? Өрік дәмді. Мынау – анар. Мынау не? Мынау – анар. Анар – жеміс. Анар не? Анар – жеміс. Анар дәмді, пайдалы. Анар қандай? Анар дәмді, пайдалы. Мынау – құрма. Мынау не? Мынау – құрма. Құрма дәмді, пайдалы. Құрма қандай? Құрма дәмді, пайдалы. Мынау – шабдалы. Мынау не? Мынау – шабдалы. Шабдалы – жеміс. Шабдалы не? Шабдалы – жеміс. Шабдалы дәмді, пайдалы.	тұрып жатқан еліне қарай бөлінеді. Әр отбасының өзіндік дәстүрі бар. **Балаларға көрсету әрекеті:** – «Отбасылық дәстүрлер, отбасылық мерекелер» дегенді қалай түсінесіңдер? Отбасы мүшелері бірігіп орындайтын шаруашылық жұмыстар, отбасылық демалыстар, отбасылық мерекелер «отбасылық дәстүрлер» деп аталады. Оларды бүкіл отбасы аналарымен, әкелерімен, әпкелерімен, ата-әжелерімен бірге тойлайтындықтан, оларды әдетте отбасылық дәстүрлер деп атайды. Отбасылық дәстүрлер – отбасында қабылданған, отбасында сақталатын мінез-құлық ережелері. Мысалы, отбасында қонақты қарсы алу дәстүрі бар. Интербелсенді тақтадан туған күн, Жаңа жыл, Наурыз мерекесін тойлап жатқан суреттерді қарастыру. Талқылауға Таусоғар да қатысады. – Сендердің отбасыларында қандай дәстүрлер, мерекелер бар? Балалар естеріне түсіріп, әңгімелейді. **Балаларға көрсету әрекеті:** «Ассоциация» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу) Сергіту сәті: балалар

	-Көгөністер бақшада өседі. Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. *Орамжапырақ, қияр, қызылша, қызанақ* сөздеріндегі «қ» дыбысына көңіл бөлу. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жаңылтпашты жаттап ал.** *Бақшада көп көгөніс,* *Бақтарда да көп жеміс.* *Өседі, піседі,* *Көп жеміс пен көгөніс.* Тақпақ жаттау. Көгөністі көп ектік, «Өссін, піссін», – деп ектік. Көктемде еккен көгөніс, Күзде берді көп өнім. Педагог тақпақты оқиды, мазмұнын түсіндіреді, балалармен жаттайды. **Сергіту сәті.** Ойын: «Кім жылдам?» себетке көгөністерді жинайды, атайды, сипаттайды. «Жеміс-көгөніс дүкені» демонстрациялық материалдармен жұмыс. Балалар суретке қарап, дүкенде қандай көгөніс сатылатынын атайды. Педагог алдымен өзі айтады: Дүкенде қияр бар. Дүкенде қызанақ бар. «Дүкен» ойыны. Қима материалдармен жұмыс. Көгөністердің қазақша атауын қайталау,есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Балалар дүкенге келеді.Диалог: Сәлеметсіз бе! Сәлеметсіз бе! Маған қияр беріңізші.	самолет – aircraft, ұшқыш – летчик – pilot, әуежай – аэропорт – airport. **Сергіту сәті:** Көлдерді көктей өт Тауларға жетпей өт! Бұлттарды жарып ұш, Бұлттан да әріге ұш! Тоқтаусыз төтеле, Жетейік көкеме... Педагог балалардың өздігінен дербес жұмыс жасауларына жағдай жасайды. Жеке жұмыс барысында педагог балалардың құрылыс материалдарын дұрыс пайдалануына бағыт беріп, оның берік орналасуын, бөліктердің қатынастарының сәйкестігін қадағалайды, бағыт береді. **Рефлексия.** Педагог балалардан өздері жасаған ұшақтары туралы әңгімелеп, талдау жасауларын талап етеді. Өте сәтті шыққан жұмыстарды және құрылыс материалдарын тиімді пайдаланған балалардың еңбектерін мадақтайды, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.	– **А** дыбысы дауысты дыбыс, оны әндетіп айтуға болады. Ауыз қуысынан кедергісіз шығады. – **А** дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай. А дауысты дыбысын айтқанда ауыз кең ашылып, тіл ауыз қуысында еркін жатады. Дауыс шымылдығы ашық болады. Осылай **а** дыбысы жасалады. Тағы бір жаңылтпаш тыңдаңдар. Аршабек «арша» деп шыршаны, Шыршабек «шырша» деп аршаны, Шатасты күлдіріп баршаны, «Шырша» деп, «арша» деп шаршады. – Бұл жаңылтпашта қай дыбыстар қайталанып тұр? **(А, ш).** Балалардың жауабы тыңдалады, қажет болса, жаңылтпашты қайталап оқиды. – Жарайсыңдар, балалар, жаңылтпашта **а, ш** дыбыстары қайталанып тұр. **Ш** дауысты ма, әлде дауыссыз ба? **А** ше? – **Ш** дыбысын айтқанда тіл ожауланып, екі жиегі үстіңгі езуге тиеді. **Ш** – дауыссыз дыбыс. – Келесі жаңылтпашты тыңдаңдар. Педагог: Торғай сүйер тоғайды, Тоғай күтер торғайды. Торғайсыз тоғай болмайды,	Шабдалы қандай? Шабдалы дәмді, пайдалы. Бұлар – жемістер. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дыбыстық жаттығу**.(айнамен орындалады) Ө-ө-өр-өр - өрік. І-і-і-іс-әс – жеміс. Қ -қ-қ - құрма. **Жаңылтпашты жаттап ал.** Алма базарда Алма алма алар ма? Ақ алма алар ма? Әлде алары анар ма? **«Дүкен» ойыны**. Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру. Жемістердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Бала дүкенге келеді. Сәлеметсіз бе! Сәлеметсіз бе! Маған өрік беріңізші. Алыңыз. Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Бала жемісті сипаттайды. Сатушы оның қандай жемісекенін табады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Сөздік ойын: «Мен қай жемісті көрсеттім». *Педагог себеттен жемістерді алып көрсетеді,балалар атын атайды.* **Жаңылтпашты жаттап**	«Көңілді күн» әніне билейді. **Сөздік жұмыс:** Қонақжайлылық – үйге келген қонақтарды сыйлау, дастарқан жасап күту. «Үй иесі» ойыны (Ойын екі топқа бөлініп ойналады. Ұлдар және қыздар. Қыздар дастарқан жасайды, ұлдар құрастырмадан үй құрастырады). (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). **Үлестірмелі материалдармен жұмыс.** Таусоғардың пайымдауы: Отбасылық дәстүрлер отбасындағы қарым-қатынасты нығайтады, өмір бойы біздің жадымызда қалады. 1. Таусоғарға сурет бойынша отбасылық мерекелер туралы әңгімеле. Отбасылық мерекелер не үшін керек? 2. Суретте қазақ халқының қандай отбасылық дәстүрі бейнеленген? Әңгімеле. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.

	Алыңыз. Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Балалар көгөністі сипаттайды. Сатушы оның қандайкөгөніс екенін табады.		Тоғайды торғай қорғайды. – Бұл жаңылтпашта қай дыбыс қайталанып тұр? ([т], [о]). – Дұрыс айтасыңдар [т], [о] дыбысы жиі естіліп тұр екен. – [Т] дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Дыбыстап айтып көрейік. Жасалу жолын еске түсірейік, дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтайық. [Т] дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай: ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл ұшы жоғары көтеріледі де, үстіңгі тістің түбіне тиеді, тілдің алдыңғы екі шеті үстіңгі тістерге қатты жабысады. Дем тіл ұшы мен тістің арасыннан шығады да, [Т] дыбысы жасалады. – [Т] дыбысы – дауыссыз дыбыс, сондықтан да қысқа айтылады – [О] дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Дыбыстап айтып көрейік. Жасалу жолын еске түсірейік, дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтайық. [О] дыбысының дұрыс артикуляциясы мынандай: [О] дыбысын айтқанда ерін дөңгеленіп, тілдің ұшы астыңғы тістен алыстап, арт жағы көтеріледі. – [О] – дауысты дыбыс. ***«Дауысты дыбысты тап» дидактикалық жаттығуы***	**ал.** Алма базарда Алма алма алар ма? Ақ алма алар ма? Әлде алары анар ма? **Сергіту сәті.** Ауладағы бағымда Самсаған көп алмалар, Жете алмаймын санына. Бір ағашта қанша бар Бұтақтан үзілген? Жарылса анарым, Моншақтай тізілген, Дәндерін аламын.	

			– Балалар, мен сендерге сөздер айтамын, сендер дауысты дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрыңдар. Педагог сөздерді асықпай, мәнерлеп, созып оқиды. Мысалы: *алма, гүл, ұлу, жүзім, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс т.б.* **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттердегі заттарды ата. Әр сөздің бірінші дыбысын ата. Сөз дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызылмен, дауыссыз дыбыстан басталса, көкпен боя. 2. **[О]** дыбысы кездесетін заттарды корша. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті** Көкке қолды біз созамыз, Күн сәулесін төгеді екен, Үлкен болып біз өсеміз. Жерге нұрын себеді екен. Күнге дейін жеткіземіз, Күн батқанда таудан асып, Жаймен қолды түсіреміз. Тәтті ұйқыға кетеді екен. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** (*графикалық жұмыс)* 4. Штрихта. 5. Нүктелерді бастыр, жалғастыр. **Саусақ жаттығуы:** **Тында, орында.** «Бәрінен де мен күшті», – Екі қолдың күштерін, Деп айтады оң қол. Кәне,		

			сынап көрейік. «Неге сен? Ал мен ше!» – Оңға, солға тартайық, Деп келіспейді сол қол. Достастырып қайтайық. Педагог графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды? – Балалар, смайлдар арқылы өздеріңнің ұйымдастырылған іс-әрекетінде көрсеткен білімдеріңе баға берейік.		

Құндылықты қалыптастыру

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

3 үзіліс – 10:35 – 10:45

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен танысыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

Басты мақсат: Артикуляциялық жаттығулар — сөйлеу мүшелерінің (тіл, ерін, жақ) қозғалысын дамытуға бағытталған жаттығулар. Бұл жаттығулар дыбыстарды дұрыс қоюдың негізі болып табылады.

Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар. **Артикуляциялық гимнастика** - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығуларартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп	***Әдістемелік нұсқау.*** **1. «Сабын көпіршігін үрле».** Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін. **2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле»** (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе	**Демалу гимнастика жаттығулары.** **Мойын бұлшықеттеріне арналған жаттығулар. Тыныс алу бойынша жұмыс.** Біз қиярға қараймыз. Мойынды созыңыз (ауызбен дем алыңыз). Басыңды алға еңкейт, мұрынмен дем шығару). "Жаңбыр жауа ма, көрейік". Басыңызды бастапқы қалыпқа көтеріңіз, содан кейін артқа сүйеніңіз

жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар: **Мақсаты:** 1.Артикуляциялық жаттығулар есте сақтау қабілетінің дамуы арқылы, балалар таза және дұрыс сөйлеуге үйренеді. 2.Логопед жұмыс бастаған кезде балалардың дыбысты айтудағы қателері тез жөнделеді. Олардың бұлшықтары оған дайын болады. 3.Дыбыстарды анық айтпайтын балаларға артикуляциялық жаттығулар қажет. Балалар мен ересектердің дұрыс нақты және әдемі сөйлеуіне артикуляциялық жаттығулар көмек береді.	мақтаны үрлеуге болады). **3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді».** Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз. **4. «Көңілді маймыл».** Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз. **5. «Шарларды үрлеу».** Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз. **6. «Жылан қалай ысқырады».** Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс).	(ауызбен дем алыңыз), бастапқы қалыпқа оралыңыз (мұрынмен дем шығарыңыз). Біз сол жақтан нені, оң жақтан нені көреміз? Оңға қара "қарбызды" көр, солға қара - "қауынды" көр. Басты екі жаққа бұру: солға (мұрынмен дем шығару) - түзу (ауызбен дем шығару); оңға (ауызбен дем шығару) - түзу (мұрынмен дем шығару).		
4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 10.45 – 11.10					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Қалай спортшы болуға болады? **ҰІӘ міндеттері:** - ептілік,өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту;спортқа деген ынталарын,салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу. **Дағды**: Үзіліссіз баяу жүгіру, тізелерін жоғары көтеріп жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. **Ұлттық құндылықтар:** спорттың пайдасын; ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын қалай дамыту керектігін; салауатты өмір сүру үшін не істеу қажеттігіне игеру. **«Адал азамат» біртұтас**	**4. Музыка-**шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Біздің аспаптар. **ҰІӘ міндеттері:** - ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру; -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -әуеннің би сипатын сезіну,би қимылдарының элементтерін орындау; -балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру. **Дағды**: аспаптың дыбысталу тембрін ажырата білуге	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Менің сүйікті жануарларым. **ҰІӘ міндеттері:** - экологиялық мәдениетке,ұйымшылдыққа ,психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу. **Дағды**: Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанның көмегімен төрттағандап еңбектеуге жаттықтыруды жалғастыру; талдап ойлау, қабылдау, үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Әртүрлі бағыт және	**4. Музыка-**шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Біздің аспаптар. **ҰІӘ міндеттері:** - ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру; -әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -әуеннің би сипатын сезіну,би қимылдарының элементтерін орындау; -балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру. **Дағды**: аспаптың дыбысталу тембрін ажырата білуге дағдыландыру.	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Дене қабілеттерін дамыту. **ҰІӘ міндеттері:** - денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол қолымен жерге соғуға жаттықтыру. **Дағды**: Жүгіріп келіп, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп екпінмен биіктікке секіру дағдыларын бекіту. **Ұлттық құндылықтар:** баяу жүгіру дағдыларын, негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын, қолды сермеу мен аяқпен итерілу күшін мөлшерлеуді, кеңістікті бағдарлау біліктілігін арттыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жаттығуларды орындау

	тәрбие: Берілген тапсырмаларды зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту, тұлға бітімдерімен аяқ қол, кеуде бұлшық еттерін жетілдіріп оны әрі қарай дамыту. **Қауіпсіздігі:** Жаттығуларды орындау барысында сақтық білдіруге үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже:** алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді, екпінмен жүгіріп келіп, 25 см биіктікте ілінген затқа қолын жоғары көтеріп секіруді, залдың бір шетінен екінші шетіне сап түзеп жүруді, баяу жүгіруді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Тыныс алу жаттығуы «Біз спортпен айналысамыз, сондықтан жылдам өсеміз» – қолды жоғары көтеріп, аяқтыңұшымен тұру – тыныс алу. «Күннен-күнге бойымыз өсіп барады» – қолды төмен түсіріп, барлық табанмен еденге түсу дем шығару. Сап түзеп залдың бір	дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Халық музыкасына деген суйіспеншілігін арттыру, ұлттық сезімін ояту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ұлттық аспаптарды бір бірінен ажырата білуге үйрету,оларды дыбысынан ажырата білуге және музыкаларды тыңдау арқылы эстетикалық талғамдарын, музыканы қабылдау деңгейін дамытуға, мінезіне қарай ажырата білуге уйрету. **Қауіпсіздігі:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады. Ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Сәлеметсіз бе балалар? (до – ре – ми – фа – соль – соль - соль) Балалар: - Сәлеметсіз бе! (соль – фа – ми – ре – до) (қолына білезік тағып) Оң қолымда білезік Сол қолымда білезік,	қарқынмен қолды қадамдарымен үйлестіре қозғап жүгірулерін жетілдіру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілік,шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. Спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу. **Қауіпсіздігі:** Жануарларға қамқорлық жасауға, оларға сүйіспеншілікпен қарай білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже:** әртүрлі бағыт және қырқынмен қолды адамдарымен үйлестіре қозғап жүгірудің, гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанның көмегімен төрттағандап еңбектеудің маңызын; музыка әуенімен нұсқауларды аса дәлдікпен орындау машықтарын, секірумашықтарын. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Ерекше жануар» тренингі Бір-біріміздің қолдарымыздан ұстап,	**Ұлттық құндылықтар:** Халық музыкасына деген суйіспеншілігін арттыру, ұлттық сезімін ояту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ұлттық аспаптарды бір бірінен ажырата білуге үйрету,оларды дыбысынан ажырата білуге және музыкаларды тыңдау арқылы эстетикалық талғамдарын, музыканы қабылдау деңгейін дамытуға, мінезіне қарай ажырата білуге уйрету. **Қауіпсіздігі:** аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже**: әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады. Ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Сәлеметсіз бе балалар? (до – ре – ми – фа – соль – соль - соль) Балалар: - Сәлеметсіз бе! (соль – фа – ми – ре – до) (қолына білезік тағып) Оң қолымда білезік Сол қолымда білезік, Сәнді көйлек киелік	алдында балалардың икемділігін дайындау. Биіктікке көтеріле өрмелеуді үйрету. ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын қадағалау. **Қауіпсіздігі:** Жүгіру кезінде дұрыс тыныс алуларын дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Білім мен еңбек – болашақтың шамы»** **Күтілетін нәтиже:** залда қауіпсіздік ережелерді сақтау керектігін, бөрененің үстімен жүргенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды, өз қимылдарын оң жақ, сол жақ көршілес балалармен үйлестіруді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Бір-бірден тізбекке, қатарға тұру. Бір-бірден тізені жоғары көтере отырып, тізбекке тұру. Екі қатарға қайта сап түзеу. Алаңқайдың бір жағынан екінші жағына дейін қатарды бұзбайбарып қайту. **І.Гантельдермен жалпы дамыту жаттығуларын орындау (№1).** Жүгірістен кейін тыныс алуын қалыпқа келтіреді.

	Педагог әрекетінің алгоритмі: балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз? Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтыңдаршы? Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер? Өздерің таза жүресіңдер ме? **Балаларға көрсету әрекеті:** Түбірлес сөздер деп түбірі бір сөздерді айтамыз. Мысалы: талап – талапты, талапсыз;өсір – өсіру, өсірмеу; өнер – өнерлі, өнерпаз; бақыт бақытты, бақытсыз; ар –арлы, арсыз,кітап – кітапхана, кітапша, ойын – ойыншы, ойыншық, ойна, бала – балақай, балалық, балақан, бота – ботақан, ботагөз. Балалар, енді түбірлес сөздер құрастырып көріңдер. Балалар, мен жұмбақ жасырамын, тапқан жауаптарыңа түбірлес сөздер құрастырыпберіңдер. **Жұмбақтар шешу:** Ертемен күнде сен, Қолыңды сүйкесең, Кетіп кір, ласың, Тап-таза боласың. Бұл не? (Сабын) Шомылған баланы,Аймалап алады. Сүйеді қолын да, Сүртеді жанын да.	балаларға түсіндіріп, білімдерін кеңейту. Өрттің алдын алуға балаларды ынталандыру. Сұрақ - жауап арқылы қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу. Адам өміріне өрттің зиянды екенін біле отырып сіріңкені, тұрмыстық техникалық заттарды пайдалану қауіпсіздік ережелерін білу. **Қауіпсіздігі:** Оттың тілсіз жау екенін ұқтыру. Өрттен, оттан сақтану жолдарын үйрету. Оттың адам өміріндегі маңызын, пайдасын, пайда болу жолдарын ұғындыру. Сонымен қатар оттың тілсіз жау екендігін ұқтыру. Өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы толық мағлұмат беру. Балаларға оттан сақтанудың жолдарын, өрттің табиғатқа, адамға әкелетін зардабын түсіндіре отырып, сіріңке, оттық т. б. қатерлі нәрселерден аулақ болуға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Отан – отбасынан басталады»** **Күтілетін нәтиже**: Өрт пен ойнамауды, өрт шығаратын заттарды үлкендердің рұқсатынсыз ұстамауды игерді.Өрттің алдын алып не істеу керектігін игерді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру,	ортмен таныстыру, табиғатты аялауға қамқор болуға, бір-бірін сыйлауға, адамгершілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Отан – отбасынан басталады»** **Күтілетін нәтиже**: аптаға, демалыс күндеріне жұмысты қалай жоспарлауға болатынын түсінеді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** – Бүгінгі аспан ашық, күн жылы, көңіл күйіміз көтеріңкі, тамаша! Мен бәріңе сәттілік тілеймін! ***«Ыстық лебіз» әдісі*** Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтады. – Бір аптада неше күн бар? Балабақшаға неше күн келесің? Неше күн демаламыз? – Бүгін ақын Әдібай Табылдының «Бір аптада» деген санамақ өлеңімен танысамыз (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). **Бір аптада** Дүйсенбіде доп ойнадық қорада, Сейсенбіде серуен құрдық далада. Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,	пікірін айта білуге үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Отан – отбасынан басталады»** **Күтілетін нәтиже**: - әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады; -дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалар, дыбыстар –дауысты дыбыс және дауыссыз дыбыс болып екіге бөлінеді. Әліпбиде 42 дыбыс болса, соның 27-сі – дауыссыз дыбыстар. Дауыссыз дыбыстарды атап айтайық. Дауыссыз дыбыстар кеудемізден сығылып, кедергіге ұшырап шығып жатыр. Дауыссыз дыбыстар қатаң, ұяң, үнді болып үшке бөлінеді. Мысалы: Қ, К, П дыбыстары – қатаң дауыссыз дыбыстар. Айтылған кезде қатты естіледі. В, Г дыбыстары – ұяң дауыссыз дыбыстар, жай естіледі. М, Л дыбыстары – үнді дауыссыз дыбыстар, созылып естіледі. **Балаларға көрсету әрекеті:** Қ.Мырза Әлидің **«Ең тәтті дүние»** әңгімесін мәнерлеп оқиды.Ең тәтті дүние. Хайуанаттар бағының	білуге дағдыландыру; Сөздік қорын молайту, логикалық ойлау қабілетін дамыту, ойынға деген қызығушылығын арттыру; Ойыншықтардың түрлерімен таныстыру; Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Отан – отбасынан басталады»** **Күтілетін нәтиже**: Тақпақты мәнерлеп жаттау тәсілін игерілуі; Сурет бойынша әңгіме құрастыра алуды меңгерілуі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберін құру. Ойыншықпен ойнаймыз, Шынығамыз, өсеміз. Жылдан-жылға бәріміз Үлкен болып келеміз. – Балалар, балабақшада, үйде немен ойнайсыңдар? – Тобымызда қандай ойыншықтар бар? **Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?»** (баланың ойлау қабілетін дамыту). Шарты: қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады.

	Бұл не? (Сүлгі) **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Қанатымды жазамын, Жоғары-төмен қағамын. Биік көкке айналып, Жұлдыздай жылдам ағамын. **Демонстрациялық материал.** Балалар, мен Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Шаштараз» өлеңін оқып беремін. Сендер суретке қарап жаттап алуға және өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға тырысыңдар. **Шаштараз.** Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз. Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім, Соны ұнатпас шаштараз. Ал ұқыпты баланы Өте жақсы көреді. Шашын сәндеп алады, Жұпар сеуіп береді. **Сөздік жұмыс:** Араз – қарсы мағынасында; Жұпар – әтір, иіс судың исі.	балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Жұмбақ жасырады: Шашты ашуын ысылдап, қызыл тілі жалаңдап. (Өрт) – Бүгін біз сендермен және Көлтауысармен бірге, оттың пайдасы мен зияны, өрттен қалай қорғану керектігімен, өрт сөндірушілердің еңбегімен танысамыз. **Оттың пайдасы:** • Жылуды сақтауға көмектеседі. • Тағам дайындаймыз. • Зауыттарда оттың көмегімен металды, шыныны балқытады. • От – символ, мәңгілік алау арқылы ардагерлерді еске аламыз. • Олимпиада алауын спортшылар алып жүгіреді. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Оттың зияны:** • Абайсыз әрекет өртке әкеледі. • Өрттен адамдар көп зардап шегеді. • Отты дұрыстап өшірмесең, ормандағы ағаштар өртеніп кетеді. • Аңдар, құстар зиян шегеді. Интербелсенді тақтадан «От – дос, от – жау» слайдтарын қарау. Қандай өрт қауіпсіздігі ережелерін білеміз? **Өрттің алдын алу үшін:**	Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік қыратта, Сенбі күні кино көрдік клубта. Жексенбіде үйде болып демалдық. (Әдібай Табылды) **Сөздік жұмысы:** *қыратта* – ауылдың сыртында *клуб* – кино, мультфильм көретін орын Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:*** – Санамақ қалай аталады? Саған ұнады ма? – Апта күндерін атайық. Аптаның әр күнінде немен айналысамыз? – Демалыс күндерін қалай өткізесің? **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сергіту сәті** Аптаның бірінші күні – дүйсенбі, Екінші күні – сейсенбі, Үшінші күн – сәрсенбі, Төртінші күн – бейсенбі, Бесінші күн – жұма, Алтыншы күн – сенбі, Жетінші күн – жексенбі. Педагог «Бір аптада» санамағын эмоциямен 2-3 рет қайталап оқиды, бірге жаттайды. Педагог өлеңнің басын оқып, балалар жалғастыратын жаттату тәсілін пайдаланады. Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Суреттерді қара. Бір	хайуандары түскі асқа жиналды. Дастарқан басында Қоян, Ешкі, Борсық және оларға қонаққа келген Аю отырды. Дәмді тағамдар туралы әңгіме басталды. Ең дәмді тағам сәбіз ғой, шіркін! – деді Қоян. Мә-ә, мә-ә, – деді Ешкі. – Сәбіз, әрине, жақсы, бірақ, орамжапыраққа жетпейді. Тапқан екенсіңдер тәттіні! – деп Аю гүр ете түсті. – Сәбіз бен орамжапырақ та сөз болыппа! Дүниедегі ең дәмді нәрсе – бал! Үндемей қалған Борсық қана болатын. Ол бір есінеп алдыда: Дүниедегі ең тәтті нәрсе – ұйқы! – деді. Әңгіме де нелер жайлы айтылған? **Тілдік бейнелілігімен жұмыс:** Хайуанаттар – животные, ешкі – коза, қоян – заяц, аю – медведь. Бірге қайталайық . Педагог борсық деген жыртқыш жануар екенін айтып өтеді. Хайуанаттар қайда кездесті? Олар не жайлы әңгіме айтты? Қоян үшін не тәтті екен? Ешкі үшін не тәтті екен? Аю үшін не тәтті екен? Ал борсық үшін не тәтті екен? Балалар әңгімеде жанурлар нені ұнатса, сол тәтті екен. Әңгіме мазмұны сендерге ұнадыма?	Слайд арқылы ойыншық түрлері көрсетіледі. Балалар ойыншықтарды ажыратып, атын атайды. Үлкен, кішілігін салыстырады. – Бүгін біз ойыншық туралы әңгімелесеміз. Ол үшін ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Менің ойыншықтарым» өлеңін тыңдап көріңдер. Педагог өлеңді оқиды (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** құлын – жылқының жас төлі құлыншақ – кішкентай құлын ұрыншақ – бір жерін жарақаттап алу Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең ұнады ма? Авторы кім? – Өлеңде қандай ойыншықтар туралы сөз болады? – Сенде қандай ойыншықтар бар? – Саған қандай ойыншық ұнайды? – Мынау – құлыншақ. Ол жылқының төлі. Құлынды еркелетіп, құлыншақ деп атаған. Құлыншақтың түсі қандай? – Сен құлыншақты қайдан көрдің? Құлыншақты сипаттап бер. **«Белсенді суреттер»** ойыны.

		1. Ешқашан сіріңкемен және оттықпен ойнамауға болмайды. 2. Газ плитасын немесе пешті өз бетімен жағуға болмайды. 3. Токқа қосулы үтікті немесе шәйнекті қараусыз қалдырмау керек. 4. Орманда от жағуға болмайды. 5. Бензинмен немесе тез тұтануы мүмкін басқа сұйықтықтармен ойнама. «Иә, бұл менмін, иә, бұл менмін, бұлар – менің достарым» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). **Балалармен бірге орындау әрекеті:** – Мен сендерге заттарды көрсетемін, ал сендер олар қай мамандыққа жататынын табыңдар. (Өрт сөндіргіш баллон, каска, противогаз, су құйғыш, бетперде). Балалар бұл өртсөндіргіш мамандығына тиесілі екенін табады. **«Күштілер,ептілер, батылдар» ойыны.** Дабылға тез жететін, Тайсалмайтын батыл кім, Жалынға сүңгіп кететін. Жасқанбайтын батыр кім? (Өрт сөндіруші) Сергіту сәті. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу) **Үлестірмелі материалдармен жұмыс.** 1. Көлтауысарға оттың пайдасы мен зиянын	аптада неше күн бар? Балалар аптаның әр күнінде не істегенін айт. 2. Әр дөңгелектегі алманы сана. Тиісті цифрмен сызып қос. 3. Жұмбақты шеш. Бір ұяда жеті жұмыртқа. (Апта күндері) 4. Құстарды санап, санын айт. Үзік сызықтарды бастырып сыз. Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Дидактикалық ойын: «Апта күндері»** (баланың ойлау қабілетін дамыту). **Шарты:** тақтаға апта күндерінің суреті ілінеді. Осылардың ішінен демалыс күндерін табады. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Бүгін не туралы әңгімеледік? Өлең қалай аталады? – Сен апта күндерін қалай өткізесің? Қай күндері демаламыз? Балаларды мадақтайды.	**Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** (Сергіту жаттығуларын А.Меңжанованың «Қайда екен?» өлеңімен жасатуға болады). Қайда екен? Қайда екен қолымыз, Оңымыз бен солымыз. Білеміз бе оны біз? Міне, оң мен солымыз, Міне, алақай, қолымыз.Қол соғайық: бір, екі. Ал санайық: бір, екі. Топылдатып билейтін, Аяғымыз қайда екен? Дидактикалық ойын: **«Таңдап ал да, атын айт».** **Ойын шарты**: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып,атын айтады және оның жүрісін салып береді. **Жаңылтпаш жаттау:** **Міндеті:**Жаңылтпашты қайталау арқылы балалардың тілін жаттықтырады. Қай тай лақтай? Қай лақ бармақтай?	Балаға бір ойыншықтың суреті көрсетіледі. Ол суреттегі ойыншықты ым-ишара, пантомима әдісімен бейнелейді. Қалған балалар жасырынған бейнені табады. **Сергіту сәті:** Мен құлыншақ, құлынмын, Ақын болсаң, жырыңмын, Батыр болсаң, тұлпармын, Негізі сол сырымның. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Педагог «Менің ойыншықтарым» өлеңін екінші қайтара оқиды. Мнемокестедегі суреттерді атайды. – Мнемокестедегі суреттер арқылы тақпақты жаттаймыз. Балалармен қайталап, өлеңді бірге жаттайды. 2-3 балаға өлеңді жатқа айтуды ұсынады. Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Суретте не бейнеленген? Әр вагонда қандай ойыншықтар бар? Суреттегі өзіңе ұнаған ойыншықты сипатта. 2. Не артық? Белгіле. Балалар тапсырма бойынша артық зат – кітапты тауып, белгілейді. 3. Үлкен және кіші доптың суретін аяқтап сал. Боя. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетті пысықтау. – Саған бүгін қандай

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>түсіндір. Оттың зиянын көрсететін суреттерді қызыл қарындашпен, пайдасын көрсететін суреттерді көк қарындашпен белгіле.
2. Өрттің табиғатқа келтіретін зияны туралы әңгімеле. Өрттің шығу себептерін айт.
Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.</td>
<td></td>
<td></td>
<td>ойыншық ұнады?
Балаларды мадақтау.
Менің ойыншықтарым
Жүрмейсің бе абайлап,
Болмасаңшы ұрыншақ.
Асыр салып көп ойнап,
Ақсап қапсың, құлыншақ.
Ашытпайды көзіңді,
Шомыла ғой, балақай!
Қарашы енді өзіңе:
Аппақ болдың, алақай!
Түймең қалды үзіліп,
Неге қадап алмайсың?
Тұр ғой әне ине-жіп,
Неге ұқыпты болмайсың?
(Мұзафар Әлімбаев)
 </td>
</tr>
<tr>
<td rowspan="5">«Ас – адамның арқауы» түскі ас.
10:00-10:10
Ас қабылдау мақсаты:
Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Дағды: Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық</td>
<td colspan="5">Үнемді тұтыну мақсаты: берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру.
(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)
Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="5">«Адал азамат» біртұтас тәрбие</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="5">- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды.
- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.
- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.
- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»
«Нан тағамның атасы»,
«Нанды шашпай, үгітпей жейміз»</td>
<td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»
«Нан тағамның атасы»,
«Нанды шашпай, үгітпей жейміз»</td>
<td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»</td>
<td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ...ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»
Ас адамның арқауы.</td>
<td>«Тамақ ішу әдебі»
«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады
ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК...
ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...
«Астарың дәмді болсын!»</td>
</tr>
</table>

емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.			Дәнді шашпа, нанды баспа		«Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»

2 үзіліс – 10:00 – 10:10

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

Басты мақсат: Артикуляциялық жаттығулар — сөйлеу мүшелерінің (тіл, ерін, жақ) қозғалысын дамытуға бағытталған жаттығулар. Бұл жаттығулар дыбыстарды дұрыс қоюдың негізі болып табылады.

Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.

Дыбыстық есту арқылы ойын:

«Менімен қайтала»

Мақсаты: Балаларды «а», «у» дыбыстарын сөздерде, буындарда таза, анық айтуға үйрету: гу, му, ну, ух,

Шарты: - Сендерде қандай ойыншықтар бар екенін көрейік: тауық, қаз, балапан, бұзау, Балалар картачкалардағы суреттерге қарап нелер бар екенін атай отыра олардың қалай дыбыс білдіретіндерін айтады.

Маса өлеңі- зу-зу-зу
Қоңыз өлеңі- жу-жу-жу
Даулпаз өлеңі- бум-бум-бум
Пойыз өлеңі- чух-чух-чух
Сиыр өлеңі - му-му-му
Көкек өлеңі- ку-ку-ку
Құбыр (дудочка- ду-ду-ду) өлеңі-ыр-ыр-ыр (Музыкалық құбыр)
Жел өлеңі- у-у-у-у

Ойын: «Сыпайы сөздер дүкені»

Мақсаты: белгілі бір жағдайда сыпайы сөздерді қолдана білуді қалыптастыру.

Шарты:Дүкендегі сөрелерге «сыпайы сөздер» орналастырылған: алғыс айту (рахмет, алғыс білдіремін), өтініштер (өтінемін, мархабат), сәлемдесу (сәлеметсіз бе, қайырлы күн, қайырлы таң), кешірім сұрау (кешіріңіз, ғафу етіңіз, өкінішті), жылы сөздер (құрметті ана, әке, анашым, әжетайым). Педагог жағдаяттарды сипаттайды, ал балалар сөреге кезек-кезек келіп, сатушыдан өзіне қажетті сөздерді «сатып алады» және жағдаяттарды талдай отырып, оларды қолданады.

Жағдаят:Анаң дүкеннен дәмді алма әкелді. Сен алмалардың дәмін татып көргің келді, бірақ анаң түскі асқа дейін күтуің керек деді. Сен анаңнан оны қалай сұрайсың?

Артикуляциялық жаттығулар

«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.

Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.10 – 10.35

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жидектер **ҰІӘ міндеттері:** - қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.	**3.Сурет салу-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жаңбырлы күн (Акварель бояу) **ҰІӘ міндеттері:** - мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін	**3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Ұяң дауыссыз дыбыстар **ҰІӘ міндеттері:** - дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. -суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Ойнайық та ойлайық **ҰІӘ міндеттері:** - меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен	**3.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Ең жақын адамдар. **ҰІӘ міндеттері:** - отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту.

	-сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту. **Дағды**: Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** жаңа сөздерін сөйлем құруда қолданады. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жаңа сөздерді меңгерте отырып, жеміс - жидектерді атай білуге дағдыландыру. Көкөністер мен жемістерді бір - бірінен ажырата білуге үйрету. Балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** -үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету; - көгеністердің пайдасы туралы түсінік беру. **Апта дәйексөзі**: **«Отан – отбасынан басталады»** **Күтілетін нәтиже**: жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды айтады, сөздерді сөйлемдерде байланыстырады, диалогке қатысады; қарапайым сұрақтарды түсінеді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:**	үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; -ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алуға, еркін жұмыстануға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** қағаз бетінде атаулы суретті дұрыс орналастырып қолдана алады, жұмысты орындау барысында қойылған талаптарды дұрыс сақтайды. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** - Балаларға табиғаттағы көңіл күйді түстер арқылы сезе білуге үйрету; -«суық түстерді» пайдалана отырып, күзгі жаңбырды бейнелей алу; -ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру **Қауіпсіздігі:** Балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып, өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету. Жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру. Бейнелеген заттарын музыка әуенімен қимыл-қозғалыста үйлестіре білуге бағыттау, ептілік пен жинақылыққа	сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. -еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Дағды:** Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** ұяң дауыссыз дыбыстарды көтеруге, созуға, әуенін өзгертуге мүлде болмайтынын түсінеді. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды бауырмалдыққа, бір - бірін қолдауға, достарының сөздерін тыңдай білуге, топпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу **Қауіпсіздігі:** Дауысты, дауысыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Сөздерді талдай білуге жаттықтыру. Сөздердегі дыбыстарды орнына қоюын бекіту. Сөздегі басында және соңында тұрған дыбыстарды анықтауды үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Отан – отбасынан басталады»** **Күтілетін нәтиже**: ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтады; ұяң дауыссыз дыбыстарды ажыратады.	сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру; -бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу. **Дағды**: сөздерді сөз тіркестерімен айтуға, сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Балалардың есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілетін дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, ептілікке, бірлікке, достыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ойын, есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту. Балалардың жеміс ағаштарын қорғап, оларға қамқор болуына ықпал ету үшін тәрбиелік әңгімелер жүргізу. **Қауіпсіздігі:** Балалардың күз туралы білімдерін толықтыру. Көкөністер мен жемістерді сипаттай білуге үйрету. Байланыстырып сойлеу тілін, көпкемдік талғамын дамыту, сөздік қорын молайту. Адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Отан – отбасынан басталады»**	Отбасы мүшелері – бірге тұратын адамдар екені туралы түсінік беру; -балаларды өз отбасы туралы сауатты әңгімелеуге баулу, балалардың айланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; -жақын адамдарға қамқорлық жасауға деген ықыласты тәрбиелеу, отбасына деген оң көзқарас қалыптастыру. **Дағды**: отбасындағы өзара сыйластық қарым -қатынас дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** отбасындағы үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Өз отбасына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін, ата-аналарға құрмет сезімін тәрбиелеу; - Өз отбасының тарихына, отбасылық дәстүрлерге қызығушылықты дамыту; - Сыныптастарының отбасыларына деген құрмет, оң қарым-қатынасты қалыптастыру; **Қауіпсіздігі:** отбасындағы өзге мүшелерге қатысты өзінің туыстық байланыстар жүйесіндегі орнын анықтау **Апта дәйексөзі**: **«Отан – отбасынан басталады»** **Күтілетін нәтиже**: Өз отбасылары туралы

	балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?». Ойынның міндеті: зейін қойып тыңдауға, сөйлемді дұрыс құруға жаттықтыру. Ойынның шарты: сөйлемді тыңдап, қатесін түзету. Алма, алмұрт, өрік – көгөніс. Дұрыс емес, алма, алмұрт, өрік – жеміс. т.б **Балаларға көрсету әрекеті:** Дидактикалық ойын: «Күз сыйы». Себетте жемістер, көгөністер және жидектер бар.*Педагог жемістер мен көгөністерді бір-бірлеп алып қайталау, жидектермен таныстырады.* Мынау қандай жеміс? Ол – өрік. Өрік дәмді. Мынау қандай көгөніс? Ол – қияр. Қиярда пайдалы дәрумендер көп. т.б Мынау – қарақат. Мынау не? Мынау – қарақат. Қарақат дәмді, пайдалы. Қарақат қандай? Қарақат дәмді, пайдалы. Қарақат кішкентай, түсі қара. Қарақат қандай? Қарақат кішкентай, түсі қара. Мынау – құлпынай, қ-құ-ұ-л-пы-най. Мынау не? Мынау – құлпынай.	тәрбиелеу. **Коррекциялық:** балалардың ұсақ қол моторикасын,табиғат құбылыстарын бақылай отырып, жаңбыр тамшыларын салуға үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Отан – отбасынан басталады»** **Күтілетін нәтиже**: жаңбырдың түрлері және оны қағаз бетінде түсіру ерекшеліктерін игере отырып, губкамен немесе қылқаламмен қағаз бетіне жаңбыр тамшыларын салады; табиғат құбылыстары жайлы түсініктері кеңейіп, жаңбырлы күннің ерекшеліктерін біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Губкамен жұмыс жасауға, яғни бір бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы тамшы бейнесін түсіреді. Қылқаламмен сүйкей жағып, дақтар түсіру тәсілімен де орындап, қағаз бетіне біркелкі шашырата салуларын көрсетеді. **Балаларға көрсету әрекеті:** –Менің жұмбағымның шешуін тауып көріңдер.	**Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Артығын тап»** ойынын ұйымдастыру арқылы бастайды. Педагог сөздерді барынша жылдам оқиды. Қарға, қамыс, қалам, қамшы, тамшы. (тамшы) Орындық, орман, ожау, олақ, шолақ. (шолақ) Дариға, Дархан, Орхан, Дина, Диана. (Орхан) Сандық, сағат, сақал, мақал, сағыз, соғыс. (мақал) Бөтелке, балға, бал, мал, бала, қала. (мал) Балалар сөздердің ішінен артық сөзді шатаспай, жылдам табулары керек. Балалар сөздің бірінші дыбысы бойынша артық сөздерді табады. Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау. «Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. «Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау.	**Күтілетін нәтиже**: берілген тақырыптар бойынша сөздер біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Қызық екен» ойыны.Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады.Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай. Тапсырма. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата? Күз айларын ата? Күз туралы тақпақ оқы? Сурет бойынша сөйлем құра. Көгөністер. Қандай көгөністерді білесің? Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) *қима суреттерден көрсету.* Сурет бойынша сөйлем құра **Балаларға көрсету әрекеті:** Жемістер. Қандай жемістерді білесің? Артығын тап? (Алма, өрік, алмұрт, құлынай). Жемістер туралы жұмбақтар айтыңдар?	әңгімелеп айтуды; Отбасындағы үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болу керектігін; Отбасы мүшелері туралы тақпақ, өлең айтуды біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Менің анам қандай?» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Ең жақын адамдар деген кімдер? Балалардың жауабы тыңдалады. Педагог «Бақытты балалар» деген сөздің мағынасын ашуды ұсынады. – Бақытты бала өз отбасында, ең жақын адамдарымен бірге тұратын бала, қамқорлық пен махаббатқа толы ортада өскен бала. Отбасы дегеніміз – бір шаңырақта тұратын туыс адамдар. Отбасында атасы, апасы, анасы, әкесі және балалар болады. Отбасы мүшелері бір-біріне қамқорлық жасайды, түсінеді, бір-бірін сыйлайды, жақсы көреді, жылы сөйлеседі. Отбасы қандай болу керек? – Отбасы тату болу керек. Әр отбасы мүшесі кішіпейіл, ізетті болу керек. Бір-біріне көмектесу керек. Сонда бәрі бақытты болады.

	Құлпынай дәмді, пайдалы. Құлпынай қандай? Құлпынай дәмді, пайдалы. Мынау – таңқурай. Мынау не? Мынау – таңқурай. Таңқурай дәмді, пайдалы. Таңқурай қандай? Таңқурай дәмді, пайдалы. Мыналар – жи-дек-тер. *Жидектер дәмді, пайдалы.* **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Бұлт қабағын түйіп ап, Бүркеп алды аспанды. Тырс-тырс тырсылдап, Жаңбыр жауа бастады. Күнге қолды созамыз, Күннен жылу аламыз. Бойымызға таратып,Біз көңілді боламыз. **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Қ- қ-қ- қа-ра-қ-қат. Ұ-ұ-ұ- құ-ұ-л-пы-най Ң-ң-ң-таң-ң-қу-рай. «Дүкен» ойыны. Балалармен қима материалдарды қолданып, сұрақ-жауап әдісі арқылыдиалог құру. Жидектер, жемістер, көгөністердің қазақша атауын қайталау, есте сақтау. Санамақпен сатушыны таңдайды. Бала дүкенге келеді. Сәлеметсіз бе! Сәлеметсіз бе! Маған қияр қарақат беріңізші. Алыңыз. Рақмет. Сау болыңыз. Ойынды күрделендіруге болады. Бала көгөністі,	Тырс-тырс тамады, Тереземді қағады. (*Жаңбыр*). Бүгін күн қандай? Ашық па? Бұлтты ма? Жаңбыр жауып тұр ма? Тақтадағы суретке мұқият қараңдаршы, бұл не? Түсі қандай? – Жаңбыр жауғанда қандай дыбыс естіледі? Кәне, тыңдап көрейік. Педагог үстел үстіне саусақтарымен тысырлатып жаңбыр дыбысын бейнелейді. Ой, жаңбыр құйып жауып кетті. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Көркем сөз оқу.** Көптілділік компонент бойынша жауын – дождь – rain, бұлт – туча (облака) – cloud ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөлу керек. **Сергіту сәті.** Жауын-жауын жауады, Бәрін суға малады. Біз қарындаш аламыз, Тамшыларды саламыз. Жаңбыр жаумас бұрын, алдымен аспанда не пайда болады? – Олай болса қағаз бетіне алдымен бұлтты салып аламыз. Бұлт қоюланғанда түсі сұр болады. Енді жаңбыр тамшыларын қағазға былай түсіреміз (салу тәсілін көрсетеді). Үзік сызықтарды қылқаламның ұшымен сүйкей жағу тәсілімен	**Балаларға көрсету әрекеті:** Дауыссыз дыбыстармен жұмыс. Педагог дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суреттерін тақтаға іледі: балға, вагон, гүл, ғарыш, доп, жүзім, зырылдауық. Атайды, сөздің бірінші дыбысын ерекше етіп айтады. – Мен айтқан дыбыстарды қайталаңдар: б, в, г, ғ, д, ж, з. Дауыссыз дыбыстарды айтқанда көмейде кедергіге ұшырамаған ауа ауыз қуысына күшті қарқынмен келеді. Ауыз тар ашылғандықтан, көмей арқылы келген қарқында ауа әртүрлі артикулярлық мүшелермен соқтығысады. «Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны – Б дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар. – Бақа, бақыт, бал, би, Берік, бор, балық, бас, батыр, быламық, ботқа. – Г дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. – Гүл, гитара, гамаж, галстук, газ, газель, гауһар, газет. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды. «Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге сөздер айтамын, дауысты	Сурет бойынша сөйлем құра. Жидектер. Қандай жидектерді білесің? Аудармасын тап? ягоды – ... (жидектер), смородина – ... (қарақат), клубника – ... (құлпынай), малина – ... (таңқурай). Сурет бойынша сөйлем құра. Ойын соңында ұпайларын санап жеңімпазды анықтайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Ал, балалар, тұрамыз, Айналаны шоламыз. Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желге ырғалып шайқалған. Суреттермен жұмыс. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Күз мезгілінің суретін аяқтап сал. Күздің белгілерін ата. -Балалар кім айтады бір жылда неше жыл мезгілі бар? -4 жыл мезгілі бар. -Дұрыс айтасыңдар, олай болса мен қазір сендерге жұмбақ өлең айтамын, сендер қай мезгіл екенін табыңдар? Күн ұзарып, Қар еріп, Су сайларға толады. (көктем) Күндер ысып, Шөп пісіп, Ел пішенін орады. (жаз)	**Балаларға көрсету әрекеті:** – Балалар, бүгін тобымызда Ер Төстік досымыз «Менің отбасым» атты фотокөрме ұйымдастырыпты. Әр бала фотосурет бойынша өз отбасы әңгімелеу керек. Педагогтің көмегімен отбасы мүшелері туралы, олардың аты-жөндерін атап, отбасымен бірге қай жерде суретке түскені туралы әңгімелейді. **Педагог өлең оқиды:** *Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар. Әкемнің әкесі – Ақ басты атам бар. *Ұлдардың үлкені – Бір туған ағам бар. Қыздардың үлкені – Бір туған әпкем бар. *Әкемнің шешесі – Ақ шашты әжем бар. Ұлдардың кішісі – Бір туған інім бар. *Қыздардың кішісі – Бір туған қарындас, Әпкеге сіңлі бар. Өленде айтылған әр отбасы мүшесіне анықтама беріледі, мысалы, аға – ұлдың үлкені, әпке – қыздың үлкені, іні – ұлдың кішісі, сіңлі – қыздың кішісі, қарындас – бірге туған кіші қыздың ағасына туыстық қатынасы жағынан аталуы. **Балаларға көрсету әрекеті:** Педагог балаларға осы өленге «Өз жақыныңды тап» ойынын ойнатады.

	жемісті, жидекті сипаттайды. Сатушы оның қандай көгөніс, жеміс, жидек екенін табады. Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт» Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады? Жидектер. Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады? Жемістер. Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады? Көгөністер. **Сөздік ойын:** «Мен қай жидекті көрсеттім?». *Педагог себеттен жидектерді алып көрсетеді,балалар атын атайды.*	немесе губканың бір бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы тамшы бейнесін түсіреді. Қылқаламмен сүйкей жағып, дақтар түсіру тәсілімен де орындауға болады. Қағаз бетіне біркелкі шашырата салуларын қадағалайды. Жұмыстарына басшылық жасайды, аяқтаған жұмыстарын ауызша бағалайды. Музыка әуенімен «Жаңбыр тамшыларын тосамыз» деген қимылды ойын ойнатады. Үйретілген жаңа әдістермен сурет салғызып, алған білімдері мен іскерліктерін бекітеді. Мұнда дақтарды біркелкі түсіруге дағдыландыру қажет. Балаларға берілетін қағаздың төменгі бөлігінде сәбіз, қызылша т.б. көгөністер салынған немесе қиып жапсырылған. Көгөністердің шөлін қандыру үшін, нөсер жаңбыр жауғызуымыз керек деген тапсырма беріледі. Жетекші тақырыпты сұрақтар қоя отырып қорытындылайды жақсы салынған суреттерді бағалап балалар мадақталады.	дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, сол дыбысты менің артымнан қайталайсыңдар. – Парта, алма, орман, балық, вагон, үстел, сәбіз, ысқырық, тарақ, доп, жалау, арқар, от, шырша, ірімшік, таға, домбыра, гүл, алмұрт, бәтеңке. «Сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: үстел ...(биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ...(доп), ала ...(жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл) т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттерге қара. Ата. Дауыссыз дыбыстардан басталатын заттардың суретін белгіле. Өз таңдауыңды түсіндір. 2. [Ғ] дыбысы кездесетін заттардың суретін бір-бірімен қос. Ғ дыбысы қандай дыбыс? Педагог балалармен бірге тапсырмаладрды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Кәне, енді тұрайық, Паровоз боп ойнайық, Бір қатарды құрайық. Вагондарды жалғайық.	Жауып жаңбыр, Жер сабыр, Шөп, жапырақ солады. (күз) Суда мұз бар, Жерде қар бар, Боран борап соғады. (қыс)	«Кім қалай жақын?» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Интербелсенді тақтамен жұмыс. Отбасы мүшелері бір-біріне қамқорлық жасап жатқаны бейнеленген. Педагогтің көмегімен сурет бойынша отбасы туралы әңгіме құрайды. «Бес саусақ» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Педагог баланың нағашы туыстары жайлы өлең оқиды: Жиенге керек нағашы Мен үшін биік бағасы. Анашым аумай қалған ғой Жүздері жылы, қарашы! (Д. Маликова) Педагог балалармен өлең жолдарын талдайды. Нағашы немесе нағашы жұрт – туыстық атау. Шешесінің туыстары балаларына нағашы болады. Әже төркіні немересіне түп нағашы делінеді. Педагог балалармен нағашылары туралы әңгімелеседі. Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Үлестірмелі материалдармен жұмыс 1. Ер Төстікті отбасы мүшелерімен таныстыр. Кімнің кімнен үлкен екенін ажырат. Ең үлкені мен ең кішкентайын тап. Қорша. 2. Өз отбасыңда сенің міндетің не? Суретте көрсетілген іс-әрекеттердің

			Белімізден ұстасып, Сапар шегіп алысқа, Алға бағыт бұрайық. Алға қарай зулайық. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 4.Үзік сызықтарды бастыр. 5. Бастыр. Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында. Айдын шалқар көлдерде, Балықтар өмір сүреді. Шолпылдатып құйрығын, Әрі-бері жүзеді. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін		қайсысын орындайсың? Белгіле. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.

			айтады. – Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.		

Құндылықты қалыптастыру

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

3 үзіліс – 10:35 – 10:45

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен танысыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Аз қимылды ойын:« Түйілген орамал»

Басты міндеттері: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, жүгіріп жүргенде қосымша жаттығулар орындауға үйрету.

Аз қимылды ойын: «Түйілген орамал»

Ойын міндеттері: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, жүгіріп жүргенде қосымша жаттығулар орындауға үйрету.

Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, жүгіру дағдыларын дамыту.

Керекті құралдар: ортасынан түйілген орамал және ысқырық.

Мазмұны.

Шеттері белгіленген ойын алаңында ойыншылар өз беттерімен жаттығулар жасап, бірін-бірі қуалап, жүгіріп ойнап жүреді. Балалардың қалауымен араларынан бір ойын жүргізушіні сайлайды.

Ол қолына түйілген орамалды алып, алыста тұрған бір балаға лақтырып жіберіп: «Бір, екі, үш!», - деп санап, сол ойыншыны қуа жөнеледі. Қашып келе жатқан бала ойын жүргізуші қасына жақындап қалғанда, қолындағы орамалын басқа ойыншыға лақтырып, ойынды әрі қарай жалғастыра береді.

Ойын берілген уақыт арасында жүргізіліп, кімдер орамалды аз уақытта көп рет бір-біріне лақтырғанын, қай қуғыншының орамалды тез ұстап алғанын атап өтеді.

Ойынның ережесі.

1. Алаңның шетінен шығып кеткен ойыншы ойыннан шығып тұрады.
2. Орамалды лақтырғанда баланың атын атап лақтыру керек.
3. Орамалды қағып ала алмай қалған бала орамалды басқа балаға береді.
4. Қашып келе жатқан баланы ойын жүргізуші қуып жетсе, ол орамалды бере салуы керек.

Әдістемелік нұсқаулар.

Ойыншылар орамалды ұстамаған күннің өзінде жүгіріп, бірін-бірі қуалап ойнап жүрулері керек. Ол үшін орамал тек жүгіріп келе жатқан ойыншыға беріледі деп айтып қою қажет.

Орамалдың орнына басқа зат алуға болады, бірақ ол лақтырғанда ойыншылардың бір жерін ауыртып, жараламайтындай болғаны дұрыс.

Ойынның ұзақтығын сабаққа не басқа арнаулы уақытқа байланысты өзгертіп отыруға болады.

Ойынның педагогикалық маңызы.

	Балалар өздерінің шамаларына қарай керегінше жүгіріп жаттығуларды да еріктерімен жасайды.Жаттығу мен тынығуды өздері білгенінше орындап тұруға дағдыланады. Жүгіріп жүріп айналаны тез бағдарлап,өз қимылын соған байланысты сәйкестендіріп тұрады.				
4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 10.45 – 11.10					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Доппен ойнап, көңіліңді көтер! **ҰІӘ міндеттері:** - допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары кеңістік пен ондағы заттарды бағдарлай білу дағдыларын дамыту. **Дағды**: Қол мен аяқты үйлесімді қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, қол бұлшық еттерін, шыдамдылық пен ептілік дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру . **Ұлттық құндылықтар:** спорттың пайдасын; ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын қалай дамыту керектігін; салауатты өмір сүру үшін не істеу қажеттігін. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Өмірге деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, өзін қоғам мен балалар ұжымының маңызды бір бөлігі екенін сезіндіру. **Қауіпсіздігі:** Жаттығуларды орындау барысында сақтық білдіруге үйрету. **Апта дәйексөзі**:	**4. Музыка-**шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Күзгі серуен. **ҰІӘ міндеттері:** - әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау. **Дағды**: Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Халық музыкасына деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлттық сезімін ояту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдап сезіну, сипаттай білуге баулу. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру. **Қауіпсіздігі:**	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Біз әртүрліміз. **ҰІӘ міндеттері:** - кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Биіктігі 20 см кедергілерден секіріп өту. **Дағды**: Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын бекіту. **Ұлттық құндылықтар:** саусақтарымен допты қалай ширақ домалату және гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып қалай еңбектеу керектігін. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілік,шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. Спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу. **Қауіпсіздігі:** жерде созылып жатқан	**4. Музыка-**шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Күзгі серуен. **ҰІӘ міндеттері:** - әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау:музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -қимылдарды музыкаға ілесе орындауларын қадағалау. **Дағды**: Музыка тыңдау арқылы күз көріністерін сезіне білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Халық музыкасына деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлттық сезімін ояту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** әнді бірқалыпты табиғи дауыспен мәнерлеп айтуға үйрету. Лирикалық шығарманы қабылдап сезіну, сипаттай білуге баулу. Музыкаға сәйкес қимылдап, билеуге дағдыландыру. **Қауіпсіздігі:** Табиғатқа деген	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Зейінді боламыз. **ҰІӘ міндеттері:** - денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау. **Дағды**: зейін қойып тыңдай білу және жаттығуды көрсетуін мұқиятқарап, еске сақтап алу қабілеттерін дамыту. Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен қалай өту, допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне қалай лақтыру және допты ашылғансаусақтарымен қалай қағып алу керектігін. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Биіктікке көтеріле өрмелеуді үйрету. ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын қадағалау.

	«Отан – отбасынан басталады» **Күтілетін нәтиже:** -допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алуды, 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп, түзу бағытта еңбектеп жүруді; -допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алу, жоғарыға лақтырған допты саусақтарды ашып, допты қағып алу машықтарын. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Тізбекке бір-бірден тұрады. Доппен түзету жаттығуларын орындайды: доп ұстап жүру (доп оң қолда), аяқтың ұшымен жүру – допты бастан жоғары көтеріп жүру, өкшемен жүру –допты алдыда ұстау. Тізбекке екі-екіден тұру. Доппен жалпы дамыту жаттығуларын орындау (№2). Арақашықтықтарын сақтау. Бастапқы қалыпты сақтай білу машықтары мен допты жергетүсірмеулерін қадағалау. **Балаларға көрсету әрекеті:** «Бір орында тұрып секіру» Қолды әртүрлі қалыпта қозғалтып секіруге жаттықтыру. Қол мен аяқты	Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Күзгі табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Отан – отбасынан басталады»** **Күтілетін нәтиже**: дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды, музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту; музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Сәлеметсіз бе балалар? Ай жапырақ, сары алтын, Айналамның бәрі алтын, Қуандырып біздерді Сары алтын күз келді ! -Балалар, күз мезгілі сендерге ұнай ма ? Бәріміз күзгі баққа серуенге барайық. Марш (Е. Брусиловский) ойналып, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады. ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Марш» (Е. Андосов). Марш екпінімен тізені көтере адымдай басуды, бірге қимылдауды үйрету. Педагог балалармен күзгі серуен туралы әңгіме өткізеді.	арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруді, бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын. **Апта дәйексөзі**: **«Отан – отбасынан басталады»** **Күтілетін нәтиже:** жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен жүруді, гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып еңбектеуді, бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүруді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Сиқырлы шумақ» тренинг-ойыны. Қазір біз өзіміз туралы білеміз. Менің қолымда бір шумақ жіп бар. Мен саусағымды жіппен бір рет орап, сендердің біреуіне жіпті лақтырып, сонан соң сұрақ қоямын. Сол бала жіпті қағып алып, бір саусағын орап, келесі балаға шумақты лақтырып, сұрақ қояды. Енді қолдарыңды жоғары көтеріп, саусақтарыңдағы жіпті шығарыңдар. **Балаларға көрсету әрекеті:** Тізбекке бір-бірден тұрады. Доппен түзету жаттығуларын орындайды: доп ұстап жүру	сүйіспеншіліктерін арттыру. Күзгі табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Отан – отбасынан басталады»** **Күтілетін нәтиже**: дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды, музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту; музыкалық аспаптарда жеке және бүкіл топпен ойнайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Сәлеметсіз бе балалар? Ай жапырақ, сары алтын, Айналамның бәрі алтын, Қуандырып біздерді Сары алтын күз келді ! -Балалар, күз мезгілі сендерге ұнай ма ? Бәріміз күзгі баққа серуенге барайық. Марш (Е. Брусиловский) ойналып, балаларға шеңбер бойымен жүруді ұсынады. ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Марш» (Е. Андосов). Марш екпінімен тізені көтере адымдай басуды, бірге қимылдауды үйрету. Педагог балалармен күзгі серуен туралы әңгіме өткізеді. ***Музыка тыңдау:*** «Қазан» (П. Чайковский).	**Қауіпсіздігі:** күнделікті өмірде кеңістікті бағдарлай алу, екі жаққа тартылған жіптіңастымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту машықтарын. **Апта дәйексөзі**: **«Отан – отбасынан басталады»** **Күтілетін нәтиже:** -қысқа секіртпемен секіруді, бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне допты лақтыруды, екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өтуді, «Ғажайып кемпірқосақ» жаттығуын. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Саусақ гимнастикасы Халің қалай? Хал мынандай? (Саусақтарды жұмып, бас бармақты жоғары көтеру). Қалай жүзесің? Мынандай! (Қалай жүзетіндерін қимылмен көрсетеді). Қалай жүгіресің? Мынандай! (Қалай жүгіретіндерін қимылмен көрсетеді). Қалай алысты көресің? Былай! (Қолдарын маңдайға қойып, алысқа қарайды). **Балаларға көрсету әрекеті:**

	Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын. 	дөңгелек шығыршықтарды қоюда түсіне, көлеміне қарай орналастыруды қадағалап, ең үстіне домалақ «шар» тәрізді бөлігін орналастырады; - оның жанындағы Бәйтеректі көркемдеп тұрған тағы бір «құрылыс» бар оны суреттерін қарай отырып қайта жинауға болады, сонда бір жағында «Бәйтерек» болса, екінші жағында «Хан Шатыр» суреті бейнеленеді оларды балалар өздігінен дербес, тәрбиешінің көмегінсіз құрастырады. **Проблемалық мәселе:** Ал сіз Жерар үшін Бәйтерек ескерткішін салғыңыз келе ме? **Зерттеу қызметі:** "Бәйтерек" - жас, мықты, өсіп тұрған ағашты білдіреді, өзінің тарихи тамырын сақтаған, берік тірегі мен болашақ өркендеуіне ұмтылған мемлекетті бейнелейді. Мен үлгі-сызбаны талдаймын, материалдарды, олардың өлшемдерін, түсін, пішіндерін атаймын, шардың жоғарғы бөлігінде орналасқанына назар аударамын. сұрақтар: - Құрылысты неден бастау керек? - Бөлшектерді қалай орналастыру керек? Мен қателерді өз бетінше іздеуге және түзетуге	1 Таң қалу (екі қолдың бас бармағын көтеру) 2 Өзіңді көрсету (Бір саусақпен) 3 Сәлемдесу (қолды жоғары көтеру) 4 Қорқыту (сұқ саусақпен) 5 Жеңіс! (екі қолды жоғары көтеру) **Тіл ұстарту жаттығуы:** **Сөздік жаттығу** Ыр-ыр-ыр қасқыр Кі-кі-кі кірпі Пі-пі-пі піл Ти-ти-ти тиін **Логоырғақты жаттығу**(Логоритмикалық жаттығулар)**:** **Қолдану:** 1.-Бұл қоңыздың дыбысы -Ж –ж-ж-ж! -Бұл шыбынның дыбысы -З-з-з-з! (жіңішке) Масаның дыбысы. -З-з-з!(жуан дыбыспен) 2.Ке-ке-ке,шырылдауық шегіртке, Ші-ші,торын құрар өрмекші. Ра-ра-ра,бал жинайды ара. Ын-ын-ын,ызылдайды шыбын. Са-са,шағып алар маса. Ек-ек,гүлге қонар көбелек. **Қосымша жабдықтар**:	-Киімдеріміз су, не істеу керек? -Кім көрсетеді?(Балалар киімдерді сілкіп ілгішке іледі) -Ал,егер пальтомыз шаң болса,дақ түссе не істейміз? -Киім щеткасымен тазалаймыз. **Тиым сөздер** 1.Бас киімді теріс киюге, лақтыруға болмайды. 2.Киімнің жағасын басуға болмайды. 3.Аяқ киімді,төңкеріп теріс киюге болмайды. 4.Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді. **Тілдік жаттығулар:** То - то - то - тон Де - де - де - жейде Лек - лек - лек - көйлек Ім - ім - ім - киім Ғап - ғап - ғап - қолғап Тік - тік - тік - етік Шын - шын - шын - құлақшын. **Санамақ** 1-дегенім бөрік Кисең бойға көрік. 2-дегенім етік Киер сәнді етіп. 3-Дегенім ішік Теріден тігер пішіп. 4-Дегенім тымақ Қыста кисең жылы-ақ. 5-Дегенім байпақ Іші жылы тайпақ. **Қосымша жабдықтар**:	Сонымен ойын балаларда сурет қалмайынша жалғаса береді. Содан кейін барлық суреттер қорапқа салынып, араласады және қайтадан таратылады. Ойын жалғасуда. Мұғалім айтады: -Енді, балалар, ойында әлі қандай ережелерді сақтау керек екенін тыңдаңдар. Карталарыңызды бір-бірден орналастырыңыз: Нұрым бастайды, содан кейін Жібек оларды орналастырады, одан кейін Санат.Егер сіздің қолыңызда қажетті жұптастырылған сурет болмаса, қозғалысты өткізіп жіберіп: «Менде ондай сурет жоқ» дейсіз. Сіз жұптастырылған суретіңіз жолдың соңында пайда болғанша күтесіз. Барлық карталарын бірінші қойған адам жеңеді. Сақ болыңыз! Бұл ойынға арналған суреттердің мазмұны келесі жолы басқаша болуы мүмкін: ойыншықтар, көліктер, машиналар, жануарлар және т.б. Ойындағы шарттар өзгеріссіз қалады. Ойынның қиындығы - суреттер санының көбеюі. **Тыныс алу жаттығу: «Футбол ойнаймыз»** Балалар екі тең, жұп топқа бөлінеді де,үстелдің екі қарсы бетіне отырады. Алаңның ортасына – үстелге – кішігірім мақта бөлігі (доп орнына) қойылады. Балалар

	     	ынталандырамын. Мен балаларға сурет бойынша өз бетінше ескерткіш тұрғызуды ұсынамын. **Ықтимал күрделендіру:** «Астана-Бәйтерек» монументі ел ордамыз, Астана қаласының негізгі нышаны, оның визиттік картасы деуге болады. Жалпы, бәйтерек – ежелгі таным бойынша, тылсым қасиетке ие алып ағаш. Бәйтерек байырғы орта түсінігінде жердің дәл кіндігінде өсетін, тамыры жер асты, діңі адам әлемі, басы рухтар мекені болып табылатын көк тіреген алып ағаш. Бәйтерек ежелгі түркі сөзі, «бәй»-үлкен, алғашқы деген ұғымдарды, ал терек (парсы тілінде-дарақ) «ағаш» деген ұғымды білдіреді. Демек «Бәйтерек» екі сөздің бірігуінен жасалып, «зәулім ағаш» дегенді танытады. Оның идеясында «Самұрық» қасиетті құсы туралы ежелгі қазақ аңызы жатыр. Қанатымен аспанды жауып «Самұрық» тұр. Бәйтерек тіршілік тірегіне қарай ұшып келеді. Бәйтеректің ортасында өмір мен үміт беретін алтын жұмыртқа Күнге негіз салуда. Ал астында,тамырында айдаһар орналасып, түн мен қысты шақыруда.	      	    	кезекпен допты үрлеп, қарсыласының қақпасына кіргізуге тырысады. Қақпа шекарасын қарындаштың көмегімен не басқа да тәсілдермен белгілеуге болады.Кім көп доп енгізсе, сол жеңімпаз атанады. Балалар 1 мин. ойнайды. **Тілдік іс-қимыл жаттығу:** Добым менің добым Өзің неткен көңілді едің Зымырайсың, құтыңдайсың Бірақ менен құтылмайсың. **Қосымша жабдықтар**: Ойын алаң кілемшесі

	   	Ойынның нұсқаулары: **Дайындық:** -балалар бәйтеректің негізі бөліктерін атайды; бірнеше бөлшектерден құралатыш ағаштан жасалған Бәйтеректің тағанын қойып, оған түстеріне сәйкес қалған бөліктерді ретімен орналастырады. Дөңгелек шығыршықтарды қоюда түсіне, көлеміне қарай орналастыруды қадағалап, ең үстіне домалақ «шар» төрізді бөлігін орналастырады, оның жанындағы Бәйтеректі көркемдеп тұрған тағы бір «құрылыстың» суреттерін қарай отырып қайта жинайды. Бір жағында «Бәйтерек» болса, екінші жағында «Хан Шатыр» суретіне сәйкес құрастырады. **Есіңе сақтап ал:** **Тіл ұстарту жаттығуы:** Бәйтерекке ұқсайық, Қолды көкке созайық. Самұрық болып ұшайық, Ұямызға қонайық. **Қосымша жабдықтар**: **Күтілетін нәтиже:** **Біледі:** ойыншық құрылыс материалдарынан бәйтеректі құрастыра білуді үйренеді. **Игереді:** ойыншық құрылыс материалдарынан бәйтерек, Хан Шатыр, ақ орданы суреттеріне қарай сәйкестендіре орналастыруға болатынын түсінеді.			

		Меңгереді: суретке сәйкес құрастыра білу дағдылары қалыптастырылады. 			

		   			  

	Таңғы жаттығу – күннің сәтті бастамасы! **Мақсаты:** – Балаларды салауатты өмір салтын ұстануға баулу; – Күнделікті жаттығу жасауға дағдыландыру; – Сабаққа деген ынта-жігерін арттыру. **Міндеттері:** – Таңғы жаттығулар арқылы оқушылардың сергектігін қамтамасыз ету; – Қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру; – Дене шынықтырудың маңыздылығын насихаттау. Балалардың жүзіндегі күлкі мен сергектік – осындай сәттердің жемісі. **Дағды:** Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру. **Салауатты ұрпақ – жарқын болашақ кепілі!**				
08:45-09:00 **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 25** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Таспамен жаттығулар орындау** **№1 жиынтық** **1.«Бастарын ию»** Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 – басын артқа шалқайту; 4 – б.қ. – 8 рет. **2.«Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру»** Б.қ. – негізгі тұрыс, таспаны төмен ұстау. 1– оң аяқ басына көтеріліп, таспаны жоғарыкөтеру; 2 – б.қ.қ.; 3 – сол аяқпен сол қимылдарды орындау. **3.«Күн»** Б.қ. - түзу тұру, қолдарында таспа, төменде. 1 – 4 – қолдарын параллель ұстап,	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 26** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Таспамен жаттығулар орындау** **№2 жиынтық** 1.Б.қ. : түзу тұру, 1– қолдарын жоғары көтеріп, таспаны бір қолынан екінші қолына береді. 2– қолдарын екі жаққа айналдыра отырып, төмен түсіреді (8 рет). 2.Б.қ. : түзу тұру, қолдары төменде. Таспаны жанына қарай созып, денені оңға (солға)бұрады (8 рет). 3.Б.қ.: түзу тұру, алдыға еңкею, таспаны бір қолынан екінші қолына оң (сол) аяғыныңартынан беру (8 рет).	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 27** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Секіртпемен орындалатын жаттығулар** **№1 жиынтық** 1.«Бастарын ию» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 –басын артқа шалқайту; 4 – б.қ. – 8 рет. 2.«Секіртпе жоғарыда, аяқ басына тұру» Б.қ. – негізгі тұрыс, секіртпені екіге бүктеп, төмен ұстау. 1-2 – аяқ басына көтеріліп,секіртпені жоғары созу; 3-4 – б.қ.қ. (6 рет). 3.«Еңкею»Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 28** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Секіртпемен орындалатын жаттығулар** **№ 2 жиынтық** 1.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; секіртпені екі жаққа салбыратыпұстап, шеңберге қарап тұру; 1– секіртпені жоғары көтеру,оң аяғын артқа басына қою; 2– б.қ.қ. Сол аяқпен қайталау (8 рет). 2.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1– секіртпені жоғары көтеру; 2– алдыға еңкейіп, еденге қолдарын тигізу; 3– денені түзулеп, секіртпені жоғары көтеру;	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 29** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Гантельдермен жаттығулар орындау** 1.«Бастарын ию» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1 – басын алдыға ию; 2 – б.қ.; 3 – басын артқа шалқайту; 4 – б.қ. – 6 рет. 2.«Гантель жоғарыда» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген, қолдарында гантельдер ұсталған, 1 – қолдарын екі жанына түзеп, айналдырып, жоғары көтеру; 2 – б.қ. – 6 рет. 3.«Гантельдер иықта» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы гантельдер екі жанына төмен

	оң жаққақарай айналдыру; 5 – 8 сол жаққа. 4 рет. **4.«Бұлақ»** Б.қ. – түзу тұру, қолдарында таспа, төменде; 1 – қолдарын алдыға қарай түзеп, созу; 2 – 8 қолдарын алдыда ұстап, жоғары-төмен қозғалту, 9-10 – б.қ. 4 рет. **5.«Еңкею»** Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұру, таспа ұстаған қолдары төменде. 1-2 – алдығаеңкею, таспаларды жоғары көтеру, артқа шалқаю; 3-4 – б.қ. (5-6 рет). **6.«Бесік»** Б.қ. – жерде жатып, таспаларды алдыға созу, 1 – шалқайып, аяқ-қолдарын көтеру, 2 – б.қ. 8рет. **7.«Секіру».** Б.қ. – алдыға-артқа секіру 8 рет.	4.Б.қ. : өкшелеп отыру. Тізесіне көтеріліп, оң (сол) қолдарын жоғары сермейді. Б.қ. қайтакеледі (8 рет). 5.Б.қ.: қолдарымен артқа тіреліп отыру, аяқтарын түзу ұстайды. Екі аяғын бірдей бүгіп,таспаны қолдан-қолға ауыстырады. Аяқтарын қайта түзейді. (8 рет) 6.Б.қ.: етпетінен жату. Денесінің алдыңғы жағын көтеріп, қайта түсіреді. (Екі қолына датаспа ұстайды) (8 рет) 7.Б.қ.: бір орында тұрып, бір аяқпен секіреді (6 рет).	төмен түсірілген. 1 – секіртпені жоғары көтеру; 2–оңға (солға) еңкею; 3– денені түзеу, секіртпені жоғары көтеру; 4 – б.қ.қ. (6 рет). 4.«Отырып-тұру» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген. 1-2 – отыру, секіртпені алдыға шығару; 3-4 – б.қ.қ.(6 рет). 5.«Қадам аттау, еңкею» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпе екі жанына төмен түсірілген. 1 – оңға аттап, секіртпені жоғары көтеру; 2– оңға еңкею; 3 – денесін түзеу,секіртпе жоғары; 4 – б.қ.қ. (6 рет). 6.«Аяғыңның басына жеткіз»Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарындағы секіртпе екі жанына төмен түсірілген. 1 – секіртпені жоғары көтеру; 2 – алдыға еңкейіп, секіртпені оң (сол) аяқтың басына тигізу; 3 – денені түзеп, секіртпені жоғары көтеру; 4 – б.қ.қ. (6 рет). 7.«Секіру»Б.қ. – аяқтарының арасы ашық, секіртпе артта төмен; екі аяқпен бірге секіртпені айналдыра отырып секіру.	4– б.қ.қ. (8 рет) 3.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдарына секіртпені ұстап, кеуде тұсына ұстау. 1-2 – отырып,секіртпені алға созу. 3-4 – б.қ.қ. (8 рет) 4.Б.қ. – негізгі тұрыс, тізерлеп тұру, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1– оңға бұрылу, қолын сол жақ аяғының өкшесіне тигізу; 2– б.қ.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет). 5.Б.қ.: етпетінен жату, қолдарын секіртпе ұстап, шынтақтан бүгу; 1-секіртпені жоғары-алдыға шығару; 2– б.қ.қ. 6.Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына секіртпені ұстап, төмен түсірілген. 1 – оң аяғын бүгіп, секіртпені тізесіне қою; 2– б.қ.қ. Сол аяқпен сол қимылдарды қайталау. (8 рет) 7.Б.қ. – секіртпені еденге қойып, секіртпеге қырындап тұру; секіртпеден аттап, қырындапсекіру. Секіруді жай жүріспен кезектестіріп орындау. (2-3 рет)	түсірілген;1 – қолдарын шынтақтан бүгу, гантельдерді иықтарына әкелу; 2 – б.қ. – 6 рет. 4.«Еңкею» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1 – алдыға еңкейіп, гантельдердіеденге қою; 2 – б.қ.; 3 – еңкейіп, гантельдерді алу; 4 – б.қ. – 6 рет. 5.«Секіру» Б.қ. – негізгі тұрыс, қолдары екі жанына төмен түсірілген; 1–8 бір аяқпен секіру.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӘ уақыты:	09.00-09.25 09.35-10.00	**Дүйсенбі** **06.10.25**	**Сейсенбі** **07.10.25**	**Сәрсенбі** **09.10.25**	**Бейсенбі** **10.10.25**	**Жұма** **11.10.25**

09.00-11.10	10.10-10.35 10.45-11.10	**Математика негіздері** **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Дене тәрбиесі**	**Сауат ашу негіздері** **Қоршаған әлеммен танысу** **Мүсіндеу** **Музыка**	**Математика негіздері** **Көркем әдебиет** **Сауат ашу негіздері** **Дене тәрбиесі**	**Математика негіздері** **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Музыка**	**Сауат ашу негіздері** **Көркем әдебиет** **Қоршаған әлеммен танысу** **Дене тәрбиесі**
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)		**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** 7 саны және цифры. **ҰІӘ міндеттері:** - 1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекқорлық пен танымдық іс-әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігіне дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** салауатты өмір салтына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу; белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** 7 санының пайда болуы, сын тұрғысынын ойлау арқылы айналаны қоршаған ортадағы 6 санының орнын және цифрдың жазылу дағдысын қалыптастыру. Балаларды достыққа,	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік? **ҰІӘ міндеттері:** - дауыссыз дыбыстарды есте сақтауға жаттығулар жасату, дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. -дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. -ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу. **Дағды:** сөз ішінен берілген дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелу. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды ұлтжандылыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:**	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** 8 саны және цифры. **ҰІӘ міндеттері:** -8 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігіне дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** еңбекқорлық пен танымдық іс- әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балаларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - 8 саны туралы	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** 8 саны және цифры. **ҰІӘ міндеттері:** - 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; -1- ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету, заттарды санау дағдыларын жетілдіру; **Ұлттық құндылықтар:** логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қоршаған ортадағы сәйкес пішіндерді беттестіре отырып, салыстыруға үйрету.	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Буын **ҰІӘ міндеттері:** - сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету. -сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту. -ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу. **Дағды**: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелу. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды ұлтжандылыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**: **«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»** **Күтілетін нәтиже**:

	адамгершілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - білімділікке шақыра отырып танымдық іс – әрекеттің дамуына ықпал ету; -сабақ барысында достыққа, ұжымшылдаққа, адамгершілікке тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»** **Күтілетін нәтижелер:** 6 және 7 сандары мен цифрын; заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) бүгін белгілі ертегідегі гномдардың балаларға ұйымдастырылған іс-әрекетіне келгенін хабарлайды (үлестірмелі материал №11 парақ). Ол ертегінің қалай аталатынын еске түсіруді сұрайды. Гномдарды сана. Гномдарды санауға немесе гномдардың қиылған фигураларымен жұмыс істеуге болады және оларды жүйелеп орналастыру керек. Содан кейін әр гномға алма (бөлінген санау материалы, № 2, 3 парақтар) таратуды	Балаларға жалпы сауаттылықтары мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, лингвистикалық дүниетанымдарын кеңейту, грамматикалық талдау жасау дағдыларын дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. **Апта дәйексөзі**: **«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»** **Күтілетін нәтиже**: дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады. сөздің дыбыстардан тұратынын. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Артығын тап» ойынын ойнатады. 1. Жол, жаға, жастық, қастық. *(қастық)* 2. Кәмпит, киік, керует, төрлет. *(төрлет)* 3. Шана, шаңғы, шалма, қалма. *(қалма)* 4. Сурет, сәбіз, сағыз, қоңыз. *(қоңыз)* 5. Домбыра, долана, дорба, арба. *(арба)* Балалар сөздегі бірінші дыбыс арқылы артық сөзді табады. Өткен тақырыптарды қайталау. **Балаларға көрсету әрекеті:**	түсініктерін қалыптастыру. 0 - ден 8 санына дейінгі сандарды ауызша тура және кері санауға үйрету. Суреттер бойынша есептер құрастыра отырып, балалардың логикалық ойлау қабілетін, тіл байлығын, сөздік қорын молайту. **Апта дәйексөзі**: **«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»** **Күтілетін нәтижелер:** 7 және 8 сандары мен цифрын; заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) бүгінгі іс-әрекетінде дүкен ойынын ойнайтынын хабарлайды. Балаларға дүкенге азық-түлікке баруды ұсынады. Педагог алма бейнеленген карточкаларды пайдаланады (№2, №3 парақтар). – Алма сатып аламыз. Себетте олардың саны қанша? (Жеті). Тағы біреуін қос, олардың саны қанша болды? (Сегіз). Цифр салынған карточканы іздеумен отырады. Әрі	**Қауіпсіздігі:** Балаларды 8 саны және цифрымен таныстыру, тура және кері санауға үйрету, 8 санын жаза білуге, сандарды заттармен сәйкестендіре білуге үйрету. Ақыл ойын, логикалық ойлау қабілетін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»** **Күтілетін нәтижелер:** заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; заттарды топқа бөлуді,8 сандарын тануды. 8-ге дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) бүгінгі іс-әрекетінде балалардың саяхатқа шығатынын хабарлайды. Саяхаттау үшін қандай заттар қажет, олар немен тасымалданатыны туралы әңгіме жүргізеді. Жұмбақтың не екенін білу үшін: *Күтеді оны аталар,* *Ағалар мен апалар,* *Әжелер мен әпкелер.* *Ол өткені жұмысқа*	сөздерді буынға бөледі; сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберіне тұрғызу. Балабақша – базарлы үй, Ауылдағы ажарлы үй. Шаттығы бар шуақты үй, Өз үйіміз сияқты. (*Ә. Қонарбаев*) Өткен тақырыптарды қайталау. **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** 1) Дауысты дыбыстар деген не? 2) Дауыссыз дыбыстар деген не? 3) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді? **Артикуляциялық жаттығу жасау.** ***«Сағат»,«Саңырауқұлақ», «Алтыбақан»*** **Ғажайып сәт.** – Бүгін бізге Айгүл өзімен бірге суреттер ала келіпті. (*Педагог суреттерді тақтаға іледі: лақ, қасқыр, бағдаршам).* Суреттен не көріп тұрсыңдар? Ал енді осы сөздерді сендерден алыста тұрған сияқты созып, айғайлап айтып көріңдер. *Балалар сөздерді айғайлап,*

	ұсынуға болады. Қанша алма қажет болады? (Жеті). **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Суретте қанша жануар мен қандай заттар бейнеленгенін сана. Сонша нүкте сал. Цифрмен сызып қос. Балалар суретпен танысады. Педагог суретте не болып жатқанын сұрайды. Содан кейін сұрақтарға жауап беруді ұсынады. – Суретте не бейнеленген? Өрісте қанша жануар жайылып жүр? Далада қандай гүлдер өседі? Олардың саны қанша? Енді өрістегі жылқыларды (қойларды) сана. Аспанда қанша бұлт бар? Қанша көбелек ұшып жүр? Содан кейін балалар ұяшықтарға сонша нүкте салады және карточкаларды цифрмен сызып қосады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Математикалық домино» дидактикалық ойыны.** Педагог жұптық жұмысты ұйымдастырып, кейіннен тексеру жүргізеді (үлестірмелі материал, № 8, 9 парақтар). **2-тапсырма.** Көжекке 7 цифры және жеті нүктесі бар торкөздермен жетуге көмектес. Торкөздерді боя. **«Ең мұқият кім?»** ойыны түрінде ұйымдастырылады. Педагог ойын шартын айтып түсіндіреді: қоян сәбізге жетуі керек. Бірақ ол тек 7 цифры мен 7 нүктесі бар ұяшықтармен ғана	**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** – Балалар, біз өткен іс-әрекетімізде дауысты, дауыссыз дыбыстар болып, бөлінетінін білдік. Сол дауысты, дауыссыз дыбыстарға жаттығулар жасайық. **Артикуляциялық жаттығу жасау.** ***«Сағат», «Саңырауқұлақ», «Алтыбақан»*** • **«Сағат»** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек. • **«Саңырауқұлақ»** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. • **«Алтыбақан»** - Жіңішке тілді ауыздан шығарып біресе мұрынға созып, біресе иекке созу жаттығуды жасағанда ауыз ашық болу керек. Осылай 10-15 рет қайталау керек.	қарай, балаларға, мысалы, 8 алмұртты санау ұсынылады. **8 цифрмен танысу.** 8 цифрын 8 санының таңбасы ретінде белгілейміз. Цифрларды көрсету. Педагог 8 цифрын көрсетіп, өлең оқиды. *Мынау жатқан қайшы,* *Ал «сегіз» цифр қайсы?* *Оның екі көзі,* *«Сегізіңнің» өзі.* **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Сөреде қанша өнім болса, себеттерге сонша таяқшаның суретін сал. Балалар суретпен танысады. Педагог суретте не болып жатқанын айтып беруді сұрайды. Содан кейін сұрақтарға жауап беруді ұсынады: – Сөреде қанша қорап айран бар? Оларды себетке «сал» – сонша таяқшалардың суретін сал. Сол сияқты ойын басқа тауарлармен де жүзеге асырылады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **2-тапсырма.** Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Педагог тапсырманың мұқият орындауына, балалардың отыру қалпына, қарындашты дұрыс ұстауына назар аударады. Ауада 8 санын «жаз»: қолымызды ажыратпай ирек жасаймыз, содан кейін	*Таңда, түсте апарар,* *Кешке сосын ап келер.* Дереккөз https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&category_id=2&tag_id=3123 – Автобуспен саяхатқа шығайық. **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Суреттегі түрлі түсті шабадандарды сана. Тағы бір шабаданды боя. Қанша болды? Тағы бір дөңгелек пен пирамиданың сақинасын боя. Балалар суретпен танысады. – Қанша шабадан түрлі түске боялған? (Жеті). Тағы біреуін бояйық. Қанша болады? (Сегіз). Шеңберлер және пирамидамен жұмыс алдыңғы ұйымдастырылған іс-әрекетке ұқсас орындалады. Қорытындыда балалар: сегіз саны болу үшін жетіге біреуін қосу керек. **Балаларға көрсету әрекеті:** **2-тапсырма.** Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Ауада 8 санын «жаз», содан кейін дәптердегі жұмысты орында. Жұмыс үшін педагог қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін «Жолмен жүр» жаттығуын қолданады (үлестірмелі материал, № 4 парақ). **Сергіту сәті.** 8 рет секіру, 8 рет қол	*созып айтады: лақ, қас-қыр, бағ-дар-шам.* Сөздерді қайталатқызады және буынға бөлдіртіп айтқызады. – Дауысты дыбыстар буын құрайды. Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Сөздерді созып, дауыстап айтқанда, сөздің қанша буыннын тұратынын білуге болады. – Буын – сөйлеу мүшелерінің тұтастай қимылынан пайда болған бір немесе бірнеше дыбыстың тіркесі. Дауысты дыбыс өз алдына тұрып та, төңірегіне дауыссыз дыбыстарды алып та буын құрайды. Сөзде қанша буын бар екенін білу үшін, алақандарымызбен шапалақтаймыз. *Педагог қолын шапалақтау арқылы лақ сөзін буынға бөледі, «лақ» деп бір рет шапалақтап, «лақ» сөзі бір буыннан тұратындығын түсіндіреді.* Педагог балаларға «*қасқыр*» сөзін буынға бөлдіреді. *«Қас-қыр» сөзін* екі рет шапалақтап айтады. «*Қасқыр* сөзі неше буыннан тұрады? – Екі буыннан тұрады. – Иә, екі буыннан тұрады екен, өйткені «*қасқыр*» сөзінде созылып айтылатын екі дауысты дыбыс бар. **Балаларға көрсету әрекеті:**

	қозғала алады. Мұқият болу керек және тек осы ұяшықтарды бояу керек. Сәбізге кім бірінші жетеді? **Сергіту сәті.** 7 рет секіру, 7 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 7 рет көршіңмен алақан соғыстыру. Балалардың қимыл-қозғалыстары педагог басшылығымен жасалады. **Ойындық жаттығу «Сандарды жина».** Педагог балаларға жеке пазл жинағын таратады. (№5, №6, №7 парақтар). Балалар 1-ден 7-ге дейінгі сандарды құрастырады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Қарындашты жолдың үстімен «жүргіз». Ауада 7 санын «жаз»: солдан оңға қарай сызық сыз, содан кейін көлбеу таяқшаны жоғарыдан төменге қарай қиғаш етіп сыз. Қысқа, көлденең сызық жүргіз. Содан кейін дәптермен жұмыс. Педагог балалардың дұрыс отыруына және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады. **Қиық материалмен жұмыс.** Педагог балаларға 1-ден 7-ге дейінгі нүктелері бар шаршылар жиынтығын таратады (№ 10 парақ). Цифры бар карточканы көрсетеді, балалар қажетті нүктелер	 ***«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны*** Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз дауысты дыбыстан басталса, қызыл түсті дөңгелекті, дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті көрсетеді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** ***«Белгі бер» дидактикалық жаттығуы*** Педагог балаларға (б) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (б) дыбысын естігенде, қол шапалақтап дыбыс береулері керек. Сол сияқты басқа в, г, ғ, д, ж, з дыбыстарымен ойнатылады. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттердегі заттарды ата. Әр сөздің бірінші дабысын ата. Егер сөз дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл қарындашпен, дауысты дыбыстан басталса, көк қарындашпен боя. 2. Суреттерді ата. Суреттердің атауы дауысты дыбыспен	жұмыс дәптерде орындалады. Цифрдың үстінен саусағымен жүргізіп, оны ермексаздан жасайды. Қозғалмалы доп ойыны **«Атап көр, құр қалма!»**. Балалардың үстелдерінде 1-ден 8-ге дейінгі цифлары бар карточкалар қойылады. Әр бала екі карточкадан бөліп алады. Педагог 1-ден 8-ге дейінгі цифрларды еркін тәртіпте көрсетеді. Мұндай цифрдың суреті салынған карточкасы бар балалар тұрып, цифрды атайды. **3-тапсырма.** 8 цифрын тауып, қоршап сыз. Оны бояйды. Ол алдыңғы сабақтарға ұқсас орындалады, балалар санды тауып, бояйды. **Сергіту сәті.** 8 рет секіру, 8 рет қол соғу, 8 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 8 рет көршіңмен алақан соғыстыру. Балалардың қимыл-қозғалыстары педагог басшылығымен жасалады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Кесінді қиық материалдармен жұмыс.** Педагог балаларға 1-ден 8-ге дейінгі нүктелері бар шаршылар жиынтығын таратады (№10 парақ). 1-ден 8-ге дейінгі нүктелері бар карточкаларды жүйелі түрде орналастыруды	соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 6 рет көршіңмен алақан соғыстыру. Балалардың қимыл-қозғалыстары педагогтің басшылығымен орындалады. **Кесінді, қиық материалмен жұмыс.** **«Ойлан, тап» ойыны.** Педагог геометриялық фигуралар мен оларға ұқсас заттардың (олардың суреттерінің) жиынтығын дайындайды. Ол геометриялық фигураларды көрсетеді, ал балалар қандай затқа ұқсайтынын айтуы керек. Мысалы, сары шеңберді көрсетеді және бұл шеңбердің неге ұқсайтынын сұрайды. Балалар фигураны атайды және сары шеңбер, мысалы, құймаққа, күнге, тәрелкеге ұқсатады, содан кейін педагог үлкен қызыл шеңберді көрсетеді. Балалар қиялдайды: алма, қызанақ. Үлестірмелі материалдар (№ 12,13,14 парақтар) қолданылады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Пішінін өзгерт. Түсін өзгерт. Балалар суреттерді қарап, орындалуына түсініктеме береді. Мысалы: сары шаршының суреті салынған, пішінді өзгертіп, сары шеңбер саламын. **4-тапсырма.** Әр топтың заттары қандай белгілері бойынша жинақталған? Бұл	Педагог балаларға «*бағ-дар-шам»* сөзін буынға бөлдіреді. Осы сөзде үш дауысты дыбыс бар екенін анықтатып, сондықтан бұл сөз үш буыннан тұратындығын түсіндіреді. Буынға тән негізгі белгілері: 1) Дауыссыз дыбыс буын болмайды. 2) Дауысты дыбыстың өзі де буын бола алады (а-та, а-па) 3) Бір буында бір ғана дауысты дыбыс болады. 4) Сөздің құрамында қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Буынды қол шапалақтау арқылы көрсетуге үйрету. – Балалар, мен сендерге бір, екі, үш буынды сөздерді айтамын, сендер менімен бірге шапалақтау арқылы буынға бөліп, қайталап отырыңдар. **Бір буынды сөздер*:*** ақ, ат, бақ, бас, доп, тас, топ т.б. **Екі буынды сөздер:** ал-ғыс, а-дал, а-дым, а-зат, ай-бын, ай-на, жа-зық, жаң-быр т.б. **Үш буынды сөздер***:* а-за-мат, бал-мұз-дақ, бас-пал-дақ, кө-гіл-дір, сыр-ға-нақ т.б. ***Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз біледі?»*** **Шарты:** әр балаға түрлі түсті қаламдары немесе санамақтар, бос стақан беріледі. Сөз айтқан бала, сөзді буынға бөліп, айтқан әр сөзіне бір қаламнан

	санын табады. Содан кейін кері нұсқа ұсынылады: педагог нүктелер санын көрсетеді – балалар цифр бейнеленген карточканы көрсетеді. Балалар тағы да гномдарды санап, олармен қоштасады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	аяқталса, қызыл қоржынмен, дауыссыз дыбыспен аяқталса, көк қоржынмен қос. 3. Суреттерге қара. Дауысты дыбыстардан басталатын заттың суретін қорша. **Сергіту сәті** Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз бір демалайық. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 5. Суретті бастыр. Педагог Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Жеке жұмыс жүргізеді. **Саусақ жаттығуы:** **Тыңда, орында.** Қолымызды қайшы етіп, Қағаздарды қиямыз. Қиып-қиып аламыз, Біз көңілді баламыз. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз	ұсынады. Содан кейін балалар цифры бар карточканы, нүктелері бар карточкаларды көрсетеді. **«Ойлан, тап!» дидактикалық ойыны.** Педагог заттардың әртүрлі қасиеттері болуы мүмкін екендігі туралы әңгіме жүргізеді. Ол қандай зат туралы сөйлесетінін табуға ұсынады: бұл шарға ұқсас зат, ол тығыз, онымен ойнауға болады. Бұл – доп. Затты қалай ойланып табуға болады? Қандай сөздер көмектесті? **4-тапсырма.** Заттардың түсі, пішіні және өлшемінен басқа да қасиеттері болады. Мына заттардың қасиеттерін ата. Досыңмен ойна. Қасиеттерін ата, бірақ заттарды атама. Балалар арналған суреттерді қарастырады және заттарды жұмбақтап жасырып достарымен ойнайды. Педагог іс-әрекетінің басында алма жинаған себетке оралады. Біз алманы үйге әкелдік, оларды шығарып, хормен санаймыз. Педагог іс-әрекетін қорытындылайды, балаларды жасалған жұмыстарына алғыс айтып мадақтайды, өз жұмыстарын бағалауды сұрайды.	заттарды қайда қою керек? Сызып қос. Әр топтың заттарын белгілеріне қарай қалай жинақтағанын түсіндіріп, берілген заттарды сызып қосады. **Ойын жаттығуы, «Ретімен тұр».** Педагог балалар тобына 1-ден 8-ге дейінгі цифры бар карточкаларды таратады және ретімен сапқа тұруды ұсынады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	стақанға салып отыруы керек. Бір сөз екі рет қайталауға болмайды. Ойлаған сөздерін буынға бөлгізу. ***«Сөз жарыс» дидактикалық ойыны*** – Балалар, «*Сөз жарысын»* ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті** Кірпі орманды Тікенекті инесімен Аралайды, кезеді. Жемістерді тереді. Қара тұмсық мұрыны Жинап алып азығын, Иісті жақсы сезеді. Әне, кірпі келеді. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 4.Үзік сызықтарды бастыр. Педагог балаларға үстелде отыру, жазу ережесін естеріне түсіреді. Үстелде дұрыс отыру сымбатты болу үшін ғана емес, денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіреді. Жазу барысында денені тік ұстап, жұмыс дәптерді солға қарай

		смайлды бояңдар.			қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортанғы саусақпен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы:** **Тында, орында.** Саусақтар шықты қыдырып, Балетке келді жүгіріп. Залдың шамы сөнеді, Бишілер билеп береді. Балет қандай тамаша! Қол соғайық таласа. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Буында неше дауысты дыбыс болады?

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру

Жүгіруге арналған ойын. *Сюжеті-рөлдік ойын:* «Өрт сөндіруші»

Басты міндеттері: Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру,сюжетіне байланысты топтарға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру .Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туғанда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың сөйлеу тілін дамыту .

Жүгіруге арналған ойын.
Сюжеті-рөлдік ойын: «Өрт сөндіруші»
Міндеттері : Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру,сюжетіне байланысты топтарға бөлініп,ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру
Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары,олардың күтпеген жағдай туғанда қажетілігі жайында түсінігін молайту .Балалардың сөйлеу тілін дамыту .
Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.
Жағдаят: Дабыл бойынша шақыру;
Жағдай болған жерді қарап,сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу;
Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану;
Жазғырылғандарды құтқару Алғашы медециналық көмек көрсету ;
Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ;
Тәрбиешінің іс-әрекеті: ТЖМ басшысы рөлінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп,арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды,жедел жәрдемді шақырады
Балалардың іс-әректі: Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл оттшаларды бақылап ,желі бойынша , қандай сақтау қыдметінін жұмыс атқаратынын қадағалайды
ТЖМ әр түрлі жағдайдада ,әр уақыта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді,адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді .
Арнайы техника жүргізушісі зардап шекендері тамақ .киімен қамтамасыз етеді .Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды .Жедел жәрдем науқасттын шақыру бойынша қызмет көрсетеді
Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотаға түсіреді.
Есіңе сақта! Өрт сөндіруші әлемдегі ең қиын мамандықтардың бірі. Бұл салада қызмет ету үшін үлкен жүрек керек. Тілсіз жау салғырттықты кешірмейді. Оқыс жағдай кезінде жылдам шешім қабылдап, табандылық таныту маңызды.
Оттың пайдасы мен зияны туралы қорыту;
1.Сіріңке мен оттықпен ойнамауымыз керек.
Олар өртке әкеліп соқтыруы мүмкін.
2. Газ плитасына жақындамау керек.
3. Газ плитасы жанып тұрған кезде асханада жалғыз қалмау.
4. Разеткаға жақындама,оған әрбір заттарды тықпа,әйтпесе ток ұрады.
5. Аулада от жақпа ол өртке әкеліп соғуы мүмкін.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Әжесін кім жақсы көреді? (Әңгіме) **ҰІӘ міндеттері:** - зат есім, сын есімдермен таныстыру;	**2.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Дәрілік өсімдіктер. **ҰІӘ міндеттері:** - өз жерінде өсетін дәрілік	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқалар (Өтебай Тұрманжановтың әңгімесі) **ҰІӘ міндеттері:**	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Үлгілі бала. **ҰІӘ міндеттері:** - сөздің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіндіру;	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Шаруа мен аю(орыс халық ертегісі) танысу. **ҰІӘ міндеттері:** - сюжет желісінің реттілігін сақтауға баулу;

	-әңгіме мазмұнын айтуға үйрету; -үлкен кісілерді құрметтеуге тәрбиелеу. **Дағды**: дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажырата алуға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Отбасы мүшелері және отбасындағы сыйластық туралы әңгімелету арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Өз ойларын толық жеткізе білуге, еңбекке құштарлықтарын оятып, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»** **Күтілетін нәтиже**: - әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады; дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау.	өсімдіктермен таныстыру. Дәрілік өсімдіктерді емдеуге қолданудың қарапайым тәсілдерімен таныстыру; -өсімдіктер туралы білімдерін әрі қарай дамыту; -өсімдіктерді қорғауға деген тілектерін арттыру. **Дағды**: Балалардың қоршаған ортаны өсімдіктерді қорғап оларды аялауға тәрбиелеу; ажырата білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Табиғат бір - бірімен өзара тығыз байланысты болады екенін білу.Қоршаған ортаның фаунасы мен флорасын аялап, қорғауы керек. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, тану қабілетін дамыту. **Қауіпсіздігі:** Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыту. Зерттеушілік мәдениетке тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Отансыз адам –**	- шығарма мазмұнын қайталап айтуға дағдыландыру; -кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету; -еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу. **Дағды**: Өз ойларын толық жеткізе білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Сөздік қорларына мән беріп, сауатты сөйлеуге, тілге деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Құмырсқаның еңбекқор екенін түсінеді. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Сұраққа жауап беруге және дәнді дақылдар, егістік туралы білімдерін кеңейту. Баланың зейінділігін, тыңдай алыу қабілетін, өз ойынын толық жеткізе білуін дамыту. **Қауіпсіздігі:** Еңбек сүйгіштікке, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және еңбекті бағалай білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»** **Күтілетін нәтиже**: -ертегінің мазмұнын дұрыс түсіне біледі; -сұраққа жауап беруді және еңбекшіл болуды үйренді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру,	-әңгімені жалғастырып айтуға жетелеу; -құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. **Дағды**: Суретке қарап сөйлем, әңгіме құрап айта алады. Қарама-қарсы сөздерді қолдана алуға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Көркем шығармаларға деген қызығушылықты арттыру; Жолдастарын сөзін бөлмей тыңдай білуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету. Балалардың ауыз екі сөйлеу тілін, көру, есту, есте сақтау, ойлану қабілеттерін жан-жақты дамыту. **Қауіпсіздігі:** Алгоритм бойынша әңгіме құрастыра білу,біліктілігін қалыптастыру. Адал дос, достаса білуге, адамгершілікке, сыйластыққа,үлкенді сыйлай білуге, үйретіп тәрбиелеу. -бір бірін тыңдай,өз бетінше жұмыс істей білуге,өз пікірін айта білуге үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»** **Күтілетін нәтиже**: Берілген кіріспесі бойынша әңгіме мазмұнын болжайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:**	-байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Дағды**: Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ертегіні мазмұндауда балалардың қабілеттілігін қалыптастыру . Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру . Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі туралы түсініктерін кеңейту **Қауіпсіздігі:** Ертегіге деген қызығушылығын ояту; өз ойын қиялымен ұштастыра отырып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді әрекетін ым-ишара арқылы жеткізу. **Апта дәйексөзі**: **«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»** **Күтілетін нәтиже**: -ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі; -ертегінің мазмұнын

	Балаларға айтып беру әрекеті: Ғажайып жағдаят – Балалар, бүгін бізге дәрігер апай қонаққа келді. Кәне, балалар, орнымыздан тұрып, келген қонақты қарсы алайық. Қуыршақ дәрігер келеді. Дәрігер: – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін күн бұлтты екен, қолшатырымды ала шыққаным қандай жақсы болған. Бірден жаңбыр нөсерлете құйып кетті. Суға малынып қалам ба деп едім, қолшатырым көмектесті. – Балалар, көріп отырғандай, қазір күн бірте-бірте суытып, жаңбыр да жиі жауатын болды. Мұндай күндері балалар ауырып қалуы мүмкін, мен сендердің денсаулықтарыңды тексеріп шығайын. Дәрігер балаларды тексереді. – Балалар, денсаулықтарың жақсы екен, осылай күтініп жүрулерің керек. Мен енді басқа топтың балаларын қарап шығайын, – деп дәрігер шығып кетеді. – Балалар, кімнің анасы немесе әкесі дәрігер? – Егер сен ауырып қалсаң, анаң қалай емдейді? – Балалар, дәрігерлерді «ақ халатты абзал жандар» деп айтады. Адам өміріне араша түсетін мамандар. Дәрігер туралы Мәдіхат Төрежанов ағаларың да	**ормансыз бұлбұл»** **Күтілетін нәтиже**: Емдік өсімдіктердің түрлері мен қасиеті туралы білді. Өсімдіктерден дәрілер жасау жолдары туралы білді. Өсімдіктердің адам ағзасына пайдасы туралы меңгерді. Дәріханадағы дәрілер мен өсімдіктен жасалған дәрілердің айырмашылығын меңгерді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Проблемалық жағдаят.** – Өсімдіктер болмаса, жерде тіршілік бола ма? (Балалардың жауаптары). – Табиғатта дәрілік өсімдіктер көп өседі. Тек оларды танып, пайдалана білу керек. Ерте заманда адамдар барлық жануарлардың өздерін өсімдіктермен емдейтінін байқады. Соларға еліктеп, адамдар да өсімдіктердің қасиетін біліп, зерттей бастады. Ертеден халық емшілері дәрілік өсімдіктермен адамдарды түрлі аурулардан емдеді. Олар «Шөптер», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғи дәрумендер» деген кітаптар жазып қалдырды. Бұл кітаптардың	балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберін құру. Алқаптан бидайды Қоймаға ел жинайды. Тырнасы тізілген, Ұнатам күзді мен. Педагог жұмбақ жасырады. Екі басы, жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай. Ол не? *(Құмырсқа)* – Құмырсқа кіп-кішкентай жәндік, үйір болып, бірігіп тіршілік етеді, тынбай жұмыс жасайды. – Бүгін біз осы құмырсқа туралы Өтебай Тұрманжановтың «Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа» әңгімесімен танысамыз. **Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқалар** (әңгіме) Бір егінші ойға егін егіп тастапты да, өзі қыдырып жүре беріпті. Қыр қызығы басылған соң, қыс қамы ойына түседі. – Бидайым пісіп тұрған шығар, жинап ала қояйын, – деп ойдағы егініне келеді. Келсе, алақандай аз мөлдектің әр басында бір торғай қонақтап отыр. Торғайдың шоқып, желдің шайқап төккен дәндерін еңбекқор құмырсқалар жинап үлгерген екен. Бидайының басында бос қалған қауыздан басқа түк	балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог балаларды ортаға, шаттық шеңберіне шақырады. Балалар педагогпен бірге өлең жолдарын қайталайды. Мен үлгілі баламын, Айтқан тілді аламын. Жина десе, ойыншықты, Өзім жинап қоямын. Ініме де көмекке Бірінші боп барамын. Төсекті өзім жинаймын, Үлкендерді сыйлаймын. Айтқан тілді аламын, Мен үлгілі баламын. – Балалар, үлгілі деп қандай баланы айтамыз? – Біздің арамызда үлгілі бала бар ма? – Кімнің үлгілі бала болғысы келеді? – Ол үшін не істеу керек? – Өздерің үлгі алатын аға, әпкелерің бар ма? – Олардың қандай қасиетін үлгі тұтуға болады? – Үлгілі бала жан-жақты болуы керек. Таза жүріп, ұқыпты болғанымен, ойыншығын жинамаса немесе анасына көмектеспесе, ол үлгілі балаға жатпайды. Үлгілі баланың сабақ үлгерімі жақсы, ұқыпты, кішіпейіл, досына да көмек бере біледі. – Мен сендерге «Нағыз дос» деп аталатын әңгіме оқып беремін. Мұқият тыңдаңдар. **Балаларға көрсету әрекеті:**	түсінеді; -мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберін құру. Адал жақсы ниетпен, Бар адамға бақ тілеп, Жарып шыққан жүректен Сөздің бәрі – ақ тілек. – Балалар, бір-бірімізге ыстық лебізімізді білдірейік. – Достарыңнан жақсы тілек, ыстық лебіз естіп, көңіл күйің көтерілді ме? – Балалар, ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? – Қандай ертегі білесіңдер? Есімізге түсірейік. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады. Паналайды үңгірді, Іздемейді тасаны. *(Аю)* – Балалар, мен сендерге аю туралы қызықты ертегі оқып берейін. **Шаруа мен аю** **(орыс халық ертегісі)** Шаруа шалқан екпекші болып, орманға келіп жер жыртып жүрсе, оған аю жолыға кетеді. – Ей, шаруа, мен сені құртамын! – дейді аю. – Мені құрта көрмеші,

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)		**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** 10 саны **ҰІӘ міндеттері:** - 10 санымен таныстыру. 0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға, реттік санын айтуға дағдыландыру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. -топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу. **Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау. **ҰІӘ міндеттері:** - дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру. -дауысты және дауыссыз дыбыстарды сәйкес қызыл, көк түстермен белгілей алу қабілеттерін дамыту. -тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Дағды:** Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру.	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** 10 саны **ҰІӘ міндеттері:** -0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға дағдыландыру; -логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. **Дағды**: есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** Еңбекқорлық пен	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Қанша?Реті бойынша нешінші?(сол жақтан оң жаққа қарай) **ҰІӘ міндеттері:** - «Қанша?», «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарына жауап беру, реттік санын айтуды үйрету. Санды цифрмен сәйкестендіруді, тура және кері санауды бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -бір-біріне деген достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **Дағды**: Нешінші,қанша сұрағына	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау. [**н**] **ҰІӘ міндеттері:** - балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту. -сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту. -ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Дағды**: Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** -ойын – тапсырма арқылы балалардың сөздік қорын

	аудару дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** Балалардың жылдамдықтарын, ойшылдық, сауаттылық қасиеттерін дамыту. Шығармашылық еңбек етуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** 10 санын, цифрын дұрыс жазуға үйрету, ұйымшылдықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу. Ауызша санау, есептеу дағдыларын қалыптастыру. **Қауіпсіздігі:** - Ұқыптылыққа баулу. Өз бетінше есептей білуге үйрету ойлау қабілеттерін дамыту. Есептеу дағдысын қалыптастыру. Алған білімін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтижелер:** 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды; заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; 10 заттан тұратын топтарды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**	**Ұлттық құндылықтар:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелу. Ойын арқылы сөз буыннан,буын дауысты дыбыстардан құралатынын түсіндіру. Балаларға буын туралы түсінік беру,сөздерді буынға бөлуге үйрету Танымдық қызығушылықтарын арттыру. **Қауіпсіздігі:** Балаларға жалпы сауаттылықтары мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, лингвистикалық дүниетанымдарын кеңейту, грамматикалық талдау жасау дағдыларын дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**: буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады; сөздерді буынға бөледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**	танымдық іс- әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Балалардың логикалық ойлауын, ой-өрісін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балаларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - 10 саны туралы түсініктерін қалыптастыру. 0 - ден 10 санына дейінгі сандарды ауызша тура және кері санауға үйрету. Суреттер бойынша есептер құрастыра отырып, балалардың логикалық ойлау қабілетін, тіл байлығын, сөздік қорын молайту. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтижелер:** 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды; заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; 10 заттан тұратын топтарды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру**	дұрыс жауап бере білуге дағдыландыру. Логикалық ойын ұштау. Саусақтың ұсақ моторикасын жетілдіру. **Ұлттық құндылықтар:** Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қоршаған ортадағы сәйкес пішіндерді беттестіре отырып, салыстыруға үйрету. **Қауіпсіздігі:** Ақыл ойын, логикалық ойлау қабілетін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтижелер:** Оң жақ-сол жақ туралы ұғымдарды,мезгіл туралы ұғымдарды; үлкен және кіші заттарды ажыратуды; Дайын пішіндерді дұрыс ұяшықтарға орналастыруды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**	байыту; -сөйлеу белсенділігін арттыр; **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілікке,аңғарымпаздыққа ,бір-біріне деген достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу,топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**: Дыбыстық талдау жасай алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы іс-әрекетті бастайды. Педагог қойған сұрақтардың жалпы атауын балалар жылдам, әрі дұрыс айтып отырулары керек. 1. Астана, Алматы, Тараз – ... (қалалар) 2. Ертіс, Еділ, Жайық, Іле – ... (өзендер) 3. Ту, гимн, елтаңба – ... (рәміздер) 4. Мұғалім, дәрігер, аспазшы – ... (мамандар) 5. Кітап, дәптер, портфель – ... (мектеп құралдары)

	Теру парағымен жұмыс. – Ойын алаңына 9 баладан тұратын команда келді. Бірақ балалар өз орындарын таба алмады. Педагог оларға өз орындарын табуға көмектесуді ұсынады. Теру тақтасында (тақта) балалар нөмірлері бойынша топпен тұрады. Педагог жалғастырады: – Міне, тағы бір бала келді. – Оған қандай нөмір береміз? Балалар оны оныншы деп айтады, бірақ, кейбіреуі бұл санды қалай жазуды білмейді. Біз оны оқып және жазып үйренеміз. Бірақ бұл сан үшін бізге екі цифр қажет: 1 және 0. – Ешкім (ештеңе) болмаған кезде олар: жоқ, немесе НӨЛ деп айтады. Педагог цифрды көрсетеді. – Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен? Өлең оқиды. Аспандағы Ай, Цифрға ұқсас қай? Толған кезде ол, Аумай қалған «Нөл». «0» дегенде өздерің, Көріп тұр ғой көздерің. Үйлеспесе айналмас, 0-сіз 1-ің 10 болмас. Педагог нөлді бірліктің жанына қойып сұрайды: – Бұл санды жазу үшін қанша сан қолданылды? (2 сан). 10 санын көрсетеді.	**«Артығын тап»** ойынын ұйымдастыру. 1. Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. (аю) 2. Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. (сауысқан) 3. Мысық, түлкі, аю, қасқыр. (мысық) 4. Колғап, көйлек, шалбар, етік. (көйлек) 5. Май, шай, нан, қант, қасық. (қасық) Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дауысты дыбыстар деген не? 2) Дауыссыз дыбыстар деген не? – Балалар, біз бүгін үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйренеміз. Педагог балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды түсіндіреді. 1. Ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек. 2. Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз керек. 3. Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау. Педагог дыбыстық талдау барысында сызбада дауысты дыбыстарды қызыл дөңгелекпен, дауыссыз дыбыстарды көк дөңгелекпен белгілейтінін естеріне түсіреді. **Жұмбақ жасыру.** Аяз қысып, Өрнек сызып,	**әрекеті:** **Ойындық сергіту.** **«Сандық жүгірткі».** Бұл ойынға 1-ден 9-ға дейінгі цифрлары бар карточкалар қажет. Карточкаларды еденге ретсіз орналастыр. Балалардан карточкалар бойымен жүгіріп, сандарды өсу ретімен атауын сұраңыз. Егер бала қателессе, онда ол ойынды кері бастайды. Топтардағы практикалық жұмыс. 10 санын үшбұрыш түрінде орналастыру арқылы шеңберлермен бейнелеуге болады. 10 шеңберді санап, үшбұрыш тұрғызыңыз.  **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Суреттегі отбасы мүшелерін сана. Боялмаған адамды боя. Тағы бір дөңгелек пен сақинаны боя. 10 саны қалай шықты? (10 бұл – 9 және 1.) **2-тапсырма.** Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексаздан жаса. Тапсырманы орындамас бұрын QR код арқылы жүктелген анимацияны көруге болады, онда санның цифрмен таңбалану тәртібі туралы бейне көрсетіледі.	**«Сандық эстафета» ойын жаттығуы.** **Топтық жұмыс.** Педагог балаларды екі командаға бөледі және қатарға тұруларын сұрайды. 1-ден 10-ға дейінгі цифры бар карточкаларды әзірлейді. Әр бала карточканы қораптан алып, оны командаға қайтарып, содан кейін келесі балаға беруі керек. Барлық 10 карточканы бірінші болып әкелетін команда жеңіске жетеді. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Сол жақтан оң жаққа қарай саусақтарды және жануарларды сана. «Реті бойынша нешінші?» – деп сұрақ қой. Орналасқан ретіне қарай сонша нүкте санын сал. Реті бойынша нешінші? Педагог саусақтардағы суреттерді қарап, сол жақтан оңға қарай кім бейнеленгенін атауды сұрайды. «Нешінші?» қатарда сол жақтан оңға қарай, содан кейін оң жақтан солға қарай деген сұрақ қояды. Балалар саусақтарға қанша кейіпкер салынса, сонша нүктелерді салады. **2-тапсырма.** Тотықұстарды сана. «Реті бойынша нешінші?» – деп сұрақ қой. Цифрды қоршап сыз.	**Балаларға көрсету әрекеті:** **Артикуляциялық жаттығу жасау.** «Күрекше», «Ине», «Төбешік», «Түтікше» **«Күрекше»** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. **«Ине»** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. **«Төбешік»** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. **«Түтікше»** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

	Балаларға көрсету әрекеті: Дәптермен жұмыс **1-тапсырма.** Әр бағандағы текшелерді сана. Цифрды қажетті карточкамен сызып қос. Педагог тапсырмаға арналған баспалдаққа назар аударуды ұсынады. – Қатарды, текшелерді, цифрмен және карточкамен сызып қос, онда нүктелер саны қанша болса, сонша текшелер болады. **2-тапсырма.** Санақты бастайтын баланы қоршап сыз. Неше бала бар? Цифрды белгіле. – Шеңберге қанша бала тұрды? Санауды бастайтын баланы қоршап сыз. Неше бала бар? Цифрды белгіле. Ойыншыларды ретімен сызып қос. Қатарда 10 бала тұрады. Балалар ойыншыларды рет-ретімен байланыстырады. Педагог балалардың жейделеріндегі цифрды атауды сұрайды. Балаларды қатарға ретімен тұрғызу арқылы, топта цифры бар карточкалармен ұқсас жұмысты ұйымдастыруға болады. **«Сана» ойын жаттығуы.** Педагог ойыншыларды 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұл есеп тура санау деп аталады. Кері тәртіппен санауды сұрайды. 10-нан 1-ге дейінгі цифрды көрсетеді. Бұл есеп кері санау деп аталады. Содан кейін педагог ойыншыларды	Терезені торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Сырғанап балалар ойнайды. /Қыс/ **Балаларға көрсету әрекеті:** – Қыс сөзіне дыбыстық талдау жасайық. Педагог тақтаға қыс сөзінің сызбасын іледі. – Балалар, мен қыс сөзіндегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал сендер дыбысты анықтап, тиісті дөңгелектермен белгілеп отырыңдар. – **Қыс** сөзінде неше буын бар? – Дұрыс айтасыңдар, бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. – Қыс сөзінде барлығы неше дыбыс? – Үш дыбыс екен. – Бірінші дыбысы қандай дыбыс? – Бірінші дыбысы – «к» дыбысы. – «Қ» дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? – «**Қ**» дыбысы – дауыссыз дыбыс. – Қандай түспен белгілейміз? – Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап қыыыс сөзін оқиды. – «**Ы**» дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба? – Дұрыс айтасыңдар, дауысты дыбыс.	Сандардың суреттерімен және олардың таңбаларымен танысу. Балалар цифрларды саусақпен сурет бетінде, содан кейін ауада жазып таңбалайды. Саусақпен цифрдың үстінен жүргізіп шығуды ұсынады. Ермексаздан жасау. **Сергіту сәті.** Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды. Иығыңды көтер, Шегірткедей секір. Түрлі түсті етікпен 10 рет секір. Ал енді оң аяқпен Соқпақ жолмен, Одан кейін сол аяқпен Соқпақ жолмен секір. Иықтарын көтереді, Екі аяқпен 10 рет секіру. Оң аяқпен 10 рет секіру. Сол аяқпен 10 рет секіру. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Фигуралардың ішіндегі торкөздерді сана. Оларды торкөздердің санына сәйкес түспен боя. Балалар тапсырма бойынша торкөздерді санына сәйкес бояйды. **4-тапсырма.** Қажетті санға дейін толтыру үшін әр бағаннан бір дөңгелектен боя. Тура және кері санауды дауыстап жүргізеді. **«Реті бойынша сапқа тұр»** ойын жаттығуы. 0-9 цифрлары мен 10 цифры	Педагог тотықұстарды санауды, олардың түсін атауды ұсынады. Балаларға бір-біріне «Нешінші?» деген сұрақ қоюды ұсынады. Содан кейін төмендегі суреттегі тотықұс нөмірін таңдайды. Бұл жағдайда олар қандай реттік тәртіпте санағандарын атайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Әр балада қанша асықтан бар? Сана. Сонша дөңгелекті боя. Педагог әр балада қанша асық бар екенін есептеуді ұсынады. Сонша дөңгелекті бояйды. **Сергіту сәті: «Сандармен секір».** 1-ден 10-ға дейінгі үлкен цифры бар кілемшелерді жай. Балаларға кілемшелерден цифрларды тура және кері ретпен санап секіруді сұраңыз. Мысалы, олар 1 цифрдан бастап секіруі мүмкін, содан кейін 2 цифрына және т.б. 10-ға жеткенше. Содан кейін олар 10 цифрынан секіруден бастай алады және 1-ге жеткенше кері тәртіпте санау жасап секіреді. **«Сапқа тұр» ойыны.** 0-9 және 10 сандары бар карточкаларды шығаруды, ретімен құрастыруды ұсынады. Балалар өздерінің реттік нөмірін атайды. – Бірінші, екінші ... онынышы.	 **«Кім білгіш?» дидактикалық ойыны** Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текше; - дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады. «Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны. Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады. 1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б. 2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Мақта, мысық, моншақ,

	ретімен санауды сұрайды: бірінші, екінші, үшінші... оныншы. Және кері санауды сұрайды оныншы, тоғызыншы, сегізінші, ... бірінші. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Сырымның отбасы мүшелерін ата. Оның достарының әрқайсысына есімдер ойлап тап. Сана. Реті бойынша нешінші болса, сонша нүкте сал. Қай саусақта кім бейнеленгенін атайық. Сонша нүкте сал. Сол жақтан баста. Бұл отбасының бірінші мүшесі. Бір нүкте қой. Екінші – екі нүкте және т. б. «Дұрыс көрсет» ойын жаттығуы. Сан мен цифрдың сәйкестік арақатынасы үшін сандық суреттермен жұмыс (№8, №9 парақтар). Педагог суретті көрсетеді, балалар цифры бар карточканы көрсетеді. – Адамның қолында қанша саусақ бар? (10 саусақ). **«Санамақ саусақтар» ойыны.** Бұл ойын үшін әр қолда саусақ үлгісі және карточкаларда 1-ден 9-ға дейінгі цифрлар болуы керек. Балалардан әр қолының саусақтарын көрсетуін сұра, содан кейін көрсетілген саусақтарға сәйкес келетін карточкадағы цифрды көрсетуін сұра. **4-тапсырма.** Қай себетте	– Дауысты дыбыс, өйткені [**ы**] дыбысы айтылған кезде тіл артқа жиырылып, үсті дөңестеледі. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог «қыссс» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. – Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр? – Дұрыс айтасыңдар, «с» дыбысы естіліп тұр. – «С» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – «**С**» дыбысы дауыссыз дыбыс. Сызбада қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. **Қыс** – 1 буын, 3 дыбыс. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** 1. Бұл жылдың қай мезгілі? Дыбыстық талдау жаса. – Балалар, «қар» сөзіне дыбыстық талдау жасайық. «**қар**» сөзінің сызбасын іледі, балалар дәптердегі сызба бойынша жұмыс жасайды. Педагог балаларға сызбадағы әр төртбұрышты көрсете отырып, «қар» сөзін оқиды. – Балалар, мен «қар» сөзіндегі дыбыстарды кезек-кезек оқимын, ал сендер дыбысты анықтап, тиісті дөңгелектермен белгілеп отырыңдар.	бар карточкаларды шығаруды, ретімен құрастыруды ұсынады Ойын жаттығуы «Цифрды жина» (№5, №6, №7 парақтар). Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	Педагог қорытынды жасайды, балалардан не үйренгенін сұрайды. Балаларды мадақтайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** 3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б. Педагог бір баланы тақтаға «тал « сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында жасайды. «**Тал**» сөзінің дыбыстық талдауы. «Тал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. **Сергіту сәті:** Кәнеки, отырып бәріміз, Бақшада бұлбұлдар сайрайды, Желкеге қолды қоямыз. Аспанда ақ бұлттар ойнайды. Арқаны кеңге сап жатамыз, Қызылды-жасылды көбелек, Көз жұмып қиялға батамыз. Ұшудан қанаты талмайды. Табиғат көрікті тамаша, Көреміз төгілген күн нұрын, Қиялмен көз жұмып қараса. Керемет ерекше күн бүгін. Бұлақтың сыңғырын естиміз, Ақырын қозғалып орнынан, Гүлдерді иіскейміз таласа. Кәнеки, тұрады кім бұрын?

	текшелер көп? Белгіле. Қай себетте кішкентай текшелер аз? Қоршап сыз. Текшелерді түсі, өлшемі, саны бойынша боя. Педагог заттардың қасиеттерін қайталайды: түсі, пішіні, мөлшері, саны. Әрі қарай, балалар тапсырманы орындайды: осы қасиеттер көрсетілген тапсырма бойынша текшелерді бояйды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	– «Қар» сөзінде неше буын бар? – Дұрыс айтасыңдар,бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. – «Қар» сөзінде барлығы неше дыбыс? – Үш дыбыс екен. – «Қар»бірінші дыбыс қандай дыбыс? – Иә, бірінші дыбыс – «к» дыбысы. – «**К**» дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? – Қандай түспен белгілейміз? – Иә, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап қаааp сөзін оқиды. – «**А**» дыбысы, дауысты ма, дауыссыз ба? – Дауысты дыбыс. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог «қаррр» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. – Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр? – Дұрыс айтасыңдар, «р» дыбысы естіліп тұр. – «**Р**» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – «**Р**» дыбысы – дауыссыз дыбыс. – Сызбада қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Қар сөзінде –1 буын, 3 дыбыс бар. **Сергіту сәті:** Оңға, оңға түзу тұр,			Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Қай түстің атында **ң** дыбысы естіледі? Белгіле. 2. Дыбыстық талдау жаса. 4. Үзік сызықтарды бастыр. Нелердің суреті шықты? 5. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы:** Тыңда, орында. Партадағы саусақтар Ортанғы мен сұқ саусақ Адымдайды, жүреді . Түйеқұсты салады. Өнерлі бұл саусақтар Төңкеріліп аспанға, Сурет сала біледі. Қоян да бола қалады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.

		Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым, Алға қарай бір адым. Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық. Жұмыс дәптерімен жұмыс 2. Суреттегілер дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл қарындашпен, дауыссыз дыбыстан басталса, көк қарындашпен боя. 4. Штрихта. 5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы:** Тыңда, орында. Алақанды ысқылап, Қыздырайық, балақай. Алақаның ысыды, Қараңдаршы, алақай! Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балалардың жетістіктерін ауызша бағалайды, мақтайды. – Балалар, бүгінгі іс-әрекеттен алған әсерлерің қандай? Дыбыстық талдау жасау сендерге ұнады ма?			
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру** ***1 үзіліс - 09:25 - 09:35***					

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру

Жүгіруге арналған ойын. Қазақтың ұлттық ойыны: «Тышқан мен мысық»

Басты міндеттері: Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.





Қазақтың ұлттық ойыны: «Тышқан мен мысық»

Ойынның міндеттері:Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.

Дағды: Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.

Ойынның ережесі : Ойын кең алаңда, үлкен залда, клубта ойналады. Ойынға 10-нан 20 адамға, одан да көп ойыншы қатнысуға болады. Ойнаушылар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойынға қатынасушылар өз араларынан екі адамды ортаға шығарып, оның бірін «тышқан», екіншісін «мысық» етіп белгілейді. «Тышқан» шеңбер ішінде қалады, ал «мысық» оның сыртында тышқанды аңдып жүреді, оны ұстауға тырысады. Ойнаушылардың міндеті – «мысық» «тышқанды» ұстаймын деген кезде ұстасқан қолдарымен оның жолын бөгеп, «тышқанды» ұстатпауға күш салу. «Мысық» қапылыста ішке кіріп кетсе, «тышқанды» сыртқа шығарып, «мысықты» ұстап қалу керек. Егер «мысық» сыртқа шыға қалса, онда «тышқанды» ішке кіргізіп, «мысықты» сыртта қалдырады. Осылайша бірін-бірі қуып жүріп «мысық» «тышқанды» ұстайды. Ұстаған бойда «тышқан» ролінде ойнаған ойыншының орнына басқа бір адамды шығарады. Ал «мысық» болып ойнаушы да өз орнына басқа ойнаушыны ұсынып, топқа қосылады. Ойынды осы тәртіппен ойнай беруге болады. «Мысықтың» жолын бөгегенде, оның киімінен ұстап немесе итеруге болмайды, тек ұстасқан қолдарын жоғары көтеріп, не төмен түсіріп тұрады.

Әдістемелік нұсқаулар.

Мұғалім белгі берісімен қолдарын жаздырмастан жоғары көтеріп тұра қалады, осы кезде тышқан ойыншылар шеңбердің ішіне кіріп шығуы керек.Төрешінің белгісімен ойыншылар қолдарын түсіреді.Осы кезде шеңбердің ішінде қалған тышқандар ұсталған болып саналады. Олар шеңбердегі ойыншылардың қатарына қосылады.Ойын екі-үш тышқан қалғанша жалғасады. Содан кейін топтар орын ауыстырады. Ойынның соңында ұсталған тышқандар саналады. Көп тышқан ұстаған топ жеңіске жетеді.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу,
жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Отбасым-бақыт мекенім.	**2.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Елордам-Астана.	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Нағыз дос.	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Арыстан мен тышқан.(қазақ халық

	ҰІӘ міндеттері: - тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету; -дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту; -Туған өлке, Отанды сүюге баулу. **Дағды**: отбасы мүшелерін ажыратып, сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Отбасындағы сыйластыққа тәрбиелеу. Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Отбасының қаншалықты маңызды екендігін ұғындыру. Отбасында үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету. Отбасы мүшелеріне қамқорлық жанашыр сезімдерін дамыту. Отбасындағы өзара сыйластыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** -отбасы мүшелерін атай білуге үйрету, еркелетіп айтатын сөздерді үйрету, сөздік қорларын байыту; -отбасы мүшелерін сыйлауға тәрбиелеу. - талдау және салыстыра алу қабілетін арттыру; -реттілікті сақтай білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**: Дыбыстарды ажырата	**ҰІӘ тақырыбы:** Менің Отаным-Қазақстан **ҰІӘ міндеттері:** - Мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға өздері тұратын туған қала, балабақша орналасқан шағынаудан, көше туралы түсіндіру. Балалардың нақты мекенжайын, тұрғылықты жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. -Отан деген сөздің мағынасын түсіндіре білуге, және Қазақстанда тұратын ұлт өкілдері туралы әңгімелей алуға баулу. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы зейіндерін дамыту; -туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу. **Дағды**: Қазақстан Республикасы туралы мәлеметтерді оқу іс-әрекеттерінде қолдана білу дағдыларын арттыру. **Ұлттық құндылықтар:** Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру. Патриоттық сезімге тәрбиелеу,балалардың ой-өрісін кеңейту және Отанға деген махаббатты арттыру.Туған жерінің табиғатын,елін,жерін, отбасын сүю. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Отанға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін	(Батырбай Сейбадуллаевтың өлеңі)\ **ҰІӘ міндеттері:** - өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -туған жерін қадірлеуге тәрбиелеу. **Дағды**: Өлеңді мәнерлеп оқуға, ойларын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Астанадағы әсем көрікті жерлерді көре білуге, әсемдікті сезіне білуге баулып, мақтаныш сезімдерін ояту; -өз елінедеген сүйіспеншілікке, патриоттыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға Астананың көрікті жерлерін атау, өздерінің Астанадан көргендерін баяндау. Өлең жолдарын дауыс ырғағына сай айтқызу. Сөздік қорын молайту. Өзінің қаласына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Еңбек сүйгіштікке, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және еңбекті бағалай білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**: өлең тыңдау, қарапайым сұрақтарға жауап беру;	**ҰІӘ міндеттері:** - сөздерді буынға бөлуді үйрету; -сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту; **Дағды**: Суретке қарап сөйлем, әңгіме құрап айта алады. Қарама-қарсы сөздерді қолдана алуға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Бір-біріне деген сүйіспеншілігін арттыру, өзара татулық сезімдерін дамыту. Адал дос, достаса білуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Құрдастарымен достық қатынаста болуға тәрбиелеу. «Дос», «достық» құндылығы туралы түсінік беру. Достарға деген мейірімді қарым - қатынасқа үйрету. **Қауіпсіздігі:** Адал дос, достаса білуге, адамгершілікке, сыйластыққа,үлкенді сыйлай білуге, үйретіп тәрбиелеу. -бір бірін тыңдай,өз бетінше жұмыс істей білуге,өз пікірін айта білуге үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**: Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді,мағынасы бойынша жақын сөздерді сөйлегенде қолданады; әңгімені әрі қарай өрбіте	ертегісі) **ҰІӘ міндеттері:** - сахналық қойылымға қатысуға жетелеу; -кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету; -жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. **Дағды**: Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға ертегіні оқып таныстыру, ертегі мазмұнын түсініп, өз ойларын жеткізе білуге қамқор болуға, арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың бір-біріне шыншылдыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Ертегіге деген қызығушылығын ояту; өз ойын қиялымен ұштастыра отырып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді әрекетін ым-ишара арқылы жеткізу. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**: - ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады; ертегіні бейнелеуіш сөздер арқылы шығармашылық-пен мазмұндайды **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру,

	біледі. Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілерді қолданып жеткізеді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңберін құру.** Атамнан басталар, Әжеммен қосталар Отбасы мыналар: Ең жақын адамдар Әке мен анам бар, Бір туған апам бар, Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін еремін. Әр адамның өз отбасы болады. Олар кез келген істі бірігіп атқарады, бір біріне көмектеседі. Отбасында біз үлкендерді сыйлауға, кішілерге көмек көрсетуге, оларға қамқор болуға үйренеміз. 1-тапсырма. Сурет бойынша әңгіме құра. 1. Анасы не істеп тұр? 2. Әкесі қандай жұмыспен айналысып жатыр? 3. Атасы мен әжесі не істеп отыр? 4. Бөлмеде тағы кім бар? 5. Бұлар қандай отбасы деп ойлайсыңдар? – Сенің ата-анаңның аты-жөні кім? – Олар қайда және кім болып жұмыс істейді? – Сен үйде анаңа қалай көмектесесің? – Үлкен аға, әпкелеріңнің	арттыру. Қазақстан Республикасының жер көлемі туралы түсінік беру, елімізде өндірілетін қазба байлықтардың қай жерден шығатыны туралы білім беру, рәміздерді білуге үйретуді жалғастыру, сөздік қорларын, ой - өрісін дамытып, дұрыс сөйлеуге жаттықтыру. **Қауіпсіздігі:** Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыту. Зерттеушілік мәдениетке тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**: Бізідің Отанымыз туралы қойылған сұрақтарға жауап береді; Қазақстан Республикасы-тәуелсіз ел екенің түсінеді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Үнтаспадан Е. Хасанғалиевтің орындауындағы «Атамекен» әнін тыңдайды. **Сөздік жұмыс:** Атамекен – ата-бабадан ұрпаққа мұра болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен.	**Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңберін құру.** Күннің нұрын алақанға саламын, (алақанды алақанға қояды) Жүрегіме басып ұстай аламын. (алақанын жүрегінің тұсына қояды) Жарық, жылы, нәзік әрі мейірлі (екі қолын жанына қарай жаяды) Болып кетер сонда дереу жан-жағым. (3 рет үрлеп, бір-біріне жылулық сыйлайды) Педагог балаларға бейнетаспадан Астананың көрікті жерлерін көрсетеді. – Қазақстан Республикасының астанасы қай қала? – Бүгін біз Батырбай Сейбадуллаевтың «Астана» өлеңімен танысамыз. Астана – еліміздің бас қаласы. Біз Астана туралы жырлап, мақтан етеміз. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп, ұйқас сөздермен жүрекке жеткізеді. Біздің туып - өскен жеріміз – Қазақстан Республикасы. - Иә, балалар, бүгінгі сабағымыз Елордамыз Астана туралы болмақ. - Ал қанекей балалар Астана қаласына	алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ұ) Шаттық шеңбері:** Біздің топта балалар, Тату-тәтті ойнайды. Дос көңілі әрқашан Тек жақсылық ойлайды. Педагог: Балалар, сендерге жалғыз ойнаған немесе серуендеген ұнай ма? Балалар өз ойларын ортаға салады, пікір алмасады. Жалғыз ойнасақ, жалғыз серуендесек, жалғыз тамақтансақ, көңілсіз екен. Сондықтан біз жалғыз қалмас үшін бізге дос, жолдас керек. **1-тапсырма.** Досың туралы әңгімеле. Сенің ең жақын досың кім? Оның жас нешеде? Досың қайда тұрады? Неліктен сен оны жақын досым деп санайсың? **Балаларға көрсету әрекеті:** **Ойын-жаттығу:** «Сөйлемді аяқта». Мен өз досымды адал деп санаймын, өйткені ... Мен өз досыммын ... бөлісемін. Мен өз досыма көмектесемін және ... Әліппе-дәптермен жұмыс: **2-тапсырма.** Мақалдардың мағынасын түсініп ал. Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды.	балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберін құру. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, Күн жасайықшы. – Мынау ненің суреті? (Күннің) – Күн жарқырап шыққанда адамдарға шуағын шашады. Таңертең тұрған кезде ата-аналарың «Қайырлы таң!» – деп айта ма? Кәне, біз де қайырлы таң тілейік. Қайырлы таң, көздерім, сендер ояндыңдар! Қайырлы таң, саусақтарым, сендер ояндыңдар! Балалар көздерін, саусақтарын уқалайды. – Балалар, мына сиқырлы сандықта жануарлар бар екен. Олар қандай жануар екенін білу үшін жұмбақтың шешуін табайық. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Айбарлы түсі бар, Қанжардай сұсы бар, Күжірейген жалды, Білсең айт бұл аңды? (Арыстан) Үй ішін аралап, Түнде көп жортады. Қаптарды жарады, Мысықтан қорқады. (Тышқан) **Балаларға көрсету әрекеті:** Ертегі не туралы деп ойлайсыңдар? – Суреттегі жануарларды

	тілін аласың ба? – Іні-қарындастарыңа қалай қамқорлық көрсетесің? – Сен отбасындағы адамдарды қалай қуантасың? – Сенің әжең, атаң ертегі, әңгіме, аңыз айтып бере ме? – Педагог балалардың пікірлерін, жауаптарын жинақтап толықтырады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дидактикалық ойын:** «Ол қандай?» Шарты: Педагог бір балаға допты лақтырады да, сұрақ қояды. Допты алған бала сұраққа жауап беріп, допты қайта лақтырады. – Сенің әкең қандай? (Мықты, еңбекқор, батыл, мейірімді, кішіпейіл) – Сенің анаң қандай? (Мейірімді, ақылды, көңілді, әдемі) - Сенің атаң қандай? (Аққөңіл, дана, мейірімді) – Сенің әжең қандай? (Сабырлы, қамқор т.б) – Балалар, әжеміз, атамыз, анамыз, әкеміз тіпті аға-әпкелеріміз сендерді «Күнім, айым, жұлдызым, құлыным!» - деп ғажап нәрселерге теңеп еркелетеді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Керілеміз, созыламыз, Терең алып тынысты. Оңға бір, солға бір, Жалғаймыз біз жұмысты. **Жаңылтпаштан жаңылмайық:** Уықтардың барлығын	Балалар да өз ойларын ортаға салады: – Атамекен дегеніміз – туған жеріміз. Ол – менің атам, менің ата-бабаларым мекен еткен жер. Енді сол жерде мен туып-өсіп жатырмын. Педагог М.Әлімбаевтың «Туған жерім тамаша» өлеңін оқиды. Туған жердің жырларын Кең өлкенің қорларын Қызғалдақтай терейік. Жүр, аралап, келейік! Сақұлақ пен Қырағы сұрақтар қояды. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы өлеңнің мазмұны ашылады. – Біздің Отанымыз қалай аталады? – Біздің Отанымыз – Қазақстан. – Қазақстан сөзі «Қазақ» және «стан» сөздерінен құралған, яғни Қазақ елі деген мағына береді. Біздің жеріміз кең-байтақ. Қазақстан аталу себебі: жергілікті халық – қазақ. Біздің еліміз – көпұлтты ел. Қазақстанда тұратын басқа да көптеген ұлт өкілдері Қазақстанды өзінің Отаны деп санайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** Қазақ халқында елімізді, жерімізді жаудан қорғаған батырлар көп. Олар: Қаракерей Қабанбай батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Қарасай батыр, Наурызбай батыр,	барғандарын бар ма? Сендер Астанаға бардыңдар, сол жайлы айтып беріңдерші. Қане балалар кімде қандай сұрақ бар екен. /Астана қаласына барып қайтқан балаларға сұрақ қою/ Олай болса құрметті қонақтар барлығымыз Астана қаласына саяхат жасайық. Педагог «Астана» өлеңін оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). **Балаларға көрсету:** Сөздік жұмысы: киелі – қастерлі бақ – бұл жерде: бақыт, береке, құт ынтымақ – бірлік, ауызбіршілік **Сұрақ-жауап:** Енді балалар экранға назар аударып Астана қаласын аралайық. /Астана қаласы туралы видеоролик/ Сарыарқа даласында, Есіл өзенінің жағасында әлемді өзіне қаратқан жаңа қала бой көтерді. Ол біздің Елордамыз – Астана. - Есіл өзені қаланы екіге бөліп жатыр. Есілдің оң жағалауында көбіне тұрғын үйлер орналасқан, ал сол жағалауы жалпы Қазақстанның саяси орталығы болып табылады. - Есіл өзенінің сол жағалауында Президент Ақ Ордасы, Парламент Сенаты мен Мәжіліс	Дос бәрінен де қымбат. **3-тапсырма.** Досыңның суретін сал. **Сергіту сәті:** Біз балалар бағында Тұрамыз өте көңілді. Көп болсақ та достықпен Өткіземіз өмірді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **4-тапсырма.** Досыңмен бос уақытыңды қалай өткізетініңді сызба бойынша әңгімеле. Педагог балалармен бірге шартты белгілерді талқылайды. Педагог әңгімені тыңдауды ұсынады. Арман ойыншық құлыншағын алып, аулаға ойнауға шықты. Ауладағы тентек бала Қайсар Арманның құлыншағымен ойнап жүріп, аяғын сындырып қойды. Құлыншақты Арманға қайтарып берді. Ал Арманның досы Қуаныш Қайсарға бұл істеген ісі жөн емес екендігін айтты да, ... (Балалар әңгімені өздері жалғастырып айтады.) **Тіл ұстарту:** **Ша-ша-ша** – пісіп тұр **алша.** **Ос-ос-ос** – бәрі бірге **дос.** **(Т) Дидактикалық ойын: «Досыңды тап».** Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың балалары көздерін таңып, өз достарын табуы керек. Олар өз досын қолын, шашын, киімдерін қолмен ұстап, сипау арқылы табады.	ата. Арыстан қандай аң? – Бүгін біз «Арыстан мен тышқан» атты қазақ халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Ертегіні слайд арқылы көрсетеді, әңгімелейді. Педагог балаларға ертегіні оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). **Сөздік жұмысы:** қайырымдылық – жақсылық жасау, көмек көрсету кәдеге асу – «бір кезде мен де жақсылық жасаймын» деген мағынада Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Ертегі қалай аталады? Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Тышқанды арыстан қалай ұстап алды? – Тышқан арыстанға не деді? Арыстан тышқанның уәдесіне неге күлді? – Арыстан тұзаққа қалай түсті? Оған тышқан қандай көмек жасады? **Тіл ұстарту жаттығуы:** Аң-аң-аң – аң патшасы арыстан. **Сергіту сәті:** Орманға біз барамыз, Ағаштарды аралап, Арыстан болып ақырып, Тышқанша біз жүреміз.

	Уыққапқа сал, күнім. Уыққапқа салған соң, Уыздан жеп ал, күнім. **2-тапсырма.** **Дидактикалық ойын «Сөйлемді аяқта».** Менің отбасым ... Менің атам ... Менің әжем ... Менің әкем ... Менің анам ... Менің ағам, інім ... Менің қарындасым, әпкем, сіңлім ... **3-тапсырма.** Мақалдың мағынасын түсініп ал. Мақалдың мазмұнын талдау. Ана алдында - құрмет, Ата алдында - қызмет. Педагог мақалды қайталату арқылы жаттатып, мағынасын түсіндіреді. 4-тапсырма. Суретке қарап, отбасыңмен өз уақытыңды қалай өткізетініңді айт. Немен айналысқан ұнайды? Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды. (Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысын бағалап, қорытындылайды.	Саурық батыр. (Батырлар бейнеленген портреттерін көрсетіп, әрқайсысының аты-жөндерін қайталап айту қажет). – Қазақстан жерін ежелден қоныстанып келе жатқан ел – қазақ халқы. Қазақ халқы – ержүрек, достыққа адал, бауырмал, қонақжай халық. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Осы күн Мемлекеттік мереке – «Тәуелсіздік күні» деп аталады. Дүниежүзіндегі мемлекеттер Қазақстанды тәуелсіз Республика деп таныды. Мемлекетіміздің дербестігін білдіретін рәміздеріміз бар. Отанымыздың бас қаласы қалай аталады? – Астана. Педагог Т. Жексенбайдың астана туралы өлеңін оқиды. Отанымның төрінде, Ту ұстаған – Астанам, Сарыарқаның өрінде. Әсем қалам, бас қалам. – Өлеңде не туралы айтылған? – Астана қаласы туралы. Педагог С. Оспановтың өлеңін оқиды. Жап-жасыл ағашы, Ақ басты тауы бар – Қып-қызыл алмасы. Алматы қаласы. – Өлеңде қандай қала туралы айтылған? – Алматы қаласы туралы айтылған.	үйлері, Конгресс холл, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, тағы басқа негізгі экономикалық, саяси орталықтар орналасқан. Балалар енді бәріміз бірге Астана қаласының көрнекі жерлерін аралап, олармен таныс болайық. «Астана - Бәйтерек» монументі Елорданың басты көрнекті орындарының бірі. Есіл өзенінің сол жақ жағасында жапырақ жайған «Астана - Бәйтерек» бар. 97 метрлік биіктікте, шардың ішінде жаңа елорданың келбетін алақанға салғандай көрсететін панорама залы орналасқан. Күміс тұмар — Нұрсұлтан Назарбаевтың алақанының таңбасы салынған. Президент саябағы Бейбітшілік және келісім сарайы мен Ақорданың жанында орналасқан. Паркте "Самұрық құс", "Төменгі алаң", "Үлкен каскад", "Грот", "Көл - қайнар көз" атты бес су бұрқақтары кешені, сегіз жасанды тоған мен каналдар бар. – Өлең шумақтарында не жайында айтылған? – Астана қандай қала? Бейнежазбадан не көрдің? – Астананың негізгі белгісі (символы) қалай аталады? – Астана қаласына бардың	**5-тапсырма.** Досыңа не сыйлар едің? Белгіле. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды марапаттайды. (Ө) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысын бағалап қорыту.	**Балалармен бірге орындау әрекеті:** Арыстан мен тышқан Ерте, ерте, ертеде, орман патшасы арыстан тоғайдың қалың беделінде ұйықтап жатады. Бір тышқан ойнақтап, үстінен жорғалап жүргенін сезіпті. Арыстан ұйқысынан ызаланып оянып, тышқанды ұстап алып, өлтірмекші болғанда тышқан жалбарынып: -Тақсыр, мені өлтірмеңізші,бір жолға кешіре көріңіз. Бір күні менде бір кәдеңізге жарармын-депті. Арыстан оның сөзіне күліп, - Сен кішкентай бір тышқансың, менің қандай қызметіме жарамақсың-деп жаны ашып, тышқанды қоя беріпті. Тышқан байғұс қуанып, «арыстан досым»-деп жүгіріп ойнап кете барыпты. Күндердің күнінде арыстан жортып, ойнап жүріп, аңшылардың құрған

		– Астана қаласының символы не? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** – Астана қаласының символы – «Астана-Бәйтерек» монументі. Монумент ұзын темірлі құрылымдардан, керемет үлкен шардан тұрады. Құрылым биіктігі 105 метрді құрайды. – Алматы қаласының символы не? – Алма. Астана қаласы және Алматы қаласының көрікті жерлерінің суреттерін қарастыру. Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). «Отан – отбасынан басталады» деген мақалдың мағынасы ашылады: Отан – біздің отбасымыз, үйіміз, балабақшамыз, туған жеріміздің табиғаты, ауылымыз, қаламыз. Үлестірмелі материалдармен жұмыс: 1. Суреттер бойынша Отан туралы әңгіме құрап айт. 2. Суретке қара. Біздің елімізде қандай ұлт өкілдерінің тұратынын ата. 3. Сақұлақ пен Қырағы Отанымыздың көрікті жерлерін аралады. Олар қай қалаларда болды? Ата. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.	ба? Қандай көрікті жерлерін көрдің? – Бәйтерек сөзіне сөйлем құра. **Сергіту сәті** Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын кең аспан. Педагог «Астана» өлеңін мәнерлеп екінші қайтара оқып береді. Балалармен бірге символдар мен суреттерді талқылайды. Мнемокестедегі суреттер арқылы тақпақты жаттатады. Өлеңді 2-3 рет жоғары, орта, төмен дауыспен қайталатады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** 1. Астана туралы не білесің? Астананың көрікті жерлерін ата. 2. Арман Астананың көрікті орындарына қалай жетеді? Сызып көрсет. **3. Есіңде сақта.** Жері байдың – елі бай. Педагог балалармен тапсырманы талқылайды, суреттерді көрсетеді, бірінен кейін бірі келетін ретін анықтайды. Балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Өлең не туралы? Еліміздің елордасы қалай аталады? – Астананың көрікті жерлерін ата.		тұзағына түсіп қалыпты. - Тақсыр, мені өлтірмеңізші, бір жолға кешіре көріңіз. Бір күні мен де бір қызметіңізге жарармын, - депті. Арыстан оның сөзіне күліп: - Сен өзің кішкентай бір тышқансың, менің қандай қызметіме жарамақсың,- деп жаны ашып, тышқанды қоя беріпті. Тышқан байғұс қуанып, «арыстан досым»,- деп, жүгіріп ойнап кете беріпті. Күндердің күнінде арыстан жортып ойнап жүріп, аңшылардың құрған тұзағына түсіп қалыпты. Шарқ ұрып, тыпырлап, ақырып-бақырып жатса да тұзақтан құтыла алмапты.Сол жерден өтіп бара жатқан тышқан арыстанның бұл халін көріп, қасына келіп қарап тұрса, сонда арыстан тышқанға қарап: - Лажың бар ма бұған қылар? – депті. Тышқан дереу тістерімен тұзақтың жіптерін кеміріп қиып кеп жіберіп, арыстанды тұзақтан құтқарыпты. Тышқан арыстанға: - Мені кішкентайсың,- деп мән бермеуші едің.

			Балаларды мадақтау.		- Міне, сені бір ажалдан алып қалдым, - депті. Осылайша арыстан жасалған жақсылықтың қайтарымы болатынын жақсы түсініпті. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суреттерді қара. Арыстан тышқанға не айтты? Тышқан арыстанға қалай көмектесті? 2. Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойыңды айт. Жұбыңмен кейіпкерлердің диалогін құр. 3. Суретте қандай аң жасырынып тұрғанын тап. Педагог балалардың суретте қандай аң жасырынып тұрғанын табуына көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізеді. **Жұмбақ ойын: «Айна»** Педагог бір кейіпкердің қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады. Педагог ертегіні сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлге бөлінеді. Ертегіні драмалауда сиқырлы қоржыннан текшелер таңдап алады. Безендірілген сахна алаңында театр костюмдерін шығарып, кигізеді. Қалған балалар

					көрермен болады. Сахналау аяқталған соң балалар көрермендерге иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Ертегіден қандай әсер алдың? Балаларды мадақтау.
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. **10:00-10:10** **Ас қабылдау мақсаты:** Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.	**Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
	«Адал азамат» біртұтас тәрбие				
	- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды. **- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.** **- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.** **- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.**				
	«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ... «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Дәнді шашпа, нанды баспа	**«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ...ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Ас адамның арқауы.	**«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»
2 үзіліс – 10:00 – 10:10					
Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары					

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

Басты мақсат: Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

Дыбыстық есту арқылы ойын:
«Менімен қайтала»
Мақсаты: Балаларды «а», «у» дыбыстарын сөздерде, буындарда таза, анық айтуға үйрету: гу, му, ну, ух,
Шарты:
- Сендерде қандай ойыншықтар бар екенін көрейік: тауық, қаз, балапан, бұзау,
Балалар картачкалардағы суреттерге қарап нелер бар екенін атай отыра олардың қалай дыбыс білдіретіндерін айтады.
Маса өлеңі- зу-зу-зу
Қоңыз өлеңі- жу-жу-жу
Даулпаз өлеңі- бум-бум-бум
Пойыз өлеңі- чух-чух-чух
Сиыр өлеңі - му-му-му
Көкек өлеңі- ку-ку-ку
Құбыр (дудочка- ду-ду-ду) өлеңі-ыр-ыр-ыр (Музыкалық құбыр)
Жел өлеңі- у-у-у-у

Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығуларартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:
1. «Сабын көпіршігін үрле». Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.
2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле» (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).
3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді». Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.
4. «Көңілді маймыл». Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.
5. «Шарларды үрлеу». Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.
6. «Жылан қалай ысқырады». Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс).

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.10 – 10.35

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Мен және менің достарым. **ҰІӘ міндеттері:** - қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;	**3.Құрастыру-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жәндіктер. Жануарлар әлемі. **ҰІӘ міндеттері:** - табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету; -кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту;	**3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау. **ҰІӘ міндеттері:** - балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту. -сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту. -ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Мамандықтың бәрі жақсы. **ҰІӘ міндеттері:** - мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету; -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.	**3.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Менің мекен-жайым. **ҰІӘ міндеттері:** - балаларға өздері тұратын туған қала, балабақша орналасқан шағынаудан, көше туралы түсіндіру. Балалардың нақты мекенжайын, тұрғылықты жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру; -схеманы пайдаланып,

	-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. **Дағды**: отбасы мүшелерін ажыратып, сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Топтағы балаларды атымен атауды үйрету, «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін үйрету; адамдармен өзара түсінісіп, қарым қатынас жасай білуге үйрету. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Баланың өзін - өзі тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге үйрету, досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға, кез келген уақытта көмектесе білуге тәрбиелеу. Ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. **Қауіпсіздігі:** Балалардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ	-киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету; -қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту -сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. **Дағды**: Табиғатта өзін ұстау ережесіне,еркін жұмыстануға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жәндіктер,жануарлар әлеміне деген қызығушылығын арттыру және оларды қорғауға үйрету. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.Табиғатты бақылай білуге қабілеттерін дамыту. **Қауіпсіздігі:** Жәндіктер,жануарлар әлеміне деген қызығушылығын ояту, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. **Коррекциялық:** Ойын арқылы түстерді, жемістер мен көкөністерді ажырата және атай білуге үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**: - табиғи материалдардың түрлерімен танысады және олардан жәндіктерді	**Дағды:** сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру **Ұлттық құндылықтар:** Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды бауырмалдыққа, бір - бірін қолдауға, достарының сөздерін тыңдай білуге, топпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу **Қауіпсіздігі:** Буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Балалардың ой-өрісін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**: Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Заттың жекеше түрін айт» ойынын балалармен ұйымдастыру. 1. Ұлдар – ұл. 2. Торғайлар – ... (торғай) 3. Көбелектер – ... (көбелек) 4. Таулар – ... (тау) 5. Жапырақтар – ... (жапырақ)	**Дағды**: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жайсөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Балаларға мамандықтардың пайдалы жақтарын айта отырып, олардың бәрі адам мүддесі, қоғам мен халыққа қызмет етуші екендігін түсіндіріп, жалпы мамандыққа және оны игеріп ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген маман адамдарға деген құрметтеу, ардақтау және мақтаныш ете білу сезіміне тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға күнделікті кезігетін мамандық иелері туралы мағлұмат беру, мамандықтарға деген қызығушылықтарын арттыру. Сюжетті - рөлді ойындарды пайдалану арқылы әр мамандықтың қыр - сырын ашу. «Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу арқылы балалардың ой - қиялдарын дамыту. **Қауіпсіздігі:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, зейінін дамыту. Уақытты үнемдеуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**:	көрсетілген мекенге жетуді үйрету, түрлі өмірде кездесетін жағдаяттан шыға білу қабілеттерін дамыту; -көмекке келуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **Дағды**: Балалардың нақты мекен-жайын, тұрғылықты жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. **Ұлттық құндылықтар:** Өз үй –іші,отбасына деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды өз пәтерлеріндегі бөлмелерді дұрыс атай білуге, мекен – жайын айта білуге уйрету. Сөздік қорларын байытып, тіл мәдениетін жетілдіріп дамыту. Ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Туған жерінің табиғатына қамқор болуға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**: -өз мекен-жайы мен тұрғылықты қаласының немесе ауылының атын, ондағы сәулетті, мәдени орындары туралы айта білу; -ауылының атын, ондағы сәулетті мәдени орындарды біледі; -кез –келген істің адам еңбегі арқылы келеіндігі, ауылдың көркеюіне өздерінің үлесі бар екенін. **Педагог әрекетінің**

	тіліне тән дыбыстарды дұрысайтады. Сөйлемдер құрастырады; дос, тату, достар сөздерін түсінеді,өзі және достары туралы айтады, қарапайым сұраққа жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Менің отбасым» тақырыпты қайталау. **Сөздік ойын: «Мен бастаймын, сен қошта».** Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпазанықталады. **Балаларға көрсету әрекеті:** Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Балаларға мектептің суретін көрсетіп, сұрақтар қояды. Мынау не? Бұл – мектеп. Балалар қайда келді? Балалар мектепке келді. Балалар не істеп жүр? Мектеп ауласында ойнап жүр. Саған мектепте көңілді ме? Иә, балабақшада көңілді.Мектепте балалар көп. Олар бір-бірімен дос. Дос, дос-ы-ң, се-н-і-ң до-сың. Ме-н-і-ң до-сым. Арман, сен кіммен ойнайсың? Арман, Арлан сенің досың ба?	құрастыра алады; -кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындай білуге үйренеді; -табиғи материалдармен ұқыпты жұмыс жасайды, еңбек ете білуге дағдыланады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Жапырақтардан жасалған үлгіні көрсетіп талдау жасау және балалармен не жасағысы келетінін таңдау; жапырақтарды өзі жасайтын бейнелерге сәйкес таңдап алады. **Орындалу реті:** алдымен көбелектің екі қанатын орналастырады; -төменгі қанатын кіші жапырақтардан орналастырамыз; ортасына ұзынша жапырақты қойып денесін және мұрттарын жасаймыз. Жапырақтарды бір-біріне желіммен немес ермексазбен бекіту жолдарын көрсетіді. Осы тәсілмен инеліктің жасалу жолдары түсіндіріледі. Инеліктің қанатын жасауға жұқа, ұзынша жапырақтар таңдалады. **Балаларға көрсету әрекеті:**	Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді? 2) Буында неше дауысты дыбыс болады? **Артикуляциялық жаттығу жасау.** **«Күрекше»** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. **«Ине»** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. **«Төбешік»** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. **«Түтікше»** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.	- жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтады, жаңылтпашты қайталайды; -қарапайым сұрақтарды түсінеді; -мамандық атауларын қазақша атайды, жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Мамандықтар». Мамандықтарды суреттермен таныстырады. **Жаңа сөздермен таныстыру.** Мынау – ұшқыш. Мынау кім? Мынау – ұшқыш. Мынау – ғарышкер. Мынау кім? Мынау – ғарышкер. Мынау – дәрігер. Мынау кім? Мынау – дәрігер. Мынау – құрылысшы. Мынау кім? Мынау – құрылысшы. Мынау – сатушы. Мынау кім? Мынау – сатушы. Балалар сөздерді қайталайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).	**алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шеңберге тұрады. «Баспана» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Е. Елубаевтың өлеңі бойынша әр жануардың баспанасы және адамның баспанасы қалай аталатынын біледі. Педагог қала немесе ауылда әр адамның үйін мекенжай арқылы табатындығын түсіндіреді. Сөздік жұмыс: Адам тұратын үй, мекеме, кәсіпорынның орналасқан жері «мекенжай» деп аталады.Балалар өздері тұратын қала/ауылдың атын және көшелерін атайды. Балалар өз қаласының/ауылының көрікті жерлерін атайды, сол туралы әңгімелейді. Педагог: Біз ата-аналарының көмегімен сызылған картамен жұмыс жасаймыз. Әр баланың аты жазылған, шартты белгілер орналасқан, балабақшаға,мектепке келетін жолы сызылған парақшаларды алып, баланың өзіне айтқызады, балабақшаға келе жатқан жолда қандай ғимараттар бар, олар жолдың қай шетінде орналасқан, тұратын аудандары қалай аталатыны жайлы

	Иә. Менің досым – Арлан. Арман, Арлан – достар. Достар қалай ойнайды? Достар тату ойнайды. Біз Арман екеуміз дос-пыз, та-ту ойнаймыз. Біз-дің до-сы-мыз көп (балалар қайталайды). ***Мақал-мәтелді*** *түсіндіреді.* «Адам досымен, ағаш тамырымен мықты» . Жаңа сөздерді естерінде сақтату: дос – друг, достар – друзья, тату – дружно, біздің достарымыз – наши друзья **Сергіту сәті.** Зеңгір көктем, нұрын төккен, Ортақ біздің гүліміз, Жайнап өскен, жайдары өскен, Біз өмірдің гүліміз. Бал достыққа, жолдастыққа Шақырады әніміз. Тыныштықта, нұр құшақта Бақыттымыз бәріміз. **Балалармен бірге орындау әрекеті: Ойын: «Ренжістік, Достастық» (әуенмен)** **Балалар, бүгін біз: «Ренжістік, Достастық» ойынымен танысып, ойнаймыз.** Мүмкін шын достықтың құпиясын ашатын шығармыз. Менің өтінішім бойынша сендер: «Ренжістік» дегенде бір-бірлеріңе қарама-қарсы бұрылып, саусақтарыңды безейсіңдер. «Тоқта» дегенде бір-бірлеріңе арқаларыңды беріп тұрасыңдар «Достастық» деген бұйрық	Педагог аю, қоян, түлкі т.б. аңдар бейнесін жасау ретімен таныстырады, ол үшін әр аңның бет бейнесінің ерекшелігіне назар аударады: түрлі түсті қағаздан бет бейнелерді қиып алудың жолдары көрсетіліп, түсіндіріледі; оларды киндер қораптарына жапсыруда орындарын нақты табуға бағыт беріледі; ермексаз, жұқа түссіз қағаздар, гуашь бояулар т.б. пайдалануға болады; дайын болған аңдармен үстел үсті театрын құрып, ертегі құрастырып айтуға ұсыныс жасалады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Табиғат қандай тамаша Тоймаймыз біз де тамсана. Аңдар еркін жүреді Балықтар шіркін жүзеді. Табиғаттың жыры көп Табиғаттың сыры көп. «Не қалай дауыстайды?» ойынын ұсынады. Педагог қалдық заттардан алуан түрлі ойыншықтарды жасауға болатынын көрсетіп әңгімелейді. Киндерден жасалған «аңдар» бейнесіне талдау жасайды, кім қандай аңды жасайтындықтарын таңдауды сұрайды.	 **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы** Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Педагог балаларға сөзге дыбыстық талдау жасауды жалғастырады. Педагог **доп, шар** сөздерінің дыбыстық сызбасын тақтаға іледі. Екі бала тақтада **доп, шар** сөздеріне дыбыстық талдау жасайды. Қалған балалар орындарында талдау жасайды, қателескендер тақтамен тексеріп, қателерін түзейді. – **Шар** сөзін баяу айтып, сөздегі әр дыбыстық дыбысталуына назар аударыңдар. – Шар сөзінде неше буын бар? – Дұрыс айтасыңдар, бір буын, өйткені бір дауысты дыбыс бар. – Шар сөзінде барлығы неше дыбыс? – Үш дыбыс екен. – Шшшар бірінші дыбыс қандай дыбыс?	Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш. Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер. Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер-ғарышкер. **Сергіту сәті:** Орнымыздан тұрамыз, Аяқты нық басамыз. Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып аламыз. Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Ойын: Кім не істейді?** Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды. «Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды. Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді? Балалар Менің есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды. Менің әкем құрылысшы болып істейді. Менің анам дәрігер болып істейді. Жаңылтпашпен таныстыру. Ұшқыш меңгергенді Дәрігер меңгере ала ма? Дәрігер меңгергенді Ұшқыш меңгере ала ма? Жаңылтапшты қатты және	әңгімелеп, парақшаны тақтаға іледі. Педагог төмендегі жетекші сұрақтар арқылы балалардың өз мекенжайы туралы айтқызады. Өздерің тұратын көше қалай аталады? Әр бала өзі тұратын көшенің атын айтады. Көшелеріңде қандай үйлер бар? Үйлердің жанында қандай дүкендер (ғимарат, шаштараз, дәріхана т.б.) бар? **Балаларға көрсету әрекеті:** **Ғажайып сәт.** Есік қағылып, қуыршақ Айсұлу кіреді. – Сәлеметсіңдер ме, балалар, менің атым – Айсұлу, мен адасып кеттім, маған көмектесіңдерші. – Айсұлу, неге адасып кеттің? – Өйткені мен өзім тұратын үйді білмеймін. Балалар айтыңдаршы, сендер осы балабақшада,мектепте тұрасыңдар ма? – Жоқ! Таңертең ата-анамыз алып келеді, ал түсте үйге қайтамыз. – Сендер қай үйде тұратындарыңды қалай білесіңдер? – Әр үйдің өз нөмірі бар. – Айсұлу адасып кетіпті, оған мекенжай туралы білетінімізді айтып берейік, көмектесейік. – Өзіміз тұратын үй мекенжай деп аталады. – Неліктен біз мекенжайымызды білуіміз

	берілгенде қол алысып, күлімдеп, өз құрбыларыңа сүйіспеншілік туралы ізгі сөздер айтасыңдар. **Дидактикалық ойын**: «Өзіңнің досың туралы әңгімеле».Балалар өздері туралы және достары туралы әңгімелеу. *Менің атым – Наргиз.* *Мен бес жастамын. Менің досымның аты – Сәуле.* *Біз татуойнаймыз.* *Менің атым – Арман.* *Мен бес жастамын.* *Менің достарымның аттары – Арлан,Нұрым.Біз достарымызбен татумыз.*	 	– Иә, бірінші дыбыс – ш дыбысы. – **Ш** дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? – Қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог екінші дыбысты айқындап шааар сөзін оқиды. – **А** дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – Дұрыс айтасыңдар, дауысты дыбыс. Қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. Педагог «шаррр» сөзін үшінші дыбысты айқындап оқиды. – Үшінші қандай дыбыс естіліп тұр? – Дұрыс айтасыңдар, «р» дыбысы естіліп тұр. – «Р» дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? – «**Р**» дыбысы дауыссыз дыбыс. -Сызбада қандай түспен белгілейміз? – Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. Шар – 1 буын, 3 дыбыс. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** *Доп – 3 дыбыс,1 буын.* **Д-** дыбысы дауыссыз дыбыс, ұяң. **О-** дыбысы дауысты дыбыс, жуан. **П-** дыбысы дауыссыз дыбыс, қатаң. **Сергіту сәті** **Биле, биле, балақай**	ақырын әрі жылдам айтқызу. **Дидактикалық ойын: «Мамандық иелерінің құралдары»** **Шарты:** Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру. - Балалар бағанадан бері сендер көптеген мамандық иелерінің еңбегімен таныстыңдар. Енді өздерің де өскенде кім болғыларың келетінін айтатын кез келді. Сендердің кім болғыларын келетіндігін мен мына сиқырлы қаламмен жазып алам да, «Арман гүліне» іліп қоямыз. Балалардың жауаптары тыңдалады. Әсемпаз болма әрнеге Өнерпаз болсаң, арқалан, Сенде бір - кірпіш дүниеге Кетігін тап та бар қалан! Балалар осындай мамандық иесі болу үшін білімді, тәрбиелі болып ер жетуіміз керек.	керек? – Мекенжай хат, сәлемдеме жіберуге, қонаққа келуге, жедел жәрдем, өрт сөндіру мәшинесі немесе полиция көмекке мұқтаж адамдарға келуі үшін қажет. – Біздің мектеп қай жерде орналасқан? Мектептің жанында қандай ғимараттар бар? Қандай көшелердің қиылысында орналасқан? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Балалар мектептің қайда және оның жанында орналасқан ғимарат, үй, дүкендерді атайды. Педагог балаларға осы айтылған мекенжай бойынша жоспар құруды ұсынады. Балалар өз беттерінше пайымдаулар айтып, жоспар құрады: 1. Қала/ауыл ____ 2. Көше ____ 3. Үй нөмірі ____ **Сергіту сәті: «Айгөлек»** әнінің музыкасын қосады. Балалар педагогпен қосылып, би қимылдарын жасайды. Есік қағылып, әже (қуыршақ) кіреді. Айсұлу «Әже!» – деп қуанып құшақтайды. Педагог пен балалар Айсұлуға мекенжайды білу керектігін, қай жерде тұратыны есте сақтау керектігін тағы түсіндіреді. Әже балаларға рақметін айтып, Айсұлуды ертіп, қоштасып, шығып кетеді. – Айсұлудың орнында болсаңдар, онда не істейсіңдер?

		 	Бір, екі, үш, төрт Біз билейміз күш көп. Бес, алты, жеті, сегіз Ән менен би егіз. Қолдармен биле, аяқты серме. Билейік айнала, бос тұрма қайтала! **Доп** сөзінің дыбыстық талдауын анықта. **Саусақ жаттығуы:** Тыңда, орында. Саусақтар шықты қыдырып, Балетке келді жүгіріп. Залдың шамы сөнеді, Бишілер билеп береді. Балет қандай тамаша! Қол соғайық таласа. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.		Балалар өз беттерінше пайымдап, қалталарына телефон номері жазылған, мекенжай жазылған қағаз салып жүру керектігін не болмаса ата-аналарының телефондарының номерін есте сақтау қажеттігін, ұялы телефон ұстап жүру керектігін айтады. **Үлестірмелі материалдармен жұмыс** 1. Айсұлу қай үйде тұрады? Желаяққа Айсұлудың үйін схема бойынша сызып көрсет. 2. Арманның үйі көпқабатты, терезелері тіктөртбұрышты. Арманның үйін тауып белгіле. Қырағыға өзің тұратын үй туралы әңгімеле.

Құндылықты қалыптастыру

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

3 үзіліс – 10:35 – 10:45

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен танысыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Қазақтың ұлттық ойыны: «Тышқан мен қақпан»

Басты міндеттері: Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.



Қазақтың ұлттық ойыны: «Тышқан мен қақпан»

Ойынның міндеттері:Балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлттық ойындар арқылы жан-жақты дамыту, денсаулықтарын нығайту. Ұлттық және қимыл-қозғалыстық ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.

Дағды: Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.

Ойынның ережесі : Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ аз да, екінші топ көп. Шеңберлердегі балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, қарама-қарсы бағытта жүреді. Жүргізушінің белгісі бойынша екі шеңбер де тоқтайды. Ішкі шеңберде тұрғандар қолдарын жоғары көтереді – қақпа құрайды. Қалған ойыншылар шеңберге кіріп-шығып жүгіреді. Кенеттен жүргізуші келесі белгіні береді, осы кезде ішкі шеңбер ойыншылары қолдарын лезде түсіреді. Шеңбер ішінде қалып қалған ойыншылар қақпанға

	түскен болып саналады. Олар ішкі шеңберде тұрғандарға қосылады да, ойыншылар қайтадан қол ұстасады. Осыдан кейін ойын жалғасады. **Әдістемелік нұсқаулар.** Мұғалім белгі берісімен қолдарын жаздырмастан жоғары көтеріп тұра қалады, осы кезде тышқан ойыншылар шеңбердің ішіне кіріп шығуы керек.Төрешінің белгісімен ойыншылар қолдарын түсіреді.Осы кезде шеңбердің ішінде қалған тышқандар ұсталған болып саналады. Олар шеңбердегі ойыншылардың қатарына қосылады.Ойын екі-үш тышқан қалғанша жалғасады. Содан кейін топтар орын ауыстырады. Ойынның соңында ұсталған тышқандар саналады. Көп тышқан ұстаған топ жеңіске жетеді. **Ойынның педагогикалық маңызы.** Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу, жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 10.45 – 11.10

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)	**4. Дене тәрбиесі -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Бізбен бірге және бізден артық орында. **ҰІӘ міндеттері:** - балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра лақтыру жаттығулары дұрыс жасауды үйрету. Секіру және жүгіру жаттығулары қайталату. **Дағды**: Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алу (машықтарын) қалыптастыруға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** **к**үш, ептілік секілді дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін;ұжым болып бірлесіп тапсырмаларды орындау дағдыларын және мейірімділік пен тәртіптілік нормаларын. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:**	**4. Музыка-**шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Сабантойды тойлаймыз. **ҰІӘ міндеттері:** - қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату; -музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау; -ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу. **Дағды**: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды нақтылы орындай білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру,адамгершілік сезімдерін ояту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.Ел байлығын	**4. Дене тәрбиесі -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Біз – болашақ әскерміз! **ҰІӘ міндеттері:** - заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. **Дағды**: екі аяқпен бірдей итерілуді, баяу жүгіріс дағдыларын, кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылықтар:** Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, отансүйгіштікке, азаматтыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілік,шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. Спортпен шұғылдану,салауатты өмір	**4. Музыка-**шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Сабантойды тойлаймыз. **ҰІӘ міндеттері:** - қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату; -музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау; -ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу. **Дағды**: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды нақтылы орындай білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру,адамгершілік сезімдерін ояту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.Ел байлығын	**4. Дене тәрбиесі -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Біздің стадион. **ҰІӘ міндеттері:** - заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. **Дағды**: Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. 25 см биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қолын жеткізуді бекіту. Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып, еңбектеуді жаттықтыруды қалыптастыруға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Шапшаңдық секілді дене сапасын дамыту және кез

	Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Биіктікке көтеріле өрмелеуді үйрету. ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын қадағалау. **Қауіпсіздігі:** күнделікті өмірде кеңістікті бағдарлай алу, екі жаққа тартылған жіптіңастымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту машықтарын. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже:** -әртүрлі жүру түрлерін алмастырып жүруді; допты бір-біріне бастан асыра лақтырып беруді; арқаннан бір бүйірмен екі аяқпен секіруді; -малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қалай қағып алуды; бір бүйірмен арқаннан екі аяқпен қалай секіру керектігін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Тізбекке бір-бірден тұрғызып, кәдімгі жүріс түрін орындатады. Орташа қарқынмен тізелерін жоғары көтертіп жүгірту.	арттырған мерекелі де берекелі Алтын күз мерекесінің маңызының зор екенін түсіндіре отырып тіл байлықтарын арттыру және шығармашылық қабілеттерін оята отырып еңбек етуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Күзгі табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**: - дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды; -қарапайым музыкалық терминдерді; -пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов). Шығарманың 1-бөлімінде балалар зал ішінде шеңбер бойымен екеуден қол ұстасып, жай жүреді. Әуеннің 2-бөлімі орындалғанда зал ішінде	салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу. **Қауіпсіздігі:** Жерден екі аяқпен бірдей итерілуге жаттыға түсу, ұзындыққа секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын, өз денсаулығын сақтау құндылығын арттырып, спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже:** - кинезиологиялық гимнастика, алысқа доп лақтыру; жүру түрлеріне сәйкес қол қозғалы амплитудасы, секірулерді ретпен орындау,қолды алдымен төмен, сосын жоғары-артқа жіберу қимылы; екі аяқпен бірдей итерілуді, баяу жүгіріс дағдыларын, кеңістікті бағдарлау дағдыларын. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** I.Бір-бірден тізбекке сап түзеп, жай жүрісті орындайды. Тізесін жоғары көтеріп, сосын арт жағына жіліншегін сілкіп жүгіреді. Артпен жүру, сүйем қадам аттап жүруді орындайды.	арттырған мерекелі де берекелі Алтын күз мерекесінің маңызының зор екенін түсіндіре отырып тіл байлықтарын арттыру және шығармашылық қабілеттерін оята отырып еңбек етуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Күзгі табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже**: - дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды; -қарапайым музыкалық терминдерді; -пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов). Шығарманың 1-бөлімінде балалар зал ішінде шеңбер бойымен екеуден қол ұстасып, жай жүреді. Әуеннің 2-бөлімі орындалғанда зал ішінде біреуден жеңіл секіре	келген іс-әрекетті ақылға салып, талдап шеше білулерін дамыту. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, азаматтық қасиеттерін тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. **Қауіпсіздігі:** күнделікті өмірде кеңістікті бағдарлай алу, екі жаққа тартылған жіптіңастымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту машықтарын. **Апта дәйексөзі**: **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Күтілетін нәтиже:** - малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра қалай лақтыру және допты саусақтарын ашқан күйде қалай қағып алуды; биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қалай қолын жеткізуді; гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып қалай еңбектеу керектігін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балаларға стадионда жаттығудың маңызын түсіндіреді. Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр.

	Жеңіл, ырғақпен жүреді. Денебітімдерін, бастарын түзу ұстайды. Теріс қарап жүру: қолды сәйкес амлитудада ұстап, 3 метрге дейін жүру. **Балаларға көрсету әрекеті: Жұппен ЖДЖ «Жұп фигура» ойын-жаттығуы.** Педагогтің нұсқауларын дұрыс жәнежұбы екеуі қимыл-қозғалыстарын үйлестіріп орындауға тырысады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Ойын: «Орындарыңды ауыстырыңдар». (6 рет).** Зал ортасына арқан төсейді, осылайша зал екіге бөлінеді. Әр команда залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» деген белгі бойынша өз алаңдарынан қарама-қарсы алаңға шашырап жүгіреді. Ойыншылары толық екінші алаңға өткен команда жеңімпаз атанады. **«Мейірімділік деген не?» ойын-тренингі** Әрқайсысымыздың жүрегіміз мейірімге толы. Бір-бірімізге қарап, жылы сөздер айтайық. Мен бәріңе денсаулық тілеймін! Мен бәріңе мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!	біреуден жеңіл секіре басып шашырап жүреді. Әуен рет 2-3 рет қайталанады. Балалармен сабантой туралы әңгіме өткізіп, ол мерекенің қандай кезде болатынын, не үшін тойланатыны туралы мәлімет беру. **Балаларға көрсету әрекеті:** Музыка тыңдау: «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова). Күйді тыңдай отырып алған әсерлерін ортаға салу, күйдің мағынасын түсіндіру. Д. Нұрпейісова туралы мәлімет беру, портретін көрсету. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Сабантой» (Е. Хасанғалиев). Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір-бірін тыңдай отырып, айғайламай, дауысқа күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету. **Ойын: «Тамшылар мен жапырақтар»** (Кілемге үстінде тамшылар мен жапырақтар шашылып жатады. 2 – 4 бала шығып, бірінші себетке тамшыларды, екінші себетке жапырақтарды жинайды.) **Балаларға көрсету әрекеті:**	Жүру мен жүгірудің әр түріне сәйкес қол қимылының амплитудасын сақтауға басты назар аудару. II.Кинезиологиялық гимнастика. **1.Басын шайқау.** Басымызды шайқаймыз, Шайқалмаймыз, байқаймыз! **Ж.Н.** Иықтарын жазып, көздерін жұмып, бастарын төмен қаратып салбыратады. Терең демалып, бастарын екі жаққа баяу қозғалтады. **2. Бас изеу.** Бас изейміз, жақсылықты қостаймыз, Мамандықты қасымызға қоспаймыз! **Ж.Н.** Бастарын баяу бір жақ иығына қарай апарып, алдыға- артқа қозғалтып, изей бастайды. Екі иығына кезек- кезек апарып, изейді. Еркін тыныс алады. **3.Мойын-иек.** Басты төмен түсіріп, Айналдырып шайқаймыз! **Ж.Н.** Иектерін мүмкіндігінше төмен түсіреді. Иықтарын босатады. Көздерін бақырайтып, иықтарын көтеріп, бастарын екі жаққа кезек-кезек қисайтып қозғалтады. Оң қолдың саусақтарымен сол қол алақанын қатты қысады. Сол қолы қарсы итеріп, қарсыласады. Жаттығуды екі қолмен кезек орындайды.	басып шашырап жүреді. Әуен рет 2-3 рет қайталанады. Балалармен сабантой туралы әңгіме өткізіп, ол мерекенің қандай кезде болатынын, не үшін тойланатыны туралы мәлімет беру. **Балаларға көрсету әрекеті:** Музыка тыңдау: «Тойбастар» күйі (Д. Нұрпейісова). Күйді тыңдай отырып алған әсерлерін ортаға салу, күйдің мағынасын түсіндіру. Д. Нұрпейісова туралы мәлімет беру, портретін көрсету. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Сабантой» (Е. Хасанғалиев). Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір-бірін тыңдай отырып, айғайламай, дауысқа күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету. **Ойын: «Тамшылар мен жапырақтар»** (Кілемге үстінде тамшылар мен жапырақтар шашылып жатады. 2 – 4 бала шығып, бірінші себетке тамшыларды, екінші себетке жапырақтарды жинайды.) **Балаларға көрсету әрекеті:** Билер: «Көңілді	Артқа қарай бір адым, Алдыға қарай бір адым. Жоғары-төмен қарайық, Секірейік, жүгірейік. I.Жүріп қайта сапқа құруды орындайды. Педагогтің бұйрығы бойынша бір іс-әрекеттен кейін екінші іс-әрекетті орындайды. **«Жеңіл атлетика»** Тізбекте бір-бірден, сонан кейін екі-екіден сап түзеп жүру, қайтадан бір тізбек болып жүру. Аяқты айқастырып жүру, жартылай отырып, толық отырып жүру, көзді жұмып, 4 метр жерге дейін жүру. Тізені қатты бүгіп, артқа жіберіп; тізені жоғары көтеріп жүгіру. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Тыныс алу жаттығуы** «Спортпен айналыссақ, жылдам өсеміз» – аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары көтеріп, дем алады. «Күннен-күнге бойымыз өсіп жатыр» – қолды төмен түсіріп, табанды жерге толық басып, дем шығару. **II.«Волейбол»** **Жұппен ЖДЖ орындау.** Жұп болып зал ішінде еркін тұрады. Бірақ бір-бірінің бойлары мен дене массаларын ескереді. Педагогтің нұсқауларын дұрыс орындауға тырысады. Өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлестіреді. **Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау:**

		Билер: «Көңілді қолшатырлар биі» (педагогтің таңдауымен үнтаспада). Би элементтерін мәнерлеп орындауға үйрету. Еске сақтауға, ырғақты сезіне орындауға қалыптастыру. Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» – қазақтың ұлттық ойыны. (Күй «Адай» Құрманғазы, үнтаспадан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларды ептілікке, батырлыққа, табандылыққа баулу. Ұлттық ойынға қызығушылықтарын арттыру.	**4. «Алақан».** Алақанды қысамыз, Күшті болсын қолымыз! **Ж.Н.** Сол қолдың алақанын ашып, оның ортасында орналасқан зейінді шоғырландыру нүктесіне оң қолдың бас саусағын қатты басады. Басып тұрып демін ішіне тартады, босатқанда демін сыртқа шығарады. Оң қолмен дәл солай қайталайды. **5. «Зейін.** Зейін қойып ойнаймыз, Алақан қыспай қоймаймыз! **Ж.Н.** Сол аяғын тізесінен бүгіп, көтеріп, оң қолының басымен немесе шынтағымен түйістіру. Сосын керісінше орындау. **6.«Кел, билейміз!».** Бірлесіп би билейміз, Аяқты биік көтеріп! **Ж.Н.** Бас бармағын ішіне бүріп, жұдырықтарын түю. Демін асықпай шығарып тұрып жұдырығын қыса түсу.Сосын қолдарын босаңсыта бастағанда демін асықпай ішке тарту. **7. «Дамылда»** Дем ала ғой, тыныштал, Ән сала ғой ыңылдап! **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Бірінші бол!» (3 рет).** Жүргізушіні алмастырып жүгіру. Педагогтің белгісімен аты аталған ойыншы ең алдыға тұра қалып, жүргізуші болып, жүгірісті басқа бағытта жалғастырады.	қолшатырлар биі» (педагогтің таңдауымен үнтаспада). Би элементтерін мәнерлеп орындауға үйрету. Еске сақтауға, ырғақты сезіне орындауға қалыптастыру. Ойындар, хороводтар: «Теңге алу» – қазақтың ұлттық ойыны. (Күй «Адай» Құрманғазы, үнтаспадан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларды ептілікке, батырлыққа, табандылыққа баулу. Ұлттық ойынға қызығушылықтарын арттыру.	**«Волейбол»** Допты бір-біріне бастан асыра лақтырып беруді түсіндіру. Бір-бірінен 2.5 метр арақашықтықта жұп болып тұрады. Малдас құрып отырады. Допты бір-бірінің қолына дәл лақтыруға тырысады. Лақтыру бағытын сақтап, қолдарын лақтыру кезінде түзу ұстауға тырысады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **«Баскетбол»** 25 см биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қолын жеткізу. Қолды дұрыс серпу мен аяқпен дұрыс итерілу машықтарын қалыптастыруға назар аудару. **«Күрес»** Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып еңбектеу. Қол мен аяқты үйлестіріп қозғау, қауіпсіздік техниасын сақтау. **Аяқты уқалау** (Б.қ. – малдас құрып отыру). Мақсаты: аяқтағы белсенді биологиялық нүктелерді уқалау. Аяқтың энергетикалық каналдарын тазалау. 1)Сол аяқтың табанын алдына тартып, башпайларды уқалайды, башпай араларын сипалайды, башпайлардың арасын ашады. Өкшені қатты қысады, табанды

			Басқа баланың аты аталғанда сол бала жүргізуші болады. Осылайша олар ауысып отырады. Қолдарын кеудесіне дейін жоғары қарай алдыға қозғалтып, ішке тартып, шынтағымен артқа шығару керектігіне назар аударту. Нұсқау: қысқа қадамдар жасап, аяқ басымен аттап жүгіру. **«Кімнің добы алысқа ұшады?» (3 рет).** Допты алдыға-жоғары бағытында, бүгілген қолдарын жазып барып, шұғыл лақтыруға тырысады. Допқа қайтадан барып алып келу үшін Педагогтің белгісін күтеді. Белгі берілген кезде оң жақ (сол жаққа) айнала жүгіріп барып, допты сол жолымен алып келіп, қатардың артына, қауіпсіз жерге тұра қалады. Бастапқы қалыпқа дұрыс келу: Үш саусағын доптың артында, шынашақ пен басбармағын доптың екі жағына орналастырады. Лақтыру техникасына басты назар аудару: қолдарын айналмалы қозғалысқа келтіріп, алдымен төмен апарып барып, жоғары-алға серпіп лақтырады. Қауіпсіздік ережелерін естен шығармау. **Балалармен бірге**		сипалайды, шымшиды. Табандарын айналдырады, табанды алақандарымен шапалақтайды. Осылайша оң табанды уқалайды. 2)Сирақтары мен сандарын қатты уқалайды, шұлық кигендей және шешкендей қимыл жасап, сонан соң қолдарын сілкиді. **III.«Мен бәрін орындай аламын» психологиялық тренингі** –Бүгін тамаша күн. Менде бәрі керемет. Менің көңіл күйім де керемет. –Мен өзімнің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін. Күннен-күнге өзіме деген сенімділік артып келеді. Менің қолымнан бәрі келеді. Әр адам балалық шақтан өзінің күші мен өзінің мүмкіндіктеріне сенімді болуы керек. Бұл сенімділік адамдармен қарым-қатынас жасауға, қоршаған ортада өзін-өзі ұстай білуге көмектеседі.

			орындау әрекеті: **«Секіргіштер».** Екі тізбекке қайта сап құрады. Бірінші ойыншы бір орыннан ұзындыққа секіреді. Екінші ойыншы сол жерден әрі қарай дәл солай секіреді. Сөйтіп барлық ойыншылар секіріп болған соң, қашықтықтарын салыстырады. Команданың барлық ойыншылары бір орыннан ұзындыққа секіреді. Барлығы секірген соң жүргізуші әр команданың секіру қашықтықтарын қосып, ұзаққа секірген команданы анықтайды. Сөйтіп, олар жеңіске жетеді. **«Кегельдерді жина!»** Әр тізбектің алдына әрбір метр сайын кегельдер орналастырылған. Соңғы кегельден соң жалаушалар қойылған. Белгі бойынша бірінші ойыншы бірінші (өзіне жақын) тұрған кегельді жүгіріп барып алып келіп, орнына тұра қалады. Келесі ойыншы сол сәтте жүгіре кетеді де, келесі кегельді алып келеді. Ойын жалғасқан сайын, қашықтық ұзара береді. Соңғы ойыншы жалаушаны алып келіп, орнына тұра қалып, жалауды көтереді. Бұл ойынды бітірдік деген сөз.Бірінші бітірген команда жеңеді.		

			III.«Жылулық сыйла». Балалар жұппен бір-біріне қарап тұрады. Біреуі алақандарын ашып, екіншісі алақандарымен оларды жабады. Педагог: «Балалар, бір-біріміздің көзімізге бар ықыласымызбен, алақандарың ысып кеткенше қарайықшы... Алақандағы жылылықты сездіңдер ме? Ал енді бір-біріңе ізгі тілектер айтып, алақандарымызды одан да қатты жылытайық.		
Серуенге дайындық 11:10-11.15	**Еңбегі адал жас өрен: «Мен дұрыс киіне аламын»** **Мақсаты:**Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. **Дағды:**киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру**.**				
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру **«Біз табиғат қорғаушыларымыз!» Танымдық,эксперименталдық іс-әрекет табиғат аясында** **Серуен кезіндегі қауіпсіздік:**Баланың өмірге бейімделуіне үлкен мән беру.Қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. -тәрбиешінің міндеті– температура режимін және ауа-райы мен температура жағдайларына сәйкес балалардың киімдерін және баланың бас киімінің болуын бақылау; -серуендеу, ойын, еңбек әрекеті кезінде балалардың шаршауын, ыстықтауын, тоңуын болдырмау үшін серуенді өткізу жоспары бойынша балалар әрекетінің қимылды, аз қимылды түрлеріне кезекпен ауыстырып отыру қажет.					
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» **11:15 – 11:40** **Күндізгі серуен жалпы мақсаты:** 1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары,	**Қазан** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №18** **Күзгі желді бақылау серуені** **Міндеттері:** балалардың жел туралы білімдерін нақтылау және бекіту. желдің күшін анықтауға үйрету. Оның қайда тұратыны белгісіз, Қалтырау өзенде ысқырады Ұшып келеді, ағаштарды езеді.	**Қазан** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №19** **Табиғаттағы температура мен өзгерістерді бақылау** **Міндеттері:** бақылау дағдыларын дамыту; ақыл-ой белсенділігін арттыру; балалардың күзге тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу; балаларды ауа-райын өз бетінше анықтауға және оның	**Қазан** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №20** **Жапырақтардың түсуін бақылау** **Міндеттері**: —табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; —бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабілеттерін қалыптастыру. **Бақылау барысы**	**Қазан** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №21** **Емен ағашын бақылау** **Міндеті**: Күзгі емен туралы түсініктерін қалыптастыру,ағаштардың жыл мезгілдеріне қарай бейімделуі туралы түсінік беру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз** Білмейтіні жоқ елдің- Өзім де ішіп көргенмін Дейді әжейім Ішектің емі-қашаннан	**Қазан** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №22** **Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау** **Міндеті:** ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары). **Бақылау барысы** **Көркем сөз** **С. Оспанов** Өсе бере сан ғасыр Шыршаларға тимек кім Болып таудың түр-сәні

жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. **Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту.** Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер. Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне мүмкіндік беру. 2) Еңбекке баулу үшін мектеп ауласында баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру. Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату.	Бұзық, сен емес!? *-Бұл не?* Бұл жел. Бүгін көшеде жел соғып тұр деп ойлайсыз ба? (Бақылау терезеден басталады). Біз қазір көшеге шығып, тексереміз. Сыртта жел бар екенін қайдан білдіңіз? Ол біздің бетімізге үрлейді, ағаштар тербеледі, гүлдер тербеледі. Аспанға қараңыз: бұлттар неге жүзеді? Ия, өйткені жел оларды да итермелейді. Жел қатты, дауылды, тыныш, жұмсақ болуы мүмкін. Жел қатты болған кезде ағашты жұлып тастауы мүмкін. Ал тыныштық бізге салқындық әкеледі. Біз оны көріп тұрмыз ба? Ал біз оны ести аламыз ба? Иә, қатты дауыл болған кезде Жел деген не. Жел - айналамызда қозғалатын ауа. Біз ауамен тыныс аламыз, онсыз жануарлар да, құстар да, балықтар да, шөптер де өмір сүре алмайды. Бүгінгі жел қандай: тыныш па, әлде қатты ма? Басқа жолмен қалай айтуға болады? Мейірімді, жылы, әлсіз. Оның пайдасы бар ма? (кірді кептіреді, шалшықтар, диірмендер жұмыс істейді, жарық шығарады) **Зерттеу жұмысы:** **Жұмбақтар:** Қараңғы жолдағы шаң біздің бетімізге лақтырады. Өзенде де, теңізде де толқындарды көтереді. Ол туралы кім жұмбақ	өсімдіктер әлеміне әсерін көрсетуге үйрету. Балалардан ауа-райын өз бетінше сипаттауды сұраңыз, оны кешегі күнмен салыстырыңыз, қандай өзгерістер болды. Өз сөзіңізде мүмкіндігінше сын есімдерді қолдану керек. Алтын күздің айқын белгілерін табыңыз. Термометрмен жұмыс, таңертең және кешке температураны бақылау күнделігіне жазу. **Өлеңдер:** **КҮЗ** Лингонберри піседі, Күндер суыта бастады, Және құстардың айқайынан Жүрегім мұңайып кетті. Үйір құстар ұшып кетеді Көгілдір теңіздің арғы жағында. Барлық ағаштар жарқырап тұр Түрлі-түсті киімде. *К.Бальмонт* **"Ұлу" эмоционалды-дидактикалық ойыны.** Мақсаты: өзін-өзі бақылауды, төзімділікті дамыту. Ойын барысы. Балалар бір қатарға тұрады. Оларды өздерін өте баяу қозғалатын ұлулар ретінде елестетуге шақырады. Бұйрық бойынша барлығы белгіленген жерге қарай баяу жылжи бастайды. Ең соңғы мәреге жеткен "ұлу"	**Көркем сөз** **Күзгі жапырақтар.** **Қ. Шаңғытбаев** Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Күн шуақта маужырап, Жатыр еді атырап. Ағаштардан жамырап, Үшты кенет жапырақ. **Тәрбиеші сұрақтары.** ♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме? ♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді? ♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді? ♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл) ♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың) ♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайында) Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды ♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады) ♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ)	Қабығында еменнің Қайнатындысы Еменнің Қасиеті бар дәрілік. Қабығынан жасалған. Орманда жасыл еменнен құдыретті де әсем ағаш жоқ. Халық ертегілері мен батырлар жырларында алып емендер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ол алыптар бейнесінде бейнеленеді. Кәрі еменнің діңі мығым, бұтақтары тарам-тарам болады. Емендер мың жылға дейін өмір сүреде, олар көктемде ең кеш көктейді. Ол өте зор, мықты ағаш болғанмен, қатты аяздарда жарылып кетеді. ♦Емендер көбіне қайда өседі? (орманда.) ♦Ал бұл ағаш қайда өсіп тұр? (қалада.) ♦Қалада тағы қандай ағаштар өседі? ♦Ағаштар қалаға не үшіни керек? (ағаш жапырақтары ауадағы көмір қышқыл газын бойына сіңіріп оттегін бөліп шығарады..) ♦Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? (күз айларында.) ♦Ағаш жапырақтары неге түседі? (ағаштардың қыста көп ылғалды жоғалтпасы үшін) ♦Емен ағашының адамға қандай пайдасы бар? (құрлысқа, жиһаздар жасауға және емдік қасиеттері бар) **Зерттеу жұмысы** Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру Міндеті: ағаш жапырақтарының түстерінің әртүрлілігін аңғарту **Еңбек**	Қорғалады орманы Жапырағы жап-жасыл Ол жеміс пен жидектің, Көрдің бе сен, шыршаны? Топырақтың қорғаны. **Балаларға сұрақтар:** -Біздің аулада қандай ағаштар өседі? (қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.) -Ал, бұлар қандай ағаштар? (тікенекті, жапырақты.) -Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар? -Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? (діңі, бұтағы, тамыры) -Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек? -Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар? **Еңбек:** Ойын алаңын тазалау. Міндеті:жұмысты өзара бөлісіп атқаруға үйрету **Қ/О:** «Жұбыңды қуып жет». Міндеті: кедергіден өтіп жүкіруге жаттықтыру **Жаттығу ойындары:** Орнында тұрып ұзындыққа секіру Міндеті: Екі аяқпен серпи секіруге жаттықтыру **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** **Мақал-мәтел.** Жалғыз ағаш орман болмас, Жалғыз ағаш желге төтеп бере алмайды.

	айтады, балалар. (***Жел.***) Балалардың назарын ауа райына аудару: -Жел бар ма? -Сіз қалай білдіңіз? -Бұтақтар қалай тербеледі? -Қандай бұтақтар күштірек тербеледі (***Жоғарғы***).Неліктен? -Неліктен ағаштардан жапырақтар көп түседі? -Олар қалай ұшады (Жылдам немесе баяу)? **Еңбек қызметі** Құстарды азықтандыру **Қимылды ойын** «Кім ең өткір» Мақсаты: балаларды құм дорбаларын бастың артынан жоғарыдан тік нысанаға лақтыруға үйрету, оған кіруге тырысу. **«Құстардың ұшуы»** Мақсаты: балалардың гимнастикалық қабырғаға рельстерден өтпей көтерілу қабілетін бекіту. **Жеке жұмыс** Секіру дағдыларын орнында бекіту (аяқтар бөлек — бірге; біреуі алға, екіншісі артқа). **Өзіндік іс-әрекет:** ойын сюжеттерін құрудағы бастамашылдықты, дербестікті, қимыл-қозғалыс белсенділігін, шығармашылықты дамыту. **Қашықтағы жабдық:** термометр, доптар, секіргіштер, құм жиынтықтары, қуыршақтар, қарындаштар, құрсау, жалаулар, қалалар, машиналар, дөңгелектер,	жеңіске жетеді. Сіз тоқтай алмайсыз және бұрыла алмайсыз. **Жеке жұмыс** Бір (оң, сол) аяқпен секіруді үйрету.	Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ) **Зерттеу жұмысы:** Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру. **Еңбек** Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу. **Қ/О:** «Түлкі мен қояндар». Міндет: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу **Жаттығу ойындары:** Қозғалысты дамыту. Міндет:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.	Жерге түскен ағаш жапырақтарын тырмамен жинау және оны тазалау Міндеті: ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру. **Қ/О:** «Торғайлар мен мысық». Міндеті:берілген тапсырма бойынша жүкіруге жаттықтыру **Жаттығу ойындары** Бір аяқпен секіру. Міндеті: барынша биік секіруге жене жерге дұрыс түсуге жаттықтыру **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** ***Мақал-мәтел*** Аяламасаң ағаш та аспандап өспес Орман ел дәулеті, жер сәулеті.	

	тізгіндер, рульдер, сұлтандар.				
Серуеннен оралу 11:40-11:45	**Еңбегі адал жас өрен:** «Мен ұқыпты баламын» **Мақсаты:** Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесуге баулу.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	**Дене тәрбиесі -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **Топтық жұмыс:** 3-қатар балаларымен жұмыс **Мақсаты:** Берілген тапсырмаларды орындап, шеңбер бойымен, саппен жүре білуге, денсаулыққа пайдалы дәрумендерді басқа тағамдардан ажырата білуге үйрету.	**Сөлеуді дамыту-** коммуникативтік, танымдық әрекет **Жеке жұмыс:** Есбосынов Мират «Менің досым» сурет бойынша әңгіме құрастырту. **Міндеті:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	**Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **Жеке жұмыс:** Базарбеков Аңсар **Мақсаты:** -0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету.	**Көркем әдебиет-**қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет **Жеке жұмыс:** Тлешқызы Сафия **Міндеті:** Суреттер бойынша ертегі желісі бойынша құрастырып, айтып беруге үйрету.	**Сауат ашу негіздері-** коммуникативтік, танымдық әрекет **Жұптық жұмыс:** Кургумбаев Ибрагим **Мақсаты:** Дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.) **Негізгі мақсаты:** Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы дамыту (оның ішінде өңірлік ерекшелікті ескерумен). Балалардың ойы мен	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бастаушыға доп бер!»** **Міндет:** Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру,жүгіруге жаттығу. **Дағды:** Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, мәселені шешу, ол үшін сыни ойлау, команда мүддесін өзінен жоғары қоя білуге дағдыландыру. **Ойынның шарты:** Бірінші ойыншыларға қарама-қарсы 2 м қашықтықта жүргізушілер доп ұстап тұрады. Ойыншылар тізбекте тұрып, қолдарын алдындағы ойыншының иығына қояды.	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Ойын-жаттығу: «Сөйлемді аяқта».** **Міндеті:** Бір-біріне деген сүйіспеншілігін арттыру, өзара татулық сезімдерін дамыту. **Ойын шарты:** Мен өз досымды адал деп санаймын, өйткені ... Мен өз досыммын ... бөлісемін. Мен өз досыма көмектесемін және ...	**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Танымдық-қимылды ойын** **Ойындық сергіту. «Сандық жүгірткі»** **Міндет:** логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. **Дағды:** заттарды тура және кері санауға дағдыландыру. **Ойынның шарты:** Бұл ойынға 1-ден 9-ға дейінгі цифрлары бар карточкалар қажет. Карточкаларды еденге ретсіз орналастыр. Балалардан карточкалар бойымен жүгіріп, сандарды өсу ретімен атауын сұраңыз. Егер бала қателессе, онда ол ойынды кері бастайды.	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Дербес ойын: «Үшіншісі артық»** **дидактикалық ойын:** **Міндеттері:** балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту. **Дағды:** үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру. **Ойын шарты:** Құстардың аттарын араластырып, шатастырып айтады. Қатені байқаған бала қол шапалақтауы тиіс (торғай, қарға, шыбын, суықторғай және т.б.).	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Дидактикалық ойын: «Кім зерек?»** **Міндеті:** сөздік қорларын дамыту; **Дағды**: Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту. **Ойын шарты**: Балалар, көк түсті жалаушаларыңды дауыссыз дыбыс айтқанда көтеріңдер, қызыл жалаушаларыңды дауысты дыбыс айтқанда көтеріңдер.

идеяларын ескеру арқылы олардың қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру.	Белгі бойынша жүргізушінің артынан кедергілерден жүгіріп өте бастайды. Өтіп болған соң келесібала жүргізуші болады да, алдыңғы бала артқа барып тұрады. **Белгі бойынша** жүргізуші допты ойыншының дәл қолына лақтырып береді. Допты ойыншы екі қолмен екі жағынан ұстап қағып алады да, жүргізушіге қайта қайтарып, жүгіріп барып, тізбектің ең артына барып тұра қалады. Барлық ойыншылар алға, сызыққа жылжып келіп, дайын тұрады. Бірінші ойыншы қайтып, қайтадан бірінші болып тізбектіңбасына келгенде қолын дереу көтереді. Олар жеңді, ойын аяқталды.				
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 11.45 – 11.55					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 11:45-11:55	**Өнегелі-15 минут: Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыту, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы мектеп жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.** **Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Жеке кеңестер, пікір алмасу.**				
	Ата-анаға кеңес: **«Егер сау болғың келсе» (Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!»)** **Ата-анаға кеңес баламен жұмыс.** Балалардың жеке ерекшеліктері туралы «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» **Назар аударыңыз!** Үйде нәресте болған кезде терезелер мен	**Ата-анаға кеңес** **Сұхбаттасу.** **«Егер сау болғың келсе»** («Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!») -Таңертеңгілік жаттығу не үшін қажет? -Танертең тұрғанда не істейміз? -Омыртқаның қисаюы деген не? -Омыртқа қисаймау үшін не істеу керек? -Жалпақтабан деген не? -Омыртқа қисаюынан және жалпантабандылық-	**Ата-анаға кеңес** **Әңгімелесу: («Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!»)** тақырыбында кеңес беру. Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа. Мынау – балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басыңды сыртқп шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды. Су қолмен электр	**Ата-анаға кеңес** Балалардың жеке ерекшеліктері туралы «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» **Әңгімелесу:** **«Үйде отпен ойнау»** Балалардың қолында өрт қауіпті екендігі туралы ескертулерді барлығы естіді. Дегенмен, ересектер бұл туралы жиі ұмытып, мереке үшін дайындалған	**Ата –аналарға кеңес** **Қауіпсіздік кеңес:** **Күзгі каникул кезіндегі оқушылардың өзін ұстау және қауіпсіздік ережесі** **Каникулға арналған нұсқаулық** **Үйде жалғыз қалғанда, өзін ұстау ережесі** **№ 1 нұсқаулық** 1. Есікті тек жақсы танитын адамдарға ғана ашу керек. 2. Үйдің кілтін «Көрінетін жерге» тастама. 3. Егер де сіз үйдің кілтін

	жылтыратылмаған балкондар жабылуы керек.Терезелер тізбектермен немесе арнайы қауіпсіздік құрылғыларымен жабдықталуы керек, соның арқасында бала терезені өз бетінше аша алмайды. От шыны ма саты открутить қалам және оны жасыру. Бұл өте қарапайым-екі болтты бұрап алыңыз. Қажет болса, терезені ашып, бөлмені желдету үшін тұтқаны кез келген уақытта орнына қоюға болады. **Есіңе сақтап ал!** *Әке-шешең үйде болмаса ,ешкімге есік ашпа,. *Егер әке-шешең саған сеніп үйдің кілтін берсе ,сен оны есік алдындағы төсеніштің астына немесе пошта жәшігіне тастама.	тан қандай жаттығу көмектеседі? -Таңертең тұрған кезде не істейміз? Адам табиғаттың бір бөлігі, сондықтан да өз өмірінде белгілі бір тәртіп сақтап, арнайы бір өмір салтына бейімделуі керек. Адамның бұл тәртібі күн тәртібі деп аталады. - Күн тәртібін сақтайтын балалар ақылды, сымбатты, дені сау болып өседі. Ұйқыға уақытында жатып, ерте ояну керек. Тазалық ережелерін сақтау керек. Уақытында тамақтану қажет. Денсаулықты сақтау үшін күн тәртібін орындау қажет.	құралдарына, розеткаға, ток қосқышқа жанасуға болмайды. Мынау – үтік. Оның шнурынан тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады. Плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар – ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап не шүберек керек. Мынау – дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе! Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің? Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің?	сіріңкелерді, шамдарды және пиротехниканы үйде қараусыз қалдырады. Талап етуге сәбидің отпен абай болу қиын. Бала-бұл бала-ол қолындағы барлық нәрсемен ойнайды. **Назар аударыңыз!** От жағуға болатын барлық заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.	жоғалтып алсаңыз, тез арада ата-анаңызға хабар беріңіз. **Көшелерде жүрудің жеке қауіпсіздік ережесі** **№ 2 нұсқаулық** 1. Егер де көшеде соңыңыздан біреудің қалмай келе жатқанын байқап қалсаңыз, адамдар көп шоғырланған жерлерге мысалы: дүкенге, автобус аялдамасына қарай жүгіріңіз. 2. Егер де бөгде адамдар сізді күшпен алып кеткісі келгенін байқаған болсаңыз, қарсылық көрсетіп, айқайлап, «Көмектесіңіздер! Мені біреу әкетіп бара жатыр!» деген сөздерді айтып, көмекке шақырыңыз. 3. Бөгде үлкендердің қандай да бір ұсыныстарына келіспеңіз. Бөгде адамдармен сөйлеспеңіз, бөгде адамның көлігіне отырмаңыз. 4. Егер де үйде үлкендер болмаса, таныс емес адамдарды үйіңізге шақырмаңыз. 5. Қас қарайғанша далада ойнамаңыз. 6.Күдікті заттарды қолға ұстап көрмеңіз, күдікті нәрселерге жоламаңыз. Тауып алған жағдайда үлкендерге, полицияға дереу хабарлаңыз **Жолда жүру ережесі** **№ 3 нұсқаулық** 1. Жол жиегінен оң жақпен ғана өтіңіз. Егер де тротуар

					жоқ болса, онда жолдың сол жақ жиегімен көлік қозғалысан қарай жүріңіз. 2. Жолдан жаяу жүргінші жолынан немесе бағдаршам орналасқан жерден өтіңіз. Жолдан бағдаршамның жасыл көзі жанғанда ғана өтіңіз. 3. Жолдан өтер кезде алдымен солға, содан кейін оңға қараңыз. 4. Егер де бағдаршам жоқ болса, жолдан көшенің қиылысынан өтіңіз. 5. Велосипедпен жүру барысында жол бойына шықпа.

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: Тулекбаева М.Б.

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «А.Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ
Сынып/Топ: мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы: 5-6 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 03.11.- 07.11.2025-2026 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)
ҚАРАША- Құндылық: Әділдік және жауапкершілік айы.**1-апта дәйексөзі:**«Әділ болсаң – ардақты боласың»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 03.11.25	Сейсенбі 04.11.25	Сәрсенбі 05.11.25	Бейсенбі 06.11.25	Жұма 07.11.25
08:30-08:45 **Балаларды қабылдау**	**1. ✋ «Қолмен амандасу бұрышы»** **Мақсаты:** Баланы жылы қарсы алу, таңғы ритуал қалыптастыру. Есіктің қасына «амандасу постері» ілінеді, онда додекаэдр амандасу түрлі амандасу түрі болады: **Бала өзі қалаған амандасу түрін таңдап, тәрбиешімен немесе досымен амандасады.** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Күй күмбірі»** «Асық әні мен би» қимылдарымен әсерлі. Асық ойынының пайдасы Асық ойындарының тигізер пайдасы және жүйке жүйесін шыңдауға әсері туралы және асықтың дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлылыққа тәрбиелейтіндігін ұғындыру. Асық – төрт түлік малдың ішінде қой-ешкінің тілерсегінде, асықты жілік ба-сында орналасатын шымыр сүйек. Аңдардың да тілерсек тұсында болады. Қазақта асық қасиетті саналады. Ба-ласы ұл болса, бесігінің басына бөрінің асығын іледі. Бәле-жаладан аулақ, шымыр-қайратты болсын дегені. Қыз болса, бесігіне еліктің асығын (жабайт) тағады. **Пайдалы сілтеме:** https://youtu.be/UiABp6i_Oi0?si=ki7FGHEN9p2OWE4A				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында** **«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 10 минут жеке әңгімелесуі.** **Тақырыбы:** «Қалай өз – өзіңді қауіпсіз қорғауға болады?» **Форматы:** Қарапайым сұрақ-жауап және қысқаша практикалық жұмыс				

	Мақсаты: балаларды әртүрлі өмірлік жағдайларда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Өз-өзіңді қауіпсіз қорғауға үйрену. **Міндеттері:** • Өз-өзіңді қорғау жолдары туралы түсіндірме беру. • Қауіпсіздік ережелерін талқылау: қоғамдық орындарда қалай дұрыс әрекет ету, таныс емес адамнан қалай сақтану. • Рөлдік ойын: «Қауіпті жағдайдағы дұрыс әрекет» тапсырмасын орындау. **Мазмұны:** **1.Өз-өзіңді қорғау деген не?** Өз-өзіңді қорғау дегеніміз – қиын немесе қауіпті жағдайда өзіңді қауіптен, зақымданудан қорғау. Сонымен қатар денсаулығыңды сақтап, дұрыс шешімдер қабылдау, қиындықтардан аман болу. **2.Өз-өзіңді қорғау жолдары** Белгісіз адамға жақындама. Дауысыңды көтеріп, көмек сұра. Өзіңді қорғау үшін дене тіліңді пайдалан. Жақын адамдармен бірге бол. Көмекке жүгін. **3.Таныс емес адамнан сақтану ережелері** •Таныс емес адаммен сөйлеспе. •Таныс емес адаммен бірдеңе сұраса жақындарыңа айт. •Таныс емес адаммен қашықтықты сақта. •Таныс емес адам сені көлігіне немесе үйіне шақырса, ешқашан барма. •Қорқытса немесе күш қолданса, дауыс көтеріп, көмек сұра. **4.«Қауіпті жағдайдағы дұрыс әрекет»** •Қорықпа, сабырлы бол •Жедел көмек сұра •Қашып кетуге тырыс •Өзгелерді қорға •Қауіпсіздік ережелерін ұстан. **5.Балаларға сұрақ** •«Қауіпсіздік туралы нені білдіңдер?» •«Өзіңді қалай қорғауға болады?» **Пайдалы сілтеме:** https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында **Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** **Тәрбиеленушілердің құқықтық тәрбиесінің негізгі тәсілдері:** **үстел үсті және дидактикалық ойындар — балаларда құқықтық түсініктерді қалыптастырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі.** **«Қауіпсіздікті қамтамасыз ету» бағыты бойынша: «Қалай өз – өзіңді қауіпсіз қорғауға болады?»** **«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.** **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – аңшылар, бес тас және т.б.**	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сыныпта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Сыныпта балалармен қауіпсіз,жайлы,дамытушы білім беру орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (құрастыру және робототехника). Шығармашылық: орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Кітап бұрышы:ертегі кітаптарды қарау,боямақ,пазылы ойындары. Табиғат және ғылым:бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Театрландырылған ойындармен жеке жұмыс

	Құндылықты қалыптастыру **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Үнемді тұтыну»** **Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту.** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Мен ұқыпты баламын» Жақсы мен жаман әдетті тауып көр. **Түсіндірме жазба:** Күнделікті өмірде бойына сіңірген жақсы әдеттерді пайдаланып, адамдарға мейірімділік, қайырымдылық, қамқорлық, жақсылық жасай алуы керек. Балалардың өз денсаулығына және айналасындағыларға әсер ететін факторлар туралы түсініктерін тереңдету және жүйелеу, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру арқылы денсаулықты сақтау мен нығайтуға қойылатын талаптардың саналы түрде орындалуын қалыптастыру. Балаларды жақсы мен жаманды ажырата және өмірде қолдана білуге үйрету; жақсы мен жаман туралы түсінік беру; жақсы мен жаманды салыстыра білу іскерліктерін дамыту; жақсы істер мен әрекеттер жасауға тәрбиелеу. **Міндет:**	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **Қаржылық сауаттылық бойынша** **Күнделікті әрекеттеріңіз арқылы табиғатты қорғауға үлес қосыңыз.** **Танымдық үстел үсті ойыны:**«Нысананы дәлде» **Түсіндірме жазба:** **Аннотация:** «Нысананы дәлде» дидактикалық ойыны мектеп жасына дейінгі балаларда зейінді шоғырландыру, көрнекі қабылдау, байқау қабілетін дамыту зейінді,коммуникативтік және танымдық дағдыларын дамытуға бағытталған. Салауатты өмір салтын қалыптастыру және балалардың денсаулығын нығайту. Балалардың денсаулығын нығайтуға арналған хатка - йога элементтерін қолдану арқылы балалардың бойын түзеп жүруін, икемділігін, ой - өрісін дамыту. Алға домалауды үйрету. Нысананы дәлдікке көздеуді үйрету. Суреттер арқылы заттарды тануды және сандарды санау, ой-өрістері, сөздік қорлары, тіл байлықтарын дамытуды меңгереді. Тілдік және артикуляциялық	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Үнемді тұтыну»** **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** **«Қоғамдық мүлікті қорға»** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** **Сәйкестендіру ойыны:** «Орындықтарды жуу» **Түсіндірме жазба:** «Орындықтарды жуу» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.Балаларға қоғамдық мүліктің маңыздылығын, оны ұқыпты сақтау мен күрметтеудің қажеттілігін түсіндіру мақсатында ұйымдастырылды. Балалар қызығушылықпен қатысып, өз ойларын ортаға салып, түрлі жағдаяттарды талқылады.Балалардың азаматтық жауапкершілігін арттырып, қоршаған ортаға деген жанашырлық сезімін оятты. Тәрбиелік мәні зор бұл шара балалардың сана-сезіміне оң әсерін тигізді! **Міндет:** Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Қазақстан – менің сүйікті елім!»** **Үстел үсті еркін ойын жаттығу: «Ойлы болсаң, озып көр»** **Түсіндірме жазба:** «Ойлы болсаң, озып көр»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және оқу-білімге, ойын жүйелі жинақтап сөйлеуге және алғырлыққа, тапқырлыққа, ортада өзін ұстауға, сабырлылыққа тәрбиелеу. Дүниетанымдарын кеңейтіп,шығармашылық арқылы ұсақ саусақ моторикаларын дамыту,заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Балаларды халық мәдениетіне үйрету, қазақ халқының ою - өрнектері мен халықтың әдет - ғұрыптарын тереңірек ашу және дамыту, балалардың бойына сіңіру. **Міндеттері:** Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру.Танымдық қабілеттерін арттыру. Балалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Мен өмір сүретін әлем»** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** **«SMART BALA»** жобасы арқылы LEGO құрастыру ойыны «Жарқыл мен ғажайып көлік түрлері» немесе «Жаяу жүргіншілер үшін көпір сал» **Түсіндірме жазба:** «Жарқыл мен ғажайып көлік түрлері» немесе «Жаяу жүргіншілер үшін көпір сал»дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл ойынның көмегімен бала жаяу жүргіншілер үшін көпір салу бойынша сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. **Міндеттері:** Балалардың көпірлер, олардың құрылымы, мақсаты туралы түсініктерін кеңейту; көпірді жобалауға машықтандыру, жобалау дағдыларын жетілдіру; сызбалар арқылы бөлшектерді таңдауды

	Балаларды жақын адамдарының, құрдастарының, кейіпкерлерінің жағдайларына эмоцияналдық қарым – қатынас жасауға ынталандыру. Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау. Әңгіме кейіпкерлерінің қылықтары мен мінез – құлқын талқылап, жақсы қылықтарын атап көрсету арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. **Қасиеттер:** Бала «жақсы және жаман» сөздерінің мағынасын ажыратуды білуі керек. **Дағды:** өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. **Ұлттық құндылық актуалдылығы:** Балалардың бойындағы ұнамды ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалар бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. Бала бойына жақсы әдеттерді қабылдай	аппаратты дамыту. **Міндеттері:** 10 көлеміндегі сандардың құрылу жолын түсіндіреді. 10 көлемінде тура және кері бағытта санайды. Сандардың натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды. Ұсақ моториканы, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту,тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, негізгі түстерді ажыратуды, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру. **Дағды:** Өмірлік маңызы бар жүру дағдылары мен біліктерін дамыту. Спорттың адам өміріне маңызды екендігін, достыққа тәрбиелеу. Өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру. Санау, өлшеу, есептеу дағдылары қалыптасып, қарапайым формасында ойын жеткізе білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылық актуалдылығы:** Балаларды шапшаңдыққа, тәртіпке сабырлылық пен әсемдікке,ептілікке, ұйымшылдыққа, берілген жаттығуларды нақты орындауға дағдыландыру. Қимыл - қозғалыс тәжірибесін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың зейінін, ой-өрісін дамыту, сөздік	бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. **Дағды:** Балаларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, әдептілікке, сыпайылыққа баулу, көпшілік орындарда өзін-өзі ұстай білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылық актуалдылығы:** -өзара сыйластық қарым-қатынастарының адам өміріндегі мәнін түсіндіру; -жағымды қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту; -жақсылыққа, имандылыққа,адамгершілікке, шыншылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды дағдыландыру; жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін жетілдіру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Дидактикалық ойынды**	құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту.Эстетикалық талғамын ұштау. **Дағды:** Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесілімділігін білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылық актуалдылығы:** Балаларды халық мәдениетіне үйрету, қазақ халқының ою - өрнектері мен халықтың әдет - ғұрыптарын тереңірек ашу және дамыту, балалардың бойына сіңіру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға Қазақстан Республикасы туралы білім беру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен, тарихымен, ел ордамыз Астана қаласымен таныстыру.Балалардың дүниетанымын кеңейту, тіл байлығын, логикалық ойлау қабілетін дамыту. Туған елін, жерін сүюге, отанына адал қызмет етуге тәрбиелеу. **Әдістемелік нұсқаулар:** Қазақтың ұлтық әр түрлі оюлармен сәндей білу,оюларды құрастырып аттарын атау. **Кіріктірілген:** көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу,шығармашылық. **Қосымша жабдықтар**:	үйрену; Талдау негізінде конструктивті шешімдер табуына және өз ғимаратыңызды құруды жоспарлай білу қиялын дамыту. Кейбір бөлшектерді басқалармен ауыстыру құрастырудың әдіс-тәсілдерін меңгерту,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру,мүмкіндігін күшейту. **Дағды:** Жасалып жатқан ғимараттар мен балалардың айналасындағы өмірде көретін нәрселері арасында байланыс орнату қабілетін дамытуды жалғастыру, берілген тапсырманы аяғына дейін орындауға дағдыландыру. Құрылымдардың негізгі бөліктері мен сипаттамалық бөлшектерін анықтау қабілетін нығайту. **Ұлттық құндылық актуалдылығы:** Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жүк көлігі және оның маңызы туралы ұғым қалыптастыру. Көліктердің жеке бөліктерімен таныстыру. Әр көліктің пайдасын айта отырып, еңбеккорлыққа

	білуді меңгерту. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. **Кіріктірілген:**дене тәрбиесі,көркем әдебиет,қоршаған әлеммен танысу. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: Үстел үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алып, суреттегі іс - әрекетің не туралы екенін айтып «жақсы» немесе «жаман» іс - әрекетін ажыратып, жақсы болса мына тақтадағы жасыл белгіні,ал жаман болса мына қызыл белгіні қоямыз. **Балалардың дербес әрекеттері** **Ықтимал күрделендіру:** тез жаса, өз ойынша басқа сурет құрастыр. **Ойынның нұсқаулары:** балаларының бақылаудағы әрекеттеріне сараптама жасап, бағасын беру, не үшін жасалатынын сұрау. **Қосымша жабдықтар**: **Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында** **Білу керек:** *Жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта біледі. **Болуы керек:** *Білімге деген құштарлық дағдысы. **Істей білуі керек:** *Бір-бірімен қазақша амандасып,қарапайым	қорын молайту, дидактикалық ойындар арқылы балалардың ақыл ой белсенділігін тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. Сандарды білу, заттарды санау, салыстыру, ажырату. **Кіріктірілген:** көркем әдебиет,қоршаған әлеммен танысу,шығармашылық. **Қосымша жабдықтар**:АКТ, кілемшелер бала санына қарай, матрас, «Боулинг» құралдары, ойын атрибуттары. **Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Балалар үстел үстіндегі қатар қойылған кеглилерді берілген тапсырмалар бойынша есептің шешуін тауып құлату қажет. Қанша сан көрсетіліп тұрса, санды табу қажет. Баланың алдына кеглдің ең көп санын түсіру міндеті қойылады. Құлатылған кеглдер үшін балаға ұпай есептеледі, кімде ұпай көп болса, ол жеңді. Командамен немесе бір баламен ойнауға болады. **Ықтимал күрделендіру:** шапшаң ойлау. **Ойынның нұсқаулары:** тізілген кеглилерді доппен соғып құлату арқылы ұпай	**өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар:** Суреттерде бейнеленген басқа орындықтарды түсіне қарай ажыратып орналастыру. Дұрыс екенін тексеру. **Ықтимал күрделендірулер:** Жылдамдық. **Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар. **Қосымша жабдықтар**: Үстел-үсті таратпалы әрі үлестірме жұмыстар. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** **І нұсқа.** Бұл ойын екі бағытта ойнауға болады,**бірінші бағыт** бойынша сәйкестендіру болса,егер орындық құлап жатса,көтеріп қою **екінші бағытта** түстеріне қарай жинау.Суреттерде бейнеленген басқа заттардың көлеңкелерін ажырату. Кім жұмысты бітірсе қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады. **Ықтимал күрделендіру**: Жылдамдық. **Ойынның нұсқаулары**: **Тілдік гимнастика** **Сымбаттылық әліппесі** «Түзу отыр» - орындыққа түзу отырыңыз. Басыңызды тік және сәл төмен ұстаңыз, иегіңізді жоғары көтермеңіз. Осы қалып сабақ	тақырыпқа сай пазылы суреттер. **Әдістемелік нұсқаулар**: сана-сезімдерді жаңғырта отырып, ұлттық мұралар мен салт –дәстүрлерге байланысты білімдерін еске түсіру. Шарты: ойыншы текшені лақтыра отырып, түскен текшенің түсіне сәйкес асықтың суретін ашады да, соның астындағы суретке сай тапсырма орындайды. (сұрақтарға жауап береді). Құрастыру үлгісін қарап, талдау жасайды. **Проблемалық мәселе:** Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда суреттің бір жартысы салынған, балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады да екінші жартысын салады. **Зерттеу қызметі:** Бұрынғы кезде біздің ата - бабаларымыз киіз үйде өмір сүрген. Сол киіз үйдің ішінде қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарын ұстаған. Қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарына сандық, көрпе, жастық, киіз, торсық,; киім-кешектерге - кимешек, кажекей, мәсі, сырмақ жатады. Қазақтың қай ұлттық бұйымы болмасын, ою - өрнексіз болмаған. Бүгін біздер ою - өрнектің «Қошқар мүйіз» деген түрімен танысамыз. «қошқар мүйіз» - ата	баулу. Сөздік қорын байыту, бауырмалдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикаларын дамыту. **Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қоршаған әлеммен танысу. **Қосымша жабдықтар**: әр балаға арналған бөліктердің сызбалары бар карточка, әр балаға арналған әртүрлі ені бар көк қағаз жолақтары, көпір туралы жұмбақ, құрылыс бөліктерінің сызбалары «жоғарғы көрініс - түзу көрініс - бүйірлік көрініс», иллюстрациялар - әртүрлі көпірлердің суреттері . **Әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Алдын ала жұмыс. Көліктерге арналған көпір - қандай көпір? – Автокөлік көпірі Көлікке арналған көпір – Көлік тасымалдауға арналған көпір Темір жолға арналған көпір – көпір темір жол темір жолы – автомобиль Жаяу көпір – Жаяу жүргіншілер көпірі Бетон көпір – Бетон көпір Металл көпір – Металл металл көпір Мұздан жасалған көпір – мұз мұзынан жасалған көпір Кірпіш көпір – Кірпіш көпір Карталарыңызға мұқият қараңыз. Олар көпір салу

	сұраққа жауап береді. Бәрекелді балалар, енді сендер қандай баланың жақсы, қандай баланың жаман екенін білесіңдер. Қане айтыңдаршы, - қандай баланы жақсы бала дейміз? - Тәртіпті, тіл алғыш, ойыншықтарды сындырмай күтіп ұстайтын, үлкендерге, кішкентайларға көмектесетін балаларды айтамыз - Ал қандай баланы жаман бала дейміз? - Ойыншықтарды, ағаштарды сындыратын, айтқанды қылмайтын, тәртіпсіз баланы жаман бала дейміз. **Тілдік және сергіту жаттығулары:** Тілім менің қозғалады, Тик-так,тик-так. Оңға,солға бұрылады, Тик-так,тик-так. **Тақпақ жаттау.** Биязы мінез тіл алғыш, Бал-бұл жанып жүретін, Баурмалдық сол — ? жақсы Үйдің ішін тазалап, Үстіне де қарайлап, Үлгере алсаң сол — ? жақсы Ашу деген пеледен, Алшақ жүріп жанаспай, Ақылды болсаң сол — ? жақсы Беті қолың кір-кір боп, Берекесіз ыржақтап, Бейбастық өссең сол — ? жаман Ұшып-қонып жүретін, Шегірткедей жеңілтек, Ұшқалақ болсаң сол — ?	жинау керек. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңіске жетеді. **Есіңе сақтап ал:** «Бір - білім ал» Бір - білім ал, Екі - ерлік көрсет, Үш - үлгі тұт, Төрт - тәртіп керек, Бес - бестік баға ал, Алты - алғыс ал, Жеті - жеңіс біздікі, Сегіз - сенім керек. Тоғыз - тоқу керек, Он - оқу керек. **Тыныс алу жаттығуы:** Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Түрлі-түсті қарындашты, Мен қолыма аламын. Бес-ақ түсі болса-дағы, Мен әлемді саламын. 1. **Артикуляциялық жаттығу.** «Торғай мен мысық» Көзі бірден түсіп, Деп: «Бұл әдемі ас болмай ма?» Қадам басты мысық. Бір ... Екі ... Үш ... -Торғай, Торғай, ұш! 2. **Тыныс алу жаттығуы:** «Боранды бөтелке» Ойынның шарты: түтікшенің көмегімен бөтелкедегі қарды үрлеу. Мұрынмен тыныс алып, ауызбен ұзақ дем шығару. **Тілдік және практикалық жұмыс:** Бір дегенім бөрік Екі дегенім етік Үш дегенім ішік Төрт дегенім тымақ Бес дегенім байпақ *** Бір	барысындағы арнайы жұмыс сәтінде ғана емес, күнделікті өмірде де әдеттегі, шынайы дене бітіміне айналуы тиіс. Естеріңізде болсын, жаттығулар жолымен сіз де өзіңіздің дене сымбатыңызды осы қалыпқа келтіре аласыз. **Алақанға өзіндік массаж жасау жұмбақ арқылы.** Төрт аяғы бар, Мінсең жүрмейді, Жүгірмейді. Тізесі бүгілмейді. **(Орындық)** 	бабаларымыздың отар - отар қойы болсын деген арман тілегін, молшылықты білдіреді. **Ықтимал күрделендіру:** «Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.Балабақшада біз ұлттық құндылықтарды бала бойына қалай сіңіре аламыз...әрине ойындар арқылы. Ендеше біз бүгін ұлттық құндылықтарға негізделген ойындарды ойнап көреміз. **Ойынның нұсқаулары:** Асықтарды дұрыс иіру арқылы сұрақтарға жауап. 1.Домбыра-күйді тыңдап, атын және кімнің күйі екенін табыңыздар. 2.Торсық-торсық неден дайындалады және қандай мақсатта қолданылады? (Торсық жасаудың негізгі шикізаты түйенің, сиырдың, жылқының жон, сауыр терісінен тігеді. Тері тұздалмаған жақсы өңделген болу керек. Ата-бабамыз мал баққан, көшпелі қоныс аударып жүретін халық болған, сондықтан торсықты ыдыс ретінде пайдаланып қымыз, айран, шұбат т.б. сүт	үшін қандай бөліктер қажет екенін көрсетеді. Көрсетілген бөліктердің арасында текше жоқ, мұғалім балаларды бар бөліктерді (2 жарты текше) пайдаланып ауыстыруды табуға шақырады. Балалар сызбаларды басшылыққа ала отырып, өздеріне қажетті бөліктерді таңдайды.Мұғалім бөліктердің дұрыс таңдалғанын тексеріп, қиналған балаларға көмектеседі. **Ықтимал күрделендіру:** тез ойлау. **Ойынның нұсқаулары:** Жұмыс ретін бекіту. **Әңгіме: «Көліктер».** Адамдар көліктерді алыс жерлерге қатынас жасау үшін пайдаланады. Көліктердің төрт түрлері бар. Олар: 1. Әуеде ұшатын көліктер: 2. Суда жүзетін көліктер: 3. Жерде жүретін көліктер: 4. Темір жол көліктер: Ал енді, балалар, осы көліктерді танысайық. Ерте, ерте, ертеде адамдар алыс жерлерге жануарлар арқылы және жануарларға жегілген екі дөңгелекті арбамен қатынаған. Кейінірек адамдар машина, автобус сияқты жерде жүретін көліктерді, содан кейін темір жол көліктері: пойыз, трамвайды ойлап апқан. - Балалар, сендер құс сияқты ұшқыларың келе

	жаман Ата-ананың ақылын, Ала білмей кезінде, Ақымақ болсаң сол — ? жаман **Сергіту сәті.** **«Жақсы болу өзіңнен» өлеңін хормен іс-қимыл арқылы айту.** Жақсы болу — өзіңнен, Жаман болу — өзіңнен. Өзіңді өзің ая да, Өзің үйрен өзіңнен. Жақсылық көрсең біреуден, Мен қандаймын деп ойла. Жамандық көрсең біреуден Мен қандаймын деп ойла! 	–екі – үш, Қарлығаш боп ұш. Төрт -бес – алты, Қарлығаш боп қалқы. Жеті – сегіз –тоғыз – он, Қарлы **Қосы**  	 	тағамдарын құйып пайдаланған. Торсықтың сол кездегі тиімділігі ішіндегі сусын ашымаған және сынбайтын ыдыс болған.) 3. Тақия-ұлттық ойындарды атаңыз. 4.Ою-оюлардың аттарын атаңыз. 5.Бауырсақ-ұлттық тағамдарды атаңыз. 6.Қоржын-қоржын туралы не айта аласыз? (Қоржын – иірілген жүннен тоқылған үй бұйымы. Түрлі заттар алып жүруге пайдаланылады. Жай жолақты немесе түрлі өрнекті, сондай-ақ кілемше (түкті, өрнекті) түрінде жасалады.) 7.Бесік-балаға байланысты салт-дәстүрлерді атаңыз.(шілдехана, бесік той, тұсау кесу, сүндет той, сырға той) 8.Астау-ас туралы мақал-мәтел айтыңыз. (Ас – адамның арқауы. Қонақ келсе, ет қызарар, Ет қызармаса бет қызарар. Ас үстінен аттама, астан үлкен емессің. Беретін кісі келгенде, бес қайнайды қазаным. Барыңды батып іш, Жоғыңды сатып іш. Тойсаң, тоба қыл. Құрғақ қасық ауыз жыртады. Арпа, бидай ас екен, Алтын, күміс тас екен. Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем.	ме? Міне, адамдар түрлі жолдарын ойластырған, ең алдымен әуе шары пайда болды да, кейін моторы бар ұшақтар мен тік ұшақтарды ойлап тапты. **Құрастырудан жұмыс реттілігі:** 1. Көпірдің бөліктерін атайды: тіректері, жүретін бөліктері, сүйеніштері, төмен түсетін ылдиы (екі көпірде әртүрлі пішінде: біреуі- басқыштармен, біреуі- тегіс). 2. Алдымен көпірдің тіреулері, содан соң баетонның үстіңгі бөлігі, төмен түсетін ылдилары, сүйеніштері жасалады. 3. Құрылыс материалдарын кезектестіріп қойып, астынан машиналар ары-бері өтетіндкей көпірді құрастырып көрсетеді. Жұмыстың соңында балалар құрылыста қандай бөлшектерді және не үшін пайдаланғанын айтады. **Тілдік жаттығулар:** «Бип-бип-бип», — дейді «Жолдан былай кет!» — дейді. «Жол шетінде күт!» — дейді. Көшеде жүруге асыға, Күшікті басуға, басуға, Болмайды, болмайды, машина! «Бип-бип-бип», — дейді, Болмайды, болмайды, машина. Бип-бип-бип! **Дыбыстық жаттығулар:** Мәшинені көрсетеу және

				Аш бала тоқ баламен ойнамайды, Тоқ бала аш болам деп ойламайды.) 9. Камзол-әйел адамның ұлттық киімдерін атаңыз. (көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, қамзол, кәжекей, кебіс-мәсі) 10.Сәукеле- қазақ халқы сәукелені не үшін кигізген? **Дайындық:** **Есіңе сақтап ал:** Оюшы дегеніміз-өз қиялынан ою туындататын суретші,ісмер адам. **Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында** **Тіл ұстарту жаттығуы:** Ал балалар тұрайық, Ою-өрнек сызайық. «Қошқар мүйіз» «Ботагөз» «Құс қанаты» «Гүл өрнек» Ою-өрнек әлемі Қолға ұстап қайшыны, Жалғастырып дәстүрді, Жапсырайық оюды. **Мақал-мәтел жаттап ал.** 1. Ою ойғанның, ойы ұшқыр. 2.Ою ойған, сызу да сызады. 3. Оюды оя алмаған, ойланбаған. **Қосымша жабдықтар**: 	оның қалай гүрілдейтінін сұрайды(«бң-ң, бң-ң). Сосын үлкен мәшинені көрсетіп, айтады: «Үлкен мәшине қатты гүрілдейді тыңда , былай «бң-ң, бң-ң»(дыбысқа еліктеуді әдеттегіден қатты айтады), ал кіші мәшине жай гүрілдейді (сыбырлап ақырын айтады) «бң-ң,бң-ң».Балаға дыбыс тіркестерін біресе қатты, біресе жай қайталау ұсынылады. **Сарамандық жұмыс:**Балалар жүргізушілерді бейнелеп, қолдарында тұтқа сынып ішінде «бң-ң, бң-ң» деп айтып бытырап жүруге болады. **Қосымша жабдықтар**:

		   1+1 3+2 1-0 4-1		 	

				  	   

					  

	Таңғы жаттығу – күннің сәтті бастамасы! **Мақсаты:** – Балаларды салауатты өмір салтын ұстануға баулу; – Күнделікті жаттығу жасауға дағдыландыру; – Сабаққа деген ынта-жігерін арттыру. **Міндеттері:** – Таңғы жаттығулар арқылы оқушылардың сергектігін қамтамасыз ету; – Қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру; – Дене шынықтырудың маңыздылығын насихаттау. Балалардың жүзіндегі күлкі мен сергектік – осындай сәттердің жемісі. **Дағды:** Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру. **Салауатты ұрпақ – жарқын болашақ кепілі!**				
08:45-09:00 **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа**	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын**	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа**	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа**	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа**

жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.	**алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 40** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Жалпақ табандылықтың алдын алу** **№ 1 жаттығулар кешені** **Қатты доппен жасалатын жаттығулар .** 1.Б.т.: отырып. Сырты тегіс емес допты домалату – өкшеден ұшына дейін, сол және оң аяқтарды кезектестіріп, доптың сыртын ақырындап тигізу. Бұл ретте көп таралған қате, тірекке қатты басу. 2.Бір аяқпен бір сарында, басусыз, допты бір аяқтың табанынан екінші аяқтың табанына домалату (көтерілген жерімен). 3.Б.т.: орындықта отырып. Табанның ішкі жағымен, жіліншік жағына жақындау, допты қысу. Аяқ бармақтарымен тіреліп, өкшені көтеру және түсіру, бұл ретте доптыжібермеу керек. 4.Б.т.: еденде отыру. Допты екі жағынан табанмен ұстау, 5–10 секунд ұстау, қысу және ақырын ұстауды кезектестіру. 5.Б.т.: еденде отыру. Допты екі жағынан табанмен ұстау. Аяқтың ұшын екі жаққа айыру, допты өкшемен ұстау.	**басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 41** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Жалпақ табандылықтың алдын алу** **№ 2 жаттығулар кешені** **Қатты доппен жасалатын жаттығулар .** 6.Б.т.: отырып. Допты домалату, екі аяқпен бір уақытта орындау, бұл ретте допты табанмен өкшеден ұшына дейін домалату. 7.Б.т.: отырып. Табанды допқа қою. Допқа сәл басумен оңға/солға айналма қимылдар жасау. 8.Б.т.: отырып. Бармақтар еденде, табан мен өкше допта. Допты басу, оң және сол аяқты кезектестіріп немесе екі аяқпен басуға да болады. 9.Өкшелер еденде. Допты башпайларының жастықшаларымен басу. 10.Допты башпаймен және оның жастықшасымен басу, оң және сол аяқпен бір уақытта, кезектестіріп. 11.Б.т.: арқамен жатып, қолдар желкеде. Аяқтар жіліншіктің астында. Әр аяқпен кезектестіріп. 12.Б.т.: арқамен жатып. Табанды допқа тіреп, аяқ тізесінен 10–20 градус бұрышпен бүгу. Жамбасты ақырын көтеру және түсіру. Баланс сақтап, допта табанды ұстау.	**алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 42** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **№ 1 жаттығулар кешені** **«Медуза»** Б.т.: қарынмен жатып, қолдарды жан-жаққа. Аяқтар тік және иықтың еніне дейінажыраған. Қолды тізеде бүгу және өкшемен бір-біріне қосу. Б.т.: қайтып бару. **«Суретші»** Б. т.: отырып. Аяқ бармақтарымен еденде немесе кілемде шеңберлердің суретін «салу» – үлкен, орташа, кішкентай және ең кішкентай шеңбер. Аяқ бармақтарымен қарындашты ұстап, қарапайым фигуралардың суретін салу – шаршы, шеңбер, үшбұрыш. Оң және сол аяқтарымен кезектестіріп орындау. **«Епті саусақтар»** Б.т.: отырып. Бармақтармен құмды жинау және итеруді келтіру (қауіпсіз ұсақ заттарды қолдануға болады – бұршақ, үрме бұршақ) **«Жинаушы».** Б.т.: – еденде отыру (аяқ тізеден бүгілген) бір аяқтың бармақтарымен ұсақзаттарды жинау (өшіргіш, қағаз шары, ысқыш және т.б.) және оларды басқа жаққа қою. Жаттығуды басқа аяқпен сонша уақыт кетіріп	**алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 43** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Жалпы дамыту жаттығуларын орындау кезіндегі тыныс алу ережелері** **Диафрагмалық тыныс алу.** **№ 1 жаттығулар кешені** 1.Қолды жан-жаққа және жоғары көтеріп, осыдан кейін қолдарды артқа қарайқайырып тыныс алу. 2.Қолдарды кеуде алдында айқастырып, төмен түсіреміз – дем шығару. 3.Денені ілгері, солға, оңға бүгу – дем шығару. 4.Тік тұру немесе денені артқа қарай бүгу – тыныс алу. 5.Аяқты ілгері немесе бір жаққа көтеру, отырып немесе қолды кеудеге бүгу – дем шығару. 6.Аяқты түсіру, оны артқа қарай апару, жартылай отырып созу – тыныс алу. **№1 жаттығулар кешені** Жаттығуды орындау кезінде тыныс алу мен дем шығару басын анықтау қиындықтудырса, онда тынысты тоқтатпай, бірқалыпты тыныс алу керек. Тыныс алу мен дем шығаруды дұрыс кезектестіру, дем шығаруды еркін баяулата алу, оны бірқалыпты немесе ырғақты қылу	**алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 44** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Диафрагмалық тыныс алу.** **№2 жаттығулар кешені** 6.Мұрын арқылы ауаны баяу алып, терең тыныс алыңыз, тынысты тоқтатып, демшығаруда 1 – 10 дейін санаңыз, бұл ретте ауа демнің соңына дейін жету керек; 7.Ауаны жұтып, бірнеше секунд тыныс алмаңыз, содан кейін өкпені ауаға толтырыңыз, бірақ бір ретке емес, бірнеше қысқа, белсенді тыныс алуға жететін ауа жұтыңыз; 8.Бір дем шығаруда дыбыстарды қаттыратып, азайтыңыз: араның ызылы: Ж-Ж-Ж-Ж... ұшып жүрген масаның дыбысын: 33-3-3... иттің ырылдағанын: Р-Р-Р... велосипедтің тесілген шинасынан шығатын дыбыс: с-с-с-с... 9.«Майшам» – бірқалыпты баяу дем шығару, терең тыныс алу, тоқтау және майшам отына баяу үрлеу және оны осы жағдайда дем шығару соңына дейін ұстау; 10.«Майшамды өшіру» – белсенді, ырғақты дем шығару; 11.Бір тыныс алу – дыбыстар арасында қысқа үзілістер жасап, 5–10 рет

			қайталау. **«Жұлдызқұрт».** Б.т. – еденде отыру, аяқ бүгілген, өкше жерге қойылған. Аяқ бармақтарын бүгу, сол кезде өкшені бармақтарға қарай созу, содан кейін бармақтарды жазу, жұлдызқұрттың жүрісін келтіріп, қимылды қайталау. Жаттығуды екі аяқпен бір уақытта 30–50 секунд орындау керек.	келесі жаттығуларды орындауда мүмкін болады: 1.Мұрын арқылы тыныс алу – ауыз арқылы дем шығару; 2.Қысқа терең тыныс алу – баяу дем шығару; 3.Баяу терең тыныс алу – қысқа қатты дем шығару; 4.Баяу дем шығару, ауа тар ағынмен шығу керек; 5.Демді шығару, дүмпілдетіп шығару;	«ф» дыбысын айту: ф! -ф!- ф!- ф! ... Санамақты жаңылтпай айтыңыз.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӘ уақыты: 09.00-11.10	09.00-09.25 09.35-10.00 10.10-10.35 10.45-11.10	**Дүйсенбі 03.11.25**	**Сейсенбі 04.11.25**	**Сәрсенбі 05.11.25**	**Бейсенбі 06.11.25**	**Жұма 07.11.25**
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене тәрбиесі	**Сауат ашу негіздері Қоршаған әлеммен танысу Сурет салу Музыка**	**Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене тәрбиесі**	**Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка**	**Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған әлеммен танысу Дене тәрбиесі**
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)		**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Қанша?Реті бойынша нешінші? **ҰІӘ міндеттері:** - 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. «Қанша?», «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйрету; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау. (үш дыбыстан тұратын) **ҰІӘ міндеттері:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту.	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дөңгелек,шаршы,тіктөртбұрыш,үшбұрыш.(ұқсастық) **ҰІӘ міндеттері:** - геометриялық фигура – тіктөртбұрышпен таныстыру. Геометриялық фигуралар: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету; -санау, логикалық байланыстар мен	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дөңгелек,шаршы,тіктөртбұрыш,үшбұрыш. (заттық таңдау) **ҰІӘ міндеттері:** -геометриялық фигураларды: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету; -санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату,	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау. [**н**] **ҰІӘ міндеттері:** Дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру. Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. **Дағды**:

	- сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру; -қарапайым сұрақтарға жай сөйлем мен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Дағды**: Сыпайылықты білдіретін сөздерменсөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Үлкенді сыйлауға, құрметтеуге, көмектесуге, бірін – бірі тыңдауға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** -«Жақсылық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу. -«Жақсылық» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту. -Бойларындағы жақсы қасиеттерді дамыту. -Жақсы, әдепті, ақылды болуға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балалардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету.	**ҰІӘ міндеттері:** - балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету,Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; -балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту. **Дағды**: мазмұнды сурет салуда бейнелерді бүкіл параққа орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру. **Ұлттық құндылықтар:** туған жердің кең-байтақ екенін, өз елінің әсем жерлері мен ерекшеліктері туралы түсініктері кеңейеді. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың кең байтақ Қазақстан туралы мәліметтерін кеңейту. Елордамыз Астана қаласының көрікті жерлерімен таныстыру. Бәйтеректің суретін салуды үйрету. Туған жерін, отанын сүюге, патриоттыққа және ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елінің отанын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу.	Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. Дербес жұмыс істеу алуға еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Дағды:** сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру **Ұлттық құндылықтар:** Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды бауырмалдыққа, бір - бірін қолдауға, достарының сөздерін тыңдай білуге, топпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу **Қауіпсіздігі:** Буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Балалардың ой-өрісін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Әділ болсаң – ардақты боласың»** **Күтілетін нәтиже**: Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**	- қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты дамыту. **Дағды**: жаңа сөздермен сөйлем құрап,сұрақтарға нақтылы жауап беруге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Балаларға әр адамның тұратын үйі болатындығын түсіндіру. Достарының, үлкендердің айтқанын аяғына дейін тыңдауға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды өз пәтерлеріндегі бөлмелерді дұрыс атай білуге, мекен – жайын айта білуге үйрету. Сөздік қорларын байытып, тіл мәдениетін жетілдіріп дамыту. Ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балалардың нақты мекен-жайын, тұрғылықты жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. **Апта дәйексөзі**: **«Әділ болсаң – ардақты боласың»** **Күтілетін нәтиже**: - өз мекен-жайы мен тұрғылықты қаласының	**ҰІӘ міндеттері:** - көшедегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру. Қоғамдық және жеке көліктердегі тәртіп сақтау заңдылықтары туралы түсініктерін дамыту; -жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, жаяужол, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол); -жолда жүру ережелерін орындауға, тәртіпке баулу. **Дағды**: Жол белгілерін айыра білу дағдыдарын қалыптастыру, жол ережісін білудің маңызды екенін ойын арқылы балаларға түсіндіру. **Ұлттық құндылықтар:** Қоғамдық жеке көліктердегі тәртіпті сақтау түсініктерін дамыту. Жолда жүру ережелерін орындауға, тәртіпке үйрету. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жолда жүру ережелерін орындауға, дамытушы ойындар арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Танымдық белсенділігін, жол белгілерін білу мен

	Апта дәйексөзі: **«Әділ болсаң – ардақты боласың»** **Күтілетін нәтиже**: -сыпайы сөздер мен сөйлемдерді айтады. -қарапайым сұрақтарды, сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінеді. -үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетеді, жай сөйлеммен жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Тыныштық сәті.** **Шаттық шеңбері.** Өзім жақсы баламын, Б.Ысқақов. 1.Өзім жақсы баламын, Апа тілін аламын, «Су әкеле ғой» десе, Су әкеле саламын. 2.Өзім жақсы баламын. Апа тілін аламын, «Ойната ғой бөбекті»- Десе ойната саламын. 3.Өзім жақсы баламын Апа тілін аламын, Кетсе кешке киноға Үйде жалғыз қаламын. 4.Өзім жақсы баламын, Апа тілін аламын Мейлі қайда жұмсасын, Бәріне де барамын. Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік. **1-жағдаят:** Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне	**Коррекциялық:** Халық мәдениетіне деген қызығушылықты арттыру, жалпы Қазақстан туралы білімді кеңейту. **Апта дәйексөзі**: **«Әділ болсаң – ардақты боласың»** **Күтілетін нәтиже**: - көз алдына елестету арқылы сурет салады; өз ойларын суретте жеткізіп, жұмысты орындауда тиянақтылық мен ептілік танытады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Қазақстан туралы, Қазақстан қалалары туралы мазмұнды сурет тақтаға орналастыру. Психологиялық сәт: Балалар, бір сәт көзімізді жұмып, көз алдымызға туып-өскен жерімізді елестетейік. (Педагог өздері тұрған аймақтың көрікті жерлері туралы қысқаша түсінік береді.) Ал енді көзімізді ашайық. Балалар, енді тақтаға қараңдар, не көріп тұрсыңдар? Қазақстан туралы, Қазақстан қалалары туралы қандай тақпақтар білесіңдер. Қазақстан туралы тағы да не айта аласыңдар? Біз қай жерде тұрамыз? Біз тұратын	**«Жалпы атауын ата»** ойынын ойнату арқылы бастайды. 1. Алмұрт, алма, жүзім – ... *(жемістер)* 2. Сәбіз,бұрыш, қарбыз – ... *(көгөністер)* 3. Қайың, терек, шырша – ... *(ағаштар)* 4. Қаңтар,ақпан, желтоқсан – ... *(қыс айлары)* 5. Қыргүйек, қазан, қараша – ... *(күз айлары)* Педагог жылдам, әрі дұрыс жауап берген балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Өткен тақырыптарды қайталау. **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** ***«Сөздерді буынға бөл» дидактикалық ойыны*** – Мен суреттерін көрсетіп, сөздер айтамын, ал сендер дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді буынға шапалақтау арқылы бөліңдер. Мысалы: *та-қи-я, ба-лет, та-ма-ша, ба-қа, жол-ба-рыс, түл-кі, мон-шақ, ал-ма, т.б.* **Балаларға көрсету әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді ата. Ферма, сиыр, сүт, қоян, сөре, қора, күнбағыс, комбайн, тал, шөп, сауыншы, қызанақ, қияр, пияз, сәбіз, фляга т.б.	немесе ауылының атын, ондағы сәулетті, мәдени орындары туралы айта білу; -ауылының атын, ондағы сәулетті мәдени орындарды біледі; -кез –келген істің адам еңбегі арқылы келеіндігі, ауылдың көркеюіне өздерінің үлесі бар екенін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** ***Ойын:* «Сұрақ-жауап»** Сен қай Республикада тұрасың? (Қазақстан Республикасында тұрамын.) Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады) Қай көшеде тұрасың? (Өз көшелерін айтады). Қандай үйде тұрасың? (Үлкен, кішкентай үйде тұрамын). Үйдің нөмірі қандай? **Балаларға көрсету әрекеті:** екі баланы шақырып, ойыншық құрылыс материалы немесе LEGO-ны пайдаланып,бірқабатты немесе көпқабатты үй тұрғызуға тапсырма береді. Мынау қандай үй? Мынау – көпқабатты үй. Мынау бірқабатты үй. Кім көпқабатты үйде тұрады?	олардың атқаратын қызметін, қоғамдық және көліктердегі тәртіп сақтау заңдылықтары туралы түсініктерін, ойын арқылы ойлау қабілетін, ән, тақпақ арқылы тіл байлықтарын дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Әділ болсаң – ардақты боласың»** **Күтілетін нәтиже**: - көше қауіпсіздік ережелерін үнемі есте сақтауды біледі; -көшеде қауіпсіздік ережелерін сақтап, оларды, дұрыс орындау дағдыларын; -қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау дағдыларын **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Қатарды есіңе сақта!» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Балалар, айтыңдаршы, «көше» деген не? – Көше – қала немесе өзге де елді мекендердегі үйлердің арасындағы жер, жол. – Көшедегі көлік қозғалысы қай жерде болады? – Көліктерге арналған «жүріс бөлігі» деп аталатын жолда болады. Жол бойында көліктер өте көп, бірақ олар белгілі бір ережемен жүреді. Ережені

	ойыншық береді. – Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың? Балалар жауап береді. **2-жағдаят:** екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы. Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың? Мен кешірім сұраймын. «Кешір» деген сөзді айтамын. Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды. **Ойын: «Ғажайып сөздер»** Сәлеметсіз бе? Өтінемін. Рақмет, рақ-мет. Кешіріңіз. Балалар жаңа сөздерді қайталайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады). Ә- ә - ә - ә – ә – әәдеп-ті, әдепті. Ө -ө-ө-ө – ө-ті- не-мін, өтінемін. І-і-і - ке-ші-і-р-і-і-ң-ң-і-і-з, кешіріңіз **Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»** Тақпақтарды тыңдап, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс? Апаң сенің базарданАлма сатып әкелді. Ең үлкенін, жақсысынСаған таңдап әперді. Не деп айтып жеу керек? «Рақмет, апа!» – деу керек. Балалар жүр көшеде,	жердің көрікті орындарын айтып беріңдерші? Балалар, болашақта Қазақстанның қандай болғанын қалайсыңдар? **Балаларға көрсету әрекеті:** Кәнеки, еліміздің астанасы – әсем қаламызды бейнелеп, сурет салуды бастайық. Көзге бірден түсетін, аса биік «Бәйтеректің» суретін салуды неден бастаймыз? Алдымен тік төртбұрыш саламыз, оның орта бөлігі жіңішке, төменгі және жоғарғы бөліктері жуандап кетеді. Енді оның жоғарғы бөлігіне дөңгелек, яғни шар тәрізді «жұмыртқа» саламыз, көрік беру үшін үлгідегідей етіп дөңгелек жаққа қарай күннің шуағындай етіп ұзынша сызықтар жүргіземіз. Бәйтеректің түсін өздерің таңдауларыңа болады, өйткені ол түнде алуан түрлі болып өзгереді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Көңілді балалар Жалқаулықты тастаймыз, Жаттығуды бастаймыз. Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз жастай біз. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір. Қимылдайды әр сәтте, Аяқ та бір, қол да бір. *(Е. Өтетілеуұлы)* Балалардың суретті	– Бүгін біз дыбыстық талдауды жасауды жалғастырамыз. – Дыбыстық талдауды қалай жасайтын едік, бірінші сөзден нені анықтауымыз керек? – Әрине, балалар, дұрыс айтасыңдар, сөзде неше буын бар, соны анықтап алады екенбіз. – Содан кейін не істейміз? – Сөздегі дыбыстарды жеке-жеке талдап, жасалуына қарай қандай дыбысқа жататынын анықтаймыз. Сызбаға әр дыбысты өз белгісімен көрсетеміз. Педагог тақтаға *«нан»* сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. Тақтаға балаларды кезекпен дыбыстық талдау жасауға шақырады. Қалған балалар орындарында орындайды. ***Нан*** *сөзінде* 1 буын, 3 дыбыс бар. **Нан** **н**- үнді дауыссыз **а**- дауысты, жуан, ашық, езулік **н**- үнді дауыссыз Нн, Нн. Қысқа айтылады, созылмайды. Кедергіге ұшырап тұр ма? Иә, тілдің тіске тірелуі арқылы кедергіге ұшырап айтылып тұр. Сондықтан ол дауыссыз дыбыс болып табылады. Көк түспен белгіленеді. Н дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында да келе береді. Н-	Сен нешінші қабатта тұрасың? Бірнеше бала жауап береді. Көпқабатты үйде пәтерлер бар. **Сурет бойынша жұмыс.** Мынау – пәтер. Мынау не? Мынау – пәтер (жеке-жеке жауап береді). Пәтерде (үйде) бөлмелер бар. Мынау – бөлме. Сенің пәтеріңде (үйіңде) неше бөлме бар? Бөлмелерді санайды. Суреттер арқылы әр бөлме (балалар бөлмесі, дәліз, асүй) қалай аталатынын айтады. Ондағытаныс заттарды естеріне түсірту. Мынау – дәліз. Дә-ліз. Дәліз үлкен. Дәлізде шкаф тұр. Шкафта нелер болады? (Киім). Мынау – балалар бөлмесі. Балалар бөлмесінде нелер бар? (Ойыншықтар, кітаптар). Мынау қандай бөлме? Мынау – асүй. Мынау – ... Асүйде нелер бар? (Орындықтар, үстел, ыдыс ...) **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Дөңгелене тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық. **Фонетикалық жаттығу:** - пә – пә - пә - пәтер - бөл – бөл – бөл – бөлме - қа – қа – қа – қабат	жүргізуші де, жаяу жүргінші де бұзбайды. Бұл ереже қалай аталады? – «Жол жүру ережелері» деп аталады. **Балаларға көрсету әрекеті:** Педагог балаларды алдын ала дайындалып, белгілер сызылған, қиылыс жолдары жасалған импровизацияланған «көшеге» жақындауларын сұрайды. Балалар автомобильдерге арналған, жаяу жүргіншілерге арналған жолдарды атап, көрсетіп әңгімелейді. Балалар қол ұстасып, жаяужолмен жүріп, белгі тұрған жерден келесі жаққа өтіп, сурет бойынша белгілерді түсіндіреді. Жүгіруге арналған жолда, жаяужол мен велосипедшілерге арналған жолда көліктер жүрмейді. **Ескерту белгісі** **Қызыл қоңыр түсті жүгіруге арналған жол**

	Естілді шу-айғай. Сен де шықтың досыңды, Қағып кеттің байқамай. Мұндайда не деу керек? «Кешір досым», – деу керек. Осы келген бетіңде, Допты құдың жарыстың. Көшенің сол шетінде, Кезікті бір апайың, Ұмыттың сен не деу керек? «Сәлеметсіз бе!» – деу керек. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Біз әдепті баламыз, Ойнап асыр саламыз. Айтқан тілді аламыз, Сәлем беріп үлкенге, Жол көрсете аламыз. Мақал-мәтелдерді жаттап ал. Әдептілікті данадан үйрен. «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек. Жеке жұмыс: Ойын «Сұраққа жауап бер». Сен әдепті баласың ба? Иә. Мен әдепті баламын. Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба? Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын. т.б	салуына басшылық жасалады, жеке көмек көрсетіледі. Мазмұнды сурет салуда балаларға нақты неден бастауға болатыны айтылады, балалардың қандай сурет салғысы келетіні анықталып, бағыт беріледі.	дауыссыз дыбыс, өз алдына буын жасай алмайды. Сондықтан оны дауысты дыбыспен достастырып, буын құрайықшы: на, ана. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Алтын айдарлы әтеш оянды, «Қо-қо-қ-о», – депті, Тым ерте тұрыпты, Қорада ойранды салыпты, Ойқастап жүріпті, Бір тауық қайран қалыпты, Жан-жаққа қарапты, Секіріп, секіріп айғайлап, Айдарын тарапты. Шарбаққа қоныпты. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** **Саусақ жаттығуы:** **Тында, орында.** Саусағымыз айқасып, «Жеңемін» деп шайқасып. Бірін-бірі тартады, Білекке сенім артады. 2. Дыбыстық талдау жаса. 4. Штрихта. 5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін	- қо – қо – қо – қонақ - із – із – із – дәліз **Үлестірмелі суреттермен жұмыс: «Сөздік ойын: «Дұрыс па? Бұрыс па?»** - Мынау ас үй? - Жоқ, дұрыс емес. Мынау – қонақ бөлме. т. б Мысалы: Қонақ бөлме жарық, таза, әдемі. Қонақ бөлмеде әдемі кілем бар. Қандай үйде тұрғың келеді? Суретін сал. Қорытынды: Жаңа сөздерді атай отырып, балаларға өз пәтерлерінің суретін салып келуді тапсыру.	 **Велосипедшілерге арналған жол** **Жаяужолмен тек жүргіншілер жүреді** **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Интербелсенді тақтадан электрсамокат, гироскутер, сигвейге мінген түсі қызыл қоңыр жолмен келе жатқан адамдар туралы бейнебаян шығады. Балаларға көліктерді атап және олармен қатты жүруге болмайтыны жайлы айтылады. Ысқырық естіліп, интербелсенді тақтадан инспектор сөйлейді: «Балалар, бұл жолды көлікті пайдаланушылар үшін де жол қозғалысы ережелері бар, мұндай құрылғыларда қозғалыс тек веложолдар бойымен жүргізілуі керек. Қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында жүргіншілер тек жаяужолмен жүрулері қажет! Түнде

			айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.		электрсамокат, гироскутер, сигвейге мінген адамдар веложолмен кетіп бара жатқан жаяу жүргіншіні көру қиын, ал кішкентай баланы байқамауы мүмкін. Сондықтан жолды үлкендермен бірге ғана кесіп өту керек». Педагог балалармен инспектордың әңгімесін талдап, бұл жағдайдан тағы қалай шығуға болатыны сұрайды. (Балалардың пайымдаулары тыңдалады). Жол белгілерін қараңғыда көрінетін арнайы бояқтармен боялатынын айтады. Педагог балаларға бастарына мата беріп, жауып, қораптан бір затты көрулерін өтінеді. Балалар қораптағы заттың қараңғыда жарқырайтынын көреді. – Бұл – қараңғыда адамдар жолда кетіп бара жатқанын көрсететін жарқырауық белгі-фликер. Мен сендерге көшедегі қауіпсіздікті сақтап жүрулерің үшін, жарқырауық белгі-фликер бергім келеді. Олар қараңғыда жарқырайды. (Балаларға белгілерді таратып, олардың қалай бекітілгенін көрсетіп, киімдеріне жапсыруға көмектеседі). Сергіту сәті. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Үлестірмелі материалдармен жұмыс: 1. Желаяққа жол белгілері туралы әңгімеле. Дайын шаблондарды пайдаланып,

					«Назар аударыңыз! Балалар!», «Жаяу жүргіншілер өтпесі» белгілерін сал. 2. Мына белгілердің қайсысы «Жаяу жүргіншілер өтпесі»? Белгіле. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.

Құндылықты қалыптастыру

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

3 үзіліс – 10:35 – 10:45

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен танысыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Қимыл қозғалмалы ойын: «Аңшылар мен үйректер»

Басты міндеттері: Қозғалмалы ойындарды ойнату арқылы төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.





Қимыл қозғалмалы ойын:
«Аңшылар мен үйректер»
Мақсаты: «Аңшылар мен үйректер» ойынының ережелерімен таныс ету, үйрету, ойнату.
Ойын міндеттері: Төзімділік, жинақтылық, ептілік,шапшаңдылық сынды қимыл сапаларын дамыту.
Дағды: Қозғалмалы ойындар сабақтарында меңгертілетін теориялық мәліметтер мен техника қауіпсіздігі ережелерін хабардар болу,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.
Ойын шарты: Ойыншылар екі топқа жіктеледі: бірі – аңшылар, бірі – үйректер. Үлкен шеңбер сызылады, оның сырт жағында аңшылар тұрады, үйректер шеңбер ішінде болады. Белгі бойынша алаңның сыртындағы «аңшылар» допты бір–біріне лақтырып бере отырып, алаң ішіндегі «үйректерді» ойыннан шығару мақсатымен доппен дәлдеп «атады». «Үйректер» доптан жалтаруға тырысады. «Үйректер» алаңнан шығарылғаннан кейін ойыншылар орын ауыстырады.
Сипаттама: «Үйректерге» доп лақтырғанда алаңның ішіне енуге болмайды.
Әр топқа белгіленген уақыт беріледі.
Доп тиген ойыншы ойыннан шығарылады.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 10.45 – 11.10

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Менің отбасым. **ҰІӘ міндеттері:** - кедергілер арқылы жүгіруге	**4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Елтаңбасы елімнің. Гүлдене бер, Нұр Сұлтан. **ҰІӘ міндеттері:**	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Менің үйім. **ҰІӘ міндеттері:** - кедергілер арқылы жүгіруге	**4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Елтаңбасы елімнің. Гүлдене бер, Нұр Сұлтан. **ҰІӘ міндеттері:**	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Күшті, батыл және үлкен боламын! **ҰІӘ міндеттері:** - балаларға ілгері жылжи

	жаттықтыру.Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру. -еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа лақтыру жаттығулары. **Дағды**: Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Бойларындағы қасиеттерін өздері жетілдіруге деген талпыныстарын дамытуға дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** **к**үш, ептілік секілді дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін;ұжым болып бірлесіп тапсырмаларды орындау дағдыларын және мейірімділік пен тәртіптілік нормаларын. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Биіктікке көтеріле өрмелеуді үйрету. ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	- музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. **Дағды**: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды нақтылы орындай білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру,адамгершілік сезімдерін ояту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға еліміздің бас қаласы - Астана туралы мәлімет беру. Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. **Қауіпсіздігі:** Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елінің отанын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әділ болсаң – ардақты боласың»** **Күтілетін нәтиже**: - шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындайды. қарапайым музыкалық терминдерді,мәнерлі қимылдарды және би қимылдарының	жаттықтыру.Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру. -еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа лақтыру жаттығулары. **Дағды**: Әртүрлі жүгіру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Залдың ортасы арқылы сапқа қайта тұру дағдыларын жетілдіру. **Ұлттық құндылықтар:** шапшаңдық секілді дене сапасын және кез келген іс-әрекетті ақылға салып, талдап шеше білу машықтарын қалыптастыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілік,шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. Спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу. **Қауіпсіздігі:** Жерден екі аяқпен бірдей итерілуге жаттыға түсу, ұзындыққа секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау	- музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. **Дағды**: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды нақтылы орындай білуге дағдыландыру. **Ұлттық құндылықтар:** Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру,адамгершілік сезімдерін ояту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға еліміздің бас қаласы - Астана туралы мәлімет беру. Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. **Қауіпсіздігі:** Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елінің отанын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әділ болсаң – ардақты боласың»** **Күтілетін нәтиже**: - шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындайды. қарапайым музыкалық терминдерді,мәнерлі қимылдарды және би қимылдарының	отырып, аяқтан – аяққа секіруге жаттықтыру.Алақанды соққан соң қағып алған допты екі қолмен жоғары лақтыра алуға тәрбиелеу. Ағаш қадалар арағынан еңбектеп өту жаттығуларын дұрыс орындай алуға жаттықтыру. **Дағды**: Баяу қарқынмен жүгіруге үйрету, қозғалыс қарқынын сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүгіру дағдыларын бекіту. **Ұлттық құндылықтар:** Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту. Өзінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. **Қауіпсіздігі:** күнделікті өмірде кеңістікті бағдарлай алу, екі жаққа тартылған жіптіңастымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту машықтарын. **Апта дәйексөзі**: **«Әділ болсаң – ардақты боласың»** **Күтілетін нәтиже:** - оң және сол қолмен алысқа қалай лақтыру

	Дене бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын қадағалау. **Қауіпсіздігі:** күнделікті өмірде кеңістікті бағдарлай алу, екі жаққа тартылған жіптіңастымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту машықтарын. **Апта дәйексөзі**: **«Әділ болсаң – ардақты боласың»** **Күтілетін нәтиже:** - допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруды; орындық үстінде текшелерді аттап жүруді; биік заттарүстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдік сақтап жүру шеберліктерін қалыптастыру керектігін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Саусақ гимнастикасы Кел, санайық екеуміз. Басбармағым – атам, Балаң үйрек – әжем. Ортан терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам. Кішкене бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. (Сол қолымен әр саусақты ұстап, одан кейін оң қолымен сол қолдың саусақтарын ұстайды. Қолдарын кезек-кезек қысып: «Міне, менің отбасым!» – екі қолын екі	элементтерін орындайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындау. ***Музыка тыңдау:*** «Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа). Балалардан музыка тыңдай отырып көз алдарына не елестеткенін сұрау. Күй қалай орындалды, күйдің көңіл күйі қалай? Рәміздер суреттері немесе слайд арқылы көрсету. Рәміздер туралы әңгіме өткізу. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***Ән айту:*** «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Ән орындау кезінде иықты көтермей, денені тік ұстау керектігін еске салу. Үйренген ән «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) еске түсіру, сөздерін анық	дағдыларын, өз денсаулығын сақтау құндылығын арттырып, спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру. **Апта дәйексөзі**: **«Әділ болсаң – ардақты боласың»** **Күтілетін нәтиже:** - спорттың пайдасын; педагогтің түсіндірмесін зейін қойып тыңдап, жаттығудың орындалу ретін еске сақтап қалу керектігін; -жаттығуды орындау барысында шыдамдылық, ерік секілді дене сапаларын; -ұйымшылдық пен жинақылық секілді қасиеттерін күнделікті өмірде. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Саусақ гимнастикасы: «Менің үйім»** «Тау басындағы үйді көріп тұрмын (алақандарыңды қосып, үй жасаңдар), оның айналасы жап-жасыл (қолдарыңмен толқын тәрізді қимылдар жасаңдар). Мынау – ағаш, мынау – бұталар (ағаш пен бұталарды бейнелеңдер). Мынау – хош иісті гүлдер (алақандарыңмен гүлдің	элементтерін орындайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындау. ***Музыка тыңдау:*** «Аққу» (Н. Тілендиев, үнтаспа). Балалардан музыка тыңдай отырып көз алдарына не елестеткенін сұрау. Күй қалай орындалды, күйдің көңіл күйі қалай? Рәміздер суреттері немесе слайд арқылы көрсету. Рәміздер туралы әңгіме өткізу. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***Ән айту:*** «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Ән орындау кезінде иықты көтермей, денені тік ұстау керектігін еске салу. Үйренген ән «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) еске түсіру, сөздерін анық	керектігін; баяу қарқынмен жүгіру кезінде қозғалыс қарқынын қалай сақтап жүгіру және аяқты өкшеден аяқтың ұшына қарай қалай басып жүгіру керектігін; -қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын). **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойын жаттығуы: «Тыңда, орында».** Бастаушы 1-2 қимылды көрсетеді, бірақ түсіндірмейді. Ал балалар ол қимылдарды ретімен қайталайды. «Жаттығуды бастаймыз – бір! Аяғыңды алшақ бас – екі! Тоқтамай жаса – үш! Күлімдейді күн. Тамаша! Мықты, күшті болайық біз!» Бір, екі тізбекпен жүру. Қозғалыс үстінде бір тізбектен екі тізбекке сап түзеп жүреді. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау:** Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру

	жаққа жаяды. Өлең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстар орындайды. 2.Негізгі кезең І.Жүру, шашырап жүгіру. Қысқа адыммен жүгіру. Тізбекке тұру. Тізбекте бір-бірден жүріп, қолдарына жылдам текшелерді алады. Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді. Жүру барысында бір тізбектен екі тізбек болып сап құрап жүреді. Педагогтің бұйрығы бойынша бір іс-әрекеттен кейін екінші іс-әрекетті орындайды. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Қимыл-қозғалыстарын басқа балалармен сәйкестендіріп орындайды. Тізбекте бағытты өзгертпей, басқа балалармен соқтығыспай жүруге тырысады. Тыныс алуды қалпына келтіреді. Қозғалыс бағытын бұзбайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** ІІ.Текшелермен ЖДЖ орындау (№1). Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту. Нұсқау – доптың артынан белгіден кейін және залдың оң не сол жағымен жүгіру қажет. Педагогтің нұсқауларын зейін қойып тыңдап, дене бітімдерін түзу ұстайды. Бір	айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Аспаптардың дауысын ажырату». Ойын ойнап көрейік, Көңілденіп жүрейік. Аспаптардың дауысын Ажыратып көрейік. ***Билер:*** «Асатаяқ биі» қыздардың қатысуымен. («Билеп үйренейік» жинағынан). *Айналма, ашамай, сырға, толқын, ирек, буын би* элементтерін мәнерлеп жасауға үйрету. ***Ойындар, хороводтар:*** «Мен күйшімін». Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойынға ойыншық домбыра аспабы қолданылады. Балалар шеңбер бойымен отырып, бастаушы «күйші бала» күйге ілесе домбырада «ойнайды». Күй тоқталғанда, шеңберде отырған қай бала бірінші орнынан тұрса, сол бастаушы-«күйші» болады. Ойын шартын сақтап, белсене қатысуларын қадағалау.	қауызын жасаңдар). Үй қоршаумен қоршалған (ауада саусақтарымен ирек сызықтар сызады). Аула іші тап-таза (ауаны сипалаңдар), қақпаны ашамыз (қақпаны ашқан тәрізді бейнелейді). Үйге қарай жүгіреміз (саусақтар «жүгірді»), есікті қағамыз: (жұдырықпен): түк-түк-түк. Есікке кім жақындап келе жатыр? (Алақанға құлақтарын тосады), Біз қонаққа келдік, көп базарлық әкелдік (қолды алдыға созып, бір нәрсе әкеле жатқандай бейнелеңдер)». **Балаларға көрсету әрекеті:** **Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау:** Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Бір тізбеке сап түзеп тұрып, текшелерді қойып, қолдарына доп алады. Екі тізбек немесе екі сапқа тұрып, бастапқы қалып бойынша тұрады. Лақтыру бағытын сақтайды және допты алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің белгісі бойынша 1-саптағылары залдың оң не сол жағымен доптың артынан жүгіреді. 2-саптағылардың артына келіп тұрады. Допты	айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***Ойындар, хороводтар:*** «Аспаптардың дауысын ажырату». Ойын ойнап көрейік, Көңілденіп жүрейік. Аспаптардың дауысын Ажыратып көрейік. ***Билер:*** «Асатаяқ биі» қыздардың қатысуымен. («Билеп үйренейік» жинағынан). *Айналма, ашамай, сырға, толқын, ирек, буын би* элементтерін мәнерлеп жасауға үйрету. ***Ойындар, хороводтар:*** «Мен күйшімін». Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ойынға ойыншық домбыра аспабы қолданылады. Балалар шеңбер бойымен отырып, бастаушы «күйші бала» күйге ілесе домбырада «ойнайды». Күй тоқталғанда, шеңберде отырған қай бала бірінші орнынан тұрса, сол бастаушы-«күйші» болады. Ойын шартын сақтап, белсене қатысуларын қадағалау.	шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Лақтыру барысында қауіпсіздік техникасын сақтайды. Сызылған сызық бойына екі қатарға сап түзеп тұрады. Допты дұрыс ұстау қалпы: үш саусақпен доптың арт жағынан, бас бармақ және шынашақпен доптың екі жағынан ұстайды. Допты алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің бұйрығы бойынша допты жүгіріп барып алып келіп, саптың алдында тұрған баланың артына келіп тұрады. (4 рет) **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орнынды тап!»** (4 рет). «Орнынды тап!» бұйрығы бойынша түрлі бастапқы қалыптарға тұра қалады: малдас құрып отырады, өкшемен отырады, тізерлеп тұрады.Зал ішінде модульдерге соқтықпай еңбектеп жүреді. «Орнынды тап!» бұйрығы бойынша түрлі бастапқы қалыптарға тұра қалады. **ІІІ.Көзге арналған гимнастика.** Жаттығуларды ретімен орындайды. Көздерді оңға-солға, солдан оңға қарай қозғалту; Көз қарашығын көкке одан төменге қарату; Сағат тілі бойымен көзді айналдыру; Тез арада көзді ашып-жұму; Көздерді сол жақ астыңғы

	тізбекке тұрады, текшелерді қойып, қолдарына доптарды алады.Екі тізбекке, екі сапқа тұрады. Дұрыс бастапқы қалыпқа тұрып, допты алысқа лақтырады. Лақтыру бағытын сақтайды және допты алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің белгісі бойынша 1-саптағылары залдың оң не сол жағымен доптың артынан жүгіреді. 2-саптағылардың артына келіп тұрады. Допты себетке салады. 1-тізбек жүреді, 2-тізбек секіреді. Сонан соң орындарын ауыстырады. Белгіленген сызық жанына екі тізбекке тұрады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім жылдам?» (5 рет).** Төрт бағыттаушыны таңдап, оларға әртүрлі түсті орамал үлестіреді. Төрт тізбекке бағыттаушылардың (командирлердің) артында тұрады. Белгі бойынша көздерін жұмады. Бағыттаушы педагогтің көрсеткен жеріне барып тұрады да, орамалды көтереді. Ойыншылар өз бағыттаушыларын іздеп табады да оның артына тізбекке тұрады. **ІІІ.«Күн» релаксациясы**. Шеңберге отырып, алақандарын біріктіріп, күннің жылуын бір-біріне береді.«Күннің» сөзін		себетке салады. Белгіленген сызық бойына екі тізбекке сап түзеп тұрады. Тепе-теңдік: орындық үстінде жүру (ені – 20 см, биіктігі – 30 см): орындықтың ортасына дейін жүріп келіп отыру, орнына тұрып, одан әрі жүру. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады, бастарын төмен түсірмей және алдыға қарап жүреді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоңыраулы соқыртеке».** Қол созым арақашықтықты ұстап, шеңбер бойында отырады. Шеңбер ортасында екі бала тұрады. Бір баланың көзі байланады, ал екінші баланың қолына қоңырау ұстатылады. Қоңыраулы бала қашады, көзі байланған бала оны ұстауға тырысады. Балалар ортаға екі-екіден шығып ойнайды. **ІІІ.«Жақсы-жаман».** Шеңбер бойына отырып, жағдаятты бағалайды. «Әр баланың үйі – оның басты орны» деген сөздің мағынасын түсіндіреді.		бұрыштан оң жақ үстіңгі бұрышқа қарату. Дәл солай, бірақ енді керісінше жасау. Әрбір жаттығуды кемінде 6 рет қайталау қажет. **3.Қорытынды кезең (рефлексия).** «Бүгін менің үйренгенім...». Сөйлемді аяқтап, әңгімелеу ұсынылады.

	үнтаспадан тыңдатады: «Балалар, мен сендерді жақсы көремін: сендердің көздерің күлімдеп тұрады, қолдарыңнан бәрі келеді. Сендер бір-біріңмен ренжіспей ойнайсыңдар. Сондықтан мен сендерге өз жылуымды беремін. Сендер бір- біріңе сыйлық жасағанды жақсы көресіңдер. Оны мен білемін. Қазір қол ұстасып, бір-біріңнің жылулықтарыңды сезініңдер. Менің жылуымды сезініңдер». 3.Қорытынды кезең (рефлексия). «Күлкі сыйла» ойын-жаттығуы. Бір баланың көңіл күйі бәріне әсер ететіндігін айтып, дені сау адам әрқашан жадырап жүретіндігін айтады.				
Серуенге дайындық 11:10-11.15	**Еңбегі адал жас өрен: «Мен дұрыс киіне аламын»** **Мақсаты:**Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. **Дағды:**киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру**.**				
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:15 – 11:40 Күндізгі серуен жалпы мақсаты:	**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Біз табиғат қорғаушыларымыз!» Танымдық,эксперименталдық іс-әрекет табиғат аясында** **Серуен кезіндегі қауіпсіздік:**Баланың өмірге бейімделуіне үлкен мән беру.Қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. -тәрбиешінің міндеті– температура режимін және ауа-райы мен температура жағдайларына сәйкес балалардың киімдерін және баланың бас киімінің болуын бақылау; -серуендеу, ойын, еңбек әрекеті кезінде балалардың шаршауын, ыстықтауын, тоңуын болдырмау үшін серуенді өткізу жоспары бойынша балалар әрекетінің қимылды, аз қимылды түрлеріне кезекпен ауыстырып отыру қажет.				
	Қараша **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №1** **Жыл мезгіл айының өзгеруін бақылау** ***Міндеттері:***	**Қараша** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №2** **Қараша айының алғашқы күндерде жылы жаққа ұшып**	**Қараша** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №3** **Суды бақылау** **Міндеттері:** -күз мезгіліндегі судың жай	**Қараша** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №4** **Бақшаны бақылау** **Міндеттері*:*** -күз мезгіліндегі бақшада	**Қараша** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №5** **Қара қарғаны бақылау** **Міндеттері:** — қарғалардың қысқы

1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. **Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту.** Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер. Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне мүмкіндік беру. 2) Еңбекке баулу үшін мектеп ауласында баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру. Балаға ересектердің	— Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы) — Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды). **Бақылау барысы** **Көркем сөз** А. Сәрсеков *Күзгі ауланың талдары* *Кейде құйын өтеді* *Желмен басын шайқайды* *Тозаңдатып жан-жақты* *Дәурен өтіп жаздағы* *Кейде құйын кетеді* *Күздің желі соғады* *Доп қылып ап жапырақты* *Бейне тентек баладай* *Ойран-асыр салады* *Алма бағын жағалай* *Алмаларын қағады* Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауа-райы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін **Балаларға сұрақтар:** ♦ Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? *(Күміс күз.)* ♦ Неліктен? Жұмбақ шешу: Қар да емес, мұз да емес, Ағаштар күміс жамылған (қырау) **Еңбек:** Ауладағы қоқыстарды жинау. *Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .* **Қ/О:** «Бәйге» *Міндеттері:*	**кететін құстарды бақылау** ***Міндет:*** ұшып кететін құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстарға деген танымдық қызығушылығын арттыру. **Бақылау барысы** ***Көркем сөз*** Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшқан әуелеп. Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп. Жаз қызығы өтті енді, Құстар қайтып кетті енді. Қол бұлғап қоштасамыз, Төбеден құстар өткенде **Балалармен әңгімелесу, сұрақтар:** *Күз келгенде құстар тіршілігі қалай өзгереді?(құстар жемі азаяды, күн суытады, құстар ұшып кетуге дайындалады, балапандарын ұшуға жаттықтырады) *Бұрынғы бақылағандар бойынша жазғы және күзгі құстар жайлы айтыңдар?(жазда жем көп, олар балапандарына жем тасиды, қоректендіреді) *Құстар жемі күзде қайда кетеді? (жәндіктер жоқ болады, өсімдіктер құрайды, дәндер мен тұқымдар азаяды) *Құстардың ұшу мерзімі неге байланысты деп ойлайсыңдар, ең әуелі қандай құстар ұшып кетеді? (Ең әуелі жәндәктермен қоректенетін құстар, сонан	– күйі жайлы түсініктерін қалыптастыру. Бақылау барысы. Балаларға сұрақтар. *Судың қандай қасиеттерін білесіңдер? *Судың көлемі (қалпы) болама? *Өзеннің, көлдің, мұхиттың, шалшықтың сулары бәріде мөлдір ме? *Суды аязға шығарса не болады? Су өте мөлдір. Оның түбіндегі жатқан зат көрінеді. Су - сұйық зат, оның өзіндік қалпы (көлемі) жоқ. Оны қандай ыдысқа құйсаң сол ыдыстың көлемін береді. Су түссіз, дәмсіз, иіссіз. Таза су мөлдір болады. Лай немесе лас су мөлдір болмайды. Лас судың жаман иісі болады. Ауа температурасы 0 градустан төмен болған жағдайда су мұз болып қатады. Зерттеу жұмысы. Тәрбиеші балалармен зерттеу жұмысын жүргізуге ұсынады. Шыны ыдысқа толтырып су құйып, аузын мықтап жауып, далаға аязға шығарып қою. Біраз уақыттан соң ыдыс жарылып сынады да, оның орнында бір кесек мұз қалады. Қатқан су, яғни мұз сұйық судың өзіне қарағанда көп орын алады. Яғни мұз болып қатқанда судың көлемі ұлғаяды да, ыдысты сындырады. Ең алғаш аяз болған күні ақ өзендер, көлдер, шалшықтар мұз болып қатады. Аяз қатайған сайын мұз қалыңдай түседі. Ал, егер мұзды жылы жерге әкелсе не болар еді? (Мұз	болатын өзгерістермен таныстыру; -зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз .** Далада қар болрайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып-жылтыр болып жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Гүлденеді бақшалар, Жауса-жаусын ақша қар. ♦ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? *(барлық жерді қар басты.)* ♦ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? *(аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)* ♦бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? *(жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)* ♦ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? *(жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)* ♦ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? *(ғимарат жанында)* ♦неліктен? *(соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.).* **Зерттеу жұмысы** Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш	тіршілігін бақылау; — Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі). **Бақылау барысы** **Көркем сөз** **Құстар қыста тоңады** Ө. Ақыпбеков **Мақсаты:** Құстар қыста тоңады, Жоқ киетін ішігі. Желде қатты соғады, Қарды көзге ұшырып. Қалатындай қайта ұшпай, Ұя тапса шаттанып. Жем іздейді байғұстар, Қардың астын ақтарып. Балаларға сұрақтар: * Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар). * Қарғаның түсі қандай? * Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар? * Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді. **Еңбек** Алаңды қардан тазалау. *Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу* **Қимылды ойын:**

еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату.	— Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру ; — Төзімділікке,ептілікке тәрбиелеу. **Жаттығу ойындары:** Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. *Міндеті: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп түсу* **Мемлекеттік тілді меңгерту** **Халық болжамы:** -Түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды -Ағашты қырау басса аяз болады.	соң дәнмен, тұқыммен, астықпен қоректенетін құстар ұшып кетеді) *Құстар ұшуға қалай дайындалады? (олар үйір-үйір болып жиналады, ұзақ жолға ұшуға дайындалады, тамыздың аяғынан бастап ұшып кете бастайды) *Ең соңынан қандай құстар ұшып кетеді? (үйрек, қаздар-су тоғандары қатқанша ұшпайды, су астында қорек табылады) **Еңбек:** Қыста құстарға беруге өсімдіктер дәнін жинау Міндет:құстарға деген аяушылық, қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу Қ/О: «Торғай-қарға». Міндет: тапсырманы нақты, жеңіл орындауға жаттықтыру, жүкіру техникасын меңгерту **Жаттығу ойындары:** Жүрудің әртүрлі тәсілдерін қолданып (тырна, құтан, балапан сияқты жүру) жүруге жаттықтыру Міндет:қозғалыс белсенділіктерін дамыту.	ериді де су болады). -Үлкен және кіші ыдыстардағы таза сумен бояу қосылған судың қатуын бақылау. -Ыдыстағы тығыз салынған және жәй салынған қардың еру жылдамдығы бақылау. **Еңбек:** Топ бөлмесіндегі өсімдіктерді күту. *Мақсаты: табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру.* Қ/О: «Қасқыр қақпан» *Мақсаты:* -Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру; -Жылдамдықтарын,ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту. **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** **Жаттығу ойындары:** Еңбектеу. *Мақсаты:* -Қозғалыстарын үйлестіруін дамыту; -Шешім қабылдауға, батылдыққа тәрбиелеу.	құралмен өлшеу.. **Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу *Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;* — Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **Қимылды ойындар:** «Қу түлкі». *Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.* **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** **Жаттығу ойындары:** «Нысанаға тигіз». *Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.*	«Бәйге». *Мақсаты: жүкіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.* **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** **Жаттығу ойындары:** Шаңғымен жүруге жаттықтыру Мақсаты: күштіліктері мен мықтылықтарын дамыту.
Серуеннен оралу 11:40-11:45	**Еңбегі адал жас өрен:** «Мен ұқыпты баламын» **Мақсаты:** Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесуге баулу.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	**Қоршаған әлеммен таныстыру – коммуникативтік әрекет** **Жеке жұмыс:** Базарбеков Аңсар өзін қоршаған ортадағы	**Сөлеуді дамыту-** коммуникативтік, танымдық әрекет **Жеке жұмыс:** Дүйсенбеков Айдос «Біздің қанатты	**Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **Жеке жұмыс:** Тлешқызы Сафия **Мақсаты:** Геометриялық денелердің:	**Көркем әдебиет-**қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет **Жеке жұмыс:** Кургумбаев Ибрагим	**Сауат ашу негіздері-** коммуникативтік, танымдық әрекет **Жұптық жұмыс:** Мұрат Заңғар **Мақсаты:**

	өсімдіктерді үш топқа (ағаш, бұта, шөптесін өсімдіктер) жіктей білуге үйрету. **Міндет:** Сөйлеу, ойлау, зейінін аудара білу қабілеттерін жетілдіру.	достарымыз» сурет бойынша әңгіме құрастырту. **Міндеті:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру.	**Міндеті:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	Дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру.
	модельдеуге жаттығу; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыруға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Ұжымдылыққа, мейірімді болуға, көмек көрсетуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Геометриялық пішіндерді ажырата білуге үйрету. Айырмашылығын және ұқсастығын ажырата білуге үйрету. Ой қабілеттерін дамыту. Мұқияттылықты тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - Ұқыптылыққа баулу. Өз бетінше есептей білуге үйрету ойлау қабілеттерін дамыту.Алған білімін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Жауапты бала – жақсы дос»** **Күтілетін нәтижелер:** -фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды; дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты; -заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні,	**Дағды:** дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелу. Ойын арқылы сөз буыннан,буын дауысты дыбыстардан құралатынын түсіндіру. Балаларға буын туралы түсінік беру,сөздерді буынға бөлуге үйрету Танымдық қызығушылықтарын арттыру. **Қауіпсіздігі:** Балаларға жалпы сауаттылықтары мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, лингвистикалық дүниетанымдарын кеңейту, грамматикалық талдау жасау дағдыларын дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. **Апта дәйексөзі**: **«Жауапты бала – жақсы дос»** **Күтілетін нәтиже**: -сөздерді буынға бөледі; -сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын; -дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.	өлшемі бойынша ажырата білу; заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру (2-3 белгі бойынша заттар тобынан затты бөлу) қабілетін бекіту; -геометриялық фигуралар мен олардың бөліктерін модельдеуге жаттығу. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыруға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Ұжымдылыққа, мейірімді болуға, көмек көрсетуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың өздеріне таныс дөңгелек, шаршы, үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді бір – бірінен ажыратып, атай білуге үйрету. Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балаларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру, айналасындағы заттар арасынан геометриялық пішіндерді таба білуге үйрету. **Апта дәйексөзі**:	моторикасын дамыту; -ұйымшылдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту, -бөліктерден пішін құрастыра білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Балаларды ұйымшылдыққа, зеректікке баулу. Шыдамды, сабырлы, шапшаң болуға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қоршаған ортадағы сәйкес пішіндерді беттестіре отырып, салыстыруға үйрету. **Қауіпсіздігі:** Ақыл ойын, логикалық ойлау қабілетін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Жауапты бала – жақсы дос»** **Күтілетін нәтижелер:** заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды; затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын; бөліктерден пішін құрастыруды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**	Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілікке,аңғарымпаздыққа бір-біріне деген достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу,топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**: **«Жауапты бала – жақсы дос»** **Күтілетін нәтиже**: буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады; сөздерді буынға бөледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберге тұрғызу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді? 2) Дауысты дыбыстардың

	өлшемі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№ 1 парақ) анасына сыйлыққа суреттегідей моншақ құрастырғысы келді. Моншақ сатып алуға дүкенге барды, бірақ осы моншақтарға ұқсайтын геометриялық фигуралардың атауын білмейді. Балаларды көмектесуге шақырады.  – Суреттегі моншақтар неден құрастырылған? – Осы пішіндердің қалай аталатынын білесіңдер ме? Балалар суретті талқылайды, дөңгелек, сопақша деп атайды. Педагог бүгін балалардың жаңа геометриялық фигурамен танысатынын айтады. Геометриялық фигурамен танысу: сопақша. Фигураны көрсетеді, бұл – сопақша. Барлығымыз бірге қайталайық: сопақша. Педагог өлең оқиды. *Мен сопақпын, мен сопақ* *Ұзартылған домалақ .* *Соңым жоқ, басым жоқ*	**Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Артығын тап» ойынын ұйымдастыру. 1. Ара, өрмекші, маса, көбелек,аю. *(аю)* **2.** Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. *(сауысқан)* 3. Мысық, түлкі, аю, қасқыр. *(мысық)* 4. Колғап, көйлек, шалбар, етік. *(көйлек)* 5. Май, шай, нан, қант, қасық. *(қасық)* Балалар сөздердің лексикалық мағынасына қарай артық сөзді табады. Өткен тақырыптарды қайталау. **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** 1) Өкпеден шыққан ауаға ауыз қуысында қандай мүшелер кедергі жасайды? – Балалар, тіл, ерін, тіс түбі, таңдай, кішкене тіл, иек, езу өкпеден шыққан ауаға кедергі жасайды екен. **Артикуляциялық жаттығу жасау жолдары.** **«Күрекше»** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.	**«Жауапты бала – жақсы дос»** **Күтілетін нәтижелер:** - фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды; дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты; -заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** **«Сана және ата» дидактикалық ойыны.**  – Барлығы қанша шаршы (сопақша, дөңгелек, үшбұрыш)? – Барлығы неше кішкентай шаршы (сопақша, дөңгелек)? – Барлығы қанша үлкен шаршы (сопақша, дөңгелек)? – Барлығы қанша кішкентай, үлкен фигуралар бар? – Қанша қызыл (көк, сары,	**Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№ 1 парақ) ойнауға шақырады, №33 парақтағы фигуралардың бөліктерінен құрастырылған суреттерді ұсынады. Шеңбердің бөліктерін таратады, бүкіл фигураны бүктеуді сұрайды. Шеңбердің қанша бөлікке қиылғанын сұрайды, әр бөлікті қалай атауға болатынын анықтайды. **«Пішінді жина» ойыны:** қағаз парағына төртбұрыш немесе шеңбер сияқты тұтас пішінді салыңыз, содан кейін оны бірнеше бөлікке бөліп, араластырыңыз. Балалардан фигураны оның бөліктерін дұрыс біріктіру арқылы жинауды сұраңыз. Бұл ойын балаларға бүкіл фигураның бөліктерден тұратынын түсінуге және оларды дұрыс байланыстыруды үйренуге көмектеседі.  **Балаларға көрсету әрекеті:**	жасалу жолы қандай? 3) Буында неше дауысты дыбыс болады? **Артикуляциялық жаттығу жасау жолдары.** **«Күрекше»** – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. **«Ине»** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. **«Төбешік»** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. **«Түтікше»** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.

	Енді бірде жапалақ. *Мен жұмыртқамын* *Мен айнамын* *Мен, міне, осындай пішінмін.* *Мен қоңыз, мен картоп* *Аяқпенен топ - топ – топ.* **Балаларға көрсету әрекеті: Эксперименттік іс-әрекеті.** Сопақшаның қасиеттері туралы білу үшін эксперименттер жүргізеді. Сопақшаның бұрыштары жоқ (сопақшаны саусақтармен ауада сызады). Сопақша тегіс/жалпақ,. Қайталайық: жалпақ/ тегіс. Сопақшаның қасиеттерін зерттеуді жалғастырады. Педагог тақтада, балалар үстелдерде жұмыс істейді. Фигураны үстелге қояды (сопақшаны қырынан қоюға тырысады). Ол үстел бетіне тұрмайды. Біздің тәжірибеміз сопақшаның қандай қасиеттері туралы айтады? Олар талқылайды, қорытынды жасайды: сопақ, тұрақсыз, тегіс, оның бұрыштары жоқ. Сопақшаға мұқият қарап, оның қандай геометриялық фигураға ұқсайтынын айт? (Дөңгелек, шеңбер.) Педагог тақтаға дөңгелектің суретін іліп қояды. – Сопақша шеңберге несімен ұқсайды? Олар талқылайды, бірлесіп қорытынды жасайды. Сопақша, дөңгелек сияқты, бұрыштары жоқ, ол да тегіс, тұрақсыз. Дөңгелек пен сопақша дөңгелек пішінді	 **«Ине»** – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. **«Төбешік»** – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. **«Түтікше»** – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.  **Балаларға көрсету әрекеті:** ***«Сөз айт, дұрыс айт» дидактикалық ойыны*** Педагог балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерге	жасыл ...) фигуралар бар? − Қандай фигуралардың түсі көбірек (мөлшері, пішіні)? − Белгілі бір бағанда немесе қатарда қанша үлкен (кіші) фигура бар? − Қай қатарда түсі (өлшемі, пішіні) бойынша пішіндері көп? **Балаларға көрсету әрекеті:** Жиынтықтауға арналған тапсырма. – Фигураларды қандай жиынтық топтарға бөлуге болады? **«Пазлды құрастыр»** ойыны. **Ойын жаттығуы: «Неге ұқсайды?»** Балалардан геометриялық фигура тәрізді бөлмедегі заттарды табуды сұраңыз. **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Өз салатын заттың суретін дөңгелек және сопақша түрінде бейнеле. Балалар суреттегі заттардың пішінін атайды. Олар сопақшаға ұқсайтын затты бейнелейді. Сопақша мен дөңгелектің айырмашылығын атайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** **«Контурмен боя».** Тегіс фигураларды еденге сызу немесе жіппен салу, содан кейін балалардан	**«Фигураны тап» ойыны:** қағаз парағына үшбұрыш, тіктөртбұрыш және шеңбер сияқты әртүрлі пішіндердің бірнеше бөлігі салынады. Балалардан осы бөліктерді біріктіргенде қандай фигура пайда болатынын сұрайды. Бұл ойын балаларға әр фигураның қандай бөліктерден құралатынын білуге және оларды тануды үйренуге көмектеседі. **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Фигуралардың бір бөлігін боя. Оларды қалай атауға болады? Ойлан. (Жартысы, үштен бірі, төрттен бірі.) **Сергіту сәті:** **«Геометриялық би».** Әртүрлі геометриялық фигураларды ата, содан кейін балалардан әр фигураға ұқсайтын қимылдарды қолданып билеуін сұра. Мысалы, шаршы үшін шаршы тәрізді қимыл-қозғалыстарды, ал үшбұрыш үшін үшбұрыш тәрізді қозғалыстарды қолдануға болады. **Суретті жинау ойыны:** қағазға үй, көлік және ағаш сияқты бірнеше заттардың суретін сал. Содан кейін әр затты бірнеше бөлікке қиып, оларды араластыр. Балалардан әр суретті оның бөліктерін дұрыс біріктіру арқылы жинауды сұра. Бұл ойын балаларға тұтас суретті алу үшін бөліктерді дұрыс тануды және	 **Балаларға көрсету әрекеті:** ***Дидактикалық ойын «Дұрыс көрсет»*** Педагог балаларға дыбыстарды айтады, балалар алдарындағы қызыл, көк түсті белгілерді көрсету арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Мысалы: *й, ц, к, е, н, г, ш, щ, з, х, ф, ы, в, а, п, р, о, л, д, ж, э, с, м, и, т, б.* **Сөздермен жаттығулар.** ***«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық ойыны*** Педагог балаларға суреттер көрсетеді де, балалар суретті атайды, сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалғайды. Мысалы: *доп ... (қызыл), бал ... (тәтті), ара ... (сары), етік ... (жылы), ет ... (дәмді)т.б.* **Сергіту сәті:«Робот»** Шалқаямыз артқа, аспанға қараймыз, Аспанға қараймыз, жұлдызды санаймыз. Басымызды енді алдыға иеміз, Қозғалмайды қол мен аяқ, денеміз. **Балалармен бірге**

	болып келеді. – Сонда олар бір-бірінен қалай ерекшеленеді? Педагог дөңгелекті алып, оны сопақшаға қояды. Сопақшаның қаншалық созылғанын қара. Сопақша қайсысы? Ұзарған, сопақша ұзын. – Сопақша дөңгелек сияқты айнала ма, қалай деп ойлайсындар? Тексеріп көрейік. Сопақшаны үстел бетінде айналдыруға тырысады. – Сопақшаның айналуына не кедергі болып тұр? Қорытынды жасалады, сопақша ұзынша созылған болып келеді, сондықтан ол домаламайды. – Сопақша тағы қандай геометриялық фигураға ұқсайды? Тіктөртбұрыш тақтаға ілінеді. Атауын сұрайды. Балалар «тіктөртбұрыш» деп атайды. – Олар неге ұқсас? Фигураларды бір-бірінің үстіне қоюды ұсынады. Қорытынды жасайды, тіктөртбұрыш пен сопақша ұзынша, созылған, жалпақ фигуралар домалақ емес. – Олар қалай ерекшеленеді? Фигураларды саусақтарымен айналдыруды ұсынады. Олар талқылайды, қорытынды жасайды, тіктөртбұрыштың бұрыштары бар, ал сопақшада бұрыш жоқ. **Топтық жұмыс.**	мысалдар келтіруге тапсырма береді. Мысалы: (пима, фабрика, кілт, қант, тұз, шана, сабын, хат, қайық, циркуль, щетка т.б.). Қызыл түсті домалақты көрсетіп, дауысты дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. (Әтеш, өшіргіш, өмір, елгезек, ірімшік, элеватор, ін, иық, үтік т.б.) **Тіл ұстарту** Ақ-ақ-ақ, Тастан тасқа секірді лақ. Ма-ма-ма, Лақты қораға қама. Уық-уық-уық, Қорада тұр тауық. Аң-аң-аң, Аңның ізіне болдым таң. Рақ-рақ-рақ, Керек маған тара. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Сағаттың тіліндей Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір, Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай-ақ. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Заттардың атында естілген **н, л** дыбыстарының дыбыстық белгілерін қой. 2. Дыбыстық талдау жаса. – Балалар, жұмыс дәптерді ашып, үш дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайық.	оларды «бояу» сұралады – контур бойымен жүргізу. Бұл жұмыс балаларға қолдың ұсақ моторика қабілетін жақсартуға, сондай-ақ пропорция сезімін және кеңістікті қабылдауды дамытуға көмектеседі. **2-тапсырма.** Түймелерді көрсетілген түспен боя. Белгілі бір пішіндегі түймелерді тауып, оларды тапсырмада көрсетілген түске бояуды ұсынады. Сондай-ақ, **«Нөмірлерге сәйкес боя»** электронды бояуға арналған суреттерді беруге болады: балаларға суреттегі цифрларды пайдаланып жалпақ фигураның суретін бояуды ұсынады. Әр сан белгілі бір түске сәйкес келеді. Мысалы, 1 саны қызыл, 2 саны жасыл, 3 саны көк және т.б. бұл балаларға түстерді санауды және тануды үйренуге көмектеседі. **3-тапсырма.** Фигураларды жалғастырып сал. Педагог құрттың бойындағы фигуралар тізбегін атауды сұрайды. Балалар бұл реттілікті өз бетінше жалғастырады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз	байланыстыруды үйренуге көмектеседі. **2-тапсырма.** Сурет қандай фигуралардан құралған? Көрсетілген түстермен боя. Педагог фигураларды – мәшинелердің бөліктерін атауды және оларды бояуды сұрайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Фигураларды тауып, боя. Құрақ көрпені «жөндеу» керек. Балалар қажетті фигураны тауып, көрсетілген түспен бояйды. **4-тапсырма.** Осы фигураларды бір-біріне беттестірсе, қандай сурет шығады? Егер фигураларды бір-біріне беттестірсе, қандай сурет шығатынын айтады. **Топтық жұмыс.** №33 парақтағы фигуралардың бөліктерінен құрастырылған суреттерді ұсынады (шеңбер немесе шаршы). **Балаларға арналған тапсырмалар:** 1-нұсқа. Педагог құрастырған өрнек үлгісіне қарап, дәл сондай өрнек салуы керек. 2-нұсқа. Фигуралардың бөліктерінен өз өрнек үлгісін жасайды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың	**орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** **1. Суреттерді ата. «С»** дыбысы кездесетін заттың суретін қорша. Сөздерді буынға бөл. Педагог балалармен бірге тапсырманы талқылайды. 2. Дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға жұмыс дәптерде өз беттерімен дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог тексеру үшін, тақтаға жұмыс жасауға балаларды шақырады.Тақтаға тіс, көз, қол сөздерінің сызбалары ілінеді. Балалар өз жұмыстарын тақтадағы дыбыстық талдаумен салыстырып, тексереді. – Балалар, «тіс» сөзінде неше дыбыс, неше буын бар? **«Тіс»** сөзінің дыбыстық талдауы. «Тіс» сөзінде 1-буын, 3 дыбыс бар. **Т**-дауыссыз, қатаң, тіс, шұғыл дыбыс. **І**-дауысты, жіңішке, қысаң, езулік дыбыс. **С** – дауыссыз, қатаң **«Көз»** сөзіне дыбыстық талдау. «Көз» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. **К** - дауыссыз, қатаң **Ө** - дауысты, ашық, еріндік, жіңішке **З** - дауыссыз, ұяң **«Қол»** сөзіне дыбыстық талдау. «Қол» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. **Қ**- дауыссыз, қатаң

	Педагог балаларға фигуралар жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Педагог «геометриялық пазл»немесе «Неге ұқсайды?»ойынын ұсынады. Суреттерді салыстыруды ұсынады: олардың ұқсастығы қандай және қалай ерекшеленеді. Балалар педагогпен біріге отырып, ағаштардың жапырақтары (пішіні, түсі, мөлшері) арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады. **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ұқсастығын және айырмашылығын ата. Балалар тапсырманы орындайды, ұқсастығы мен айырмашылығын атайды. **2-тапсырма.** Кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендір. Боя. Педагог кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендіруді ұсынады. Балалардың әрқайсысы белгілі бір пішінді, дөңгелек немесе сопақша кілемшені таңдайды, содан кейін төмендегі суреттерден (үшбұрыш, шаршы және шеңбер, тіктөртбұрыш)	Балалар орындарында дыбыстық талдау жасайды. Тексеру үшін педагог дыбыстық сызбаларды тақтаға іліп, балаларды тақтада шақырады. Балалар жұмыстарының дұрыс-бұрыстығын тақтамен тексереді. – Суреттерде не бейнеленген? – Хат, бал, уық. Педагог дыбыстық талдау жасаған кезінде сөздегі әр дыбысты анық айтуларына тапсырма береді. **«Хат»** сөзіне дыбыстық талдау. Хат сөзінде 1 буын, 3 дыбыс. **Х**-дауыссыз, қатаң **А**-дауысты, жуан, ашық, еріндік **Т**-дауыссыз, қатаң **«Бал»** сөзінің дыбыстық талдауы. «Бал» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс **Б**-дауыссыз, ұяң **А**-дауысты, жуан, ашық, еріндік **Л**-дауыссыз, үнді 3. Суреттердегі заттардың неше буыннан тұратынын анықта. Суреттерді тиісті сызбамен қос. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** (графикалық жұмыс) 5. Штрихта 6. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын	жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	**О**- дауысты, жуан, ашық, еріндік **Л**- дауыссыз, үнді. Педагог осы сөздерде неше дауысты, неше дауыссыз дыбыс бар екенін балалардан сұрайды. **Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс)** 4. Штрихта. 5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы:** **Тыңда, орында.** Бір, екі, үш, Кәне жина күш. Саусақтарды басайық, Жаттығуды жасайық. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. –Бүгінгі іс-әрекетімізде нені үйреніп, нені білдіңдер? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және

	таңдалған «кілемшеге» өрнектер салып, оны безендіреді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** **«Геометриялық би»** әртүрлі геометриялық фигураларды ата, содан кейін балалардан әр фигураға ұқсайтын қимылдарды қолданып билеуін сұрайды. Мысалы, шаршы үшін шаршыға ұқсайтын қозғалыстарды, ал үшбұрыш үшін үшбұрышқа ұқсайтын қозғалыстарды таңдап қолдануға болады. **«Көліктерді гаражға кіргізу» дидактикалық ойыны.** Балаларға геометриялық фигуралар таратылады. Балаларға ойын ережелері түсіндіріледі. Өздеріңді «мәшинемін» деп елестетіңдер, ал геометриялық пішіндер – «мәшинелердің нөмірлері», «гараждар» – белгілер – геометриялық фигуралар бейнеленген орындықтар. Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді». «Мәшинедегі» геометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс. Орындықтардың орындары ауыстырылады. **«Бейнеле» ойын-тапсырмасы.** Қағаз парағында заттарды геометриялық фигурамен	үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, дене сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы:** Тыңда, орында. Партадағы саусақтар, Адымдайды, жүреді. Өнерлі бұл саусақтар Сурет сала біледі. Ортанғы мен сұқ саусақ Түйеқұсты салады, Төңкеріліп аспанға, Қоян да бола қалады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балалардың жетістіктерін ауызша бағалайды, мақтайды. – Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.			қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

	бейнелеу керек. Педагог заттарды атайтынын хабарлайды, ал балалар оларды қағазға геометриялық фигурамен бейнелейді. Сақ болыңдар: табақ, есік, шатыр, текше, сопақша. **Балалар:** шеңбер, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, сопақша деп атайды. **3-тапсырма.** Фотосуреттерді сәйкес пішіндегі жақтаулармен сызып қос. Балалар отбасы мүшелерінің суреттері қандай пішінде орналасқанын анықтайды. Содан кейін фотосуреттердегі жақтаудың пішінін анықтауға көшеді. Мысалы: «Бұл – әже. Оның суреті сопақша жақтауға салынған». **«Не өзгерді?» дидактикалық ойыны.** Педагог балаларға фигураларды анықтап қарап және олардың орналасқан жерін есте сақтауды ұсынады. Балалардан көздерін жұмуды ұсынады да, бір фигураны алып тастайды. Балалар көздерін жұмады. Олар көздерін ашқан сәтте, не өзгергенін айтады. Ойын екі рет қайталанады. **4-тапсырма.** Фигураларды қарандаштардың түсіне сәйкес боя. Тапсырманы тексеру үшін көрші отырған балаға ұсынуға болады.				

	Дидактикалық ойын «Домалайды, домаламайды». Ойын ережелерін түсіндіреді: егер аталған зат домаласа, шапалақта, егер домаламаса, аяқпен топылдат. Педагог заттарды атайды: қарбыз, текше, кітап, дөңгелек, қарындаш, банка, сәбіз, жапырақ, апельсин, үй, доп. Балалар заттардың пішінін анықтайды, тиісті әрекеттерді орындайды. Педагог таңдалған балалардан өз әрекеттерін түсіндіруді сұрайды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.				

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру

Экологиялық тәрбие.Эмоционалды әрекет.

Экологиялық ойын: Ойын арқылы балаларды табиғатпен таныстырады.

Ұмыт болған ұлттық ойын: «Қарлығаш»

Басты міндеттері: Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.

<table>
<tr>
<td colspan="3"> </td>
<td colspan="4">Ұмыт болған ұлттық ойын: «Қарлығаш»
Ойынның міндеттері: Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.
Дағды: Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.
Ойынның ережесі :
Әдістемелік нұсқаулар: Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, қанаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек.
II нұсқа
Әдістемелік нұсқаулар:
Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет.
Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға
Ойынның педагогикалық маңызы.
Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.
Ұсыныс: ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="7">2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00</td>
</tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Алматы-әсем қала.
ҰІӘ міндеттері:
- Алматы қаласы туралы білімін кеңейту;
-сипаттауға қажетті сөздерді қолдануға жетелеу;
-туған жерге сүйіспеншілігін арттыру.
Дағды:
Балаларға Алматы қаласы туралы түсінік беру. Баланың ой-өрісін дамытып, сөздік қорын молайту. құстарды басқа жан-жануарлардан ажырата білу дағдыларын дамыту.
Құндылықтарға баулу:
Тілдерін дамытып, ой-өрісін</td>
<td>2.Қоршаған әлеммен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.
ҰІӘ тақырыбы:
Ауаның қасиеттері.
ҰІӘ міндеттері:
- балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыру, тәжірибе арқылы ауаның біздің айналамызды қоршап тұрғанына көздерін жеткізу;
-ойлау белсенділіктерін, байқағыштықтарын арттыру;
-қоршаған ортаны таза ұстауға тәрбиелеу.
Дағды:
Ауаны таза ұстау, өздігінен тәжірибе жасап,</td>
<td>2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Ақымақ қасқыр.(қазақ халық ертегісі)
ҰІӘ міндеттері:
- сахналық қойылымға қатысуын ынталандыру;
-тіл байлығын арттыру;
-кейіпкерге жанашырлық танытуға тәрбиелеу.
Дағды:
-ойлау, есте сақтауды, сөздік қорларын дамыту,ертегіні рөлдерге бөліп ойнату.
Құндылықтарға баулу:
Балаларға ертегі туралы түсінік беру, ертегі кейіпкерлерінің жағымды –жағымсыз қасиеттерін</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Қонақ келсе-құт.
ҰІӘ міндеттері:
- сөздерді дұрыс дыбыстауға баулу;
-тақырып аясында диалогке қатысуға жетелеу;
- қонақжайлылыққа тәрбиелеу.
Дағды:
Суретке қарап сөйлем, әңгіме құрап айта алады. Қарама-қарсы сөздерді қолдана алуға дағдыландыру.
Құндылықтарға баулу:
Бір-біріне деген сүйіспеншілігін арттыру, өзара татулық сезімдерін</td>
<td>2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Жұлдызды сәт. (интеллектуалдық ойын)
ҰІӘ міндеттері:
- көркем сөзге қызығушылығын арттыру;
-тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу;
-бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.
Дағды:
балалардың танымдық қабілетін арттыру,ойлау, зейін шоғырландыру, алмасу қабілетін дамыту, ой – өрісін кеңейту, ойларын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру; еңбектенуге дағдыландыру.</td>
</tr>
</table>

	кеңейту. Сөздік қорын байытумен бірге еске сақтау қабілеттерін қалыптастыру, грамматикалық тұрғыда жүйелі сөйлеуге , берілген сұраққа жауап беруге үйрету. Әсемдікке, сүйіспеншілікке, қамқорлық, еңбекшіл болуға тәрбиелеу. Өз қаласына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Алматы қаласын мақтан тұтуға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - балалардың ойлау қабілетін дамыту, тақпақтар, мақал–мәтелдер, тыйым сөздер айтқыза отырып, тілдерін дамыту; -балаларды адамгершілікке, табиғатты сүюге, табиғатқа қамқор бола білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Жауапты бала – жақсы дос»** **Күтілетін нәтиже**: - еліміздің басты қалаларымен танысады; еліміздің басты қалаларының маңызы; -қалаларды басты белгілеріне қарап ажыратуды түсінеді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Қазақстанның ірі	нәтижесін шығару, өз ойларын ортаға салу дағдылары дамиды. **Құндылықтарға баулу:** Балалар ауаның қасиеттерін, тәжірибе жүргізу арқылы ауаның бар екенін, тірі табиғатқа ауаның қажет екенін және қоршаған ортаны қалай таза ұстау керек екенін, туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Экологиялық тәрбие беру. **Қауіпсіздігі:** Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыту. Зерттеушілік мәдениетке тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Жауапты бала – жақсы дос»** **Күтілетін нәтиже**: - ауаның қасиеттері туралы (көрінбейтін, жеңіл, иіссіз); -ауаны ұқыпты ұстауға деген ұмтылыс; тәжірибелерді өз бетінше жүргізіп, қорытынды жасау. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог жұмбақ жасырады:	көре білуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу, ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** -ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп сыйпаттау, түрлі эмоцияларды жеткізу үшін дауыс ырғағын келтіріп сахналау; -ертегі оқиғасын дәйекті түрде орындау, алғырлыққа, тапқырлыққа баулу. **Қауіпсіздігі:** Балаларды табиғатты сүюге, аялауға, қорғауға, нанды қадірлеуге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Жауапты бала – жақсы дос»** **Күтілетін нәтиже**: -ертегінің мазмұнын біліп, ертегі кейіпкерлері туралы өлең, жұмбақтарды естеріне түсіріп, айтуды. -үй жануарлары мен қасқыр туралы мағлұмат. -ертегіні рөлге бөліп сахналауды, сұрақтарға жауап беруді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Ойын жағдаяты – Балалар, бір сәт көзімізді жұмып, ертегілер әлеміне	дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру. Әдептілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға қазақ халқының қонақжайлығы ұлттық салт-дәстүрінің бірі екендігі жөнінде түсіндіре отырып, оларды қонақ күту әдебімен таныстыру, таным-түсініктерін кеңейту. Қонақтарға жайылатын дастарханға қойылатын тамақтармен ыдыстар жөніндегі білімдерін жетілдіре отырып, дайын түрлі-түсті қағаздан қиылған кесені қызғалдақ гүлімен әшекейлеп, желімді ұқыпты пайдаланып жапсыра білуге үйрету **Апта дәйексөзі**: **«Жауапты бала – жақсы дос»** **Күтілетін нәтиже**: Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсінеді,мағынасы бойынша жақын сөздерді сөйлегенде қолданады; әңгімені әрі қарай өрбіте алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Мақалдармен таныстыру. Қонақ аз отырып, көп	**Құндылықтарға баулу:** Балаларды сыйластыққа, ортада өзін дұрыс ұстауға баулу; жақсы эмоционалды көңіл-күй сыйлау, әр түрлі ойын тәсілдері арқылы сабаққа қызығушылығын ояту. Жұмбақ шешімін оқу арқылы, конструктивті праксисті дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, жұмбақ шешуге, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. **Қауіпсіздігі:** Балалардың қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Жауапты бала – жақсы дос»** **Күтілетін нәтиже**: қарапайым сұрақтарға жауап бере алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберін құру. – Балалар, бәріміздің бірге екенімізді сезіну қандай тамаша! Ал енді бәріміз қол ұстасып, бір-бірімізбен

	қалаларының суреттерімен жұмыс жүргізу. – Сен қай қалада тұрасың? Педагог балаларды Алматы қаласына саяхат жасауға шақырады. Алматы қаласының әсем жерлері туралы балалармен әңгіме жүргізеді. Алматы қаласының көркем суреттері тақтаға ілінеді. – Алматы қаласы ең жасыл қала болып саналады. Неге деп ойлайсыңдар? – Өйткені Алматы қаласының көшелерінде ағаштардың, қылқан жапырақты ағаштардың, гүлдердің көптеген түрі өседі. Мысалы: шырша, қарағай, арша, аққайың, терек, қарағаш, емен, долана. Сонымен қатар көшелерде, бақтарда жеміс ағаштарының түр-түрін көруге болады. Алматы қаласы әлемге апорт алмасымен танымал. Қаланың аты да осы алмаға байланысты қойылған. Аты әлемге танымал Медеу мұзайдыны мен Шымбұлақ осы Алатаудың бөктерінде орналасқан. Алматы жасыл желегімен, асқар тауымен көрікті. Сендердің араларыңда Медеу мұзайдынына, Шымбұлақ спорт кешеніне барғандарың бар ма? – Ол жерден не көрдіңдер, не істедіңдер? – Алматы қаласының көшелері кең, таза, әдемі, көліктері көп. Қала	Мұрнынан кеудеге өтеді, Өзі көзге көрінбейді, Одан кері кетеді, Онсыз өмір сүрілмейді. Жауабы: ауа. – Балалар, ауасыз өмір сүру мүмкін бе? (Балалардың жауаптары тыңдалады). – Адам, жануар ауасыз тіршілік ете алмайды, өсімдіктер өспейді. - Дұрыс! Қазақ тіліндегі ауа болады**.** *Тәжірибе 1.* - Бізге ауа не үшін қажет? - Балалар, мұрынды қысыңыз, саған не жетіспейді? - Дұрыс! Бізге ауа жетіспейді. Тыныс алуымыз үшін ауа қажет. Және біз таза, таза ауамен тыныс алуымыз керек.Өсімдіктер әлемі бізге ауаны тазартуға көмектеседі. Демек, ең таза ауа – ормандар мен бақтарда**,** өйткені онда өсімдіктер көп. Ал қалада нені ластайды ауа? Сондықтан балалар, орманда немесе саябақта жиі болуға тырысу керек. Көлік көп жүретін жолдардан да алыс болу керек. - Мұрын арқылы терең тыныс алып, ауыз арқылы түтік арқылы губкаларды шығарып дем шығарыңыз.Тағы да алақаныңызды аузыңызға қойыңыз. Сезінесіз бе? Жылу. Бұл ауа	саяхат жасайықшы. Қиялдап, көз алдымызға елестетейік. Енді көздеріңді ашыңдар. – Қандай ертегілерді көз алдымызға елестеттік? Слайдтан ертегілердің суреттері көрсетіледі. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Жол бойында жортқан, Сыбызғысын тартқан. (Қасқыр) – Қасқыр қандай аң? Қасқыр туралы қандай ертегі білесіңдер? – Балалар, бүгін біз «Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз. Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу (соңындағы қосымшадан қараңыз). **Балаларға көрсету:** Ойын жағдаяты – Балалар, бір сәт көзімізді жұмып, ертегілер әлеміне саяхат жасайықшы. Қиялдап, көз алдымызға елестетейік. Енді көздеріңді ашыңдар. – Қандай ертегілерді көз алдымызға елестеттік? Слайдтан ертегілердің суреттері көрсетіледі. Педагог балаларға жұмбақ жасырады. Жол бойында жортқан, Сыбызғысын тартқан. (Қасқыр) – Қасқыр қандай аң? Қасқыр туралы қандай ертегі білесіңдер? – Балалар, бүгін біз «Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз.	сынайды. Қонақ келсе – құт. Педагог балалармен бірге мақалдың мағынасын талқылайды. – Сендер үйіне қонақ келгенді жақсы көресіңдер ме? – Қонақ күткенді ше? – Кімнің үйіне қонаққа жиі барасыңдар? – Үйге келген қонаққа қандай сый, құрмет көрсетесіңдер? – Келген қонаққа қандай жағдай жасалады? Дұрыс айтасыңдар, қонақты төрге шығарамыз. – Қандай сөздер айтамыз? – Төрлетіңіз, төрге шығыңыз, жоғары шығыңыз, дастарқанға келіңіз, тамақ алыңыз, дәмнен алыңыз, шәй ішіңіз, әңгіме айтыңыз. Осы сияқты қошемет көрсету арқылы біз үйге келген қонақты күтіп аламыз. Сөздік жұмысы: қошемет көрсету – сыйлау, құрметтеу **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сергіту сәті:** Апам үшін күнде мен Отынға ағаш жарамын. Су құямын гүлге де, Дүкенге де барамын. Жылай қалса бөпеміз, Жұбатамын ойнатып. Сыпырамын үй ішін, Жуам аяқ, табақты. Педагог өлең оқиды. Біздің үйде достарым Қосты бүгін бастарын.	достықты қолдайтынымызды білдірейік. Төмендегі өлең жолдарын бірге қайталайды. Достығымыз берік боп, Бекітейік беріп қол. Қуанышты шеңберде, Қандай жақсы қол берген. «Жұлдызды сәт» интеллектуалдық ойыны Интеллектуалдық ойын барысында берілген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беріп жарысу. Екі топқа бөліну. Оң қанаттағылар **«Алғырлар» тобы**, сол қанаттағылар **«Тапқырлар» тобы** болады. Әр дұрыс жауап бір жұлдызбен бағаланады. Ойын бес бөлімнен тұрады: 1. Кім білгір? 2. Ұшқыр ой. Мақалды аяқта. 3. Ойлан, тап. 4. Өнерлі бала өрге жүзер. 5. Көңілді сәт. **Бірінші:** «Кім білгір?» жарысында сұрақтарға жауап беру. **Екінші:** Мақалды аяқта – өткен іс-әрекетіміздегі мақалдарды есімізге түсіріп, жауап беру. **Үшінші:** «Ойлан, тап» ойынында суреттің жалғасын тауып, атын атау. **Төртінші:** «Өнерлі бала өрге жүзер» – суретте берілген ертегіден үзінді көру. **Бесінші:** «Көңілді сәт» – әр топ өздері өнер көрсету.

	тұрғындары мен қонақтары жерасты жолы метромен де қаланы аралай алады. – Сендер қаланың тағы қандай жерлерінде болдыңдар? (Көктебе, стадион, цирк) – Қалада сұлу, биік ғимараттар, зәулім сарайлар, әдемі қонақүйлер, әсем гүлзарлар, демалатын орындар өте көп. – Балалар, сендер тағы қаланың қандай көшелерінде және көрікті жерлерінде болдыңдар? Балалар Алматы қаласында көргендерін әңгімелеп айтады. **Балаларға көрсету әрекеті:** - Сөздік жұмысы: көз тартады – қызықтырады жасыл желек – жап-жасыл ағаш Педагог: – Балалар, біз әңгіме барысында әдемі, әсем, сұлу, көрікті сөздерін қолдандық, бұлар мағынасы бір-біріне жақын синоним сөздер. Балаларға қайталатады. Естерінде сақтауды ескертеді. – Алматы қаласы туралы жазылған өлең көп. Ақын С. Оспановтың «Алматы қаласы» өлеңін тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер. Алматы қаласы Жап-жасыл ағашы, Қып-қызыл алмасы. Ақ басты тауы бар Алматы қаласы. Ақындар ағасы	алақаныңызға тамшылап тіреледі.Демек, біздің ішімізде ауа бар. Біз ауаны жұтамыз және шығарамыз. Егер адам сусыз 5 күн өмір сүре алса, онда біз ауасыз бес минуттан артық өмір сүре алмаймыз. - Балалар, ауа тағы кімге керек? Егер біздің планетамызда ауа болмаса, онда біздің планетамыз жансыз планета болар еді. **Балаларға көрсету әрекеті:** – Балалар, ауасыз өмір сүру мүмкін бе? (Балалардың жауаптары тыңдалады). – Адам, жануар ауасыз тіршілік ете алмайды, өсімдіктер өспейді. – Өсімдіктер де тыныс алады, оны біз сезбейміз. Таза ауа – біздің денсаулығымыздың басты кепілі. Өкінішке орай, көліктердің, зауыт, фабрикалардың ауаға шығаратын түтіндері ауаны ластап, табиғатқа, адамзатқа зиян тигізуде. Лас ауа жануарларға да, өсімдіктерге де қауіпті. Барлық зауыт, фабрикаларға зиянды қалдықтарды жинап, ұстап қалатын, ауаға жібермейтін арнайы қондырғылар орнату қажет. Таза ауаны сақтау – өте маңызды мәселе. **Топпен жұмыс**.	Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу (соңындағы қосымшадан қараңыз). **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Ертегінің жүйесін сурет бойынша айтып бер. Үй жануарларын ата. Үй жануарлары туралы не білесің? Қой қасқырды қалай алдады? Ешкі қасқырдан қалай құтылды? 2. Қойдың, ешкінің, қасқырдың сөздерін әртүрлі екпінде айт. Педагог балаларға қойдың, ешкінің, қасқырдың сөздерін әртүрлі екпінде айтқызып, қайталатады. 3. Ұйқасын тап: Моп-момақан өзі, Сүп-сүйкімді ... . (қозы) Педагог ұйқасын табуға балаларға көмектеседі, жеке жұмыс жүргізеді. **Дидактикалық ойын:** «Жануардың дыбысын сал» Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у. Ешкінің дауысын сал – бе-е-е. Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлге бөлінеді. Қалған балалар көрермен	Әжем келген ауылдан, Әкелген-ді алуан дәм. Дастарқанда тұр жайнап: Жент, бауырсақ, құрт, қаймақ. (Е. Өтетілеуұлы) – Өлең не туралы? – Қонаққа кім келді? – Әже сөзі қай дыбыстан басталады? – Ә дыбысынан келетін сөздерді айт. **«Әже қандай?» ойын-жаттығуы** «Қандай» сұрағына жауап беретін сөздермен әжеге сипаттама бер. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **«Сөз ойла, тез ойла» ойыны** Қарама-қарсы сөздерді тап. Өзіңе ұнаған сөздерді есіңе сақтап, айтып бер. Сыпайы – дөрекі, мейірімді – қатал, жас – кәрі, еңбеккер – жалқау, көңілді – көңілсіз, жылы – салқын, күлімдеу – қабақ шыту, төр – босаға, ауыл – қала, оң жақ – сол жақ, алыс – жақын, таза – кір, үлкен – кіші, қонақ болу – қонақ күту. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Қонақ келетін кезде анаңа қандай көмек көрсетесің? Суретке қарап әңгіме құра. 2. Қонақ келгенде анаң қандай тағам дайындайды? Белгіле. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.	**Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** алғыр – үнемі жарыста алда жүру тапқыр – кез келген нәрсенің тез шешімін табу Екі топ сәлемдесіп алайық. «Алғырлар» тобы: Алғырлар, алға, Батылдыққа баста, Ойыннан қашпа! «Тапқырлар» тобы: Біз тапқыр баламыз, Ойланамыз, табамыз, Жеңіске біз барамыз! 1. Кім білгір? Қазақстанның бас қаласын ата. Біздің Отанымыз қалай аталады? Қазір жылдың қай мезгілі? Неліктен күзді жомарт дейміз? Астықты қай кезде жинайды? Бір аптада неше күн бар? Балабақшада кімдер жұмыс істейді? Қандай ертегілерді білесің? 2. Ұшқыр ой. Мақалды аяқта. Дос болсаң ... . (берік бол) Еңбектің наны ... . (тәтті) Отан көркі ... . (жерімен) Жері байдың ... . (елі бай) **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Келісіп бәрімен, Татулық табамыз. Бәріміз бір болсақ, Бәрін де жеңеміз! 3. Ойлан, тап. Суреттің атын тауып, жалғастырып

	Тұр Абай данасы. Көшесі көрікті Алматы қаласы. (С. Оспанов) **С.Оспанов өлеңін оқып түсіндіру.** **Жап – жасыл ағашы,** (ағаш-таза ауа, көлеңке) **Қып – қызыл алмасы.** (Алма-жеміс дәрумен) **Ақ басты тауы бар,** (Тау демалыс шынығу) **Алматы қаласы.** (Алматы үлкен, көркем, әсем) **Балалармен бірге орындау әрекеті:** – Алматы қаласындағы ағаштар қандай? – Алманың түсі қандай? – Қандай тауы бар? **Сергіту сәті** **«Бағдаршам» ойыны** Педагог балаларға бағдаршамның үш түсін көрсету арқылы қимыл-қозғалыстар жасатады. Қызыл түсті көрсеткенде, балалар тоқтайды. Сары түсті көрсеткенде, қол шапалақтап, билейді. Жасыл жанғанда, әрі-бері жүреді. **Тіл ұстарту жаттығуы** Қа-қа-қа – қала Ға-ға-ға – жаға Ге-ге-ге – шеге Ке-ке-ке – кеме Ла-ла-ла – қандай әсем қала Ла-ла-ла – қандай кең дала Ла-ла-ла – Алматы – үлкен қала Ла-ла-ла – қардан үй қала Ла-ла-ла – жаппа маған жала **Үлестірмелі материалмен**	*1-экспериментке арналған тапсырмалар:* - Балалар, айналаңа қараңдаршы, ауаны көресіңдер ме? - Ал біз ауаны неге көрмейміз? - Дұрыс, ауаның түсі болмайды. Бірақ қазір зұлым Сиқыршыны жеңеміз. Түтік пен су құйылған шыныаяқтардың көмегімен біз ауаны көреміз. *Тәжірибе 1.* Тәрбиеші: Бір стақан суды өзіңізге қарай жылжытыңыз, түтіктің бір ұшын суға батырыңыз да, екінші ұшын үрлеңіз *(Көрсетеді)* - Сіз не көрдіңіз? - Шыныаяққа қаттырақ үрлеп, көпіршіктерді бақылаңыз, енді әлсіреп, қайтадан қараңыз. - Екі жағдайда да көпіршіктердің саны бірдей болды ма? Неліктен? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Балаларға мұрнымен ауаны ішке тарту ұсынылады. – Балалар, мұрын арқылы ауа біздің өкпемізге өтеді. Тынысты шығарғанда пайдаланылған ауа қайтадан ауыз немесе мұрын арқылы сыртқа шығады. Ойын: «Ауа зертханасы». Ойынға Сергіту сәті: «Шар үрлеу» (QR-код арқылы	болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге бастарын иеді. Көрермендер қол шапалақтайды. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Бүгін қандай ертегі қойылымын тамашаладық? Балаларды мадақтау. **Ақымақ қасқыр (қазақ халық ертегісі)** Өрісте жайылып жүрген көп қойдың ішінен бір арық саулық қой жалғыз бөлініп қала беріпті. Қалың шидің арасынан бір қасқыр шыға келіп: – Е, жерік асым, қайдан жүрсің? Іздегенде мұндай кездестіре алмас едім, бұйырған дәмге сөз жоқ! Енді сені жеймін,– дейді. Қой: – Жейтін болсаң, ажалым жеткен екен. Бірақ өзің де мал танығыш едің ғой. Қарны қампиған, бұты тыртиған, аузында бір тісі, іліп алар еті жоқ, тұла бойы шандыр мені қайтесің? Мені босат, қоралы қойға қайтайын, қозымды саған әкеліп тартайын. Жылы-жұмсақты сен жемегенде кім жейді? – дейді. «Жылы-жұмсақ» деген сөз қасқырды қызықтырады. Қойды босатып қоя береді. Қасқыр жұтынып, қойдың бағланын күтеді. Қой да	– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. – Балалар, қазір біз ойын бұрышына барып, «Отбасы» орталығында қонақ күту мазмұнды рөлдік ойынын ойнаймыз.	сал, боя. 4. Өнерлі бала өрге жүзер. Педагогтің жетелеуімен орындайды. «Алғырлар» тобы: «Мақтақыз бен мысық» ертегісінен үзінді сахналау. «Тапқырлар» тобы: «Арыстан мен тышқан» ертегісінен үзінді сахналау. 5. Көңілді сәт. Әр топ өз өнерін көрсетеді. Үлестірмелі материалмен жұмыс 1. Сөйлемдердің жалғасын анықта. 2. Суретті ата. Жалғастырып салып, боя. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Жұлдыздарымызды санайық. Жарайсыңдар! Балаларды мадақтау.

	жұмыс **Ойын: Кім жылдам?** **Ойын шарты:** Сөзден сөйлем құрау. Мен бастаймын сендер жалғастырасыңдар. **1.Қаламыз……** **гүлдене берсін.** **2.Еліміз……аман болсын.** **3.Күніміз…жақсы өтсін.** **4.Еніміз……сау болсын.** **5.Күніміз…ашық болсын.** **6.Тыныштық……** **заман болсын.** **7.Ауамыз……** **таза болсын** **8.Суымыз…….** **мөлдір босын.** **9.Аман……** **сау болайық.** **10.Досымыз……** **көп болсын.** **11.Қаламыз ……** **көркейе берсін.** • Алматы қаласының аты қай жеміске байланысты қойылған? Белгіле. Ол жеміс туралы не білесің? Сипатта. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. **Балалар шығармашылығынан...**	қосымшаны жүктеу). «Шар әуеге ішіне ауа толтырылғандықтан ұшады». Үлестірмелі материалдармен жұмыс: 1. Көрсетілген тәжірибелерді Қырағымен бірге орында және қорытынды жаса. 2. Мына заттардың қайсысында үрленген ауа бар? Қорша. Педагог жеке жұмыс жүргізеді, қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. **Қорытынды:** Біз ауаны көп шығарғанда көпіршіктер көп, ал азырақ көпіршіктер аз болады. Контейнер мен түтіктің көмегімен ауаны көрдік. - Ал суда да ауа бар. Бұл еріген оттегі. - Өйткені, балықтар да суда ауамен тыныс алады. Балықтардың тыныс алуы желбезектердің көмегімен жүзеге асады: еріген оттегі бар су тұқымдас арқылы желбезектерге өтеді, онда оттегі сіңеді. Тағы бір тәжірибе жасайық. Газдалған суы бар ыдысты алып, пластилин кесектерін түсірейік. Сіз не байқадыңыз? Ауа көпіршіктері пластилинге жабысып, оны жеңілдетіп жіберді, ол қалқып шықты. **Қорытынды: ауа судан**	жоқ, бағлан да жоқ. Қасқыр түңіледі. «Қой баласы момын ғой, алдауды білмеуші еді. Сірә, оны ешкі антұрған азғырған шығар. Барып көрейін», – деп жорта жөнеледі. Бір белеске шығып, төңірекке қараса, алдында қызылшаны күрт-күрт шайнап бір ешкі жүр екен. Көп қой да, қойшы да алыста. «Іздегенім сен едің!» – деп қасқыр ешкіні бассалады. Ешкі оны алдауға тырысады: – Атаң да, анаң да жақсы еді. Қой тұрғанда олар ешкіні жемеуші еді. Мен қарапайым ешкі емеспін. Тойда билеп, торқа киген ешкімін, – деп судыратады. – Ешкі билейді дегенді естіген емеспін. Ондай өнерің болса, көрсет, – дейді қасқыр. – Ендеше, көз аудармай, аяғыма қара да тұр. Мен бір билеп берейін, – дейді де, ешкі олай-бұлай секіре-секіре, жалт беріп, көп қойдың арасына кіріп кетеді. Сол арада қойшы да келіп, ешкі аман құтылады.		

	   	жеңіл. 3-тәжірибе **Ауаны қалай ұстауға болады?** -Үстелден целлофан пакеттерді алып, ауаны ұстауға тырысыңыз. Пакеттерді бұраңыз Пакеттерге не болды? Оларда не бар? Ол қандай? Сіз оны көріп тұрсыз ба? Қайырмасы! Тексеріп көрейік. Өткір таяқшаны алып, дорбаны ақырын тесейік. Оны бетіңізге жақындатып, қолыңызбен басыңыз. Сіз не сезінесіз? Қорытынды: Ауаны көру мүмкін емес, бірақ сезуге болады. ***Дидактикалық ойын: "Ғажайып дорба".*** - Әрқайсыңызға хош иістерді жабық көзбен сезінуді ұсынамын *(апельсин, сарымсақ).* - Оның иісі қандай? - Ал енді оның иісі қандай? Ауаның өзі ештеңенің иісін сезбейді, бірақ иістерді оңай тасымалдай алады деген қорытынды жасауға болады. Ауа қозғалады және оларды біздің мұрнымызға жеткізеді. Ас үйден шыққан иіс арқылы біз онда қандай тағам дайындалғанын болжаймыз. **Және соңғы сынақ:** - Балалар, тақтада түтіндеген қала мен жасыл			

		қала бейнеленген екі сурет. - Түтіндеген қалада не көріп тұрсың? - Дұрыс! Ауамызды ластайтын зауыттар, көліктер, қоқыстар көп. Ауаны осылай ластауға бола ма? - Ал жасыл қалада не көріп тұрсың? - Дұрыс! Ол таза, ағаштар, өсімдіктер мен гүлдер көп. - Ендеше таза ауамызды қалай сақтауымыз керек? - Дұрыс, көп ағаш отырғыз, артыңнан қоқыс таста. Сіз қай қалада тұрғыңыз келеді және неге? - Дұрыс! Біз бәріміз ауасы таза жасыл қалада тұрғымыз келеді. Біз өзіміздің таза ауамызды қорғауымыз керек. Мынадай мақал бар: ***« Дәрі ішкеннен гөрі таза ауамен тыныстаған жақсы".*** Таза ауа адам денсаулығына пайдалы. - Жарайсыңдар балалар!			
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. **10:00-10:10** **Ас қабылдау мақсаты:** Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас	**Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
	«Адал азамат» біртұтас тәрбие				
	- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды. **- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.** **- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.** **- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.**				

табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер. Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне мүмкіндік беру. 2) Еңбекке баулу үшін мектеп ауласында баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру. Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату.	өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр) Еңбек Ойын алаңын тазалау Мақсаты: —Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету; —Ұжыммен жұмыс істеуге баулу. **Қ/О:** **«Ормандағы соқпақтар».** Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру. Жеке жұмыс: Жалпы дамыту жаттығулары. Мақсаты:жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру. **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** **Халық болжамы:** Қараша айында күн жылы болса,қыста аяз болмайды деген нышанын білдіреді. **Мемлекеттік тілді меңгерту** **Халық болжамы:** -Түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды -Ағашты қырау басса аяз болады.	**әңгіме өткізеді.** ♦ Торғай қандай болып көрінеді? (Бұл кішкентай пысық құс.) ♦ Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар) ♦ Ал қанаты мен құйрығы қандай? (құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген) ♦ Ал басының түсі қандай? (Сұр) ♦ Торғайлар қайда өмір сүреді? (қалада және ауылда.) ♦ Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? (адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.) ♦ Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? (подъездің немесе балконның күнқағарларына.) ♦ Қане, жақсылап қарайықшы біздің мектеп ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек) Күзде торғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды) **Адал азамат біртұтас**	♦ Олар қайда тіршілік етеді? ♦ Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді? ♦ Оларды кім қоректендіреді? ♦ Көгершіндер қайда мекендейді? ♦ Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады. Зерттеу қызметі Кептер мен торғайды салыстыру Еңбек: Балабақша аумағына жем салғыш ілу *Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.* Қимылды ойын: «Ұшады, с екіреді, жүзеді». *Мақсаты:* —- балаларды жүкіруге үйрету; — зверей.құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау Жаттығу ойындары: «Қаданы (кегли) құлат». *Мақсаты:* — Допты нысанаға лақтыру; — Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту. **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** Халық болжамы: *құс жүнін үрпитсе, жауын болады; *жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады; *құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.	қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар) ♦ Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты) ♦ Біз жақта қандай құстар қыстап қалады? (қарға, торғай, кептер) ♦ Қыста торғайлар немен қоректенеді? (дәндермен, тамақтың ұсақ қалдықтарымен) ♦ Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (оларға тамақ жетіспейді, ал олар тоқ болса жылы жүреді) ♦ Қазір бақылап торғайлардың не істеп жүргеніне көңіл бөлейік және көргенімізді әңгімелеп берейік. ♦ Торғайлар неге адамға жақын жүреді? (адамдар оларға тамақ береді, яғни ұсақтарды тастайды) **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** **Еңбек** Ағаш жапырақтары мен бұтақтарды жинау Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру Қ/О: «Бір, екі, үш-жүкір!» Мақсаты: тез жүкіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу. Жаттығу ойындары «Шығыршыққа түсір». Мақсаты: — Белгі бойынша әрекет ету дағдысын жаттықтыру; — Затты көздеген нысанаға түсіруге	♦ Барлық ағаштардың жапырақтарының түсі өзгерді ме? ♦ Ағаштар мен бұталардың түстері жазда қандай еді? ♦ Күздің келуімен олар қалай өзгерді? ♦ Қайың жапырақтарының түсі қандай? (алтын-сары) шетеннің ше? (қызыл) ♦ Бәрінен бұрын қай ағаштың жапырағы түсін өзгертеді? (қайың) ♦ Жапырақтардың түсуі кезінде қай ағаштың жапырағы ұзақ уақыт сақталады? (қайында) Тәрбиеші балаларға ағаш жапырақтарының жерге түсуін бақылауды ұсынады, сұрақтар қояды, өлеңді қайталайды ♦Жапырақтардың түсуінің қандай маңызы бар? (қысқы суыққа бейімделеді, аязда ағаштардың ауыр салмақтан сынуынан сақтайды, жапырақтармен бірге ағаш бойындағы керексіз заттар сыртқа шығады) ♦Барлық жапырақтар бірдей түсе ме? (жоқ) Түскен жапырақтармен бірге ағаштар да өле ме? (жоқ) **Біртұтас тәрбие Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** **Зерттеу жұмысы :** Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру. **Еңбек** Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу *Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.*

		тәрбие бойынша **Еңбек** Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру. **Міндеті:** — Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету; — Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қ/О: «Құстардың ұшуы». **Міндеті:** белгі бойынша қимыл жасауға үйрету. **Жаттығу ойындары:** «Жалауды құлатпа» **Мақсаты:** заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру		жаттықтыру. **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** **Мақал-мәтел** Аяламасаң ағаш та аспандап өспес. Орман ел дәулеті, жер сәулеті.	Қ/О: «Түлкі мен қояндар». *Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу* **Жаттығу ойындары:** Қозғалысты дамыту. *Мақсаты:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.*
Серуеннен оралу 11:40-11:45	**Еңбегі адал жас өрен:** «Мен ұқыпты баламын» **Мақсаты:** Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесуге баулу.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	**Қоршаған әлеммен таныстыру – коммуникативтік әрекет** **Жеке жұмыс:** Базарбеков Аңсар Ауаның қасиеттерімен таныстыру, тәжірибе арқылы ауаның біздің айналамызды қоршап тұрғанына көздерін жеткізу. **Міндет:** Сөйлеу, ойлау, зейінін аудара білу қабілеттерін жетілдіру.	**Сөлеуді дамыту-** коммуникативтік, танымдық әрекет **Жеке жұмыс:** Дүйсенбеков Айдос «Бұл қай қала?» сурет бойынша әңгіме құрастырту. **Міндеті:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	**Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **Жеке жұмыс:** Тлешқызы Сафия **Мақсаты:** Геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру.	**Көркем әдебиет-**қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет **Жеке жұмыс:** Кургумбаев Ибрагим **Міндеті:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	**Сауат ашу негіздері-** коммуникативтік, танымдық әрекет **Жұптық жұмыс:** Мұрат Заңғар **Мақсаты:** Дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.) **Негізгі мақсаты:** Балалардың қызығушылықтарын	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Дидактикалық ойын: «Ауа зертханасы» ойыны.** **Міндет:** Балалар ауаның қасиеттерін, тәжірибе жүргізу арқылы ауаның бар екенін, тірі табиғатқа ауаның қажет екенін және қоршаған ортаны қалай таза ұстау керек екенін, туған жерінің	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?** **Міндеті:** тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету. **Дағды**: Баланың ой-өрісін дамытып, сөздік қорын молайту.	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Танымдық-қимылды ойын: Дидактикалық ойын: «Пішінді табыңдар»** **Міндет:** Санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық фигуралардың пішіні бар заттарды табуға үйрету. **Дағды:** Логикалық	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Дербес ойын: «Көліктерді гаражға кіргізу» дидактикалық ойыны.** (баланың ойлау қабілетін дамыту) **Міндеттері:** Санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық фигуралардың пішіні бар	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Дидактикалық ойын: «Сөзді буынға бөл»** **Міндеті:** сөздік қорларын дамыту. **Дағды**: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру. **Ойын шарты**: Педагог қандай да бір сөзді

мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы дамыту (оның ішінде өңірлік ерекшелікті ескерумен). Балалардың ойы мен идеяларын ескеру арқылы олардың қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру.	табиғатына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. **Дағды:** туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншіліктерін арттыру. **Ойынның шарты:** Әрқайсыңызға хош иістерді жабық көзбен сезінуді ұсынамын *(апельсин, сарымсақ).* - Оның иісі қандай? - Ал енді оның иісі қандай? Ауаның өзі ештеңенің иісін сезбейді, бірақ иістерді оңай тасымалдай алады деген қорытынды жасауға болады. Ауа қозғалады және оларды біздің мұрнымызға жеткізеді. Ас үйден шыққан иіс арқылы біз онда қандай тағам дайындалғанын болжаймыз.	құстарды басқа жан-жануарлардан ажырата білу дағдыларын дамыту. **Ойын шарты:** Сөзден сөйлем құрау. Мен бастаймын сендер жалғастырасыңдар.	байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту. **Ережесі:** Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында «Сиқырлы» дорбаның болуы орынды. Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» - деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Бала пішіндерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара салыстырады. Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады. Заттардың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды.	заттарды табуға үйрету. **Дағды:** ойларын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру; еңбектенуге дағдыландыру. **Ойын шарты:** Геометриялық фигуралар таратылады.Ойын ережелері түсіндіріледі. Өзің «мәшинемін» деп елестетіп, ал геометриялық пішіндер – «мәшинелердің нөмірлері», «гараждар» – белгілер – геометриялық фигуралар бейнеленген орындықтар. Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді». «Мәшинедегі» геометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс. Орындықтардың орындары ауыстырылады.	айтады, балалар қолдарын шапалақтап, сөзді буынға бөледі. Осы сөзде неше буын бар екенін айтады. Кітап, қалам, дәптер, қарындаш, өшіргіш, бес, мектеп.
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 11.45 – 11.55					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 11:45-11:55	**Өнегелі-15 минут: Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыту, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы мектеп жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.** **Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Жеке кеңестер, пікір алмасу.**				
	Ата-анаға кеңес: **«Егер сау болғың келсе» (Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!»)** **Ата-анаға кеңес баламен жұмыс.** Балалардың жеке ерекшеліктері туралы «Балаңызды тыңдауды	**Ата-анаға кеңес** **Сұхбаттасу.** «Егер сау болғың келсе» («Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!») -Таңертеңгілік жаттығу не үшін қажет? -Танертең тұрғанда не істейміз?	**Ата-анаға кеңес** **Әңгімелесу: («Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!»)** тақырыбында кеңес беру. Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды	**Ата-анаға кеңес** **Қыста баланың қауіпсіздігі: маңызды мінез-құлық ережелері** Қыста қауіпсіздіктің негізгі ережелері: балаңызбен серуендеңіз — немесе егер ол жеткілікті жаста болса, оны тәуелсіз	**Ата –аналарға кеңес** **Қауіпсіздік кеңес:** **Күзгі каникул кезіндегі оқушылардың өзін ұстау және қауіпсіздік ережесі** **Каникулға арналған нұсқаулық** **ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық**

	үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» **Назар аударыңыз!** Үйде нәресте болған кезде терезелер мен жылтыратылмаған балкондар жабылуы керек.Терезелер тізбектермен немесе арнайы қауіпсіздік құрылғыларымен жабдықталуы керек, соның арқасында бала терезені өз бетінше аша алмайды. От шыны ма саты открутить қалам және оны жасыру. Бұл өте қарапайым-екі болтты бұрап алыңыз. Қажет болса, терезені ашып, бөлмені желдету үшін тұтқаны кез келген уақытта орнына қоюға болады. **Есіңе сақтап ал!** *Әке-шешең үйде болмаса ,ешкімге есік ашпа,. *Егер әке-шешең саған сеніп үйдің кілтін берсе ,сен оны есік алдындағы төсеніштің астына немесе пошта жәшігіне тастама.	-Омыртқаның қисаюы деген не? -Омыртқа қисаймау үшін не істеу керек? -Жалпақтабан деген не? -Омыртқа қисаюынан және жалпантабандылық-тан қандай жаттығу көмектеседі? -Таңертең тұрған кезде не істейміз? Адам табиғаттың бір бөлігі, сондықтан да өз өмірінде белгілі бір тәртіп сақтап, арнайы бір өмір салтына бейімделуі керек. Адамның бұл тәртібі күн тәртібі деп аталады. - Күн тәртібін сақтайтын балалар ақылды, сымбатты, дені сау болып өседі. Ұйқыға уақытында жатып, ерте ояну керек. Тазалық ережелерін сақтау керек. Уақытында тамақтану қажет. Денсаулықты сақтау үшін күн тәртібін орындау қажет.	ұмытпа. Мынау – балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басыңды сыртқп шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды. Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, ток қосқышқа жанасуға болмайды. Мынау – үтік. Оның шнурынан тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады. Плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар – ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап не шүберек керек. Мынау – дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе! Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің? Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің?	серуендеуге жіберіңіз — тек күндізгі уақытта; ұлыңызға немесе қызыңызға тек ашық және жарық көшелерде серуендеуге болатындығын, қаңырап бос жатқан жерлерде ойнау қауіпті болатынын айтыңыз; балаңызға қар мен мұздақтардың лас екенін, егер сіз оларды жесеңіз, ауырып қалуыңыз мүмкін екенін түсіндіріңіз; Жаңа жылды және басқа да қысқы мерекелерді тойлау кезінде пиротехниканы қолданбаңыз және балаларға отшашулар мен отшашулар өрттің жиі себебі болатындығын түсіндіріңіз; егер бала жалғыз жүрсе, оған байланыс құралын сатып алыңыз: телефон немесе балаларға арналған GPS сағаты.	**орталығының сарапшылары балалардың қысқы кездегі қауіпсіздік ережелері туралы:** Баланы қалың киіндірмеңіз! Жеңіл де киіндірмеңіз! Киімнің қимылдауға кедергі келтірмеуі, ыңғайлы, жеңіл және жылы болуы тиіс. Қысқы аяқ киім ыңғайлы болуы, оның табаны таймауы қажет, сол кезде бала қар мен мұздың үстінде аз сырғанайтын болады. Бала қолғаптарын жоғалтпауы үшін оларға резеңке тағып қойыңыз. Барлық мүмкін болатын қауіпті жағдайлардың алдын алыңыз. Шаңғыны саябақтарда, қаланың сыртында, қаланың автокөлік жүрмейтін жерлерінде тебу керек. Конькимен арнайы жабдықталған орындарда сырғанау керек. Қыста әсіресе жолды абайлап өткен дұрыс – тайғақ жолда машина тез тоқтай алмауы мүмкін. Аязды күндері балалармен бірге серуендеуді азайтыңыз немесе мүлдем тоқтатыңыз, өйткені үсіп қалу қаупі жоғары болады.

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: Тулекбаева М.Б.

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «№25 ЖОББМ»КММ
Сынып/Топ: мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы: 5-6 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 17.11.- 21.11.2025-2026 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)
ҚАРАША- Құндылық:Әділдік және жауапкершілік айы.**3-апта дәйексөзі:**«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 17.11.25	Сейсенбі 18.11.25	Сәрсенбі 19.11.25	Бейсенбі 120.11.25	Жұма 21.11.25
08:30-08:45 **Балаларды қабылдау**	**1. ✋ «Қолмен амандасу бұрышы»** **Мақсаты:** Баланы жылы қарсы алу, таңғы ритуал қалыптастыру. Есіктің қасына «амандасу постері» ілінеді, онда додекаэдр амандасу түрлі амандасу түрі болады: **Бала өзі қалаған амандасу түрін таңдап, тәрбиешімен немесе досымен амандасады.** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының аясында** «Өнегелі 15 минут» жобасы аясында «Күй күмбірі» атты рухани-тәрбиелік құндылық Қазақтың күй өнері інжу-маржандарының бірі — «Балбырауын» күйі. Домбыраның әр пернесі — өткеннің үні, елдің жүрегі, тарих пен рух бірге тоғысады. Күй күмбірі — рухтың үні.«Балбырауын» — Құрманғазының асыл мұраларының бірі. **«Балбырауын» күйінің шығу тарихын білесіз бе?** Бірде Құрманғазы жолшыбайлап бір ауылға келіп түседі. Жалғыз өзі жүр. Ертіп алған нөкерлері жоқ. Бөтен келген адамды көрсе де ешкім үйіне шақырмайды. Бір кезде ауыл шетінде тұрған жұпыны үйге көзі түседі. Есік алдында ақсақал отыр екен. Жанына барып: – Ассалаумағалейкүм ақсақал. Мал-жан аман ба? – Уағәлейкімәссәлім. Аманбыз. Қай баласың? – Бұл ауылдан емеспін. Жолшыбай жүрген жанбыз. – Жөн-жөн. Үйге кір, құдайы қонақсың ғой.				

	Құрманғазы үйге кірді. Төрде домбыра ілулі тұр. Сұраса үй иесі азын-аулақ домбыра тартатын өнері бар екен. Рұқсат сұрап, домбыраны қолына ала күйді тарта жөнелді. Бірінен соң бірі өрт лаулаған күйлер кетіп жатыр. Ен далада қашқан Ақсақ киік, түрмеден қашып келе жатып, бір Қызыл қайыңның бауырынан пана тапқан күйлер, бір кезде Қайран шешем, Аман бол шешем, аман бол деп домбыра боздай жөнелді. Бір қараса бағана ғана бос тұрған үйге біршама адам жиналып қалыпты. Кедей ауылдасы қысылмасын деп көрші-қолаң өзімен бірге анау-мынауын әкеліп жатыр. Ақсақал да көңілі көтеріңкі. Осы кезде Құрманғазы жаңа бір күйге басады. Бұрын естілмеген әуен. Көңілді ырғақ. – Ееее шырағым, күйбің тіршіліктің сәнін келтірдің. Рақмет. Өзіңді алғаш көрсек те, бағана тартқан күйлерің құлағымызда бар. Қызылқұрт елінде Құрманғазы күйші бар деп естуші едік. Сол елге барып келген өнерпаздар осы күйлеріңді көп тартып жүр. Енді өзіңді көргенімізге қуаныштымыз. Мына соңғы күйің ерекше екен. Бұрын тыңдамап едік, – деді ауыл үлкені. – Иә, ақсақал, Құрманғазы болсақ болармыз, – деп сөз жалғады күйші. – Ал мына күй расымен де көп тартылмай жүрген еді. Өздеріңізді көріп, қонақжайлықтарыңызға риза болдым. Осы күй сіздерге арнауым болсын. Күй атын өздеріңіз қойыңыздар, – деді Құрманғазы. – Рақмет. Күйің жарқырап, балбырап тұр. Егер қаласаң – «Балбырауын» болсын, – деді ақсақал. Құрманғазы ақырын ғана басын изеп, күйдің сағасын жалғастыра жөнелді. Әсерлі күймен балалар бір-бірімен сәлемдеседі.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында** **«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 10 минут жеке әңгімелесуі. «Қауіпсіздік сабағы»** **Тақырыбы:** «Төтенше қызмет нөмірлері» **Форматы:** Қарапайым сұрақ-жауап және қысқаша практикалық жұмыс **Мақсаты:** тәрбиеленушілерге төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауды және қажет болған жағдайда дұрыс пайдалануды үйрету. **Міндеттері:** 1. Балаларды «төтенше қызметтер» ұғымымен және төтенше қызметтердің телефон нөмірлерімен таныстыру. 2. Қандай жағдайларда төтенше қызметтерге қоңырау шалу керектігін түсіндіру. 3. Балаларды төтенше қызмет операторына ақпаратты дұрыс және анық жеткізуді үйрету. **Мазмұны:** **1.** Өрт сөндірушілер, полицейлер және медицина қызметкерлері кім екені және олардың адамдарға қалай көмектесетіні туралы қысқаша талқылау. Қайда және қалай қоңырау шалу керек екенін үйрену: - бейнеролик тамашалау; - қажетті телефон нөмірін теру; - анық және сабырлы (байсалды) сөйлеу. - өзін таныстырып (аты-жөнін, қайдан екенін айту) не болғанын айту. **Сюжеттік-рольдік ойын:** Балаларды жұптарға бөлу. Бір бала қоңырау шалушының ролін, екіншісі – төтенше қызмет операторының ролін ойнайды. Әртүрлі жағдайлар көрсетілген (өрт, адам құлап кетуі, көшеде біреу айқайлап жүр және т.б.) карточкаларды тарату. Қоңырау шалуға жаттықтыру. Ол үшін бала қажетті телефон нөмірін теріп, операторға ақпарат беруі керек.

	Төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау: Ойын түрінде төтенше қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау. Телефон нөмірлерін есте сақтау үшін ән немесе тақпақ (рифма) ойластыру. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы. Балаларға үйде қайталау үшін төтенше қызметтердің телефон нөмірлері жазылған карточкалар немесе жапсырмалар тарату. **Пайдалы сілтемелер:** **https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij** **https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp** **https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtm**
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында **Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** **Тәрбиеленушілердің құқықтық тәрбиесінің негізгі тәсілдері:** **үстел үсті және дидактикалық ойындар — балаларда құқықтық түсініктерді қалыптастырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі.** **«Қауіпсіздікті қамтамасыз ету» бағыты бойынша: «Қалай өз – өзіңді қауіпсіз қорғауға болады?»** **«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.** **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – аңшылар, бес тас және т.б.**	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сыныпта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Сыныпта балалармен қауіпсіз,жайлы,дамытушы білім беру орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (құрастыру және робототехника). Шығармашылық: орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Кітап бұрышы:ертегі кітаптарды қарау,боямақ,пазылы ойындары. Табиғат және ғылым:бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Театрландырылған ойындармен жеке жұмыс

Құндылықты қалыптастыру **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Үнемді тұтыну»** **Мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту.** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Тамшылар» **Түсіндірме жазба:** **Аннотация:** Ойын барысында балалардың зейіні, логикасы, арифметикалық қабілеттері мен ұсақ моторика да дамиды. **Ынтымақтастық—** балалардың топтық,жұптық	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **Ою: құндылықты қорғайық** **Үстел үсті еркін ойын жаттығу: «**Қателесіп қалма»(Модель ұлттық құндылықтар) **Түсіндірме жазба:** **Дивергентті ойлау әдістері** арқылы жұмыс жасау. Ойын барысында балалардың шығармашылық,есте сақтау және жылдам ойлау қабілеттерін дамыту,саусақ қимыл	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Үнемді тұтыну»** **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** **«Қоғамдық мүлікті қорға»** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** **Сәйкестендіру ойыны:** «Менің көзқарасымдағы – менің сыныбым және партам» **Түсіндірме жазба:** «Менің көзқарасымдағы – менің сыныбым және партам» дидактикалық ойыны 5-6	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл»** **«Денсаулық-зор байлық»** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Хоккейші» **Түсіндірме жазба:** «Хоккейші» бұл ойын 5-6 жастағы балаларға арналған. Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейтіп, қысқы ойындар мазмұнын меңгерту, спорт туралы білімдерін кеңейту, қызығушылықтарын	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Еңбегі адал жас өрен»** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** **«SMART BALA»** жобасы арқылы LEGO құрастыру ойыны «Кімнің командасы тезірек құрастырады» **Түсіндірме жазба:** «Кімнің командасы тезірек құрастырады» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Бұл

	жұмыс барысында **Азаматтық жауапкершілік**— табиғатқа деген сүйіспеншілік,оның кереметтілігін сезіну тапсырмалар барысында. Қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды. **Міндеттері:** 1-ден 10-ға дейін санау, не бейнеленгенін, түсін, неше бірліктен тұратынын, саусақпен санап көрсету, балалардың ой-өрісін кеңейту; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. **Дағды:** 1-ден 10-ға дейін санды танып,дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Ең біріншіден, сумен шынығу, ол – денсаулыққа пайдалы. Үнемі жуынып, таза жүргенде адам өзін жақсы сезінеді. Сумен ойнау барысында балалар өздеріне көптеген пайдалы кеңестер алады. Бірақ, бала сумен ойнаған жағдайда, олардың жанында міндетті түрде ересектер болуы керек. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалар бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. **Кіріктірілген:** Сөйлеуді	қозғалыстарының ептілігін қалыптастыра дамыту. Логикалық ойлау қабілетін , өзін-өзі бақылауды, бағалауды үйрету. Балаларға дене жаттығуын ғана емес, ми жаттығуын да жасатып тұрған абзал. Бұл жаттығулардың көмегімен баланың миы тынығып, ойы дамиды әрі жұмыс істеуі жақсарады. Ми жаттығуларының түрлі атаулары бар. Олар ми гимнастикасы, нейрогимнастика, нейрожаттығу және кинезилогиялық жаттығулар деп аталады. Ми жаттығулары тек қана миға емес, басқа да органдарға оң әсер етеді. Негізі кинезиология ғалымдарының айтуынша, жаттығуды күнде жасаған дұрыс. **Міндеттері:** - баланың жүрегіне ұлттық сана - сезімді ұялату, танымдық қабілетін және ұлттық өнер жайлы білімін кеңейту; - есте сақтау қабілетін, елесін дамыту. Балаларды шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Дағды:** Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, ән айту дағдыларын қалыптастыру. **Құндылықтарға баулу:** Мидың оң жақ және сол жақ жарты шарларының	жастағы балаларға арналған және балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.Балаларға қоғамдық мүліктің маңыздылығын, оны ұқыпты сақтау мен құрметтеудің қажеттілігін түсіндіру мақсатында ұйымдастырылды. Балалар қызығушылықпен қатысып, өз ойларын ортаға салып, түрлі жағдаяттарды талқылады.Балалардың азаматтық жауапкершілігін арттырып, қоршаған ортаға деген жанашырлық сезімін оятты. Тәрбиелік мәні зор бұл шара балалардың сана-сезіміне оң әсерін тигізді! **Міндет:** Сынып ұжымын біріктіру. Қолайлы психологиялық климат орнату, тұлға аралық қатынастағы кедергілерді жою, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру. Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. **Дағды:** Балаларды	арттыру. Бала денесін ойын арқылы қозғалысқа келтіріп, таза ауада шынықтыру. Іс-әрекетке деген қызығушылығын ойын арқылы қалыптастыру. **Міндет:** - балалардың дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру; - балаларды доп қолданылатын спорт түрлерімен таныстыру; - балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін және жалпы ой-өрісін дамыту. -табиғат көрінісін сипаттап, қызықтарын әңгімелету арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Дағды:** -математикалық реттік санауға,тура және кері санауға дағдыландыру; - балалардың дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру; - балаларды образға сүйене отырып, жалпы дамытушылық жаттығуларды өз бетінше орындауға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Балаларды ептілікке, шапшандыққа, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** топпен жұмыс жасату кезінде жауапкершілікке,	ойынның көмегімен конструктордың бөлшектерін жанасу арқылы болжау бойынша сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. **Міндеттері:** -балалардың командада құруды үйрету, бір-біріне көмектесу. Қызығушылықты, зейінді, жылдамдықты, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға ықпал ету. - олардың құрылымы, мақсаты туралы түсініктерін кеңейту; көпірді жобалауға машықтандыру, жобалау дағдыларын жетілдіру; сызбалар арқылы бөлшектерді таңдауды үйрену; -талдау негізінде конструктивті шешімдер табуына және өз ғимаратыңызды құруды жоспарлай білу қиялын дамыту. Кейбір бөлшектерді басқалармен ауыстыру құрастырудың әдіс-тәсілдерін меңгерту,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру,мүмкіндігін күшейту. **Дағды:** Жасалып жатқан ғимараттар мен балалардың айналасындағы өмірде көретін нәрселері арасында

	дамыту,шығармашылық дағдылар. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Ойынға барлық парталас балалар қатысуға болады.Тамшы санын санмен сәйкестендіру.Балалар суретті тамшыны алып,санап,қанша тамшы шықса соған байланысты сандармен сәйкестік тауып қояды. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды.Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді. Бүтіндеп қойған бала затты жоғары көтеріліп, қол шапалақталады. **Балалардың дербес әрекеттері** **Ықтимал күрделендіру:** Сандарға байланысты тура және кері санап,санның құрамын айтып беруге ынталандыру. **Ойынның нұсқаулары**: Бала аталған санды сурет арқылы, саусақпен санау арқылы көрсетіп, санның неше бірліктен тұратынын айтады және қойылған текшені дұрыс қоя білу. **Бой сергіту сәтінде пайдаланатын математикалық тақпақ:** Дүкеннен мен сабын алдым, Оның және қабын алдым, Екі дәптер, бір қарындаш,	үйлесімді жұмыс істеуін жақсартады.Ұсақ қол моторикасын дамытады. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың зейінін, ой-өрісін дамыту, сөздік қорын молайту, дидактикалық ойындар арқылы балалардың ақыл ой белсенділігін тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. Сандарды білу, заттарды санау, салыстыру, ажырату. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Асық иіру,алақан бас әдісі арқыл ойын жүргізу.Жол сызықтармен жүре отырып негізгі мақсатты орындау. **Ықтимал күрделендіру:** тез ойлау. **Ойынның нұсқаулары:** Саусақ арқылы немесе қалам арқылы жол ортасындағы сықықпен басып жүру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Кім қалай жүреді?»** Мақсаты: Балаларды үш ырғақты суретті айыруға үйретуді жалғастыру. Г. Левкодимова бойынша. Бізге аю келіпті. Топ-топ, топ-топ. Ол әндетіп, билейді, Топ-топ, топ-топ. Түлкі ханым да келіпті,	адамгершілікке, қарапайымдылыққа, әдептілікке, сыпайылыққа баулу, көпшілік орындарда өзін-өзі ұстай білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** -өзара сыйластық қарым-қатынастарының адам өміріндегі мәнін түсіндіру; -жағымды қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту; -жақсылыққа, имандылыққа,адамгершілікке, шыншылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды дағдыландыру; жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін жетілдіру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Бала үні тәрбиешінің көмегімен өз ойын жеткізу:** Менің сыныбым қандай? Біздің сыныпта 30 оқушы оқиды. Ең сүйкімді қыздар мен ең мықты ұлдарды осы сыныптан таба аласыздар. Барлық балалар өте мейірімді және ұйымшыл. Олар бір-бірін ренжітпей, тату-тәтті өмір сүруге	серіктестікке, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу. -шабуылдау элементтері бар ойындар -жүру, өту, бағыттау, қабылдау, қағып алу - оқшаулау, допты қағып әкету -ынтымақтастық, бәсекелестік -тактика, стратегия **Әдістемелік нұсқаулар**: 1. Хоккей спорттық ойын элементтерін дұрыс орындау техникасын үйрете отырып, балалардың қозғалыс тәжірибесін жаңа қозғалыс әрекеттерімен байыту. 2. Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту. 3.Денсаулықты нығайтып, денені ашық ауада жаттығулар арқылы шыңдау. 4. Ойын ойнау кезінде ең қарапайым техникалық және тактикалық әрекеттерді қалыптастыру: допты таяқпен дриблинг жасау, дриблингтен кейін допты таяқпен лақтыру, допты таяқпен оң және сол жақтан ұру, допты таяқпен қақпаға лақтыру, жеке тактиканы меңгеру. 5. Балаларды ұжымдық ойынның мәнін түсінуге үйрету: мақсаты мен ережелері. ***Ойынның шарты:*** Ойыншылар екі топқа бөлінеді. 5-6 адамнан екі топқа бөлінеді. Бір топ көк,	байланыс орнату қабілетін дамытуды жалғастыру, берілген тапсырманы аяғына дейін орындауға дағдыландыру. Құрылымдардың негізгі бөліктері мен сипаттамалық бөлшектерін анықтау қабілетін нығайту. **Құндылықтарға баулу:** зейінді, байқауды дамытуға ықпал ету. Картада суреттелген ғимараттармен корреляцияны үйрену. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ойлау қабілеттерін және шығармашылығын дамыту, құрылысшы мамандығын құрметтеуге тәрбиелеу, еңбекқорлыққа баулу. Сөздік қорын байыту, бауырмалдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикаларын дамыту. **Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қоршаған әлеммен танысу. **Қосымша жабдықтар**: әр балаға арналған бөліктердің сызбалары бар карточка, LEGO конструктор жинағы, үлгі. **Әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Алдын ала жұмыс. Балалар 2 командаға бөлінеді. әр командаға құрылыстың үлгісі беріледі, мысалы, үй, бөлшектері бірдей машина. Бала бір уақытта бір бөлікті қоса алады. Балалар кезек-кезек

	Тіс ысқышты тағы да алдым. Есептеші сонда бәрі Қанша болды, қолда бары? (6) **Тіл ұстарту жаттығуы.** Тамшы,тамшы,тамшылар Көгерді ағаш, тал шынар. Тамшылардан өнетін Тамаша гүлдер бар шығар. **Сандарға байланысты мақал - мәтел айту.** Ерке бала-2 жылар. 2 жақсы қас болмас, 2 жаман дос болмас. **Сусақ жаттығуы:** «Тамшылар» жаттығуында алақанды бармақпен ұрады. 1.Күркіреді күн, күн..... Терезелер шың – шың, Жауды жаңбыр топ – топ, Шелек – шелек, көп – көп. 2.Отырайық қисаймай. Қолды, жайып қанатша, Жұдырықты түйелік. Саусақтарды талғанша. Ашып, жұмып көрейік. Белімізді жазайық. Демімізді алайық. **Қосымша жабдықтар**: 	ля-ля-ля-ля. Әндері қандай жақсы Ке-ре-мет, ке-ре-мет. Сұр қасқыр келіп жетті Тістерін қайрап кепті. **Музыкалық саусақ жаттығу:** **«Тарсылдатамыз, тарсылдатамыз»** Саусағымды жаздым, Жұдырығымды түйдім. Қайшылайық 1,2,3 Бойға жинап күш. **Қосымша жабдықтар**: 	тырысады. Егер үй тапсырмасы немесе басқа да мәселелер қиындық туғызса, сыныптастарым әрқашан көмекке келуге дайын. Достарымызды ренжітуге немесе мазақ етуге жол бермейміз. Барлық сыныптастарымды жақын дос ретінде қабылдаймын. Сабақтар аяқталған соң, далада серуендеуді ұнатамыз. Кейбір кезде араларымызда түсінішпеушіліктер туындағанымен, аз уақыттан кейін қайта достасып кетеміз. Менің сынып жетекшім өте жақсы мұғалім. Оған айтатын алғысым шексіз, кез-келген жағдайда дұрыс жолға бағыттай алады. Ол әрбір оқушының бабын тауып, сыныптың бірлігін сақтап тұрған адам. Ұстазымыз айтқандай: сынып – баланың екінші жанұясы, сондықтан бір-бірімізге бауырмал болу өте маңызды. Достарымды қимаймын. Мектепті бітіргеннен кейін, сыныптастарымның арасында қарым-қатынас үзілмей, жиі кездесіп тұрамыз деп ойлаймын. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар:** Суреттерде бейнеленген басқа орындықтарды түсіне қарай ажыратып орналастыру. Дұрыс екенін тексеру.	екіншісі жасыл. Балалар сол жақ жеңдеріне сәйкес түсті ленталар киеді. Бір топ ойыншылар шайбаны қарсылас қақпасына соғуға тырысып, бір-біріне береді. Басқа команда олардың бұл әрекетіне кедергі жасап, шайбаны ұстап алып, шабуылға шығады. Ойыншылардың бірі шайбаны қақпаға соға алған сайын оның командасы ұпай алады. Ең көп ұпай жинаған команда жеңеді. Сыйлық ретінде ол сыйлық алады - қағаздан ойылған хоккейшінің мүсіні. Сынып жетекшісі судья рөлін атқара алады. Ол балалардың қимыл-қозғалысын реттеп, ысқырық арқылы белгі беріп, ұпай жинауға көмектеседі. Бұл балалардың ойынға деген қызығушылығын арттырады. **Ықтимал күрделендіру:** белгілі бір спорт түрімен айналысатын спортшының аты-жөнін айту, қажетті құрал-жабдықтарды атау. **Ойынның нұсқаулары:** **Ережелер:** Таза ауада ойнау ережесі Қақпашының техникасы: домалап жатқан допты қабылдау және соғу. Ойын ережесі: Қарсыластың қақпасына мүмкіндігінше көп гол соғу **Опциялар:** 1. Бірнеше ойнаушы балалар (4 - 6)	үстелге жүгіріп, қажетті бөлікті таңдап, ғимаратқа бекітеді. Құрылымды тезірек салған команда жеңеді. Балалар сызбаларды басшылыққа ала отырып, өздеріне қажетті бөліктерді таңдайды.Мұғалім бөліктердің дұрыс таңдалғанын тексеріп, қиналған балаларға көмектеседі. Балалар кезек-кезек карталарды қораптан немесе сөмкеден шығарады, оған мұқият қарайды, онда не бейнеленгенін атайды және осы ғимаратты іздейді. Кім қателессе, ол екінші картаны алады. **Ықтимал күрделендіру:** тез ойлау. **Ойынның нұсқаулары:** Жұмыс ретін бекіту. **Құрастырудан жұмыс реттілігі:** -үйлердің түрлерін,ауылда, қалада салынған үйлердің айырмашылықтарын айтады; -әр адамның тұратын үйі болатындығын және үйлердің бір, көп қабатты, мансард, коттедж болатынын,үйді күтіп ұстау керек екенін; -әр-түрлі бояу арқылы сурет салуды,бастаған жұмысын тиянақты аяқтауын үйренді. **Поэзия сәті:** Көрсетейік кел шығып, Құрылысшымыз біз шынық, Биік, биік үйлерді,

		 	**Ықтимал күрделендірулер:** Жылдамдық. **Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар. **Қосымша жабдықтар**: Үстел-үсті таратпалы әрі үлестірме жұмыстар. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** **I нұсқа.** Бұл ойын екі бағытта ойнауға болады,**бірінші бағыт** бойынша 3 қатар парталар қою болса,егер ретсіз қойылса арақашықтық сақтап дұрыс қою **екінші бағытта** өздеріне ұнаған партаны орналастырып қоюға болады.Суреттерде бейнеленген басқа заттардың көлеңкелерін ажырату. Кім жұмысты бітірсе қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады. **Ықтимал күрделендіру**: Жылдамдық. **Ойынның нұсқаулары**: **Тілдік гимнастика** Партаға алғаш отырдым, Бұдан асқан бақыт жоқ. Оқушы болдым, мінекей, Ойнауға енді уақыт жоқ**.** **Тақпақ қандай болу керек?**	қақпадан 5 м қашықтықта белгіленген сызықта тұрады - бұл шабуылшылар. Екі бала (3) қорғаушы, олар сызық пен қақпаның арасында орналасқан. Шабуылшылар алма-кезек қақпаға үш гол соғады. Қорғаушылар доптарды ұстап алып, шабуылшыларға қайтаруға тырысады. Содан кейін балалар рөлдерді ауыстырады. Қақпаға ең көп гол соққан бала жеңеді. 2. Допты әртүрлі позициялардан және дененің кез келген бөлігімен соғу. **Сымбаттылық әліппесі**: **Дене сымбатын тұрақтандыру үшін үлгілі жаттығулар.** Дене сымбатын тұрақтандыруға арналған жаттығулар жиынтығы және де бұл жаттығуларды профилактикалық бағытында қолдануға болады. 1.Б.т. – арқада жатып аяғыңыз бүгілген күйде, қолыңыз бас жағыңызда. Денеңіз сызық бойымен созылу, жамбас біріккен, түзу қолыңызды созылған күйде, жерге тиіп тұруы қажет. Дене қалпын тұрақты ұстап тұрасыз. Кейін бастапқы жатысқа қайта оралып демаласыз. 2 рет жаттығуды қайталаңыз. 2.Б.т. – н.т. Қолды сыртқа жоғары көтеру, қол буыны	Қалаймыз біз күлшынып. Құралдарды қолға алып, Сылап, сырлап қолданып, Үйлер, көпір, мұнара, Дайын болады тез ара. **Тілдік жаттығулар:** Қалаушы да табылды, Үй салынды, жабылды. Қосып құмға лайды, Сылақшылар сылайды. Терезе, есік, едені, Қиюласты әдемі. Құрылысшы боламыз, Зәулім үйлер саламыз. **Дыбыстық жаттығулар:** Үй-үй — үлкен үй Ға-ға – биік қабырға Зе-зе – таза терезе Ік-ік-үлкен есік. **Саусақ жаттығуы:** Саусақтар тығылмақ ойнады, Бастарын ақырын жасырып. Былай,былай,былай Бастарын ақырын жасырды. (Саусақтарын жұмып, ашады) **Қосымша жабдықтар**:  

	 	 	 Аю отыр партада, Екі қолы қалтада. Апай сабақ сұраса, Ұйықтап қапты, масқара! **Сымбаттылық әліппесі** «Түзу отыр» - орындыққа түзу отырыңыз. Басыңызды тік және сәл төмен ұстаңыз, иегіңізді жоғары көтермеңіз. Осы қалып сабақ барысындағы арнайы жұмыс сәтінде ғана емес, күнделікті өмірде де әдеттегі, шынайы дене бітіміне айналуы тиіс. Естеріңізде болсын, жаттығулар жолымен сіз де өзіңіздің дене сымбатыңызды осы қалыпқа келтіре аласыз. **Алақанға өзіндік массаж жасау жұмбақ арқылы.** Төрт аяғы бар, Мінсең жүрмейді, Жүгірмейді. Тізесі бүгілмейді. **(Орындық)** Қай партаға отырар едіңіз? 	біріккен, алақанымен сыртқа қарай, дене түзу қалыпта, жамбас біріккен, қолмен үстіге қарай созылу, басыңыз екі қолды4 ортасында. Дене қалпын тұрақты ұстау қажет. Бастапқы жатысқа оралыпдемалыңыз. 6 рет. **Шайбаны түзу бағытта алып жүру.** Имек ағашты екі қолымен емін-еркін, дұрыс (үстінен күштірек қолымен ұшына тамаңұстап, астынан бағыт беру үшін әлсіздеу қолымен) ұстауына көңіл бөлу. Қатар-қатар тұрып, қарама-қарсы жақта тұрған серігіне шайбаны дәлдеп алып барады.Имек ағаштың басындағы қыры толық мұзда жатуын қадағалауға тырысады. Шайбаны беріп, өздері орнына жүгіріп қайтып келеді. **Тілдік жаттығу әліппесі:** **Ойын:«Буын ұйқасын тап»** -ша, -ша, -ша, жап-жасыл шырша. -ар, -ар, -ар, қандай аппақ қар. -ыс, -ыс, -ыс келіп қалды қыс. -ғы, -ғы, -ғы, Олжас тепті шаңғы. -ла, -ла, -ла, соғамыз қардан аққала. -лар, -лар, -лар, Далада ойнайды балалар. **Қосымша жабдықтар**:	 **Еркін құрастыру**


7
8
9
10
11
12










LEGO DUPLO TURTLE
1
2
3
4
5
6
7

		 	  		

		  			

					
	Таңғы жаттығу – күннің сәтті бастамасы! **Мақсаты:** – Балаларды салауатты өмір салтын ұстануға баулу; – Күнделікті жаттығу жасауға дағдыландыру; – Сабаққа деген ынта-жігерін арттыру. **Міндеттері:** – Таңғы жаттығулар арқылы оқушылардың сергектігін қамтамасыз ету; – Қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру; – Дене шынықтырудың маңыздылығын насихаттау. Балалардың жүзіндегі күлкі мен сергектік – осындай сәттердің жемісі. **Дағды:** Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру. **Салауатты ұрпақ – жарқын болашақ кепілі!**				
08:45-09:00 **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 50** **Жалпақтабандылықтың алдын алуға арналған ойын жаттығулары** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1 жаттығулар кешені.** 1.Аяқтарды иық енімен	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 51** **Жоғарғы тыныс жолдарына арналған алдын алу жаттығулары.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Жоғарғы тыныс**	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 52** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Жоғарғы тыныс жолдарына арналған алдын алу жаттығулары.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Жоғарғы тыныс**	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 53** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Емдеудің дәстүрлі емес түрлері У – ШУ.** **У–ШУ** – қимылдарды нақты орындау мен дұрыс тыныс алуға негізделген	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 54** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **№1 жаттығулар кешені** **1.Балапан ұяны тастайды.** Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою. Қолдар кеуде тұсында білегінен бүгілген, иықалды

бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.	қойып, толығымен дем шығару, әрі қарай толық дем алукезіндегідей мұрынмен ақырын тыныс алу. Тыныс алудың биігінде кідіріс жасамай, ысқыратын кездегідей қылып жиналған ерін арқылы дем шығару (жақты кермей). Ауаны қысқа және қатты итерулермен шығару керек, ол үшін дем шығару кезінде ақ бұлшық пен диаграмманы босатып, іш бұлшық еттерін тырыстыру (тарту) керек. Егер ауа соққылары дем шығару кезінде әлсіз болса, жаттығу мағынасын жоғалтады. Бір тыныс алуды үшсоққыға бөлу керек. 2.Орындықта отырып, терең тыныс алу және мұрын арқылы баяу дем шығару, бұл ретте дем шығару уақытын секундпен белгілеп отыру керек. Жаттығу барысында дем шығару ұзарады (жаттыққан әр аптада шамамен 2-3 секундқа), бірақ дем шығаруды қинап орындауға болмайды. 3.Тұрып немесе отырып 3-4 рет мұрын арқылы үзік-үзік тыныс алу, яғни әр тыныс алған сайын қысқа дем шығару, бұл ретте әр келесі тыныс алу алдыңғысынан тереңірек болуы керек. Өкпе ауаға толған кезде қысқа уақытқа тынысты тоқтатып, содан кейін кеңінен ашылған ауыз арқылы жылдам және қатты	**жолдарына арналған алдын алу жаттығулары. № 1 жаттығулар кешені** 1.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдар белдікте. Тыныс алу кезінде сәл артқа қарай шалқайып, дем шығару кезінде алдыға еңкею, бұл ретте иықты түйістіру жәнеқолдарды төмен түсіру. 2.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдар жамбаста. Тыныс алу және онымен бір уақытта сол аяқпен алдыға адымдау, бас сәл артқа қарай шалқайған, оң аяқ ұшымен тұрып. Дем шығару кезінде аяқты орнына қойып, басты сәл түсіру. Дәл соны оң аяқпен қайталау. 3.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдары дене бойымен түсірілген. Терең тыныс алу, сол уақытта қолдарды бастан жоғары көтеріп, сәл артқа қарай шалқаю. Дем шығаруда ілгері еңкейіп, тізені бүкпей, қолдар саусақтарымен жерді ұстауға тырысу. 4.Б.т.– тұрып, аяқты бірге, қолдар белдікте. Тыныс алып, солға бұрылу, аяқтар өз орнында қалады, қолдар жан-жаққа иықтар деңгейіне дейін көтеріледі. Дем шығаруда солғажәне ілгері иілу, қолдарды артқа қарай қайыру. Келесі тыныс алу кезінде тік	**жолдарына арналған алдын алу жаттығулары. № 2 жаттығулар кешені** 7.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдар белдікте. Алақандарды арқаға салу, бас бармақтарды – ілгері. Денені артқа, алдыға және оңға, солға бүгу, ал түзелу кезінде арқаны қолдармен сәл қысу; иілген кезде дем шығару, ал түзелу кезінде – тыныс алу. 8.Б.т.– дәл сондай. Дененің орта бөлігі мен жамбаспен айналма қимылдар жасау. Тыныс алу еркін, кідіріссіз. 9.Б.т.– орындыққа арқасына бетті қаратып отыру, арқа түзу, қолдар орындық арқалығына сүйену. Тыныс алу, дем шығаруда иілу, қолдармен бетті ұстау және қарынды қатты тарту. 10.Б.т. – тұрып, аяқты бірге, қолдарды арқаға жұдырықты түйіп, қайыру (жұдырықтар бір-біріне түйісіп тұру керек). Ақырын жүру, тыныс алу кезінде өкшеге басып, қолдарды арқамен жоғары көтеріп, басты артқа қарай шалқайту. Дем шығару кезінде аяқты табанға қойып, қолдарды түсіріп, иекті кеудеге түсіру. 11.Б.т.– тұрып, аяқты бірге, қолдары дене бойымен түсірілген. Тыныс алу кезінде артқа қарай шалқаю, солға қарай адымдау (оң аяқ орнында қалады), қолдарды жан-	арнайы жаттығулар кешені. Бұл жаттығулар – жануарлардың қимылдарын келтіретін, шаруалардың бастапқы қимылдарының жеңілдетілген нұсқасы, олар Қытайда өте танымал болып табылады. Ұсынылған жаттығулар бір-бірінен тәуелсіз және кез келген кезекпен орындала береді. **№1 жаттығулар кешені.** 1.**Басты бұру.** Б.т. – аяқты екі жаққа, қол белде, үлкен саусақтары артқа қарай бағытталған. - басты ақырын солға бұру - б.т. - басты ақырын оңға бұру - б.т. – дем шығару **2 Аспанға созылу.** Б.т. – аяқты екі жаққа, қолдар шынтақта бүгілген, жұдырықжұмылған. - қолды жоғарыға созу, алақанды ашу – тыныс алу - б.т. – дем шығару **3.Кеудені керу.** Б.т. – аяқты екі жаққа, қолдар іші тұсында айқасқан, сол қол оң қол алдында. - айқасқан қолды жоғары көтеру – жоғары – тыныс алу. - Екі қол да бүйірден доғамен қозғалады – дем шығару. Бас көтеріледі, кеудекеріледі, іш тартылады. **4 Бұрылыстар.** Б.т. – аяқты екі жаққа, екі	көлденең, алақандар денеге қаратылған, жоғары бүгілген, саусақтар ашылған. - шынтақтарды шекке дейін ашу – тыныс алу - б.т. – дем шығару. Аяқтың ұшы ілгері6 – 8 рет **2.Тырна қанатын ашады** (жан-жаққа бұрылыстармен). Б.т. – қолды ақырын алдыға көтеру – жоғары – жан-жаққа. Сонымен бір уақытта тізеде бүгілген оң жақ аяқты жоғары көтеру (жамбас еденге параллель) – тыныс алу. - Дем шығару, б.т. - дәл соны екінші аяқпен. **3.Жылан билейді.** Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолды желкеге қойып бекіту, шынтақтар максималды артқа қарай қарату. - бас пен табанды қозғалтпай, бөксемен сағат тіліне қарсы 7 айналма қозғалыс жасау. **4.Қамыс желде шайқалады.** Б.т. – еденде отыру, аяқтар жан-жаққа, аяқтың ұшы өзіне тартылған. - сол аяққа еңкею, қолды бармақтарға тигізу – дем шығару. 2 рет - б.т. – тыныс алу. - Дәл соны оң аяқпен, қолдары дене бойымен. 2–6 рет. **5.Қолдар аспанды итереді.** Б.т. – н.т. - қолдарды ақырын алдыға

	дем шығару. 3 рет қайталау. 4.Тік тұру күш салмай. Әр дем алу кезінде қарынды керіп (диафрагманы төмен түсіріп) 3-4 рет үзілмелі тыныс алу керек. Дем шығару мұрын арқылы соққылармен жасалады. Әр соққы кезінде қарын сәл тартылады. 5.Тік тұру, еркін, күш салмай. Мұрын арқылы толық тыныс алу. Қысқа кідіріс жасау (3–5 сек), дем шығару ауыз арқылы «с» дыбысымен, содан кейін қайтадан мұрын арқылы толық тыныс алу, дем шығару ауыз арқылы «фу-фу-фу» дыбысымен. Әр «фу» дыбысымен қарынды тарту және босату керек. Иықты көтермеу. 3 рет қайталау. 6.Тыныс алуды біртіндеп ұзартумен дем алуды жаттықтыру (дем алу ойда санаумен жасалады). Тыныс алудан кейінгі кідіріс тыныс алудың жартысына тең болукерек. Сегіз тыныс циклі тыныс алуды біртіндеп ұзартумен (4-тен 8-ге дейін санағанға дейін) және қысқа дем шығарумен жүргізіледі.	тұрып, денені оңға қарай бұру, қолдарды жан-жаққа көтеру (иық деңгейінде). Дем шығару кезінде ілгері және оңға иілу, қолдарды артқа қарай қайыру. Кезекті тыныс алу кезінде түзуленіп, қолдарды жоғары көтеру және бір уақытта қолдарды түсірумен байыпты дем шығару. 5.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдар дене бойымен түсірілген. Шағын тынысалып, баяу дем шығару, басты кеудеге түсіру, иықты ілгері түйістіру, қолдармен тізені ұстау, төмен қарау. Дем шығаруда басты көтеру, иықты керу, қолдарды жан-жаққа иық деңгейінде көтеру, жоғары қарау, қолдарды түсіру. 6.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдарды қабырға қимылдарын сезетіндей етіп кеудеге орналастыру. Шынтақпен ілгері, жоғары, кейін, содан кейін кері қарай айналма қимылдар жасау. Бірқалыпты, кідіріссіз тыныс алу.	жаққа иық деңгейінде көтеріп ұстау және олармен оңға және солға орташа шеңбер сызу. Дем шығаруда б.т. қайту. Жаттығуды оң аяқпен адымдап қайталау. 12.Б.т.– тұрып, аяқты бірге, қолдар желкеде, саусақтар айқасқан. Тыныс алу кезінде аяқ ұшына көтеріліп, артқа қарай шалқаю, дем шығару кезінде өкшеге тұрып, қолдарды жан-жаққа ашып, төмен түсіру.	қолда да жұдырық түюлі, саусақтар жоғарыға,денеге қысылған. - оң қол алақанмен ілгері ауаны алдыға итереді, сонымен бірге дене 90 градусқабұрылады, солға қарау – алдыға. - Б.т. - Дәл сол сияқты сол қолмен. **5.Қолмен тізені кеуде тұсында құшақтау.** Б.т. – аяқты бірге, қолды жоғары көтеру,алақанмен бір-біріне қарама-қарсы. Кеудені ілгері керу. - Тізеден бүгілген аяқты ол кеуде тұсында болатындай етіп көтеру. Тізені екіқолмен құшу – тыныс алу. - Б.т. – дем шығару. - Дәл соны сол аяқпен.	көтеру. - демді қалпына келтіруге жаттығу. Көзді жауып 8 рет дем алу, сымбат.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӘ уақыты:	09.00-09.25 09.35-10.00	**Дүйсенбі 17.11.25**	**Сейсенбі 18.11.25**	**Сәрсенбі 19.11.25**	**Бейсенбі 20.11.25**	**Жұма 21.11.25**

09.00-11.10	10.10-10.35 10.45-11.10	**Математика негіздері** **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Дене тәрбиесі**	**Сауат ашу негіздері** **Қоршаған әлеммен танысу** **Жапсыру** **Музыка**	**Математика негіздері** **Көркем әдебиет** **Сауат ашу негіздері** **Дене тәрбиесі**	**Математика негіздері** **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Музыка**	**Сауат ашу негіздері** **Көркем әдебиет** **Қоршаған әлеммен танысу** **Дене тәрбиесі**
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)		**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Заттарды өлшемі бойынша салыстыру. **ҰІӘ міндеттері:** - балаларды ұзындығы(5және одан да артық), биіктігі, ені немесе қалыңдығы әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға, заттарды шамасы бойынша өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету; -балаларды сөйлеу барысында «үлкен – кіші», «артық – кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру; -логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Логикалық ойлауларын сұраққа нақты жауап беру, дағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Ұжымдылыққа, мейірімді болуға, көмек көрсетуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың үлкен - кіші,	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау.[л] **ҰІӘ міндеттері:** Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. **Дағды:** дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу. Ойын арқылы сөз буыннан,буын дауысты дыбыстардан құралатынын түсіндіру.	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Заттарды өлшемі бойынша салыстыру. **ҰІӘ міндеттері:** - беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға үйрету; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұйымшылдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыруға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Ұжымдылыққа, мейірімді болуға, көмек көрсетуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың өздеріне таныс дөңгелек, шаршы, үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді бір – бірінен ажыратып,	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Ұзындық.Заттардың ұзындығы бойынша салыстыру. **ҰІӘ міндеттері:** - беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға үйрету; -логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынына назар аудару дағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Балаларды ұйымшылдыққа, зеректікке баулу. Шыдамды, сабырлы, шапшаң болуға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту.	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу. **ҰІӘ міндеттері:** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. «Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту. Білімпаз болуға тәрбиелеу. **Дағды**: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілікке,аңғарымпаздыққа бір-біріне деген достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу,топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**:

	көп - аз туралы ұғымдарын қалыптастыру. Көп - аз, үлкен - кішіні ажыратып күнделікті өмірде қолдана білуге және бір - бірін аттарымен атай білуге үйрету. Балалар бойына достық, мейірімділік сезімін егу. Заттарды түстеріне, түрлеріне қарай ажыратып, салыстыруды меңгерту. Ойлау, көріп тану, есте сақтау қабілеттерін арттыру. **Қауіпсіздігі:** - Ұқыптылыққа баулу. Өз бетінше есептей білуге үйрету ойлау қабілеттерін дамыту.Алған білімін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтижелер:** - заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; -сипаттамаларына сәйкес жіктеуді; -заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын; -заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**	Балаларға буын туралы түсінік беру,сөздерді буынға бөлуге үйрету Танымдық қызығушылықтарын арттыру. **Қауіпсіздігі:** Балаларға жалпы сауаттылықтары мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, лингвистикалық дүниетанымдарын кеңейту, грамматикалық талдау жасау дағдыларын дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: -сөздерді буынға бөледі; -сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын; -дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңбері** Өсті ақыл, ойларың, Өсті, міне, бойларың. Иіліп сәлем береміз, Әдепті боп өсеміз. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?	атай білуге үйрету. Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балаларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру, айналасындағы заттар арасынан геометриялық пішіндерді таба білуге үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтижелер:** - заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді; -заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын; -заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Әлия (қуыршақ) түрлі түсті 3 шарф әкелді. Педагог ленталарды немесе түрлі түсті кесінділерді	Қоршаған ортадағы сәйкес пішіндерді беттестіре отырып, салыстыруға үйрету. **Қауіпсіздігі:** Достыққа бірлесіп жұмыс атқаруға, ойнауға мұқият тыңдауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтижелер:** «ұзын - қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары - төмен», «биіктігі бірдей», «тар - кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету; ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**	**«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады; сөздерді буынға бөледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Кері іс-әрекетті айт» ойынымен іс-әрекетті бастайды. 1. Әкем киімін киді, інім ...(шешті) 2. Анам отырды, әкем ... (тұрды) 3. Анар отырды, Ажар ... (тұрды) 4. Асан кірді, Қасан ... (шықты) – Жарайсыңдар, балалар! «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. **Ғажайып сәт** – Балалар, Айсұлу (қуыршақ) бізге тапсырмалары бар хатқалта беріп жіберіпті, хатқалтаны ашып, тапсырмаларын орындайық. **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Сөздерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы** – Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер. Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-

	Ойындық жағдаят. **«Өткел»** ойынын ойнауға шақырады. 1-ден 9-ға дейінгі цифрлар еденге бір-біріне жақын арақашықта шашыраңқы етіп орналастырылады. – Жердегі цифрлар орналасқан тәртіпте «тастардың» үстімен, «аяқты су қылмай» цифрдан қателеспей арғы бетке өт. **Ғажайып сәт.** – Балалар, бізге қонаққа гномдар келді (№11 парақ). Күрделі сұрақ: – Барлық гномдар бірдей ме? – Олардың қайда орналасқанын айтайық. (Алдыңғы жақта, артқы жақта, оң жақта, сол жақта т.б.). – Олармен танысайық. Педагог балаларға суреттегі әр гномды «үлкен – кішкентай», киімнің түсі, «алдыңғы – артқы», «алдында», «арасында», «жанында» сөздерін қолданып сипаттауға көмектеседі. Балалар ойынға қатысады. Гномдар суретін анықтап қарап шығады, санайды, олардың өлшемін, түсін, кеңістіктегі орнын көрсетеді. Педагог балаларға түсіндіреді: – Біз гномдарды көлемі бойынша: үлкен және кішкентай деп, және оларды киімдерінің түсі бойынша салыстырдық. Енді біз	2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай? 3) Буында неше дауысты дыбыс болады? Дыбыстармен жаттығулар. **«Соңғы дыбыстан баста» дидактикалық ойыны** Педагог балаларға сөз айтады да бір баланы көрсетеді, бала сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтады, келесі бала жалғастырады. Мысалы: маймыл - лақ - қарбыз - зәкір - радио - от - тауық - қарлығаш - шапалақ - қайық - қасық - қылыш - шаш - шахмат - тамыз - зырылдауық - қант - ту - уық - қу - уәде - емізік т.б. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі. **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны** Педагог дыбыстарды айтады, ал балалар дыбысқа тиісті түстерді көрсетеді (қызыл, көк). Сөздермен жаттығулар. «Бірінші дыбысты анықта» дидактикалық ойыны – Балалар, мен суреттерді көрсетемін, сендер суретте бейнеленгендердің атындағы бірінші дыбысты айтасыңдар. Мысалы: ана(а), әке(ә), етік(е), нан(н), гүл(г), ыдыс(ы), алма(а), есек(е), ұшақ(ұ), аң(а), омыртқа(о), ине(и), алмұрт(а), от(о),	көрсетеді.  Кіші топтың қыздары қай шарфтың ұзынырақ екенін біле алмады: қызыл, ақ немесе жасыл. Оларға көмектесейік. Балалар салыстыру тәсілдерін ұсынады. Ең алдымен оны «көзбен» салыстырады, бірінші екеуден, одан соң үшеуін бірге салыстырады. Олар: қызыл шарф ақ шарфқа қарағанда ұзынырақ, жасыл шарф ақ шарфқа қарағанда қысқалау. Педагог көзбен салыстырудан шыққан нәтижелерді тексеруді ұсынады. Балалар шарф ұзындықтарын салыстыру бойынша жасалған тәжірибелік жұмыстарға қатысады. – Оларды салыстыру үшін осылай қоюға бола ма? (Беттестірудің қате үлгісін көрсетеді). Балалар тыңдайды және жауап береді, оларды бір-біріне беттестіру керек екенін айтады. – Олардың бір жақ ұштары бір-біріне сәйкес келуі керек. – Заттардың ұзындығын өлшеудің, оларды салыстырудың басқа қандай тәсілдері бар? Беттестіру тәсілі қолданылады. Педагог	 **«Керісінше ата» дидактикалық ойыны.** Педагог допты лақтырып, сөзді атайды. Бала допты педагогке лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы антоним сөзді атайды. Ұзын – қысқа, биік – төмен, кең – тар, жуан – жіңішке. «Ретке келтір» ойын жаттығуы. «Түрлі түсті Кюизенер есептейтін таяқшалар» жиынтығынан таяқшаларды таратады және оларды ұзындығы бойынша (содан кейін ені бойынша) өсу ретімен орналастыруды сұрайды. Оларды кесінділермен ауыстыруға болады. Балалар тапсырманы орындайды. Балалар таяқшаларды бір-біріне тұстастырғандарын айтып түсіндіреді. Педагог қай заттың ұзын немесе қысқа екенін білу үшін беттестіру әдісін де қолдануға болатынын айтып толықтырады. Оны жасап көрсетеді. Тәжірибелік жұмыс. 1. Педагог балалардан	лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ т.б. **«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы** (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады) – Айсұлу бізге **-та** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б. **-ба** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б. **-са** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б. Ойын соңында фишкасы ең көп бала жеңімпаз болады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Буынға бөл. Сәйкес сызбамен қос. 2. Суреттен **л** дыбысы бар сөздерді ата. Алақанды шапалақтап, буынға бөл. **Сергіту сәті:** Қолды қойып зілтемірге,

	оларды бойына және көлеміне қарап салыстыруды үйренеміз. Гномдарды өсу ретімен орналастыруды ұсынады: алдымен ең аласа гном, содан кейін сәл биіктеу т.с.с. – Мұны қалай жасаймыз? Педагог алдымен гномдарды көзбен қарап салыстыруды ұсынады, содан кейін оларды бір-бірінің жанына қойып, тексеру керектігін айтады: ұзын немесе қысқа. Ең ұзыны қай гном, қайсысы ең қысқасы (аласасы) екенін айтып беруді сұрайды. Әр гном өзінің бойына қарай кілемше алғысы келеді. Педагог ені әртүрлі, бірақ ұзындығы бірдей гномдар санына қарай тіктөртбұрыштар таратады – 7 дана. – Кілемшелер қалың немесе жұқа деп айтылмайды, олар: тар – кеңірек. – Кілемшелерді ені бойынша қалай орналастырамыз? Балаларды алдымен көзбен салыстырып қарауға, содан кейін беттестіру тәсілін қолданады. Балалар тапсырманы орындайды, өз әрекеттерін түсіндіріп айтады. Дәл осыған ұқсас жұмысты балалармен жүргізеді. Педагог бірнеше баланы (бес адамға дейін) шығарып, оларды бір-бірінің артына қатарға тұрғызады. Қалған балалар олардың белгілерін	орындық(о), елгезек(е), ешкі(е), өмір,(ө), ұлу(ұ), ұршық(ұ), ірімшік(і), ін(і). – Қандай дыбыстан басталатын сөздерді айттыңдар? (Дауысты дыбыстан басталатын). – Оны қайдан білдік? – Өкпеден шыққан ауа еш кедергісіз шықты. Бұлай дауысты дыбыстар жасалады. Балалар, мен тағы суреттер көрсетем айтып, бірінші дыбысына мән беріңдер. Мысалы: пияз(п), ферма(ф), пима(п), түн(т), күй(к), хат(х), щетка(щ), күрек(к), шана(ш), сырмақ(с), таға(т), халық(х). Келесі суреттердегі заттардың атын атап, бірінші дыбысын қайталайық. Мысалы: бала (б), доп(д), зер(з), бақа(б), би(б), вагон(в), бұрыш(б), ғалым(ғ), бұлт(б), домбыра(д), дақ (д), вагон(в), жидек(ж), гүл(г), ғарыш(ғ),бидон(б), жалау(ж). рауғаш(р), уыз(у), лақ(л), мысық(м), нан(н), мылтық(м), моншақ(м), нар(н). Бұл дыбыстар қалай айтылды? Қалай аталады? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.	шарфтардың бір жақ ұштарының сәйкес келуін бақылайды. Педагог заттардың ұзындығын шартты өлшеуіш көмегімен өлшеуге болатынын хабарлайды. Шартты өлшеуіш ретінде қағаз кесінділерін ұсынады. Балалар шарфтың ұзындығын шартты өлшеуіштің көмегімен өлшеп, нәтижелерін айтады: қызыл шарф ақ шарфқа қарағанда ұзындау, жасыл шарф ақ шарфқа қарағанда қысқа. Педагог ұзындығы мен ені бірдей кесінділерді көрсетеді. Оларды екі қолына ұстап балаларға көрсетеді. – Қай кесінді ұзындау? Мұны қалай тексеруге болады? Балалар өзара талқылап, өлшеудің тәсілдерін ұсынады. Педагог кесінділерді бір-біріне беттестіріп, олардың өзара сәйкестігін көрсетеді. – Кесінділер туралы не айтуға болады? (Кесінділердің ұзындығы бірдей). **Балаларға көрсету әрекеті:** **Ойын жаттығуы. «Кімнің бойы ұзын? Кімнің бойы аласа?».** – Балалар, қай баланың бойы ұзын немесе қай баланың бойы қысқа екенін қалай білеміз? Педагог топтың жартысына	үстелдің ұзындығын алақанмен өлшеуді сұрайды. Балалар үстелді алақанмен өлшейді. Алынған жауаптар салыстырылады. – Қалайша, үстел біреу, ал жауаптар әртүрлі? (Өйкені әр баланың алақанының өлшемі әртүрлі.) 2. Үстелдің ұзындығын шынтақпен өлше. Балалар үстелді шынтақпен өлшейді. Алынған жауаптар салыстырылады. Балалардың шынтақ ұзындығы әртүрлі, сондықтан әртүрлі жауаптар шықты деген қорытынды жасалады. 3. Педагог екі баланы шақырады және ойын бұрышындағы кілемнің ұзындығын қадаммен өлшеуді сұрайды. Екі бала кілемді қадаммен өлшейді. Алынған жауаптар салыстырылады. Педагогпен бірлесе отырып, балалардың қадам өлшемі әртүрлі деген нәтиже шығарады, сондықтан өлшеуден әртүрлі нәтижелері алынды деген қорытынды жасалады. **Проблемалық сұрақ:** заттардың ұзындығын қалай анықтауға болады? Педагог балалардан үйде ата-аналарының заттарды қалай өлшейтінін еске түсіруді сұрайды. Талқылау барысында Педагог бірыңғай өлшем –	Көтереміз, сілке бірге. Түсіреміз ақырындап, Көтер қайта бірте-бірте. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 4. Боя. 5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы:** Тыңда, орында. Алақанды ысқылап, Қыздырайық, балақай. Алақанның ысыды, Қараңдаршы, алақай! Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және

	сипаттайды: үлкен-кішкентай, киімнің түсі, бірінен соң бірі орналасу орны. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Суретке қара, не бейнеленгенін айт. Барлық заттың өлшемі бірдей ме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды қызылмен қоршап сыз. Суретпен танысу, онда не бейнеленгенін айтып беру. – Барлық заттардың өлшемі бірдей ме? Өлшемі үлкен заттарды көк қарындашпен, кішкентай заттарды қызыл қарындашпен қоршап сызу керек. Балалар заттарды атайды, өлшемін анықтайды, қоршап сызады. **2-тапсырма.** Заттарға қара. Оларды түсі мен өлшемі бойынша топтастыр. Қажет затты боя. Заттарды анықтап қарайды. Белгілері бойынша топтарға бөледі: түс және өлшем. Суреттерді осы екі белгілері бойынша бөледі. Қажетті затты бояйды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті.** Кәне, қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық. Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық. Түсі, өлшемі бойынша жіктеуге арналған тәжірибелік жұмыс. Педагог жұппен немесе	2. Бағдаршамның қай түсінің атында [л] дыбысы бар? Сөздерді алақанды шапалақтап, буынға бөл. 3. Дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға жұмыс дәптерде өз беттерімен дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог тексеру үшін, тақтаға жұмыс жасауға балаларды шақырады. Тақтаға бір, екі, бес сөздерінің сызбалары ілінеді. Балалар өз жұмыстарын тақтадағы дыбыстық талдаумен салыстырып, тексереді. **«Бір»** сөзі 1 буын, 3 дыбыстан тұрады. **«Екі»** сөзі 2 буын, 3 дыбыстан тұрады. **«Бес»** сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. Педагог балалармен жеке жұмыс жасайды. **Сергіту сәті:** Бір, екі, үш Жинап алдық күш. Дәптерімізді ашайық, Төрт, бес, алты Көрсетілген үлгіге Біз жазамыз мықты. Әдемі етіп жазайық. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 5. Штрихта 6. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп	жақын арақашықтықта жұптасып немесе арқасымен жақындап тұруды ұсынады. Балалардың екінші жартысы жұптасып тұрған балалардың бойын анықтап, бір-бірімен салыстырады, кімнің ұзын, қысқа, немесе бойлары тең екендігін атайды. Содан кейін балалар орындарымен ауысады. Практикалық жұмыс. Ағаш суреттерін көрсетеді. – Қай ағаш ең ұзын? Қалай анықтаймыз? Ал ең қысқа ағаш қайсысы? Педагог көзбен қарап салыстыруды ұсынады, балалар жауап береді: – Қайың – ең ұзын ағаш. – Көзбен салыстырғанда қателессек қайтеміз? Оны қалай тексереміз? Қандай шартты өлшеуішті таңдаймыз? Педагог таяқша кесіндісін ұсынады. Балалармен бірге ағаштардың ұзындығын салыстыру үшін таяқшаны ағаштардың ұзындығына сәйкес қойып өлшейді. Балалар әр ағаштың астына цифр бар карточкаларды көрсетеді. Балалар ең үлкен санды тауып атайды. Сол ағаш ең ұзыны болады (қайың). – Енді ең қысқа ағашты табыңдар. Шартты өлшеуіштің көмегімен тексеріледі. Осыған ұқсас жұмыс заттардың енін салыстыруда да жасалады.	метр ойлап шығарылғандығын түсіндіреді (көрсетеді): – Бұл өлшемді барлық адамдар пайдаланады. Оны шартты өлшеуіш деп те атауға болады. Қағаз кесінділерін салыстыруды ұсынады. – Қай кесінді ұзындау? (Бір-бірінің үстіне қойыңдар немесе басып ұстаңдар. Кесінді шеттерін бір-біріне сәйкес етіп келтіріңдер.) – Суреттерді қабаттастыра аламыз ба немесе бір-біріне біріктіре аламыз ба? Қалай жасау керек? Өлшеуішті ұсынады – таяқшалар. Мысалы, LEGO конструктор бөлшегі: – Кесінділерге қанша кіші бөлшектер сыйып тұр? Педагог шартты өлшеуіш арқылы өлшеу әдісін көрсетеді, орындалған іс-әрекеттерді түсіндіреді, балаларды өлшеу процесі мен нәтижелерін талқылауға белсенді қатысуға шақырады. – Біз бірінші – өлшеуішті таңдадық. – Өлшеуді неден бастаймыз? (Өлшеуішті кесінді үстіне қою керек.) Өлшеуішті өлшейтін заттың ең шетімен қосып біріктіріп ұстау керек. – Одан соң не істейміз? Қарындашпен өлшемнің шетін белгілейміз, осы белгіден бастап өлшеуішті қайтадан қойып, өлшеуді	қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

	топпен отырғызылған балаларға көмекші материал таратады. Қақпақтарды жіктеуге арналған тапсырма: өлшемі бойынша үлкен және кіші; түсі бойынша – сары, қызыл, жасыл. **3-тапсырма.** Үлкен заттарды қызыл, ал кішкентай заттарды сары түспен боя. Қай зат қай жерде тұрғанын айт. Балалар үлкен және кішкентай заттарды тауып, бояйды. Орналасқан жерін айтып түсіндіреді: оң жағында, сол жағында, ортасында, төменде, жоғарыда деп көрсетеді. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы:** Тыңда, қайтала. Саусағымыз айқасып, «Жеңемін» деп шайқасып, Бірін-бірі тартады. Білекке сенім артады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекетінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	**Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Өлшеуіштерді боя. Салыстыр. – Әр қарындаштың қанша өлшемін боядың? Ең ұзынын тап. Онда қанша өлшем бар? Ең қысқа қарындаш қандай түске боялған? Онда қанша өлшем бар? Күнбағыс тапсырмасы да дәл осылай орындалады. Педагог тапсырманы орындау кезінде тазалық пен мұқияттылық туралы еске салады. Балаларға бір-бірінің тапсырмасын тексеруді ұсынады. **Сергіту сәті.** Мәтін мазмұнына байланысты қимыл-қозғалыстар жасалады. Алақанмен шапалақты ұрамыз, Орнымыздан көтеріліп тұрамыз. Тіземізді алақанмен соғамыз! Оңға, солға мойнымызды бұрамыз! Орнымызда бірнеше рет секіріп, Қолымызды жоғарыға созамыз! Біз ақылды боламыз! Оқу оқып барлығынан озамыз! **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **2-тапсырма.** Жүк көлігі мен велосипедтің қандай жолда тұрғанын айт. Оларды боя. Педагог суреттерге қарауды сұрайды.	әрі қарай жалғастырамыз. Біз өлшеуішті бірінші рет қойғанда, өлшемнің шетін белгілеп, сол жерге ойыншық немесе кез келген бір затты белгі ретінде қалдыру керекпіз Ол бізге өлшемнің бір рет дәл орындалғанын білдіреді. Өлшейміз, белгіленген сызыққа қарай жылжытып, тағы да өлшенген жердің шетін ойыншықпен белгілейміз. Бұл бізге өлшемнің екінші рет дәл түскенін көрсетеді. Өлшеу ережелерімен алғашқы танысу кезінде педагог балаларға өлшеу әдістері мен ережелерін көрсетеді және талдайды, қорытындылайды, нәтижені анықтайды. Осыдан кейін балаларға өлшеуді өз бетімен орындауды ұсынады. Балалардан іс-әрекеттерді түсіндіріп айтуға, содан кейін өлшеу нәтижелерін бірге талқылауды сұрайды. Балалар өлшемдерді санайды және жазады (цифры бар карточканы орналастырады), сұрақтарға жауап береді. Өлшеу ережелерін талқылайды және анықтайды: өлшемдерді қатар қойып, оларды санау керек. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сергіту сәті:** Орманда секіреміз, жүреміз! (Оқушылар бір	

			– Жоғарыдағы суреттен кең және тар жолды көрсету керек. Педагог жүк көлігі мен велосипедтің қай жолда екенін көрсетуді сұрайды. – Оларды боя. Балалар тапсырманы орындайды, өз әрекеттерін түсіндіреді. **3-тапсырма.** Ұзын заттарды ұзын қарындашпен, қысқа заттарды қысқа қарындашпен сызып қос. Педагог ұзын және қысқа заттарды үлгіге сәйкес: ұзын немесе қысқа қарындашпен сызып қосуды ұсынады. **4-тапсырма.** Ең жуан және қалың затты қызыл түспен, жіңішке және жұқа затты көк түспен боя. Қалыңдығы және жуандығы бірдей заттарды жасыл түспен бояу керек. Балалар бір-бірінің тапсырмаларының орындалуын тексереді. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Өз әрекеттерін дауыстап айтуларын сұрайды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай	орында тұрып секіреді, жүреді.) Терең, терең тыныстап, қуанамыз, күлеміз! (Терең дем алып, езулерін жымитады.) Оң жағымда өседі биік, биік ағаштар, (Оң жаққа қарап, қолдарын жоғары көтеріп түйістіреді.) Сол жағымда өзен бар, суға түсіп, жүземіз (Суда жүзу қимылдарын жасайды.) Көбелекті қуамыз, «Алақай!» деп айтамыз! (Барлығы бірге дауыстап «Алақай» деп айтады.) Кеш болғанда жүгіріп, үйге біздер қайтамыз! (Бір орында тұрып жүгіреді.) **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.**Қоршаудағы тақтайшаларды салыстыр. Ұзынын белгіле. Қара және ақ қойларды сана. Цифрды қоршап сыз. Қоршаудағы тақтайшалардың ұзындығын өлшеу үшін «Лего» конструкторы немесе текшелер қолданылады. – Өлшемдер санын есепте. Қай тақтайша ең қысқа? Ұзындықтары бірдей тақтайшалар бар ма? Балалар өлшемдерді санайды, бір-бірімен салыстырады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **2-тапсырма.** Заттарға қара. Оларды ұзындығы бойынша салыстыр. Қалай салыстыруға болатынын	

			орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	түсіндір. Суреттермен танысуды және ұзындығы бойынша салыстыруды, қалай салыстыруға болатынын түсіндіруді ұсынады. **3-тапсырма.** Заттарды ең биігінен, ең аласасына қарай сызып қос. **4-тапсырма.** Гномдарға заттарды өлшеміне қарай таңдап алуға көмектес. Гномдарға заттарды өлшеміне қарай таңдап беруге көмектесуді ұсынады. Оларды қосып сызу керек. Педагог балалардан: – Гномдардың айырмашылығы неде? – Олардың бойы әртүрлі және киім түстері әртүрлі. Әрі қарай, балалар гномдардың көлеміне қарай шелектер мен күректерді (үлкен – орташа – кішкентай) таңдайды. Гномдарды өлшеміне сай келетін заттармен сызып қосады. Гномдарға өз қарындаштарын табуға көмектес. Оларды біріктіріп сыз. Таңдалған қарындашты гномның қалпағымен бірдей түске боя. Тапсырманы жұптық жұмыс арқылы тексеруге болады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. **Логиканы дамытуға арналған ойын жаттығуы.**	

				1. Қызыл қарындаш жасылға қарағанда ұзын, жасыл қарындаш көгілдірге қарағанда ұзын. – Ең қысқа қарындаш қандай? (Көгілдір.) 2. Жасыл таспа көгілдірге қарағанда жіңішке, көгілдір таспа қызылға қарағанда жіңішке. Қай таспа бәрінен жуан? (Қызыл.) **Топтық жұмыс.** Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді. Педагог балаларға әртүрлі ұзындықтағы таяқшаларды немесе қарындаштарды таратады. Заттарды өсу және кему ретімен орналастыруды сұрайды. Педагог хормен жаңа сөздерді қайталауды сұрайды ұзын – қысқа, биік – төмен, кең – тар, жуан – жіңішке.	
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру** ***1 үзіліс - 09:25 - 09:35*** **Балалардың дербес іс-әрекеті** Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. **Ұлттық құндылықты қалыптастыру** **Экологиялық тәрбие.Эмоционалды әрекет.** **Экологиялық ойын: Ойын арқылы балаларды табиғатпен таныстырады.** **Ұмыт болған ұлттық ойын: «Қарлығаш»** **Басты міндеттері: Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.**					

<table>
<tr>
<td colspan="3"> </td>
<td colspan="4">Ұмыт болған ұлттық ойын: «Қарлығаш»
Ойынның міндеттері: Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.
Дағды: Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.
Ойынның ережесі :
Әдістемелік нұсқаулар: Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, қанаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек.
II нұсқа
Әдістемелік нұсқаулар:
Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет.
Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға
Ойынның педагогикалық маңызы.
Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.
Ұсыныс: ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="7">2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00</td>
</tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Ойыншықтар дүкенінде.
ҰІӘ міндеттері:
- З, ө дыбыстарын анық айтуға үйрету;
-ойыншықтардың неден жасалғанын білу;
-ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Дағды:
сапа және әрекетті білдіретін сөздерді қолдануға ынталандыру (ақ, жұмсақ қоян, үлкен, мейірімді мысық секіреді т.б.);
ойыншықтардың атауларындағы «б», «п» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру.</td>
<td>2.Қоршаған әлеммен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.
ҰІӘ тақырыбы:
Көлік.
ҰІӘ міндеттері:
- балаларға көлік туралы түсінік беру. Көліктерді топтастыра білуге үйрету. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету;
-көлік түрлерінің адамға қажеттілігіне назар аударту. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту;
-еңбексүйгіштікке,</td>
<td>2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Әдептілік әлемі
(Ермек Өтетілеуұлының өлеңі)
ҰІӘ міндеттері:
- өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету;
-байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру;
-әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.
Дағды:
- Өлеңді мәнерлеп оқуға, ойларын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру.
Құндылықтарға баулу:
Балалардың өмірге қажетті білік - дағдыларын тереңдете отырып,</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Жануарлар қайда тұрады?
ҰІӘ міндеттері:
- жануарлардың тіршілігі туралы білімін кеңейту;
- көп мағыналы сөздерді қолдана білуге баулу;
- жануарларды қорғауға тәрбиелеу.
Дағды:
Суретке қарап сөйлем, әңгіме құрап айта алады. Қарама-қарсы сөздерді қолдана алуға дағдыландыру.
Құндылықтарға баулу:
Жабайы жануарлардың (аю, қоян, түлкі, қасқыр) сипаттық белгілерін байқай</td>
<td>2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Әкесі мен балалары.
(Лев Толстойдың әңгімесі)
ҰІӘ міндеттері:
- әңгіме мазмұнын қайталап айтуға үйрету;
-байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру;
-үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.
Дағды:
Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу; көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және оның мазмұнын түсіне отырып әңгімені аяқтауға дағдыландыру, татулыққа,</td>
</tr>
</table>

	Құндылықтарға баулу: ойыншықтарға деген мейірімділік, ұқыптылық сезімдерін ояту,өзінің де өзгенің де еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ұл бала мен қыз баланың ойыншықтарын ажырата айта білуге дағдыландыру. Балаларды сөзді анық айтып, дұрыс сөйлей білуге баулу. Сөздік қорын, ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа, эстетикалық талғамдарын кеңейту, әдемілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - балалардың ойлау қабілетін дамыту, тақпақтар, мақал–мәтелдер, тыйым сөздер айтқыза отырып, тілдерін дамыту; -балаларды адамгершілікке, табиғатты сүюге, табиғатқа қамқор бола білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: - Сұрақтарға жауап беру, екі сөзден құралған сөздер құрау, ойыншықтардың пайдасын білу. Әдепті, тәртіпті болу. Сөздер құрай алу, ойыншықтардың атын, неден жасалғанын, қайда сатылатынын. **Педагог әрекетінің алгоритмі:**	тазалыққа үйрету. **Дағды**: Атқаратын қызметіне және жүретін ортасына қарай (әуеде, жерде, суда) топтастыру арқылы көліктердің пайдасы және зиянды жақтарын білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Жолда жүру ережесін сақтауға, мейірімділікке, ұқыптылыққа, достыққа, көлік мамандарының еңбегін бағалай білуге, құрметтеуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. **Қауіпсіздігі:** Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыту. Зерттеушілік мәдениетке тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: -көлік түрлері туралы толық білді; -көліктерді атқаратын қызметіне қарай әуеда, суда, жерде жүретін түрлеріне қарай жіктеуді меңгерді; -көлік түрлерін	әдемілік ұғымын түсіндіру. Алған білімдерін тиянақтай отырып іс - жүзінде көрсете білуге үйрету. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** - Сөйлесе білуге, ойын терең жеткізе білуге үйрету, тіл байлықтарын дамыту. Мақал - мәтелдердің мағынасын түсінуін қалыптастыру. Адамгершілікке тәрбиелеу, сәлемдесу, кезек күту, бір - бірлерін сыйлай білуге, шыдамдылыққа баулу арқылы әдептілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларды әдептілік ережелерімен таныстыру. Отбасында,тұрмыс – тіршілікте әділет пен адалдыққа,инабат пен қонақжайлылыққа тәрбиелеу.Өмірдің әр түрлі жағдайларында өзін мәдениетті ұстай білуге,үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсете білуге баулу. Адамгершілікке,кішіпейілдікке,жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: - әдептілік ережелерін; өлең, ойын арқылы жақсы қасиеттерді; адамдар арасындағы	білуге үйрету арқылы зейіндерін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жабайы жануарлар туралы түсінік беру. Оларды орманда мекен ететіні жөнінде айту. Балалар үй жануарлары және жабайы жануарларды ажырата білуге үйрету. Қайда? сұрағына жауап беруге дағдыландыру. **Қауіпсіздігі:** Баланың ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Бір - екі сөздермен сөйлем құрап, ауызекі байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Фонематикалық есту қабілетін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: Жабайы жануарлардың сипаттық белгілерін байқап, оларды сипаттап айтуды орындайды; Жабайы жануарлар туралы берілген мәліметтерді түсінеді; Жабайы жануарлардың жүріс–тұрысын қимылмен келтіре білу дағдыларын қолданады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**	достыққа тәрбиелеу. **Құндылықтарға баулу:** ересектермен қарым-қатынас ережелерін сақтауға үйрету, еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижесін құрметтеуге үйрету. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Әңгіменің мазмұнын игеру, тілін дамыту. Шығарма бойынша әңгімелесу. **Қауіпсіздігі:** Балалардың қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: Әкені сыйлай білуі; Үлкендерге деген сүйіспеншілік сезімін игерілуі; Әңгіменің мазмұнын меңгерілуі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберін құру. Алақанды соғайық, (алақандарын шапалақтау) Күннің нұрын салайық. (қолдарымен Күнді салу) Таза ауаны жұтайық, (мұрнымен тыныс алу)

	балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог: – Балалар, сендер ойыншықпен ойнағанды жақсы көресіңдер ғой? Ендеше, біз бүгін ойыншықтар дүкеніне барамыз. Ойын жағдаяты Педагог балаларды ойыншықтар бұрышында орналасқан дүкенге шақырады. Стаушы рөліне өзі тілек білдірген баланы таңдап алады. Педагогтің үйретуімен балалар дүкеншімен амандасып, өздеріне ұнайтын ойыншықтарын сұрап алады. Дүкенде кезекке тұрып, сыпайылық танытуларын ескертеді. Дүкенші сөреден балалардың сұраған ойыншықтарын алып береді. **Сөздік жұмысы:** сөре – дүкендегі заттар қойылатын тақтай сәкі **Балаларға көрсету әрекеті:** – Кім өз ойыншығын толық, тиянақты етіп сипаттаса, сол ойыншықпен ойнауға дүкенші рұқсат береді. Педагог бірінші болып өзі сипаттап айтып береді. – Менің сүйікті ойыншығым қуыршақ. Қуыршақ пластмассадан жасалған, оның денесі, басы, аяқтары бар. Шашы және көзі қара түсті. Қолдары мен аяқтары	салыстырып, ортақ белгілері туралы айта алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Жұмбақ оқиды, балалар жауабын табады. Төрт аяқты, екі көзді, Өзі жансыз жүреді. Отпен, майдан жемі бар, Құрыш болат жүрегі. Жауабы: мәшине. – «Жүрегі» дегенді қалай түсінесіңдер? – Ол – мәшинеңің моторы. **Балаларға көрсету әрекеті:** Балаларға демонстрациялық материалдардан мәшинелердің суреттері көрсетіліп, «мәшине» сөзінің баламасын табу ұсынылады. (Мәшине-көлік-тасымалдаушы-автомобиль). Педагог суреттерден балаларға арналған көліктерді табуға ұсыныс жасайды: балалар жүргізе алатын көліктер: квадрацикл, пультпен жүргізілетін мәшинелер, электрсамокат. Интербелсенді тақтадан дөңгелектер (пішіндер) пайда болады. Педагог балалардан не көріп тұрғандарын, дөңгелек пішіндердің көліктерге қандай қатысы барын	қарым-қатынас нормалары мен қоғамдық орындарда жүріп-тұру ережелерін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберін құру. Балаларға көңілді амандасуды ұсынады. – Әдемі күліп, әркім өзінің атын айтып амандасыңдар. Өзін таныстырған бала ерекше амандасып, әртістерше басын иеді. Балалар қол шапалақтап, бір-бірін құрметтейді. – Балалар, амандасудың өзі де әдептілікке жататынын ұмытпайық. – «Әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер? – «Әдептілік» деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз. – Бүгін біз ақын Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог «Әдептілік әлемі» өлеңін оқып береді	**«Көлеңке» қимылды ойыны** – Балалар, орман, тоғайдағы жануарлар серуенге шықты. Олардың қимылын салып көрейік. Көлбең-көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем! Қане, қатарға тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Педагог бір ұзын, бір аласа баладан тұрғызады. Көлбең-көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем, Кірпі қалай жүреді, Кім көрсете біледі? Ортаға бір бала шығып, аталған аңның (қоян, түлкі, тиін т.б.) жүрісін салып көрсетеді. Басқа балалар оны қайталайды. Балаларға жабайы жануарлар – түз жануары, олар өз бетімен табиғатта тіршілік ететіндігі түсіндіріледі. Кейбір жануарлар орманда, кейбірі далада, кейбірі тауда. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** жабайы жануарлар – өз бетімен табиғатта тіршілік ететін түз жануары **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Жануарларды ата. Олар қайда өмір сүреді? Үй жануарлары мен жабайы аңдардың тіршілігін салыстыр. 2. Ұйқасын тап. Өзінше ноян, Қорқақ ... . (қоян) Айбат шегер алыстан, Аң патшасы – ... . (арыстан)	Жиналған жылы шуақты (екі алақанды алға созу) Бір-бірімізге сыйлайық! (бір-біріне үрлеу) – Сиқырлы сандықшаны ашып көрейік. – Суреттен кімді көріп тұрсыңдар? – Әкесі мен балаларына ат қояйық. – Үйде сендерді әкелерің қандай жақсы сөздермен еркелетеді? – Бүгін біз әкенің балаларына айтқан ақылы туралы «Әкесі мен балалары» әңгімесімен танысамыз. Авторы – орыс жазушысы Лев Толстой. Әңгіменің басқа жанрдан ерекшелігі – оқиғаны қысқа баяндайды. Педагог әңгімені мәнерлеп оқиды (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** сыпыртқы – үй сыпыратын зат шыбық – сыпыртқының жеке талы Сұрақ-жауап: – Әңгіменің авторы кім? Әкесі балаларына қандай ақыл айтты? – Сыпыртқы неге сынбады? – Жеке-жеке сындырғанда, шыбықтар неге оңай сынды? – Әкесі балаларына «Әрдайым тату, бірге болсаңдар, сендерді ешкім ренжіте алмайды» деген

	ұзын, қатты. Көйлегі мен аяққиімі қызыл, бантигі ақ. Қолында әдемі ақ түсті сөмкесі бар. Қуыршақты жатқызсаң, көзін жұмып ұйықтайды. Балалар педагогтің соңынан өз ойыншықтарын сипаттап айтып береді де, дүкенші берген ойыншықтармен ойнайды. **Сергіту сәті:** Оңға, оңға, оңға иіл, Солға, солға, солға иіл. Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым. Жоғары-төмен қарайық Орнымызды табайық. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Тіл ұстарту жаттығуы** Өс-өс-өс – Өнегелі болып өс. Өс-өс-өс – Ұқыпты болып өс. За-за-за – Маған берші маза. За-за-за – Болсын қолың таза. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суретте балалар қандай ойыншықтар алып жатыр? Әңгімеле. 2. Суреттен қыздар ойнайтын ойыншықтарды қыз балаға сызып қос. Ұлдар ойнайтын ойыншықтарды ұл балаға сызып қос. Ал екеуі де ойнайтын ойыншық болса, екеуіне де сызып қос. Дидактикалық ойын: «Дыбыстың орнын анықта» Терезе, үстел, шахмат сөздеріндегі т дыбысының	сұрайды. Балалар мәшинеңің дөңгелектері дөңгелек пішінді екенін айтады. Тақтада ең алғашқы автомобиль және Карл Бенц бейнесі пайда болады. Өнертапқыш Карл Бенц іштен жану қозғалтқышы бар автомобильді ойлап тапты. Мәшинелер жайлы көптеген деректермен танысамыз. Интербелсенді тақтада түйеге, атқа мінген адамдар, ат жегілген арба, жүк тиеген өгіздер суреттері көрсетіледі. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы ертедегі көлік түрлері туралы әңгіме жүргізіледі. Арба мен мәшинеңің ұқсастығы мен айырмашылығын айтады. – Ертеде адамдар алыс жерлерге көзді ашып-жұмғанша жеткізетін көліктерді аңсаған, оны қай ертегіден байқауға болады? Интербелсенді тақтадан «Ер Төстік» ертегісіндегі кейіпкер – Желаяқтың бейнесі шығады. Мәшиненің әр бөлшегінің қызметін әңгімелейді, мысалы, мәшине шамы жолды көрсетеді, мәшиненің дөңгелегі айналып, мәшине жүреді, айнадан артқы жол қозғалысын көреді, руль мәшинені керекті бағытқа бұру үшін, орындық жүргізушінің жайлы	(соңындағы қосымшадан қараңыз). **Балаларға көрсету:** **Сөздік жұмысы:** аяқ-табақ – тамақ ішетін ыдыс Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады?Авторы кім? – Өлеңде не туралы айтылған? – Асты қалай ішу керек? (Асықпай ішкен ас сіңімді болады) – Ас ішкен соң не істеу керек? (Ыдыс-аяқты жинаймыз) – Әдепті сөзіне сөйлем құра. **Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?»** Шарты: сұрақтарға жауап алу арқылы балаларды әдептілікке жетелеу. – Үлкен кісіні ... керек. Үлкендердің ... алу керек. – Кішілерге ... керек. Ойыншықтарды ... керек. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Алдан әже жолықса, Бөгелем де әдейілеп, Сәлемдесем сол тұста: «Есенсіз бе, әже!» – деп. Педагог «Әдептілік әлемі» өлеңін екінші қайтара оқып, мнемокесте бойынша жаттатады. Мнемокестедегі суреттерді атайды. Балаларға өлең жолдарын көңілді, шабытты түрде айтқызады.	**Дидактикалық ойын: «Төлін айт»** Жабайы жануарлардың төлдері қалай аталады? Қасқырдың төлі – бөлтірік. Аюдың төлі – қонжық. Қоянның төлі – көжек. Түлкінің төлі – жаутаң, мыршай. Жолбарыстың төлі – шөнжік. Еліктің төлі – құралай. **Сергіту сәті:** Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлерден Ытқып-ытқып жүгірді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Дидактикалық ойын: «Сөз ойла»** Ойынды педагог бастайды. – Мен бір сөз ойладым. Оны маған түрлі сұрақтар қою арқылы табуларың керек. Балаларды не екенін табуға сөзбен көмектеседі. Педагог қандай жағдайда қалай сауал қоюдың жөн екендігін көрсетіп бағыттайды. Балалар сұрақтары: – Бұл жанды нәрсе ме, жансыз нәрсе ме? – Жанды. – Ол мал ма? – Жоқ, мал емес. – Жануар ма? Құс па? – Жабайы жануар. – Үлкен бе, кіші ме? – Итке ұқсаған. – Ол – қасқыр. – Дұрыс. **«Сөз ойла – тез ойла» ойыны**	ойды қалай білдірді? – Балалар, әрқашан бірлікте болсаңдар, сендерді де ешкім ренжіте алмайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Жақсылықтан үйреніп, Боламыз біз жақсы адам. Жамандықтан жиреніп, Үлгі аламыз жақсыдан. Педагог әңгімені екінші рет қайталап оқиды. Балалардың біреуі бастап, екіншісі жалғастыратын әдісті пайдаланады. «Әрдайым тату, бірге болсаңдар, сендерді ешкім ренжіте алмайды» деген сөзді балаларға 2-3 рет түрлі екпінде қайталап айтқызу. Балалардың қайталауын, жалғастырып айта білуін бағалау. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суреттер бойынша әңгімеле. Әкесі балаларына сыпыртқыны не үшін берді? Сен осы балалардың орнында болсаң, не істер едің? Әңгіме қалай аяқталды? 2. Үзік сызықпен бастырып сыз. Боя. 3. **Мақалды жаттап ал.** Бірлік болмай, тірлік болмас. Мақалдың мағынасын педагог түсіндіреді. Бірлік болған жерде достық та, еңбек те, татулық та

	аптада шамамен 2-3 секундқа), бірақ дем шығаруды қинап орындауға болмайды. 3.Тұрып немесе отырып 3-4 рет мұрын арқылы үзік-үзік тыныс алу, яғни әр тыныс алған сайын қысқа дем шығару, бұл ретте әр келесі тыныс алу алдыңғысынан тереңірек болуы керек. Өкпе ауаға толған кезде қысқа уақытқа тынысты тоқтатып, содан кейін кеңінен ашылған ауыз арқылы жылдам және қатты дем шығару. 3 рет қайталау. 4.Тік тұру күш салмай. Әр дем алу кезінде қарынды керіп (диафрагманы төмен түсіріп) 3-4 рет үзілмелі тыныс алу керек. Дем шығару мұрын арқылы соққылармен жасалады. Әр соққы кезінде қарын сәл тартылады. 5.Тік тұру, еркін, күш салмай. Мұрын арқылы толық тыныс алу. Қысқа кідіріс жасау (3–5 сек), дем шығару ауыз арқылы «с» дыбысымен, содан кейін қайтадан мұрын арқылы толық тыныс алу, дем шығару ауыз арқылы «фу-фу-фу» дыбысымен. Әр «фу» дыбысымен қарынды тарту және босату керек. Иықты көтермеу. 3 рет қайталау. 6.Тыныс алуды біртіндеп ұзартумен дем алуды жаттықтыру (дем алу ойда санаумен жасалады). Тыныс алудан кейінгі кідіріс тыныс	жоғары көтеріп, сәл артқа қарай шалқаю. Дем шығаруда ілгері еңкейіп, тізені бүкпей, қолдар саусақтарымен жерді ұстауға тырысу. 4.Б.т.– тұрып, аяқты бірге, қолдар белдікте. Тыныс алып, солға бұрылу, аяқтар өз орнында қалады, қолдар жан-жаққа иықтар деңгейіне дейін көтеріледі. Дем шығаруда солғажәне ілгері иілу, қолдарды артқа қарай қайыру. Келесі тыныс алу кезінде тік тұрып, денені оңға қарай бұру, қолдарды жан-жаққа көтеру (иық деңгейінде). Дем шығару кезінде ілгері және оңға иілу, қолдарды артқа қарай қайыру. Кезекті тыныс алу кезінде түзуленіп, қолдарды жоғары көтеру және бір уақытта қолдарды түсірумен байыпты дем шығару. 5.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдар дене бойымен түсірілген. Шағын тынысалып, баяу дем шығару, басты кеудеге түсіру, иықты ілгері түйістіру, қолдармен тізені ұстау, төмен қарау. Дем шығаруда басты көтеру, иықты керу, қолдарды жан-жаққа иық деңгейінде көтеру, жоғары қарау, қолдарды түсіру. 6.Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, қолдарды қабырға қимылдарын сезетіндей етіп кеудеге	түйісіп тұру керек). Ақырын жүру, тыныс алу кезінде өкшеге басып, қолдарды арқамен жоғары көтеріп, басты артқа қарай шалқайту. Дем шығару кезінде аяқты табанға қойып, қолдарды түсіріп, иекті кеудеге түсіру. 11.Б.т.– тұрып, аяқты бірге, қолдары дене бойымен түсірілген. Тыныс алу кезінде артқа қарай шалқаю, солға қарай адымдау (оң аяқ орнында қалады), қолдарды жан-жаққа иық деңгейінде көтеріп ұстау және олармен оңға және солға орташа шеңбер сызу. Дем шығаруда б.т. қайту. Жаттығуды оң аяқпен адымдап қайталау. 12.Б.т.– тұрып, аяқты бірге, қолдар желкеде, саусақтар айқасқан. Тыныс алу кезінде аяқ ұшына көтеріліп, артқа қарай шалқаю, дем шығару кезінде өкшеге тұрып, қолдарды жан-жаққа ашып, төмен түсіру.	- б.т. – дем шығару **3.Кеудені керу.** Б.т. – аяқты екі жаққа, қолдар іші тұсында айқасқан, сол қол оң қол алдында. - айқасқан қолды жоғары көтеру – жоғары – тыныс алу. - Екі қол да бүйірден доғамен қозғалады – дем шығару. Бас көтеріледі, кеудекеріледі, іш тартылады. **4 Бұрылыстар.** Б.т. – аяқты екі жаққа, екі қолда да жұдырық түюлі, саусақтар жоғарыға,денеге қысылған. - оң қол алақанмен ілгері ауаны алдыға итереді, сонымен бірге дене 90 градусқабұрылады, солға қарау – алдыға. - Б.т. - Дәл сол сияқты сол қолмен. **5.Қолмен тізені кеуде тұсында құшақтау.** Б.т. – аяқты бірге, қолды жоғары көтеру,алақанмен бір-біріне қарама-қарсы. Кеудені ілгері керу. - Тізеден бүгілген аяқты ол кеуде тұсында болатындай етіп көтеру. Тізені екіқолмен құшу – тыныс алу. - Б.т. – дем шығару. - Дәл соны сол аяқпен.	қозғалыс жасау. **4.Қамыс желде шайқалады.** Б.т. – еденде отыру, аяқтар жан-жаққа, аяқтың ұшы өзіне тартылған. - сол аяққа еңкею, қолды бармақтарға тигізу – дем шығару. 2 рет - б.т. – тыныс алу. - Дәл соны оң аяқпен, қолдары дене бойымен. 2–6 рет. **5.Қолдар аспанды итереді.** Б.т. – н.т. - қолдарды ақырын алдыға көтеру. - демді қалпына келтіруге жаттығу. Көзді жауып 8 рет дем алу, сымбат.

		алудың жартысына тең болукерек. Сегіз тыныс циклі тыныс алуды біртіндеп ұзартумен (4-тен 8-ге дейін санағанға дейін) және қысқа дем шығарумен жүргізіледі.	орналастыру. Шынтақпен ілгері, жоғары, кейін, содан кейін кері қарай айналма қимылдар жасау. Бірқалыпты, кідіріссіз тыныс алу.			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӘ уақыты: 09.00-11.10	09.00-09.25 09.35-10.00 10.10-10.35 10.45-11.10	**Дүйсенбі 17.11.25**	**Сейсенбі 18.11.25**	**Сәрсенбі 19.11.25**	**Бейсенбі 20.11.25**	**Жұма 21.11.25**
		Математика негіздері **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Дене тәрбиесі**	**Сауат ашу негіздері** **Қоршаған әлеммен танысу** **Жапсыру** **Музыка**	**Математика негіздері** **Көркем әдебиет** **Сауат ашу негіздері** **Дене тәрбиесі**	**Математика негіздері** **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Музыка**	**Сауат ашу негіздері** **Көркем әдебиет** **Қоршаған әлеммен танысу** **Дене тәрбиесі**
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)		**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Заттарды өлшемі бойынша салыстыру. **ҰІӘ міндеттері:** - балаларды ұзындығы(5және одан да артық), биіктігі, ені немесе қалыңдығы әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға, заттарды шамасы бойынша өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету; -балаларды сөйлеу барысында «үлкен – кіші», «артық – кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру; -логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу,	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау.[л] **ҰІӘ міндеттері:** Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. **Дағды:** дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуға	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Заттарды өлшемі бойынша салыстыру. **ҰІӘ міндеттері:** - беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға үйрету; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұйымшылдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Дағды:** Геометриялық	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Ұзындық.Заттардың ұзындығы бойынша салыстыру. **ҰІӘ міндеттері:** - беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға үйрету; -логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды:**	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу. **ҰІӘ міндеттері:** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. «Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту. Білімпаз болуға тәрбиелеу. **Дағды**: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.

	қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Логикалық ойлауларын сұраққа нақты жауап беру, дағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Ұжымдылыққа, мейірімді болуға, көмек көрсетуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың үлкен - кіші, көп - аз туралы ұғымдарын қалыптастыру. Көп - аз, үлкен - кішіні ажыратып күнделікті өмірде қолдана білуге және бір - бірін аттарымен атай білуге үйрету. Балалар бойына достық, мейірімділік сезімін егу. Заттарды түстеріне, түрлеріне қарай ажыратып, салыстыруды меңгерту. Ойлау, көріп тану, есте сақтау қабілеттерін арттыру. **Қауіпсіздігі:** - Ұқыптылыққа баулу. Өз бетінше есептей білуге үйрету ойлау қабілеттерін дамыту.Алған білімін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтижелер:** - заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; -сипаттамаларына сәйкес жіктеуді;	дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу. Ойын арқылы сөз буыннан,буын дауысты дыбыстардан құралатынын түсіндіру. Балаларға буын туралы түсінік беру,сөздерді буынға бөлуге үйрету Танымдық қызығушылықтарын арттыру. **Қауіпсіздігі:** Балаларға жалпы сауаттылықтары мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, лингвистикалық дүниетанымдарын кеңейту, грамматикалық талдау жасау дағдыларын дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: -сөздерді буынға бөледі; -сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын; -дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:**	фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыруға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Ұжымдылыққа, мейірімді болуға, көмек көрсетуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың өздеріне таныс дөңгелек, шаршы, үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді бір – бірінен ажыратып, атай білуге үйрету. Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балаларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру, айналасындағы заттар арасынан геометриялық пішіндерді таба білуге үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтижелер:** - заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді; -заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын; -заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды,	ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынына назар аудару дағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Балаларды ұйымшылдыққа, зеректікке баулу. Шыдамды, сабырлы, шапшаң болуға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қоршаған ортадағы сәйкес пішіндерді беттестіре отырып, салыстыруға үйрету. **Қауіпсіздігі:** Достыққа бірлесіп жұмыс атқаруға, ойнауға мұқият тыңдауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтижелер:** «ұзын - қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары - төмен», «биіктігі бірдей», «тар - кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету; ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; заттарды бір-бірінің үстіне	**«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілікке,аңғарымпаздыққа бір-біріне деген достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу,топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады; сөздерді буынға бөледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Кері іс-әрекетті айт» ойынымен іс-әрекетті бастайды. 1. Әкем киімін киді, інім ...(шешті) 2. Анам отырды, әкем ... (тұрды) 3. Анар отырды, Ажар ... (тұрды) 4. Асан кірді, Қасан ... (шықты) – Жарайсыңдар, балалар! «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. **Ғажайып сәт** – Балалар, Айсұлу (қуыршақ) бізге

	-заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын; -заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** **«Өткел»** ойынын ойнауға шақырады. 1-ден 9-ға дейінгі цифрлар еденге бір-біріне жақын арақашықта шашыраңқы етіп орналастырылады. – Жердегі цифрлар орналасқан тәртіпте «тастардың» үстімен, «аяқты су қылмай» цифрдан қателеспей арғы бетке өт. **Ғажайып сәт.** – Балалар, бізге қонаққа гномдар келді (№11 парақ). Күрделі сұрақ: – Барлық гномдар бірдей ме? – Олардың қайда орналасқанын айтайық. (Алдыңғы жақта, артқы жақта, оң жақта, сол жақта т.б.). – Олармен танысайық. Педагог балаларға суреттегі әр гномды «үлкен – кішкентай», киімнің түсі, «алдыңғы – артқы», «алдында», «арасында», «жанында» сөздерін қолданып сипаттауға	балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңбері** Өсті ақыл, ойларың, Өсті, міне, бойларың. Иіліп сәлем береміз, Әдепті боп өсеміз. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді? 2) Дауысты дыбыстардың жасалу жолы қандай? 3) Буында неше дауысты дыбыс болады? Дыбыстармен жаттығулар. **«Соңғы дыбыстан баста» дидактикалық ойыны** Педагог балаларға сөз айтады да бір баланы көрсетеді, бала сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтады, келесі бала жалғастырады. Мысалы: маймыл - лақ - қарбыз - зәкір - радио - от - тауық - қарлығаш - шапалақ - қайық - қасық - қылыш - шаш - шахмат - тамыз - зырылдауық - қант - ту - уық - қу - уәде - емізік т.б. Көмек керек балаларға педагог көмектеседі. **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны** Педагог дыбыстарды айтады, ал балалар дыбысқа тиісті түстерді	заттардың белгілерін анықтауды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Әлия (қуыршақ) түрлі түсті 3 шарф әкелді. Педагог ленталарды немесе түрлі түсті кесінділерді көрсетеді.  Кіші топтың қыздары қай шарфтың ұзынырақ екенін біле алмады: қызыл, ақ немесе жасыл. Оларға көмектесейік. Балалар салыстыру тәсілдерін ұсынады. Ең алдымен оны «көзбен» салыстырады, бірінші екеуден, одан соң үшеуін бірге салыстырады. Олар: қызыл шарф ақ шарфқа қарағанда ұзынырақ, жасыл шарф ақ шарфқа қарағанда қысқалау. Педагог көзбен салыстырудан шыққан нәтижелерді тексеруді ұсынады. Балалар шарф ұзындықтарын салыстыру бойынша жасалған тәжірибелік жұмыстарға қатысады. – Оларды салыстыру үшін осылай қоюға бола ма? (Беттестірудің қате үлгісін	қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**  **«Керісінше ата» дидактикалық ойыны.** Педагог допты лақтырып, сөзді атайды. Бала допты педагогке лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы антоним сөзді атайды. Ұзын – қысқа, биік – төмен, кең – тар, жуан – жіңішке. «Ретке келтір» ойын жаттығуы. «Түрлі түсті Кюизенер есептейтін таяқшалар» жиынтығынан таяқшаларды таратады және оларды ұзындығы бойынша (содан кейін ені бойынша) өсу ретімен орналастыруды сұрайды. Оларды кесінділермен ауыстыруға болады. Балалар тапсырманы	тапсырмалары бар хатқалта беріп жіберіпті, хатқалтаны ашып, тапсырмаларын орындайық. **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Сөздерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы** – Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер. Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ т.б. **«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы** (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады) – Айсұлу бізге **-та** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б. **-ба** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б. **-са** буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап,

	көмектеседі. Балалар ойынға қатысады. Гномдар суретін анықтап қарап шығады, санайды, олардың өлшемін, түсін, кеңістіктегі орнын көрсетеді. Педагог балаларға түсіндіреді: – Біз гномдарды көлемі бойынша: үлкен және кішкентай деп, және оларды киімдерінің түсі бойынша салыстырдық. Енді біз оларды бойына және көлеміне қарап салыстыруды үйренеміз. Гномдарды өсу ретімен орналастыруды ұсынады: алдымен ең аласа гном, содан кейін сәл биіктеу т.с.с. – Мұны қалай жасаймыз? Педагог алдымен гномдарды көзбен қарап салыстыруды ұсынады, содан кейін оларды бір-бірінің жанына қойып, тексеру керектігін айтады: ұзын немесе қысқа. Ең ұзыны қай гном, қайсысы ең қысқасы (аласасы) екенін айтып беруді сұрайды. Әр гном өзінің бойына қарай кілемше алғысы келеді. Педагог ені әртүрлі, бірақ ұзындығы бірдей гномдар санына қарай тіктөртбұрыштар таратады – 7 дана. – Кілемшелер қалың немесе жұқа деп айтылмайды, олар: тар – кеңірек. – Кілемшелерді ені бойынша қалай орналастырамыз?	көрсетеді (қызыл, көк). Сөздермен жаттығулар. «Бірінші дыбысты анықта» дидактикалық ойыны – Балалар, мен суреттерді көрсетемін, сендер суретте бейнеленгендердің атындағы бірінші дыбысты айтасыңдар. Мысалы: ана(а), әке(ә), етік(е), нан(н), гүл(г), ыдыс(ы), алма(а), есек(е), ұшақ(ұ), аң(а), омыртқа(о), ине(и), алмұрт(а), от(о), орындық(о), елгезек(е), ешкі(е), өмір,(ө), ұлу(ұ), ұршық(ұ), ірімшік(і), ін(і). – Қандай дыбыстан басталатын сөздерді айттыңдар? (Дауысты дыбыстан басталатын). – Оны қайдан білдік? – Өкпеден шыққан ауа еш кедергісіз шықты. Бұлай дауысты дыбыстар жасалады. Балалар, мен тағы суреттер көрсетем айтып, бірінші дыбысына мән беріңдер. Мысалы: пияз(п), ферма(ф), пима(п), түн(т), күй(к), хат(х), щетка(щ), күрек(к), шана(ш), сырмақ(с), таға(т), халық(х). Келесі суреттердегі заттардың атын атап, бірінші дыбысын қайталайық. Мысалы: бала (б), доп(д), зер(з), бақа(б), би(б), вагон(в), бұрыш(б), ғалым(ғ), бұлт(б), домбыра(д), дақ (д), вагон(в), жидек(ж), гүл(г),	көрсетеді). Балалар тыңдайды және жауап береді, оларды бір-біріне беттестіру керек екенін айтады. – Олардың бір жақ ұштары бір-біріне сәйкес келуі керек. – Заттардың ұзындығын өлшеудің, оларды салыстырудың басқа қандай тәсілдері бар? Беттестіру тәсілі қолданылады. Педагог шарфтардың бір жақ ұштарының сәйкес келуін бақылайды. Педагог заттардың ұзындығын шартты өлшеуіш көмегімен өлшеуге болатынын хабарлайды. Шартты өлшеуіш ретінде қағаз кесінділерін ұсынады. Балалар шарфтың ұзындығын шартты өлшеуіштің көмегімен өлшеп, нәтижелерін айтады: қызыл шарф ақ шарфқа қарағанда ұзындау, жасыл шарф ақ шарфқа қарағанда қысқа. Педагог ұзындығы мен ені бірдей кесінділерді көрсетеді. Оларды екі қолына ұстап балаларға көрсетеді. – Қай кесінді ұзындау? Мұны қалай тексеруге болады? Балалар өзара талқылап, өлшеудің тәсілдерін ұсынады. Педагог кесінділерді бір-біріне беттестіріп, олардың өзара сәйкестігін көрсетеді.	орындайды. Балалар таяқшаларды бір-біріне тұстастырғандарын айтып түсіндіреді. Педагог қай заттың ұзын немесе қысқа екенін білу үшін беттестіру әдісін де қолдануға болатынын айтып толықтырады. Оны жасап көрсетеді. Тәжірибелік жұмыс. 1. Педагог балалардан үстелдің ұзындығын алақанмен өлшеуді сұрайды. Балалар үстелді алақанмен өлшейді. Алынған жауаптар салыстырылады. – Қалайша, үстел біреу, ал жауаптар әртүрлі? (Өйкені әр баланың алақанының өлшемі әртүрлі.) 2. Үстелдің ұзындығын шынтақпен өлше. Балалар үстелді шынтақпен өлшейді. Алынған жауаптар салыстырылады. Балалардың шынтақ ұзындығы әртүрлі, сондықтан әртүрлі жауаптар шықты деген қорытынды жасалады. 3. Педагог екі баланы шақырады және ойын бұрышындағы кілемнің ұзындығын қадаммен өлшеуді сұрайды. Екі бала кілемді қадаммен өлшейді. Алынған жауаптар салыстырылады. Педагогпен бірлесе отырып, балалардың қадам өлшемі әртүрлі деген нәтиже шығарады, сондықтан өлшеуден	сауықшыл, сан т.б. Ойын соңында фишкасы ең көп бала жеңімпаз болады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Буынға бөл. Сәйкес сызбамен қос. 2. Суреттен **л** дыбысы бар сөздерді ата. Алақанды шапалақтап, буынға бөл. **Сергіту сәті:** Қолды қойып зілтемірге, Көтереміз, сілке бірге. Түсіреміз ақырындап, Көтер қайта бірте-бірте. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 4. Боя. 5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы:** Тыңда, орында. Алақанды ысқылап, Қыздырайық, балақай. Алақаның ысыды, Қараңдаршы, алақай! Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін

	Балаларды алдымен көзбен салыстырып қарауға, содан кейін беттестіру тәсілін қолданады. Балалар тапсырманы орындайды, өз әрекеттерін түсіндіріп айтады. Дәл осыған ұқсас жұмысты балалармен жүргізеді. Педагог бірнеше баланы (бес адамға дейін) шығарып, оларды бір-бірінің артына қатарға тұрғызады. Қалған балалар олардың белгілерін сипаттайды: үлкен-кішкентай, киімнің түсі, бірінен соң бірі орналасу орны. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Суретке қара, не бейнеленгенін айт. Барлық заттың өлшемі бірдей ме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды қызылмен қоршап сыз. Суретпен танысу, онда не бейнеленгенін айтып беру. – Барлық заттардың өлшемі бірдей ме? Өлшемі үлкен заттарды көк қарындашпен, кішкентай заттарды қызыл қарындашпен қоршап сызу керек. Балалар заттарды атайды, өлшемін анықтайды, қоршап сызады. **2-тапсырма.** Заттарға қара. Оларды түсі мен өлшемі бойынша топтастыр. Қажет затты боя. Заттарды анықтап қарайды. Белгілері бойынша топтарға бөледі: түс және өлшем. Суреттерді осы екі белгілері	ғарыш(ғ),бидон(б), жалау(ж). рауғаш(р), уыз(у), лақ(л), мысық(м), нан(н), мылтық(м), моншақ(м), нар(н). Бұл дыбыстар қалай айтылды? Қалай аталады? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос. 2. Бағдаршамның қай түсінің атында [л] дыбысы бар? Сөздерді алақанды шапалақтап, буынға бөл. 3. Дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға жұмыс дәптерде өз беттерімен дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог тексеру үшін, тақтаға жұмыс жасауға балаларды шақырады. Тақтаға бір, екі, бес сөздерінің сызбалары ілінеді. Балалар өз жұмыстарын тақтадағы дыбыстық талдаумен салыстырып, тексереді. **«Бір»** сөзі 1 буын, 3 дыбыстан тұрады. **«Екі»** сөзі 2 буын, 3 дыбыстан тұрады. **«Бес»** сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. Педагог балалармен жеке жұмыс жасайды. **Сергіту сәті:** Бір, екі, үш Жинап алдық күш.	– Кесінділер туралы не айтуға болады? (Кесінділердің ұзындығы бірдей). **Балаларға көрсету әрекеті:** **Ойын жаттығуы. «Кімнің бойы ұзын? Кімнің бойы аласа?».** – Балалар, қай баланың бойы ұзын немесе қай баланың бойы қысқа екенін қалай білеміз? Педагог топтың жартысына жақын арақашықтықта жұптасып немесе арқасымен жақындап тұруды ұсынады. Балалардың екінші жартысы жұптасып тұрған балалардың бойын анықтап, бір-бірімен салыстырады, кімнің ұзын, қысқа, немесе бойлары тең екендігін атайды. Содан кейін балалар орындарымен ауысады. Практикалық жұмыс. Ағаш суреттерін көрсетеді. – Қай ағаш ең ұзын? Қалай анықтаймыз? Ал ең қысқа ағаш қайсысы? Педагог көзбен қарап салыстыруды ұсынады, балалар жауап береді: – Қайың – ең ұзын ағаш. – Көзбен салыстырғанда қателессек қайтеміз? Оны қалай тексереміз? Қандай шартты өлшеуішті таңдаймыз? Педагог таяқша кесіндісін ұсынады. Балалармен бірге ағаштардың ұзындығын салыстыру үшін таяқшаны	әртүрлі нәтижелері алынды деген қорытынды жасалады. **Проблемалық сұрақ:** заттардың ұзындығын қалай анықтауға болады? Педагог балалардан үйде ата-аналарының заттарды қалай өлшейтінін еске түсіруді сұрайды. Талқылау барысында Педагог бірыңғай өлшем – метр ойлап шығарылғандығын түсіндіреді (көрсетеді): – Бұл өлшемді барлық адамдар пайдаланады. Оны шартты өлшеуіш деп те атауға болады. Қағаз кесінділерін салыстыруды ұсынады. – Қай кесінді ұзындау? (Бір-бірінің үстіне қойыңдар немесе басып ұстаңдар. Кесінді шеттерін бір-біріне сәйкес етіп келтіріңдер.) – Суреттерді қабаттастыра аламыз ба немесе бір-біріне біріктіре аламыз ба? Қалай жасау керек? Өлшеуішті ұсынады – таяқшалар. Мысалы, LEGO конструктор бөлшегі: – Кесінділерге қанша кіші бөлшектер сыйып тұр? Педагог шартты өлшеуіш арқылы өлшеу әдісін көрсетеді, орындалған іс-әрекеттерді түсіндіреді, балаларды өлшеу процесі мен нәтижелерін талқылауға белсенді қатысуға шақырады. – Біз бірінші – өлшеуішті	айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

	бойынша бөледі. Қажетті затты бояйды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті.** Кәне, қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық. Орнымызға қонайық. Білімде алда болайық. Түсі, өлшемі бойынша жіктеуге арналған тәжірибелік жұмыс. Педагог жұппен немесе топпен отырғызылған балаларға көмекші материал таратады. Қақпақтарды жіктеуге арналған тапсырма: өлшемі бойынша үлкен және кіші; түсі бойынша – сары, қызыл, жасыл. **3-тапсырма.** Үлкен заттарды қызыл, ал кішкентай заттарды сары түспен боя. Қай зат қай жерде тұрғанын айт. Балалар үлкен және кішкентай заттарды тауып, бояйды. Орналасқан жерін айтып түсіндіреді: оң жағында, сол жағында, ортасында, төменде, жоғарыда деп көрсетеді. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс	Дәптерімізді ашайық, Төрт, бес, алты Көрсетілген үлгіге Біз жазамыз мықты. Әдемі етіп жазайық. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 5. Штрихта 6. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы:** Тыңда, қайтала. Саусағымыз айқасып, «Жеңемін» деп шайқасып, Бірін-бірі тартады. Білекке сенім артады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекетінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау қызық болса, көңілді смайлды, ал егер	ағаштардың ұзындығына сәйкес қойып өлшейді. Балалар әр ағаштың астына цифр бар карточкаларды көрсетеді. Балалар ең үлкен санды тауып атайды. Сол ағаш ең ұзыны болады (қайың). – Енді ең қысқа ағашты табыңдар. Шартты өлшеуіштің көмегімен тексеріледі. Осыған ұқсас жұмыс заттардың енін салыстыруда да жасалады. **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Өлшеуіштерді боя. Салыстыр. – Әр қарындаштың қанша өлшемін боядың? Ең ұзынын тап. Онда қанша өлшем бар? Ең қысқа қарындаш қандай түске боялған? Онда қанша өлшем бар? Күнбағыс тапсырмасы да дәл осылай орындалады. Педагог тапсырманы орындау кезінде тазалық пен мұқияттылық туралы еске салады. Балаларға бір-бірінің тапсырмасын тексеруді ұсынады. **Сергіту сәті.** Мәтін мазмұнына байланысты қимыл-қозғалыстар жасалады. Алақанмен шапалақты ұрамыз, Орнымыздан көтеріліп тұрамыз. Тіземізді алақанмен соғамыз! Оңға, солға мойнымызды бұрамыз! Орнымызда бірнеше рет	таңдадық. – Өлшеуді неден бастаймыз? (Өлшеуішті кесінді үстіне қою керек.) Өлшеуішті өлшейтін заттың ең шетімен қосып біріктіріп ұстау керек. – Одан соң не істейміз? Қарындашпен өлшемнің шетін белгілейміз, осы белгіден бастап өлшеуішті қайтадан қойып, өлшеуді әрі қарай жалғастырамыз. Біз өлшеуішті бірінші рет қойғанда, өлшемнің шетін белгілеп, сол жерге ойыншық немесе кез келген бір затты белгі ретінде қалдыру керекпіз Ол бізге өлшемнің бір рет дәл орындалғанын білдіреді. Өлшейміз, белгіленген сызыққа қарай жылжытып, тағы да өлшенген жердің шетін ойыншықпен белгілейміз. Бұл бізге өлшемнің екінші рет дәл түскенін көрсетеді. Өлшеу ережелерімен алғашқы танысу кезінде педагог балаларға өлшеу әдістері мен ережелерін көрсетеді және талдайды, қорытындылайды, нәтижені анықтайды. Осыдан кейін балаларға өлшеуді өз бетімен орындауды ұсынады. Балалардан іс-әрекеттерді түсіндіріп айтуға, содан кейін өлшеу нәтижелерін бірге талқылауды сұрайды. Балалар өлшемдерді санайды және жазады (цифры бар карточканы	

	орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	секіріп, Қолымызды жоғарыға созамыз! Біз ақылды боламыз! Оқу оқып барлығынан озамыз! **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **2-тапсырма.** Жүк көлігі мен велосипедтің қандай жолда тұрғанын айт. Оларды боя. Педагог суреттерге қарауды сұрайды. – Жоғарыдағы суреттен кең және тар жолды көрсету керек. Педагог жүк көлігі мен велосипедтің қай жолда екенін көрсетуді сұрайды. – Оларды боя. Балалар тапсырманы орындайды, өз әрекеттерін түсіндіреді. **3-тапсырма.** Ұзын заттарды ұзын қарындашпен, қысқа заттарды қысқа қарындашпен сызып қос. Педагог ұзын және қысқа заттарды үлгіге сәйкес: ұзын немесе қысқа қарындашпен сызып қосуды ұсынады. **4-тапсырма.** Ең жуан және қалың затты қызыл түспен, жіңішке және жұқа затты көк түспен боя. Қалыңдығы және жуандығы бірдей заттарды жасыл түспен бояу керек. Балалар бір-бірінің тапсырмаларының орындалуын тексереді. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Өз	орналастырады), сұрақтарға жауап береді. Өлшеу ережелерін талқылайды және анықтайды: өлшемдерді қатар қойып, оларды санау керек. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сергіту сәті:** Орманда секіреміз, жүреміз! (Оқушылар бір орында тұрып секіреді, жүреді.) Терең, терең тыныстап, қуанамыз, күлеміз! (Терең дем алып, езулерін жымитады.) Оң жағымда өседі биік, биік ағаштар, (Оң жаққа қарап, қолдарын жоғары көтеріп түйістіреді.) Сол жағымда өзен бар, суға түсіп, жүземіз (Суда жүзу қимылдарын жасайды.) Көбелекті қуамыз, «Алақай!» деп айтамыз! (Барлығы бірге дауыстап «Алақай» деп айтады.) Кеш болғанда жүгіріп, үйге біздер қайтамыз! (Бір орында тұрып жүгіреді.) **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.**Қоршаудағы тақтайшаларды салыстыр. Ұзынын белгіле. Қара және ақ қойларды сана. Цифрды қоршап сыз. Қоршаудағы тақтайшалардың ұзындығын өлшеу үшін «Лего» конструкторы немесе текшелер қолданылады. – Өлшемдер санын есепте.	

			әрекеттерін дауыстап айтуларын сұрайды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	Қай тақтайша ең қысқа? Ұзындықтары бірдей тақтайшалар бар ма? Балалар өлшемдерді санайды, бір-бірімен салыстырады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **2-тапсырма.** Заттарға қара. Оларды ұзындығы бойынша салыстыр. Қалай салыстыруға болатынын түсіндір. Суреттермен танысуды және ұзындығы бойынша салыстыруды, қалай салыстыруға болатынын түсіндіруді ұсынады. **3-тапсырма.** Заттарды ең биігінен, ең аласасына қарай сызып қос. **4-тапсырма.** Гномдарға заттарды өлшеміне қарай таңдап алуға көмектес. Гномдарға заттарды өлшеміне қарай таңдап беруге көмектесуді ұсынады. Оларды қосып сызу керек. Педагог балалардан: – Гномдардың айырмашылығы неде? – Олардың бойы әртүрлі және киім түстері әртүрлі. Әрі қарай, балалар гномдардың көлеміне қарай шелектер мен күректерді (үлкен – орташа – кішкентай) таңдайды. Гномдарды өлшеміне сай келетін заттармен сызып қосады. Гномдарға өз қарындаштарын табуға көмектес. Оларды	

				біріктіріп сыз. Таңдалған қарындашты гномның қалпағымен бірдей түске боя. Тапсырманы жұптық жұмыс арқылы тексеруге болады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. **Логиканы дамытуға арналған ойын жаттығуы.** 1. Қызыл қарындаш жасылға қарағанда ұзын, жасыл қарындаш көгілдірге қарағанда ұзын. – Ең қысқа қарындаш қандай? (Көгілдір.) 2. Жасыл таспа көгілдірге қарағанда жіңішке, көгілдір таспа қызылға қарағанда жіңішке. Қай таспа бәрінен жуан? (Қызыл.) **Топтық жұмыс.** Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді. Педагог балаларға әртүрлі ұзындықтағы таяқшаларды немесе қарындаштарды таратады. Заттарды өсу және кему ретімен орналастыруды сұрайды. Педагог хормен жаңа сөздерді қайталауды сұрайды ұзын – қысқа, биік – төмен, кең – тар, жуан – жіңішке.	

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру

Экологиялық тәрбие.Эмоционалды әрекет.

Экологиялық ойын: Ойын арқылы балаларды табиғатпен таныстырады.
Ұмыт болған ұлттық ойын: «Қарлығаш»
Басты міндеттері: Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.

Ұмыт болған ұлттық ойын: «Қарлығаш»
Ойынның міндеттері: Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.
Дағды: Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.
Ойынның ережесі :
Әдістемелік нұсқаулар: Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, қанаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек.

II нұсқа

Әдістемелік нұсқаулар:
Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет.
Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға
Ойынның педагогикалық маңызы.
Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.
Ұсыныс: ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Ойыншықтар дүкенінде. **ҰІӘ міндеттері:** - З, ө дыбыстарын анық айтуға үйрету; -ойыншықтардың неден жасалғанын білу; -ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: сапа және әрекетті білдіретін сөздерді қолдануға ынталандыру (ақ, жұмсақ қоян, үлкен, мейірімді мысық секіреді т.б.); ойыншықтардың	**2.Қоршаған әлеммен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Көлік. **ҰІӘ міндеттері:** - балаларға көлік туралы түсінік беру. Көліктерді топтастыра білуге үйрету. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету; -көлік түрлерінің адамға қажеттілігіне назар аударту. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Әдептілік әлемі (Ермек Өтетілеуұлының өлеңі) **ҰІӘ міндеттері:** - өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: - Өлеңді мәнерлеп оқуға, ойларын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:**	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жануарлар қайда тұрады? **ҰІӘ міндеттері:** - жануарлардың тіршілігі туралы білімін кеңейту; - көп мағыналы сөздерді қолдана білуге баулу; - жануарларды қорғауға тәрбиелеу. **Дағды**: Суретке қарап сөйлем, әңгіме құрап айта алады. Қарама-қарсы сөздерді қолдана алуға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:**	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Әкесі мен балалары. (Лев Толстойдың әңгімесі) **ҰІӘ міндеттері:** - әңгіме мазмұнын қайталап айтуға үйрету; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. **Дағды**: Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу; көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылығын арттыру

	атауларындағы «б», «п» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. **Құндылықтарға баулу:** ойыншықтарға деген мейірімділік, ұқыптылық сезімдерін ояту,өзінің де өзгенің де еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ұл бала мен қыз баланың ойыншықтарын ажырата айта білуге дағдыландыру. Балаларды сөзді анық айтып, дұрыс сөйлей білуге баулу. Сөздік қорын, ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа, эстетикалық талғамдарын кеңейту, әдемілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - балалардың ойлау қабілетін дамыту, тақпақтар, мақал–мәтелдер, тыйым сөздер айтқыза отырып, тілдерін дамыту; -балаларды адамгершілікке, табиғатты сүюге, табиғатқа қамқор бола білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: - Сұрақтарға жауап беру, екі сөзден құралған сөздер құрау, ойыншықтардың пайдасын білу. Әдепті, тәртіпті болу. Сөздер құрай алу, ойыншықтардың атын, неден жасалғанын, қайда	қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту; -еңбексүйгіштікке, тазалыққа үйрету. **Дағды**: Атқаратын қызметіне және жүретін ортасына қарай (әуеде, жерде, суда) топтастыру арқылы көліктердің пайдасы және зиянды жақтарын білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Жолда жүру ережесін сақтауға, мейірімділікке, ұқыптылыққа, достыққа, көлік мамандарының еңбегін бағалай білуге, құрметтеуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. **Қауіпсіздігі:** Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілетін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілетін дамыту. Зерттеушілік мәдениетке тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: -көлік түрлері туралы толық білді; -көліктерді атқаратын қызметіне қарай әуеда, суда, жерде жүретін	Балалардың өмірге қажетті білік - дағдыларын тереңдете отырып, әдемілік ұғымын түсіндіру. Алған білімдерін тиянақтай отырып іс - жүзінде көрсете білуге үйрету. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** - Сөйлесе білуге, ойын терең жеткізе білуге үйрету, тіл байлықтарын дамыту. Мақал - мәтелдердің мағынасын түсінуін қалыптастыру. Адамгершілікке тәрбиелеу, сәлемдесу, кезек күту, бір - бірлерін сыйлай білуге, шыдамдылыққа баулу арқылы әдептілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларды әдептілік ережелерімен таныстыру. Отбасында,тұрмыс – тіршілікте әділет пен адалдыққа,инабат пен қонақжайлылыққа тәрбиелеу.Өмірдің әр түрлі жағдайларында өзін мәдениетті ұстай білуге,үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсете білуге баулу. Адамгершілікке,кішіпейілдікке,жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: - әдептілік ережелерін;	Жабайы жануарлардың (аю, қоян, түлкі, қасқыр) сипаттық белгілерін байқай білуге үйрету арқылы зейіндерін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жабайы жануарлар туралы түсінік беру. Оларды орманда мекен ететіні жөнінде айту. Балалар үй жануарлары және жабайы жануарларды ажырата білуге үйрету. Қайда? сұрағына жауап беруге дағдыландыру. **Қауіпсіздігі:** Баланың ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Бір - екі сөздермен сөйлем құрап, ауызекі байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Фонематикалық есту қабілетін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: Жабайы жануарлардың сипаттық белгілерін байқап, оларды сипаттап айтуды орындайды; Жабайы жануарлар туралы берілген мәліметтерді түсінеді; Жабайы жануарлардың жүріс–тұрысын қимылмен келтіре білу дағдыларын қолданады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету,	және оның мазмұнын түсіне отырып әңгімені аяқтауға дағдыландыру, татулыққа, достыққа тәрбиелеу. **Құндылықтарға баулу:** ересектермен қарым-қатынас ережелерін сақтауға үйрету, еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижесін құрметтеуге үйрету. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Әңгіменің мазмұнын игеру, тілін дамыту. Шығарма бойынша әңгімелесу. **Қауіпсіздігі:** Балалардың қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: Әкені сыйлай білуі; Үлкендерге деген сүйіспеншілік сезімін игерілуі; Әңгіменің мазмұнын меңгерілуі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберін құру. Алақанды соғайық, (алақандарын шапалақтау) Күннің нұрын салайық.

	сатылатынын. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог: – Балалар, сендер ойыншықпен ойнағанды жақсы көресіңдер ғой? Ендеше, біз бүгін ойыншықтар дүкеніне барамыз. Ойын жағдаяты Педагог балаларды ойыншықтар бұрышында орналасқан дүкенге шақырады. Стаушы рөліне өзі тілек білдірген баланы таңдап алады. Педагогтің үйретуімен балалар дүкеншімен амандасып, өздеріне ұнайтын ойыншықтарын сұрап алады. Дүкенде кезекке тұрып, сыпайылық танытуларын ескертеді. Дүкенші сөреден балалардың сұраған ойыншықтарын алып береді. **Сөздік жұмысы:** сөре – дүкендегі заттар қойылатын тақтай сәкі **Балаларға көрсету әрекеті:** – Кім өз ойыншығын толық, тиянақты етіп сипаттаса, сол ойыншықпен ойнауға дүкенші рұқсат береді. Педагог бірінші болып өзі сипаттап айтып береді. – Менің сүйікті ойыншығым қуыршақ. Қуыршақ пластмассадан жасалған,	түрлеріне қарай жіктеуді меңгерді; -көлік түрлерін салыстырып, ортақ белгілері туралы айта алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Жұмбақ оқиды, балалар жауабын табады. Төрт аяқты, екі көзді, Өзі жансыз жүреді. Отпен, майдан жемі бар, Құрыш болат жүрегі. Жауабы: мәшине. – «Жүрегі» дегенді қалай түсінесіңдер? – Ол – мәшинеңің моторы. **Балаларға көрсету әрекеті:** Балаларға демонстрациялық материалдардан мәшинелердің суреттері көрсетіліп, «мәшине» сөзінің баламасын табу ұсынылады. (Мәшине-көлік-тасымалдаушы-автомобиль). Педагог суреттерден балаларға арналған көліктерді табуға ұсыныс жасайды: балалар жүргізе алатын көліктер: квадрацикл, пультпен жүргізілетін мәшинелер, электрсамокат. Интербелсенді тақтадан дөңгелектер (пішіндер) пайда болады. Педагог балалардан не көріп	өлең, ойын арқылы жақсы қасиеттерді; адамдар арасындағы қарым-қатынас нормалары мен қоғамдық орындарда жүріп-тұру ережелерін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберін құру. Балаларға көңілді амандасуды ұсынады. – Әдемі күліп, әркім өзінің атын айтып амандасыңдар. Өзін таныстырған бала ерекше амандасып, әртістерше басын иеді. Балалар қол шапалақтап, бір-бірін құрметтейді. – Балалар, амандасудың өзі де әдептілікке жататынын ұмытпайық. – «Әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер? – «Әдептілік» деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз. – Бүгін біз ақын Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас	балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Көлеңке» қимылды ойыны** – Балалар, орман, тоғайдағы жануарлар серуенге шықты. Олардың қимылын салып көрейік. Көлбең-көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем! Қане, қатарға тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Педагог бір ұзын, бір аласа баладан тұрғызады. Көлбең-көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем, Кірпі қалай жүреді, Кім көрсете біледі? Ортаға бір бала шығып, аталған аңның (қоян, түлкі, тиін т.б.) жүрісін салып көрсетеді. Басқа балалар оны қайталайды. Балаларға жабайы жануарлар – түз жануары, олар өз бетімен табиғатта тіршілік ететіндігі түсіндіріледі. Кейбір жануарлар орманда, кейбірі далада, кейбірі тауда. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** жабайы жануарлар – өз бетімен табиғатта тіршілік ететін түз жануары **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Жануарларды ата. Олар қайда өмір сүреді? Үй жануарлары мен жабайы аңдардың тіршілігін салыстыр. 2. Ұйқасын тап. Өзінше ноян,	(қолдарымен Күнді салу) Таза ауаны жұтайық, (мұрнымен тыныс алу) Жиналған жылы шуақты (екі алақанды алға созу) Бір-бірімізге сыйлайық! (бір-біріне үрлеу) – Сиқырлы сандықшаны ашып көрейік. – Суреттен кімді көріп тұрсыңдар? – Әкесі мен балаларына ат қояйық. – Үйде сендерді әкелерің қандай жақсы сөздермен еркелетеді? – Бүгін біз әкенің балаларына айтқан ақылы туралы «Әкесі мен балалары» әңгімесімен танысамыз. Авторы – орыс жазушысы Лев Толстой. Әңгіменің басқа жанрдан ерекшелігі – оқиғаны қысқа баяндайды. Педагог әңгімені мәнерлеп оқиды (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** сыпыртқы – үй сыпыратын зат шыбық – сыпыртқының жеке талы Сұрақ-жауап: – Әңгіменің авторы кім? Әкесі балаларына қандай ақыл айтты? – Сыпыртқы неге сынбады? – Жеке-жеке сындырғанда, шыбықтар неге оңай сынды? – Әкесі балаларына

	оның денесі, басы, аяқтары бар. Шашы және көзі қара түсті. Қолдары мен аяқтары ұзын, қатты. Көйлегі мен аяққиімі қызыл, бантигі ақ. Қолында әдемі ақ түсті сөмкесі бар. Қуыршақты жатқызсаң, көзін жұмып ұйықтайды. Балалар педагогтің соңынан өз ойыншықтарын сипаттап айтып береді де, дүкенші берген ойыншықтармен ойнайды. **Сергіту сәті:** Оңға, оңға, оңға иіл, Солға, солға, солға иіл. Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым. Жоғары-төмен қарайық Орнымызды табайық. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Тіл ұстарту жаттығуы** Өс-өс-өс – Өнегелі болып өс. Өс-өс-өс – Ұқыпты болып өс. За-за-за – Маған берші маза. За-за-за – Болсын қолың таза. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суретте балалар қандай ойыншықтар алып жатыр? Әңгімеле. 2. Суреттен қыздар ойнайтын ойыншықтарды қыз балаға сызып қос. Ұлдар ойнайтын ойыншықтарды ұл балаға сызып қос. Ал екеуі де ойнайтын ойыншық болса, екеуіне де сызып қос. Дидактикалық ойын:	тұрғандарын, дөңгелек пішіндердің көліктерге қандай қатысы барын сұрайды. Балалар мәшинеңің дөңгелектері дөңгелек пішінді екенін айтады. Тақтада ең алғашқы автомобиль және Карл Бенц бейнесі пайда болады. Өнертапқыш Карл Бенц іштен жану қозғалтқышы бар автомобильді ойлап тапты. Мәшинелер жайлы көптеген деректермен танысамыз. Интербелсенді тақтада түйеге, атқа мінген адамдар, ат жегілген арба, жүк тиеген өгіздер суреттері көрсетіледі. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы ертедегі көлік түрлері туралы әңгіме жүргізіледі. Арба мен мәшинеңің ұқсастығы мен айырмашылығын айтады. – Ертеде адамдар алыс жерлерге көзді ашып-жұмғанша жеткізетін көліктерді аңсаған, оны қай ертегіден байқауға болады? Интербелсенді тақтадан «Ер Төстік» ертегісіндегі кейіпкер – Желаяқтың бейнесі шығады. Мәшинеңің әр бөлшегінің қызметін әңгімелейді, мысалы, мәшине шамы жолды көрсетеді, мәшинеңің дөңгелегі айналып, мәшине жүреді, айнадан артқы жол қозғалысын көреді, руль	сөздермен суреттейді. Педагог «Әдептілік әлемі» өлеңін оқып береді (соңындағы қосымшадан қараңыз). **Балаларға көрсету:** **Сөздік жұмысы:** аяқ-табақ – тамақ ішетін ыдыс Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады?Авторы кім? – Өлеңде не туралы айтылған? – Асты қалай ішу керек? (Асықпай ішкен ас сіңімді болады) – Ас ішкен соң не істеу керек? (Ыдыс-аяқты жинаймыз) – Әдепті сөзіне сөйлем құра. **Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?»** Шарты: сұрақтарға жауап алу арқылы балаларды әдептілікке жетелеу. – Үлкен кісіні ... керек. Үлкендердің ... алу керек. – Кішілерге ... керек. Ойыншықтарды ... керек. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Алдан әже жолықса, Бөгелем де әдейілеп, Сәлемдесем сол тұста: «Есенсіз бе, әже!» – деп. Педагог «Әдептілік әлемі» өлеңін екінші қайтара оқып, мнемокесте бойынша жаттатады. Мнемокестедегі суреттерді атайды.	Қорқақ ... . (қоян) Айбат шегер алыстан, Аң патшасы – ... . (арыстан) **Дидактикалық ойын: «Төлін айт»** Жабайы жануарлардың төлдері қалай аталады? Қасқырдың төлі – бөлтірік. Аюдың төлі – қонжық. Қоянның төлі – көжек. Түлкінің төлі – жаутаң, мыршай. Жолбарыстың төлі – шөнжік. Еліктің төлі – құралай. **Сергіту сәті:** Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлерден Ытқып-ытқып жүгірді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Дидактикалық ойын: «Сөз ойла»** Ойынды педагог бастайды. – Мен бір сөз ойладым. Оны маған түрлі сұрақтар қою арқылы табуларың керек. Балаларды не екенін табуға сөзбен көмектеседі. Педагог қандай жағдайда қалай сауал қоюдың жөн екендігін көрсетіп бағыттайды. Балалар сұрақтары: – Бұл жанды нәрсе ме, жансыз нәрсе ме? – Жанды. – Ол мал ма? – Жоқ, мал емес. – Жануар ма? Құс па? – Жабайы жануар. – Үлкен бе, кіші ме? – Итке ұқсаған. – Ол – қасқыр.	«Әрдайым тату, бірге болсаңдар, сендерді ешкім ренжіте алмайды» деген ойды қалай білдірді? – Балалар, әрқашан бірлікте болсаңдар, сендерді де ешкім ренжіте алмайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Жақсылықтан үйреніп, Боламыз біз жақсы адам. Жамандықтан жиреніп, Үлгі аламыз жақсыдан. Педагог әңгімені екінші рет қайталап оқиды. Балалардың біреуі бастап, екіншісі жалғастыратын әдісті пайдаланады. «Әрдайым тату, бірге болсаңдар, сендерді ешкім ренжіте алмайды» деген сөзді балаларға 2-3 рет түрлі екпінде қайталап айтқызу. Балалардың қайталауын, жалғастырып айта білуін бағалау. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суреттер бойынша әңгімеле. Әкесі балаларына сыпыртқыны не үшін берді? Сен осы балалардың орнында болсаң, не істер едің? Әңгіме қалай аяқталды? 2. Үзік сызықпен бастырып сыз. Боя. 3. **Мақалды жаттап ал.** Бірлік болмай, тірлік болмас. Мақалдың мағынасын

	«Дыбыстың орнын анықта» Терезе, үстел, шахмат сөздеріндегі т дыбысының орнын анықта (басы, ортасы, соңы). Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	мәшинені керекті бағытқа бұру үшін, орындық жүргізушінің жайлы отырып, мәшинені басқаруға қажет, тепкішек тоқтату үшін не қозғалту үшін, автомобиль корпусы, жүксалғыш т.б. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** – Балалар, сендер қала көшелерінен қандай көлік түрлерін көрдіңдер? Интербелсенді тақтадан автобус, трамвай, троллейбус, метро пойыздары көрсетіледі. – Бұл көліктердің ортақ атауы қандай? – Тасымалдаушы, жолаушы көліктері. Педагог балаларды жол белгілері орналасқан үстелдің жанына шақырып, әр көлікке арналған аялдама белгілерін әңгімелейді. – «Велосипед» белгісі нені білдіреді? – «Велосипедке арналған жол» белгісін білдіреді. – Велосипед жолымен тағы қандай көліктер жүре алады? – Гидроскутер, электрсамокат, сигвей көліктері жүре алады. «Автомобиль құрастыр» ойыны. «Пішіндер-мәшинелер» ойыны. Желаяқтың пайымдауы: Көлік – бұл жүк, адамдарды тасымалдауға арналған түрлі техника. (QR-код арқылы	Балаларға өлең жолдарын көңілді, шабытты түрде айтқызады. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суреттерге қарап, әдепті бала туралы әңгіме құра. 2. Мақалды жаттап ал. Әдепті адам – көрікті. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Бүгін не туралы әңгімеледік? Балаларды мадақтау. **Әдептілік әлемі** Қарсы ал ерте күн көзін, Төсегіңді жина өзің. Асықпай іш тамағыңды, Жина аяқ-табағыңды. Пышақты ұста оң қолмен, Шанышқыны сол қолмен. Нанды үгітпе, қадірле, Қабығымен бәрін же. Саусағыңды сормағын, Салдыр-салақ болмағын. Үзбе жұлып түймені, Салма аузыңа инені. Сыйла үлкен кісіні, Қамқорлыққа ал кішіні. Сақта көше тәртібін, Бағдаршамның ал «тілін». Әдет қыл бұл ісіңді – Тазалап жүр тісіңді. (Ермек Өтетілеуұлы	– Дұрыс. **«Сөз ойла – тез ойла» ойыны** Айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі, көп мағыналы сөздер ойлайық. Көз – адамның көзі, иненің көзі, бұлақтың көзі, күннің көзі. Жаға – киімнің жағасы, көлдің жағасы. Ара – жәндік, ағаш аралайтын сайман. Қара – түс, жұлдызға қара. Аттан түс – ақ түс. Атпен шап – шөп шап. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. – Өзіңе ұнаған ойынды айт, несімен ұнады? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	педагог түсіндіреді. Бірлік болған жерде достық та, еңбек те, татулық та болады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Бүгінгі әңгіме ұнады ма? Балаларды мадақтау. **Әкесі мен балалары (әңгіме)** Бір кісінің үш баласы бар еді. Балаларының өз арасында татулығы болмапты. «Тату тұрыңдар», – деп әкесі балаларына әлденеше рет айтқан екен, балалары әкесінің сөзін тыңдамапты. Бір күні әкесі қатты ауырыпты. Ол балалары араздығын қоймаса, еншілерін алып, әрқайсысы өз бетімен кетіп, жарлы болатынын біледі. Татулықтың, достықтың пайдалы екенін балаларына көрсетейін деп ойлаған әкесі ұлдарын шақырды. – Бірің сыпырғыш алып кел, – деді. Балалары сыпырғыш әкелді. – Балаларым! Мына сыпырғышты сындырыңдар, – деді. Балалары қаншама сындырайын деп тырысса да, ешбірі сындыра алмады. Сонда әкесі сыпырғыштың байлауын шешті, бір-бір шыбықтан сыпырғыштағы бар шыбықты сындырды. Қарап отырған балаларына

		қосымшаны жүктеу) Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). **Үлестірмелі материалдармен жұмыс.** 1. Желаяқты көлік түрлерімен таныстыр. Олардың ортақ белгілерін ата. Не артық? (Артығы: тікұшақ, өйткені оның дөңгелегі жоқ). 2. Көліктерді атап, ортақ белгілерін тап. Не артық? Ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді, қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.			айтты: – Көрдіңдер ме, сендер татулықпен бірге тұрсаңдар, сендерді ешкім жеңе алмас. Ал араздықпен бөлек болсаңдар, сендерді әркім жеңер. Аяғының астына басар, қадірлерің кетер, берекелерің қашар, – деді. (Лев Толстой)

«Ас – адамның арқауы» түскі ас. **10:00-10:10** **Ас қабылдау мақсаты:** Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін	**Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
	«Адал азамат» біртұтас тәрбие				
	- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды. **- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.** **- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.** **- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.**				
	«Тамақ ішу әдебі» **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Дәнді шашпа, нанды баспа	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ...ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Ас адамның арқауы.	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»

әдепті ұстауға қалыптастыру.					

2 үзіліс – 10:00 – 10:10

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

«Еркін қозғалу, өз әрекеттерімен қимылдауға » арналған ойын: «Мен ұшқыштарша ұшамын»

Басты міндет: Балаларды бір - біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту.

Артикуляциялық аппаратты тілдік жаттығулар

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:

Шегірткe.

Ш-ш-ш-шегірткемін ш-ш-ш-шырылдақ,
Ән саламын ш-шырылдап:
-ш-ш-ш-ш-ш
Жоқ тұрақты мекенім,
Ш-ш-ш-шөпті қорек етемін.
-ш-ш-ш-ш-ш
(Шегіртке болып «ш»дыбысын айтып көр.)

Қоңыз.

Тым қатулы кескіні,
Жақтырмаймын ешкімді,
Үлкен қара қоңыздың
Дауысы алыстан естілді:
-ж-ж-ж-ж-ж
Мұндай сұмдық бола ма?
Келе салып сонаға
Гүжілдеді: «Бұл ж-ж-ж-жерге
Енді қайтіп ж-ж-ж-жолама!»
-ж-ж-ж-ж-ж
Көбелек пен инелік
Қалды тіптен иеніп.
Мұңды әуен басталды
Шегірткеміз күйзеліп:
-ш-ш-ш-ш
Ызылдады ара да:
-з-з-з-з-з
Ызылдады маса да:
-з-з-з-з-з
Ал өрмекші үн түнсіз

Еркін қозғалу,қимылды ойын:

«Мен ұшқыштарша ұшамын»

Міндет: Балаларды бір - біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту.

Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.

Ойынның шарты: Балалар 3 - 4 топқа бөлінеді. Олар бірінің соңыннан бірі қолбасшының артында тұрады. Түрлі - түсті жалаушалармен белгіленген алаңдарда топтар орналасқан. Бұл - әуежай. «Ұшқыштар ұшуға дайындалыңдар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады /еңкейеді/, моторды айландырады /қолдарымен кеуденің тұсында айландырады/, қанаттарын жан - жаққа созады, ұшады /әртүрлі бағытта жан - жаққа жүгіреді/. Ұшақтар тәрбиеші «қоныңдар», - деген белгі бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейін қолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4 - 5 рет қайталанады.

Ұсыныс: ойында әртүрлі құралдарды пайдалануға болады. Әуежайды белгілеп қойған жалаушаларды тәрбиеші білдірмей ауыстырып қояды. Қолбасшының топтарын әуежайға дұрыс орналастыруы қажет.

Жасырынды тасаға «Тыныштықты бүгінгі Келді дағы бүлдірді»- Деп қоңызға құмырсқа Өз ренішін білдірді. Ал қоңызға бәрібір, **Айтатыны:** «Ары ж-ж-жүр!» Жанында еш досы жоқ, Гүж-гүж етіп әлі жүр. (Балақай, ойыншық жәндіктермен үстел театрын жасап ойнауға болады. Әр жәндіктің сөзін айтып болған соң, оның дыбысын салуды ұмытпа)					
3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.10 – 10.35					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік Ту. **ҰІӘ міндеттері:** - Мемлекеттік Туды сипаттай білуге үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. **Дағды**: Қазақстан Республикасының рәміздерін дұрыс айта білу дағдыларын жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** Отан сүйгіштікке ,адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.	**3.Жапсыру-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Бұлттар. **ҰІӘ міндеттері:** - қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу; -шығармашылық қабілеттерін дамыту; -табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу. **Дағды**: Қағаз бетінің кеңістігін дұрыс бағдарлап, бұлттарды орналастыру дағдыларына машақаттандыру. **Құндылықтарға баулу:** Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Табиғатты сүйе білуге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Эстетикалық талғамдарын дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды күзгі табиғат	**3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Сөздерді буынға бөлеміз. **ҰІӘ міндеттері:** Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу. **Дағды:** сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды бауырмалдыққа, бір - бірін қолдауға,	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба **ҰІӘ міндеттері:** - Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. **Дағды**: өз ойын, пікірін айта алуға дағдыландыра отырып, жеке тұлға ретінде қалыптасуын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік	**3.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Жеті ата. **ҰІӘ міндеттері:** -«Жеті ата» туралы түсінік беру; -туыстық байланыстарды түсіндіру арқылы есте сақтау, сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту және өз отбасы туралы әңгімелеу білуге баулу; -ата-баба дәстүріне деген қызығушылықтарын ояту. **Дағды**: Өзінің кім екенін, ағайын-тумаларының қайдан шыққанын білгізу, ұрпаққа шежіре үйрету, шығармашылыққа баулуға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Жеті атаны білу арқылы өзіңді тану. Атадан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алу. Ата текті құрметтеу, ұрпақ жалғастығы, отбасы құндылығы және тектілік

	«Адал азамат» біртұтас тәрбие: - Балаларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерімен таныстыру.Туды,Елтаңбаны және Гимнді бір-бірінен ажырата білуге үйрету.Балаларға рәміздерді құрметтеуге,қастерлеуге рәміздерді бәрінен биік ұстауға,рәміздердің әр элементтерін,бөлшектерін атауларын жатқа білуге тәрбиелеу **Қауіпсіздігі:** тәрбиеленушілердің патриоттық сезім мен елге деген сүйіспеншілікті сезініп, мемлекеттік нышандардың мәнін ұғынады. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: - Мемлекеттік Туды сипаттайды, тақпақты қайталайды; сөздерді, сұрақтарды түсінеді,Қазақстан Республикасының рәміздерін айтады, сұрақтарға жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Слайд: «Менің Отаным». Өткен тақырыпты қайталау. Біздің Отанымыз қалай аталады?	құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуді үйрету. Табиғатты сүйе білуге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу **Қауіпсіздігі:** Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. **Коррекциялық:** Ұқыпты жұмыс істеуге, бір-бірінекөмектесе білуге баулу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: - қағазды ұсақтап жыртып жаңбырдың жаууына бұлттардың әсер ететінін; бұлттарды жасау үшін жырту тәсілін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Жұмбақ Көзі жасты-жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса жылайды, Жадыраса тарайды. (Бұлт) –Ол не? – Балалар, естеріңде болса,	достарының сөздерін тыңдай білуге, топпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу **Қауіпсіздігі:** Буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Балалардың ой-өрісін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендерге ашық аспан, көтеріңкі көңіл күй және сәтті күн тілеймін. Алақанымызды ашайық күннің нұрынан салайық, жүрегіміздің лүпілінен салайық, көтеріңкі көңіл күйден салайық, ал енді достарымызға үрлейік. Барлықтарыңда бүгін күндей күліп жүретін болдыңдар. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыстармен жаттығулар. **«Кім білгіш?» дидакикалық ойыны** Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с,	қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру. **Қауіпсіздігі:** -рәміздерді білуге үйретуді жалғастыру, сөздік қорларын, ой - өрісін дамытып, дұрыс сөйлеуге жаттықтыру; -өз Отанын сүйе білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: - Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттайды, тақпақты жаттайды; тақпақтың мағынасын, сұрақтарды түсінеді; Қазақстан Республикасының рәміздерін айтады, сұрақтарға жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру**	туралы ұғымды ұғыну. Ата - баба аруағына тәу етіп, адамгершілікке тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға қазақ отбасындағы тәрбиенің ерекшелігі туралы қысқаша мағлұмат беру. Жеті ата атты ұлағатты ұлттық ұғымнан хабардар ету. **Қауіпсіздігі:** Балаларға киелі жеті саны жөнінде түсінік беру Сөздік қорын байытып, қабілеттерін арттыру. Ата - баба аруағына тәу етіп, адамгершілікке тәрбиелеу **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**: - сыни ойлау дағдылары артады; - өздігінен тақырыпты меңгереді; - қызығушылықтары артады; - өз идеясын ұсынады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Отбасында нешеуміз?» деген ойынмен басталады. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу) – Қазақ халқында туған-туыстардың жалғасуын

	Біздің Отанымыз – Қазақстан. Біздің Отанымыз – қандай мемлекет? Біздің Отанымыз – тәуелсіз мемлекет. **Балаларға көрсету әрекеті:** Жаңа сөздермен танысу. Мемлекеттік рәміздер, гимн, ту, қыран, ою, күн шуақтары. Постермен жұмыс. Мынау – Мемлекеттік Ту. Тудың шетінде ою-өрнек, ортасында күн, күннің астында қыран құс бейнеленген. Түсі көгілдір. Мемлекеттік Туда не бейнеленген? Мемлекеттік Туда қыран, күн, ою-өрнек бейнеленген. Тудың түсі қандай? Түсі көгілдір. Мемлекеттік Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков. Мемлекеттік Тудың авторы кім? Мемлекеттің Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков. Балалар жаңа сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар аударады. Мемлекеттік Рәміздер – Государственные Символы Ту – Флаг қыран – орел ою – орнамент күн шуақтары – лучи солнца «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Туды сипатта,	серуен кезінде бұлттарды бақыладық. – Бұлттар қайда болады? – Бұлттардың түсі қандай? – Бұлттар қозғала ма? **Балаларға көрсету әрекеті:** – Балалар, сендер бұлт туралы жақсы жауап бердіңдер. Ал жаңбырдың жаууына бұлттардың әсер ететінін білесіңдер ме? Бүгін біз бұлттарды жапсырамыз. Педагог жырту әдісін түсіндіріп, жапсыру техникасын көрсетеді. Үлестірмелі материалдың 16-бетіндегі сюжетті суретке назар аударады. Педагог жұмыс барысында жекелеген балаларға көмектеседі. Ақ қағазды ұсақтап жыртқызады.  **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Суретті көріп болғаннан кейін барлығы бірге сергіту сәтін жасайды. «Қуырмаш» Бас-бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек. Бір үйде біз нешеуміз?	ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; - дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Жұп құр» ойын-жаттығуы** Педагог тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине. **«Буынды айтып сөз құра»** дидакикалық ойыны Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: На...нан, та...тарақ, қа...қара, жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә... т.б. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша	**әрекеті:** Мемлекетіміздің рәміздерін ата? (Мемлекетіміздің рәміздері: гимн, ту, елтаңба). Мемлекеттік Туда не бейнеленген? (Қыран, күн, ою-өрнек бейнеленген). Мемлекеттік Тудың авторы кім? (Мемлекеттің Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков). **Балаларға көрсету әрекеті:** Постермен жұмыс. Педагог шағын мәтінді оқиды. Мынау – Мемлекеттік Елтаңба. Елтаңбамызда шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. Төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Мемлекеттік Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген? Мемлекеттік Елтаңбада шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген. Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім? Мемлекеттің Елтаңбаның авторы – Жандарбек	ерекше атаумен сақтаған. Ол «Жеті ата» деп аталады. Қазақ халқы туыстық жалғасу естелігін болашақ ұрпақ үшін сақтауға тырысты. Ол не үшін қажет болды? Өйткені кейінірек бұл ақпаратты балаларына, немерелеріне, шөберелеріне жеткізу үшін олардың атын, тегін арнайы дәптерге жазуды шешті. Бұл жазбалар «Тектік шежіре» деп аталды. Сөйтіп, көп жылдар, тіпті ғасырлар бойы ұрпақ жадында көптеген туыстар туралы мәліметтер сақталды. Әр адам жеті атасын білуі шарт. **Балаларға көрсету әрекеті:** – Сонымен, «жеті ата» деген не? Кім біледі? – «Жеті ата» дегеніміз – біздің ата-бабаларымыз, біз олардан тараған ұрпақпыз. – Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы т.б. жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Біздің кім -кімнен тарайтынымызды білу үшін, досымыз Ер Төстік ойын алып келіпті. «Жеті атаны жинау» ойыны. Сергіту сәті. **1-ойын-тапсырма.**

	сөйлем құра. Мемлекеттік Туда күн бейнеленген. Күннің түсі сары. Мемлекеттік Туда қыран құс бейнеленген. Мемлекеттік Туда ою-өрнек бейнеленген. Мемлекеттік Тудың түсі көгілдір. Тақпақ жатта. Қазақстан жалауы Жалауымда көгілдір, Күн күледі төгіп нұр. Қыран-бейне қанатты, Көкке самғар – еліммен! Ө.Ақыпбекұлы	Бір үйде біз бесеуміз. **« Біз тамшылармыз»** қимылды ойыны. Педагог бұлт кейпіндегі тәжді киеді. Балаларға да тамшы бейнеленген қағаздан тәж кигізеді. Өзі бұлт-ана, ал балалар – оның тамшылары болады. Бұлт-ана тамшыларды жер бетіне қыдыруға жібереді, өсімдіктерді суғару, жер бетін жуу туралы кеңес береді. Ә.Табылдиевтің «Бұлт» өлеңін мәнерлеп оқи отырып, оқу қызметін қорытындылайды. Өлең мәтінін жаттауға таратып береді. – Балалар, әдемі бұлттар жасадыңдар, жарайсыңдар!	дөңгелек сал. 2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен сәйкестендір. Педагог суреттерді буынның санына қарай өз үйшіктеріне қосуға тапсырма береді, неше буыннан тұрса, сонша терезелі үйге қосу қажет. **Сергіту сәті:** Қиынсынып қашпаймыз, Иілеміз оңға бір, Шынығамыз жастай біз. Иілеміз солға бір, Көңілді әуен сазымен. Қолды жоғары көтеріп, Жаттығуды бастаймыз. Терең тыныс алайық. Қолды төмен түсіріп, **Жұмыс дәптерімен жұмыс** (графикалық жұмыс) 4. Үзік сызықтарды бастыр. 5. Бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы:** Тыңда, орында. Алақанның біреуін Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын, Қол үстінен ұрайық. Балаларды мақтап, оларға	Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Достығымыз жарасқан, Ақпыз, қара, сарымыз. Қара жер мен көк аспан, Ортақ дала тауымыз. «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра. Елтаңбада шаңырақ бейнеленген. Елтаңбада тұлпар бейнеленген. Елтаңбада жұлдыз бейнеленген. Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті. Ө. Ақыпбекұлы **Дидактикалық ойын: «Жалғастыр»** **Ойынның шарты:** ойынды бастаушы сөздің бірінші буынын айтады, басқа балалар жалғастырып, сөз құрайды. Сөйлем құрауға жаттықтыру үшін бірінші сөзі айтылады. Бұл ойынды екі топ болып ойнауға да болады.	«Киіз үй құрастыру» ойыны. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **2-ойын-тапсырма.** «Цифрларды тиісті жеті ата атаулары жазылған сурет-кестемен сәйкестендір» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). 1. Жеті ата 2. Түп ата 3. Тек ата 4. Баба 5. Арғы ата 6. Ата 7. Әке Бала өзінен бастап әкесі, атасы, арғы атасы, бабасы, тек атасы, түп атасы және жетінші атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Ер Төстіктің пайымдауы: «Жеті атадан тараған ұрпақ жеті рулы елге айналады» Үлестірмелі материалдармен жұмыс. 1. Ер Төстікке «Жеті ата» мүшелерін ретімен көрсетіп, атап бер. Сызықпен қос. Ең үлкені мен ең кішкентайын тап. Белгіле. 2. Ата-бабаларымыздың ұлттық киімдерін ата. Таңдаған түске боя. Педагог жеке жұмыс жүргізеді, қорытынды жасайды, балаларды

			жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Балалар, қандай тапсырма сендерге қызығырақ болды? – Балалар, ұйымдастырылған іс-әрекеті ұнаса, алдарыңдағы күліп тұрған смайлды бояңдар, ал егер ұнамаса, ренжіп тұрған смайлды бояңдар.		мадақтайды.

Құндылықты қалыптастыру

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

3 үзіліс – 10:35 – 10:45

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен танысыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Қозғалмалы ойын:« Белгіні тыңда»

Басты міндеттері: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.



Қозғалмалы ойын: «Белгіні тыңда»

Ойын міндеттері: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

Ойын шарты: балалар шеңбер бойында тұрады. Тәрбиеші жалаушамен алға деген белгі бергенде балалар мәреге жету керек, жете алмаған бала өз өнерін көрсетеді.

Ұсыныс:ойынды әрі қарай жалғастырады.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 10.45 – 11.10

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)	**4. Дене тәрбиесі -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Отбасымызбен бірге жаттығамыз. **ҰІӘ міндеттері:** - қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол	**4. Музыка-**шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Жомарт өлкем **ҰІӘ міндеттері:** - қазақ халқының музыкасын қабылдау;	**4. Дене тәрбиесі -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Отбасылық альбом. **ҰІӘ міндеттері:** - балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның	**4. Музыка-**шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Жомарт өлкем **ҰІӘ міндеттері:** - қазақ халқының музыкасын қабылдау;	**4. Дене тәрбиесі -** ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Хоккей ойнап үйренеміз.(таза ауада) **ҰІӘ міндеттері:** - қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі

	мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру. -допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алуға жаттықтыру. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту. **Дағды**: Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру; Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапа даму дағдысын қалыптастыру. **Құндылықтарға баулу:** Отбасы мүшелерімен бірге салауатты өмір салтын. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Биіктікке көтеріле өрмелеуді үйрету. ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын қадағалау. **Қауіпсіздігі:** Кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін және қозғалыс анализаторларын дамыту, қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру	-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажырату; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. **Дағды**: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру,адамгершілік сезімдерін ояту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға еліміздің бас қаласы - Астана туралы мәлімет беру. Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. **Қауіпсіздігі:** Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елінің отанын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»**	ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру. **Дағды**: Жиырылған бұлшық еттерін босаңсыту мен психологиялық көңіл күйлерін көтере білу қабілеттерін дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Еңбеккорлыққа, жинақы, тәртіпті болуға және алға ұмтылуға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Күнделікті өмірде: ойын барысында тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын), мейірімді, тез тіл табысқыш қасиеттерін дамыту. Спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу. **Қауіпсіздігі:** Қозғалыста қайта сап түзеу, өз әрекеттерін жүйелеу, қол саусақтарының ұшымен допты жұмсақ ұрып қайтара білу, зал кеңістігін бағдарлай алуды. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже:** Допты еденге бір қолмен соғу, сауықтыру массажын; нәтижелі білім алуда денсаулықтың маңызын, жаттығудың орындалу тәсілі мен орындалу	-әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажырату; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. **Дағды**: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру,адамгершілік сезімдерін ояту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға еліміздің бас қаласы - Астана туралы мәлімет беру. Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. **Қауіпсіздігі:** Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елінің отанын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже**:	болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету. -жұпта қасына қарай аттау арқылы қозғала отырып заттарды орнынан басқа жерге апаруға, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруге, түсетін күшті мөлшерлеп бөлуге жаттықтыру. **Дағды**: Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру; Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапа даму дағдысын қалыптастыру. **Құндылықтарға баулу:** Интеллектуалдық және математикалық мүмкіндіктерін арттыруға жағдай жасау. Спортқа қызығушылығын қалыптастыру. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. **Қауіпсіздігі:** жұппен қозғалу дағдыларын, кеңістікті бағдарлауды, мәселені шешуде жұппен әрекет ету дағдыларын. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже:**

	керектігін, қолмен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру керектігін. **Апта дәйексөзі**: **«Әр істі жауапкершілікпен атқар!»** **Күтілетін нәтиже:** - гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеу. Қысқа секіртпемен секіру. Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, доптықайтадан қағып алу. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Саусақ гимнастикасы:** «Отбасы» Бас бармағым – атам, Балалы үйрек – әжем, Ортан терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкене бөбек – мен. Міне – менің спорт сүйер отбасым. **«Зейіндерін жаттықтыру»** **Ойын жаттығуы:** **«Жылдам шеңберге тұр!»:** көрсетілген жерге: сол, оң, алдыға, артқашеңберге жылдам тұру. **Балаларға көрсету әрекеті:** «Ептілікті жаттықтырамыз» **Құрсаумен орындалатын ЖДЖ (№2)**, құрсауды айналдыру, құрсауды тігінен қойыпайналдыру қолдың	**Күтілетін нәтиже**: - шығарманы тыңдайды, сипаттайды; әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, ән орындайды; -музыкаға сәйкес қимылдар орындау; -музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды, ойынға катысады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова). Балалар жұптасып, бірінен соң бірі тұрады, тізені көтеріп жеңіл секіріп, серіппе жасап, шапалақтап, топылдатып, екеуі екі жаққа қарап айналады. **Балаларға көрсету әрекеті:** Музыка тыңдау: «Туған ел» (Л. Хамиди). Әнді мұқият тыңдап, мазмұны, шығарманың көңіл күйі туралы айтылады. Туған жерге сүйіспеншіліктерін арттыруға баулу. Композитор Л. Хамидидің портреті көрсетіліп, шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет беріледі. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып,	сапасының арасындағы байланысты. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **І.Қимыл-қозғалыс ойыны: «Өз түсіңді тап!».** Жұп болып екі тізбекке тұрады. Тізбекте жүру, жүгіру. Бір-бірінің аяқтарын басып кетпеулерін қадағалау. Түрлі түсті қолорамалдарын алып, орамалдардың түстеріне сәйкес жұп болып тұрады. Зал ішінде педагогтің белгісі бойынша шашырап жүреді. «1, 2, 3 – Өз түсіңді тап!» деген бұйрық бойынша жұп болып екі тізбекке жылдам тұрады. Жүруді жүгірумен алмастырады. Бағыт қозғалысын сақтайды. Зал ортасында екі-екіден тізбеке сап түзеп тұрады. Тізбектен екі жаққа оңға, солға жүру. **Балаларға көрсету әрекеті:** Қолды шынтақтан бүгіп, бірақ түзу ұстап, денені солға, оңға бұру, еңкейгенде тізені бүкпейді. Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен	- шығарманы тыңдайды, сипаттайды; әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, ән орындайды; -музыкаға сәйкес қимылдар орындау; -музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды, ойынға катысады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова). Балалар жұптасып, бірінен соң бірі тұрады, тізені көтеріп жеңіл секіріп, серіппе жасап, шапалақтап, топылдатып, екеуі екі жаққа қарап айналады. **Балаларға көрсету әрекеті:** Музыка тыңдау: «Туған ел» (Л. Хамиди). Әнді мұқият тыңдап, мазмұны, шығарманың көңіл күйі туралы айтылады. Туған жерге сүйіспеншіліктерін арттыруға баулу. Композитор Л. Хамидидің портреті көрсетіліп, шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет беріледі. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев).	- имек ағашты басқару, шайбаны түзу бағытта алып жүру жаттығуларын; имек ағаштың, шайбаның қызметі, хоккей ойнағандағы қауіпсіздік ережелерін, жұппен қозғалғанда тепе-теңдікті сақтауды, геометриялық фигуралардың ерекшеліктерін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балаларды имек ағаш,шайба,хоккей ойынының ережелері, хоккейшілердің киім ерекшеліктерімен таныстыру. Шайбаға арналған имек ағаш – хоккейде шайбаны ұратын, пас беретін, шайбаны алып жүретін спорттық құрал. Ойын кезіндегі мұзда жүру қауіпсіздік ережелерін сақтауға назар аудару. **І.Имек ағашпен жаттығулар орындау:** Бір қолдан екінші қолға ауыстыру, айналдыру, қолдарына имек ағашты ұстап тұрып сермеу, имек ағашты бір қолдан екінші қолға ауыстырып, денені айналдырып қозғалту, имек ағашты екі қолмен айналдыру. Қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, балалардың

	моторикасын, шапшаңдық секілді дене сапасын дамытады. Педагогтің нұсқауын нақты орындауға тырысады: тезелерін бүкпейді, алдыға еңкейгенде дем алуларын кідіртпейді. Құрсауды айналдыру барысында бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. «Қозғалыс үйлесімділігін жаттықтырамыз» Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектерден дұрыс ұстау, қауіпсіздік техникасына басты назар аудару қажет. Тепкішектерден дұрыс ұстауға талпынады: басбармағын төмен жақтан, қалған төрт саусақпен тепкішектің жоғарғы жағынан ұстайды. Сатыдан асығыс өрмелемейді және секіріп түспейді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!»** Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып,қайтадан қағып алады.	әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әннің әуенін дұрыс орындауға, сөздерін анық, таза айтуға үйрету. Үйренген «Астана» әнін (А. Досмағанбет) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. **Балаларға көрсету әрекеті:** Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Ұлдардың қатысуымен бидің элементтерімен таныстыру. Батырлар мен шабандоздар қимылдарына еліктеп би элементтерін үйрету, денені жеңіл ұстап, ырғаққа ілесе қимылдар жасау. «Асатаяқ биі» қыздардың қатысуымен («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді қайталау, еске түсіру, би қимылдарын мәнерлеп орындауға үйрену. Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын	ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допды еденге бір қолмен соғады, еденнен ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады. (4 рет) Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Тепкішектерден дұрыс ұстауға талпынады: басбармағын төмен жақтан, қалған төрт саусақпен тепкішектің жоғарғы жағынан ұстайды. Сатыдан асығыс өрмелемейді және секіріп түспейді. (4 рет) «Классиктер»: бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Нұсқау: аяқтарының ұшымен жұлқи серпілу; жерді табанымен толық баспайды. (3 рет) **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Дәл беру». Жұп болып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады (арақашықтықтары – 3 м). Серіктесіне допты табанымен домалатып әкеледі. **ІІІ.«Көңіл күй»**	Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әннің әуенін дұрыс орындауға, сөздерін анық, таза айтуға үйрету. Үйренген «Астана» әнін (А. Досмағанбет) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. **Балаларға көрсету әрекеті:** Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Ұлдардың қатысуымен бидің элементтерімен таныстыру. Батырлар мен шабандоздар қимылдарына еліктеп би элементтерін үйрету, денені жеңіл ұстап, ырғаққа ілесе қимылдар жасау. «Асатаяқ биі» қыздардың қатысуымен («Билеп үйренейік» жинағынан). Биді қайталау, еске түсіру, би қимылдарын мәнерлеп орындауға үйрену. Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай).	қажетті арақашықтықта тұрғанын қадағалау. **Балаларға көрсету әрекеті:** **ІІ.«Тарт-итер».** Қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, итеру-тарту дұрыс мөлшерлеп, бөлінуін қадағалау. Залдың бір шетінен екінші шетіне қарай қозғалады. Имек ағаштан ұстап, бір-біріне қарап тұрады. Бір бала арқасымен жүреді, екіншісі итереді. Шайбаны түзу бағытта алып жүру. Имек ағашты екі қолымен емін-еркін, дұрыс (үстінен күштірек қолымен ұшына таман ұстап, астынан бағыт беру үшін әлсіздеу қолымен) ұстауына көңіл бөлу. Қатар-қатар тұрып, қарама-қарсы жақта тұрған серігіне шайбаны дәлдеп алып барады. Имек ағаштың басындағы қыры толық мұзда жатуын қадағалауға тырысады. Шайбаны беріп, өздері орнына жүгіріп қайтып келеді. «Мұзшалар, жел мен аяз» қимыл-қозғалыс ойыны. Алаңқайды толық пайдаланып, бір-біріне соғылмай қозғалу керек. Ойыншылар екі шеңбер құрып тұрады. Бір шеңбер ақ қаршаның төңірегінде, екінші шеңбер көк қаршаның төңірегіне құрылады. Балалар шеңбер

		түсіндіреді. Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Асатаяқ, тоқылдақ, тұяқтас ұрмалы ұлттық аспаптарын қолдану.	Отбасындағы көңіл күйді көрсетеді. Шеңберге тұрады. -Күзгі бұлт тәрізді қабақтарын түйеді; -Күн сияқты күлімдейді; -Дауыл соққандай ашуланады; -Найзағайды көрген адам сияқты қорқады; -Боран ішінде келе жатқан адам сияқты шаршайды; -Бұтақта отырған құс, толқынмен жүзіп келе жатқан кеме сияқты демалады.	Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Асатаяқ, тоқылдақ, тұяқтас ұрмалы ұлттық аспаптарын қолдану.	бойымен жай жүреді. «Жарқырап ақша қар, Сылдырлап ұшады! Дың, дың, дың!» шеңберде жүреді. «Жел!» дегенде, шашырап жүгіре жөнеледі. «Аяз!» дегенде, қайта жүгіріп келіп өз шеңберін қайта құруы керек. Бірінші болып тұра қалған команда ұпай алады. Бірнеше қайталағаннан соң, ең көп ұпай жинаған команда жеңеді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **III.Кинезиологиялық гимнастика.** **«Тілше».** Тілімізді шығарамыз, Қараңыздар, қандай тіл! ***Тілдерін алға-артқа қозғалтады. **«Тілше».** Тілімізді қозғалтамыз, Қозғалса ол шынығады! ***Тілдерін оңға-солға қозғалтады. **«Ауыз».** Шайнаңдаймыз аузымызбен, Шынықсын деп жағымыз! * Ауыздарын ашып, жақ сүйегімен оңға-солға шұғыл қимылдар жасайды.
Серуенге дайындық 11:10-11.15	**Еңбегі адал жас өрен: «Мен дұрыс киіне аламын»** **Мақсаты:**Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. **Дағды:**киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру**.**				
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру **«Біз табиғат қорғаушыларымыз!» Танымдық,эксперименталдық іс-әрекет табиғат аясында** **Серуен кезіндегі қауіпсіздік:**Баланың өмірге бейімделуіне үлкен мән беру.Қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. -тәрбиешінің міндеті– температура режимін және ауа-райы мен температура жағдайларына сәйкес балалардың киімдерін және баланың бас киімінің болуын бақылау;				

-серуендеу, ойын, еңбек әрекеті кезінде балалардың шаршауын, ыстықтауын, тоңуын болдырмау үшін серуенді өткізу жоспары бойынша балалар әрекетінің қимылды, аз қимылды түрлеріне кезекпен ауыстырып отыру қажет.					
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» **11:15 – 11:40** **Күндізгі серуен жалпы мақсаты:** 1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. **Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту.** Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер. Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын	**Қараша** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №11** **Ауладағы ағаштарды бақылау** **Міндеттері***:* — Ағаштар туралы білімдерін бекіту; — Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту. **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Ағаштар» М.Әлімбаев** Қысында да шырайлы, Жасыл шырша ұнайды. Түні бойы жауды қар, Салбырады сәнді тал. Тау баурайы төменде, Өседі жас емендер. Ауыл сәні терек, Терек егу керек. Сырғалы қайың, ақ қайың, Баптайын, күтіп, сақтайын. Басқа ағашпен аралас, Жайқалады қарағаш Көк қарағай, қарағай, Мейірбанды анадай, Көкке бойын созады, Көпке қолын созады. Балаларға сұрақтар: ♦ Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған ♦ Ағаштар не үшін керек? ♦ Ол адамға не береді? ♦ Қыста ағаштар бейнесі қандай болады? ♦ Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай	**Қараша** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №12** **Желді бақылау** **Міндеттері***:* — өлі табиғат туралы білімдерін байыту; — табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз** **Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Ұйтқиды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай, Ұйтқып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай. **Балаға сұрақтар** ♦ Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)* ♦ Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)* ♦ Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компас пен, зырылдауықпен) ♦ Жел қалай пайда болады? ♦ *Тәрбиеші түсіндіреді:* Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен	**Қараша** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №13** **Көпшілік көліктерін бақылау** **Міндеттері***:* — көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу; —үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Балалармен әңгімелесу өткізу.** ♦сендер қандай көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер? ♦ Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады? *(аялдама.)* ♦ Аялдамаға автобустардан басқа тағы қандай көліктер тоқтайды? *(Маршруттар, таксилер.)* ♦ Автобусқа қай есіктен міну керек? *(алдыңғы)* ♦ Қай есіктен шығу керек?? *(артқы)* ♦ Автобустың қай жағынан айналып өту керек? *(арт жағынан)* ♦ Неге? *(жолда келе жатқан көліктер жақсы көрінеді)* ♦ Сен автобуста келе жатырсың. Бос орындар жоқ. Автобусқа қарт кісі мінді. Сен не істейсің? Неге?	**Қараша** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №14** **Бүгінгі ауа-райын бақылау.Айналадағы адамның қысқы еңбегі.** **Міндеттері***:* —қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру . —қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; —зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз .** Далада қар болрайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып-жылтыр болып жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Гүлденеді бақшалар, Жауса-жаусын ақша қар. ♦ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? *(барлық жерді қар басты.)* ♦ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? *(аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)* ♦бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? *(жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)*	**Қараша** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №15** **Қараша айында торғайларды бақылау** **Міндеттері:** *т*орғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; —күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру. **Бақылау барысы:** **Көркемсөз** Қалатындай қиқылдап, Әдетіңді білемін, «Шиық, шиық» еттің шиқылдап , Дайын асқа ортақсың Шашып берген жемімді Торғай, торғай торғайым, Жейсің сонша қиқымдап, Сені әркез қорғаймын Қорқақсың-ау, қорқақсың, Қыстың қамын жаз ойлап, Еңбек десе шорқақсың. Бәріне де бол дайын! **Тәрбиеші балалармен әңгіме өткіземіз.** ♦ Торғай қандай болып көрінеді? (Бұл кішкентай пысық құс.) ♦ Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар) ♦ Ал қанаты мен құйрығы қандай? (құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген) ♦ Ал басының түсі қандай? (Сұр)	

бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне мүмкіндік беру. 2) Еңбекке баулу үшін мектеп ауласында баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру. Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату.	ағаштарды білесіңдер? ♦ Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады? ♦ Ағаштардың бір- бірінен қандай айырмашылықтары болады? **Зерттеу жұмысы:** Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды. **Еңбек** Ағаш түптеріне қар үю. *Мақсаты:* ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.. **Қимылды ойын** «Аулада қандай ағаштар өседі?». *Мақсаты:* — Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау; — Сөздік қорларын байыту; — Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Жаттығу ойындары** **Қозғалыстарын дамыту:** Аңдар биі Мақсаты: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** **Халық болжамы:** Қараша айында күн жылы болса,қыста аяз болмайды деген нышанын білдіреді. **Мемлекеттік тілді меңгерту** **Халық болжамы:** -Түнде қырау түссе, күндіз	түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады. **Еңбек** Сырғанақ төбешік соғу *Мақсаты:* бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Ең мерген кім?». *Мақсаты:* — Заттарды лақтыруға жаттықтыру; — Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту. **«Ағаш суретін сал».** Мақсаты:қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту. **Жеке жұмыс:** «Затты тап». *Мақсаты:* — Мектеп,балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту; Затты сипаттау бойынша табу. **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** ***Мақал-мәтел.*** Жалғыз ағаш орман болмас, Жалғыз ағаш желге төтеп бере алмайды.	♦ Жолдан қалай өту керек? *(асықпай, үлкендермен бірге, алдымен сол жаққа, сонан соң оң жаққа қарау керек)* ♦Бағдаршамның қай түсінде өту керек? *(жасыл)* **Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу. Мақсаты:еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу. **Қимылды ойын** «Жүргізушілер және жаяулар». Мақсаты**:** Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу **Жаттығу ойындары** Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: 20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту. **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** **Мақал-мәтел** Арғымақтың жақсысы: Шапса – көлік, сатса – пұл.	♦ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? *(жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)* ♦ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? *(ғимарат жанында)* ♦неліктен? *(соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.).* **Зерттеу жұмысы** Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу.. **Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу *Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;* — Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **Қимылды ойындар:** «Қу түлкі». *Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.* **Жаттығу ойындары:** «Нысанаға тигіз». *Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.* **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** **Мақал-мәтел** Аяламасаң ағаш та аспандап өспес. Орман ел дәулеті, жер сәулеті.	♦ Торғайлар қайда өмір сүреді? (қалада және ауылда.) ♦ Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? (адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.) ♦ Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? (подъездің немесе балконның күнқағарларына.) ♦ Қане, жақсылап қарайықшы біздің мектеп ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек) ♦ Күзде торғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды) **Адал азамат біртұтас тәрбие бойынша** **Еңбек** Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру. **Міндеті:** — Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету; — Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қ/О: «Құстардың ұшуы». **Міндеті:** белгі бойынша қимыл жасауға үйрету. **Жаттығу ойындары:** «Жалауды құлатпа» **Мақсаты:** заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру

	қар жаумайды -Ағашты қырау басса аяз болады.				
Серуеннен оралу 11:40-11:45	**Еңбегі адал жас өрен:** «Мен ұқыпты баламын» **Мақсаты:** Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесуге баулу.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	**Сөлеуді дамыту-** коммуникативтік, танымдық әрекет **Жеке жұмыс:** Еркын Іңкәр Тлешқызы Сафия «Өскенде кім болым келеді?» сурет бойынша әңгіме құрастырту. **Міндеті:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	**Қоршаған әлеммен таныстыру – коммуникативтік әрекет** **Жеке жұмыс:** Базарбеков Аңсар Балаға көлік туралы түсінік беру. Көліктерді топтастыра білуге үйрету. **Міндет:** Сөйлеу, ойлау, зейінін аудара білу қабілеттерін жетілдіру.	**Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **Жеке жұмыс:** Тлешқызы Сафия Ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға үйрету. **Міндет:** Заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді.	**Көркем әдебиет**-қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет **Топтық жұмыс:** Өмірге қажетті білік - дағдыларын тереңдете отырып, әдемілік ұғымын түсіндіру. **Міндеті:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	**Сауат ашу негіздері-** коммуникативтік, танымдық әрекет **Жұптық жұмыс:** Мұрат Заңғар Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. **Міндеті:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.) **Негізгі мақсаты:** Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы дамыту (оның ішінде өңірлік ерекшелікті	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Сюжетті рольдік ойын: «Дүкен»** **Міндет:** Мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы жаңа сөздермен сөздік қорларын толықтыру. Әртүрлі мамандық түрлерімен таныстыру арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Дағды:** Мамандыққа баулу,яғни дүкенші болуға ынталандыру және сыпайы сөйлеуге үйрету. **Ойынның шарты:**	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?** **Міндеті:** Көлік түрлерінің адамға қажеттілігіне назар аударту. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту; -еңбексүйгіштікке, **Дағды**: Атқаратын қызметіне және жүретін ортасына қарай (әуеде, жерде, суда) топтастыру арқылы көліктердің пайдасы және зиянды жақтарын білуге дағдыландыру. **Ойын шарты:** Берілген суреттерді	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Танымдық-қимылды ойын: «Кімнің бойы ұзын? Кімнің бойы аласа?».** **Міндет:** Санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық фигуралардың пішіні бар заттарды табуға үйрету. **Дағды:** Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту. **Ережесі:** Балалар, қай баланың бойы ұзын немесе қай баланың бойы қысқа екенін қалай білеміз? Педагог топтың жартысына жақын арақашықтықта	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Сюжетті рольдік ойын: «Ойыншықтар әлемі» дидактикалық ойыны.** (баланың ойлау қабілетін дамыту) **Міндеттері:** Сөйлесе білуге, ойын терең жеткізе білуге үйрету, тіл байлықтарын дамыту. Мақал - мәтелдердің мағынасын түсінуін қалыптастыру. Адамгершілікке тәрбиелеу, сәлемдесу, кезек күту, бір - бірлерін сыйлай білуге, шыдамдылыққа баулу арқылы әдептілікке тәрбиелеу. **Дағды:** ойларын жүйелі жеткізе білуге	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Дидактикалық ойын: «Сөз ойла»** **Міндеті:** Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. «Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту. **Дағды**: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру. **Ойын шарты**: (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады) – Айсұлу бізге -та буынынан басталатын

ескерумен). Балалардың ойы мен идеяларын ескеру арқылы олардың қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру.	Ойыншықтарды қаз – қатар тізіп, сатушы болып отырады, балалар кезекке тұрып, ұнаған ойыншықтарын сатып алады. Қорытынды. Ойыншықтар қандай материалдардан жасалады? Ойыншықтарды қалай ұстауымыз керек?	сәйкестендіру. Көліктер неше түрге бөлінеді? Жауап. 4-ке бөлінеді. 1) Жолда жүретін көлік (машина, автобус, мотоцикл, трактор, велосипед, жедел жәрдем) 2) Су көліктері (қайық, кеме, параход) 3) Әуе көліктері (ұшақ, тікұшақ, зымыран) 4) Теміржол көліктері (пойыз, паравоз,) - Дұрыс. Енді осы көліктер қалай жүреді? Машина қалай жүреді? - Жолда зулайды. Қайық қалай жүреді? - Суда жүзеді. Ұшақ қайтеді? - Зымырайды, самғайды. Пойыз қайтеді? - Жүйткиді.	жұптасып немесе арқасымен жақындап тұруды ұсынады. Балалардың екінші жартысы жұптасып тұрған балалардың бойын анықтап, бір-бірімен салыстырады, кімнің ұзын, қысқа, немесе бойлары тең екендігін атайды. Содан кейін балалар орындарымен ауысады.	дағдыландыру; еңбектенуге дағдыландыру. **Ойын шарты:** (Балалар жарты шеңбер болып тұрады) **Тәрбиеші:** Балалар сендер қандай мазмұнды кейіпкерлі ойынның түрлерін білесіңдер? **Балалар:** Емхана, шаштараз, Жанұя, Дүкен **Тәрбиеші:** Дұрыс балалар сендер күнделікті ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінен тыс уақыттарда қандай ойыншықпен ойнағанды жақсы көресіңдер. **Балалар:** Машиналар, қуыршақ, доп **Тәрбиеші:** Балалар олай болса бүгін біз **«Ойыншықтар әлемі»** ойынын ойнасақ қайтеді, ойнаймыз ба? Ал қане олай болса бәріңде бері қарай қойыңдар, қандай әдемі ойыншықтар. Біз бұл жерді ойыншықтар дүкені етіп алайық. Дүкенде кімдер жұмыс жасайды? **Балалар:** сатушы **Тәрбиеші:** олай болса, ең алдымен сатушыны белгілеп алайық, сатушы кім болғысы келеді? (сатушыны санамақ арқылы табу) Міне мына жер сатушының орны, сатушы келген адамдарға әдепті болып қызмет көрсетуі тиіс. Ал мына жер касса, бұл жерде сендер алған	сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б. -ба буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б.

				ойыншықтарыңның бағасына сәйкес ақша төлеулерің қажет. Бізде сатушы – Назым, ал ақша алушы кассир – Камила болсын. Қалғандарымыз сауда жасаушы яғни ойыншық алушылармыз. Міне мынау ақша, мен сендерге таратып берейін. Ал балалар ойынымызды бастайық. Балалар ойыншық алуға кезекке тұрады. Аружан мен Әділет сендерге қандай ойыншықтар ұнайды, сол ойыншықтарыңды алып келе қойыңдар. Балалар кезекпен кіре бастайды, сол кезде ортаға сотқар бала кіріп кетеді. **Сотқар бала:** Апай маған ойыншық берші **1-бала:** Біз кезекте тұрмыз ғой, сізде кезекке тұрыңыз. **2-бала:** Бұл менің кезегім, сен артқа барып тұр, жаңа келдің ғой. **Сотқар бала:** Шаруаң болмасын өзім білемін **Тәрбиеші:** Балалар неге шулап жатырмыз? **Балалар:** апай мына бала кезекке тұрмай тұр **Тәрбиеші:** Атың кім? **Сотқар бала:** Сотқарбек деп атап кеткен бірақ менің атым Ақдәулет. **Тәрбиеші:** Сенің сотқарлығың көп болғасын солай атаған ғой, мына істеп тұрған ісің дұрыс емес. Қарашы мына балалар кезекте бәрі де	

				ойыншық алғысы келіп тұр. Ал сен болсай балалардың кезегін бұзып өзіңнің әдепсіз қылығыңды көрсетіп алдың. Балалар осы істеп тұрғаны дұрыс па? **Балалар:** Жоқ, дұрыс емес.	
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 11.45 – 11.55					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 11:45-11:55	**Өнегелі-15 минут: Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыту, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы мектеп жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.** **Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Жеке кеңестер, пікір алмасу.**				
	Ата-анаға кеңес: **«Егер сау болғың келсе» (Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!»)** **Ата-анаға кеңес баламен жұмыс.** Балалардың жеке ерекшеліктері туралы «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» **Назар аударыңыз!** Үйде нәресте болған кезде терезелер мен жылтыратылмаған балкондар жабылуы керек.Терезелер тізбектермен немесе арнайы қауіпсіздік құрылғыларымен жабдықталуы керек, соның арқасында бала терезені өз бетінше аша алмайды. От шыны ма саты открутить қалам және оны жасыру. Бұл өте қарапайым-екі болтты бұрап алыңыз. Қажет болса, терезені ашып, бөлмені желдету үшін тұтқаны кез келген уақытта орнына қоюға болады.	**Ата-анаға кеңес** **Сұхбаттасу.** **«Егер сау болғың келсе»** («Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!») -Таңертеңгілік жаттығу не үшін қажет? -Танертең тұрғанда не істейміз? -Омыртқаның қисаюы деген не? -Омыртқа қисаймау үшін не істеу керек? -Жалпақтабан деген не? -Омыртқа қисаюынан және жалпантабандылық-тан қандай жаттығу көмектеседі? -Таңертең тұрған кезде не істейміз? Адам табиғаттың бір бөлігі, сондықтан да өз өмірінде белгілі бір тәртіп сақтап, арнайы бір өмір салтына бейімделуі керек. Адамның бұл тәртібі күн тәртібі деп аталады. - Күн тәртібін сақтайтын балалар ақылды, сымбатты, дені сау болып өседі. Ұйқыға уақытында жатып,	**Ата-анаға кеңес** **Әңгімелесу:** **Қыс мезгілінде серуендеудің ережелері:** **Серуенге шығу кезінде қауіпсіз жүру**. Қауіптерді алдын ала болжай білу қабілетін дамытуға көмектеседі. **Қысқы ауа райына байланысты жылы, бірақ ыңғайлы киім болу**. Күн жылылау болса, футболка, жемпір, тығыз шалбар және спорттық күртеше жеткілікті болады. Өзіңізбен бірге бас киім, қолғап пен шарф алыңыз. **Қыстағы ауа райын тексеріңіз**. Серуеннің қызықтылығын арттыру үшін ойын алаңын дайындау қажет.	**Ата-анаға кеңес** **Қыста баланың қауіпсіздігі: маңызды мінез-құлық ережелері** 	**Ата –аналарға кеңес** **Қауіпсіздік кеңес:** **ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының сарапшылары балалардың қысқы кездегі қауіпсіздік ережелері туралы:**

	Есіңе сақтап ал! *Әке-шешең үйде болмаса ,ешкімге есік ашпа,. *Егер әке-шешең саған сеніп үйдің кілтін берсе ,сен оны есік алдындағы төсеніштің астына немесе пошта жәшігіне тастама.	ерте ояну керек. Тазалық ережелерін сақтау керек. Уақытында тамақтану қажет. Денсаулықты сақтау үшін күн тәртібін орындау қажет.			

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: Тулекбаева М.Б.

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: А.Үкібаев атындағы ЖОББ мектебі
Сынып/Топ: мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы: 5-6 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 24.11.- 28.11.2025-2026 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)
ҚАРАША- Құндылық:Әділдік және жауапкершілік айы.**4-апта дәйексөзі:**«Шыншыл болу – әділ болу»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 24.11.25	Сейсенбі 25.11.25	Сәрсенбі 26.11.25	Бейсенбі 27.11.25	Жұма 28.11.25
08:30-08:45 **Балаларды қабылдау**	**1. ✋ «Қолмен амандасу бұрышы»** **Мақсаты:** Баланы жылы қарсы алу, таңғы ритуал қалыптастыру. Есіктің қасына «амандасу постері» ілінеді, онда додекаэдр амандасу түрлі амандасу түрі болады. **Бала өзі қалаған амандасу түрін таңдап, тәрбиешімен немесе досымен амандасады.** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының аясында** «Өнегелі 15 минут» жобасы аясында «Күй күмбірі» атты рухани-тәрбиелік құндылық Қазақтың күй өнері інжу-маржандарының бірі — «Көңіл Ашар» күйі. Домбыраның әр пернесі — өткеннің үні, елдің жүрегі, тарих пен рух бірге тоғысады. Күй күмбірі — рухтың үні.Түркештің «Көңіл ашар» күйі мен оның тарихын назарларыңызға ұсынамыз. Тамылжыған әсем күйді зор ықыласпен бірге тыңдайық **«Көңіл Ашар» күйінің шығу тарихын білесіз бе?** Түркештің күйі «Көңіл Ашар» домбыра ноталары. Түркеш Қалқаұлы (1832, қазіргі Батыс Қазақстан облысы - 1875, сонда) - халық күйшісі. Түркеш жасынан ән-күйге бейім болды. Байбақты, Баламайсан, Байжұма, Есжан күйлерін орындаған домбырашыларды тыңдап, олардың өнерінен үлгі-өнеге алды. Өз өмірін, өнерін әділетсіздік пен озбырлыққа қарсы күрес жолына жұмсады. Сол үшін атқа мінерлердің қудалауына ұшырап, Орал, Астрахан түрмелеріне қамалды. Түркеш шығармаларының негізгі арқауы азаттықты аңсаған халық өмірі болды. Оның "Қарабас", "Қоңыр ала", "Салық өлген", "Аңшылық", "Теріс какпай", "Көңіл ашар", "Байжұма", "Аксақ құлан" т.б. күйлері бар. Түркештің күйлері Қазақ академия халық аспаптар оркестрінің репертуарынан берік орын алды.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында** **«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 10 минут жеке әңгімелесуі. «Қауіпсіздік сабағы»** **Тақырыбы:** «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» **Форматы:** Қарапайым сұрақ-жауап және қысқаша практикалық жұмыс **Мақсаты:** балаларды шұғыл қызметтерге дұрыс және тиімді қоңырау шалуға, жедел әрекет ету үшін қажетті ақпаратты беруге үйрету. **Міндеттері:**				

	• Балаларды жедел қызмет нөмірлерімен (полиция, өрт сөндіру, жедел жәрдем, газ қызметі) таныстыру. • Төтенше жағдай кезінде телефон соғу нұсқауларының негізгі элементтерін көрсету. • Әртүрлі төтенше жағдайларда телефон соғу скриптерін әзірлеуге және есте сақтауға үйрету, жедел қызметтерге телефон соғу жаттығуларын жүргізу. **Мазмұны:** Жедел қызметтерге телефон соғудың маңыздылығын түсіндіріңіз. «Есте сақта!» Өрт күзеті ***101*** Полиция ***102*** Жедел жәрдем ***103*** Төтенше газ қызметі ***104,112*** Бірыңғай құтқару қызметі ***112*** «111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, балалардың құқықтарының бұзылуы туралы, баланың көшеде, үйде, көлікте жалғыз қалғаны туралы, өміріне және денсаулығына қауіп төнгенде хабарласу үшін. - «111» нөмірі – 24/7 байланыста - «111» нөмірі – құпиялылықты сақтайды - «111» нөмірі – тәулік бойы ІІД және өңірлердің жедел топтарымен байланыста. **Пайдалы сілтемелер:** https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/cpsp-material/poleznye-materialy-cpsp https://orken-instituty.kz/ru/roditelyam https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index=1
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында **Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** **Тәрбиеленушілердің құқықтық тәрбиесінің негізгі тәсілдері:** **үстел үсті және дидактикалық ойындар — балаларда құқықтық түсініктерді қалыптастырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі.** **«Қауіпсіздікті қамтамасыз ету» бағыты бойынша: «Қалай өз – өзіңді қауіпсіз қорғауға болады?»** **«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.** **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – аңшылар, бес тас және т.б.**	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сыныпта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Сыныпта балалармен қауіпсіз,жайлы,дамытушы білім беру орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (құрастыру және робототехника). Шығармашылық: орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Кітап бұрышы:ертегі кітаптарды қарау,боямақ,пазылы ойындары. Табиғат және ғылым:бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Театрландырылған ойындармен жеке жұмыс

	Құндылықты қалыптастыру **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Үнемді тұтыну»** **Қаржылық сауаттылық туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру.** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Теңге толтыр» **Түсіндірме жазба:** **Аннотация:** Ойын барысында балалардың зейіні, логикасы, арифметикалық қабілеттері мен ұсақ моторика да дамиды. **Ынтымақтастық—** балалардың топтық,жұптық жұмыс барысында **Азаматтық жауапкершілік**— табиғатқа деген сүйіспеншілік,оның кереметтілігін сезіну тапсырмалар барысында. Қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды. **Міндеттері:** 1-ден 10-ға дейін санау, не бейнеленгенін, түсін, неше бірліктен тұратынын, саусақпен санап көрсету, балалардың ой-өрісін кеңейту; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. **Дағды:** 1-ден 10-ға дейін санды танып,дұрыс құрастыра білуге	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **Ою: құндылықты қорғайық** **Үстел үсті еркін ойын жаттығу: «**Қателесіп қалма»(Модель ұлттық құндылықтар) **Түсіндірме жазба:** **Дивергентті ойлау әдістері** арқылы жұмыс жасау. Ойын барысында балалардың шығармашылық,есте сақтау және жылдам ойлау қабілеттерін дамыту,саусақ қимыл қозғалыстарының ептілігін қалыптастыра дамыту. Логикалық ойлау қабілетін , өзін-өзі бақылауды, бағалауды үйрету. Балаларға дене жаттығуын ғана емес, ми жаттығуын да жасатып тұрған абзал. Бұл жаттығулардың көмегімен баланың миы тынығып, ойы дамиды әрі жұмыс істеуі жақсарады. Ми жаттығуларының түрлі атаулары бар. Олар ми гимнастикасы, нейрогимнастика, нейрожаттығу және кинезилогиялық жаттығулар деп аталады. Ми жаттығулары тек қана миға емес, басқа да органдарға оң әсер етеді. Негізі кинезиология	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Үнемді тұтыну»** **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** **«Қоғамдық мүлікті қорға»** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** **Сәйкестендіру ойыны:** «Менің көзқарасымдағы – менің сыныбым және партам» **Түсіндірме жазба:** «Менің көзқарасымдағы – менің сыныбым және партам» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.Балаларға қоғамдық мүліктің маңыздылығын, оны ұқыпты сақтау мен құрметтеудің қажеттілігін түсіндіру мақсатында ұйымдастырылды. Балалар қызығушылықпен қатысып, өз ойларын ортаға салып, түрлі жағдаяттарды талқылады.Балалардың азаматтық жауапкершілігін арттырып, қоршаған ортаға деген жанашырлық сезімін оятты. Тәрбиелік мәні зор бұл шара балалардың сана-сезіміне оң әсерін тигізді! **Міндет:**	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл»** **«Денсаулық-зор байлық»** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** «Берілген дыбысқа сөз ойлап айт,көрсете біл» **Түсіндірме жазба:** «Берілген дыбысқа сөз ойлап айт,көрсете біл» Ойын барысында балалардың зейіні,сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту.Жаңа сөздерді меңгерту, мағынасын түсіндіру,үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Еңбегі адал жас өрен»** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** **«SMART BALA»** жобасы арқылы LEGO құрастыру ойыны «Менің сүйікті шыршам» **Түсіндірме жазба:** «Менің сүйікті шыршам» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған. Lego технологияларын білім беру үдерісіне енгізу білім беру салалары арасындағы интегративті байланыстарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Балалармен жүргізілетін ЛЕГО-конструкторларды қолдану конструктивті және ойын іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастырудың оңтайлы құралы және мектеп жасына дейінгі балалардың психофизикалық дамуының критерийі болып табылады, оның ішінде іс-әрекеттің маңызды компоненттерін қалыптастыру, мақсат қоя білу,алынған нәтижені жоспарға дәл сәйкестендіруге күш салу. Лего-конструкторлар балаларға тәжірибе жасауға және өз ойын білдіруге

	дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Сандарды қайталау, жылдам әрі дұрыс санауға дағдыландыру. **«Адал азамат»** **біртұтас тәрбие:** Балалар бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. **Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Ойынға барлық парталас балалар қатысуға болады.Берілген теңгелерді санап және оларды қосып жинау.Балалар суретті теңгені алып,санап,қанша теңге шықса соған байланысты сандармен сәйкестік тауып қояды. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды.Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді. Бүтіндеп қойған бала затты жоғары көтеріліп, қол шапалақталады. **Балалардың дербес әрекеттері** **Ықтимал күрделендіру:** Сандарға байланысты тура және кері санап,санның	ғалымдарының айтуынша, жаттығуды күнде жасаған дұрыс. **Міндеттері:** - баланың жүрегіне ұлттық сана - сезімді ұялату, танымдық қабілетін және ұлттық өнер жайлы білімін кеңейту; - есте сақтау қабілетін, елесін дамыту. Балаларды шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Дағды:** Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, ән айту дағдыларын қалыптастыру. **Құндылықтарға баулу:** Мидың оң жақ және сол жақ жарты шарларының үйлесімді жұмыс істеуін жақсартады.Ұсақ қол моторикасын дамытады. **«Адал азамат»** **біртұтас тәрбие:** Балалардың зейінін, ой-өрісін дамыту, сөздік қорын молайту, дидактикалық ойындар арқылы балалардың ақыл ой белсенділігін тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. Сандарды білу, заттарды санау, салыстыру, ажырату. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Асық иіру,алақан бас әдісі арқыл	Сынып ұжымын біріктіру. Қолайлы психологиялық климат орнату, тұлға аралық қатынастағы кедергілерді жою, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру. Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. **Дағды:** Балаларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, әдептілікке, сыпайылыққа баулу, көпшілік орындарда өзін-өзі ұстай білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** -өзара сыйластық қарым-қатынастарының адам өміріндегі мәнін түсіндіру; -жағымды қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту; -жақсылыққа, имандылыққа,адамгершілікке, шыншылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат»** **біртұтас тәрбие:** Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі	бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу. **Міндеттері:** Есту,көру мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін анықтау; сөздің дыбыстан құралатынын,дыбыстың дауысты,дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. **Дағды:**Қысқа және ұзын сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттеріне қарай дағдыға айналдыру. **Құндылықтарға баулу:** Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді. **«Адал азамат»** **біртұтас тәрбие:** -топпен жұмыс жасату кезінде жауапкершілікке, серіктестікке, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу. -шабуылдау элементтері бар ойындар -ынтымақтастық, бәсекелестік -тактика, стратегия	мүмкіндік береді. Lego балалардың шығармашылығын дамытады, стандартты элементтер жиынтығынан әр түрлі заттарды жасауға шақырады – балалардың қиялы қаншалықты әр түрлі болса. **Міндеттері:** -балалардың командада құруды үйрету, бір-біріне көмектесу. Қызығушылықты, зейінді, жылдамдықты, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға ықпал ету. - олардың құрылымы, мақсаты туралы түсініктерін кеңейту; көпірді жобалауға машықтандыру, жобалау дағдыларын жетілдіру; сызбалар арқылы бөлшектерді таңдауды үйрену; -кейбір бөлшектерді басқалармен ауыстыру құрастырудың әдіс-тәсілдерін меңгерту,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру,мүмкіндігін күшейту. **Дағды:** бұл мектеп жасына дейінгі балаларға танымдық іс-әрекет түрінде лего-конструкцияның практикалық орындылығын ашуға, кейінгі өмірде қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретіндігінде. **Құндылықтарға баулу:** Ұқыпты, таза, әдемі жұмыс

	құрамын айтып беруге ынталандыру. **Ойынның нұсқаулары**: Бала аталған санды сурет арқылы, саусақпен санау арқылы көрсетіп, санның неше бірліктен тұратынын айтады және қойылған текшені дұрыс қоя білу. **Бой сергіту сәтінде пайдаланатын математикалық тақпақ:** Бір-бірімен жарысқан - 4 аю, 1 арыстан, 2 қой мен 1 түлкі. Бәрі нешеу кім білді? **Тіл ұстарту жаттығуы.** Теңге тиыннан, Ынтымақ ұйымнан. **Сандарға байланысты мақал - мәтел айту.** Ерке бала-2 жылар. 2 жақсы қас болмас, 2 жаман дос болмас. **Сусақ жаттығуы:** 1.Отырайық қисаймай. Қолды, жайып қанатша, Жұдырықты түйелік. Саусақтарды талғанша. Ашып, жұмып көрейік. Белімізді жазайық. Демімізді алайық. **Қосымша жабдықтар**:	ойын жүргізу.Жол сызықтармен жүре отырып негізгі мақсатты орындау. **Ықтимал күрделендіру:** тез ойлау. **Ойынның нұсқаулары:** Саусақ арқылы немесе қалам арқылы жол ортасындағы сықықпен басып жүру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** **«Кім қалай жүреді?»** Мақсаты: Балаларды үш ырғақты суретті айыруға үйретуді жалғастыру. Г. Левкодимова бойынша. Бізге аю келіпті. Топ-топ, топ-топ. Ол әндетіп, билейді, Топ-топ, топ-топ. Түлкі ханым да келіпті, ля-ля-ля-ля. Әндері қандай жақсы Ке-ре-мет, ке-ре-мет. Сұр қасқыр келіп жетті Тістерін қайрап кепті. **Музыкалық саусақ жаттығу:** **«Тарсылдатамыз, тарсылдатамыз»** Саусағымды жаздым, Жұдырығымды түйдім. Қайшылайық 1,2,3 Бойға жинап күш. **Қосымша жабдықтар**:	орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды дағдыландыру; жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды орындау біліктіліктерін жетілдіру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Бала үні тәрбиешінің көмегімен өз ойын жеткізу:** Менің сыныбым қандай? Біздің сыныпта 30 оқушы оқиды. Ең сүйкімді қыздар мен ең мықты ұлдарды осы сыныптан таба аласыздар. Барлық балалар өте мейірімді және ұйымшыл. Олар бір-бірін ренжітпей, тату-тәтті өмір сүруге тырысады. Егер үй тапсырмасы немесе басқа да мәселелер қиындық туғызса, сыныптастарым әрқашан көмекке келуге дайын. Достарымызды ренжітуге немесе мазақ етуге жол бермейміз. Барлық сыныптастарымды жақын дос ретінде қабылдаймын. Сабақтар аяқталған соң, далада серуендеуді ұнатамыз. Кейбір кезде араларымызда түсінішпеушіліктер туындағанымен, аз уақыттан кейін қайта достасып кетеміз. Менің сынып жетекшім өте жақсы мұғалім. Оған айтатын алғысым шексіз, кез-келген жағдайда дұрыс жолға бағыттай алады. Ол әрбір	**Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар. **Әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Ойын барысы:тәрбиеші кез келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады. Мысалы:А – болса: Балалар: Ай, алма, алмұрт, асқабақ, т.б. «а» дыбысынан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. *(Дұрыс жауап берген балаға педагог бір фишкадан беріп отырады).* Мысалы айтылатын сөздер:*алма, алақан, алмұрт,ананас, алша, автобус, акула, алжапқыш, Асқар, Айжан, Асылбек, аспан, ақ, арғымақ, ақыл, алпауыт, апта, асқазан, арыстан, арқан, алқап, алтын т.б.* Әр баланың алдына суреттер қойылады,оның біріншісіне әріптер «Ә», «С», «К», «Ө», «Ұ», «Т», «Ж», «Қ», «Б», «М», «Ш»ал, екіншісіне сол әріптен басталатын сөздер айтып,көрсетеді. Үстелдегі суреттерге қарап табады.Кім жұмысты бітірсе қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады. **Ықтимал күрделендіру**: тілдік әріптерге байланысты іс-қимыл арқылы көрсете білу. **Ойынның нұсқаулары**: Балаларға әртүрлі сөздер	жасауға үйрету. Еңбекқорлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу; Оқушылардың танымдық қабілетін, ой - өрісін, өзіндік іс - әрекетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Жанұялық және қоғамдық мерекелерге балалардың оң көзқарасын қалыптастыру, түрлі заттар мен материалдардың қасиеттерімен таныстыру, жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесін сақтау. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ойлау қабілеттерін және шығармашылығын дамыту, құрылысшы мамандығын құрметтеуге тәрбиелеу, еңбекқорлыққа баулу. Сөздік қорын байыту, бауырмалдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикаларын дамыту. **Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қоршаған әлеммен танысу. **Қосымша жабдықтар**: әр балаға арналған бөліктердің сызбалары бар карточка, LEGO конструктор жинағы, үлгі. **Әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Алдын ала жұмыс. Балалар 2 командаға бөлінеді. әр командаға құрылыстың үлгісі беріледі. Бала бір уақытта бір бөлікті қоса алады. Балалар кезек-кезек үстелге жүгіріп,

		 	оқушының бабын тауып, сыныптың бірлігін сақтап тұрған адам. Ұстазымыз айтқандай: сынып – баланың екінші жанұясы, сондықтан бір-бірімізге бауырмал болу өте маңызды. Достарымды қимаймын. Мектепті бітіргеннен кейін, сыныптастарымның арасында қарым-қатынас үзілмей, жиі кездесіп тұрамыз деп ойлаймын. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар:** Суреттерде бейнеленген басқа орындықтарды түсіне қарай ажыратып орналастыру. Дұрыс екенін тексеру. **Ықтимал күрделендірулер:** Жылдамдық. **Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар. **Қосымша жабдықтар**: Үстел-үсті таратпалы әрі үлестірме жұмыстар. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** **І нұсқа.** Бұл ойын екі бағытта ойнауға болады,**бірінші бағыт** бойынша 3 қатар парталар қою болса,егер ретсіз қойылса арақашықтық сақтап дұрыс қою **екінші бағытта** өздеріне ұнаған партаны орналастырып қоюға болады.Суреттерде	айтады, балалар сөздің ұзын немесе қысқа екенін анықтайды. Алақанды бір-біріне жақындату арқылы сөздерді өлшеуге болатындығын айтады. Егер қысқа сөз болса, онда екі алақанды бір-біріне жақын, ал ұзын сөз болса, онда екі алақанды бір-бірінен алшақ ұстайды. Мысалға айтылатын сөздер: *көз, бағдаршам, лақ, жолбарыс, бақа, тасбақа, доп, секіртпе.* **Тіл ұстарту жаттығуы: Сиқырлы саусақтар.** 1 Таң қалу (екі қолдың бас бармағын көтеру) 2 Өзіңді көрсету (Бір саусақпен) 3 Сәлемдесу (қолды жоғары көтеру) 4 Қорқыту (сұқ саусақпен) 5 Жеңіс! (екі қолды жоғары көтеру) **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** **Көру** – көзбен көру. **Тыныс алу** – мұрынмен дем алу. **Есту** – құлақпен есту. **Ұстау** – қолмен ұстау. **Қолдану:** Дыбыстық жаттығу (айнамен қайталау). Қ-қ-қ-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз. Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі- сүлгі. **Қосымша жабдықтар**:	қажетті бөлікті таңдап, ғимаратқа бекітеді. Құрылымды тезірек салған команда жеңеді. Балалар сызбаларды басшылыққа ала отырып, өздеріне қажетті бөліктерді таңдайды.Мұғалім бөліктердің дұрыс таңдалғанын тексеріп, қиналған балаларға көмектеседі. Балалар кезек-кезек карталарды қораптан немесе сөмкеден шығарады, оған мұқият қарайды, онда не бейнеленгенін атайды және осы ғимаратты іздейді. Кім қателессе, ол екінші картаны алады. **Ықтимал күрделендіру:** тез ойлау. **Ойынның нұсқаулары:** Жұмыс ретін бекіту. **Құрастырудан жұмыс реттілігі:** Құрастыруға арналған құрылыс материалдарының аттарын атау,пішініне, көлеміне қарай құрылыс материалдарын дұрыс орналастыру арқылы шырша құрастыра білуге үйрету. **Демалу гимнастика жаттығулары.** (желдің үрлеу суреті) **«Қатты жел».** -Жел қалай соғады ? (Терең дем аламыз, шығарғанда үстел үстіндегі жапыраққа үрлейміз. Жапырақ арқарай ұшу керек). -Орманда қатты жел соқты. Ағаштардың басы қозғалды.(балалар

		 	бейненленген басқа заттардың көлеңкелерін ажырату. Кім жұмысты бітірсе қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады. **Ықтимал күрделендіру**: Жылдамдық. **Ойынның нұсқаулары**: **Тілдік гимнастика** Партаға алғаш отырдым, Бұдан асқан бақыт жоқ. Оқушы болдым, мінекей, Ойнауға енді уақыт жоқ. **Тақпақ қандай болу керек?** Аю отыр партада, Екі қолы қалтада. Апай сабақ сұраса, Ұйықтап қапты, масқара! **Сымбаттылық әліппесі** «Түзу отыр» - орындыққа түзу отырыңыз. Басыңызды тік және сәл төмен ұстаңыз, иегіңізді жоғары көтермеңіз. Осы қалып сабақ барысындағы арнайы жұмыс сәтінде ғана емес, күнделікті өмірде де әдеттегі, шынайы дене бітіміне айналуы тиіс. Естеріңізде болсын, жаттығулар жолымен сіз де өзіңіздің дене	  	қолдарды жоғары көтеріп тербетеді: ш-ш-ш). -Алдымен дұрыстап «Ш» дыбысын қайталайық. **Фонопедиялық жаттығулар:** -Ш дыбысын созып,буындарда айту -ша-шо-шу-шы-ше -аш-ош-уш-ыш -шка-шко-шку-шкы -шпа-шпо-шпу-шпы. **Қосымша жабдықтар**:  

			сымбатыңызды осы қалыпқа келтіре аласыз. **Алақанға өзіндік массаж жасау жұмбақ арқылы.** Төрт аяғы бар, Мінсең жүрмейді, Жүгірмейді. Тізесі бүгілмейді. **(Орындық)** Қай партаға отырар едіңіз? 		

		  	 		 

		  	 		

		 			
	Таңғы жаттығу – күннің сәтті бастамасы! **Мақсаты:** – Балаларды салауатты өмір салтын ұстануға баулу; – Күнделікті жаттығу жасауға дағдыландыру; – Сабаққа деген ынта-жігерін арттыру. **Міндеттері:** – Таңғы жаттығулар арқылы оқушылардың сергектігін қамтамасыз ету; – Қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру; – Дене шынықтырудың маңыздылығын насихаттау. Балалардың жүзіндегі күлкі мен сергектік – осындай сәттердің жемісі. **Дағды:** Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру. **Салауатты ұрпақ – жарқын болашақ кепілі!**				

08:45-09:00 **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.	**Өмірге салауатты қадам «Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 55** **Жалпақтабандылықтың алдын алуға арналған ойын жаттығулары** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **№2 жаттығулар кешені.** **Жоғарғы тыныс жолдарына арналған алдын алу жаттығулары.** **Жұдырықты түйіп тыныс алу.** Б.т. – аяқты иық деңгейінде қою, жұдырық жұмылған, бас бармақтар жамбасқа қысылған. Иық пен кеудені бос ұстау, тура алдыңызға қараңыз, ауыз жабық, тіл таңдайға тигізілген, барлық іштің төмен жағына аударылған. Іш бұлшық еттерін тыныс алу кезінде созып, дем шығарған кезде қатты қысып тыныс алыңыз. Қолдарды төмен қарай басып тұрып тыныс алу. Б.т. – н.т., аяқты иық деңгейінде қою, қолдар жамбастың бойымен, алақандар төмен қараған, саусақтар сыртқа. Аяқтар тік, қарын пресінің бұлшық еттерін қолданып және сол уақытта алақанмен астыға қарай басып тыныс алу. Тыныс алу кезінде қарын созылған, ал демді	**Өмірге салауатты қадам «Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 56** **Жоғарғы тыныс жолдарына арналған алдын алу жаттығулары.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Алақандарды бірге түйістіріп және жан-жаққа ажыратып тыныс алу.** **№ 3 жаттығулар кешені** Б.т. – н.т., аяқты иық деңгейінде қою. Алақандарды бірге ұстап, бас бармақтарды кеудеге тигізіп ұстау. Шынтақтарды жан-жаққа ажырату. Тыныс алу кезінде алақанды баяу, бас бармақтарды кеуде бойымен тигізіп, бір-бірінен ажырату, ал дем шығару кезінде алақанды баяу түйістіріңіз. Тыныс алу бірқалыпты, баяулатылған. Бүкіл денені тырыстыру үшін күш қолданыңыз. **Бір қолды көтеріп тыныс алу**. Б.т. – солға адымдау, сол аяқты бүгу, оң аяқты түзеу, ал дененің жоғарғы жағын тік ұстаңыз. Сол қолды алақанмен жоғары қаратып көтеру, оң қолды алақанды ішке қаратып	**Өмірге салауатты қадам «Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 57** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Жоғарғы тыныс жолдарына арналған алдын алу жаттығулары.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Жартылай отырып тыныс алу**. **№ 3 жаттығулар кешені** Б.т. – еркін тұру, аяқтар иықтан сәл кеңірек қойылған. Қолдарды арқаға, оң жұдырықты түйіп, оны сол қолмен ұстау. Тізені сәл бүгіп (жартылай жүрелеп отыру) және іш пресін қолданумен тыныс алу, бұл ретте қарынды тыныс алуда созып, дем шығаруда барынша тарту керек. **Ілгері иілген кезде тыныс алу**. Б.т. – еркін тұру, аяқ табандарының арасындағы қашықтықиық енінен сәл ғана кеңірек. Баяу ілгері иіліп (еденге қатысты 90^0 бұрышпен), қолдар еркін түсіп тұрады, иықтар босаңсытылған, алақандар ішке қаратылған (өзіне), саусақтар еденге қарай. Иілу кезінде дем шығару, түзелген кезде тыныс алу. **Артқа қарай бұралып тыныс алу**. Б.т.- еркін	**Өмірге салауатты қадам «Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 58** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Аяқ бармақтарын көтеру**. **№ 4 жаттығулар кешені.** Тік тұру, өкшелер бірге, аяқ ұштары жан-жаққа. Бас бармақтарды бүгу, оларды қалған төрт саусақпен ұстау және қолдарды жан-жаққа иық деңгейіне көтеру. Аяқ бармақтарын еденнен көтеріп, сол уақытта қолдарды артқа қайырып, сәл арқаны бүгу. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіңіз, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, аяқтарды жерге қойып, жаттығуларды қайталау керек. **Мұрынды жұдырықпен жабу.** Тік тұру, өкшелер бірге, аяқ ұштары жан-жаққа. Бас бармақтарды бүгу, оларды қалған төрт саусақпен ұстау. Қолдарды жан-жаққа созу, оларды иық алдына бүгу, жұдырықтарды мұрынға (қашықтығы 5 см). Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіп, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды	**Өмірге салауатты қадам «Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 59** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Бас бармақтарды көтеру.** **№ 5 жаттығулар кешені.** Жинақталу, жұдырықтар жамбаста, саусақтарды бүгу және бас бармақтарды бір-біріне бұру. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, бас бармақтарды көтеру, ал қалған саусақтарды қысу, бүкіл денені тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау. **Бас бармақтарды ұстау**. Тік тұрыңыз, аяқты иық деңгейінде қою, қолдар жамбастың бойымен. Бас бармақтарды бүгу және оны қалған төрт саусақпен ұстау. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіңіз, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау. **Қолдар алдыда.** Тік тұру, аяқты бірге, аяқ бармақтары ілгері қараған. Бас бармақтарды бүгу және оны қалған төрт саусақпен ұстау. Қолдарды баяу иық деңгейіне дейін көтеру, шынтақ сәл бүгілген. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды

	шығарған кезде іштің астына қысымды арттырыңыз және сол уақытта саусақты жоғары қарай барынша бұрыңыз, ол бүкіл дененің тырысуына көмектеседі. **Қолмен сыртқа басып, дем алу**. Б.т. – н.т., аяқты иық деңгейінде қою. Қолдарды жан- жаққа, алақанмен сыртқа қарай, иық деңгейінде созу және білезікті қолмен тік бұрыш құрайтындай етіп бүгу. Тыныс алу кезінде іш бұлшық еттерін керу, ал дем шығару кезінде бүкіл дене тырысқанға дейін алақанмен жоғары қарай қатты басу. Саусақтарды барынша жоғары бүгу.	түсіру. Саусақтардың ұштары жерге «қаратылған». Тыныс алу кезінде сол қолды жоғары қарату, ал оң қолды денені тырыстырып, төмен түсіру.Қимылдарды кері ретпен орындау. **Жүрелеп отырып тыныс алу.** Б.т. – н.т., аяқтар иық енінен кеңірек. Қолдарды алақандарын жоғары қаратып созу. Алақандарды ішке қарай бұрып, бас бармақтар жерге параллель болғанға дейін жүрелеп отыру, дененің жоғарғы жағын тік ұстау. Отырғаннан кейін алақандарды жоғары қаратып, баяу тұра бастау. Содан кейін алақандарды ішке қарай бұрып, қайтадан жүрелеу. Жаттығуды бірнеше рет қайталау керек. Алақандар жоғары қараптұрған кезде терең тыныс алу қажет.	тұру. Солға адымдау, сол аяқты бүгу, оң аяқты түзету. Денені солға бұрып, сол қолды алақанмен сыртқа қаратып, белге қою, оң қолды бүгу, оны алақанмен сыртқа қаратып, маңдайдан бір жұдырық қашықтықта орналастырыңыз. Бұл кезде оң аяқтың өкшесіне қарау керек. Тыныс алу іш бұлшық еттері көмегімен жүзеге асырылады: тыныс алу кезінде денені созуға тырысып, ал дем шығару кезінде – барлық салмақты оң аяқтың өкшесіне көшірем деп елестету керек. Дәл соны оң жаққа қайталау керек.	қайталау. **Жұдырықтарды тігінен**. Тік тұру, өкшелер бірге, аяқ ұштары жан-жаққа. Бас бармақтардыбүгу, оларды қалған төрт саусақпен ұстау. Қолдарды жан-жаққа созып, оларды иық алдына бүгу және жұдырықтарды алақанмен сыртқа тігінен ұстау. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіп, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау. **Жұдырықтар кіндікте**. Тік тұру, өкшелер бірге, аяқ ұштары жан-жаққа. Бас бармақтарды бүгу, оларды қалған төрт саусақпен ұстау. Қолдарды жан-жаққа созып, оларды иық алдына бүгу және жұдырықтарды алақанмен денеге қаратып, кіндікке орналастыру. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіңіз, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау. **Жұдырықтар кеудеде**. Тік тұру, аяқты иық деңгейінде қою. Бас бармақтарды бүгу, олардықалған төрт саусақпен ұстау. Қолдарды жан-жаққа созып, оларды иық алдына бүгу және жұдырықтарды алақанмен төмен қаратып, кеудеге. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіп, бір уақытта денені максималды тырыстыру.	түйіңіз, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау. **Жоғары көтерілген қолдар.** Тік тұру. Өкшелер бірге, аяқ ұштары жан-жаққа. Бас бармақтарды бүгу және оны қалған төрт саусақпен ұстау. Қолдарды баяу көтеру, шынтақтар сәл бүгілген, жұдырықтар бір-біріне қараған, олардың арасындағы қашықтық – 30 см. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіп, бір уақытта өкшелерді көтеріп, денені максималды тырыстыру. Босаңсу және аяқ өкшелерін түсіру, жаттығуды қайталау. **Құлақты жұдырықпен жабу.** Тік тұру, аяқты иық деңгейінде қою, аяқтың ұштары жан- жаққа. Бас бармақтарды бүгу, оларды қалған төрт саусақпен ұстау және қолдарды жан- жаққа көтеру, содан кейін жұдырықтар құлақтарды жабатындай етіп, иық алдын бүгу. Осы жағдайда ішкі күшті қолданып, жұдырықтарды түйіңіз, бір уақытта денені максималды тырыстыру. Босаңсып, жаттығуды қайталау.

					Босаңсып, жаттығуды қайталау. Қимылдарды аяқтағаннан кейін 3–5 рет терең тыныс алу.	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӘ уақыты: 09.00-11.10	09.00-09.25 09.35-10.00 10.10-10.35 10.45-11.10	**Дүйсенбі 24.11.25**	**Сейсенбі 25.11.25**	**Сәрсенбі 26.11.25**	**Бейсенбі 27.11.25**	**Жұма 28.11.25**
		Математика негіздері **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Дене тәрбиесі**	**Сауат ашу негіздері** **Қоршаған әлеммен танысу** **Құрастыру** **Музыка**	**Математика негіздері** **Көркем әдебиет** **Сауат ашу негіздері** **Дене тәрбиесі**	**Математика негіздері** **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Музыка**	**Сауат ашу негіздері** **Көркем әдебиет** **Қоршаған әлеммен танысу** **Дене тәрбиесі**
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)		**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Шартты өлшеуішті пайдаланып,заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.(«Лего»конструктор арқылы) **ҰІӘ міндеттері:** - шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшеуіштің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды; ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнатуға үйрету; -логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту; -шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстың сөздегі орны **[т]** **ҰІӘ міндеттері:** Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету. Берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды:** дыбыстықтарды дұрыс ажырата білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас**	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Шартты өлшеуішті пайдаланып,заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.(цифр арқылы) **ҰІӘ міндеттері:** - шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды, санды цифрмен сәйкестендіруге, ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнатуға жаттықтыру; -логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту; -танымдық іс-әрекетке қызығушылыққа тәрбиелеу. **Дағды**:	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Мен не істей аламын? **ҰІӘ міндеттері:** - 10-ға дейін санауды, заттардың қасиеттерін атауды, берілген белгі бойынша жиындар құруды, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру және өлшеуішпен өлшеу қабілетін бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: айналадағы заттарды санауға,10 көлемінде тура және кері санауға үйрету,реттік санау бойынша санау дағдысын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Балаларды ұйымшылдыққа, зеректікке баулу.	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік? **ҰІӘ міндеттері:** -сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; -сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру; -дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:**

	өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыру дағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Ұжымдылыққа, мейірімді болуға, көмек көрсетуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** -шартты өлшеуіштердің көмегімен ұзындықты өлшеу туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру; -ойлау қабілеттерін дамыту. **Қауіпсіздігі:** - Ұқыптылыққа баулу. Өз бетінше есептей білуге үйрету ойлау қабілеттерін дамыту.Алған білімін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Шыншыл болу – әділ болу»** **Күтілетін нәтижелер:** - «ұзын - қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары - төмен», «биіктігі бірдей», «тар - кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету; -ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; - заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды.	**тәрбие:** Ана тілін құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелу. Ойын арқылы сөз буыннан,буын дауысты дыбыстардан құралатынын түсіндіру. Балаларға буын туралы түсінік беру,сөздерді буынға бөлуге үйрету Танымдық қызығушылықтарын арттыру. **Қауіпсіздігі:** Балаларға жалпы сауаттылықтары мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, лингвистикалық дүниетанымдарын кеңейту, грамматикалық талдау жасау дағдыларын дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. **Апта дәйексөзі**: **«Шыншыл болу – әділ болу»** **Күтілетін нәтиже**: - дыбыстық талдау жасайды; -дыбыстардың жасалу жолын түсінеді; -дыбыстарды ажыратады, белгілейді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Жалпы атауын ата»** ойынын педагог ойнатады. 1. Автобус, такси, трамвай	Заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыру дағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Математикаға қызығушылықтарын арттыру,ұқыптылыққа,мейірімділікке тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың өздеріне таныс дөңгелек, шаршы, үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді бір – бірінен ажыратып, атай білуге үйрету. Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балаларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру, айналасындағы заттар арасынан геометриялық пішіндерді таба білуге үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Шыншыл болу – әділ болу»** **Күтілетін нәтижелер:** - ұзын - қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары - төмен», «биіктігі бірдей», «тар - кең», ені	Шыдамды, сабырлы, шапшаң болуға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қоршаған ортадағы сәйкес пішіндерді беттестіре отырып, салыстыруға үйрету. **Қауіпсіздігі:** Достыққа бірлесіп жұмыс атқаруға, ойнауға мұқият тыңдауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Шыншыл болу – әділ болу»** **Күтілетін нәтижелер:** -заттардың қасиеттерін ажырата біледі; -пішіндер мен түстерді айырады; заттарды түсі мен саны бойынша ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Сандар қашты» ойыны.** Педагог балаларды үш топқа бөледі және әр топқа 1-ден 10-ға дейінгі цифрлары бар карточкаларды таратады. Карточкаларды үстелде жайып, араластырады. Балалар сан қатарын тура, одан кейін кері тәртіпте орналастырады. Топтар ойынды 2-3 минут ойнайды. Балалардың №1 жұмыс	Ептілікке,аңғарымпаздыққа бір-біріне деген достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу,топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**: **«Шыншыл болу – әділ болу»** **Күтілетін нәтиже**: буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады; сөздерді буынға бөледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Жалауша» дидактикалық ойыны** Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. **«Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны** – **Н** дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын айтасындар. – Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, нақ,

	Педагог әрекетінің алгоритмі: балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойын жаттығуы.** **«Бақшада не өседі?»** Сәбіз, қияр, асқабақ және баялды сияқты бірнеше көгөністерді қағазға (немесе тақтаға) салады. Педагог балалардан әр көгөністің тұсына көгөністің ұзындығындай сызықты салуды сұрайды. Содан кейін балалардан сызықтар мен көгөністердің ұзындығын салыстыруды сұрайды: Қай көгөніс ең ұзыны? Ал қандай көгөніс ең қысқа? Көгөністерді ұзындық бойынша ең қысқасынан бастап, ең ұзынына дейін реттеуді сұрайды. Содан кейін балаларға қағаздар таратады. Қағазға бақша суретін салуды сұрайды. Балалар бақшада өсетін әртүрлі ұзындықтағы көгөністердің суретін салады. Көгөністердің шынайы көрінуі үшін, көгөністермен бірдей етіп сызық сызуды сұрайды. Бұл ойын балаларға ұзындықты салыстыруға үйретеді және кейде бірдей пішіндес заттардың, ұзындығы әртүрлі болатындығын айтып, түсіндіреді. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.**	– ... (көліктер) 3.Қыс, көктем, жаз, күз – ... (жыл мезгілдері) 4. Кептер, қарға, сауысқан – ... (құстар) 5. Қызанақ, қияр, қызылша – ... (көгөністер) «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. **«Сөз тізбек» дидактикалық ойыны** Педагог қандай да бір сөзді айтып, допты бір балаға береді, сөз аяқталған дыбыстан бала бір сөз айтып, допты келесі балаға береді. Мысалы: бақа-алма-алмұрт-темір-рауғаш-шахмат-тал-лақ т.б. Ойын өстіп жалғасын табады. Сөздегі бірінші дыбыс пен соңғы дыбысты айқынырақ айтып отыру керек. – Сөз тізбегін ойнау барысында сендер нені көңіл бөліп тыңдауды үйрендіңдер? (Дыбыстарды). **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дыбыстармен жұмыс** Сызбаны тақтаға іледі. – Сөздер дыбыстардан тұратынын білесіңдер, дыбыстар жеке тұрғанда ештеңені білдірмейді. Мысалы: а, б, қ. Осылай айтсақ, ешкім ештеңе түсінбейді. Егер осы дыбыстарды қосып, «бақ», – деп айтсақ, онда бәріміз жеміс бағы туралы айтылғанын білеміз. Әр	бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету; -ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; - заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Проблемалық-іздеу тапсырмасы:** – Кәдінің ұзындығын қалай салыстырамыз? Балалар салыстыру тәсілдерін ұсынады. (Тұстастыру, беттестір.) – Кәдіні жиектен шығармай салыстыруға бола ма? Балалар оны шартты өлшеуішпен өлшеуге болатынын еске түсіреді. – Бүгін бізде шартты өлшеуіш құрал түрінде жасыл қағаз кесіндісі болады. Қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Мен шартты өлшеуішті өлшем бұрышын – өлшенетін заттың басына сәйкес келтіріп қоямын. Шартты өлшеуіштің шетін белгілеймін. Сол жерден келесі өлшеу басталады. Балаларға кәдінің макеттері (муляждар, суреттер)	дәптер материалын игеруіне байланысты үлестірмелі материалдармен ойындар ұсынады. Мысалы: Кіші топтарда балаларға лото жиынтықтары таратылып, **«Геометриялық лото – жұбын тап»** ойыны өткізіледі (№36 парақ). **Ойындық жаттығуы** **«Цифрды жина».** Пазл-цифрлар кесілген материал жиынтығымен жеке жұмыс жасай алады, әр бала 1-2 цифрдан жинайды, №5, №6, №7 парақ беттері. **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Ретімен қой» ойыны.** (37-парақ) **Жұптық жұмыс:** «Ретімен қой» ұзындық, жуандық бойынша), балаларға түрлі түсті кесінділер жиынтығы беріледі, оларды ұзындық бойынша: ұзынынан бастап, қысқасына дейін немесе керісінше орналастыру ұсынылады. Педагог балалардан не үйренгендерін көрсетуді сұрайды. **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Сана. Тиісті цифрмен сызып қос. **2-тапсырма.** Сол жақтан оңға қарай бесінші және алтыншы балықты қызыл қарындашпен, бірінші және жетінші балықты сары, үшінші және төртінші балықты жасыл қарындашпен боя.	неліктен. – **Р** дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. – Радио, рауғаш, рас, рет, резеңке, рең. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Сөздерді буынға бөл»** дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер. Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос. 2. Суретке қара. Жыл мезгілдерінің қайсысы к дыбысынан басталады? Суреттен к дыбысы естілетін сөздерді ата. Алақанды шапалақтап, буынға бөл. 3. Дыбыстық талдау жаса. Педагог тақтаға «мұз» сөзінің суретті сызбасын іледі. Балаларға орындарында отырып

	1-тапсырма. Бетбелгінің ұзындығын өлшеу үшін «Лего» конструктор бөлшектері пайдаланылды. Өлшеуіштерді сана. Ең қысқа бетбелгіні ата. Қай бетбелгілер ұзындықтары бойынша бірдей? Балалар өлшемдерді санайды, салыстырады. Ең қысқасы 1 нөмірлі белгі. Ұзындықтары бірдей белгілер 2 және 3, 4 және 5. **2-тапсырма.** Суретте не бейнеленген? Балаларға көгөністердің ұзындығын қалай салыстыруға болатынын айт. Балаларға үстел үстінде қандай көгөністер бар екенін анықтап қарауға ұсынады. Оларды салыстыру тәсілдерін сұрайды. Бұл туралы айтып беруі қажет. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Әр жұптағы ұзын көгөністі белгіле. Көгөніс жұптарын қарауды, әрбір жұптағы ұзын көгөністі белгілеуді сұрайды. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл	дыбыстың сөз ішінде өз орны бар. Мысалы «лақ» сөзінде: • **«Л»** дыбысы бірінші тұр; • **«а»** дыбысы екінші тұр; • **«қ»** дыбысы үшінші тұр. Әр айтылған дыбыстың өз орны бар. Егер дыбыстарды дұрыс айтпасақ, сөз дұрыс құралмайды. **«Дұрыс тап» дидактикалық ойыны** – Балалар, мен тақтаға сызба ілемін, сендер мен айтқан дыбыс сөздің қай жерінде тұрғанын, яғни басында, ортасында, соңында тұрғанын тауып, төртбұрышты бояйсыңдар. Сендер бір төртбұрыштың бір дыбыс екенін білесіңдер. **п** дыбысын орнын анықтаймыз. Мысалы: **(п)** піл, апа, қап. Есімізде сақтаймыз: берілген дыбыс сөздің басында, ортасында, соңында болуы мүмкін. **«Дыбыстың сөздегі орнын тап»** дидактикалық жаттығуы. Педагог сөз сызбасын тақтаға іледі. – Балалар, піл, апа, қап сөздерінде «п» дыбысы қай жерде орналасқанын табайық. Сызбаларға белгілейік. Балалар піл сөзінде «п» дыбысының бірінші тұрғанын, апа сөзінде ортасында тұрғанын, қап сөзінде соңында тұрғанын	таратылады. Балалар оларды ұзындық бойынша салыстырады. Педагог өлшем бұрышы кәдінің шетіне сәйкес келу керектігін еске салады. «Біз кәдінің қайсысы ұзын екенін білдік. Сондықтан Әлия мен Сырымның дауы шешілді». **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Әр жұлдызқұртта қанша дөңгелек бар? Сана. Цифрмен сызып қос. Қай жұлдызқұрт ұзынырақ? Белгіле. «Ұзындау/ұзынырақ – қысқа/қысқалау» жаңа ұғымдарды бекіту үшін орындалады. Педагог әр жұлдызқұрттың денесіндегі шеңберлерді санауды (шеңбер – шартты өлшеуіш) және цифрмен қосып сызуды ұсынады. – Жұлдызқұрттардың қайсысы ұзындау екенін белгілеп көрсет. Балалар әр жұлдызқұрттың шеңберлерін санайды, оларды ұзындықтарының ұлғаю ретімен байланыстырып, қосып сызады. **Сергіту сәті:** **Қимылдарды мәтінге сәйкес орындайды.** *Бір, екі – бір орында қос аяқпен секір, (*Бір орында тұрып, қос аяқпен секіреді.) *Үш, төрт – биікке қол созып көр!* (Қолдарын	**Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Жолақтарды ұзындығына қарай боя. Көзбен және шартты өлшеуіштің көмегімен салыстыру қабілетін тексереді. **4-тапсырма**. Не өзгергенін қоршап сыз. Геометриялық фигуралардың белгілерін көрсету: түсі, пішіні, өлшемі. Педагог іс-әрекетті қорытындылайды. «Сұхбат» әдісін қолданады. Балалар іс-әрекет туралы бір-бірімен сұхбат жүргізеді. Не үйренгендерін біліп, оны өмірде қалай қолданатындарын әңгімелеп айтып беруді сұрайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	орындауға тапсырма береді. Балаларға өз орындарында жұмыс дәптерде дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Педагог балалармен бірге жасайды. **«Мұз»** сөзінің дыбыстық сызбасы. «Мұз» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** **Мысық** Басты иіп, алға созыл керіліп, Жиналамыз артқа қайта шегініп. Тағы созыл алға қара қиылып, Бүкірейтіп көтер арқаны жиырып. Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс) 5. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы:** **Тында, орында.** Саусағымыз айқасып, «Жеңемін» деп шайқасып, Бірін-бірі тартады. Білекке сенім артады. Педагог іс-әрекетті қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға

	дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. **Қосымша танымдық жұмыс.**  	айтады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** **Кенгуру** Тіземізді сәл-сәл бүгіп тұрамыз, Биікке секіріп, сәл демалайық, Секіреміз ыршып, кенгуру боламыз. Тағы секірейік, кенгуру болайық. Қайталаймыз тағы алға секіріп, Биікке секіріп, ыршып алайық, Демаламыз енді бәріміз тұрып. Тағы секірейік, кенгуру болайық. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттерді ата. Сызбадан [т] дыбысының орнын тап. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті және соңында болса – үшінші бөлікті көк қарындашпен боя. 2. Басында, соңында к дыбысы кездесетін заттың суретін қорша. **Жұмыс дәптерімен жұмыс (графикалық жұмыс)** 4. Үзік сызықтарды бастыр. 5. Жалғастыр. Педагог балаларға көлбеу сызықтары бар кішкентай жол жазу дәптеріндегі үлкен, кіші жолдармен таныстырады. Дәптерде үлкен, кіші жолдар	көтеріп жоғары ұмтылады.) *Бес, алты – тебейік бір орында шаңғы!* (Шаңғы тебу қимылын келтіреді.) *Жеті, сегіз – жүзейік, алда әне теңіз!* (Жүзу қимылын келтіреді.) *Тоғыз, он – құстай болып самға, сосын жерге қон.* (Қолын қанат етіп жайып ұшу қимылын жасап, жерге отырады.) Сергіту сәтінде балалар қимыл-қозғалысты жасаудан бөлек, сандарды қайталап еске түсіреді. **Практикалық жұмыс.** Педагог көк және қызыл қағаз кесінділерін таратады. Кіші жасыл кесінді – шартты өлшеуіш. Педагог балаларға: – Сендердің тәрелкелеріңде көк және қызыл қағаз кесінділері жатыр. Жасыл кесінді бұл – шартты өлшеуіш. Кесінділердің қайсысы ұзынырақ екенін тәжірибемен дәлелдеуге тырысыңдар. Балалар шартты өлшеуішпен кесінділердің ұзындығын өлшейді. – Қай кесінді ұзынырақ? – Неліктен қызыл кесінді ұзынырақ? – Қызыл кесінді қанша шартты өлшеуішке тең? – Көк кесінді қанша шартты өлшеуішке тең? – 3 немесе 4 қайсысы үлкен? Олар қорытынды жасайды: – Қызыл кесінді ұзынырақ, ол 4 шартты өлшеуішке		жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

		кезектесіп орналасқан. Кіші жолаққа жазу жазамыз, ол – жазуға арналған жол. Ал үлкен жол жазылған жазулар бір-біріне кедергі болмай, әдемі, анық көріну үшін арнайы сызылған. Дәптердегі көлбеу сызықтар да, арнайы сызылған, жазу барысында таңбаларды сол көлбеу сызықпен сәл қиғаш жазу дұрыс. Педагог тақтадағы сызылған жолақтарға жазу үлгісін жазып көрсетеді, түсіндіреді. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында.** Алақанның біреуін Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын, Қол үстінен ұрайық. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.	тең. – Көк кесінді қысқа, ол 3 шартты өлшеуішке ең. **2-тапсырма.** Әр шөптің сабағында неше қанқыз қоңызы бар, сана және ата. Қай шөптің сабағы ұзынырақ? Балалар шөптің әр сабағындағы қоңыздарды санайды, олардың санын айтады, шөптің жоғарғы сабағында 10 қоңыз, ал төменгі жағында – 7-еу. 10 саны 7-ден көп. Бұл жоғарғы сабақтың ұзынырақ екенін білдіреді. **Балалармен бірге орындау әрекеті: 3-тапсырма.** Ең үлкен болгар бұрышын қызыл, ал ең кішкентай бұрышты жасыл түске боя. Қызылдан кіші, бірақ жасылдан үлкен бұрышты сары түске боя. Өлшем ретінде қағаз жолағын пайдалан. Тапсырма бойынша үлкен, кіші және орташа болгар бұрышын көрсетілген түстерге бояу керек. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. **4-тапсырма.** Әлия мен Сырым көгөністердің ұзындығын өлшеуішпен өлшеді. Әлия грек жаңғағымен, ал Сырым жержаңғақпен өлшеді. Олар қандай нәтиже алды? Сана. Көгөністердің ұзындығын салыстыр. Қиярдың ұзындығы бірдей, бірақ оған сыйған өлшем сандары әртүрлі. Керісінше,		

		–Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	жүгерінің ұзындығы әртүрлі, ал оған сыйған өлшемдер саны бірдей. Бірақ іс жүзінде көгөністердің ұзындығы әртүрлі. Осылайша, балалар ұзындықты салыстыруда, бірдей шартты өлшеуіштерді қолдану қажет деген қорытынды шығарады. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.		
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру** ***1 үзіліс - 09:25 - 09:35*** **Балалардың дербес іс-әрекеті** Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады. **Ұлттық құндылықты қалыптастыру** **Экологиялық тәрбие.Эмоционалды әрекет.** **Экологиялық ойын: Ойын арқылы балаларды табиғатпен таныстырады.** **Ұмыт болған ұлттық ойын: «Қарлығаш»** **Басты міндеттері: Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.**				

<table>
<tr>
<td colspan="3"> </td>
<td colspan="4">Ұмыт болған ұлттық ойын: «Қарлығаш»
Ойынның міндеттері: Педагог бақылауымен ойынды балалар өз еркімен, өздері рольге, топқа бөлініп ойнайды.
Дағды: Жүгіру, отыру, шеңбер құру, шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру,қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.
Ойынның ережесі :
Әдістемелік нұсқаулар: Залда ойыншылар саны бойынша шеңберлер қойылады, олар – қарлығаштардың ұялары. Қарлығаштар болып ойнайтын ойыншылар залды шарлап жүгіріп, қанаттарын қағып жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» пәрмені бойынша олар тез орын алуға тырысуы керек.
II нұсқа
Әдістемелік нұсқаулар:
Бұл ойынды өткізу үшін міндетті түрде дөңгелек қажет.
Одан кейін «қарлығашты» және «күзетшіні» таңдайды, қарлығаш дөңгелек ортасында отырады, ал күзетші басқа ойыншылардың шабуылынан қорғап жүреді. «Күзетші» шабуылдың біреуін ұстап алуға
Ойынның педагогикалық маңызы.
Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.
Ұсыныс: ойында әртүрлі ойын іс-әрекеттер пайдалануға болады.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="7">2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00</td>
</tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Қысқа дайындық (ертегі)
ҰІӘ міндеттері:
- әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету;
-дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту;
-еңбеккорлыққа тәрбиелеу.
Дағды:
Дыбыстарды түріне қарай ажырата алудағдыларын дамыту.
Құндылықтарға баулу:
Ересектертер еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</td>
<td>2.Қоршаған әлеммен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.
ҰІӘ тақырыбы:
Қазақстанда мекендейтін жануарлар.
ҰІӘ міндеттері:
- Қазақстан жерін мекендейтін жануарлармен таныстыру. Олардың тіршілігі туралы мағлұмат беру;
-балалардың жануарлар туралы білімдерін әрі қарай кеңейту; өз білімдерін қолдана алуға жағдай туғызу;
-жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға деген</td>
<td>2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Айтыс.
(Спандияр Көбеевтің ертегісі)
ҰІӘ міндеттері:
- сахналық қойылымға қатысуға ынталандыру;
-тіл байлығын жетілдіру;
-қоршаған ортаны қорғай білуге тәрбиелеу.
Дағды:
- мәнерлеп оқуға, ойларын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру.
Құндылықтарға баулу:
Жануарларға байланысты тақпақ айтқызып, сұрақ-жауап арқылы тіл байлықтарын арттыру.</td>
<td>2.Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Алғашқы қар.
ҰІӘ міндеттері:
- дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу;
-балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту;
-туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.
Дағды:
дыбыстарды түріне қарай ажырата алудағдыларын дамыту.
Құндылықтарға баулу:
поэтикалық сөйлеуді қабылдау қабілетін дамыту, жаңа мәтінді есте сақтауға көмектесу;
-өлең оқу барысында</td>
<td>2.Көркем әдебиет- қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Алматы метросы.
(Әдібай Табылдының өлеңі)
ҰІӘ міндеттері:
- метро туралы түсінігін тиянақтау;
-өленді дұрыс қабылдауға баулу;
-басқаның пікіріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.
Дағды:
Өленді мәнерлеп оқуға, ойларын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру; еңбектенуге дағдыландыру.
Құндылықтарға баулу:
Үлкенді сыйлауға, құрметтеуге, көмектесуге,</td>
</tr>
</table>

	«Адал азамат» біртұтас тәрбие: Балаларды сөзді анық айтып, дұрыс сөйлей білуге баулу. Сөздік қорын, ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа, эстетикалық талғамдарын кеңейту, әдемілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - балалардың ойлау қабілетін дамыту, тақпақтар, мақал–мәтелдер, тыйым сөздер айтқыза отырып, тілдерін дамыту; -балаларды адамгершілікке, табиғатты сүюге, табиғатқа қамқор бола білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Шыншыл болу – әділ болу»** **Күтілетін нәтиже**: - сұрақтарға жауап береді, әңгіме мазмұнын айтады; әңгіменің мазмұнын, еңбексіз зейнет жоқ екенін; -бірінің ойын бірі келген жерінен жалғастырып айтуды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Демонстрациялық материал: Балаларға бақта, бақшада адамдар жемістер мен көгөністердіжинап жатқан суреттерді көрсету. Адамдардың қысқа	қамқорлық сезімдерін дамыту. **Дағды**: Балалардың жануарлар туралы алған білімдерін дамыту. Сөйлеу, ойлау, зейінін аудара білу қабілеттерін жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** Экологиялық тәрбие беру. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға деген қамқорлық сезімдерін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың жануарларға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, оларға қамқорлықпен қарауға, табиғатты аялай білуге, адамгершілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін дамыту. Қызықты ойындар арқылы балалардың эмоциялық сезімдерін дамыту. Әрбір аңның және баласының атын дұрыс атауға жаттықтыру. олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту. **Апта дәйексөзі**: **«Шыншыл болу – әділ болу»** **Күтілетін нәтиже**: - Қазақстан жерінде мекендейтін жануарлардың кейбір түрін сурет бойынша	**«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** - Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Ертегі мазмұнын түсіну, төрт түлік мал төлдерінің аталуын және оларды ажырата білуге үйрету. Төлдерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру. Балаларды дыбыстарды дұрыс айтуға, толық сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру. Балалардың жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру, белсенділіктерін дамыту. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдеріне тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Шыншыл болу – әділ болу»** **Күтілетін нәтиже**: Адамзатқа тигізетін пайдасы туралы олардан алынатын өнімдер жайлы мағлұмат біледі; олардың пайдасын, қажеттілігі туралы түсінігі болу. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңберін құру.** Күннің нұрын сүйеміз, Ән саламыз күнде біз.	балалардың көркемдік және сөйлеу қабілеттерін жетілдіруді жалғастыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға жыл мезгілдерінің өзгеруіне көңіл бөлуге, қоршаған ортадағы – үйлерге, ағаштарға, жерге қардың қалай жаутындығын бақылату. **Қауіпсіздігі:** Табиғаттың тіршілігіне және қоршаған ортаны қорғауға деген жоғарғы адамгершілік сезімдері мен жауапкершілігін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Шыншыл болу – әділ болу»** **Күтілетін нәтиже**: -жаттаған өлеңнің тақырыбын және авторын біледі, дауыссыз дыбыстардыңтүрлерін ажыратады, сұрақтарға жауап береді; -күзден кейін қыс мезгілі келетінін, суретші тілінде «табиғатты пейзаж» деп айтатынын, қарды ақ мақтаға, көбелекке теңеуге болатынын; -суретке қарап өлеңді жаттайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалар, қыс мезгіліне арнап көптеген ақын жазушылыр өлеңдер, тақпақтар,	бірін – бірі тыңдауға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Әңгіменің мазмұнын игеру, тілін дамыту. Шығарма бойынша әңгімелесу. **Қауіпсіздігі:** Балалардың қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Шыншыл болу – әділ болу»** **Күтілетін нәтиже**: алған ақпаратты және мәтін мазмұны бойынша сұраққа жауап береді; өлең тыңдау, қарапайым сұрақтарға жауап беру; **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберін құру. Сиқырлы сандық ішінде бірнеше кішкентай көлік болады. Балалар сандыққа қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай көлік екенін табады. Көлік туралы өз ойларын айтады. – Бүгін біз бір ғажайып көлік түрі туралы әңгімелесеміз. Слайдтан көлік түрлерін көрсетеді (жеңіл көлік, жүк көлігі, пойыз, кеме, ұшақ, метро).

	дайындалып жатқаны туралы айту. Адамдар сияқты аңдар да, жәндіктер де қысқа дайындалатынын айтып өту. **Балаларға көрсету әрекеті:** Балалар, біз М.Зверевтің көптеген әңгімесімен таныспыз. Бұл кісінің балаларға арналған әңгімелері көп. Соның ішінде «Қысқа дайындық» әңгімесімен танысамыз. Әңгімені мәнерлеп оқып береді. **Қысқа дайындық.** Бал арасы таңның атысы, күннің батысы бір сәт тыным таппай, гүлден-гүлге қоныпшырын тасып, өзіне де, өзгеге де жетерлік бал жинады. Егістікке жақындау жерге ертелеу көшіп келіп, мекенжайын алдын ала дайындап алғанСарышұнақ күз бойы масақ теріп, інінің бүйір бөлмелерін астыққа әбден толтырады. Тоғайдағы жирен Тиін де қарап жатқан жоқ. Цирктің ойыншысы сияқты бұтақтан-бұтаққақарғып жүріп, ұясына жақын жердегі қуыс – тесіктің бәріне балқарағайдың жаңғағын үйіптастады. Қыс алты аймен аяқталмай, түгел бір жылға дейін созылса да, оның мұртын балта шапайды. Ал бұралқы Ит түк ойлаған жоқ. Биыл тіпті қыс түспейтіндей көрінді. Қас қылғандай, қарерте жауды.	ажыратады,олардың тіршілігі мен мекені туралы мәліметтер іздейді; -Қазақстан жануарлардың алуан түрлі екенін; жануарлардың пайдасын, оларды қорғауды біледі; -жануарлар туралы білімді қолдана алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог қазақстанның табиғаты бейнеленген суретті көрсетіп, сұрақтар қояды. – Суретте не бейнеленген? – Туған еліміздің табиғаты. – Еліміздің табиғаты сұлу, жануарлардың алуан түрі мекендейді. Интербелсенді тақтадан Таусоғардың бейнесі пайда болады. Ол балаларды Қазақстанда мекендейтін жануарлармен танысуға, кең далаға серуендейге шақырады. Киік (ақбөкен), марал, елік, арқар, таутеке, қоңыр аю, сілеусін, барыс, сарышұнақтың суреттері мен мүсіндерін көрсетіп әңгімелейді. **Балаларға көрсету әрекеті:** – Киік (ақбөкен) – ірі, қойға ұқсас, дөңес тұмсықты, күйіс қайыратын түз жануары.	Балдай тәтті достармыз, Әрқашан да біргеміз. Педагог жұмбақ жасырады. Мінсең, желдей жүйткиді, Көңілің таудай өседі. Алып барар алысқа, Ер қанаты деседі. (Жылқы) – Балалар, қандай үй жануарларын білесіңдер? (Слайдтан көрсетеді). – Үй жануарлары деп үйде күтім жасалатын жануарларды айтамыз. – Бүгін үй жануарлары туралы Спандияр Көбеевтің «Айтыс» әңгімесімен танысамыз. Ертегіні слайд арқылы көрсетеді, әңгімелейді. Педагог балаларға ертегіні оқып береді (соңындағы қосымшадан қараңыз). **Балаларға көрсету:** **Сөздік жұмысы:** қожайын – үй жануарларының иесі соқа – жер жыртатын құрал Сұрақ-жауап: – Ертегі не туралы? Авторы кім? Қандай жануарлар айтысты? – Сиыр не деді? Ат не айтты? – Ит не деп ырылдады? Қожайыны оларға не айтты? Балалармен бірге қайталап оқу. Әңгіме қалай аяқталды? (Босқа таласпаңдар, сендердің барлығың да маған керексіңдер. Әрқайсысың өз орныңда	әңгімелержазған. М.Жаманбалинов ағамыздың да "Суретші", "Алғашқы қар" деген өлеңдері бар. Қазір біз "Алғашқы қар " өлеңімен танысамыз. О, керемет, керемет! Бейне аппақ көбелек. Ақша қар жай көлбеңдеп, Қонып жатыр жерге кеп. Қонып жатыр жерге кеп, Бақшаға кеп, бауға кеп. Қонып жатыр көлге кеп – Кетті ұласып жер мен көк. Шыр көбелек айналып, Қонып жатыр жайланып: Енді қайтып ұшпаймыз, Осы жерде қыстаймыз. **Сөздік жұмысы:** шыркөбелек – айналып, қалықтап Педагог балаларға сұрақтар қояды. – Өлеңді тыңдағанда көз алдыңа не елестеді? – Табиғат бейнесі сурет жанрында «пейзаж» деп аталады. – Өлеңде автор қарды неге теңейді? – Қарды түсі мен түріне қарап тағы неге теңеуге болады? – Өлең ұнады ма? – Өлеңнің қай жолдарын қайта тыңдағыларың келеді? **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сұраққа жауап.** -Өлеңді тыңдағанда көз алдыларыңа не елестеді? Бір сөзбен айтқанда, қысқы табиғат. Бұны сурет жанрында «пейзаж» деп айтады.	– Балалар, мен бір ғажайып көлік туралы жұмбақ айтамын, сендер қандай көлік екенін табыңдар. Жер асты даңғылы Көлігінің зулаған Естіледі саңқылы. (Метро) – Бұл қандай көлік түрі? – Бүгін біз ақын Әдібай Табылдының «Алматы метросы» өлеңін оқимыз. Метро – қаладағы жолаушыларды тасымалдайтын көлік. Тізбек-тізбек вагондары бар. Метро пойызын жүргізушіні машинист деп атайды. Метродан пойыздың, ұшақтың дыбысы естіледі. Алматы метросы – әлемдегі жаңа метролардың бірі, әзірге он бір бекеттен тұрады. Әр бекеттің өз тарихы бар. «Мәскеу» бекеті – екі елдің достық белгісі. Соңғы жаңа қосылған бекет батыр атамыздың атымен «Бауыржан Момышұлы» бекеті деп аталады. Күту алаңдары кең, жарық, таза. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз). **Балаларға көрсету әрекеті:** Сөздік жұмысы: бекет – көлік тоқтайтын аялдама зәулім – кең, үлкен, әдемі Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған?

	Енді, міне, құлағы салбырап, қарны қабысып, қаншардай қатып, әркімнің босағасына бір түнеп, өлермен күн кешіп жүр. Әрі бүрсеңдеп тоңып, әрі қарны ашып, әрең-әрең кірпік іледі. Кірпік ілсе болды, тәтті-тәтті түс көреді. Түсінде өңшең майлы сүйек кеміріп жүреді. Оянып кеткен бойда қатты өкінеді. «Енді осыдан жазға аман-есен жетер болсам, сүйектен үй салам», – деп өзіне-өзі серт берді. Бұл – оның жылдағы әдеті. **Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар:** Балалар, әңгіме нелер туралы айтылған? Бал арасы не істеді? Балды қанша жинады? Сарышұнақ не жинайды? Ал тоғайдағы жирен Тиін не істеді? Барлық аңдар қысқа азық жинап жатқанда, Ит не істеп жүрді? Ит ойлағандай қыс келмей қалды ма? Қыстағы Иттің жағдайын кім айтады? Жаз келгенде Ит өзіне-өзі берген сертті орындады ма? Балалар, берген сертті орындамаған дұрыс па? Әңгімеде жағымды кейіпкерлерге нелер жатады? Жағымсыз кейіпкерлерді атаңдаршы? Бал арасын, тиінді, Сарышұнақты неге жағымды кейіпкерлерге жатқыздыңдар?	Ақбөкендер Бетпақдала, Арыс, Үстірт және Еділ-Жайық жазықтарын мекендейді. Ақбөкеннің төлі – құралай. Марал Қарқаралы, Көкшетау, Қатон-Қарағайда тіршілік етеді. Оның мүйіздерінің ерекше емдік қасиеттері бар. Маралдың төлі – бұғышақ. Сілеусін – мысық тұқымдасына жататын жыртқыш жануар. Сілеусін таулы алқаптардың жапырақты орманында мекендейді. Көзі өте қырағы, есту қабілеті де жақсы дамыған. Ол ағаш басына және жартастарға жылдам өрмелеп шыға алады. Сілеусіндердің күшігі – мәшін. Ол еліміздің Қаратау, Ақсу-Жабағылы, Алматы, Марқакөл және Батыс Алтай табиғи қорықтарында қорғауға алынған. Ал осы жануарларды бір сөзбен қалай атауға болады? – Жабайы жануарлар. – Олар қайда тіршілік етеді? – Орманда, тауда, далада. – Олардың ортақ қасиеттері қандай? «Көлеміне қарай орналастыр» ойыны. «Суретті жина» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу) **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Бейнебаян: Қоңыр аю – өте ірі жануар. Ақсу-	жақсысың.) Балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталату. **«Белсенді суреттер» ойыны** Балаға сурет көрсетіледі. Берілген суреттегі жануарды қимылмен бейнелеп көрсетеді. Қалған балалар жасырынған бейнені табады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** **«Төрт құбылыс»** ойыны Су (қолдарын алға созады) Ауа (қолдарын жоғары көтереді) От (екі қолын айналдырады) Жер (қолдарын төмен түсіреді) Педагог ертегіні қайталап оқиды. Ертегінің мазмұны бойынша бір бала бастап, екінші бала жалғастыратыны туралы тапсырма беріледі. 2-3 балаға әңгіменің мазмұнын айтқызу. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суреттегі үй жануарларын ата. Үй жануарларының адамға қандай пайдасы бар? Тағы қандай үй жануарларын білесің? Үй жануарларына қандай күтім жасалады? 2. Есіңде сақта. Жылқы – сәндік, сиыр – ақтық. 3. Қайсысы қайда тұрады?	-Өлеңде автор қарды неге теңейді? -Қарды түсі мен түріне қарап тағы неге теңеуге болады? -Сендерге өлең ұнады ма? -Өлеңнің қай жолдарын қайта тыңдағыларың келеді, қандай жолдары сендерде ерекшеәсер қалдырды? -Мен қазір өлең жолдарын қайталап оқимын, сендер қайталап айтыңдар. Енді осы өлеңді қайталап отырып естеріңе сақтап қалуға тырысыңдар. Суретке қарап қайталау арқылы өлең жолдарын жаттатады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** (Сергіту жаттығуларын И.Токмаковаңың «Аю» өлеңімен жасатуға болады.) Тауға шықсаң – қалың қар, Сайға түссең – қалың қар, Шырша үсті – қалың қар. Байқаңдар, қар астында, Ұйықтап жатқан аю бар. Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардың айтылу кезіндегі ерекшеліктерін түсіндіреді.Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып үшке бөлінеді. Қатаң дауыссыздар: дауыс шымылдығы қатыспай, тек салдырдан жасалатын дауыссыздыбыстар: к, қ, п, т, с, ф, х, ц, ч, ш, щ. Ұяң дауыссыздар: салдыр мен үннің қатысы арқылы жасалған, бірақ үннен	– Алматы метросының неше бекеті бар? Сендер метроға мініп көрдіңдер ме? – Метро көлігіне ұқсас рельспен жүретін тағы қандай көлік бар? – Метро туралы не білетініңді әңгімелеп бер. – Метро сөзіне сөйлем құра. Дидактикалық ойын: «Кім байқағыш?» (баланың есте сақтау қабілетін дамыту) Шарты: балалар көлік түрлерінің суретін есінде сақтайды. Суреттердің орнын ауыстырып қояды, балалар орындары ауысқан көліктерді атайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Сергіту сәті Алматыда мекенім, Мұны мақтан етемін. Метромен зуылдап Балабақшама жетемін. Дидактикалық ойын: «Домино» (баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: бірдей суреттерде әртүрлі көліктер бейнеленген, суреттері сәйкес келетін карточкаларды тауып, тізіп қою. Суреттегі көліктерді атайды. Педагог «Алматы метросы» өлеңін екінші қайтара оқиды. Суреттер арқылы қайталап, өлеңді бірге жаттайды. 2-3 балаға өлеңді жатқа айтуды ұсынады. Үлестірмелі материалмен жұмыс.

	Ит неге жағымсыз кейіпкер? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Гүл өсірсең терлеп, Мұның аты – еңбек. Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты – еңбек. Сабағыңды жөндеп Әзірленсең – еңбек, Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек. (Нұрхан Жанаев) **Сөздік жұмысы:** сарышұнақ – кеміргіш аң Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар: – Балалар, әңгімеде нелер туралы айтылған? – Балара не істеді? Балды қанша жинады? – Сарышұнақ не жинады? – Ал тоғайдағы жирен тиін не істеді? – Барлық аңдар қысқа азық жинап жатқанда, ит не істеп жүрді? – Ит ойлағандай, қыс келмей қалды ма? – Қыстағы иттің жағдайы қандай болды? – Жаз келгенде ит өзіне-өзі берген сертті орындады ма? – Балалар, берген сертті орындамаған дұрыс па? – Әңгімедегі жағымды кейіпкерлерді ата. – Жағымсыз кейіпкерді ата. – Балараны, тиінді, сарышұнақты неге жағымды кейіпкерлерге жатқыздыңдар? – Ит неге жағымсыз кейіпкер? Педагог балаларға әңгіменің	Жабағылы, Лепсі, Алматы қорықтарында қорғалады. Негізінен құрлықта тіршілік етеді, суда жақсы жүзеді, ағашқа да өрмелей алады. Аюдың баласы – қонжық. **«Төртінші артық» ойыны. Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).** Педагог балаларға қандай жануар ұнағанын әңгімелеуді сұрайды, ұнаған жануарды мүсіндеп, суретке салуға тапсырма береді. Балалар бейнелегісі келетін үлгіні алып, жұмысқа отырады. **Үлестірмелі материалдармен жұмыс:** 1. Бірінші бағандағы суреттерде қандай жануарлардың бөліктері бейнеленген? Сызық арқылы қос. Таусоғарға олардың мекені туралы айтып бер. 2. Суреттегі жануарларды ата. Қазақстанда мекендейтін жануарларды көк қарындашпен, басқа елде мекендейтін жануарларды қызыл қарындашпен боя (дөңгелекті). Педагог жеке жұмыс жүргізеді, қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.	Сызып қос. 4. Қораның суретін үзік сызықпен қосып аяқта. Боя. Балалар үй жануарлары адамға не үшін керек екенін түсінеді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Ертегі несімен ұнады? Балаларды мадақтау. **Айтыс** **(ертегі)** Сиыр, ит және ат қожамыз қайсымызды жақсы көреді деп айтысады. – Әрине, мені жақсы көреді, – деді ат. – Мен оның соқасын, тырмасын сүйретемін, ағаш, шөбін тасимын. Қожайынның өзі мені мініп, қалаға және басқа керек жерлеріне барады. Мен болмасам, ол қатты қиналар еді. – Жоқ, қожайынымыз мені жақсы көреді, – деп ит ырылдады. – Мен оның барлық мүлкін және сендерді де ұрыдан, қасқырдан күзетемін. – Жоқ, қожайын мені жақсы көреді, – деді сиыр. – Мен оның бала-шағасын сүтіммен асыраймын. Бұлардың таласып тұрғанын қожайыны естіп, оларға айтты: – Босқа таласпаңдар, сендердің бәрің де маған керексіңдер, әрқайсысың өз орныңда жақсысың.	салдырыбасым дауыссыз дыбыстарды ұяң дауыссыздар дейміз. ұяң дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з, h. үнді дауыссыздар: үн мен салдырдың қатынасынан жасалып, бірақ салдырдан үн басымболатын дауыссыз дыбыстарды үнді дыбыстар деп атаймыз. Үнді дауыссыздар мыналар: р, л, и, у, м, н, ң. **Дидактикалық ойын:** Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардың айтылу ерекшеліктерін түсіндіреді. Дауыссыз дыбыстар: к, қ, п, т, с, ф, х, ц, ч, ш, щ, б, в, г, ғ, д, ж, з, h, р, л, и, у, м, н, ң. **Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды әндетіп айтайық»** А-а-а, ә-ә-ә, о-о-о, ы-ы-ы-ы, у-у-у-у, і-і-і-і-і, е-е-е-е, и-и-и-и **Үлестірмелі материалмен жұмыс** • Қар қиыршықтарының суретін сал. Сурет бойынша әңгімеле. Педагогтің көмегімен балалар суретте қандай сөздер дауыссыз дыбыстан басталып тұрғанын айтады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды	1. Суретте көліктің қандай түрлері бейнеленген? Бұл көліктер қайда жүреді? Жер астында жүретін көлік қалай аталады? 2. Әр көлікті жүретін жолымен сызып қос. 3. Қайсысы артық? Белгіле. 4. Есіңде сақта. Жерасты көлігінен абайла, сақ бол! Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Метроға мініп көрдіңдер ме? Метро қандай жолмен жүреді? – Рельспен жүретін тағы қандай көлікті білесіңдер? Балаларды мадақтау. **Алматы метросы** Көрдік біз алтын арайлы, Көрікті сәнді сарайды. Орталық зәулім сәулеттен Вагондар легі тарайды. Көрдік біз одан шебердің Көркемдеп салған мәнерін. Құрметтейміз бағалап, Құрылысшының өнерін. (Әдібай Табылды)

	мазмұнын біріне бірі жалғастырып айтқызады. Мақал-мәтелді түсініп ал. Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. Еңбек түбі – береке, Көп жиналса – мереке. Педагог мақал-мәтелдің мағынасын балалармен бірге болжамдайды. **Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс екенін анықта»** Шарты: педагог дыбысты айтады, ал балалар дыбыстың дауысты не дауыссыз екенін анықтайды. Бірінші болып қол көтерген бала жауап беру құқығына ие болып, содан соң келесі балаға басқа дыбысты айтады. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Әңгіме кейіпкерлері қысқа қалай дайындалды? Өзің итке қалай көмектесер едің? Суретін сал. 2. Қыздар жаңбырлы күні сыртқа қалай шықты? Күзгі және қысқы киімдердің қандай айырмашылығы бар? – Бүгін қандай әңгімемен таныстық? Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балаларды әңгіме кейіпкерлері – ара, тиін және сарышұнақтың еңбекқорлығынан үлгі алуға шақырады. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау		(Спандияр Көбеев)	бояңдар.	

	жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)		**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Шар.Текше.Цилиндр.(пішін дегі заттар) **ҰІӘ міндеттері:** - геометриялық денелер – текше, шар, цилиндрді тануға және атауға үйрету. -санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау. (май,сүт) **ҰІӘ міндеттері:** -сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету; -суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату,	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Шар.Текше.Цилиндр. (артық заттар) **ҰІӘ міндеттері:** - геометриялық денелерді текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету. -санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жазық фигура және көлемді фигура. **ҰІӘ міндеттері:** - жазық және көлемді геометриялық фигуралар мен денелерді тануға және атауға үйрету; -санау, санды цифрмен сәйкестендіру, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату,	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау. (қант,кілт) **ҰІӘ міндеттері:** - дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату; -өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету,

	ұқсас заттарды табу дағдыларын бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Ойлау, есте сақтау қабілеттерін және сөйлеуге дағдыландыру. Ойын арқылы танымдық қабілеттерін, логикалық ой - өрістерін дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Ұжымдылыққа, мейірімді болуға, көмек көрсетуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** - Балаларға көлемді денелер: шар, текше, цилиндр туралы түсінік беру; -Қоршаған ортада сәйкес пішіндегі заттарды табуға үйрету. **Қауіпсіздігі:** Тапсырманы ұқыпты, таза орындауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтижелер:** текше, шар, цилиндр атауларын айтуды; осы пішіндердің ерекше қасиеттерін; қоршаған ортадан геометриялық денелердің пішіні бар заттарды табуды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**	жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту; -дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу. **Дағды:** Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балаларға буын туралы түсінік беру,сөздерді буынға бөлуге үйрету Танымдық қызығушылықтарын арттыру. **Қауіпсіздігі:** Балаларға жалпы сауаттылықтары мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, лингвистикалық дүниетанымдарын кеңейту, грамматикалық талдау жасау дағдыларын дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**: - дыбыстық талдау жасайды;	ұқсас заттарды табу дағдыларын жетілдіру; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету; зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Математикаға қызығушылықтарын арттыру,ұқыптылыққа,мейірімділікке тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың өздеріне таныс дөңгелек, шаршы, үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді бір – бірінен ажыратып, атай білуге үйрету. Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балаларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру, айналасындағы заттар арасынан геометриялық пішіндерді таба білуге үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтижелер:** текше, шар, цилиндр атауларын айтуды; осы пішіндердің ерекше	қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын жетілдіру; -қиялды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, берілген бағытта штрихтауды дамыту; -еңбекқорлық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) және кеңістік фигураларымен (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида), танысады және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіреді. **Құндылықтарға баулу:** Жауапкершілікке,бірін-бірін тыңдап,сыйлауға үйрету. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Қоршаған ортадағы сәйкес пішіндерді беттестіре отырып, салыстыруға үйрету. **Қауіпсіздігі:** Достыққа бірлесіп жұмыс атқаруға, ойнауға мұқият тыңдауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтижелер:** - жазық (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) фигураларды және кеңістік	сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру; -мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Дағды**: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілікке,аңғарымпаздыққа бір-біріне деген достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу,топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**: буынға бөлуді көрсетуде сызбаны қолданады; сөздерді буынға бөледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Мамандықты ата. 1. Асты кім пісіреді? 2. Өлеңді кім жазады? 3. Суретті кім салады?

	«Сиқырлы фигуралар» еліне саяхаттауға шақырады. Бұл елде барлығы фигуралардан тұрады. Фигураларды қарап шығуды және олардың атауымен танысуды ұсынады. Педагог текшені, шарды, цилиндрді көрсетеді, жалпылама түсінік береді: «Текше, шар, цилиндр бұл – геометриялық денелер». Балалар фигура атауларын қайталайды және геометриялық денелердің суреттерін немесе үлгілерін көрсетеді.   **Топтық жұмыс жүргізу.** Балалар санамақтың көмегімен топтарға бөлінеді. Әр топқа фигура таратылады. Педагог оларды зерттеп, анықтап қарауды, көлемді фигураларды қолмен ұстап көруді сұрайды. Фигуралардан сарай тұрғызуды ұсынады және оның қандай фигуралардан құрастырылғанын айтып беруді сұрайды. **«Неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны.**	-дыбыстардың жасалу жолын түсінеді; -дыбыстарды ажыратады, белгілейді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Артығын тап» ойын.** 1. Бас, қол, көз, қас, тас. *(тас)* 2. Алма, алмұрт, шие, бие. *(бие)* 3. Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. *(фокус)* 4. Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. *(жүзім)* 5. Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. *(терезе)* **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** **Дыбыстармен жұмыс.** **«Тізбекті жалғастыр» дидактикалық жаттығуы** – Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіне беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді. Мысалы: *қала – алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір – рауғаш – шопан – нан – нақыл – лақ – қала – алма – алтын – нар – нәзік – кәмпит – табақ – қант – тоқ – қоңыз т.б.* ***«Берілген дыбысқа сөз***	қасиеттерін; қоршаған ортадан геометриялық денелердің пішіні бар заттарды табуды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Фигураны көрсет, атауын айт» ойынын** ойнауға шақырады. Педагог фигураларды үш сөреге орналастырады (жалпақ және көлемді). Содан кейін ол сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан фигурасы бар карточканы көтеруді сұрайды. «Екінші сөренің ортасында...», «Төменгі сөреде сол жақта...» және т.б. балалар карточканы көтергеннен кейін фигураның атауын дауыстап айтуы қажет. **«Затты тап» ойынын** ойнауды ұсынады. Балалар санамақ санау арқылы топқа бөлінеді. Педагог жиынтықтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, оларға қандай заттар ұқсас екенін сұрайды (пішіні бірдей). Топтарда тақырыптар талқыланады және аталады, әр дұрыс жауап үшін дөңгелекшелер алады. Көп дөңгелекше жинаған топ жеңеді. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.**	(куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, тікбұрышты параллепипед) денелерін ажыратады; -геометриялық фигуралар мен қоршаған ортадағы заттардың пішініне ұқсастығын анықтайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** *Тур сендерді шақырады, келіңдер;* *Пішіндердің әлеміне еніңдер* *Шеңбер, шаршы, төртбұрыштар күтеді* *Таныстырам пішіндермен маған көңіл бөліңдер!* **Ойындық жағдаят.** Педагог топқа Әлия мен Сырыммен (№ 1 парақ) бірге ерекше қонақтар келгенін хабарлайды: «Олар – геометриялық фигуралардан тұратын кейіпкерлер». Балалар фигуралардан құрастырылған адамдарды атайды. **«Пішіндес заттарды тап» ойын жаттығуы.** Жұптасып жұмыс істеу. Үстелдің үстінде фигуралар жиынтығы бар конверттер қойылған: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш. Педагог тапсырманы түсіндіреді (кесілген фигуралар). – Балалар, сендерден біреу	4. Ауланы кім сыпырады? 5. Хатты кім таратады? «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дыбыстармен жұмыс Педагог балаларға дыбыстарды, буындарды сөздерді, кезектестіріп айтады, балалар «у» дыбысын естісе, жалаушаны көтереді. Мысалы: а, п, м, т, и, у, м, с, ч, я, ю, у, ж, а, у, ц, и, у, р, т, л, у... Са, ха, то, уыр, пе, пу, до, ио, ау, аи, ми, ду, ру, ба, де, са, ша, ка, пу..... Шана, ауна, үкі, тауық, балық, қауын, жауын, қасқыр, ау, моншақ, бау... «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға суреттер көрсетеді, балалар сол суреттің мағынасына келетін, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер жалғаулары керек. Мысалы: қызанақ ... (қызыл), қияр ... (жасыл), балмұздақ ... (тәтті) т.б. **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы** – Балалар, мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар. Мысалы: кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат,

	Педагог текше, шар, цилиндр фигуралы пішіндес заттарды бейнелейтін суреттерді (№22 парақ) қарап шығуды ұсынады. – Шар неге ұқсайды? (Қарбыз, доп, глобус.) – Цилиндр неге ұқсайды? (Стақан, саптаяқ.) – Текше неге ұқсайды? (Текше, сыйлық қорабы.) **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Фигураларды ата. Осындай пішіндегі заттармен сызып қос. Балалар суреттерді қарайды, суреттерге сәйкес пішіндермен өзара байланыстырады. Айтып түсіндіреді: «Қарбыз шарға ұқсайды», «Бөшке цилиндрге ұқсайды» және т.б. **2-тапсырма.** Суреттен текше, шар, цилиндрге ұқсас заттарды тауып, оларды ата. Балалар суретті қарайды, заттарды атайды. ***«Сиқырлы дорба» дидактикалық ойыны.*** Дорбада әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар. Дорбаны ашып қарамай, қолды дорбаға салып кез келген бір затты (геометриялық дене, фигура) сезінуі қажет. **Күрделендіру:** Педагог дорбадан белгілі бір нақты (шар, цилиндр, үшбұрыш) фигураны табуға тапсырма береді. Бұл жағдайда бала қажетті фигураны тапқанша бірнеше фигураны дәйекті	***ойла» дидактикалық жаттығуы*** Педагог сөз ойлап айтқан балаларға жұлдызша беріп отырады, кімде көп жұлдызша болса, сол жеңімпаз атанады. **1-тапсырма:** Педагог балаларға «и» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мен білемін бұндай сөздерді: *ине, инелік, ирек, иық, Иманәлі т.б.* **2-тапсырма:** Педагог балаларға «о» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мен бұндай сөздерді білемін: *орындық, ожау, омыртқа, оқыс, оқы, ойна,ойын т.б.* **Балаларға көрсету әрекеті:** **3-тапсырма:** Педагог балаларға «д» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларын сұрайды. Мен бұндай сөздерді білемін: *доп, дақ, домалақ, дорба, дән, диқан, дарын, дария, даң, Дидар, дырылдақ т.б.* ***«Сөз жина» дидактикалық жаттығуы*** – Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған	**1-тапсырма.** Әр топтан артық затты тауып, қоршап сыз. Өз таңдауыңды түсіндір. – Бұл заттар қандай геометриялық денелерге ұқсайды? – Әр жиынтық топта бір «артық» элементтің пішіні қандай? Ал қалған заттардың пішіні қандай? **2-тапсырма.** Суретке қарап, не бейнеленгенін ата. Қай зат қандай пішінге ұқсайды? Сызып қос. Балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды.  **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті.** *Құыршақ қолын созады, Жоғары-төмен, жоғары-төмен.* (Қолды жоғары-төмен көтеру.) *Айналып, биін билейді, Шырқайды өлең! Шырқайды өлең!* (Бір жерде тұрып айналады.)	шығып конверттен кез-келген фигураны алады, оны атайды. Ал екінші бала қоршаған ортада кездесетін осындай пішінді заттарды тауып айтады. Содан кейін балалар рөлдерімен ауысады. Көмек ретінде №12, №13, №14 парақтарды пайдалануға болады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Текше мен шаршыны қолыңа ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. – Қандай айырмашылықты байқадың? Шар мен дөңгелекті қолыңа ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. – Қандай айырмашылықты байқадың? Цилиндр мен дөңгелекті қолыңа ал. Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз. – Қандай айырмашылықты байқадың? Заттарды зерттейді, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, сұрақтарға жауап береді. Балалар фигураларды қолдарымен ұстап зерттеп, жазық және көлемді фигураның айырмашылықтарын айтады. Балалар пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған	ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш..тар, бақта..шы, береке...лі, күлкі...лі т.б. Сөзді дұрыс айтқан балаларға педагог жұлдызша таратып отырады, ойын соңынан жеңімпаз анықталады. Педагог төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасайтындарын хабарлайды. **«Қант»** сөзінің дыбыстық талдауы. Суретті сызбаны тақтаға іледі. Педагог сөздегі әр дыбысты анық айтады, ал балалар қайталайды. Дыбысты айтып, олардың дауысты және дауыссыз екенін анықтайды. **«Қант»** сөзінде 1 буын, 4 дыбыс бар. **Қ** – дауыссыз, қатаң. **А** – дауысты, жуан ашық езулік. **Н** – дауыссыз, үнді. **Т** – дауыссыз, қатаң. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға «кілт» сөзіне дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Бір баланы тақтада жұмыс жасауға шақырады. Суретті сызбаны тақтаға іледі. Дыбыстық талдаудан соң балалар өз жұмыстарын тақтадағы талдаумен тексереді. Педагог көмек керек балаларға көмектесіп, жеке жұмыс жүргізеді. **«Кілт»** сөзінің дыбыстық талдауы.

	түрде зерделеп қолмен ұстап көреді. Фигураларды бір-бірімен салыстыру пайдалы. – Шарда қабырға бар ма? – Шар, текше дөңгеленіп айнала ма? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Балалар педагогтің қимылдарын қайталайды. Қауырсындай ақ шарым! (Қолмен шар бейнесін жасайды.) Тым биікке ұшасың! (Қолдарымен қанат сияқты қағады.) Жіпті тартып қолымнан, (Арқан-тартыс қимылын жасайды.) Неге меннен қашасың? (Бір орында тұрып жүгіреді.) Қол бұлғай ма аспанын? (Қолдарын бұлғайды.) Қайда кеттің ақ шарым? (Екі қолды кезектестіріп, маңдайға қойып бір нәрсе алыстан іздегендей болады.) **3-тапсырма.** Фигураларды сана. Тиісті цифрды қоршап сыз. **4-тапсырма.** Әр қатардан артық затты тап. Белгіле. Өз таңдауыңды түсіндір. Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. Педагог қорытынды жасайды. Ұйымдастырылған іс-әрекетте танысқан фигураларды ауада бейнелеуді сұрайды. Балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады.	дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар. Мысалы: - «а.л.м.а.», – «а.ғ.а.ш.», - «к.ү.н.», - «қ.ұ.с.», «қ.о.я.н.», - «с.и.ы.р.»,- «а.с.ы.қ.», - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.». – Балалар, сендер қандай тағамдарды ұнатасыңдар? тамақтану қажет. Ал А, В, С, Д, Е – осы адам ағзасына қажетті дәрумендердің атаулары. Біз оларды тағамдардан аламыз. А дәрумені өсу мен көру дәрумені деп атауға болады. Балалар, денсаулыққа пайдалы тағамдармен жақсы өсесің, ал көзің тамаша көреді. В тобының дәрумендері мидың дамуына әсер етеді. С дәруменін «күшті имунитет дәрумені» деп атауға болады, себебі ол арқылы сен аурулардан қорғанасың. Е дәрумені сені күшті, әрі төзімді етеді. Д дәрумені сенің сүйегіңді мықты етеді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді көк түсті сандықпен, дауысты дыбыстан басталатын сөзді қызыл түсті сандықпен сызып қос. 2. Дыбыстық талдау жаса.	*Биден соң барлық балаға,* *Іzетпен басын иеді төмен.* (Алға қарай иіледі.) **3-тапсырма.** Заттардың шеткі сызықтарын көрсетілген түстерге сәйкес бастырып сыз. Артық затты тауып, оны ата. Ұқыпты жұмыс істеуді, үстелде дұрыс отыру қалпын сақтауды еске салады. **Ойын жаттығуы. «Фигураларды топқа бөл».** Педагог балаларды санамақтың көмегімен топқа бөледі. Тапсырманы түсіндіреді: «Фигураларды екі белгіге қарап, топқа бөл: пішіні және түсіне қара». Педагог әр топқа **пішін** мен **түс** бар карточканы көрсетеді. Әр топ фигураларды өз белгісі бойынша таңдайды және оларды біріктіреді. Балалар фигураларды талдайды, салыстырады. Әрі қарай, өзара тексеру жұмыстарын ұйымдастырады. Қорытынды жасалады. Ұйымдастырылған іс-әрекетінде танысқан фигураларды ауада бейнелеуді сұрайды. Балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл	көлемді фигураларды, қатырғықағаздан, фанерден жасалған жалпақ фигураларды тауып әкелуі қажет. – Олар қандай түске боялған? **2-тапсырма.** Бөлмеден осындай пішіндегі заттарды тауып, оларды ата. Олардың түсі қандай? Педагог бөлмеден осындай пішіндегі заттарды табуды сұрайды, оларды атауды өтінеді. – Бұл неге ұқсайды? Түсі қандай? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті.** Мәтінге сәйкес қимылдарды орындайды. *Аяқпенен топ етіп,* *шапалақты ұрамыз,* *Өзімізді айналып, қол ұстасып тұрамыз.* *«Ах» деп айтып бәріміз, пішіндерге барамыз.* *Қол ұстасып бәріміз үлкен шеңбер құрамыз!* **3-тапсырма.** Төртбұрышты печеньелерді және дөңгелек печеньелерді сана. Тиісті цифрмен сызып қос. Педагог суретті қарап шығуды ұсынады. Қандай формадағы печеньелер бейнеленген? (Шаршы және дөңгелек). Фигуралар түрін сана. Олар неше? Балалар фигураларды қайта санап, тиісті цифрды белгілейді. **4-тапсырма.** Штрихта.	**«Кілт»** сөзінде 1 буын, 4 дыбыс бар. **К** – дауыссыз, қатаң. **І** – жіңішке, дауысты, қысаң, езулік. **Л** – дауыссыз,үнді. **Т** – дауыссыз, қатаң. 2.Суреттерді ата. «**С**» дыбысы бар сөздерді алақанды шапалақтап, буынға бөл. Тиісті сызбамен қос. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті :** Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым, Алға қарай бір адым. Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 3. Үзік сызықтарды бастыр. 4. Көрсетілген бағыт бойынша штрихта. 5. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы:** Кіп-кішкентай саусақтар Шаршамайды, тынбайды. Себебі бұл саусақтар Жаттығулар жасайды. Түрлі түсті сызықтарды Дәптерлерге жазады.

	Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	***«Май», «сүт»*** сөздеріне дыбыстық талдау жасайық. Балалар орындарында жұмыс дәптерде өз беттерінше жұмыс жасайды. Педагог көмек керек балаларға көмектеседі. Суретті дыбыстық сызбаларды тақтаға іліп, балаларды тақтада жұмыс жасауға шақырады. Балалар жұмыстарын тақтамен тексереді, түзетеді. Дыбыстық талдау жасау барысында әр дыбысты анық айтуға тапсырма беріледі. ***«Май»*** сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. «Сүт» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. **М** - дауыссыз, үнді. **А** - дауысты,жуан, ашық, езулік. **Й** - дауыссыз,үнді. **С –** дауыссыз, қатаң. **Ү –** дауысты дыбыс: жіңішке, қысаң, еріндік. **Т –** дауыссыз, қатаң. **Сергіту сәті.** **Дымбілмес** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 3. Суреттерді штрихта. 4.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз. Педагог балаларға көлбеу сызықтары бар кішкентай жол жазу дәптеріндегі үлкен, кіші жолдармен таныстырады. Дәптерде үлкен, кіші жолдар кезектесіп орналасқан.	дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	Тапсырманы орындамас бұрын педагог штрихтау бағыттарын атауды сұрайды (жоғарыдан төменге, оңнан солға). Әрі қарай, балалар өз бетімен жұмыс істейді. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.  	Еңбексүйгіш саусақтар Бәрінен де озады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

		Кіші жолаққа жазу жазамыз, ол – жазуға арналған жол. Ал үлкен жол жазылған жазулар бір-біріне кедергі болмай, әдемі, анық көріну үшін арнайы сызылған. Педагог тақтадағы сызылған жолақтарға жазу үлгісін жазып көрсетеді, түсіндіреді. **Саусақ жаттығуы** Қолымызды қайшылап, Қағаздарды қиямыз. Қиып-қиып аламыз, Біз көңілді баламыз. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.		

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру

Қыстағы жол қауіпсіздік ережелері

Қимылды,сюжеттік - рөлді ойын: «Көше»

Басты міндеттері: Балалардың көшеде өзін-өзі ұстау ережелері, жолда жүру ережелері, әртүрлі көлік түрлері туралы білімдерін нақтылау және бекіту;

Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету.

Дыбыстық есту арқылы ойын:
«Көліктердің дыбысын ажырат»
Мақсаты:Балалардың ойлау қабілетіндамыта отырып,есте сақтау қабілетін арттыру,байқампаздыққа баулу.

Артикуляциялық жаттығу:
«Машина»
***Гараждын есігін ашамыз.Машина шығады. Ауызды ашамыз, 3-5 сек жабамыз.
***Машина көңілді** – ерінді күлімсіреп, барлық тістерді көрсету.
***Машинанын құбыры бар** –ол өте ұзын! Ерінді құбыр түрінде алға созамыз.
***Машинанын багы жаңар майға толық** - бетімізді үрлеп толтырамыз
***Машинада жанар май таусылып қалды**- бетімізді ішке тартамыз.
***Кең жол**- машиналар кең жолға шықты. Ауызды кең ашып, тіл төменгі ернінде жатады.
*Жақсы, енді арқаларынды түзетіп, аяқтарын бірге қойып отырамыз.





Қимылды,сюжеттік - рөлді ойын: «Көше»
Міндеттері: Балалардың көшеде өзін-өзі ұстау ережелері, жолда жүру ережелері, әртүрлі көлік түрлері туралы білімдерін нақтылау және бекіту; Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету.
Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалу беруге дағдыландыру.
Ойынның шарты:
Бағдарламалық мазмұны:
1.Балаларға көліктердің түрлері, жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру. Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту.
2.Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды үйрету.
3. Екі топқа бөлініп жолаушылар тасимыз.Жүргізуші боламыз.
Атрибуттар: түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі,реттеушінің таяғы.
Қатысушылар: полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар.
Жағдаят:Балаларға арналған сұрақтар:
-Біздің көшеде қандай үйлер бар?
- Біздің көшеде қандай қозғалыс бір жақты ма, екі жақты ма?
- Жаяу жүргіншілер қайда жүру керек? Көліктер қайда баруы керек?
- Жол айрығы дегеніміз не? Көшеден қай жерде және қалай өту керек?
- Жаяу жүргіншілер өткелі қалай белгіленеді?
– Көшеде көлік қозғалысы қалай реттеледі?
- Қандай бағдаршамдарды білесіңдер?
-Көшеде қандай жол белгілері бар? Олар не үшін?
- Жолаушылар көлігі бізге не үшін қажет? Оны адамдар қайда күтіп отыр?
- Автобуста өзіңді қалай ұстау керек?
- Сыртта ойнауға бола ма?
-Келесі кезекте мұғалім балаларды жол ережесін сақтай отырып, көше бойымен «көлік жүргізуге» шақырады. Содан кейін балалардың бірі жаяу жүргіншінің рөлін ойнайды. Жеңімпаз - жүргізуші мен жаяу жүргінші рөлдерін жақсы және қатесіз орындаған адам.
-Келесі кезекте жыл мезгілі қыста ойын кезінде өзімізді қалай ұстаймыз.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:**	**2.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:**	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:**	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:**

іс-әрекет)	Менің Отаным.(Өлең) **ҰІӘ міндеттері:** - Отан туралы түсінігін тереңдету; - тақырыпқа байланысты әңгіме құрауға үйрету; - Отанын сүюге тәрбиелеу. **Дағды**: сөйлем түрлерін ажыратып , тыныс белгілерін қою, суретке қарап әңгіме құрай алудағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Қазақстанның кең- байтақ, бай мемлекет екенін түсіндіру. Мемлекет астанасы туралы түсінік беру. Балалардың қызығушылығын, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Отанды сүйе білуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға Қазақстан Республикасы туралы білім беру. Балалардың тіл байлығын, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту, туған елін, жерін сүюге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - балалардың ойлау қабілетін дамыту, тақпақтар, мақал–мәтелдер, тыйым сөздер айтқыза отырып, тілдерін дамыту; -балаларды адамгершілікке, табиғатты сүюге, табиғатқа қамқор бола білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**:	баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Мен кезекшімін. **ҰІӘ міндеттері:** - балаларды шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу; -топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға үйрету; -еңбекке құрметпен қарауға баулу. **Дағды**: Балаларды кезекшілік кезінде тиімді, мәдени қарым-қатынас тәсілдеріне үйретуді жалғастыру,сөйлеу, ойлау, зейінін аудара білу қабілеттерін жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** - кезекшілік үдерісіне оң көзқарасын білдіру; -өзінің еңбек қызметін бағалау. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** -кезекшінің негізгі міндеттермен таныстырып,өмірде қолдана білуге баулу; -кезекші туралы айтып оның атқаратын жұмыстар түрлеріне тоқталып, қолдана білуге үйрету. -баланы еңбексүйгіштікке, бір-біріне деген сыйластық сезіміне тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Қызықты ойындар арқылы балалардың эмоциялық	Қыс. (Абдрахман Асылбековтің өлеңі) **ҰІӘ міндеттері:** - қыс мезгілі туралы түсінігін қалыптастыру; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -табиғаттың сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу. **Дағды**: - Жыл мезгілі «Қыс» туралы әңгімелеп айтып, сұраққа жауап беруге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** - Балаларға табиғат көріністерін сипаттап, қыс қызықтарын айтқызып үйрету. Балаларды табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс баяндауға үйрету. Қыс мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**: көргенін әңгімелеп айтып, сұраққа жауап береді.	Тәуелсіз елдің ұланымыз. **ҰІӘ міндеттері:** - Тәуелсіздік туралы ұғымын кеңейту; - еліміздің рәміздерін қастерлеуге баулу; - туған елін мақтаныш етуге тәрбиелеу. **Дағды**: дыбыстарды түріне қарай ажырата алудағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Балаларға тәуелсіздік туралы ұғындыру, туған жер, елін құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін ояту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Еліміздің тарихы туралы түсінік беру. Өз Отанын сүюге тәрбиелеу. Еліміздің рәміздерін қастерлеуге үйрету. Туған елге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Өз ана тілін, әдет - ғұрпын, салт - дәстүрін сақтауды бойына дарыту. 1986 жылы желтоқсанда ел азаттығы жолында құрбан болған ұл қыздарымыздың ерліктерін еске алу. **Қауіпсіздігі:** Егемендіктің мәнін түсіндіру. Бүгінгі тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенін зерделеу. Отанын, елін, жерін, сүюге, қорғауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**: - Қазақстан Республикасының тәуелсіз	Жантөре мен ақ қоян. (суретті әңгіме) **ҰІӘ міндеттері:** - әңгімені жалғастырып айтуға жетелеу; -сөздік қорын байыту; -қоршаған ортаны сүйе білуге тәрбиелеу. **Дағды**: балаларды мейірімділікке тәрбиелеу. еңбектенуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Балаларды мейірімділікке жәнеде қонақжайлылыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға қоян туралы түсіндіру. Орман туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Көрнекіліктерді пайдалана отырып, балалардың сөздік қорларын дамыту. **Қауіпсіздігі:** Балалардың қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**: қарапайым сұрақтарға жауап беруді біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**

	- сөйлем түрлерін ажыратып , тыныс белгілерін қояды, суретке қарап әңгіме құрайды, өлең жолдарынан сөйлем түрлерін табады; *өңір*, *желу* сөздерінің мағынасын; қыс мезгіліне байланысты ойын түрлерін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **–** Балалар, біз бір-бірімізді түсіну үшін не істейміз? Әрине, сөйлесеміз, тілдесеміз. Сөйлемдердің үш түрі болады. Біріншісі – хабарлы сөйлем, бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан. **Нүкте** Нүкте деген білгенге Жай ғана бір ноқат па?! Жоқ онсыз сөйлем де, Жоқ өлең де, жоқ хат та!.. Жазып жатқан кездерде Асықпай ол күтеді, Асқан дана сөздер де, Сол нүктемен бітеді. (Қ. Мырза Әли) – Ал енді сендер хабарлы сөйлемге мысал келтіріңдер. – Сөйлем соңына не қойылады? – Сөйлемнің екінші түрі – лепті сөйлем.	сезімдерін дамыту. Еңбексүйгіштікке баулу, бір-біріне деген сыйластық, сыпайыгершілік сезімдерін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**: - Тапсырмаға саналы, жауапкершілікпен қарап орындай алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Үй тапсырмасын тексеру Сұрақ жауап әдісі арқылы үй жұмысын тексеру Сен қай мектепте оқисың? Сенің мектебің қай көшеде орналасқан? Сенің мектебін неше қабатты? Ол қандай? Сен нешінші сыныпта оқисын? **Қызығушылығын ояту.** Ал енді, балалар! Тақтаға назарларыңды аударыңдаршы, нені көріп отырсыңдар? Олар кімдер? Оқушылар Қайда тұр? Мектепте Не істеп тұр? Кезекшілікті атқарып тұр. Ендеше біздің тақырыбымыз қандай? Иә, «Кезекшілік»,	**Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Шаттық шеңберін құру. Суда мұз бар, жерде қар, Боран борап соғады, Бұл қай кезде болады? Педагог слайдтан суреттер көрсетеді. – Мына суреттерден не көріп тұрсыңдар? – Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? – Қыста адамдар қалай киінеді? Қыс мезгілі ұнай ма? – Қар қандай? (Әдемі, кішкентай, нәзік, жеңіл, үлпілдек, суық, ақ) – Кейде қар өте қалың жауады. Қарды үйіп, сырғанақ жасаймыз. Шанамен сырғанаймыз. – Бүгін біз ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз. **Қыс** Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша-бауды, тауды да Бояған ақ түспенен. Қыс дегенің ақ қана, Үлбіреген мақта ма? Тыным таппай күнұзақ, Тұрғызады аққала. (Абдрахман Асылбеков) Педагог өлеңді оқып береді (соңындағы қосымшадан қараңыз) **Балаларға көрсету:**	мемлекет екенін; Мемлекетті рәміздерді (әнұран, елтаңба, ту); Туған жерлері Қазақстан туралы мәліметтерді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** – Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болады. Алдымызда Тәуелсіздік күні мерекесі жақындап келеді. – Біздің еліміз қалай аталады? – Қазақстан Республикасының президенті кім? – Қазақстан Республикасының рәміздерін ата. – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын Күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі. Мемлекеттік Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков. – Елтаңба – Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Елтаңбаның негізі бөлігі – шаңырақ.	**Шаттық шеңберін құру.** Күннің нұрын алақанға саламын, Жүрегіме басып ұстай аламын. Жарық, жылы, нәзік әрі мейірлі Болып кетер сонда жан-жағым. Педагог жұмбақ жасырады. Өзі ақ, Өзі қорқақ. Ол не? (Қоян) **Балаларға көрсету әрекеті:** – Балалар, қыс мезгілінде қоянның түсі қардың түсі сияқты ақ болады. Бүгін біз осы ақ қоян туралы Бағдат Мәжитовтың «Жантөре мен ақ қоян» деген қызықты әңгімесімен танысамыз. **Жантөре мен ақ қоян (суретті әңгіме)** – Жантөре, жүр, аққала жасайық. – Кеттік. – Қане, дөңнен қар домалатайық. – Жантөре, қарашы, қоян кетіп барады. – Қалай ұстаймыз? – Жүр, оны ұстап алайық. – Жарайды. – Жантөре, ұста, жіберіп алма. – Қап, бәлем! Кеттік артынан. – Жантөре, қоян қайда кетті? – Білмеймін. – Қызық, мына қарды қара, доп-домалақ. – Аққаланың басы дайын. А-а-а, мынау не?

	Ол адамның түрлі көңіл күйін – қуану, ренжу, өкіну, таңдану т.б. білдіреді. Мысалы: Жасай бер, Қазақстан! Желбіре, желбіре, көк туым! Лепті сөйлем көтеріңкі сезіммен айтылады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы: хабарлы, лепті, сұраулы.** – Балалар, мен өлең жолдарын оқимын. Өлең жолдары арасынан сөйлемнің қандай түрін естігеніңді табасыңдар. Шанамен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (А. Меңжанова) **Менің Отаным** Әйнегі – Күн, Шатыры – аспан, Кең далам асқақ. Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің! **Сергіту сәті:** Қар жауғанда, топ бала Соқтық келіп аққала. Мұрны сәбіз, үп-үшкір, Көзі көмір, қап-қара. Көне шелек басында, Сыпырғышы қолында, Мұзайдынды аршуға Келгендей-ақ ол мұнда. Педагог балалардың туған өлкем тақырыбында әңгіме құрауын сұрайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін**	«Мектептегі кезекшілік» жайлы болмақ. Педагог өлең оқиды, балалар өлеңнің мазмұнын қалай түсінгендерін айтады. Қырға шықсаң, өрлеп, Мұның аты – еңбек Кесте тіксең, зерлеп Мұның аты – еңбек Сабағыңа жөндеп Әзірленсең – еңбек. Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек. **Балаларға көрсету әрекеті:** Аузы бұртиып, топқа Қырағы кіреді. Педагог одан неге ренжіп тұрғанын сұрайды, оның айтуы бойынша, анасына дастарқан жасауға көмектескісі келеді екен, бірақ ыдыстарды қалай қоятынын білмепті. Балалар Қырағыны орталарына шақырып, отбасында үлкендерге қалай көмектесетіндерін әңгімелейді. Балалар отбасында үлкендерге қалай көмектесетіндерін әңгімелейді. – Сыныпта қалай еңбектенесіңдер? – Топта кезекші боламыз, серуенге шыққанда аулада еңбектенеміз. – Жарайсыңдар, балалар, кезекші міндеттерін тағы бір қайталау үшін, бүгін біз «Ол не?» ойынын ойнаймыз. (QR-код арқылы қосымшаны	**Сөздік жұмысы:** ақпен бояған – айнала аппақ шебер – «әдемі етіп өрнектеген» деген мағынада Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады? Авторы кім? – Қыста дала қандай болады? Неліктен қысты қызық дейміз? – Неліктен қысты жақсы көресің? **Тіл ұстарту жаттығуы:** Ыс-ыс-ыс – келіп жетті қыс. Яз-яз-яз – сақылдаған сары аяз. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Балалар қолдарын алға созады. Педагог «қар жауды» деген кезде барлығы бір уақытта аяқтарын тарсылдатады. Педагог бірнеше рет қарындашпен үстелді соғады. Балалар естіген дыбыс саны бойынша қолдарын шапалақтап қайталайды. Педагог өлеңді екінші қайтара оқиды. Мнемокестедегі суреттерді атайды. Мнемокестедегі суреттер арқылы тақпақты жаттатады. 3-4 балаға өлеңді жатқа айтқызады. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суретте жылдың қай	Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізі – отбасының бейнесі. Қанатты тұлпар – ұшқыр арманның, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың көрінісі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын паш етеді. Әрбір адамға жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Елтаңбаның авторлары: Жандарбек Мәлібеков, Шота Уәлиханов. – Еліміздің мемлекеттік гимні – «Менің Қазақстаным» әні. Авторлары: Нұрсұлтан Назарбаев, Жұмекен Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқов. Мемлекеттік Гимнді орындарынан тұрып, оң қолдарын жүрек тұсына қойып тыңдайды. – Рәміздердерді қандай жерлерге іледі? Балалар қай жерлерде Қазақстанның Мемлекеттік Туының ілініп тұрғанын көргенін айтады. – Елордамыз қай қала? – Сендер тәуелсіз елдің бақытты ұланысыңдар. Елімізді, жерімізді, шегарамызды қорғайтын, ертеңгі ұлансыңдар. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының азаматысыңдар.	– Бұл жаңағы қоян ғой. – Тоңып қалыпты. Бұл қоянды үйге апарайық. – Жоқ, оны еркіне жіберейік. Көжектері күтіп отырған шығар. – Бізге қонаққа келіп тұр. Сау бол, ақ қоян! (Бағдат Мәжитов) Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз). **Сөздік жұмысы:** қап, бәлем – бір нәрсеге қатты өкінгенде айтылатын сөз **Сұрақ-жауап:** – Әңгіме қалай аталады? Жантөре қардан не жасағысы келді? – Жантөре досы екеуі нені көрді? Жантөре досына не айтты? – Қардың арасынан ақ қоянды көргенде Жантөре не деді? – Қоянды не үшін жібере салды? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Тіл ұстарту жаттығуы:** Ян-ян – балалардан қашты қоян. Ян-ян-ян – жүгіріп жүр ақ қоян. **Сергіту сәті:** Орнымыздан тұрайық, Қоян болып секірейік. Бір отырып, бір тұрып, Жақсы сергіп алайық. Педагог әңгімені екінші рет қайталап оқиды. – Әңгіме қалай басталды? Үлестірмелі материалмен

	қой» **Шарты:** берілген суреттің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемнің тыныс белгісін қою. Педагог балаларға әртүрлі суреттер таратып береді. Үлестірмелі материалмен жұмыс • Сұрақтарға жауап бер. Отанымыздың табиғаты қандай? Еліміздің халқы туралы әңгімеле. Еліміздің бас қаласын ата. – Балалар, бүгін қай сөйлем түрлерімен таныстық? Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	жүктеу). – Балалар, барлық затты дұрыс сипаттадыңдар, дұрыс жауабы айтылды, енді осы заттарды не үшін жұмбақтап шештік? (Балалардың жауаптары тыңдалады). – Бұл заттар арқылы біз бүгінгі әңгімеміздің тақырыбы топтағы кезекшілік екенін хабарладық. Қасық – асханадағы кезекшілік. Кітап – ұйымдастырылған іс-әрекетке кезекшілік. Өсімдік – табиғат бұрышындағы кезекшілік. – Асханадағы кезекшілік міндеттеріне не кіреді? – Күтуші апайға дастарқан әзірлеуге көмектесу, ыдыстарды қою, тамақтанып болған соң, босаған ыдыстарды тасып, орнына қою. – Міндетімізді неден бастаймыз? – Қолды жуып, алжапқыш пен бас киім кию керек. Балалар кезекшілікке дайындалуға барады (қолдарын жуады, алжапқыш, бас киім киеді). **Балалармен бірге орындау әрекеті:** – Кезекшілер, өз міндеттеріңе кірісіңдер. Педагог балалардың еңбек әрекетін бақылайды. Кезекшілер ас құралдарын қояды, педагог балалармен дастарқан басында өзін ұстау ережелері туралы	мезгілі бейнеленген? Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра. Балалардың көңіл күйі қандай? Қыс мезгілінде қандай ойындарды ойнайсың? 2. Кім қайда ойнайды? Сызып қос. 3. **Жұмбақты шеш.** Ақ көрпесін тұйықтап, Қыстай жатар ұйықтап. (Қар) Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. **Жеке жұмыс жүргізеді.** **Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»** (ойлау қабілетін дамыту) Шарты: қыста киетін қыздар мен ұлдардың киім түрлерін іріктейді. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Қыстың күзден қандай айырмашылығы бар? Қыста қандай ойындар ойналады? Балаларды мадақтау.	**Балаларға көрсету әрекеті:** Мақал-мәтелмен таныстыру, мағынасын түсіндіру. Отан үшін отқа түс – күймейсің. Тәуелсіз елдің ұлы – өжет, Қызы қайратты, Халқы қаһарман болады. Енді Бағдат Мәжитовтың «Тәуелсіздік» атты өлеңімен танысамыз. Тәуелсіздік Арқау болып өлеңге, Мереке күн атанған Тәуелсіздік деген не? – Деп сұрадым атамнан. Атам айтты: Ұмытпа, Тәуелсіздік – елдігің! Мағынасын шын ұқ та, Мақтаныш ет сен бүгін! Зор бақытты халқыма Тәуелсіздік әкелген. Даңқ қосып даңқына, Мәртебесін көтерген... Бұл мереке шынымен Толқытады көңілді. Тәуелсіздік күнімен Құттықтаймын елімді! (Б. Мәжитов) **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Көк байрақ, желбіре, Асқақтап аспанда. Жас ұлан, ел бірге, Сап түзе, жасқанба. – Балалар, өлең қай мерекеге арналған? – Қай сөз бірнеше рет қайталанып тұр? – Тәуелсіздік сөзінің мағынасын түсіндің бе? – Неге тәуелсіздік мақтанышымыз дейміз?	жұмыс 1. Оқиғаның жүйесін сурет бойынша баянда. Жантөре досымен не жасағысы келді? 2. **Жұмбақты шеш:** Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туады, Тауып көрші сен оны. (Аққала) Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Қыста қоянның түсі қандай болады? Балаларды мадақтау.

		әңгіме жүргізеді. 1. Тамақты асықпай, ұқыпты іш. 2. Тамақты талғамай іш, балабақша дағы ас мәзірінде нелер бар, соның бәрін тауысу қажет. 3. Дастарқан басында ойнама. 4. Қасық және шанышқыны дұрыс пайдаланып үйрен. 5. Күтушіге ыдыстарды жинауға көмектес. Педагог балалармен осы бағытта ұйымдастырылған іс-әрекеті, табиғат бұрышындағы кезекшілікті талдайды. (Оқу құралдарын қою, өсімдіктерге күтім жасау) Сергіту сәті. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Қырағы балалардан дастарқан жасауды үйренгенін айтып, қоштасып, шығып кетеді. **Үлестірмелі материалдармен жұмыс:** Қырағының пайымдауы: Мектептегі кезекшілік, балаларды еңбекке баулиды. 1.Кезекшілер құралдарын шашып алыпты. Қырағыға кімге не қажет екенін түсіндір. Сызықпен қос. 2.Асханадағы кезекшілікті әңгімеле. Дастарқанға бірінші не қойылады? Сызықпен қос. Педагог жеке жұмыс жүргізеді, қорытынды жасайды, балаларды		**Сөздік жұмысы:** арқау болу – тақырып болу даңқ қосу – атағын шығару **Үлестірмелі материалмен жұмыс** • Суретке қарап, еліміздің мемлекеттік рәміздері туралы әңгімеле. Біздің басты құндылығымыз – тәуелсіздігіміз, сол үшін бүгінгі жас ұрпақ, тәуелсіздігімізді ардақ тұтып, қадірлей білгені абзал. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	

		мадақтайды.			
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. **10:00-10:10** **Ас қабылдау мақсаты:** Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.	**Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.			
	«Адал азамат» біртұтас тәрбие				
	- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды. **- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.** **- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.** **- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.**				
	«Тамақ ішу әдебі» **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»** **анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»** **анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»** **анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Дәнді шашпа, нанды баспа	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»** **анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ...ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Ас адамның арқауы.	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»** **анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»
2 үзіліс – 10:00 – 10:10					
Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.					
Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында **Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша: «Қыс мезгіліндегі қауіп қатер»** **Басты міндет: Балаларды еңбекке баулу, қызығушылықтарын арттыру. Жыл мезгілдері туралы түсінік беру, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.**					

Сәкестендіру ойын: «Абайла,балақай!»
(Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері)
Міндеттері: Балалардың қыс мезгілінде үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту; жақсылық пен жамандық туралы түсінік қалыптастыру;адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, баланың жан-жақты ойлау қабілетін ,тіл байлығын дамыту.
Дағды: Ойлау, пайымдау, еске сақтау, логикалық ойлау дағдыларын дамыту; балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету;күнделікті өмірде бойына сіңірген жақсы әдеттерді пайдаланып, адамдарға мейірімділік, қайырымдылық, қамқорлық, жақсылық жасай алуға дағдыландыру.
Кіріктірілген: Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар.
Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар:
Ойынның шарты: Үстел үстіне бірнеше суреттер болады,балалар бірінші «жақсы»атауына ие суреттерді жинап қояды,екінші «жаман» атауына ие суреттерді бөлек жинайды.Не себепті жақсы,жаман өз ойларымен бөлісіп айтады.
«Имидж»әдісі арқылы жұмыс жасау.
Педагог: Адманың бойындағы жақсы ,асыл қасиеттерге не жатады деп ойлайсыңдар?
Балалар: Мейірімділік, адалдық, қайырымдылық, үлкенді сыйлау, іземттілік, табиғатты қорғау, тазалық сақтау, әділ болу, достыққа берік болу, уәдеге тұру.
Педагог: Ал адамның бойындағы жаман қасиеттерге не жатады?
Балалар:Әдепсіз, жалқау, сөзінде тұрмау еріншек, қызғаншақ, шыдамсыз, қатыгез ,өтірікші.
-Жарайсыңдар балалар.
Ықтимал күрделендіру: тез ойлау.
Ойынның нұсқаулары: Үстел үстінде суреттерді көрсете отырып,еркін сәйкестендіру арқылы құрастыру.Балалар суреттерді тауып, сұрақтарға жауап береді,әңгіме құрастырады.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Көктайғақ кезінде зардап шеккіңіз келмесе, келесі ережелерді орындаңыз:
- Өзіңіздің аяқ киіміңізге көңіл аударыңыз:
- Аяқастына қараңыз, қауіпті жерлермен жүрмеңіз.
- Егер мұзды жерді айналып өту мүмкін болмаса, мұз үстімен шаңғышы сияқты қысқа адымдармен жүріңіз:
- Жолдың келесі бетке өтетін жерлерде абай болыңыз, асықпаңыз, жүгірмеңіз;
- Аяғыңызды тіземен бос ұстап, табаңыңызды нық төсеп жүріңіз;
- Қолды қалтаға салып жүру құлау қаупін ұлғайтады.
- Егер тайып кетсеңіз ауыр жарақат алмас үшін, жүрелеп отыра қалуға тырысыңыз.
- Құлаған кезде қатты соққы алмас үшін бүктетіліп, аунап түсуге тырысыңыз.
- Құлаған кезде қолыңыздағы заттың емес, өзіңіздің аман қалуыңызды ойлаңыз.
- Құлаған соң орныңыздан бірден көтерілмей, жарақат алмағаныңызға көз жеткізіп, жаныңыздағылардан көмек сұраңыз.
Әсіресе арқамен құлау, шалқасынан құлау ең қауіпті болып табылады, себебі, осы кезде мидың шайқалуы мүмкін. Жарақат алған кезде міндетті түрде жедел жәрдем

«Абайла,балақай!» көрнекіліктері

қызметіне хабарласу қажет. - Әдетте мұз сүңгілері су жиналған жерде пайда болады, сол себепті үйлердің фасадын айналып өту керек. - Тыйым салынған жерлерден, су қоймаларындағы мұздан өтеуге болмайды. - Мұзды аяғыңызбен жармаңыз. - Мұздағы тесіктерге, жарықтарға, ойықтарға жақын келмеңіз. - Мұздың бөлек бөлігінде топталып тұрма. - Шанамен, шаңғымен тік жар жағадан жұқа мұзға қарай сырғанамаңыз.. **Тіл ұстарту жаттығуы:** Далада қар борайды,(қар-қар) Ақ мамыққа орайды.(ақ-ақ) Мұз болады, қатады (мұз-мұз) Жып-жылтыр болып жатады. (жып-жылтыр)	

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.10 – 10.35

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Әсем қала – Алматы. **ҰІӘ міндеттері:** - сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. **Дағды**: сұрақтарға дұрыс жауап беру дағдыларын жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** туған жердің кең-байтақ екенін, өз елінің әсем	**3.Сурет салу-** шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Менің сүйікті ертегім. (Акварель бояу) **ҰІӘ міндеттері:** - балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу. -балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру. **Дағды**: балаларды ертегі кейіпкерлерін реттілігімен қағаз бетіне орналастыруды үйрету дағдыларын қалыптастыру **Құндылықтарға баулу:** ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз немесе жағымды мінез-құлықтары мен істерін ажыратып, оларды бейнелеудегі білім,	**3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау.(түн) **ҰІӘ міндеттері:** - сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру; -сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту; -дербес жұмыс істеу алуға және әрқашан ақжарқын жүруге тәрбиелеу. **Дағды:** сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды бауырмалдыққа, бір - бірін қолдауға, достарының сөздерін	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Қыс қызығы. **ҰІӘ міндеттері:** - қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету; -жаңа сөздерде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту. **Дағды**: қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту,қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Қыс туралы түсініктерін кеңейту. Қыстың ғажап	**3.Қоршаған әлеммен танысу**- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Байланыс құралдары. **ҰІӘ міндеттері:** - байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту. Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыруды жалғастыру арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; -байланыс құралдары құралдарының бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын түсіндіре отырып, ойлай қабілеттерін дамыту; -компьютер немесе планшетпен жұмыс істеу ережелерін қатаң сақтауға дағдыландыру. **Дағды**: Заттарды күтіп, ұқыпты

	жерлері мен ерекшеліктері туралы түсініктері кеңейеді. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Алматы туралы білімін кеңейту. Көрікті жерлері туралы әңгімелей отырып, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту; – қалаға деген сүйіспеншілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**: - таныс сөздерді естеріне түсіреді, жаңа сөздерді қайталайды, сөйлемдер дұрыс құрастырады; -Алматының үлкен, әсем қала екенін түсінеді; Алматының көрікті орындарын көрсетіп атай алады, сұрақтарға жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Жоғары қараймыз, Шаңырақты көреміз. Төмен қараймыз, Жерді көреміз. Оңға бұрылып, солға бұрылып,	білік, дағдыларын қолданады. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды ертегі әлемімен таныстыру, ертегілердің мазмұнына байланысты иллюстрациялық сурет салуға баулу,өзіндік көзқарас қалыптастыру. **Қауіпсіздігі:** Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. **Коррекциялық:** Ұқыпты жұмыс істеуге, бір-біріне көмектесе білуге баулу. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**: - өз таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлерін қағаз бетіне түсіре алады; ертегі сюжетінен бір кейіпкерді салу тәсілдерін, кейіпкерлердің әртүрлі сезімдерін сурет арқылы бейнелеуге болатыны туралы түсінеді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Өзі айлакер, өзі қу, Жүрген жері айқай-шу. (*Түлкі*) «Түлкі мен ешкі», «Алты түлкі», «Сазайын тартқан түлкі»,	тыңдай білуге, топпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу **Қауіпсіздігі:** Буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Балалардың ой-өрісін дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**: Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. **«Жалауша» дидактикалық ойын-жаттығуы** Педагог дыбыстарды айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. «Кім көп сөз ойлап айтады» дидактикалық ойыны – **Н** дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар. – Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, нақ, неліктен. Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары	көріністерін сезіне білуге үйрету.Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой - өрісін дамыту. Жапалақтап жауып тұрған қар ұлпаларының суретін түтікше арқылы үрлей отырып, бейнелеуге үйрету. **Қауіпсіздігі:** Табиғат көріністерін сипаттау. Қыс мезгілі, қыстағы адамдардың, жануарлардың тіршілігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Қыс мезгілінде болатын құбылыстар туралы түсіндіру. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**: - жаңа сөздерді қайталайды, қарапайым диалогке қатыса алады; сұрақтарды түсінеді; шағын мәтіндер қайталайды, сұрақтарға толық жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау.	ұстауға тәрбиелеу арқылы үнемдеуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Балалардың қиялын дамыту. Байланыс құралдары арқылы зейіндерін дамыту. Бастаған ісін аяғына дейн тыңғылықты аяқтауға,зейінді,шыдамды болуға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Байланыс қызмет түрлерімен таныстырып олардың атауларын меңгерту. Адамдардың пайдалы іс-әрекеттерін бағалап,оған құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Байланыс құралдары дұрыс қолдануға үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**: - байланыс құралдарының пайдасын, қажеттілігін; байланыс құралдары туралы мағлұмат; байланыс құралдарын пайдалануды, сұрақтарға толық жауап беруді, жұмбақтар шешімін таба алуды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Сымсыз телефон» ойынын

	Егеменді елді көреміз. **Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?! Бәрін ойын ойнауға шақырады. **Ойын: «Алтын сақа».** Нұр-Сұлтан қаласы туралы қайталау. Балалар сақаны бір-біріне береді.Сақаны қолына алған бала тақырып бойынша сөз айтады. Нұр-Сұлтан – бас қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала. Нұр-Сұлтанда көшелер кең. Нұр-Сұлтанда биік үйлер көп. т.б **Балаларға көрсету әрекеті:** Алматы – қып-қызыл апортымен аты шыққан әсем қала. Ол кез келген адам жанына рахат сыйлап, адамды өзіне әсемдігімен баурап алатын мәдени орын дарымен де көрікті. Жері қандай байтақ болса, жаны да сондай дархан қала, жұмақ қала десек те артық емес. Әсіресе, түнгі Алматы жақұт шамдарын жаққанда, тіпті, құлпырып кетеді. «Онсыз да ғажайып әсем көркімен кісіні баурап алатын Алматы, күннен-күнге құлпырып, жайнай түскендей. Бұл қаланың тарихи, табиғи және мәдени орны да ерекше екеніне ешкімнің күмәні жоқ. Өнер мен білімнің қайнап жатқан ордасы, әдебиет пен мәдениеттің ошағына айналған, талай жастың көкірек көзін ашуға жол	«Түлкі мен жолбарыс», «Түлкі мен қоян». Осылардың қайсысын тыңдағыларың келеді? Ерден ата ертегіні мәнерлеп, қызықтыра айтып береді. **Балаларға көрсету әрекеті:** Педагог ойыншық түлкіні (немесе ермексаздан дайындалған үлгіні) көрсетіп, дене бөліктерін салу тәсілдеріне тоқталып өтеді. Алдымен қара қарындашпен өзімізге таныс геометриялық фигуралардың көмегімен түлкі немесе қояннның сұлбаларын салып аламыз. Бірінші, тұтас денесін салу үшін сопақша пішін салып аламыз, одан кейін кіші сопақшалардан алдыңғы аяқтарын саламыз, түлкіге конус пішінді қолдана отырып көйлек кигізсек, ал дөңгелек пен сопақша пішінді қолдана отырып қояннның аяқтарын жасаймыз. Кіші сопақшаларды қолдана отырып түлкінің табандарын, қолдарын жасаймыз. Қоянды да дәл солай саламыз. Айтыңдаршы, балалар, түлкінің құлағы ұзын ба, әлде қояннның құлағы ұзын ба?! Онда ұзынша сопақшаны қолданып қояннның құлақтарын жасайық, ал түлкінің құлақтарын жасау үшін	ретімен айтады. – **Р** дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. – Радио, раушан, рас, рет, резеңке, рең. Қолдарын шапалақтап, сөздерді буынға бөледі, сонан соң буындары ретімен айтады. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады. Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Дыбыстық талдау жаса. **«Түн»** сөзінің дыбыстық талдауы. Педагог «түн» сөзінің сызбасын тақтаға іледі. Балаларға өз орындарында дәптерлеріне дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Педагог балалармен бірге жасайды. Педагог бір баланы тақтадағы сызбаны белгілеуге шақырады. **«Түн»** сөзінде 1 буын, 3 дыбыс бар. 2. Суреттерді ата. Буынға бөл. **Т** – дауыссыз,қатаң. **У** – дауысты,жіңішке. **Н** – дауыссыз,ұяң. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** **Мысық** Басты иіп алға созыл керіліп, Жиналамыз артқа қайта шегініп.	**Балаларға айтып беру әрекеті:** *Шеңберге тұрып, достарымызбен қол ұстасайық.* *Барлығымыз жақсы көңіл күйдебір-бірімізге тілегімізді айтайық!* Қол алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Қандай жақсы дос болу! ***Өткен*** «Әсем қала – Алматы» *тақырыпты қайталау.* **Ойын: «Алтын сақа».** Балалар сақаны бір-біріне береді. Сақаны қолына алған бала тақырып бойынша сөз, сөйлем айтады. Алматы – әсем қала. Алматыда метро бар. Алматыда саябақ бар. Саябақ көп. Саябақтар әдемі. Алматыда Медеу мұзайдыны бар. Алматыда Көктөбе бар. **Балаларға көрсету әрекеті:** Балалар, жылдың қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс мезгілі. Қыс мезгілінің ауа райы қандай болады? - Қар жауады, аяз болады, боран соғады, мұз қатады. Қыс мезгілінде қалай киінеміз? - Тон, малақай, етік, шалбар, жейде, қолғап, мойынорағыш, баскиім	ұйымдастырады. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Педагог жұмбақтар жасырады. Бар екен бір терезе ғажап үйде, Кино болар терезеден күнде-күнде. Айтқан сөзді сыбырлап осы жерде Естіп алар бір құлақ алыс елде . Жазуы бар ақ парақ қанат қақты, Жеткізеді әлемдегі жаңалықты. Жұмбақтың жауаптары: теледидар, телефон, газет. **Балаларға көрсету әрекеті:** – Туыс, дос, таныстар бір-бірімен жиі кездеседі. Ал алыс бір-бірімен қалай хабарласады? – Олар қарым-қатынас жасау үшін байланыс құралдарын пайдаланады. – Дұрыс, мұндай құралдарға телеграф, телефон, пошта жатады. Байланыс құралдарына сонымен қатар электронды пошта, әртүрлі жедел хабаршылар жатады. Олардағы байланыс дүниежүзілік интернеттің көмегімен жүзеге асады. **Байланыс құралдары** – ақпаратты беру немесе алмасу арқылы адамдар арасындағы байланысты қамтамасыз етуге арналған құрылғылар. Жазылған ақпаратты алыс қашықтыққа қалай жіберуге болады?

	нұсқаған, талай қайраткерлерді, талантты тау тұлғаларды тәрбиелеген, аялы алақанға салып әлдилеген сұлу қала – Алматы. Электронды қазақ үйінен «Алматы – гүл қала» әнін тыңдату. Бұл ән не туралы? (Алматы қала туралы). Қуыршақ Сәуле: Біз сендерге Алматының көрікті орындарын көрсете аламыз, дисккөрсетеді. Интербелсенді тақтада Алматымен таныстыру. Мынау – Алматы қаласы. Мынау – метро. Баратын жерімізге жылдам апарады. Мынау –саябақ. Алматыда саябақ бар. Саябақ көп. Саябақтар әдемі. (Бірнеше саябақ суреттері көрсетіледі). Мынау – Медеу мұзайдыны. Мынау – Көктөбе. Медеу, Көктөбе туралы қысқаша айтып өту. Алматы қандай қала екен? Алматы – әдемі, әсем қала. Әдемі, әсем. Балалар сөздерді, сөйлемдерді педагогтен кейін қайталап, жаттығады. **Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады). Ө-ө-ө-ө – көөөк-төбе-көктөбе Ә-ә-ә-ә - әсем- әсем. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті**: *педагог балаларға сұрақ*	кіші үшбұрыштарды қолданамыз. Түлкінің құйрығы ұзын, ал қоянның құйрығы кішірек екенін білесіңдер. Суретіміз дайын болса, қылқаламның көмегімен түлкі немесе қоянды түрлі түспен бояп, суретті көңілді ете түсейік. Жұмыс барысында педагог кейбір балаларға жеке нұсқау береді, көмектеседі. Жұмыс аяқталғанда Ерден ата балалардың жұмысына ризашылығын білдіріп, ішінен ең таңдаулы жұмыстардың бірнешеуін алып, басқа балабақшадағы балаларға апарып көрсететінін айтад **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Күнге қарайық, Шашымызды тарайық. Керіліп дем алып, Бойымызды жазайық. Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Педагог көптілділік компонент бойынша түлкі – лиса – a fox, қоян – заяц – hare. ұғымдарын сурет салу барысында тиімді қолдануға көңіл бөледі, іс-әрекетте нақтылап, қайталап отырады.	Тағы созыл алға қара қиылып, Бүкірейтіп көтер арқаны жиырып. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** (графикалық жұмыс) 3. Суреттерді штрихта. 4. Үзік сызықтарды бастыр. 5. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы:** Саусағымыз айқасып, «Жеңемін» деп шайқасып, Бірін-бірі тартады. Білекке сенім артады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Тапсырмаларды орындау барысында нақты қай тапсырманы орындау қиынға соқты? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда	киеміз. Балалар неңін дыбысын естіп тұрсыңдар? - Боранның. Ендеше боранды қимылмен қалай көрсетеміз? (қолдарын жоғары көтеріп жәй және қатты дыбыс шығарып гуілдейді.) Ал, қатты аяз болғанда не істейміз? (қолдарын қусырып,аяқтарын топылдатады). -Ал,күн шыққанда не істейсіңдер? («алақай» деп қолдарын шапалақтайды). -Жарайсыңдар осындай көңіл – күймен сабағымызды одан әрі жалғастырамыз. **Жаңа сөздермен таныстыру**. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттегі балалардың іс-әрекетіне көңіл аудару. Сұрақ қоя отырып, таныс сөздерді қайталау және жаңасөздермен таныстыру. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?Жыл мезгілі – қыс. Мынау не? Мынау – қар. Ақ-ақ – ақ қар. Қардан не жасаймыз? Аққала жасаймыз. Мынау – сырғанақ. Мынау не? Мынау – сырғанақ. Балалар сырғанап жүр. Балалар не істеп жүр? Балалар сырғанап жүр. Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр. Немен сырғанап жүр?	Топқа Саққұлақ кіреді. – Балалар, мен Саққұлақпын. Менің досым Желаяқ желден озған жүйрік, ол алыс жерлерге хат-хабарды көзді ашып-жұмғанша жеткізеді. Мүмкін сендерге Желаяқтың көмегі қажет шығар? – Балалар, алыс жерлерге хат-хабарды жеткізу үшін қазіргі уақытта жүгіру қажет пе? – Жоқ, қазір алыс жердегі адамдар бір-біріне хат жазады, телеграмма жібереді, телефонмен сөйлеседі. Пошта, теледидар, радио, телефон, интернет – байланыс құралдары. Теледидар, телефон, газет байланыс құралдарына жатады. Әлемнің алыс-жақын елдерінен жеткізілетін жаңалық, хабарларды тарататын құралдар **ақпарат құралдары** деп аталады. Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз? – Теледидар, радио, газет және интернет арқылы білеміз.Теледидар, радио, газет, интернет – ақпараттық құралдар. Педагог демонстрациялық материалдардан соңғы заман технологиясының жаңа жетілдірілген құралдарын көрсетеді (компьютер, смартфон-телефон, 3D теледидарлар, электронды рама, т.б. хат,

	қойып, жауап алып қимылмен орындайды. Күннің шыққаны жақсы ма? Жақсы! (Күнді бейнелейді). Желдің соққаны жақсы ма? Жақсы! (Қолдарын көтеріп тербеледі). Достарыңмен жүрген жақсы ма? Жақсы! (Алға қарай адымдайды). Туған өлкеде жақсы ма? Жақсы! (Құшақтарын жаяды). Балабақша жақсы ма? Жақсы! (Басбармақтарын көрсетіп, қол соғады). **Ойын: «Жалғастыр».** Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа...(қала) Кө... (көше) Сая.. (саябақ) Алматы... (Алматы – әдемі, әсем қала). Жұмыс дәптерімен жұмыс. 1.Суретте нелер бейнеленген? Қайтала. Сен Алматыда болдың ба? Саған ұнады ма? 2.Тыңда. Таныс сөздерді тап, ата. Алматымыз – күн қала, Желек жайған гүл қала. Көктөбе мен Медеуі Таңғажайып тұр дара. Алматы – нұр қала, Алматы – жыр қала, Күн сайын құлпырған,Мәңгі жас – бұл қала. (А. Асылбеков)		қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	Шанамен сырғанап жүр. Конькимен сырғанап жүр. Бұлар – қыс қызығы. Балалар таныс және жаңа сөздерді қайталайды. **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Қ-қ- қ - қа – қар. Қ-қ-қ-қ -нақ-нақ –сырғанақ. Педагог шағын әңгіме құрап айтады. *Мынау – қыс мезгілі. Дала аппақ қар. Қыста балалараққала жасады. Балалар шанамен, конькимен сырғанап ойнап жүр. Бұлар – қыс қызығы.* Балалар қайталайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз. **Тақпақ жаттау**. *Педагог тақпақ жаттауды ұсынады.* Қыста қармен ойнаймыз, Қызыққа біз тоймаймыз. Таудан төмен сырғанап, Шаңғы, шана тебеміз. **Жаңылтпашпен таныстыру.** Тұз – мұздай, Мұз – тұздай. Балалар жаңылтпашты жай, жылдам қайталайды. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Қыста балалар не істейді? Сөйлем құра. Қыс мезгіліне тән заттарды қорша. Оларды ата. **«Аудармасын айт»**	пошта сәлемдемелері). **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Үстелде сіріңке, айна, жалауша, ұзын пластик құбыр жатады. Педагог балаларды үстел жанына шақырып, бұларды байланыс құралы ретінде қалай пайдалануға болатыны жайлы сұрайды. Балалардың жауабы тыңдалып, ежелгі уақытта адамдар бір-бірімен қалай ақпарат алысқандары туралы бейнебаян көрсетіледі. Сіріңке – ежелгі үндістердің байланыс құралы. Олар от жағып, түтін арқылы шалғайдағы топтарға белгі берген. Сол түтіндер арқылы бір-бірімен байланыста болған. Ал Солтүстік Америка үндістерінде айнаны Күнге шағылыстыру арқылы хабар жіберген. Теңіздегі байланыс үшін матростар сигналдық жалаушаларды ойлап тапты. Енді түрлі түсті жалаулардың көмегімен кемеден кемеге хабар жіберу мүмкін болды. Адамдар бір-бірімен құбыр арқылы сөйлескен, құрылғы акустикалық телефон деп аталады. Кемедегі капитан кабинасы мен мәшине залы арасындағы байланыс үшін «құбырлы» телефон қолданылады. Педагог құбырды алып, балаларға бір-бірімен сөйлесу ұсынады. (Бір бала

				дидактикалық ойыны. Педагог сөздерді орыс тілінде айтады, балалар аударады.зима – қыс қар – снег снеговик – аққала мұз – лед замерзает – қатадышана – сани.	сөйлегенде, құбырдың екінші жағындағы бала құлағын тосу керек). Сергіту сәті: «Пошташы мекенжайға хатты жеткізеді». «Еліктеу» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Хатты қалай жібереді? (Педагогпен бірге талқылап, қорытынды жасайды). – Пошта арқылы. – Пошта қалай жұмыс істейді? Пошта жөнелтілімдері дегеніміз не? Интербелсенді тақтадан пошта жұмысы жайлы қысқаша бейнебаян көрсетіледі. **Ойын: «Пошташы» (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу).** Саққұлақтың пайымдауы: Байланыс құралдары – ақпаратты қашықтыққа беру тәсілдері. Дәстүрлі байланыс құралдарына пошта, телефон, радио, теледидар, интернет желілері жатады. **Үлестірмелі материалдармен жұмыс:** 1. Саққұлақты байланыс құралдарымен таныстыр. Байланыс құралдарының жанындағы дөңгелекті жасыл қарындашпен боя. 2. Пошташыға геометриялық фигуралары бар торкөздер арқылы үйге жетуге көмектес. Педагог қорытындылайды.

Құндылықты қалыптастыру

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

3 үзіліс – 10:35 – 10:45

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен танысыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Қазақтың ұлттық ойыны: «Арқан тартыс»

Басты міндеттері: Жарыс кезінде әділ ойын көрсету, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру. Ұлттық спорт ойындарын халыққа әдіс тәсілдерін түсіндіріп жеткізу.

Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.

Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығуларартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:

1. «Сабын көпіршігін үрле». Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.

2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле» (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).

3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді». Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.

4. «Көңілді маймыл». Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.

5. «Шарларды үрлеу». Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.

6. «Жылан қалай ысқырады». Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай



Қазақтың ұлттық ойыны: «Арқан тартыс»

Ойын міндеттері:Жарыс кезінде әділ ойын көрсету, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру. Ұлттық спорт ойындарын халыққа әдіс тәсілдерін түсіндіріп жеткізу.

Дағды:

Оқушыларды шыдамдылыққа,ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу.

Қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.

Ойынның ережесі : тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады. Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады. Ойын қимыл бірлігін қалыптастырып, коллективтік іс-әрекетке тәрбиелейді.

Әдістемелік нұсқаулар.

Арқан тартыс ойыны — ұлттық ойын. Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады.

Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта түрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»... деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады.

Күн ілгері сызып қойған үш сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып тұрады. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі

ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс).				топ тартысқа түседі. **Ойынның педагогикалық маңызы.** Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу, жағына бір –біріне қарама –қарсы тұрғызу.	
4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 10.45 – 11.10					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Асықпен ойналатын ойындар. **ҰІӘ міндеттері:** - малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету; -гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. -көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. **Дағды**: Түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып, тапсырманы дұрыс орындай білу шеберлік машықтарына дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** төзімділік, ұйымшылдық тәрізді қасиеттер жеке тұлға болып дамуына қажет екенін түсінеді. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Биіктікке көтеріле өрмелеуді үйрету. ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын қадағалау.	**4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Қысқы орманда. **ҰІӘ міндеттері:** - музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру; -әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. **Дағды**: әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беруге дағдыландыру **Құндылықтарға баулу:** Балалардың өнерге деген қызығушылықтарын, музыкалық қабілеттерін , шығармашылық, әншілік дауыс ырғағын, музыканың ерекшелігіне, ритмикалық екпініне сәйкес қозғалу-қимылдарын дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. **Қауіпсіздігі:**	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Хоккей ойнаймыз! (таза ауада) **ҰІӘ міндеттері:** - қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету. -жұпта қасына қарай аттау арқылы қозғала отырып заттарды орнынан басқа жерге апаруға, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруге, түсетін күшті мөлшерлеп бөлуге жаттықтыру. **Дағды**: тізбекпен жүгіру ,кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды, тапсырмаларды орындай білу машықтарын. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Күнделікті өмірде: ойын барысында тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын), мейірімді, тез тіл табысқыш қасиеттерін дамыту. Спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын	**4. Музыка-** шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Қысқы орманда. **ҰІӘ міндеттері:** - музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру; -әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. **Дағды**: әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беруге дағдыландыру **Құндылықтарға баулу:** Балалардың өнерге деген қызығушылықтарын, музыкалық қабілеттерін , шығармашылық, әншілік дауыс ырғағын, музыканың ерекшелігіне, ритмикалық екпініне сәйкес қозғалу-қимылдарын дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. **Қауіпсіздігі:** Отанға, туған жерге деген	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Керуен. **ҰІӘ міндеттері:** - әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту. -өкшемен отырып, ұсақ заттарды (тастарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. **Дағды**: «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын қалыптастыру. **Құндылықтарға баулу:** Азия халықтарының ойындарын пайдалана отырып, балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибелеріндегі маңызын, Қазақстан Республикасындағы халықтар достығы туралы мәліметті. Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:**

	Қауіпсіздігі: түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу,топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже:** - 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруды; гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүруді; малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуды; көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту керектігін; түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып, тапсырманы дұрыс орындай білу шеберліктерін (машықтарын). **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойын-жаттығуы: «Затты тап».** Қоржын ішінен асықты іздеп табады. Оны көреді. Асықтуралы білетіндерін айтады. Асық және асық ойыны жайлы түсіндіреді. Шеңберге тұрғызу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу».	Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елінің отанын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**: - балалардың өнерге деген қызығушылықтарын, музыкалық қабілеттерін , шығармашылық, әншілік дауыс ырғағын, музыканың ерекшелігіне, ритмикалық екпініне сәйкес қозғалу-қимылдарын дамыту. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Жеңіл басып, шеңбер бойымен жүреді, бір аяқтан бір аяққа секіреді. Педагог балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманда жуан-жіңішке, сабырлы, ақырын, көңілді-көңілсіз жолдардың болатынын ескертеді. ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Ортаға бір бала шығады да, барлық балалар сол қимылдарды қайталайды. Көңілді әуен сипатына сәйкес тізбектеле, аяқ ұшымен жеңіл жүгіру, секіру, қол ұстасып, шеңбер бойымен айналу	бағалай білуге баулу. **Қауіпсіздігі:** Қозғалыста қайта сап түзеу, өз әрекеттерін жүйелеу, қол саусақтарының ұшымен допты жұмсақ ұрып қайтара білу, зал кеңістігін бағдарлай алуды. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже:** - кеңістікті дұрыс бағдарлау дағдылары, денесі мен кеңістікті басқару, түзету жаттығуларын жасай алу, өз қимыл-әрекетін шынайы бағалау дағдылары. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Денсаулықты сүйеміз, Шынығамыз күнде біз. Бір-екі-үш! Бір-екі-үш! Бұлшық етте, міне, күш!» Имек ағашпен зейін мен бұлшық еттерге арналған жаттығу түрлерін көрсету ұсынылады.Ойын кезінде мұз бетімен қауіпсіз қозғалыс ережелеріне басты назар аударылады. **Имек ағашпен жаттығулар орындау**: бір қолынан екінші қолына ауыстыру, айналдыру,ұстап тұрып қолын сермеу, имек ағашты өзін айналдырып қозғалту, екі қолмен ұстап айналдыру.	сүйіспеншілігін арттыру, өз елінің отанын сүйетін патриот болуға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже**: - балалардың өнерге деген қызығушылықтарын, музыкалық қабілеттерін , шығармашылық, әншілік дауыс ырғағын, музыканың ерекшелігіне, ритмикалық екпініне сәйкес қозғалу-қимылдарын дамыту. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Жеңіл басып, шеңбер бойымен жүреді, бір аяқтан бір аяққа секіреді. Педагог балаларды қысқы орманға шақырады. Қысқы орманда жуан-жіңішке, сабырлы, ақырын, көңілді-көңілсіз жолдардың болатынын ескертеді. ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Ортаға бір бала шығады да, барлық балалар сол қимылдарды қайталайды. Көңілді әуен сипатына сәйкес тізбектеле, аяқ ұшымен жеңіл жүгіру, секіру, қол ұстасып, шеңбер бойымен айналу қимылдарын алмастыра отырып, өз таңдауы	Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. **Қауіпсіздігі:** жұппен қозғалу дағдыларын, кеңістікті бағдарлауды, мәселені шешуде жұппен әрекет ету дағдыларын. **Апта дәйексөзі**: **«Дос көп болса – күш көп»** **Күтілетін нәтиже:** - 3 м арақашықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруды; өкшеменотырып, ұсақ заттарды (тастарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу».** Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. «Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтардылақтыру (арақашықтығы – 3 метр) Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында. Асықты

	Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің: «Асықты ал!» деген бұйрығымен асықты көтеріпалады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау:** **«Қазан» –** 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады. (Топ болып орындау тәсілі) **Тепе-теңдік** – гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүру. **(3 рет)** Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. Орындықтан түскен кезде алдымен аяқтың ұшымен түсіп, сонан соң толық табандыжерге қояды. Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алудыбекіту.	қимылдарын алмастыра отырып, өз таңдауы бойынша ырғақтық қимылдар орындау. Би шығармашылығына баулу. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Музыка тыңдау:** «Желтоқсан» (П. Чайковский). Композитор П.И. Чайковский портретін көрсету. Педагог балалармен әңгіме жүргізеді. – Қалай ойлайсыңдар, қысқы орманда кімдер болуы мүмкін? – Қандай аңдар болуы мүмкін? – Қазір музыка тыңдаймыз, сол музыканы тыңдай отырып көз алдарыңа не елестете аласыңдар, сондықтан мұқият тыңдайық. Балалардан музыка қандай темпте (қарқында) орындалғанын, қандай әсерде болғанын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***Ән айту:*** **«**Шырша әні» (К. Қуатбаев). Ән туралы балалармен әңгіме өткізу. Композитор К. Қуатбаев шығармашылығы туралы айту. Бұл ән әдетте жылдың қай мезгілінде орындалады? Қандай мерекеге арналған	Балалардың бір-бірінен жеткілікті арақашықтықта тұрғанына, қауіпсіздік ережелерін қатаңсақтауға назар аудару. **Балаларға көрсету әрекеті:** «Жолмен ұзақ кім сырғиды?» Ең жақсы нәтиже көрсеткен бала жеңеді. Тепе-теңдік сақтап, бастарын түзу ұстап,еңкеймеуге тырысады. «Түсіріп алма!». (3 рет) Жұпта сүйем қадамдар аттап, алаңның бір жағынан екінші жағына заттарды жеткізу ұсынылады. Балалар екі-екіден бір-біріне қарап тұрады. Имек ағаштарына екеуіне ортақ бір текшеніқойып, алаңның екінші жағына бірігіп жеткізеді. Әрекеттерін үйлестіріп, затты түсіріп алмауға тырысады. «Мерген имек ағаш». (3 рет) Алаңқайдың ортасында текше тұр. Оны имек ағашпен бір ойыншы қорғайды. Қалған ойыншылар текшеге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады. Имек ағаштың қыры толық мұзды жататындай етіп ұстауын қадағалайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Ойыншылар санын біртіндеп арттыра**	бойынша ырғақтық қимылдар орындау. Би шығармашылығына баулу. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Музыка тыңдау:** «Желтоқсан» (П. Чайковский). Композитор П.И. Чайковский портретін көрсету. Педагог балалармен әңгіме жүргізеді. – Қалай ойлайсыңдар, қысқы орманда кімдер болуы мүмкін? – Қандай аңдар болуы мүмкін? – Қазір музыка тыңдаймыз, сол музыканы тыңдай отырып көз алдарыңа не елестете аласыңдар, сондықтан мұқият тыңдайық. Балалардан музыка қандай темпте (қарқында) орындалғанын, қандай әсерде болғанын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***Ән айту:*** **«**Шырша әні» (К. Қуатбаев). Ән туралы балалармен әңгіме өткізу. Композитор К. Қуатбаев шығармашылығы туралы айту. Бұл ән әдетте жылдың қай мезгілінде орындалады? Қандай мерекеге арналған ән? Үйренген **«**Қазақтың жері»	лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен,артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Терек» (Қырғыз халқының ойыны).** Жүргізуші сайлайды. Ол – «терек». Жүргізуші шеңбер ортасында тұрады. Ойыншыларшеңбер бойында тұрып, түрлі қимыл-қозғалыстар жасайды. «Терек!» дегенде, жылдам орындарын ауыстырады. Жүргізуші бос орынның біреуіне жылдам тұруға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Ойында бірде-бір рет орнын бермеген бала жеңімпаз атанады. **«Ырғып секіру» (Татар халқының ойыны)** (3 рет) Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде, ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады. **«Тастар» (Орыс халқының ойыны)** «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды)

	Көзмөлшерлеуін,ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. Көрпелерге отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алады. Бұл тапсырманы әр бала жеке-жеке орындайды. Алдымен асықты алақандарының ішкі жағымен, сонан кейін сырт жағымен қағып алады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық»** (3 рет) Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардыңарақашықтығы – 2-3 адым. «Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдынатұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады.	ән? Үйренген «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. ***Билер:*** «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). ***Ойындар, хороводтар:*** «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету. ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай). *Бубен, қоңырау, металлофон* аспаптары қолданылады. Балаларды жеке және топпен аспапта үндесе ойнауға үйрету.	**отырып, заттардың арасымен жүгіру. (5 рет)** Арақашықтығы 1м 5 конусты алаңның ортасына қояды. Конустарды аралап жүгіретінойыншы саны қима қағаздарға жазылған сандар арқылы анықталады. Әр команданың ойыншылары конустардың арасымен педагог белгісі бойынша жүгіребастайды. Заттарды оң (сол) жағынан айналып өтіп, өз қимылын басқа ойыншылармен үйлестіреді. **(5рет)** **Көз ауруларының алдын алу,көз бұлшық еттерін белсендендіріп, жақсарту жаттығулары.** **1.**Болам десең көреген, Көзді айналдыр, ерінбе! **Әрекет**: 2-3 секунд көздерін айналдырып қимылдатады. **2.**Болам десең көреген, Уқалап қой көзді де! **Әрекет:** Көздерін жұмбай көз үсті мен астын абайлап бірминут уқалау. **3.**Болам десең көреген, Көзіңді аздап басып көр! **Әрекет:** Әр қолдарының үш саусағымен көздерінің үстінақырындап 1-2 секунд басып тұру. **4.**Үлкен шеңбер саламыз, Төңіректі қарап аламыз! **Әрекет:** Көздерімен және тілін шығарып, бір мезетте жан-жаққа айналдырып, қимылдар жасау. **5.**Көзді оңға бұрамыз, Көзді солға бұрамыз. Жоғары-төмен қозғалтып,	(Б. Түзелбекова) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. ***Билер:*** «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). ***Ойындар, хороводтар:*** «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету. ***Музыкалық аспапта ойнау:*** «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай). *Бубен, қоңырау, металлофон* аспаптары қолданылады. Балаларды жеке және топпен аспапта үндесе ойнауға үйрету.	лақтыру, жоғарылақтыру. Өкшемен отырып, ұсақ тастарды жоғары лақтырып, оны алақандарымен қағып алады. Алкелесі лақтырғанда алақандарын теріс қойып, тастарды қағып алуға тырысады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Қимылы аз ойын: «Үндемес» ойыны** (Тәжік халқының ойыны) Ойыншылар шеңбер бойында отырады. Жүргізуші өзінің оң немесе сол жағында отырған балаға бір қимыл түрін көрсетеді. Ол өзінен екінші жағында тұрған балаға көрсетеді. Ойын шарты: көршісін сөйлету немесе күлдіру. Күлмеген немесе сөйлемеген бала жеңімпаз атанады. **Қорытынды кезең (рефлексия).** Қазақта «Отаны бірдің тілегі бір, жүрегі бір» деген жақсы сөз бар. Жүзі басқа болса да, жүрегі бір, тілі басқа болса да, тілегі бір, атасы басқа болса да, Отаны бір қаншама ұлттар мен ұлыстарды біріктіріп отырған Қазақстан атты елміз. Көп ұлт өкілдері тұратын ел болуымыз – біздің байлығымыз, мақтанышымыз. Енді бүгін қарасам, Айналам бақыт, кең жатыр. Бірімен-бірі туысқан, Қол ұстасқан ел жатыр. Қырғыз, қазақ, өзбектер,

			Қайталап қайта бұрамыз! **Әрекет:** Көздерін жоғары көтеру, көздерін төмен түсіру,оңға қарап бұру, солға қарап бұру. **6.**Жыпылықтат көзіңді, Дамылдасын көз енді! **Әрекет:** 1минут тез-тез оңға,сосын солға қарап жыпылықтату. **7.**Ашық болсын көздерің, Тамашалап көр бірін! **Әрекет:** Көздерін 30 секундтан бақырайтып ашып, қайта жұмып қайталау. **8.**Үшбұрыштар саламыз, Текше, шеңбер саламыз, Көзбен сала аламыз! **Әрекет:** Көздерімен геометриялық фигураларды әуеде, қиялында салу (шеңбер, шаршы, үшбұрыш), алдымен сағат тілімен жүргізіп, сосын сағат тілінеқарсы жүргізіп салу.		Моңғол, ұйғыр, дүнгендер, Армян, қазақ, грузин, Орыс пенен украин Терезесі тең жатыр. Бақыттың әні асқақтап, Құлаққа даусы кеп жатыр.
Серуенге дайындық 11:10-11.15	**Еңбегі адал жас өрен: «Мен дұрыс киіне аламын»** **Мақсаты:**Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. **Дағды:**киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру**.**				
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру **«Біз табиғат қорғаушыларымыз!» Танымдық,эксперименталдық іс-әрекет табиғат аясында** **Серуен кезіндегі қауіпсіздік:**Баланың өмірге бейімделуіне үлкен мән беру.Қауіпсіздік шаралары туралы білімдерін кеңейту; өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. -тәрбиешінің міндеті– температура режимін және ауа-райы мен температура жағдайларына сәйкес балалардың киімдерін және баланың бас киімінің болуын бақылау; -серуендеу, ойын, еңбек әрекеті кезінде балалардың шаршауын, ыстықтауын, тоңуын болдырмау үшін серуенді өткізу жоспары бойынша балалар әрекетінің қимылды, аз қимылды түрлеріне кезекпен ауыстырып отыру қажет.				
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:15 – 11:40	**Желтоқсан** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №1** **Бүгінгі ауа-райын**	**Желтоқсан** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №2** **Бұлттарды бақылау**	**Желтоқсан** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №18** **Қардың түсуін бақылау**	**Желтоқсан** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №19** **Қар ұшқындарын**	**Желтоқсан** **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру** **«Мен – зерттеушімін»** **Серуен кешені №20** **Қардағы құс іздері**

Күндізгі серуен жалпы мақсаты: 1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. **Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту.** Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер. Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне мүмкіндік беру. 2) Еңбекке баулу үшін мектеп ауласында баланың қызығушылығын	**бақылау.Айналадағы адамның қысқы еңбегі.** **Міндеттері***:* —қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру . —қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; —зерттеу қызметіне деген қызығушылықта-рын арттыру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз .** Далада қар болрайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып-жылтыр болып жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Гүлденеді бақшалар, Жауса-жаусын ақша қар. ♦ Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? *(барлық жерді қар басты.)* ♦ өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? *(аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)* ♦бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? *(жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)* ♦ Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? *(жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)* ♦ Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта	**Міндеттері***:* — Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту; — Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту **Бақылау барысы** **Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:** 1.Етек жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай. Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. 2.Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты тамшысын, Қыраттарға шөлдеген. Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады. **Балаларға сұрақтар.** ♦ Бұлттар қандай болады? ♦ Олар қайдан пайда болады? ♦ Бұлттар нелерге ұқсайды? **Зерттеу жұмысы** Апспаннан атқа немесе түгеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру. **Еңбек** Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау.. *Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс*	**Міндеттері***:* - Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; — Қардың түсуі туралы білімдерін молайту; — әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Қыс»** **Т. Молдағалиев** Жауа-жауа, қар жауып көп, Шұқырларға толады. Иығына қонады кеп, Мойнына да қонады. Жауып бітер қарды тосып, Үйіңе де сыймайсың, Табиғаттың ақ көрпесін Басуға да қимайсың **Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды.** ♦ Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады? ♦ Аяқ астында қар неге сықырлайды? ♦ Қар неге ұлпа болады? ♦ Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.) **Зерттеу жұмысы** Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық). **Еңбек:** өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму. *Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту* **Қимылды ойын** «Ыстық-суық». *Мақсаты:* тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету **Жаттығу ойындары** Қимылдарын дамыту**.** *Мақсаты:* Қарды алысқа лақтыруға үйрету. **«Адал азамат» біртұтас**	**бақылау** **Міндеттері***:* — Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару; — Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту.. **Бақылау барысы** **Көркем сөз** **«Суретші қыс»** **К. Нүсіпов** Қонақтайды бақтарға, Ақ көбелек, ақ мамық. Аунап таза ақ қарға, Балалар жүр мақтанып. Тазарып бар кір, шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет сала бастады. Балаларға сұрақтар: ♦ Жауған қар қандай? ♦ Ұшқан қарды алақандарыңа қондырыңдар, қар ұшқындары қандай? ♦ Жақсылап қараңдаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. Байқадыңдар ма?. Д/О: «Ұқсас өрнекті тап». Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу **Зерттеу жұмысы** Алақандағы қар неге ериді? Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады? Еңбек: Қардан қамал тұрғызу Мақсаты: -Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу; -Бастаған істі аяқтауға үйрету. **Қимылды ойын** «Екі аяз» *Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша әрекет ете білу*	**Міндет***:қардағы құс іздерін тани білуге үйрету.* **Бақылау барысы** Балаларға сұрақтар ♦ Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі) Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну.. ♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба? ♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады) Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі.. ♦Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? *(құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)* **Зерттеу жұмысы** Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу. **Еңбек** Қардан қала тұрғызуға қар жинау. *Мақсаты:* — Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру; — Жұмысты жоспарлау. **Қимылды ойын** «Ізбе із». *Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..* **Жаттығу ойындары** Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру.. *Мақсаты: қимыл-*

оятатын кеңістік құру. Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату.	ма? *(ғимарат жанында)* ♦неліктен? *(соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.).* **Зерттеу жұмысы** Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу.. **Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу *Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;* — Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. **Қимылды ойындар:** «Қу түлкі». *Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.* **Жаттығу ойындары:** «Нысанаға тигіз». *Мақсаты: көз мөлшерін және лақтыру күшін дамыту.* **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бойынша** **Халық болжамы:** -Түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды -Ағашты қырау басса аяз болады.	*нәтижесіне қуана білу.* **Қимылды ойын:** «Қар үстіндегі хоккей». *Мақсаты: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету.* **Жаттығу ойындары** Қимылдарын дамыту. *Мақсаты:* — Сырғанауға үйрету; — Сырғанау кезінде отыруға үйрету. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бойынша Мемлекеттік тілді меңгерту** **Мақал-мәтел:** Мезгіл жетсе мұз ерір.	**тәрбие бойынша** **Халық болжамы:** Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.	*және назар аудара білу дағдыларын дамыту.* **Жаттығу ойындары** «Байқап өт». *Мақсаты: заттар арасынан, оларды құлатпай ирелеңдеп жүруге үйрету.* **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бойынша Мемлекеттік тілді меңгерту** **«Қыс мезгілі» тіл ұстарту жаттығуы** Ран-ран-ран, соғады боран. На-на-на, зулайды шана. Ыс-ыс-ыс, келіп жетті қыс. Ар-ар-ар, жауады қар. Яз-яз-яз, сақылдаған сары аяз. **Саусақ жаттығуы** Боран борап, жел тұрса, Айналаны қар басса, Үйлер ақ көрпеге оранса, Келді дей бер қыс ортаға	*қозғалыстарын дамыту.* **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бойынша** **Халық болжамы:** *Қар көп болса, нан мол болады. *Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады. *Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. *Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.
Серуеннен оралу 11:40-11:45	**Еңбегі адал жас өрен:** «Мен ұқыпты баламын» **Мақсаты:** Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесуге баулу.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	**Сөлеуді дамыту-** коммуникативтік, танымдық әрекет **Жеке жұмыс:** Тлешқызы Сафия «Менің Отаным»	**Қоршаған әлеммен таныстыру – коммуникативтік әрекет** **Жеке жұмыс:** Серікқазы Мүслім Байланыс құралдарының	**Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **Жеке жұмыс:** Тлешқызы Сафия Геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр	**Көркем әдебиет-**қоршаған ортамен таныстыру - танымдық,коммуника-тивтік әрекет **Жеке жұмыс:** Дүйсенбеков Айдос	**Сауат ашу негіздері-** коммуникативтік, танымдық әрекет **Жұптық жұмыс:** Серікбол Төрекелді Еркын Іңкәр

	бейнелерін құрастыру. **Мақсаты:** Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік,тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту .	қызметтері туралы; Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен олардың атқаратын қызметін білуге үйрету. **Мақсаты:**Сурет бойынша өз ойын айытқызу.	ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру **Мақсаты:** Мүмкіндігінше балаларға көлемді пішіндерді қолмен ұстап көруге беріп, топтарға пішіндерден өз сарайларын салуды және олардың оны қандай пішіндерден жасағанын айтып беруді ұсыну қажет.	Қыс мезгілі туралы сурет арқылы құрастырып, айтып беруге үйрету. **Мақсаты:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. **Мақсаты:** сұрақтарға толық жауап беруге үйрету
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті,суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.) **Негізгі мақсаты:** Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы дамыту (оның ішінде өңірлік ерекшелікті ескерумен). Балалардың ойы мен идеяларын ескеру арқылы олардың қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру.	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой».** **Міндеті:** тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету. **Дағды:** дыбыстарды түріне қарай ажырата алудағдыларын дамыту. **Ойын шарты**: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердіңтыныс белгілерін қою.	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Дидактикалық ойын: «Пошташы»** **Міндеті:** байланыс құралдары құралдарының бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын түсіндіре отырып, ойлай қабілеттерін дамыту; **Дағды:** Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыруды жалғастыру арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; **Ойынның шарты:** Үстелде сіріңке, айна, жалауша, ұзын пластик құбыр жатады. Педагог балаларды үстел жанына шақырып, бұларды байланыс құралы ретінде қалай пайдалануға болатыны жайлы сұрайды. Байланыс құралдары – ақпаратты қашықтыққа беру тәсілдері. Дәстүрлі байланыс құралдарына пошта, телефон, радио, теледидар, интернет желілері жатады.	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Танымдық-қимылды ойын: «Неге ұқсайды?»** **Міндет:** Санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық фигуралардың пішіні бар заттарды табуға үйрету. **Дағды:** қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету; зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **Ойын шарты:** Педагог текше, шар, цилиндр фигуралы пішіндес заттарды бейнелейтін суреттерді қарап шығуды ұсынады. – Шар неге ұқсайды? (Қарбыз, доп, глобус.) – Цилиндр неге ұқсайды? (Стақан, саптаяқ.) – Текше неге ұқсайды? (Текше, сыйлық қорабы.)	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»** (ойлау қабілетін дамыту) **Міндеттері:** қыс мезгілі туралы түсінігін қалыптастыру. **Дағды:** балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. **Ойын шарты:** қыста киетін қыздар мен ұлдардың киім түрлерін іріктейді.	**Мемлекеттік тілді меңгерту** **Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта»** **Міндеті:** дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату. **Дағды**: Буынға бөлуді, оны сызба түрінде көрсете білуге дағдыландыру. **Ойын шарты**: Балалар, мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар. Мысалы: кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш..тар, бақта..шы, береке...лі, күлкі...лі т.б.

<table>
<tr><th colspan="6">Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 11.45 – 11.55</th></tr>
<tr><td>«Сау бол, мектеп!»
Ата-аналар мен әңгімелесу.
Балаларды үйге қайтару.
11:45-11:55</td><td colspan="5">Өнегелі-15 минут: Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыту, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы мектеп жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.
Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Жеке кеңестер, пікір алмасу.</td></tr>
<tr><td></td><td>Ата-анаға кеңес:
Әңгімелесу: «Есік қағылды. Қауіпті қалай тануға болады?»
тақырыбында кеңес беру.
Балалардың жеке ерекшеліктері туралы
«Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»
Пайдалы сілтемелер:
https://youtu.be/5sLJO6RBTE0?si=WF002pUrFSXM3Psc
https://orken-instituty.kz/ru/telefony-goryachih-linij</td><td>Ата-анаға кеңес
Сұхбаттасу.
«Егер сау болғың келсе»
(«Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!»)
-Таңертеңгілік жаттығу не үшін қажет?
-Таңертең тұрғанда не істейміз?
-Омыртқаның қисаюы деген не?
-Омыртқа қисаймау үшін не істеу керек?
-Жалпақтабан деген не?
-Омыртқа қисаюынан және жалпантабандылық-тан қандай жаттығу көмектеседі?
-Таңертең тұрған кезде не істейміз?
Адам табиғаттың бір бөлігі, сондықтан да өз өмірінде белгілі бір тәртіп сақтап, арнайы бір өмір салтына бейімделуі керек.
Адамның бұл тәртібі күн тәртібі деп аталады.
- Күн тәртібін сақтайтын балалар ақылды, сымбатты, дені сау болып өседі.
Ұйқыға уақытында жатып, ерте ояну керек.
Тазалық ережелерін сақтау керек.
Уақытында тамақтану қажет.
Денсаулықты сақтау үшін күн тәртібін орындау қажет.</td><td>Ата-анаға кеңес
Әңгімелесу:
Қыс мезгілінде серуендеудің ережелері:
Серуенге шығу кезінде қауіпсіз жүру. Қауіптерді алдын ала болжай білу қабілетін дамытуға көмектеседі.
Қысқы ауа райына байланысты жылы, бірақ ыңғайлы киім болу.
Күн жылылау болса, футболка, жемпір, тығыз шалбар және спорттық күртеше жеткілікті болады. Өзіңізбен бірге бас киім, қолғап пен шарф алыңыз.
Қыстағы ауа райын тексеріңіз. Серуеннің қызықтылығын арттыру үшін ойын алаңын дайындау қажет.</td><td>Ата-анаға кеңес
Қыста баланың қауіпсіздігі: маңызды мінез-құлық ережелері
 </td><td>Ата –аналарға кеңес
Қауіпсіздік кеңес:
ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының сарапшылары балалардың қысқы кездегі қауіпсіздік ережелері туралы:
 </td></tr>
</table>

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: М.Б.Тулекбаева

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «А.Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ
Сынып/Топ: мектепалды 0 «А» сынып
Балалардың жасы: 5-6 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 08.12.- 12.12.2025-2026 оқу жылы
(апта күндерін, айды, жылды көрсету)
ЖЕЛТОҚСАН- Құндылық: Бірлік және ынтымақ айы **2-апта дәйексөзі:**«Бірлік түбі – береке»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 08.12.25	Сейсенбі 09.12.25	Сәрсенбі 10.12.25	Бейсенбі 11.12.25	Жұма 12.12.25
08:30-08:45 **Балаларды қабылдау**	**1. 🖐 «Қолмен амандасу бұрышы»** **Мақсаты:** Баланы жылы қарсы алу, таңғы ритуал қалыптастыру. Есіктің қасына «амандасу постері» ілінеді, онда додекаэдр амандасу түрлі амандасу түрі болады. **Бала өзі қалаған амандасу түрін таңдап, тәрбиешімен немесе досымен амандасады.** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының аясында** «Өнегелі 15 минут» жобасы аясында «Күй күмбірі» атты рухани-тәрбиелік құндылық Қазақтың күй өнері інжу-маржандарының бірі — «Көңіл Ашар» күйі. Домбыраның әр пернесі — өткеннің үні, елдің жүрегі, тарих пен рух бірге тоғысады. Күй күмбірі — рухтың үні.Түркештің «Көңіл ашар» күйі мен оның тарихын назарларыңызға ұсынамыз. Тамылжыған әсем күйді зор ықыласпен бірге тыңдайық **«Көңіл Ашар» күйінің шығу тарихын білесіз бе?** Түркештің күйі «Көңіл Ашар» домбыра ноталары. Түркеш Қалқаұлы (1832, қазіргі Батыс Қазақстан облысы - 1875, сонда) - халық күйшісі. Түркеш жасынан ән-күйге бейім болды. Байбақты, Баламайсан, Байжұма, Есжан күйлерін орындаған домбырашыларды тыңдап, олардың өнерінен үлгі-өнеге алды. Өз өмірін, өнерін әділетсіздік пен озбырлыққа қарсы күрес жолына жұмсады. Сол үшін атқа мінерлердің қудалауына ұшырап, Орал, Астрахан түрмелеріне қамалды. Түркеш шығармаларының негізгі арқауы азаттықты аңсаған халық өмірі болды. Оның "Қарабас", "Қоңыр ала", "Салық өлген", "Аңшылық", "Теріс какпай", "Көңіл ашар", "Байжұма", "Аксақ құлан" т.б. күйлері бар. Түркештің күйлері Қазақ академия халық аспаптар оркестрінің репертуарынан берік орын алды.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында** **«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 10 минут жеке әңгімелесуі. «Қауіпсіздік сабағы»** **Тақырыбы:** «Ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану ережелері» **Форматы:** Қарапайым сұрақ-жауап және қысқаша практикалық жұмыс **Мақсаты:**балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. **Міндеттері:**				

	• Ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану ережелері туралы түсіндірме беру (ойыншықты қай кезде қолдануға болатынын, қай кезде болмайтынын айту). • Балаларға ойыншықтардың түрлерін (пластик, ағаш, жұмсақ және т.б.) көрсете отырып, қауіпсіз пайдалану туралы әңгімелесу. • Балаларға ойыншықтарды дұрыс пайдалану бойынша тапсырма беру (қалай дұрыс ойнау керектігін айту). **Мазмұны:** **Ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану ережелері:** •Жас ерекшелігіне сәйкес таңдау •Ойыншықтың қауіпсіздігі мен сапасын тексеру •Ойыншықтарды дұрыс сақтау •Кішкентай бөлшектерден сақ болу •Ойыншықты үнемі тексеру және тазалау Ойыншықтар түрі •Дамытушы ойыншықтар •Білім беру ойыншықтары •Рөлдік ойыншықтар •Спорттық ойыншықтар •Музыкалық ойыншықтар **Ойыншықтар қандай материалдардан жасалуы мүмкін?** •Пластик •Ағаш •Мата •Металл •Резеңке **Оқушыларға ойыншықтарды дұрыс пайдалану бойынша сұрақтар** •Бұл ойыншықты кімдерге пайдалануға болады? (Жасы, көлемі, бөлшектері бойынша) •Ойыншық қандай материалдан жасалады және оның қандай артықшылықтары бар? •Ойыншықтың қауіпсіздігін қалай тексеруге болады? (Мысалы, өткір бұрыштар, кішкентай бөлшектердің болуы, ойыншықтың сыну мүмкіндігі) **Білімді өзектендіру. Өткенді қайталау** **Дымбілмес:** Сәлем, балалар! Мен сіздерге сүйікті ойыншықтарымды ала келдім, ойнаймыз ба? **Педагог:** балалар, рұқсат етсеңіздер, сөмкемдегі ойыншықтарды бірінші мен алайын (Қолын сөмкеге түсіреді. Ой, мен ұшты нәрсемен саусағымды ауыртып алған сияқтымын. Дымбілместің ойыншықтары біртүрлі екен. **Педагог:** (Инені шығарады). Мынау не? (Ине) Ол не үшін қажет? Онымен ойнауға бола ма? Неліктен? (Балалардың жауабы) Бұл не? (Пышақты шығарады) Пышақ не үшін қажет? Сіз онымен ойнай аласыз ба? Неліктен? (Балалардың жауабы) Бұл не? (Дәрі-дәрмектің қаптамасын шығарады.) Дәрі-дәрмектермен ойнауға бола ма? Неліктен? Оларды балаларға кім бере алады? (Балалардың жауаптары.) Бұл не? (Сіріңке қораптарын шығарады.) Отпен ойнауға бола ма? Не болуы мүмкін? Сіріңкелерді кім қолдана алады? (Балалардың жауаптары) Балалар, Дымбілмес бізге қандай заттар әкелді? (Қауіпті) Сіз олармен ойнай аласыз ба? Неліктен? (Балалардың жауабы) **Тақырыпқа кіріспе** - Үйде қандай ойыншықтармен ойнайсыз? - Олар өздігінен қауіп төндіре ала ма? **Ойыншықтарды бізге зиян тигізбеуі үшін олармен жұмыс істеу ережелерін жасайық.** 1. Ойыншықтарға сүрінбеу және олардың зиян келтірмеуі үшін әрқашан орнына қою керек. 2. Ойыншықтарды ауызға салуға болмайды. Өйткені олар тамақ емес, ойнауға жасалған. 3. Ешқандай жағдайда батареяларды аузыңызға салмаңыз. Бұл өмірге қауіп төндіреді. 4. Ұсақ бөлшектері бар ойындар кішкентайлардың қолы жетпейтін жерде сақталуы керек. 5. Ойыншықтармен ұйықтамаңыз. Өйткені, олардың құрамында зиянды бояғыштар мен толтырғыштар болуы мүмкін. 6. Егер ойыншықта лақтыратын заттар болса (жебелер, оқтар, шарлар және т.б.), ешбір жағдайда адамды немесе жануарды көздеуге болмайды, әсіресе бетке бағыттауға болмайды. **Білімді бастапқы игеру және түсінуді тексеру. Жұптық жұмыс** Қауіпті және қауіпсіз заттар туралы суретті кітап жасайық. Сіз жұптарға бөлініп, қауіпті заттарды кім жабыстыратынын және кімнің қауіпсіз екенін шешуіңіз керек. Балалардың үстелдерінде екіге бөлінген қағаз парақтары бар. Бір жағында Көңілді, екінші жағында қайғылы эмодзидің бейнесі бар. Үстелде заттардың суреттері орналастырылған. Бір бала қауіпсіз заттар салынған заттарды таңдайды, ал екіншісі ойнауға болмайтын заттарды таңдайды.

	Өзіндік жұмыс Қауіпті болуы мүмкін заттарды дөңгелектеңіз. Жасыл – сіз ересектерсіз өзіңіз ала аласыз. Сары-ересектердің көз алдында ғана алуға болады. Қызыл-тек ересектер ала алады. **Қорытынды** **Пайдалы сілтемелер:** https://www.youtube.com/watch?v=DY3DRxWokn8&list=PLA5eCSY2FeoQLLocS-IEuEG9KjOrJzvPM&index=28 https://www.youtube.com/watch?v=qR_tCZJhRqg&list=PLA5eCSY2FeoQLLoc SIEuEG9KjOrJzvPM&index=29 https://www.youtube.com/watch?v=eAuWMVuaBbU&list=PLA5eCSY2FeoQLL ocSIEuEG9KjOrJzvPM&index=34
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында **Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру** **Тәрбиеленушілердің құқықтық тәрбиесінің негізгі тәсілдері:** **үстел үсті және дидактикалық ойындар — балаларда құқықтық түсініктерді қалыптастырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі.** **«Қауіпсіздікті қамтамасыз ету» бағыты бойынша: «Есік қағылды. Қауіпті қалай тануға болады?»** **«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.** **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – аңшылар, бес тас және т.б.**	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сыныпта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Сыныпта балалармен қауіпсіз,жайлы,дамытушы білім беру орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (құрастыру және робототехника). Шығармашылық: орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Кітап бұрышы:ертегі кітаптарды қарау,боямақ,пазылы ойындары. Табиғат және ғылым:бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Театрландырылған ойындармен жеке жұмыс

Құндылықты қалыптастыру **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Үнемді тұтыну»** **Қаржылық сауаттылық туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру.** **Мазмұнды сюжеттік ойын:** «Ақшаға не сатып алуға болады?» **Түсіндірме жазба:** Ойын барысында балалардың зейіні, логикасы, арифметикалық қабілеттері мен ұсақ моторика да дамиды. Балаларға дүкен, дүкенші (тұтынушы туралы түсінік беру) Дүкен адамдарға өте	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **Үнемді тұтыну»** **Күнделікті әрекеттеріңіз арқылы табиғатты қорғауға үлес қосыңыз.** **Танымдық үстел үсті ойыны:**« Қар ұшқынын жинауға көмектесіңіз!» **Түсіндірме жазба:** «Қар ұшқынын жинауға көмектесіңіз!» дидактикалық ойыны мектеп жасына дейінгі балаларда зейінді шоғырландыру, көрнекі қабылдау, байқау қабілетін дамыту	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым»** **Патриоттық дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** **Сәйкестендіру ойыны:** «Суреттер сыр шертеді, Тәуелсіз ел - көкпары» **«Көлеңкесін тап?»** **Түсіндірме жазба:** «Көлеңкесін тап?» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** **Ұлттық үстел үсті ойындары:** «Қанша асық ұттың?» **Түсіндірме жазба:** **Аннотация:** «Қанша асық ұттың?»дидактикалық ойыны баланың бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыра отырып, құрметтеуге тәрбиелеу. 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді,	**Құндылықты қалыптастыру** **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру** **«Еңбегі адал жас өрен»** **Дидактикалық әрі үстел үсті ойын жаттығу:** **«SMART BALA»** жобасы арқылы LEGO құрастыру ойыны «Менің сүйікті ойыншықтарым» **Түсіндірме жазба:** «Менің сүйікті ойыншықтарым» дидактикалық ойыны 5-6 жастағы балаларға арналған және есте сақтауды, зейінді, түстерді қабылдауды дамытуға бағытталған.

	қажет екенін, дүкеннен азық - түлік, ойыншық, аяқ киімдер, ыдыстар т. б. ақшаға алатыны туралы түсінік түсіндіру. **Ынтымақтастық—** балалардың топтық,жұптық жұмыс барысында **Азаматтық жауапкершілік**— табиғатқа деген сүйіспеншілік,оның кереметтілігін сезіну тапсырмалар барысында. Сұрақ - жауап арқылы балалардың тілдерін дамыту, сөздік қорларын молайту, балалардың қызығушылығын кеңейту. **Міндеттері:** Дүкендеріндегі ересектердің еңбегімен таныстыру. Ойынға деген қызығушылығын дамыту. Балалар арасында өзара жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру. Балаларды сатушы еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Дағды:** Сатып алу-сату үдерісін ойын арқылы көрсету; Баланың тілін, ойлауын, есептеу дағдыларын дамыту; Әдепті қарым-қатынасқа тәрбиелеу (амандасу, алғыс айту). **Құндылықтарға баулу:** Балаларды ақшаның, сауданың қарапайым ұғымдарымен таныстыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалар бір-біріне деген құрмет көрсетуіне	зейінді,коммуникативтік және танымдық дағдыларын дамытуға бағытталған. Суреттер арқылы заттарды тануды, ой-өрістері, сөздік қорлары, тіл байлықтарын дамытуды меңгереді. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. **Міндеттері:** Балаларға заттарды топтастыруға жаттықтыру, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, негізгі түстерді ажыратуды, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру. **Дағды:** Өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Қар түйіршіктер жасау арқылы оқушыларды тазалыққа, ұқыптылыққа, тәртіпке сабырлылық пен әсемдікке тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың зейінін, ой-өрісін дамыту, сөздік қорын молайту, дидактикалық ойындар арқылы балалардың ақыл ой белсенділігін тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. Сандарды білу, заттарды	белсенділіктерін дамыту. Балаларға біздің Тәуелсіздік күні жөнінде түсінік беру. Ол неге аталып өтіледі? Оның қандай рәміздері бар? Ол бізге неге ыстық? Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. **Міндет:** Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекетік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақ. Мақал-мәтелді жатқа айтуға үйрету. Патриоттық сезімге баулу. Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүюге тәрбиелеу. **Дағды:** Балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу.	ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдарын құрметтеуге,коммуникативтік және танымдық дағдыларын дамытуға бағытталған. Суреттер арқылы заттарды тануды, ой-өрістері, сөздік қорлары, тіл байлықтарын дамытуды меңгереді. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту. **Міндеттері:** -Ұлттық құндылықтар арқылы заттарды таныта отырып, ойлау қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту; - асық ойындары түрлерінің балалардың даму үрдісінде аса пайдалы екендігін ғылыми тұрғыда тұжырымдау; -елін сүюге,бойларына адамгершілік жақсы қасиеттерді сіңіре білуге тәрбиелеу. **Дағды:** - түрлі заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылығын дамыту; -тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру; -сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** асық ойынының ойнау әдіс-тәсілдерін үйрету; төзімділікті, ептілікті, икемділікті дамыту; шапшаң да жинақы, таза да	Балаларды ойыншықтардың түрімен, түсімен таныстыру, тақпақтар айтқызу, сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, қабылдау есте сақтау қабілетін жетілдіру, ойын арқылы қызығушылығын артыру. LEGO – өзімен бірге алуан-түрлі нәрселерді құрастыру мен модельдеу үшін арналған бөлшектер жиынтығын әкелетін, ой қабілеттілікті дамытатын ойыншықтар топтамасы. LEGO конструкторларынан бейнелерін құрастыру бойынша сұрыптауды үйренеді, зейінін жаттықтырады, заттарды көрнекі қабылдауды күшейтеді. Ойын баланың жеке, ұжымдық жұмысына және дербес әрекетіне арналған. **Міндеттері:** жобалауға машықтандыру, жобалау дағдыларын жетілдіру; сызбалар арқылы бөлшектерді таңдауды үйрену; талдау негізінде конструктивті шешімдер табуына және өз құрылымын құруды жоспарлай білу қиялын дамыту. Кейбір бөлшектерді басқалармен ауыстыру құрастырудың әдіс-тәсілдерін меңгерту,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, мүмкіндігін күшейту.

	тәрбиелеу; Ақшаның не үшін қажет екенін түсіндіру; сөйлесу әдетін үйрету; Сауда жасағанда мәдениетті Заттың бағасын салыстыру арқылы таңдау жасауға баулу. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. **Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Балалар дүкеннен қажет деген тауарларын таңдайды, кейде сипаттайды және сатып алады. Дүкендегі қарым-қатынасты балалардың өздері атқарғаны дұрыс. Тәрбиеші бір балаға дүкеншіден өзіне қажет тауар бар ма, әлде жоқ па, егер бар болса қанша тұратынын сұрауға тапсырма береді. Енді біріне тауарды таңдап алып, кассадан төлем жасауды ұсынады. Ал үшінші балаға дүкеншіден тауар алуды тапсырады. Бұл жағдайда балалар ересектермен қарым-қатынас жасайды, еңбек әрекетін орындайды, сатып алушы не тұтынушы ретінде ойынға қатысады. Осы орайда балалар ересектердің қызметіне араласа отырып, оның мәнін, мақсатын, оны орындау тәсілдерін	санау, салыстыру, ажырату. **Кіріктірілген:** көркем әдебиет,қоршаған әлеммен танысу,шығармашылық. **Қосымша жабдықтар**: суреттер, ойын құралдары. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Балалар үстел үстіндегі әр түрлі суреттерді бөліктерден құрастырып жинап, арналған қораптарға салады. Қолғапта қанша сан көрсетіліп тұрса сонша қар ұшқынын жинау керек,сол қолғап қатарына. **Ықтимал күрделендіру:** Қыс,қар туралы тақпақ айту,өз ойларымен. Мысалы:Аппақ,аппақ жапалақтап, Қар жауады ... **Ойынның нұсқаулары:** Жылдың тамаша мезгілі, қыс!Қыс айында қыстық демалыс кезінде қардан не жасап ойнадық,естеріне түсіре отырып сөздік қорларын молайту арқылы өз ойларымен бөлісу.Бала тапсырманы орындағаннан кейін санап айту. шақырыңыз. **Есіңе сақтап ал:** 1.Әлемдегі жалғыз қар ұшқыны мұражайы қай жерде орналасқан? Жауабы:Жапония. 2.Қар ұшқыны неден түзіледі? Жауабы:Жұптан	Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** - Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, елжандылыққа тәрбиелеу, Отан туралы түсініктерін кеңейту, патриоттық сезімдерін ояту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу. Жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру. **Материал туралы ақпарат** Үстел үсті ойыны – сұрақ-жауап» – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі тақырыбында әзірленген қызықты әрі танымдық дидактикалық ойын. Ойын форматы балалардың тарихи білімін тексеруге, логикалық ойлауын дамытуға және патриоттық сезімін нығайтуға бағытталған. Бұл ойын оқушыны жарыс формасында білім алуға жетелеп, тарихты қызықты түрде меңгеруіне көмектеседі. Топпен ойнауға өте ыңғайлы, сабақ процесін жандандырады әрі белсенділікті арттырады. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған**	әдепті болуға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу, асық ойнату арқылы балаларды дәлдікке, мергендікке,ептілікке жеңіске деген құштарлыққа, намысқойлыққа, әділдікке баулу. **Қауіпсіздігі:** – ойынды ойнау барысында жаңа әдістерін қарастырады; – өз ойындарына талдау жасайды; – ойын ережесін сақтай білуге үйрету; – ойлау қабілетін арттырады. **Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар. **Қосымша жабдықтар**: суреттер, ойын құралдары. **Әдістемелік нұсқаулар:** ***Ойынның шарты:*** Ортада 2 үстел қойылып, оның біріншісіне басты суреттер ал, екіншісіне асық суреттер қойылады. Асықты текшені иіріп лақтыру арқылы суреттерді атап,екінші үстелде тұрған асықты еншілеп алады. **Ықтимал күрделендіру:** Құрастырылған заттарға байланысты тұжырым шығару. Оларды бір сөзбен қалай атауға болады? Ең маңыздысын тауып, дәлелдеу. Ойыншықтарды көрсеткенде олардың	Жануарларға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту және қамқор болуға тәрбиелеу. **Дағды:** Ойыншықтардың аттарын атап, оларды бір - бірінен түсіне, көлеміне қарай ажырата білуге үйрету. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. **Құндылықтарға баулу:** Жауапкершілікке,бірін-бірін тыңдап,сыйлауға үйрету. Айтқанды мұқият тыңдауға, өзгенің ойымен келісе білуге, сыпайы бола білуге, адамгершілікке тәрбиелеу. Ойыншықтарды мейірімділікпен және ұқыпты қарауға, таза ұстауға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Сөздік қорларын молайту. **Қауіпсіздігі:** Бір - біріне қамқор болуға, ұйымшылдықпен ойнауға дағдыларын қалыптастыру. Балалар қараңдаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар. Біз бүгін осы ойыншықтар туралы әңгімелейміз. - Мына керемет ойыншықтар барлығы балалар үшін жасалған. Олар көптеген үлкендердің еңбегінің арқасында жасалады. Ойыншықтарды пластмассадан, резиннен, матадан, ағаштан, темірден жасайды. Ойыншықтар жұмсақ, қатты, былқылдақ болады.

	айқындайды. **1.Жағдаят:** Супермаркетке келу Керекті тауаларды сатып алу; Менеджерлердің кеңесі;Сатып алған заттарды төлеу; тауарды безендіру; Директормен болған кикілжіңді жағдайларды шешу. Тауармен(қазақтың тұрмыс заттары)жайлауға бару. Бағбандар ұнайтын барлық заттарды сатып алады.Қазақ және орыс тілінде сөйлейді.Малшылар жиналады және басбармақ жейді, шай ішеді. **2. Көрнекіліктер:** Касса, өнімдер жиыны; Сатушылар, менеджерлер, кассир үшін киім; сыйлықтар; чек, сөмкелер, қалталар, ақша; кішкентай ойыншықтар жиынтығы; журнал, газеттер; киім, аяқ киім, бас киімдер тағы басқа; есеп кітаптар, баға,көрсеткіштер, бөлім атаулары; Телефондар, рациялар, микрофондар;орауыш,өнімдер үшін арба. Қазақтың тұрмыс заттары: дастархан, кесе, шайнөк, ұлттық киім. **3. Тәрбиешінің іс- әрекеті:** Дүкен директоры рөлінде : дүкенүшін тауар дайындайды (азық – түлік және өнеркәсіп); Дүкеннің жайлауға шығуына ұйымдастырады, керекті тауар әзірлейді,	3."Дұрыс" қар ұшқыны неше сәуледен тұрады? Жауабы:6 4. Қатты желде қардың қандай түрі жауады? Жауабы:Қар шаңы. 5. Қар қашан сықырлайды? Жауабы:Қатты аязда. 6. Қандай қар тез ериді? Жауабы:Борпылдақ. **Тыныс алу жаттығуы:** Қыс мезгілінде ауа- райы суық болады. Қар жауады. Қыс мезгілінің қызықты дыбыстарын есіп көрейікші (музыкамен борнның дыбысы естіледі және қардың сықырлаған үні). Осы дыбыстарды бөтелкеге айтып көрейік (УУУУ, кырт-қыр, ШШШШШ). Бүгін біз қыс мезгілінің ерекшеліктерімен буындар түзіп, жеңіл сөздерді айтамыз. Ол үшін алдымен артикуляциялық жаттығуларды орындайық. 1. **Артикуляциялық жаттығу.** Жол үстіндегі биоэнергопластикалық артикуляциялық жаттығуларды жасайық. Қол қимылы мен тіл қимылын үйлестіре орындау. **«Қыс»** Ыс – ыс – ыс, Келіп жетті қыс. Ар – ар – ар, Жауады қар. 2. **Тыныс алу жаттығуы:** «Боранды бөтелке» Ойынның шарты:	**әдістемелік нұсқаулар:** Суреттерде бейнеленген басқа заттардың көлеңкелерін ажырату. Дұрыс екенін тексеріп, беттестіру. **Ықтимал күрделендірулер:** Жылдамдық. **Ұлттық құндылықтар:** **Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар. **Қосымша жабдықтар**: дыбыстық үлестірме жұмыстар. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** **І нұсқа.** Бұл ойын екі бағытта ойнауға болады,**бірінші бағыт** бойынша сәйкестендіру болса,**екінші бағытта** көкпар арқылы қазандыққа марқа жинау.Суреттерде бейнеленген басқа заттардың көлеңкелерін ажырату. Дұрыс екенін тексеріп, беттестіру.Егер дұрыс жауап болса қазандыққа марқа салу арқылы ұпай есептеледі. Кім жұмысты бітірсе қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады. **Ықтимал күрделендіру**: Жылдамдық. **Ойынның нұсқаулары**: **Тілдік гимнастика жаттығуы:** **«Ат шауып келеді»** - ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру-айыру	аттарын жылдам айту керек. **Ойынның нұсқаулары:** Құрастырылған жұмыстарына байланысты түсінік беру суреттер арқылы. **Жоспарланатын нәтижелер:** **Пәндік нәтижелер:** -Қоржын түсіне сәйкес асықты табу; -Көлеміне қарай ажырату; -Асықтарға қажетті пішінді табу. **Жүйелі - әрекеттік нәтижелер:** танымдық, зерттеушілік, жобалаушылық, шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеу білігінен көрініс табуы қажет. **Жұмыс түрі:** жұппен, топпен жұмыс, әңгімелесу, үстел-үсті ойындармен жұмыс. **Сауықтыру сәті.** **Көзге арналған жаттығулар:** *Ақырын толық дем тарту. Алақанның жас-тықтарымен (шынашақ пен үлкен саусақ астындағы саусақ буыны үстіндегі орын) секундына 1 рет қимылдау желісімен дем тарту барысында оң жақтан және қайтып қабақтардан өткізу. Қолды алақандармен қабыстыру (жуынғанда сияқты) және бетке салу, көзді, ауызды және мұрынды жабу (көздер жұмылған). Бұл жағдайында демді	Ойыншықтарды ұқыпты, таза ұстау керек. Оларды жұлып, бөлшектеп, сындыруға болмайды. Ойнап болғасын жинап қою **Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қоршаған әлеммен танысу. **Қосымша жабдықтар**: әр балаға арналған бөліктердің сызбалары бар карточка, жануарлар туралы жұмбақ,«жоғарғы көрініс - түзу көрініс - бүйірлік көрініс», иллюстрациялар - әртүрлі көпірлердің суреттері . **Әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Бейнеленген суреттерді көрсету, сол суреттегі суреттерді атап, сәйкестендіріп жинақтау. **Ықтимал күрделендіру**: Ойдан басқа кейіпкерлер құрастыру. **Ойынның нұсқаулары**: «Адамдар үй жануарларын неге ұстайды және олардың қандай пайдасы бар?» Неліктен адамдар ит,мысықты үй жануары деп атаған?Үй жануарларының пайдасын тауып құрастыру. **Сипаттау: мысалы** (Мынау – ит. Иттің түсі – қоңыр, екі құлағы, төрт аяғы, бір құйрығы бар. Иттің жүні – жұмсақ, дауысы зор. Ит – ет жейді, сүйек кеміреді. Ит – үйшікте тұрады, иттің төлі – күшік, ит – мал бағады, үй

	жүкпен айналысатын жұмысшларды басқарады, тауардың сақтануы туралы айтады. **4. Балалардың іс- әрекеті:** Жүргізуші машина жүргізеді, тауар берушіден тауар алады, оны жүктеу және алу, тапсырыс беруші, оны санайды және оны жазады. Сатушылар тауар алады. Ветринаға қойылады , сатып алушыларға қызмет көрсетіледі (ақша алады, қалған ақшаны береді, чек, тауар), Менеджер тауардың сапасын айтып береді,жарнамалайды , сатып алуға кеңес береді; тауарды әр түрлі бөліке үлестіреді., телефон бойынша тауарға тапсырыс береді , көмек көрсетеді; еңбек ақысын береді. Сатып алушылыр өздеріне керекті тауарды сатып алады , сатып алған тауарға төлейді, затты сөмкеге салады. **Тіл ұстарту жаттығуы.** Теңге тиыннан, Ынтымақ ұйымнан. **Сандарға байланысты мақал - мәтел айту.** Ерке бала-2 жылар. 2 жақсы қас болмас, 2 жаман дос болмас. **Сусақ жаттығуы:** 1.Отырайық қисаймай. Қолды, жайып қанатша, Жұдырықты түйелік. Саусақтарды талғанша. Ашып, жұмып көрейік.	түтікшенің көмегімен бөтелкедегі қарды үрлеу. Мұрынмен тыныс алып, ауызбен ұзақ дем шығару. **Қосымша жабдықтар:** 	немесе таңдай қағу. **«Таңдану» жаттығуы:** **Саусақ жаттығуы:** **«Жалауша»** Бас бармақты төмен, алақанды өзіне қаратып, төрт саусақты қосып ұстау.  **Тіл ширату, әрі дүние таныту** Қыс мезгілі туралы тіл ұстарту жаттығуы. Ар-ар-ар,. Жауады қар. Яз - яз - яз. Сақылдаған сары аяз. **Тіл ұстарту жаттығуы:** Сарқылмайтын қуатым, Тірегімсің Қазақстан. Мәңгі соғып тұратын. Жүрегімсің Қазақстан. **Қосымша жабдықтар**: 	максималды ұстау (шығуда), көзді ашу (жарық көзге түспеу керек) және алақанды алып тастамай, дем тарту. Алақанды жан-жаққа бір уақытта ақырындап жібере отырып, дем тарту. Жаттығу көз шаршаған кезде бір рет қана жасалады. **Артикуляциялық жаттығу:** **Қазы-қарта тураймыз.** Ауызымызды ашып, бір-бірімізге не айнаға қарайық. Ауызды ашсақ әдемі тістер көрінеді. Тісіміз өткір, пышақ секілді. Осы тістердің көмегімен біз ауызға түскен тамақты тістеп, кесіп, бөлшектеп жейміз. Ал тіліміз қазы-қарта секілді ет екен. Ендеше қазы-қарта турайық. Тілді біртіндеп баяу шығарып, тіспен тістейміз. Туралған қазы-қартаны ауызға саламыз. Осылайша тіл кері ауызға қайтарылады. 3-4 рет қайталайды. **Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығу** **«Қара жорға» жаттығуы** 1-қимыл. Қол қимылы. «Толқын».2-қимыл. «Самал жел» Қолды жоғары көтеріп екі жаққа теңселте, тербелте қозғалту. 3-қимыл. Екі иықты ырғалта қозғау. 4-қимыл. Қолды алға созып, «Тізгін тарту»	күзетеді. **Логопедиялық сауықтыру жұмыс:** «Қорылдау» жаттығуы. «Фыр, фыр!» Белсенді дем шығару кезінде дыбысты (Ф) күрт айту. **Ит:** аф - аф – аф **Мысық:** мияу-мияу **Тіл ұстарту жаттығулары:** Керіледі мы-мы-мысық, Көзін жаймен қы-қы-қысып. Жүгіреді мы-мы-мысық, Аула ішін ке-ке-кезіп. Ік – ік – ік, Шәукілдейді күшік. Ық – ық – ық, Тышқан жейді мысық. **Тыйым сөдер** 1. Жақын адамдарыңа ит, мысық берме. **Мақал – мәтел:** 1. Ит — жеті қазынаның бірі. 2. Мысықтың өлімі - тышқанға той. **Қосымша жабдықтар**: 

	Белімізді жазайық. Демімізді алайық. **Қосымша жабдықтар**: 	 	  	қимылын жасау 5-қимыл. «Ат шабыс» қимылын істеу. **Поэзия сәт:** Саспа, таста, балақай, Асық озды қара, қай. Шиыр енді сақаңды – АЛШЫ ТҮСТІ, АЛАҚАЙ **Қосымша жабдықтар:** 	 




Ақшаға не сатып
алуға болады?


Ақшаға не сатып
алуға болмайды?

10

Менің Отаным-
Қазақстан
Әсем табиғатым

Менің Отаным-
Қазақстан
Ұлттық құндылықтарым

«Тәуелсіз
Қазақстан
тәуелсіздік
алған күні
Қазақстанның
алғашқы
президенті

ел» көкпары
Қазақстанның
Тәуелсіздігін
жариялаған
Қазақстанның
ардақ ұлдары


Қайсы асық жетпей тұр?
Қайсы асық жетпей тұр?
Қайсы асық жетпей тұр?
Қайсы асық жетпей тұр?
Қайсы асық жетпей тұр?

Қоржынға түсіне
сәйкес асықты
сал?
Oinau jane damu
87006764152


Үлкен
Кіші
Көлемін анықтап

Үй
Көлік
Киімдер
Дәрілер
Ыдыстар
Тұрмыстық заттар
Гүл
Азық-түлік
Қызмет
Махаббат
Достық
Уақыт
Бақыт
Денсаулық
Құрмет
Күн
Бұлт
Ұйқы


2
1
4
5
+1
ұпай
3
Tarbieshi kundeligi
8
7
9
+1
ұпай
6
алты
10
Tarbieshi kundeligi

Қазандық
Қазандық


Асықпарға қажетті пішіндер

			     		

	Таңғы жаттығу – күннің сәтті бастамасы! **Мақсаты:** – Балаларды салауатты өмір салтын ұстануға баулу; – Күнделікті жаттығу жасауға дағдыландыру; – Сабаққа деген ынта-жігерін арттыру. **Міндеттері:** – Таңғы жаттығулар арқылы оқушылардың сергектігін қамтамасыз ету; – Қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру; – Дене шынықтырудың маңыздылығын насихаттау. Балалардың жүзіндегі күлкі мен сергектік – осындай сәттердің жемісі. **Дағды:** Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру. **Салауатты ұрпақ – жарқын болашақ кепілі!**				
08:45-09:00 **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 6** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 7** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын**	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 8** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 9** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 10** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.**

бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.	**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Құрсаумен жұпта орындалатын жаттығулар** **№ 6 жаттығулар кешені** 1.Б.қ. – құрсаудың ортасына арқаларын түйістіріп тұру. Құрсау иықтың тұсында. 1-2– құрсауды аяқ басына жоғары көтеру – демін ішіне тарту; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6–8 рет). 2.Б.қ. – құрсаудың ортасына арқаларын түйістіріп тұру. 1-2 – құрсауды жоғары көтеріп, оңға (солға) иілу – демін ішіне тарту; 3-4 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу, қайталау (6 рет). 3.Б.қ. – балалардың біреуі құрсауды жерден 30 см көтеріп, тігінен ұстайды, ал екіншісі құрсауға еш жерін тигізбей, оның ішінен еңбектеп өтіп, түрегеліп, қайта ішімен орнына қайтуы керек. (3–5 рет қайталау). Балалар орындарын ауыстырып, қимылдарды қайтадан бастайды. 4.Б.қ.: құрсауды бармақтары және өкшелерімен басып тұру. 1-2 – аяқ басына көтерілу, қолдарын көтеру; 3-4 – өкшесіне түсу, қолдарын төмен түсіру; 8–10 рет қайталау. «Айналада». Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; бір қолдары белінде, екіншімен құрсауды ұстау; аяқ ұшына отырып, құрсауды үш рет айналу; тұрып, денені түзеу,	**қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Құрсаумен жұпта орындалатын жаттығулар** **№ 7 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: құрсаудың шеттеріне арқаларын түйістіріп тұру. 1-4– қолдарын артқа, екі жаққа, оң (сол) аяқтарын ұшымен құрсаудың сыртына басу – демін ішіне тарту; 5–8 – қайтадан бастапқы қалыпқа келу – демін сыртқа шығару, қайталау (8–10 рет). 2.Б.қ.: бір-біріне қарама-қарсы өкшесімен отыру, құрсау екеуінің ортасында. Біреуі еңкейіп, құрсауды итереді, ал екіншісі құрсауды өзіне тартады. Қайталау (4-5 рет). 3.Б.қ.: құрсаудың ішінде арқаларын түйістіріп тұру. Құрсауды қолдарымен ұстап тұрады.1-2 – арқаларын түзу ұстап, отыра бергенде құрсауды жоғары көтере бастау; қайталау (8–10рет). 4.Б.қ.: арқасына шалқалап, өкшелерін құрсауға қойып жату. 1-4– аяқтарын жоғары көтеру; 5–8 – аяқ бастарын құрсауға баяу тарту. Қайталау (8 рет). 5.Б.қ.: біреуі құрсауды еденге параллель 40 см биіктікке ұстап, тізерлеп тұру; екіншісі құрсауға қырындап тұрады; құрсаудың астына өтіп,	**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар** **№1 жаттығулар кешені** 1.«Біз – зілтеміршіміз». Б.қ.: аяқтарын аздап алшақтатып қойып, тұру; 1 – таяқшанықеудесіне қояды; 2 – кеудесін жоғары көтереді; 3 – кеудесіне; 4 – б.қ. 8 рет қайталау. 2.«Ескекшілер». Б.қ.: аяқтарын иық енінде қою, таяқшаны ортасына таман көлденең ұстау;оңға, солға бұрылып, ескекті келтіріп қозғалту. 6–8 рет қайталау. 3.«Отыруға тырыс». Б.қ.: шалқалап жату, таяқшаны төмен түсірілген қолдарында ұстау; 1 – таяқты серпіп, басынан жоғары асыру; 2-3 – таяқты сермеп алдыға шығару, тартылып отыру; 4 – б.қ. 8 рет қайталау. 4.«Таяқшаға қара». Б.қ.: етбеттеп жату, жұдырықтарын иектің астына тіреу, таяқшаны алдына қою. 1-2– таяқшаны жоғары көтереді, таяқшаға қарау; 3-4 – б.қ. - босаңсу. 6 рет қайталау. 5.«Таяқшаны тізесіне қою». Б.қ.: шалқасынан жату, таяқша санында, 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – оң (сол) аяғын бүгу, таяқшаны тізесіне көтеру; 3 – таяқшаны жоғары көтеру; 4 – б.қ. Басы мен иықтарын жерден алмай, аяғының басын созады. 6 рет	**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар** **№ 2 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: тұру. 14 – таяқшаны жоғары көтеру, демін ішіне тарту; 5–8 – таяқшаны төмен түсіру, демін сыртқа шығару. 8 рет қайталау. 2.Б.қ.: аяқтарын тіреп қою, шынтақтары бүгілген, таяқшаны кеудесінде ортасына қарай ұстау. 1-2 – оңға бұрылу, таяқшаны оңға қарай оң қолымен апару (таяқша еденге параллель); баяу қозғалу; 3-4 – б.қ. Сол жағына 5 рет қайталау. 3.Б.қ.: тұру. 1–3 – таяқты алдыға ұстау, оң аяғын басына-өкшесіне-басына басу; 4 – б.қ. Солаяқпен осы қимылдарды қайталау. 1.Б.қ.: тұру. Таяқты үстіңгі шетінен ұстап, тігінен аяқтарының ортасына орналастыру, демін ішіне тарту. 1-2 – еңкею (тікбұрыш жасап), қолдарын таяқты жылжыта алға созу,басы түзу, демін сыртқа шығару; 3-4 – б.қ. Аяқтарын бүкпей 6–8 рет қайталау. 2.Б.қ.: етбеттеп жату. Таяқшаны артына қолдарын бүгіп ұстау. 1-2– таяқша мен денесін жоғары көтеру; 3-4 – б.қ. Баяу 4–6 рет қайталау. 3.Б.қ.: тұру. Таяқшаны төмен түсіріп шетіне қарай ұстау. 1-2– аяқ басымен	**ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар** **№ 3 жаттығулар кешені** 1.«Таяқшаны жоғарыға көтеру». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқшаны иық еніндей шетінен ұстап төменге қою. 1 – таяқшаны жоғары көтеріп созылу; 2қолдарын бүгіп, таяқшаны жауырынына қояды; 3 – таяқшаны жоғары көтереді; 4 –таяқшаны төмен түсіреді, б.қ. (8 рет). 2.«Созылғыштар». Б.қ.: – тұру, таяқты төмен ұстау. 1-3 – таяқты жоғары көтеріп, артқа жіберу, аяқтың басымен тұрып, созылу; 4 – б.қ. 8 рет қайталау. 3.«Отырып-тұру» Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқшаны иық еніндей шетінен ұстап төменге қою. 1 – отыру, таяқшаны алға шығару; 2 – б.қ. (8 рет). 4.«Еңкею» Б.қ.: – аяқтарын алшақ қою, таяқшаны төмен ұстау; 1-2 – алдыға еңкею, таяқшаны жоғары көтеру, керілу; 3-4 – б.қ. (8 рет) 5.«Жанына иілу». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – оң аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу: 3 – денені

	бағытты өзгертіп, қайталау (3-4 рет). 5.Б.қ.: құрсауға қырындап, бірінің артынан бірі тұру; шеңбер бойымен аяқтарын жоғары көтеріп, шапшаң жүгіріп үш рет айналу; бір орында жай жүру; бағытын өзгерту, қайталау (3-4 рет).	ішінен аттап шығады. 6 рет қайталау. Балалар орындарын ауыстырады. 6.Б.қ.: екеуі де оң қолдарымен құрсауды ұстап тұрады. Оңға айналу, тоқтау; сол жаққа айналу. Қайталау (4-5 рет) 7.Б.қ.: қолдары артта, құрсауды еденге қою; екі аяқтап құрсауды артпен үш рет айналу; тоқтау. Бағытты өзгерту, жай жүріспен алмастырып, қайталау (2-3 рет).	қайталау. 6.«Аяғыңның басына жеткіз». Б.қ.: отыру, аяқтарын ашу, таяқшаны кеуде тұсында ұстау; 1–3 – алдыға еңкею, таяқшамен аяқтарының басына дейін жету; 4 – б.қ. 6 рет қайталау. 7.«Стадионға». Б.қ.: тұру. Таяқшаны шынтақ бүгілуіне ұстау. Бір орында тізесін жоғары көтеріп жүгіру. 3 рет 20 секундтан жүрумен алмастырып, қайталау.	отырып-тұру; тізелерін ашып қою, арқасын түзеу – демін сыртқа шығару; 3-4 – б.қ. -демін сыртқа шығару. 8–10 рет қайталау. 4.Б.қ.: тұру. Таяқшаны алдына қою. 9 рет секектеу, 9-рет таяқшадан секіріп өту; 4 қадам орынында тұрып ату. 4–6 рет қайталау.	түзеу; 4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет). 6.«Уқалау» Б.қ.: – тұру. Бармақтары таяқшаның үстінде, таяқшаны аяғымен дөңгелету (бармақтарынан бастап, өкшесіне дейін). Сол аяғымен осы қимылдарды қайталау. 8 рет. 7.«Секірулер». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. Секіру – аяқтарын екі жаққа ашу, қайта жинау. 1–8 дейін. Шағын үзіліс жасап, қайта 8 рет қайталау.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӘ уақыты: 09.00-11.10	09.00-09.25 09.35-10.00 10.10-10.35 10.45-11.10	**Дүйсенбі** **08.12.25**	**Сейсенбі** **09.12.25**	**Сәрсенбі** **10.12.25**	**Бейсенбі** **11.12.25**	**Жұма** **12.12.25**
		Математика негіздері **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Дене тәрбиесі**	**Сауат ашу негіздері** **Қоршаған әлеммен танысу** **Мүсіндеу** **Музыка**	**Математика негіздері** **Көркем әдебиет** **Сауат ашу негіздері** **Дене тәрбиесі**	**Математика негіздері** **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Музыка**	**Сауат ашу негіздері** **Көркем әдебиет** **Қоршаған әлеммен танысу** **Дене тәрбиесі**
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)		**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Таңертең,күндіз,кеш,түн. Кеше,бүгін,ертең. (Тәулік бөліктер) **ҰІӘ міндеттері:** - таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін (таңертең, күндіз, кеш, түн)	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау [р] **ҰІӘ міндеттері:** - дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру; -буынға бөлгізу арқылы,	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Таңертең,күндіз,кеш,түн. Кеше,бүгін,ертең.(мезгіл) **ҰІӘ міндеттері:** - тәуліктің бөліктерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тану, атауды, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең, күннің бір бөлігі мен балалардың	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Апта күндері.(суретті) **ҰІӘ міндеттері:** - апта күндерін рет-ретімен атауға үйрету; -сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Сөйлем сызбасы. **ҰІӘ міндеттері:** - сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету; -сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі

	тану, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең; күннің бір бөлігі мен балалардың әрекетін байланыстыруға үйрету; -санау, цифрды санмен сәйкестендіру білімін бекіту; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтау дағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Ұжымдылыққа, мейірімді болуға, көмек көрсетуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** - Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; -тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең. Уақытты циферблат арқылы анықтау. **Қауіпсіздігі:** Тапсырманы ұқыпты, таза орындауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтижелер:**	буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту; -жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. **Дағды:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балаларға буын туралы түсінік беру,сөздерді буынға бөлуге үйрету Танымдық қызығушылықтарын арттыру. **Қауіпсіздігі:** -дыбысты дұрыс айтуға қажет сөйлеу мүшелерінің қалпын, қимыл қозғалысын дамыту; -дыбысты айту кезінде тыныстың қалпын сақтау және дұрыс тыныстауға машықтандыру **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтиже**: - дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі; буындардың дыбыстардан тұратынын түсінеді; дыбыстарды ажыратады. **Педагог әрекетінің**	әрекетін байланыстыруға үйрету; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: -оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтау дағдыларын дамыту; -моторикасын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Математикаға қызығушылықтарын арттыру,ұқыптылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** -тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең. Уақытты циферблат арқылы анықтау. Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балаларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтижелер:** - оқиғалардың уақыттағы	-белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Дағды**: апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айту дағдыларын жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** Балаларды апта күндерімен таныстыру және түсінік беру. Жыл мезгілін ай, апта күндерін суретін көрсете отырып есте сақтау қабілетін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Уақытты бағдарлау. Таңертең, түс, бесін, кеш, түн уақыт терминімен таныстыру. Апта күндері туралы түсініктерін нақтылау. Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, зейінін дамыту. Уақытты үнемдеуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Достыққа бірлесіп жұмыс атқаруға, ойнауға мұқият тыңдауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтижелер:** - апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды; -оқиғалар уақытының кезектілігін (алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек) түсінеді; -апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуды қолданады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру,	сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту; -басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. **Дағды**: берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту. **Құндылықтарға баулу:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. Сөйлеуге үйрету,жазуға қолдарын жаттықтыруды жалғастыру.Сөз, буын, сөйлем тақырыптарын қайталау.Тірек сызбалар арқылы сөйлемдер құрастыру **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілікке,аңғарымпаздыққа бір-біріне деген достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу,топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтиже**: - сөйлем сызбасын анықтайды, сызады; сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құралатынын

	оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды; тәулік мезгілдерінің кезектілігін; болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Сөздікпен жұмыс:** таң, күндіз, кеш, түн. **Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) балаларға тәуліктің бөліктері бейнеленген суреттер әкелді. (Үлестірмелі материал, №18 парақ). Балалардан тәулік мезгілдерін үйренуге көмек сұрайды. Педагог жұмбақ жасырады: *Күн шығады аспанға,* *Қораз белгі береді.* *Бөбектер тұрып ұйқыдан,* *Бала-бақшаға олар келеді.* (Таң) *Күн шуағын төгеді,* *Жап-жарық боп айнала.* *Серуенде жүреді,* *Ойнап-күліп бар бала.* (Күндіз) *Шуақ шашқан Күніміз,* *Көкжикке батады,* *Үйге кіріп балалар*	**алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Төлін айт»** ойынын ойнату арқылы іс-әрекетті бастайды. 1. Аюда – ... (қонжық) 2. Түлкіде – ... (мыршай) 3. Қасқырда – ... (бөлтірік) 4. Қоянда – ... (көжек) 5. Итте – ... (күшік) **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** ***«Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы*** – Мен сендерге дауыссыз, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер айтамын, сендер дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, партаны бір рет жұдырықтарыңмен ұрасыңдар, ал дауысты дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, бір рет шапалақ ұрасыңдар. – Мысалы: *парта, ферма,алқа, бидон, вагон, кітап, алша, Камшат, гүл, ғалым,асық, қайшы, доп,орындық, тарақ, сағат, ожау, жұлдыз, зәкір, хат, циркуль, щетка, дәрі,*т.б. **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Сөз жина, тез жина» дидактикалық жаттығуы** – Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер	реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды; -тәулік мезгілдерінің кезектілігін; -болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойын сәті.** Әлия мен Сырым балаларға тәулік бөліктері бейнеленген сурет әкелді. (Демонстрациялық материал) Балалардан тәулік бөліктерін анықтауды үйретуді сұрайды. Педагог жұмбақ шешуді ұсынады: – Қабырғадан қарап тұр, Уақытты санап тұр. (Сағат) Ағайынды екеуі Шеңбер бойы жүгірген. Аласа бойлы ағасы Бір айналып өтеді, Ұзынтұра інісі Сағат сайын өтеді. (Сағат тілдері.) – Сағат адамға нені білуге көмектеседі? (Уақытты.) Бүгін біз оқиғалардың ұзақтығы мен кезектілігін, яғни ненің бұрын, ненің	балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Педагог өлеңді тыңдауды ұсынады.** **Апта күндері** *Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда,* *Сейсенбіде серуен құрдық далада,* *Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп,* *Бейсенбіде би биледік әндетіп,* *Жұма күні жидек тердік ағаштан,* *Сенбі күні кино көрдік театрдан,* *Жексенбіде үйде болдық демалдық.* *Осылайша өте шықты бір апта.* – Өлең не туралы? **Үлестірмелі материалмен жұмыс, (**№ 11, №19 парақтар). Педагог балаларды үйшіктерде тұратын ағайынды гномдармен ойнауға шақырады. Олардың есімдері: ***Дүйсенбі, Сейсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбі.*** Оларды санауды ұсынады. Гномдарды санайды (7). Олардың есімдерін хормен қайталаңдар. Педагог ағайындылар-аптаның күндері әрдайым реттік тәртіппен жүретінін айтады: бірінші күн – Дүйсенбі, екінші – Сейсенбі және т.б.	түсінеді; -сөйлем құрады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Бөлшектерінен тап»** ойынымен бастайды. Көз, ауыз, желбезек – ... *(балық)* Бас, қанат, аяқ – ... *(құс)* Құлақ, көз, жал – ... *(жылқы)* Бас, мүйіз, сақал – ... *(ешкі)* **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** Дыбыс деген не? Дыбыстар біздің айналамызда, біз оларды көрмейміз бірақ естиміз, айтамыз. Дыбыстар қандай болып бөлінеді? Дауысты, дауыссыз. Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз? Дауысты дыбыстар әндетіп, созылып айтылады, ал дауыссыз дыбыстар ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығады. Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Дауыссыз дыбыстарды ше? Сөзді буынға қалай бөлеміз? Буынды қалай белгілейміз? **«Жоғалған дыбысты тап»**дидактикалық ойыны –Мен сендерге суреттерді көрсетіп бір дыбысы

	Кешкі ас жеп жатады. (Кеш) *Көкте жұлдыз жанады,* *Өзен суы сылдырар.* *Аспанға алтын Ай шығып* *Терезеден қарады.* (Түн) Балалар жұмбақтардың жауабын айтады. Педагог таңертең, күндіз, кеш, түні тәуліктің бір бөлігі екенін айтып жалпы түсінік береді. Педагог балалардың таңертең, түстен кейін, кешке, түнде не істейтіні туралы әңгімелеседі. №1 тапсырмаға QR код пайдалануға болады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Тәулік бөліктерін ата. Балалар таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейді? Тәулік бөліктерін және осы уақытта балалардың орындайтын іс-әрекетін сызып қос. Балалар тәулік бөліктерін атайды, сызып қосады. Педагог балалардан не істейтінін баяндап беруін сұрайды: таңертең балалар тістерін тазалайды, жуынады. Күндіз балалар	алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап, дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады. Мысалы: «к.ү.н.», «т.ү.н.», «ә.т.е.ш.», «б.а.л.», «ж.е.л.і.м.», «б.а.қ.», «б.а.л.а.», «қ.и.я.р.», «п.и.я.з.», «б.ұ.л.т.», «к.і.л.т.», «д.о.п.». – Сөзді кім бірінші құрап айтады, сол балаға жұлдызша үлестіріліп отырылады. ***«Не өзгерді?» ойын-жаттығуы*** Педагог балаларға сөздер айтады, балалар сөздердің қандай айырмашылығы, қандай ұқсастықтары бар екенін, не өзгергенін ойланып айтады. Сөздерде дауысты дыбыстар өзгергенін біледі. Мысалы: тар, тер, тор; бар, бер, бор; кел, көл; доп, дөп; жар, жер, жыр; дем, жем, кем; қар, қор, қыр; бала, бөле, биле т.б. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттерді ата, буынға бөл.Өз буыны сәйкес келетін тиісті сызбамен сәйкестендір. 2. Р дыбысы бар заттарды қорша. 3. Жануарларды ата.	кейін болғанын анықтап білеміз. **Сөздікпен жұмыс:** таң, күндіз, кеш, түн. **Педагог өлең оқиды:** *Қайырлы таң! – құстар әндетті.* *Балалар тұрайық жинап төсекті.* *Қараңғылық тығылып әр бұрышқа,* *Таң атуда, Күн шығады жұмысқа!* *Таң атқанын біздер қайдан білеміз?* *Таңда адамдар не істейді?* *Барады ма жұмысқа?* **Үлестірме материалмен жұмыс** (№18 парақ). Педагог **«Тәулік бөліктері»** карточка жиынтығын таратады және карточкаларды тапсырма бойынша таңдап алуды ұсынады. Педагог: «түн» дейді, балалар тиісті суретті көрсетеді. Соңында балалар карточкаларды реттеп, өз жүйесін сақтап орналастырады: таңертең – күндіз – кеш – түн. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Бұл қай мезгілде болады? Тәулік бөліктерін көрсететін суретпен баланың осы уақыттағы іс-әрекетін сызып қос. Педагог тәулік бөліктерін атауды сұрайды. Бала тәуліктің осы мезгілінде не істейтінін, суреттерді таңдау арқылы айтып	Содан кейін педагог оларға реттік нөмірлер беруді сұрайды, олардың астына 1-7 цифрлары бар карточкаларды қояды. Балалар аптаның күндерін қайталап айтады. **«Дұрыс атаймыз» ойын жаттығуы.** Педагог 1-ден 7-ге дейінгі цифрларды көрсетеді. Балалар апта күндерін айтады. Кеше, бүгін, ертең ұғымдарымен танысу. Педагог: – Біз аптаның күндерін атауды үйрендік, аптаның күндері ретімен жүреді. Аптаның күндерін басқаша атауға болады: кеше өтіп кеткен күн, бүгін болып жатқан күн, ертең келе жатқан күн. Мысалы, бүгін аптаның сәрсенбі күні, кеше сейсенбі болды, ертең бейсенбі болады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Суреттерге қара. Аптаның әр күні қыздың немен айналысқанын айтып бер. Балалар аптаның әр күні бойынша қыздың әрекеттері туралы айтады. **2-тапсырма.** Апта күндерін ата. Оларды үйлерге орналастыр. Үйлердің нөмірін бастырып сыз. Педагог апта күндерін айтып, оларды үйлерге орналастыруды сұрайды.	жоғалған сөз айтамын, сендер сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасыңдар. Мысалы: *көгерші...(н), балмұзда...(қ), домбыр...(а), қасқы...(р), шырш...(а), банк...(а), шеле...(к), арб...(а), сегі...(з), уылдыры...(қ), күнбағы...(с), моно...(а), кіта...(п), журна...(л), үсте...(л), орынды...(қ), баспалда...(қ), мекте...(п), қолға...(п); (а)...лқа, (м)...оншақ, (т)...ауық, (а)...лжапқыш, (б)...ояу, (ж)...олбарыс, (а)...рыстан, (ж)...ылқы, (б)...алық, (т)...өсбелгіт.б.* **Балаларға көрсету әрекеті:** **Саусақ жаттығуы** Бір, екі, үш, Кәне жина күш. Саусақтарды басайық, Жаттығуды жасайық. «Дұрыскөрсет» дидактикалық ойыны –Балалар, мен сендерге қандай да бір дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында кездесетініне мысал келтіремін. Егер дыбыс сөздің басында тұрса, қызыл жалаушаны, соңында тұрса, көк жалаушаны, ортасында тұрса, екі жалаушаны да көтересіңдер. Мысалы: **-қ дыбысы:** (*қасқыр, қамыс, асқабақ, бақ, мақта, қымбат, ақылды, барлық, бақа, балық, қаймақ, қант, лақ, қылыш,*

	балабақшада ойнайды. Кешке анам ұйықтар алдында кітап оқиды. Түнде балалар ұйықтайды. **Сергіту сәті. «Күн мен түн» ойыны түрінде жүргізіледі.** Педагог «күн» сөзін айтқан кезде бәрі секіреді, «түн» дегенде – бір орында қатып қалады. Балалар ойын ережесіне сәйкес қимылдарды орындайды. **2-тапсырма.** Әр қатардан артық суретті тап. Өз қалауыңды түсіндір. Белгіле. **«Кім ең зерек?» ойыны арқылы жүргізіледі.** Педагог суреттерді қарауға ұсынады. Суреттердің әр тобы тәуліктің қай бөлігі екенін тауып, артық затты анықтауды ұсынады. Балалар өз таңдауын айтып түсіндіреді. Мысалы: «бұл суреттер тобында барлық суреттер таңертен уақытты көрсетеді. Артық сурет – ай» **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Торкөздерді сана. Фигураларды қарындаштардың түсіне сәйкес боя. Орындамас бұрын педагог әр фигураның қанша торкөзден тұратынын қарауды сұрайды. Балалар, әр фигураны қандай түспен бояу қажет екенін анықтайды. Мұны істеу үшін онда қанша торкөз бар	Сөздерді буынға бөл, неше буыннан тұратынын айт. Дыбыстық талдау жаса. Педагог қойдың суретін, сызбасымен тақтаға іледі, бір баланы тақтада дыбыстық талдау жасатады. Басқа балалар орындарында жасайды. Педагог сөздегі әр дыбысты дауыстып айтып, ондағы дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтауға тапсырма береді. ***«Қой»*** сөзінде бір буын, үш дыбыс бар. **Қой** - 3 әріп, 1 буын, 2 дауыссыз, 1 дауысты **Қ** - дауыссыз, қатаң **О** - дауысты, жуан **Й** - дауыссыз, үнді Педагог ***«түйе»*** сөзінің сызбасын тақтаға іледі. ***«Түйе»*** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс. Түйе -4әріп, 4дыбыс, 2буын,2дауыссыз, 2дауысты **Т** – дауыссыз, қатаң **Ү** - дауысты,жіңішке **Й** – дауыссыз, үнді **Е** – дауысты, жіңішке **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті** Көздеріміз қырағы екен, Бәрін көріп тұрады екен. Тамашалап оң жақты, Бақылайды сол жақты, Аспанға да қарайды екен, Жұлдыздарды санайды екен. Қарайды да төменге,	береді, сызып қосады. **2-тапсырма.** Суреттен күндізгі, кешкі және түнгі мезгілдерді тап. Жұбымен сызып қос. Күндіз бен түнгі мезгілді боя. Педагог суретті қарап, суреттер арқылы таңертең, түстен кейін және кешке не болғанын рет-ретімен байланыстырып, сызуды ұсынады. Күндіз бен түн мезгілдерін бояйды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті.** *Таңертең күн күлімдеп атады,* (Қолды жоғары көтеріп, одан соң екі жаққа созады.) *Балаларды таңғы асқа шақырады.* (Қолдарын өзіне қарай сермеп, қолдарын бұлғау.) *Күндіз олар сабақтарын оқиды,* (Қағазға жазу қимылын алақанға жасап көрсетеді.) *Түскі аспен тамақтанып алады.* (Алақандарымен іштерін сипайды.) *Кешке ойын қуалаған балалар кешкі асқа үйлеріне барады.* (Шапалақтар және бір орында жүру.) **3-тапсырма.** Көрсетілген түспен штрихта. Штрихтауды орындамас бұрын педагог үстелде дұрыс отыру ережелерін қайталайды, балалардың	Үй нөмірлерін бастырып сызады. **«Аптаның келесі күнін ата» дидактикалық ойыны (**доппен ойналады**).** Балалар шеңберге тұрады. Бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап, аптаның келесі күнін атауы қажет. Педагог жұмбақ жасырады. *Ғажап көпір аспалы* *Жаңбырдан соң тасталды.* *Түрлі-түсті бояумен,* *Айшықтап тұр аспанды.* *Бұл не, мұнда жауап қарапайым.* (Кемпірқосақ) – Кемпірқосақтың неше түсі бар? – Апта күндеріндей Кемпірқосақтың да жеті түсі бар. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Аптаның әр күнін кемпірқосақтың түсімен боя. – Кемпірқосақта неше түс бар? – Кемпірқосақта аптаның күндері сияқты жеті түс бар. Балалар аптаның күндерін кемпірқосақ түстерімен бояйды. **4-тапсырма.** Бастырып сыз. Педагог сабақты қорытындылайды, балаларды ынталандырады. Жаңадан не білгендері туралы айтқызады. Әлия мен Сырым балаларға	*қоңыз, қораз, дақ, аңқау, қанат, қарлығаш, сауысқан, аққу, таңқурай, домалақ, кемпірқосақ, қаз, жастық, батпақ, қымыз, қаңылтыр, құймақ, қоңыр, қол, қорап, тоқ т.б.)* **-т дыбысы:***(тор, тоқылдақ, отыр, теп, кет, жат, тамақ, қақпа, қатық, торсық, от, тотықұс, кептер, трактор, темір, терең, кактус, шахмат, тау, тазы, трамвай, троллейбус, автобус, тарақ, тонт.б.)* Сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құрылатынын білеміз. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті** Шелекті аламыз, Құдыққа саламыз. Иіліп еңкейіп, Су тартып аламыз. Толтырып шелекті, Қайтадан тартамыз. Демалып асықпай, Ауылға қайтамыз. **Сызбамен жұмыс** Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен белгілейміз. Әр сөздің арасына арақашықтық қалдырамыз. Сөйлемнің сызбасының басындағы тіктөртбұрыштың бірінші сызығы биігірек болады. Педагог тақтаға сызып көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз болса, сонша тіктөртбұрыштың арасына бірдей арақашықтық

	екенін санайды, содан кейін сол цифрмен белгіленген қарындашты табады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	Көз салады еденге. **«Не артық?» дидактикалық ойыны** Педагог бір топқа жататын сөздерді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтады. Балалар сол артық сөзді табуы керек. Мысалы: нан, шай, май, тай – ... *(тай)* Қызыл, жасыл, ақ, тақ, көк – ... *(тақ)* Алма, шие, бөрік, өрік – ... *(бөрік)* Екі, үш, төрт, бес, кес – ... *(кес)* **«Жаңғырық» ойыны** Ра - ра - ра – ұшып жүр ара! Ра - ра - ра – көмірдің түсі қара. Ар - ар - ар – жауды аппақ қар. Ре - ре - ре – кітап толы сөре. Ер - ер - ер – тегіс екен жер! Ры - ры - ры – күннің түсі сары! Ыр - ыр - ыр – аспаннан жауды жаңбыр! - Буындардың жалғасын суреттен көру арқылы айтады. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 4. Нүктелерді үзбей бастыр. 5. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп	қарындашты дұрыс ұстауын тексереді. Содан кейін сызықшаны қандай түспен салу қажеттігін айтуды ұсынады (шартты белгілермен танысу). Педагог балалардан «алдымен», «содан кейін» сөздерін қолдана отырып, бүгін ұйымдастырылған іс-әрекетінде не істегендерін айтып беруін сұрайды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. 	алғыс айтады, енді олар аптаның қай күні қонаққа баратынын біледі. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. 	қалдырылады. Соңынан нүкте қойылады. Балалардан түсінгендерін сұрау. 1.Сөз неден жасалады? 2.Сөздің сызбасы немен белгіленеді? 3.Сөйлем сызбасы қалай сызылады? 4. Дыбыс сызбасы немен белгіленеді? **«Сөйлемді толықтыр»** дидактикалық ойыны **Ойын шарты:** балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық). Тышқанның жауы – (мысық). Әжем иірді – (ұршық). Шәуілдеп үрді – (күшік). Ең қу аң – (түлкі). Үсті ине – (кірпі). Қол жуғышта ілулі – (сүлгі). **Дыбыстық талдау** **«Әтеш»** сөзінің дыбыстық сызбасын іліп, балаларға өз орындарында отырып, дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Педагог тақтаға балалардың жұмысын тексеру үшін, бір баланы шығарады. Балалар тақтадағы дыбыстық талдау мен өздерінің дыбыстық талдауларын тексереді. ***«Әтеш»*** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. **Ә** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. **Т** – қатаң дауыссыз дыбыс,

		қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы** «Бәрінен де мен күшті,» Деп айтады оң қол. «Неге сен? Ал мен ше!» Деп келіспейді сол қол. Екі қолдың күштерін, Кәне, сынап көрейік Оңға солға тартайық, Достастырып қайтайық. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.			көк түспен белгілейміз, **Е** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. **Ш** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру

Мазмұнды сюжетті-рөлдік ойын: «Банкоматты қалай пайдалануға болады?»

Басты міндеттері: Танымдық, сөйлеу және әлеуметтік-коммуникативтік дамуға бағытталған бірнеше мәселені бірден шешуге көмектеседі. Есте сақтау, ойлау, елестету, қабылдау сияқты психикалық процестердің дамуына ықпал етеді. Танымдық қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытады.

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ

Ойын: «Жүретін саусақтар»

Мақсаты:Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.

Дағды: Сөйлеу, ес, зейін, қиял, кеңістікті бағдарлау, байқампаздық дамиды; мектепке дейінгі жастағы бала жазуды меңгеруге дайындала бастайды және жаттығу жұмыстарына дағдыланады.

Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар.

Шарты: Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.

«Саусақтар сәлемдеседі» - оң қолдың басбармағының ұшын кезек-кезек сұқ саусаққа, орта саусаққа, аты жоқ саусаққа және шынашаққа тигізесіз. Алдымен оң қолдың саусақтарымен амандасып, сосын бір мезгілде екі қолдың да саусақтарымен амандасуы керек.

«Кішкене адам» - қолдың (кейін сол қолдың да) сұқ саусағымен орта саусағы үстел үстіне жүгіреді.

«Кішкентай піл» - (орта саусақ алға қарай шығыңқы – тұмсығы, ал сұқ саусақ пен аты жоқ саусақ - аяқтар) үстел үстімен жүреді.

«Сона» - оң қолдың сұқ саусағын түзетіп, оны айналдыру керек. Сол қолдың сұқ саусмағымен және екі қолдың сұқ саусақтарымен бір мерзгілде осы қимылды (сона) жасау керек.

«Ағаштардың тамырлары» - қолдардың білезіктері қосылған, тарбиған саусақтары төменге түсірілген.

«Ағаштар» - екі қолдың алақанын өзіне қаратып, көтеру керек, саусақтарды кеңінен ашу керек.

«Көзілдірік» - қолдардың бас бармақ пен сұқ саусақтарынан екі дөңгелек жасап, оларды

Мазмұнды сюжетті-рөлдік ойын:

«Банкоматты қалай пайдалануға болады?»

Өзектілігі:

Бүгінгі таңда балалардың қаржылық сауаттылығын дамыту жұмыстары ерекше өзекті болып табылады. 5-6 жаста балалар ақшамен және оның қызметімен танысады.

Балалар дүкендегі тауарларды, қоғамдық көліктегі билеттерді, коммуналдық қызметтерді және т.б. төлеу үшін ақша қажет екенін түсінуі керек. Балалар отбасы бюджетімен де танысады. 5-6 жастағы балаларға экономиканың элементтері туралы түсінік беру қажет. Ақшаның пайда болу тарихымен таныстыру.

Бұл дидактикалық ойынның мақсаты - дүкенде, дәріханада, шаштаразда, киім жөндеуде және т.б. сатып алуларыңызды төлеу үшін банкоматты сюжетті ойындарға енгізу. Бұл ойынның көмегімен бала банкоматпен қажетті әрекеттер тізбегін қалыптастырады: терезеге пластикалық картаны салыңыз, кодты енгізіңіз, ақша алыңыз. Есептеу дағдылары да жетілдіріледі.

Міндеттері: Танымдық, сөйлеу және әлеуметтік-коммуникативтік дамуға бағытталған бірнеше мәселені бірден шешуге көмектеседі. Есте сақтау, ойлау, елестету, қабылдау сияқты психикалық процестердің дамуына ықпал етеді. Танымдық қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытады.

Дағды: Балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту, ойын әрекетіне түсініктеме беру.

– Өмірлік жағдайларды симуляциялау.

– Банк қызметкерлерінің мамандықтары туралы білім алу.

– Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

- Есептеу дағдыларын жетілдіру.

Әдістемелік нұсқаулар.

Тапсырмалар:

-банкоматты пайдалану қабілетін дамыту;

-санау дағдыларын жетілдіру;

- негізгі қаржылық түсініктерді барынша қолжетімді және тартымды түрде ұсыну.

Дүкенде, дәріханада, шаштаразда, киім жөндеуде және т.б. сатып алуларыңызды төлеу үшін банкоматты сюжетті ойындарға енгізу. Бұл ойынның көмегімен бала банкоматпен қажетті әрекеттер тізбегін қалыптастырады: терезеге пластикалық картаны салыңыз, кодты енгізіңіз, ақша алыңыз.

Осы нұсқаулықтың артықшылықтары:

Оны үлкен мектеп жасына дейінгі балалардың дербес және бірлескен іс-әрекетінде қолдануға болады. Өндіріс оңай, пайдалану ыңғайлы, топтық кеңістікте оңай қозғалады.

қосу керек. 					
2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Қыс. (Өлең) **ҰІӘ міндеттері:** - сипаттау сөздерін қолдануға жетелеу; - шығармашылығын арттыру; - табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. **Дағды**: Жыл мезгілі «Қыс» туралы әңгімелеп айтып, сұраққа жауап беруге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** А.Құнанбаевтың «Қыс» өлеңінің адам мен табиғат арасындағы байланысты, ұқсастықты байқай отырып, өз ойын жинақтап қорыта білуге, байланыстырып сөйлей алуға баулу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға табиғат көріністерін сипаттап, қыс қызықтарын айтқызып үйрету. Балаларды табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:**	**2.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Арнайы көліктер. Жүк және жолаушы көліктері. **ҰІӘ міндеттері:** - көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру; -арнайы көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсініктерді қалыптастыру. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру; -көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу. **Дағды**: Қозғалыс ортасы мен қолданылуы бойынша көлік түрлерін ажырату және сипаттау. **Құндылықтарға баулу:** - Түрлі жүк тасуға	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Тәуелсіздік.(Иран-Ғайыптың өлеңі) **ҰІӘ міндеттері:** - әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -туған жерін сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу. **Дағды**: - сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеу,логикалық ойлау қабілеттерін, мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, өз ойын анық, толық жеткізе білуге үйрету. **Құндылықтарға баулу:** Отанын, туған жерін сүюге тәрбиелеу, тәуелсіз еліне деген мақтаныш сезімдерін оятып, сүйіспеншілікке баулу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** - Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйспеншіліктерін	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Ажарлы қыс. (Өлең) **ҰІӘ міндеттері:** - сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету; - ойын арқылы қимыл-қозғалысын дамыту; - ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Жыл мезгілі «Қыс» туралы әңгімелеп айтып, сұраққа жауап беруге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** әртүрлі ойын арқылы балалардың қимыл-қозғалысын дамыту; балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** **Қауіпсіздігі:** Балаларға табиғат көріністерін сипаттап, қыс қызықтарын айтқызып үйрету. Балаларды табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтиже**: - берілген суретке тақырып	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Тәуелсіздігіміз мәңгілік. (Әлия Дәулеткелдінің әңгімесі) **ҰІӘ міндеттері:** - сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға үйрету; -шешендік сөз өнеріне баулу; -татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу. **Дағды**: - ой-өрісін дамытып, білім деңгейін көтеру, шығармашылық ізденісін қалыптастыру, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасатуға үйрету, патриотизм сезімін қалыптастыру. **Құндылықтарға баулу:** Отанды сүюге тәрбиелеу, туған елін, жерін қорғау әрбір азаматтың міндеті екенін білгізу және ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының

	- Қыс мезгілінде болатын құбылыстар туралы түсіндіру. Қыстың ғажап көріністерін сезіне білуге үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтиже**: - қоңырау соғып қуаныш сезімін білдіреді, суретті жалғастырып салады; өлең мазмұнын, аяздың ашулы, қаһарлы екенін, "м" "н" дыбыстарының үнді дауыссыз дыбыс екенін; -көргенін әңгімелеп айтып, сұраққа жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалар, мен бүгін Аязды көрдім. Ол: «Қыс мезгілі келгеніне балалар қуанды ма?» – деп сұрады. Мен: «Әрине, қуанды», – дедім. Сендер қуандыңдар ма? Ендеше мына күміс қоңырауды ал да, балаларға бер, қоңырауды сылдырлатып, қыс келгеніне қалай қуанғандарын білдірсін. Қысқы мерекелерді, ойын түрлерін айтып, қоңырауды сылдырлатсын. Мен терезеден қарап тұрамын, әйтпесе қатты боран соғып, аязқысады, – деді. Кәне, балалар, Аяздың	арналған көлік түрлерімен таныстыра отырып, олардың адамдарды таситын көлік түрлерінен айырмашылығын атап айтып беруге үйрету. Көліктің құрылысы оның жүгінің сипаты мен мағынасына байланысты болатыны туралы түсінігін кеңейту. Адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** - Әр көліктің пайдасын айта отырып, еңбеккорлыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балалардың жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру. Іс жүзінде жол ережесін сақтауға үйрету. Бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын, зейіндерін дамыту. Жолда жүру ережелерін меңгерту. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтиже**: - Өздеріне таныс көлік түрлерін салыстырады, ажыратады; Көлік түрлерінің пайдасын біледі; Көлік түрлерін ажыратады және сипаттайды, өзі тұрған жерінде жүретін көліктердің түрлерін біледі. **Педагог әрекетінің**	арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекетік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. **Қауіпсіздігі:** Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүюге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтиже**: көргенін әңгімелеп айтып, сұраққа жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңберін құру.** Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер. Отан – ана, Отан – үлкен, Отан біздің туған ел! – Қазақстан Республикасының бас қаласын ата. – Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер? – Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы, Гимні бар. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. – Біз бүгін ақын Иран-Ғайыптың «Тәуелсіздік»	қояды, әңгіме құрайды; сөйлем түрлерін, сөз бен сөйлемді айырмашылығын; айырмашылықтарын табады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** – Балалар, мен өлең оқып берейін, сендер қай жыл мезгіліне арналғанын айтыңдар.Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды.Мұз болады, қатады. Жып-жылтыр боп жатады. Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар екенін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма,несімен ұнайды? – деп сұрақ қойады. Демонстрациялық материал. Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. Суретте қарап, көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер. Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүргенбалаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құраңдар. «Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?» деген ұсыныс айтады педагог. **Балаларға көрсету әрекеті:**	рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге дағдыландыру. **Қауіпсіздігі:** Балалардың қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтиже**: қарапайым сұрақтарға жауап беруді біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог жағымды ахуал туғызады. Тәуелсіздік келді де, Оралды қайта салтымыз. Баянды болғай енді тек, Бақытты біздің халқымыз. – Қазақстан қандай мемлекет? – Қазақстанның бас қаласы қалай аталады? – Астананың көрікті жерлерін ата. – Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның бас қаласы – Астана Сарыарқа даласында,

	айтқанын орындаймыз ба? Орындамасақ, Аязды ашуландырыпалармыз. Өте жақсы, балалар. Қыс мезгілінің келгеніне қатты қуанғандарыңды Аязда көріп, риза болып қалған шығар. Балалар, бүгін А.Құнанбаевтың шығармаларының бірімен танысамыз. Ол кісі қазақтың ұлы тұлғасы, ақын жазушысы, аудармашы. Шетел жазушыларының көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударған ақын. Жылдың төрт мезгіліне де арнап өлең жазған. "Жазғытұрым", "Жаз", "Күз", "Қыс". Біз бүгін қыс мезгіліне арналған "Қыс" өлеңімен танысамыз. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Қыс** Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды. Өлеңді оқып жатқанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер? Иә, балалар, Абай атамыз өлеңде қысты үлкен қарияға, яғни шалға теңеп отыр. Қалай ойлайсыңдар, қарияны Абай атамыз не үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген. Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек?	**алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Сөздік жұмыс:** арнайы көліктер. **Ұйымдастырылған іс-әрекетінің мазмұны:** Педагог әңгіме оқып, балалардан әңгімеде не туралы айтылғанын сұрайды. – Бір күні қанқыз үйіне қайтып келе жатып, бақта екі адамның әңгімесін естіпті. Біріншісі: «Менікі жап-жаңа, күшті әрі жылдам жүреді», – дейді. Екіншісі: «Менікінің терезесі Күндей жарқырайды, өзі жеп-жеңіл, қауырсындай ұшады», – дейді. Балалар, айтыңдаршы, бұл екі адам не туралы әңгімелесіп тұр? Қанқыз соны білгісі келіп, осы жерге қонаққа келіпті. Егер балалар қиналса, педагог жетекші сұрақтар қояды: – Неде нөмір болады? Неде дөңгелек болады? Қай затта жолды көрсететін шамы (фары) болады? – Мәшинеңің. Интербелсенді тақтадан слайдтар көрсетіледі. – Мынау қандай мәшине? – Өртсөндіргіш мәшине. – Ол не істейді? – Өрт сөндіреді. – Мынау қандай мәшине?	атты өлеңімен танысамыз. Өлең – айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог «Тәуелсіздік» өлеңін мәнерлеп оқиды (соңындағы қосымшадан қараңыз). **Тәуелсіздік** Өзіңдікі елің де, Өзіңдікі жерің де. Өзіңді өзің еткен бақ, Тәуелсіздік төріңде. Өзіңдікі туың да, От пен ауа, суың да. Жаса, Қазақстаным, Белді бекем буын да. (Иран-Ғайып) **Балаларға көрсету:** **Сөздік жұмысы:** ***тәуелсіздік*** – еркіндік, теңдік, егемендік Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:*** – Өлең қалай аталады? Авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған? – Еліміздің қандай рәміздері бар? «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің? **Сергіту сәті** Тәуелсіз азат елім, Туып-өскен байтақ жерім. Мәңгі жайнап тұра бер, Қазақстаным менің! ***Дидактикалық ойын:*** ***«Жалғасын тап»*** (баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: педагог сөздің басын айтады, балалар жалғастырады. Менің елім ... . Менің туған жерім	Педагог балалардың ойларын қорыта келе: «Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс " депатасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» – деп сұрады. Балалар "ажарлы " – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды. Педагог балалардың, құраған әңгімелері ұнағанын айтады, балалардың өздеріне ұнаған, ұнамағандарын сұрайды. Балалар, сендер құраған әңгімелерің сөйлемнен тұрады, ал сөйлем сөзден құралады. Балалар, сөз дегеніміз айтылатын бір ой. Егер сен «қыс», «қар», «шаңғы» деген сөздердіойлап айтсаң, сол сөзді өрбітіп сөйлем құрауға болады. Сөйлем дегеніміз – тиянақты жинақталған бір ой. Сөйлемдер сұраулы сөйлем, хабарлы сөйлем болып бөлінеді. Әр сөйлемнің өзінің тыныс белгілері бар. Хабарлы сөйлемнен соңнүкте қойылады. Қуанышты, көңіл күйді білдіретін сөзддерге леп белгісі қойылады, сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі қойылады. Мысалы, «Менің Отаным – кең-байтақ Қазақстан!»	Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні. Өткенді еске алып, батырларымызға тағзым етеміз. Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қоямыз. – Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені оқиды, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшаны қараңыз). **Тәуелсіздігіміз мәңгілік** (әңгіме) Менің Отаным – Қазақстан. Бұл – тәуелсіз, егемен мемлекет. 16 желтоқсан күні еліміздің тәуелсіздігі тойланады. Бұл халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке. Тәуелсіздік – халықтың мерекесі, ұлттың тілі мен діні. Әрине, бұған дейін ата-бабаларымыз елі үшін, жері үшін, ұрпағы үшін талай қиындықтарды бастан өткізгені тарихтан белгілі. Қазақ халқы бұл күнді, бұл мерекені жүрегімен сезінуі керек. Сондықтан біз

	Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді? Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды? –Иә, дұрыс айтасыңдар. Сөздік жұмысы: мылқау – сөйлемейді, естімейді Балаларға сұрақ қояды. – Өлеңді оқығанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер? (Ақын қысты ашулы, қаһарлы кария адамға теңеп отыр) – Қалай ойлайсың, қарияны Абай атамыз не үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген? – Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек? – Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді? – Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды? Сергіту сәті Боран гулеп соғады, Айналаны орады. Баста тымақ, Үсте тон, Қайсар қалай тоңады? Аяғында саптама, Өзіне дәл, шақ қана. Қолда қамшы, астында ат, Мақта, мейлі, Мақтама. Қайсар бейне атамдай, Қой қайырған шопандай. (Н. Жанаев) **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Бүгін "н" "м" дыбыстарымен танысамыз. Бұл екі дыбыстар үнді дауыссыз	– Жедел жәрдем мәшинесі. – Ол қандай қызмет көрсетеді? – Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді. – Мына мәшине қалай аталады? Қандай қызмет көрсетуге арналған? – Құтқарушылар көлігі, төтенше жағдайларға тап болған адамдарды апаттан құтқарады. («ҚС» мәшинесі). **Балаларға көрсету әрекеті:** – «Арнайы көліктер» деп арнайы жабдықты қажет ететін, арнайы функцияларды орындауға арналған құралдары бар мәшинелерді атайды. Оларды адамдарға шұғыл көмек көрсету үшін қолданады. Арнайы көліктер – арнайы дабыл құрылғыларымен (сирена, арнайы құралдар) жабдықталған көліктер. Оған мыналар кіреді: полиция, өрт сөндіру, жедел жәрдем мәшинелері. Бұл мәшинелер арнайы жабдықталған. Интербелсенді тақтадан Көлтауысар бейнесі пайда болып, сұрақ қояды: – Балалар, мен ертегідегі «Жерасты» елінде тұрамын, менің елімде өрт тұтанса, ұртымдағы сумен өшіремін. Ал сендердің елдеріңде өртті қалай өшіреді? – Өртсөндіргіш	Менің Отаным ... . т.б. Педагог «Тәуелсіздік» өлеңін мәнерлеп қайталап оқиды. – Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады? Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын әдісті пайдаланады. Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды. 3-4 балаға өлеңді жатқа айтқызып қайталатады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін ата. 2. Суретте не бейнеленген? Сен Астана қаласында болдың ба? 3. Сурет бойынша саяхат жасайық. 4. Сөйлемнің мағынасын түсініп ал. Туған жерге туыңды тік. Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. Мақалдың мазмұны: туған жеріңе лайық бол, әрқашан биіктен көрінуге талпын. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Не туралы әңгімеледік? Еліміздің рәміздеріне не жатады? – Гимнді қай уақытта	"Сүйем сені, туған ел!" дегенсөйлемнен соң қандай белгі қойылады? – деп педагог сұрайды балалардан. «Сен Астанада болдың ба?» деген сөйлемнен соң қандай белгі қойылады? Енді біз сөз, сөйлем деген не екенін білеміз. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** Қар үстінде қар, қар, Шырша үсті қар, қар, Ағаш түбінде ақ аю, Ұйықтап қапты. Тыныш, тыныш, балақай. Шуламаймыз біз бұлай! «Айырмашылығын тап». Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек.Дәптердегі тапсырма орындалады. **Мақал-мәтел жаттау.** Отан – оттан да ыстық. Балалар, қыс мезгілінің қандай ерекшеліктері бар? Біз бүгін қандай тақырыпқа сөйлем құрадық? Қандай сөйлем түрлерімен таныстыңдар?	тәуелсіздігімізді жоғалтпай, қадірлеп, қастерлеп, мемлекетіміздің гүлденуіне үлес қосуымыз керек. (Әлия Дәулеткелді) **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** ***еркіндік*** – ешкімге тәуелді емес, еркін ел ***теңге*** – біздің ұлттық төл ақшамыз ***Сұрақ-жауап:*** – Әңгіме қалай аталады? Авторы кім? Әңгіме не туралы? – Тәуелсіздік күні қандай мереке? – Қазақстан халқы бұл мерекені қалай тойлайды? – Тәуелсіздік мерекесін сен қалай сезінесің? **Сергіту сәті** Отаным Қазақстаным, Жұмағым Қазақстаным, Сен менің желеп-жебеушім, Тәуелсіз Қазақстаным! **Балалармен бірге орындау әрекеті:** ***Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»*** (баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: мақалдың басын педагог айтады, балалар жалғастырады. – Туған жерге туыңды ... . *(тік)* – Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... . *(жер ырысы)* **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Біздің Отанымыз қалай аталады? Картадан Астана, Алматы

	дыбыстар. «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады. «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдаркелтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады. **Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр».** **Мақсаты:** Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдыңсуретін бірінші болып жалғастырып, аяқта.Тіл дамыту дәптеріндегі тапсырма бойынша орындалады.	мәшинесімен өрт сөндірушілер өшіреді. Өрт сөндіру көлігі өрт-техникалық жабдықтармен жарақтандырылған. – Жедел жәрдем мәшинесінде қандай құрал-жабдық болады? – Дәрі-дәрмек, кислород балоны т.б. – Суреттен қандай мәшинелерді көріп тұрсыңдар? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** – Кран, жүк көлігі т.б. – Олардың ең басты қызметі қандай? – Жүк тасу. Бұл көліктерді құрылыста да қолданады. Адамдар жүк тасымалдау үшін қолданатын көлікті «жүк көлігі» деп атайды. Мына суреттегі көліктерді атаңдар. – Автобус, пойыз, ұшақ, кеме. – Бұлардың ортақ атауын табыңдар. – Жолаушылар көлігі. – Жолаушылар көлігі не үшін қажет? – Жолаушылар көлігі адамдарды бір жерден екінші жерге жеткізеді. – Алыс жерлерге қандай көлікпен жетеміз? – Алыс жерлерге ұшақ, кеме, автобус, пойызбен жетеміз. – Көшеде полиция мәшинесі, жедел жәрдем мәшинесі, өртсөндіргіш мәшинесі апатты жағдайларға асығып бара	айтамыз? Балаларды мадақтау.		қалаларын көрсет. Тәуелсіздік күні қашан тойланады? Сен тұратын жерде оны қалай өткізеді? 2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын белгіле. 3. Суретті аяқтап сал. Боя. 4. Сөйлемнің мағынасын түсініп ал. Егемен елдің еңсесі биік. Педагог сөйлемнің мағынасын түсіндіреді. Біздің еліміз ешкімге тәуелді емес, Өзінің Туы, Гимні, Елтаңбасы бар, дербес мемлекет. Сондықтан еңсесі биік. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Сен тұратын жер қалай аталады? Қазақстанның қандай қалаларын білесің? Балаларды мадақтау.

		жатқанын көз алдарыңа елестетіңдер. Олардың апатқа асығып бара жатқанын қайдан білеміз? – Дабылқаққыш сиреналары арқылы біле аламыз. – Адамдарды тасымалдайтын көлікті қоғамдық көлік деп атайды. Олар: автобус, троллейбус, трамвай, таксилер. – Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелерін білесіңдер ме? Өздері білетін ережелерді айтады. Педагогтің жетекші сұрақтары бойынша жауап береді. «Автобуста» ойыны. Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). «Кім көлікті тез табады» ойыны, «Такси» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Үлестірмелі материалдармен жұмыс. 1. Көлтауысарға суреттегі көліктердің қандай көлік түрлеріне жататыны айт. Арнайы көліктердің жүргізушілерін тауып, сызықпен қос. 2. Жүк көлігі нені тасиды? Сызықпен қос. 3. Көліктерді ата. Олар қандай көлік түріне жатады? Су көлігін белгіле. Педагог жеке жұмыс жүргізеді, қорытынды жасайды, балаларды		

		мадақтайды.			
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. **10:00-10:10** **Ас қабылдау мақсаты:** Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.	**Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.			
	«Адал азамат» біртұтас тәрбие				
	- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды. **- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.** **- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.** **- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.**				
	«Тамақ ішу әдебі» **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»** **анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»** **анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»** **анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Дәнді шашпа, нанды баспа	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»** **анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ...ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Ас адамның арқауы.	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»** **анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»
2 үзіліс – 10:00 – 10:10					
Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.					
Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында **Қозғалмалы жүгіруге арналған ойын: «Екі Аяз»** **Басты міндеттері: Топпен қарым-қатынасты нығайту, шапшаң қозғалуға баулу.**					

<table>
<tr>
<td colspan="2">  </td>
<td colspan="4">Қозғалмалы,жүгіруге арналған ойын:
«Екі Аяз»
Ойын міндеті: Топпен қарым-қатынасты нығайту, шапшаң қозғалуға баулу.
Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалуға дағдыландыру.
Ойын шарты: Ойын алаңынан екі жақ шетінде «үй» болады. Алаңның бір жақ шетінде барлық ойыншылар тұрады. Аяздар: « Мен Аяз қызыл мұрын, мен Аяз көк мұрын, кім аяздан қорықпайды, сол батылдық жасайды» дейді. «Біз аяздан қорықпаймыз» деп ойыншылар алаңның екінші шетіне жүгіріп өтуге тырысады. Кімге Аяздың қолы тисе сол қатып қалу керек. Аяздың қолы тимеген ойыншылар жеңеді.
Ықтимал күрделендіру:тез ойла,тез қозғал.
Тіл ұстарту жаттығуы:
Далада қар борайды,(қар-қар)
Ақ мамыққа орайды.(ақ-ақ)
Мұз болады, қатады (мұз-мұз)
Жып-жылтыр болып жатады. (жып-жылтыр)</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="6">3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.10 – 10.35</td>
</tr>
<tr>
<td>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)</td>
<td>3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
«Қолғап» ертегісі
ҰІӘ міндеттері:
- сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету.
-есте сақтау қабілеттерін,балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
Дағды:
ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету, сұрақтарға дұрыс жауап беру дағдыларын жетілдіру.
Құндылықтарға баулу:</td>
<td>3.Мүсіндеу- шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Кесе.
ҰІӘ міндеттері:
- ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик) таныстыру;
-белсенділігін, шығармашылығын дамыту;
-тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Дағды:
балаларды ертегі кейіпкерлерін реттілігімен қағаз бетіне орналастыруды үйрету дағдыларын қалыптастыру
Құндылықтарға баулу:
ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз немесе жағымды мінез-құлықтары мен істерін ажыратып,</td>
<td>3. Сауат ашу негіздері- тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
Сөйлем.
ҰІӘ міндеттері:
- сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету;
-берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту;
-ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу.
Дағды: Сөйлемді дұрыс құрай білу дағдыларын жетілдіру.
Құндылықтарға баулу:
Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. Өз ойын ашық білдіруге, өзіндік жұмыс істеуге, сауатты жазуға дағдыландыру.
Көркем жазуға,</td>
<td>3.Қазақ тілі- коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті.
ҰІӘ тақырыбы:
«Саяхатшы» ертегісі
ҰІӘ міндеттері:
- сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;
-сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
Дағды:
ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуға дағдыландыру.</td>
<td>3.Қоршаған әлеммен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу.
ҰІӘ тақырыбы:
Балабақша мамандары.
ҰІӘ міндеттері:
-балалардың балабақша қызметкерлері туралы, олардың жұмысының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту; - балабақша қызметкерлеріне қажетті құралдар туралы жұмбақтарды шешкізу арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
-балабақшадағы мамандық иелеріне құрметпен қарауға, еңбектерін бағалауға тәрбиелеу.
Дағды:
Тақырыпты зейін қойып түсініп , мазмұнын түсіне білуге
үйрету, мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға</td>
</tr>
</table>

	Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, кейіпкерлерге жанашырлық таныту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру. **Қауіпсіздігі:** Ертегіні сахналау арқылы балалардың тіл байлығын, ой қиялын дамыта отырып, рөлге кіре білуге үйрету. Әр кейіпкердің қимылын әуен арқылы жасай білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтиже**: - ертегіні сахналайды; ертегінін мазмұнын түсінеді; ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп айтады, сұрақтарға жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңбер** Аспан болсын көгілдір, Жайнай берсін бұл өмір. Ақ мамық қар жауып, Біз аққала жасаймыз. **Суреттер бойынша «Қыс қызығы»**	оларды бейнелеудегі білім, білік, дағдыларын қолданады. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материалдар түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик) таныстыру, балалардың танымдық іс-әрекетін, ой-өрісін дамыту, дөңгелек ермексаздың ішін шұңқырлау арқылы кесе жасау, кесені әшекейлеу тәсілін үйрету, балаларды өз бетінше жұмыс істей алуға дағдыландыру, тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** мүсіндеудің созу, тегістеу, сылау сияқты техникалық әдістерін қолдануға, түстерді анық қабылдай білуге, ермексазды дұрыс қолдануға үйрету. **Коррекциялық:** Ұқыпты жұмыс істеуге, бір-біріне көмектесе білуге баулу. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтиже**: - кесені мүсіндеуді жасайды; -кесенің күнделікті қажет бұйым екенін түсінеді; -өрнектің түрін ермексаздан жасауды қолданады.	ұқыптылыққа, тиянақтылыққа және де өз елін құрметтеуге баулу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды бауырмалдыққа, бір - бірін қолдауға, достарының сөздерін тыңдай білуге, топпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу **Қауіпсіздігі:** Сөйлемнің сөзден құралатыны, белгілі бір тиянақты ойды білдіретіні туралы түсінік беру; Сөйлемнің алғашқы сөзін бас әріптен бастап жазып, соңына тыныс белгісін дұрыс қоюды үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтиже**: - сөйлемді дұрыс құрайды; қарама-қарсы сөздерді, сөйлем нені білдіретінін түсінеді; -берілген буындарды қолданып сөз құрайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Кері әрекетті айт» ойынын ойнайды. 1. Асан кірді, анам ... *(шықты)* 2. Анам құйды, Марат ... *(төкті)* 3. Айгүл жинады, Айсұлу... *(шашты)* 4. Әкем келді, ағам...	**Құндылықтарға баулу:** Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың бойында ертегілер туралы түсініктерін кеңейту.Ертегі мазмұнын суреттер арқылы қысқаша айта білуге үйрету.Үлкендерді тыңдауға,сыйлауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** балалар бойындағы адамгершілік қасиеттерді дамыту. Ұқыптылыққа жауапкершілдікке, жақсыдан үйреніп,жаманнан жиреніп,баланы жақсылыққа бейімдеу. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтиже**: - өз сөзін интонациямен жеткізе алады, ертегіні сахналайды; ертегінің мазмұнын түсінеді; ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтады, сұрақтарға жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ғажайып сәт.** Қонаққа	жауап беруге ынталарын арттыру. **Құндылықтарға баулу:** Еңбекке деген құштарлығын ояту. Әр түрлі мамандық түрлеріне және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы жаңа сөздермен сөздік қорларын толықтыру. Әртүрлі мамандық түрлерімен таныстыру арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Байланыс құралдары дұрыс қолдануға үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік түбі – береке»** **Күтілетін нәтиже**: - әр түрлі мамандық түрлерін біледі; -мамандық иелерінің еңбегін құрметтеп. бағалау керектігін түсінеді; -мамандық иелерінің қызметтерінің маңыздылығын біледі **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру**

	тақырыпты қайталау. Педагогсуреттерді көрсетеді, балалар атайды, сөйлем құрастырады. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. **Балаларға көрсету әрекеті:** Балалар, қандай ертегі білесіңдер? Қандай ертегі ұнайды? Бүгін сендерге қуыршақтар – Сәуле мен Арман «Қолғап» ертегісін сыйлық ретінде алыпкелді. Педагог суреттің көмегімен «Қолғап» ертегісін балаларға айтып береді. Ертегі ұнады ма? Ертегіде кімдер бар? Мынау – қолғап. Мынау не? (Қолғап). Бірінші кім келді? (Тышқан) Тышқан қандай? Тышқан кішкентай. Екінші? (Бақа) Бақа не деді? Бақа не істейді? Тышқан не деді? Соңғы кім келді? (Аю) Барлығы неше болды? (6) Аю қандай? Аю үлкен. Аю қалай жүреді? Сұрақтар беру арқылы кейіпкерлер сөзін мәнерлеп қайталату арқылы тілдерін жетілдіріледі. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті.** Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ,	**Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңбері:** Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да, Достар бір-біріне, Сенімді боламыз. Екі деген екі дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. (Е.Өтетілеуұлы) Есіктен Балдырған (қуыршақ) жылап кіреді. Педагог: –Балдырған, саған не болды, неге жылап тұрсың? Балдырған: –Мен таңғы асымды ішіп отырып кесемді сындырып алдым. Педагог: –Болды, жылама, Балдырған, біз саған кесе жасап береміз.Балалар, онда бүгін біз Балдырғанға кесе жасап берейік. Кесені біз қайдан табамыз, мүмкін бізге теледидар көмектесетін шығар. Қараңдар, қандай әдемі кеселер, осының ішінен ең әдемісін таңдап алып, сол кесені мүсіндейік. **Балаларға көрсету әрекеті:** Педагог жұмысты бастамас бұрын ермексазбен жұмыс істеу	*(кетті)* 5. Атам ашты, әжем... *(жапты)* **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** – Балалар, біз дыбыстардан сөз құралатынын білеміз. Әтеш, әткеншек – бұлар сөздер, сөйлем болу үшін бір аяқталған ойды білдіру қажет. Бір сөзден сөйлем құралмайды. Ендеше, осы сөздерден сөйлем құрап көрейік. – «*Әтеш*» сөзі үй құсының атын білдіріп тұр. Аяқталған ой жоқ. Онда «*әтеш*» сөзі сөйлем емес. – *Әтеш әдемі екен.* Бұл сөйлем бе? – Сөйлем. – Дұрыс айтасыңдар, сөйлем, өйткені аяқталған ойды білдіріп тұр. Әтештің әдемі екенін хабарлап айтып тұр. – Сөйлем үш сөзден құралып тұр. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысып тұр. Яғни біз өз ойымызды сөйлемдер арқылы жеткізеді екенбіз. Сөйлем аяқталған ойды білдіреді. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***«Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны*** Педагог суреттері көрсетеді (көбелек, көлік, тарақ, кітап, қоян т.б.). Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды.	қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?!Өткен тақырыпты қайталау, «Қолғап» ертегісіндегі кейіпкерлерді атауды ұсынады. «Не жоқ?» Ойынның мақсаты: сөздерді бекіту, зейіндерін дамыту. **Ойынның шарты:** балалар көздерін жұмады, педагог бір ойыншықты жасырады. Мысалы:түлкіні жасырып сұрайды: Не жоқ? (Түлкі жоқ) т.б. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. **Балаларға көрсету әрекеті:** Балалар, біз бүгін сендерге «Саяхатшы» ертегісін сыйлық ретінде алып келдік.Педагог **«Саяхатшы» ертегісін мәнерлеп оқиды.** Орманмен Қоян қашқанда, Сәбізі түсіп қалады. Бара жатқан ҚасқырғаТүлкі тауып алады. «Жей салар ем мұны мен Ішіме бірақ жаға ма? Құттықтап туған күніңмен, Берейін Қасқыр ағама», – Деп Түлкі сары сәбізді Қасқырға сәндеп ұсынды. Ол суға оны ағызды, «Қайтем, – деп, – былғап тісімді».Судан Мысық тауып ап, Тастауға оны қимады. Түлкінің туған күнінде	**әрекеті:** Ер Төстікпен «Сөйлеп тұрған кім?» ойынын ойнату (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Педагог сөйлем оқиды, балалар сөйлем арқылы мамандық иесін табуы керек. Балалардан ата-аналарының мамандықтарын сұрайды. – Мамандық – адамның негізгі кәсібі, оның еңбек қызметі, табыс көзі. Кез келген ересек адамда мамандық болады. Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтаға аударып, балабақшаның суретін көрсетеді және бір мамандық иесі туралы әңгімені тыңдауды ұсынады. «Мен балаларды жанымдай жақсы көремін. Күнде балабақшаға келген кезде, бүлдіршіндер алдымнан шығып амандасқанда, жүрегім елжіреп сала береді. Олар қуанса, бірге қуанып, көңілдерін көтеру үшін, ойнатып, ән салдырып, әр баланың жан дүниесін ұғынуға тырысамын...» Әңгімеде кім – Тәрбиеші апай. туралы айтылған? **Балаларға көрсету әрекеті:** – Тәрбиеші апай. – Біз қазір балабақшаға серуенге аттанамыз. Ол үшін зырылдауықты айналдырамыз,

	Су өтер мына қолғаптан. Балаларға кейіпкерлердің бетперделерін таңдап ойнауды ұсынады.Ертегіні сахналау. Суретке қара. Ертегідегі кейіпкерлерді ата. Қай жануардан кейін қайсысы келді? Цифрмен көрсет. *Бірінші тышқан келді.* Сыңарын тап. Сызықпен қос.Баламен жеке жұмыс жүргізеді. **Тіл ұстарту жаттығулары:** Қан-қан-қан, Іннен шықты тышқан. Қа-қа-қа Көлде бір бақа. Ян-ян-ян, Қорқақ қоян. Қу-қу-қу, қу Түлкі Ыр-ыр-ыр Қасқыр. Ю-ю-ю, Қорбаң-қорбаң Аю **«Қолғап» ертегі** **(Украин халық ертегісі)** Орманда бір атай Итімен келе жатып, қолғабын жоғалтып алыпты. Қолғап жаңа, жылы, жұмсақ болыпты. Қолғапты көріп қалған Тышқан жүгіріп келеді. Тышқан: Мен суықта тоңып жүрсем. Қандай әдемі, жаңа, жылы қолғап. Енді мен осында тұрамын. Шыршалардың арасынан Бақа шығады. Бақа: Қолғапта кім тұрады? Тышқан: Қап тесер Тышқанмын. Ал сен кімсің? Бақа: Мен Бақамын. Қолғапқа мені кіргізші?	ережесін еске түсіреді: 1.Ермексазды үстелге емес, арнайы тақтайшаларға қою керек. 2.Жұмыстан кейін қолды ыстық сумен сабындап жуған дұрыс. 3.Тақтайша мен таяқшаны жұмыстан кейін міндетті түрде тазалаған немесе жуған жөн. –Кесе жасау үшін көк түсті ермексаздың ортасынан бөлеміз. Енді оны алақанымызға салып домалақтаймыз.Оның ортасын қарындашпен оямыз.Енді саусақтың ұшымен шетін кеңейтеміз және екі саусақпен шымшу арқылы түбін шығарамыз. **Сөздік жұмыс:** кесе. **Көптілділік:** кесе – пиала –cup, шай – чай –tea, қасық – ложка–spoon. **Сергіту сәті:** Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз. Күлімдеген күндейміз, Ренжісуді білмейміз. (М.Жаманбалиев) –Шаршағанымыз басылды ма? –Ал енді дайын болған кесемізді өрнектеп безендірейік. –Қызыл түсті ермексазды алып, алақанымызға салып есіп, шығыршақтап өрнек жасап орнатамыз. –Міне, әдемі кесеміз дайын болды. – Балдырған, мынау саған	Сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен атауға тапсырма береді. **Ғажайып сәт.** **–** Балалар, қуыршақ Айсұлу бізге ішіне тапсырмалар салынған хатқалта беріп жіберіпті, хатқалтаны ашып, тапсырмаларын орындайық. ***«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы*** *Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады.* – **та** буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. – *Тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, таңқы, тау, тауық, т.б.* – **ба** буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. – *Балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақбақ, бақыр, Бағжан, байғазы, байлық, т.б.* – **са** буынынан басталатын сөздер ойлаңдар. – С*ағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, т.б.* Ойын соңында жұлдызша ең көп бала жеңімпаз болады. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттерде кімдер бейнеленген? Балалар не істеді? Сөйлем құра. 2. Суреттерге қара. Сұрақтарға бір сөйлеммен жауап бер. Бірінші суретте қыз не туралы айтып жатыр? Екінші суретте анасы	Сәбізді оған сыйлады. «Қайтем – деп, – мұны», – таңданды,Мысыққа Түлкі шамданды. Лақтырған Түлкі сәбізді Қуанып Қоян тауып алды. **Сергіту сәті** Тепе-теңдік жолменен Арасында мен келем. Бір, екі, үш, төрт, Келе жатқан жете алмай, Мынау – біздің мекенжай. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Ертегі мазмұны бойынша әңгіме жүргізу: Ертегі ұнады ма? Ертегідегі кейіпкерлерін ата. Қоян нені жоғалтты? Сәбізді нелер тауып алады? Педагог ертегіні сахналауға ұсынады. Көрсетілім барысында балаларға кезек-кезеккейіпкерлер сөзін айтқызып отырады. Балалар ұнаған кейіпкерлерін таңдайды, кейіпкерлердің басқа киетін бейнелерін киеді, сахналап ойнайды. Автордың сөздерін педагог оқиды.	зырылдауық тілі қай санды көрсетеді, сол сан интербелсенді тақтадан ашылады, біз серуенімізді жалғастырамыз. Педагог бір баланы шақырып, зырылдауықты айналдыруды өтінеді, сол бойынша интербелсенді тақтадан педагогтің топта балалармен жұмыс істеп жатқан фотосы пайда болады. – Балалар, біз қайда жеттік? Біздің топтың аты қалай? – Жарайсыңдар! Ал топта кім жұмыс істейді? – Біздің топта тәрбиеші ... апай, тәрбиеші көмекшісі .... апай бар. «Күн тәртібін ретімен орналастыр» ойыны. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Балалар тәрбиеші мамандығымен танысқанын айтып, тәрбиеші апай күні бойы балалар үшін еңбектенетінін, сыйлы да құрметті мамандық екенін айтады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Ән салғызып, билетіп, Тақпақты да үйретіп, Ылғи бізбен жүреді. Ойната да біледі. Балалар өлең жолдарын талдайды. Тағы бір бала шығып, зырылдауықты айналдырады, тілі қай санға тоқтайды, бала сол санды алып, атайды, интербелсенді тақтада пазл-слайд пайда болады.

	Тышқан: Мұнда орын жетеді. Кір, Бақа. Шыршалардың арасынан Қоян шығады. Қоян: Қолғапта кім тұрады? Тышқан: Қап тесер Тышқанмын. Бақа: Мен Бақамын. Ал сен кімсің? Қоян: Мен қорқақ Қоянмын. Қолғапқа мені де кіргізіңдерші? Мен суықта тоңдым. Тышқан: Мұнда орын жетеді. Кір, Қоян. Қолғапқа Түлкі бикеш келеді. Түлкі: Қолғапта кім тұрады. Тышқан: Қаптесер Тышқан тұрады. Бақа: Секек Бақа тұрады. Қоян: Зымырауық Қоян тұрады. Ал сен кімсің? Түлкі: Мен Түлкі бикешпін. Мені де қолғапқа кіргізіңдерші. Мен суықта әбден тоңдым. Маған көмектесіңіздерші. Қоян: Мұнда орын жетеді. Қолғап жылы, жаңа, жұмсақ кел, кір, Түлкі. Шыршалардың арасынан Қасқыр шығады. Қолғапта кім тұрады? Тышқан: Қаптесер Тышқан тұрады. Бақа: Секек Бақа тұрады. Қоян: Зымырауық Қоян тұрады. Түлкі: Түлкі бикеш тұрады. Ал сен кімсің? Қасқыр: Мен Қасқырмын мені де кіргізіңдерші. Түлкі: Бізде орын жетеді. Кел, кір, Қасқыр Қолғапқа Қабан келеді. Қабан: Қолғапта кім тұрады?	арнап жасаған кесеміз, енді бұны біз саған сыйлаймыз. –Рақмет, балалар, енді мен бұл кесемен шай ішіп отырып сендерді еске аламын. –Балалар, менің кететін уақытым таяп қалды.Мен қайтайын. Сау болыңдар! **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Педагог оқу қызметін қорытындылап,балаларды мадақтайды. Балалармен дайын болған жұмысты талдайды. Ата-аналарға көрме ұйымдастырады. Балаларды шеңберге жинап, төмендегі өлеңді қайталату: Ыдыстарды жинаймын, Үлкендерді сыйлаймын. Кесе, қасық – бәрін де, Өз орнына қоямын.	қызына қандай өтініш білдірді? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті** Секеңдеген сұр қоян Шықты алдымнан секіріп. Қорқақ қоян, ақ қоян, Ұзын құлақ, сақ қоян. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 3. Суретті жалғастырып сал. 4. Бастыр. 5. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы** Қолды алға созамыз, Алақанды бұрамыз. Алақанның сыртымен Шапалақты ұрамыз. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай		Педагог балаларға жұмбақ оқиды. Тәп-тәтті тамағы, астың маманы. (Аспаз) Аспаздың және асханада жұмыс жасап жатқан кезеңі бейнеленген. – Балалар, біздің аспаздың аты кім? Аспаз не істейді? (Балалардың жауаптары). – Аспаз балалардың қарны тоқ, дендері сау болып өсуі үшін, дәмді тамақ пісіреді. Интербелсенді тақтадан суреттерге назар аудартып, балалардың өздері жалғастыруын өтінеді. – Пешті іске қосады, картоп аршиды. – Нан илейді, ет турайды. – Балық тазалайды, сүт пісіреді. – Көгөністерді турайды. Неше түрлі тәтті тағамдар дайындайды. – Аспаздың еңбегі оңай ма екен? – Оңай емес, сондықтан аспаздың еңбегін құрметтеу керек. – Ас – адамның арқауы» деген мақалды қалай түсінесіңдер? – Дәмді, құнарлы тамақ жеген адамның дені сау, күшті, қуатты болады. «Ыстық картоп» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). – Жарайсыңдар! Сендер балабақшада пісірілетін көптеген дәмді тағамдарды біледі екенсіңдер. Біздің аспазға осылайша қонаққа бардық.

	Тышқан: Қаптесер Тышқан тұрады. Бақа: Секек Бақа тұрады Қоян: Зымырауық Қоян тұрады. Түлкі: Түлкі бикеш тұрады. Қасқыр: Қасқыр тұрады. Ал сен кімсің? Қабан: Мен сояу тісті Қабанмын. Мені де қолғапқа киргізіңдерші. Қабан қолғапқа кіреді. Шыршалардың арасынан Аю шығады. Аю: Қолғапта кім тұрады? Тышқан: Қаптесер Тышқан тұрады. Бақа: Секек Бақа тұрады. Қоян: Зымырауық Қоян тұрады. Түлкі: Түлкі бикеш тұрады. Қасқыр: Қасқыр тұрады. Қабан: Сояу тісті Қабан тұрады. Ал сен кімсің? Аю: Мен аю аталарыңмын. Мені де киргізіңдерші. Тышқан: Жоқ. Бақа: Мұнда орын жоқ. Қоян: Сен дәусің қалай кіресің? Аю қолғапқа кіреді. Жоғалған қолғабын ата есіне алып, Итімен іздеп келеді. Ит: әуп-әуп-әуп, Қолғаптан тез шығыңдар! Аңдардың қолғап үйін ата Итімен келіп алып кетеді. 		тапсырмада? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.		**Сергіту сәті** (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Педагог балабақшадағы мамандықтардың қайсысын алса да, бәрі маңызды екенін түсіндіреді. **Үлестірмелі материалдармен жұмыс.** 1. Ер Төстікті балабақша мамандарымен таныстыр. Әр маманды өз орнына орналастыр. Сызықпен қос. 2. Қандай мамандық иесі жасырынған? Ата. Педагог жеке жұмыс жүргізеді, қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.

Құндылықты қалыптастыру

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

3 үзіліс – 10:35 – 10:45

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен танысыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Қазақтың ұлттық ойыны: «Арқан тартыс»

Басты міндеттері: Жарыс кезінде әділ ойын көрсету, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру. Ұлттық спорт ойындарын халыққа әдіс тәсілдерін түсіндіріп жеткізу.

Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.

Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығуларартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:

1. «Сабын көпіршігін үрле». Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.

2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле» (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).

3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді». Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.

4. «Көңілді маймыл». Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.

5. «Шарларды үрлеу». Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.

6. «Жылан қалай ысқырады». Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай



Қазақтың ұлттық ойыны: «Арқан тартыс»

Ойын міндеттері:Жарыс кезінде әділ ойын көрсету, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру. Ұлттық спорт ойындарын халыққа әдіс тәсілдерін түсіндіріп жеткізу.

Дағды:

Оқушыларды шыдамдылыққа,ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу.

Қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.

Ойынның ережесі : тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады. Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады. Ойын қимыл бірлігін қалыптастырып, коллективтік іс-әрекетке тәрбиелейді.

Әдістемелік нұсқаулар.

Арқан тартыс ойыны — ұлттық ойын. Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады.

Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта түрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»... деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады.

Күн ілгері сызып қойған үш сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып тұрады. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі

ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс).				топ тартысқа түседі. **Ойынның педагогикалық маңызы.** Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу, жағына бір –біріне қарама –қарсы тұрғызу.	
4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 10.45 – 11.10					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ(ұйымдастырылған іс-әрекет)	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Ержүрек құмырсқалар. **ҰІӘ міндеттері:** - нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау. -гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Бір орында тұрып биіктікке түрлі тәсілдермен секіруге (30 см) үйрету. Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. **Дағды**: Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіруді жалғастыру, жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдік сақтап жүруге жаттықтыру дағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, қозғалыс кезінде тепе-теңдік сақтау, кеңістікті барлауды. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Биіктікке көтеріле	**4. Музыка-**шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Орманда серуендейміз. **ҰІӘ міндеттері:** - шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату; -мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету. **Дағды**: әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беруге дағдыландыру **Құндылықтарға баулу:** Балалардың өнерге деген қызығушылықтарын, музыкалық қабілеттерін , шығармашылық, әншілік дауыс ырғағын, музыканың ерекшелігіне, ритмикалық екпініне сәйкес қозғалу-қимылдарын дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. Достыққа,	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Мультфильмдер әлемі. **ҰІӘ міндеттері:** - екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайтуды бекіту. Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту. **Дағды**: Зейіндерін, ақыл-ойларын және тапсырманы өз бетімен орындай алу қабілеттерін дамыту. **Құндылықтарға баулу:** өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын білдіреді, айналағажәне өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тырысады. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Күнделікті өмірде: ойын барысында тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын), мейірімді, тез тіл табысқыш қасиеттерін дамыту. Спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу. **Қауіпсіздігі:** Қозғалыста қайта сап түзеу,	**4. Музыка-**шығармашылық ойын әрекет. **ҰІӘ тақырыбы:** Орманда серуендейміз. **ҰІӘ міндеттері:** - шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату; -мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету. **Дағды**: әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беруге дағдыландыру **Құндылықтарға баулу:** Балалардың өнерге деген қызығушылықтарын, музыкалық қабілеттерін , шығармашылық, әншілік дауыс ырғағын, музыканың ерекшелігіне, ритмикалық екпініне сәйкес қозғалу-қимылдарын дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. Достыққа, табиғаттың әсемділігін	**4. Дене тәрбиесі** - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. **ҰІӘ тақырыбы:** Шаңғымен жүру(таза ауада) **ҰІӘ міндеттері:** - балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету; -дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру. **Дағды**: Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, реакция шапшаңдық дағдыларын қалыптастыру. **Құндылықтарға баулу:** Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту. Өзінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. **Қауіпсіздігі:** жүппен қозғалу

	ойын. Ойын форматы балалардың тарихи білімін тексеруге, логикалық ойлауын дамытуға және патриоттық сезімін нығайтуға бағытталған. Бұл ойын оқушыны жарыс формасында білім алуға жетелеп, тарихты қызықты түрде меңгеруіне көмектеседі. Топпен ойнауға өте ыңғайлы, сабақ процесін жандандырады әрі белсенділікті арттырады. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар:** Суреттерде бейнеленген басқа заттардың көлеңкелерін ажырату. Дұрыс екенін тексеріп, беттестіру. **Ықтимал күрделендірулер:** Жылдамдық. **Ұлттық құндылықтар:** **Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар. **Қосымша жабдықтар**: дыбыстық үлестірме жұмыстар. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** **І нұсқа.** Бұл ойын екі бағытта ойнауға болады,**бірінші бағыт** бойынша сәйкестендіру болса,**екінші бағытта** көкпар арқылы қазандыққа марқа жинау.Суреттерде бейнеленген басқа заттардың көлеңкелерін		жұмыстарын қандай геометриялық фигураларға ұқсайды,атауларын жатқа айту.Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру. **Тыныс алу жаттығуы: «Сабын көпіршігін ұшырайық»** Бұл жаттығу алдыңғы 3-жаттығуға ұқсас. Сабын көпіршігін елестетіп, болмаса, дайын сабын көпіршігін қолдануға болады. Жаттығу 3-4 рет орындалады. **Ырғақты жаттығу:** Бойды бүкпей тік ұста, Жай сол қолды сол жаққа, Жай оң қолды оң жаққа Осылай бір байқа да, Он шақты рет қайтала. **Пішіндер туралы жұмбақтар:** 1.Атына сай балалар, Үш бұрыш,үш жағы бар Ол пішінді кім табар? (үшбұрыш) 2.Төрт бұрышы бар, Төрт қабырғасы бар Бұл қай пішін? (төртбұрыш) 3.Допқа өзі ұқсайтын, Ерекше бір пішін бар Атын оның атаңдар. (дөңгелек) **Саусақ жаттығулары: «Барабанда ойнаймыз»** Балалар саусақтарын бүгіп,	Жылдың тамаша мезгілі, қыс!Қыс айында қыстық демалыс кезінде қардан не жасап ойнадық,естеріне түсіре отырып сөздік қорларын молайту арқылы өз ойларымен бөлісу.Бала тапсырманы орындағаннан кейін санап айту. шақырыңыз. **Есіңе сақтап ал:** 1.Әлемдегі жалғыз қар ұшқыны мұражайы қай жерде орналасқан? Жауабы:Жапония. 2.Қар ұшқыны неден түзіледі? Жауабы:Жұптан 3."Дұрыс" қар ұшқыны неше сәуледен тұрады? Жауабы:6 4. Қатты желде қардың қандай түрі жауады? Жауабы:Қар шаңы. 5. Қар қашан сықырлайды? Жауабы:Қатты аязда. 6. Қандай қар тез ериді? Жауабы:Борпылдақ. **Тыныс алу жаттығуы:** Қыс мезгілінде ауа- райы суық болады. Қар жауады. Қыс мезгілінің қызықты дыбыстарын есіп көрейікші (музыкамен борнның дыбысы естіледі және қардың сықырлаған үні). Осы дыбыстарды бөтелкеге айтып көрейік (УУУУ, кырт-қыр, ШШШШШ). Бүгін біз қыс мезгілінің ерекшеліктерімен буындар түзіп, жеңіл сөздерді айтамыз. Ол үшін алдымен артикуляциялық	жасауға үйрету. Еңбекқорлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу; Оқушылардың танымдық қабілетін, ой - өрісін, өзіндік іс - әрекетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Жанұялық және қоғамдық мерекелерге балалардың оң көзқарасын қалыптастыру, түрлі заттар мен материалдардың қасиеттерімен таныстыру, жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік ережесін сақтау. **«Адал азамат»** **біртұтас тәрбие:** Ойлау қабілеттерін және шығармашылығын дамыту, құрылысшы мамандығын құрметтеуге тәрбиелеу, еңбекқорлыққа баулу. Сөздік қорын байыту, бауырмалдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикаларын дамыту. **Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қоршаған әлеммен танысу. **Қосымша жабдықтар**: әр балаға арналған бөліктердің сызбалары бар карточка, LEGO конструктор жинағы, үлгі. **Әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Алдын ала жұмыс. Балалар 2 командаға бөлінеді. әр командаға құрылыстың үлгісі беріледі. Бала бір уақытта бір бөлікті қоса алады. Балалар кезек-кезек үстелге жүгіріп,

	ажырату. Дұрыс екенін тексеріп, беттестіру.Егер дұрыс жауап болса қазандыққа марқа салу арқылы ұпай есептеледі. Кім жұмысты бітірсе қолды жоғары көтеріліп, қол шапалақталады. **Ықтимал күрделендіру**: Жылдамдық. **Ойынның нұсқаулары**: **Тілдік гимнастика жаттығуы:** **«Ат шауып келеді»** - ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру-айыру немесе таңдай қағу. **«Таңдану» жаттығуы:** **Саусақ жаттығуы:** **«Жалауша»** Бас бармақты төмен, алақанды өзіне қаратып, төрт саусақты қосып ұстау.  **Тіл ширату, әрі дүние таныту** Қыс мезгілі туралы тіл ұстарту жаттығуы. Ар-ар-ар,. Жауады қар. Яз - яз - яз. Сақылдаған сары аяз. **Тіл ұстарту жаттығуы:** Сарқылмайтын қуатым, Тірегімсің Қазақстан. Мәңгі соғып тұратын. Жүрегімсің Қазақстан.		яғни жұдырықтарын түйіп, кеуде тұсынан сәл төмен ұстайды. Содан соң сұқ саусағын жазып, тік ұстап көрсетеді де, «барабанда ойнаймыз» деген тәрбиешінің белгісі бойынша сұқ саусағын жоғары төмен қозғалтады. **Тіл бұлшықетіне арналған жаттығулар** **«Көңілді тіл»** а) Біздің ауызымызда Көңілді Тіл өмір сүреді. Оның үйшігі - ауыз. Көңілді, тентек Тіл бір орында отыра алмайды. Сондықтан ол үйшігінен шығып жан-жағына қарайды. Оң жағына қарайды, сол жағына қарайды. ә) Көңілді Тіл күнде ертемен далаға шығып, жан-жағына амандасады. Тілді сыртқа шығарып, ырғақпен оңға –солға, солға-оңға бұрады. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. **Қосымша жабдықтар**: 	жаттығуларды орындайық. 1. **Артикуляциялық жаттығу.** Жол үстіндегі биоэнергопластикалық артикуляциялық жаттығуларды жасайық. Қол қимылы мен тіл қимылын үйлестіре орындау. **«Қыс»** Ыс – ыс – ыс, Келіп жетті қыс. Ар – ар – ар, Жауады қар. 2. **Тыныс алу жаттығуы:** «Боранды бөтелке» Ойынның шарты: түтікшенің көмегімен бөтелкедегі қарды үрлеу. Мұрынмен тыныс алып, ауызбен ұзақ дем шығару. **Қосымша жабдықтар:** 	қажетті бөлікті таңдап, ғимаратқа бекітеді. Құрылымды тезірек салған команда жеңеді. Балалар сызбаларды басшылыққа ала отырып, өздеріне қажетті бөліктерді таңдайды.Мұғалім бөліктердің дұрыс таңдалғанын тексеріп, қиналған балаларға көмектеседі. Балалар кезек-кезек карталарды қораптан немесе сөмкеден шығарады, оған мұқият қарайды, онда не бейнеленгенін атайды және осы ғимаратты іздейді. Кім қателессе, ол екінші картаны алады. **Ықтимал күрделендіру:** тез ойлау. **Ойынның нұсқаулары:** Жұмыс ретін бекіту. **Құрастырудан жұмыс реттілігі:** Құрастыруға арналған құрылыс материалдарының аттарын атау,пішініне, көлеміне қарай құрылыс материалдарын дұрыс орналастыру арқылы шырша құрастыра білуге үйрету. **Демалу гимнастика жаттығулары.** (желдің үрлеу суреті) **«Қатты жел».** -Жел қалай соғады ? (Терең дем аламыз, шығарғанда үстел үстіндегі жапыраққа үрлейміз. Жапырақ арқарай ұшу керек). -Орманда қатты жел соқты. Ағаштардың басы қозғалды.(балалар

	Қосымша жабдықтар: 				қолдарды жоғары көтеріп тербетеді: ш-ш-ш). -Алдымен дұрыстап «Ш» дыбысын қайталайық. **Фонопедиялық жаттығулар:** -Ш дыбысын созып,буындарда айту -ша-шо-шу-шы-ше -аш-ош-уш-ыш -шка-шко-шку-шкы -шпа-шпо-шпу-шпы. **Қосымша жабдықтар**: 

Менің Отаным-
Қазақстан
Көрікті қалаларым
Менің Отаным-
Қазақстан
әсем табиғатым
Менің Отаным-
Қазақстан
Ұлттық құндылықтарым



7
8
9
10



	            				 

					
	Таңғы жаттығу – күннің сәтті бастамасы! **Мақсаты:** – Балаларды салауатты өмір салтын ұстануға баулу; – Күнделікті жаттығу жасауға дағдыландыру; – Сабаққа деген ынта-жігерін арттыру. **Міндеттері:** – Таңғы жаттығулар арқылы оқушылардың сергектігін қамтамасыз ету; – Қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру; – Дене шынықтырудың маңыздылығын насихаттау. Балалардың жүзіндегі күлкі мен сергектік – осындай сәттердің жемісі.				

	Дағды: Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру. **Салауатты ұрпақ – жарқын болашақ кепілі!**				
08:45-09:00 **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді.	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 11** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КҮӘЛІК** **Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар** **№ 4 жаттығулар кешені** 1.«Таяқша жоғарыда». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – таяқшаны жоғары көтеріп, созылу; 2 – қолдарын бүгіп, таяқшаны басынан асырып, иықтарына қою; 3 – таяқшаны қайта жоғары көтеру; 4 – таяқшаны төмен түсіру, б.қ. (8 рет). 2.«Таяқшаны жоғары көтеру». Б.қ.: – тұру. Таяқшаны жоғары көтеру. 1-3 – таяқшаны жоғары-артқа көтеру, аяқ басына тұрып, жоғарыға ұмтылу; 4 – б.қ. 8 рет.	**Сейсенбі** **16.12.25** **16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының басты мемлекеттік мерекесі, Тәуелсіздік күні.**	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 12** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КҮӘЛІК** **Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар** **№5 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: тұру. 1-2 – таяқшаны жоғары баяу көтеру, оң (сол) аяқ басын артқа басып, өкшесін өзіне тарту, демін ішіне тарту; 3-4 – б.қ. 4–6 рет қайталау. 2.«Алдыға қара». Б.қ. – аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1-2 – басын түзу ұстап, алдыға еңкею; 3-4 – б.қ. Аяқтарын бүкпеу. 5–8 рет қайталау. 3.«Жанына иілу». Б.қ. – аяқтарын айқастырып қойып тұру. Таяқты артынан шынтақтың бүгілген жеріне қою. 1 - 2 – оңға иілу, таяқты жерге	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 13** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КҮӘЛІК** **Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жаттығулар** **№6 жаттығулар кешені.** **(бір таяқшамен жұптасып орындайды)** 1.«Зілтемірші». Б.қ.: бір қадам қашықтықта бір-біріне арқасымен қарап, таяқшаны төмен ұстап тұрады. 1-2– қолдарын жоғары көтеріп, таяқшаны серігіне басынан асырып береді, демін ішіне тартады; 3-4 – қолдарын төмен түсіреді, демін сыртқа шығарады. 8 рет қайталау. 2.«Ескекшілер». Б.қ.: бір-біріне табанымен тіреліп, қарсы қарап, таяқшадан ұстанып отырады, аяқтарын тік ұстайды; таяқшаны бірі тартып,	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 14** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КҮӘЛІК** **Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар** **№1 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу;2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет) 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет) 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, доптысол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол

	3.«Отырып-тұру». Б.қ.: – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басыныңартынан иықтарына қою. 1 – отыру, таяқша төменде; 2 – б.қ. (8 рет). 4.«Еңкею». Б.қ.: – аяқтарын алшақ қойып, таяқшаны төменде ұстау; 1-2 – алдыға еңкею, таяқшаны жоғары көтеру, керілу; 3-4 – б.қ. (8 рет). 5.«Өткеншек». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – оң аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу: 3 – денені түзеу; 4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет). 6.«Уқалау». Б.қ.: – тұру. Бармақтары таяқшаның үстінде, таяқшаны аяғымен дөңгелету (бармақтарынан бастап, өкшесіне дейін). Сол аяғымен осы қимылдарды қайталау. 8 рет. 7.«Секірулер». Б.қ. – аяқтарын табан еніндей алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. Секіру – аяқтарын екі жаққа ашу, қайта жинау. 1–8 дейін. Шағын үзіліс жасап, қайта 8 рет қайталау.		тигізу; 3 - 4 – б.қ. (6 рет). 4.Б.қ.: шалқалап жату. 1 – таяқшаны жоғары көтеру; 2 – екі аяғын бірдей сермеу, аяқбасын созу, таяқшаға тигізу. 3-4 – б.қ. 6–8 рет қайталау. 5.Б.қ.: тұру. Таяқшаны арт жақта ұстау. 1-2 – отыру, таяқшаны көтеру. Арқасын түзетіп,тізелерін ашып, өкшелерін көтереді. 8–10 рет қайталау. «Құрсау». Б.қ.: – аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1 – оң аяқпен оңға аттау; 2 – оңға иілу; 3 – денені түзеу; 4 – б.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет). 6.Аяқтарын алшақтатып қойып тұру. Таяқты басының артынан иықтарына қою. 1-2 – «ш-ш-ш» – деп оңға бұрылу; 3-4 – екінші жағына қайталау. Үш-төрт рет қайталаған соң, үзіліс жасау. 5 рет қайталау. 7.«Секектеу». Б.қ.: тұру. Жанына қарай секіргенде таяқшаны алдыға созу, аяқтарын қосқанда таяқшаны төмен түсіру. 4 рет 20 секіруден жай жүріспен алмастырып, қайталау.	шалқайса, бірі еңкейіп қозғалады. 8–10 рет қайталау. 3.«Таяқшаны тарту». Б.қ.: бір-біріне қарап қолдарымен арт жаққа тіреліп отырады; таяқшаны ортаға қояды; таяқшаны аяқтарының бармақтарымен әркім өзіне қарай тартуға тырысады. 4–6 рет қайталау. 4.«Таяқшаны бірге көтереміз» Б.қ.: бір-біріне қарап етпеттеп жатады; аздап бүгілген қолдарымен таяқшадан ұстанады; 1-2 – таяқшаны бірге көтереді; 3-4 б.қ. 4–6 рет қайталау. 5.«Тұруға көмектес». Б.қ.: созылған қолдарындай қашықтықта бір-біріне қарап отырады; аяқтарын бүгіп, таяқты ортаға қояды; бір-біріне оң қолын созып, қолдарымен ұстасады. Екеуі бір уақытта тұрып, қайта отырады. Келесі қолымен осы қимылдарды қайталайды. 5 рет қайталау. 6.«Секектеу». Б.қ.: таяқшаны еденге қояды, таяқтың бойымен қолдарын беліне қойып, 4 рет секектеу, тізесін жоғары көтеріп, 4 рет аттайды. 5-6 рет қайталау.	қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет) 4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, доптыеденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет) 5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңғақарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет) 6.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты					

ҰІӘ уақыты: 09.00-11.10	09.00-09.25 09.35-10.00 10.10-10.35 10.45-11.10	**Дүйсенбі** **15.12.25**	**Сейсенбі** **16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының басты мемлекеттік мерекесі, Тәуелсіздік күні.**	**Сәрсенбі** **17.12.25**	**Бейсенбі** **18.12.25**	**Жұма** **19.12.25**
		Математика негіздері **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Дене тәрбиесі**		**Математика негіздері** **Көркем әдебиет** **Сауат ашу негіздері** **Дене тәрбиесі**	**Математика негіздері** **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Музыка**	**Сауат ашу негіздері** **Көркем әдебиет** **Қоршаған әлеммен танысу** **Дене тәрбиесі**
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)		**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Апта күндері.(еңбек) **ҰІӘ міндеттері:** - апта күндерін рет-ретімен атауға үйрету, сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Дағды**: апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айту дағдыларын жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** Балаларды апта күндерімен таныстыру және түсінік беру. Жыл мезгілін ай, апта күндерін суретін көрсете отырып есте сақтау қабілетін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жыл мезгілін ай, апта күндерін суретін көрсете отырып есте сақтау қабілетін дамыту Балалардың ойлау	**16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының басты мемлекеттік мерекесі, Тәуелсіздік күні.**	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жыл мезгілдері.(суретті) **ҰІӘ міндеттері:** - айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру, табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту; -логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табиғатқа деген қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **Дағды**: жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдыларын жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** Балаларға табиғаттағы құбылыстар жөнінде жалпылама және нақты түсініктерді қалыптастыру. Жылдың төрт мезгілін айыра білу дағдыларын бекіту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:**	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жыл мезгілдері.(айлар) **ҰІӘ міндеттері:** - ай атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру, табиғат құбылыстары туралы; оқиғалар тізбегі кеше, бүгін, «алдымен – содан кейін» ұғымдарын бекіту, жылдың әр мезгіліне қарай киім таңдау дағдыларын жетілдіру; -сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табиғатқа деген қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **Дағды**: жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдыларын жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** Балаларды апта күндерімен таныстыру және түсінік беру. Жыл мезгілін ай, апта күндерін суретін көрсете отырып есте сақтау	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Дыбыстық талдау. (кесе,асық) **ҰІӘ міндеттері:** - дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру; -дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту; - басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. **Дағды**: Дыбыстық талдау, сөйлем құрай алуға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. Сөйлеуге үйрету,жазуға қолдарын жаттықтыруды жалғастыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілікке,аңғарымпаздыққа

	қабілеттерін арттыру, зейінін дамыту. Уақытты үнемдеуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Достыққа бірлесіп жұмыс атқаруға, ойнауға мұқият тыңдауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»** **Күтілетін нәтижелер:** апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды; -оқиғалар уақытының кезектілігін (алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек) түсінеді; -апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуды қолданады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) «Әрекетті – айтпаймыз, түрлі қимыл жасаймыз» деген ойын ойнауға ұсынады. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Балалар санамақтың көмегімен екі топқа бөлінеді, бір топ жасырын әрекет көрсетеді, ал екінші топ оны шешеді. Педагог **«Апта күндері»** туралы жұмбақ жасырады. Жеті бауыр туыспыз Атымыз өзге демесең,		Балалардың сөздік қорын, ауызекі сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Есте сақтау қабілетін арттыру. Зейінділікке, ұстамдылыққа, тапқырлыққа баулу. Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балаларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларды табиғатты қорғауға, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»** **Күтілетін нәтижелер:** - жыл айларының реттілігімен таныстыру; жыл мезгілдерінің маусымдық айырмашылықтарын; -жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдысы. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Әлия мен Сырым (№1 парақ) «Бұл қашан болады?» жұмбағын жасырады. Балалар жауабын айту керек. Ойын	қабілетін дамыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Уақытты бағдарлау. Таңертең, түс, бесін, кеш, түн уақыт терминімен таныстыру. Апта күндері туралы түсініктерін нақтылау. Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, зейінін дамыту. Уақытты үнемдеуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Достыққа бірлесіп жұмыс атқаруға, ойнауға мұқият тыңдауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»** **Күтілетін нәтижелер:** - жыл айларының реттілігімен таныстыру; жыл мезгілдерінің маусымдық айырмашылықтарын; -жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдысы. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ойындық жағдаят.** Сырым мен Әлия (№1 парақ) балалардан қыста, жазда қандай ойындар ойнағанды ұнататынын, дене қимылы және бет қимылымен (шана, шаңғы, коньки тебу, шомылу және	бір-біріне деген достық қарым- қатынасқа тәрбиелеу,топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»** **Күтілетін нәтиже**: - дыбыстық талдау жасайды, сөйлем құрайды; - дыбыстық талдау тәсілін; - дыбыстарды ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** ***«Түсіне қара» дидактикалық ойыны*** Педагог балаларға көк түсті дөңгелекті көрсетіп, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуларын сұрайды. Мысалы: *палатка, ферма, көбелек, қала, трактор, шахмат, сағыз, хат, циркуль, чемпион, щетка, піл, фотоаппарат, киіз, қасық, тасбақа, шегіртке, сүт, халық, цирк т.б.* ***«Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы***

	Жұмған жұдырық уыспыз. (апта күндері). **Үлестірмелі материалмен жұмыс,** №19 парақ. Педагогтің жетекшілігімен балалар апта күндерінің атауын қайталайды. Аптаның бірінші күнін, екінші күнін атауды сұрайды ... т.с.с. жетінші күнге дейін сұрайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** **«Апталар» қозғалыс дидактикалық ойыны.** 1-ден 7-ге дейінгі сандар (қиылған материал №3 парақ) араластырылып, педагогтің үстеліне төмен қаратып қойылады. Балалар кез келген карточканы таңдайды, цифрға сәйкес ретпен қояды. Олар апта күндеріне айналады. Сол жақтағы бірінші бала алға қадам жасайды: «Мен – Дүйсенбімін. Келесі күн қандай?» деп сұрайды. Ойынға қатыспайтын балалар «Апта күндеріне» түрлі тапсырмалар береді: «Ересектер жұмысқа баратын апта күндерін ата. Барлық демалыс күндерді ата.» **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Аптаның әр күні қыздың немен		үшін кесінді суреттер пайдаланылады (№25 парақ). Балалар жыл мезгілі бейнеленген суретті көрсетеді. – Сыртта суық, жиі жаңбыр жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге түседі. Құстар жылы жаққа ұшады. Адамдар көгөністер мен жемістерді жинайды. – Бұл қашан болады? (Күзде.) – Қар жауады, күн аязды. Қар борпылдақ болған кезде, одан қарлы кесектерді мүсіндеуге болады. Су қоймаларына мұз қатады. – Бұл қашан болады? (Қыста.) – Жылынып, қар еріп, ағын сулар ағып жатыр. Гүлдер, шөптер өседі, ағаштар мен бұталарда жапырақтар гүлдейді. Құстар жылы жақтан оралады. Олар ән айтады, ұя салады. – Бұл қай мезгілде болады? (Көктемде.) – Күн жарқырайды, күн ыстық болады. Адамдар су айдындарында шомылады. Ұяларда балапандар пайда болады. – Бұл қашан болады? (Жазда.) Балалар жұмбақтарды шешеді, жыл мезгілдерін атайды және өз жауаптарын түсіндіреді, суретті карточкаларды көрсетеді. Педагог өлең оқиды. **Жыл мезгілдері** Анасы қыздарына есім	т.б.) көрсетуді сұрайды. «Бұл қай мезгіл?» ойындық жаттығуы. Педагог суреттерден (жыл мезгілдерін) көрсетеді, балалар оларды атайды. (Үлестірмелі материалдар, №25, №26, №27, №28 парақтар). **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Жұмбақтардың шешуіне байланысты суреттерді қоршап сыз: қыс – көк қарындаш, көктем – қызыл, жаз – жасыл, күз – сары түспен. Балалар жұмбақтарды тыңдайды, болжамдайды, жауапқа қатысты сурет таңдайды. Қоршайды. Аппақ ұлпа қары бар, Қаңтардың өз әні бар. Ақ сүт жағып алғандай, Ең қысқа ай – Ақпан ай. Жасандырып жас талды, Көктем айы басталды. Ғарышқа жол салынған Сәуір айы – тәуір ай. Жер дүние жасанды, Келіп сұлу Мамыр ай. 1 Маусым, балалар, Қорғайтын күн сендерді. Барып жасыл жайлауға, Жаз қызығын көріңдер. Енді жүрме сен текке, Жаздың соңғы айында, Барар болсаң мектепке, Әліппеңді дайында. Қыргүйек айы келгенде, Айқара аш есігін «Қош келдің» деп мектебің Қарбыз,қауын піседі,	*(Педагог балаларға суреттер көрсетеді).* – Мен сендерге сурет көрсетіп, бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: *ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын, дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, т.б.* ***«Сөздегі дыбыстың орнын дұрыс анықта» дидактикалық жаттығуы*** – Балалар, мен сендерге сөздер айтамын, мен айтқан дыбыс сөздің басында болса, қызыл жалаушаны желбіретесіңдер, соңында болса, көк жалаушаны, ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер. -р- (*ара, арман, арық, рақмет, қарбыз, қырық, рақат, рауғаш, ару, Ардақ* т.б.); -ә- (*әтеш, әткеншек, әңгіме, кәрі, әтір, Күләш, бәтеңке, бәліш, әріп т.б.*); -м- (*мақта, мал, мамық, қамыр, монша, моншақ, Әмина, қамзол, қаймақ, тамыр т.б.).* **Балаларға көрсету әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттерді ата, буынға бөл. Суретті өз сызбасымен

	айналысқанын айтып бер. Сен жексенбі күні не істегеніңді, дүйсенбі күні не істегеніңді есіңе түсір. Педагог апта күндерінің жүйесін сақтап айтқан балаларды көтермелеп, ынталандырады. Жарыс ұйымдастырады: аптаның күндерін кім дұрыс айтады және балаларды дөңгелекшелермен марапаттайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **2-тапсырма.** Тыңда және сызып қос. Дүйсенбіде күн ашық болды. Сәрсенбіде қатты жел соқты. Бейсенбі күні бұлтты болды. Сенбіде найзағай ойнады. Жексенбі күні жаңбыр жауды. Тапсырма орындалуын талқылайды, сол жақтағы цифрлар бойынша аптаның күндерін басшылыққа алады, табиғи құбылыстар мен суреттерді сәйкестендіреді. **3-тапсырма.** Аптаның әр күнінде анамыз не сатып алғанын айт. Аптаның күндерін цифрмен сызып қос. Педагогтің нұсқауы бойынша орындалады. Мысалы, «Дүйсенбіде анам нан сатып алды. Балалар суретті апта күнінің нөмірі бойынша бір цифрымен біріктіріп сызады. **4-тапсырма.** Цифрларды 1-ден 10-ға дейін ретімен сызып қос.		берді, Міне, Жаз, Күз, Қыс пен Көктем келді. Көктеммен жер желекке оранады, Құстар да әуелетіп ән салады. Жаз келсе қырлар гүлдеп, шалғын көктеп. Жомарт Күзбен, егіс пен бау бақшадан иісі аңғып, Жеміс пенен көгөністер ағылады, Қыс келгенде демалып Жер-Анамыз, Тынығып, ұйқының ақ көрпесін жамылады. (А. Кузнецова /аударма) **Балаларға көрсету әрекеті:** **Ойын сәті. «Қуыршақты киіндір!»** Үлестірмелі материалдар (№29, №30 парақтар). Педагог жыл мезгілінің суретін көрсетеді. Балалар жыл мезгілін атайды және қуыршаққа қандай киім кию керек екенін айтады. Педагог қуыршақты жыл мезгіліне сәйкес киіндіруді ұсынады. **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Суреттерге қара. Жыл мезгілдерін ата. Ағаштарды боя. Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. Балалар жыл мезгілін атайды. Ағаштың суреттегі жыл мезгілінде қалай көрінетіндігін айтып береді. **«Ұлпа қар» сергіту сәті.** Қар ұлпасын жинаймыз!	Соғадыептеп жел үріп. Қараша айы, қара суық, Қара жел тұр аласұрып. Ойын ойнап, міне, біз, Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз. Ш.Әлдибекұлы **Сергіту сәті**. Балалар мәтін бойынша ритмикалық қимылдар жасайды. Сергіту сәті педагогтің өз шығармашылығына қарай жүргізіледі. – Жылда неше ай болады? Ағаштарда жапырақтар қашан шығады? Көлдердің бетіне қашан мұз қатады? Балаларға шыршаны сыйлық етіп қай ай әкеледі? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **«Мен бастаймын, жалғастыр!» ойындық жаттығуы.** Алдымен көктем, содан кейін ... жаз. Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең. Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан. Балаларға құрастыруға осындай тапсырмаларды беруге болады. **2-тапсырма.** Жыл мезгілдерінің айларын ата. «Жылдың әр мезгілінде неше ай бар?» – сұрағына жауап береді (4). Педагог ай атауларын дұрыс ретпен айтқан балаларды қолпаштап, көтермелейді. **Жарыс ұйымдастырады: «Ай атауларын кім дұрыс**	қос. **2.** Дыбыстық талдау жаса. Педагог тақтаға «кесе» сөзінің дыбыстық сызбасын іліп, балаларға өз орындарында дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар орындарында орындайды. Педагог тақтаға балалардың жұмысын тексеру үшін, бір баланы шығарады. Балалар тақтадағы дыбыстық талдау мен өз дыбыстық талдауларын тексереді. **Кесе** сөзіне дыбыстық талдау жасайды. **Кесе** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар. Педагог тақтаға «асық» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. **Асық** сөзіне дыбыстық талдау жасайды. 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс. **Кесе** сөзіне дыбыстық талдау жасайды. **Кесе** сөзінде 2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс бар. **К** – қатаң дауыссыз дыбыс. **Е** – жіңішке дауысты дыбыс. **С** – қатаң дауыссыз дыбыс. **Е** – жіңішке дауысты дыбыс. Педагог тақтаға «асық» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. **Асық** сөзіне дыбыстық талдау жасайды.

	Балалар тапсырманы орындайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.		Көтереміз биікке, Қолды төмен түсіріп, көтереміз иықты. Солға қарай жүреміз, жел соғады сол жақтан, Оңға қарай жүреміз, жел соғады оң жақтан. Айналады ұлпа, қар барлық жерге жауады. Қар астынан көктемде бәйшешектер табамыз. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **2-тапсырма.** Жыл айларының атауын есіңде сақта. Жылдың әр мезгілінде неше ай бар? Педагог жыл айларын атайды, балалар оларды қайталайды және есте сақтайды, карточкаларды (№26, №27 парақтар) жыл мезгілдеріне сәйкес үстелге орналастырып қояды. – Жылдың әр мезгілінде қанша ай бар? **«Жыл бойы» дидактикалық ойыны** (доппен ойналады). Педагог допты лақтырып сұрақтар қояды: – Жылдың ақпан айы нешінші ай? – Жыл қай айда аяқталады? – Қазан айынан кейін қандай ай келеді? – Жаз айларын ата және т.б. Педагог **3-тапсырманы** өз бетімен орындауға береді. Бірдей телпекті тауып, боя. Қанша телпек боялмаған? Оларды қоршап сыз. – Телпектердің ұқсастығы қандай? Олардың айырмашылығы неде?	**атайды?»** Балаларды дөңгелекшелермен ынталандырады. Балалар түсініктеме бере отырып, **3-тапсырманы** жеке орындайды. Заттарды жыл мезгіліне қарай таңда, сызып қос. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	2 буын, 4 дыбыс, 2 дауысты дыбыс, 2 дауыссыз дыбыс. **А** – жуан дауысты дыбыс. **С** – қатаң дауыссыз дыбыс. **Ы** – жуан дауысты дыбыс. **Қ** – қатаң, дауыссыз дыбыс. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** **Қайшы** Қолымызды алшақ алып тұрамыз, Қайшы болып қағазды да қиямыз. Қолды соз, шынтақты бүкпе, Жаттығу қиын емес түк те. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 3. Суретті штрихта. 4. Бастыр. 5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы** Кіп-кішкентай саусақтар Шаршамайды, тынбайды. Себебі бұл саусақтар Жаттығулар жасайды. Түрлі түсті сызықтарды Дәптерлерге жазады.

			Балалар тапсырманы орындайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды, балаларды ынталандырады. Балалардан сәтті орындалған және қателескен немесе қиын болған жұмыс түрлері туралы айтып беруді сұрайды. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын «Бағдаршам» арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя. 		Еңбексүйгіш саусақтар Бәрінен де озады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету)** түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру

Мазмұнды сюжетті-рөлдік ойын: «Банкоматты қалай пайдалануға болады?»

Басты міндеттері: Танымдық, сөйлеу және әлеуметтік-коммуникативтік дамуға бағытталған бірнеше мәселені бірден шешуге көмектеседі. Есте сақтау, ойлау, елестету, қабылдау сияқты психикалық процестердің дамуына ықпал етеді. Танымдық қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытады.

Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ

Ойын: «Жүретін саусақтар»

Мақсаты:Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.

Дағды: Сөйлеу, ес, зейін, қиял, кеңістікті бағдарлау, байқампаздық дамиды; мектепке дейінгі жастағы бала жазуды меңгеруге дайындала бастайды және жаттығу жұмыстарына дағдыланады.

Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар.

Шарты: Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.

«Саусақтар сәлемдеседі» - оң қолдың басбармағының ұшын кезек-кезек сұқ саусаққа, орта саусаққа, аты жоқ саусаққа және шынашаққа тигізесіз. Алдымен оң қолдың саусақтарымен амандасып, сосын бір мезгілде екі қолдың да саусақтарымен амандасуы керек.

«Кішкене адам» - қолдың (кейін сол қолдың да) сұқ саусағымен орта саусағы үстел үстіне



Мазмұнды сюжетті-рөлдік ойын:
«Банкоматты қалай пайдалануға болады?»

Өзектілігі:

Бүгінгі таңда балалардың қаржылық сауаттылығын дамыту жұмыстары ерекше өзекті болып табылады. 5-6 жаста балалар ақшамен және оның қызметімен танысады.

Балалар дүкендегі тауарларды, қоғамдық көліктегі билеттерді, коммуналдық қызметтерді және т.б. төлеу үшін ақша қажет екенін түсінуі керек. Балалар отбасы бюджетімен де танысады. 5-6 жастағы балаларға экономиканың элементтері туралы түсінік беру қажет. Ақшаның пайда болу тарихымен таныстыру.

Бұл дидактикалық ойынның мақсаты - дүкенде, дәріханада, шаштаразда, киім жөндеуде және т.б. сатып алуларыңызды төлеу үшін банкоматты сюжетті ойындарға енгізу. Бұл ойынның көмегімен бала банкоматпен қажетті әрекеттер тізбегін қалыптастырады: терезеге пластикалық картаны салыңыз, кодты енгізіңіз, ақша алыңыз. Есептеу дағдылары да жетілдіріледі.

Міндеттері: Танымдық, сөйлеу және әлеуметтік-коммуникативтік дамуға бағытталған бірнеше мәселені бірден шешуге көмектеседі. Есте сақтау, ойлау, елестету, қабылдау сияқты психикалық процестердің дамуына ықпал етеді. Танымдық қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытады.

Дағды: Балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту, ойын әрекетіне түсініктеме беру.

– Өмірлік жағдайларды симуляциялау.

– Банк қызметкерлерінің мамандықтары туралы білім алу.

– Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

жүгіреді. «Кішкентай піл» - (орта саусақ алға қарай шығыңқы – тұмсығы, ал сұқ саусақ пен аты жоқ саусақ - аяқтар) үстел үстімен жүреді. **«Сона»** - оң қолдың сұқ саусағын түзетіп, оны айналдыру керек. Сол қолдың сұқ саусмағымен және екі қолдың сұқ саусақтарымен бір мерзгілде осы қимылды (сона) жасау керек. **«Ағаштардың тамырлары»** - қолдардың білезіктері қосылған, тарбиған саусақтары төменге түсірілген. **«Ағаштар»** - екі қолдың алақанын өзіне қаратып, көтеру керек, саусақтарды кеңінен ашу керек. **«Көзілдірік»** - қолдардың бас бармақ пен сұқ саусақтарынан екі дөңгелек жасап, оларды қосу керек. 	 	- Есептеу дағдыларын жетілдіру. **Әдістемелік нұсқаулар.** Тапсырмалар: -банкоматты пайдалану қабілетін дамыту; -санау дағдыларын жетілдіру; - негізгі қаржылық түсініктерді барынша қолжетімді және тартымды түрде ұсыну. Дүкенде, дәріханада, шаштаразда, киім жөндеуде және т.б. сатып алуларыңызды төлеу үшін банкоматты сюжетті ойындарға енгізу. Бұл ойынның көмегімен бала банкоматпен қажетті әрекеттер тізбегін қалыптастырады: терезеге пластикалық картаны салыңыз, кодты енгізіңіз, ақша алыңыз. **Осы нұсқаулықтың артықшылықтары:** Оны үлкен мектеп жасына дейінгі балалардың дербес және бірлескен іс-әрекетінде қолдануға болады. Өндіріс оңай, пайдалану ыңғайлы, топтық кеңістікте оңай қозғалады.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Қаңтар(Өлең) **ҰІӘ міндеттері:** - қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру; - синоним, антоним сөздерді қолдануын дамыту; - табиғатты сүюге тәрбиелеу. **Дағды**: Жыл мезгілі «Қыс» туралы әңгімелеп айтып, сұраққа жауап беруге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының	**16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының басты мемлекеттік мерекесі, Тәуелсіздік күні.**	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жыл басына таласқан жануарлар. (қазақ халық ертегісі) **ҰІӘ міндеттері:** - жануарлар туралы білімін кеңейту; -ертегі сюжетін рөлге бөліп мазмұндауға үйрету; -жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. **Дағды**: Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. **Құндылықтарға баулу:**	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Қыс мезгілінің қызықтары. **ҰІӘ міндеттері:** - қыстың белгілері туралы әңгімелесу; - көп мағыналы сөздерді қолдануын дамыту; - табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. **Дағды**: Жыл мезгілі «Қыс» туралы әңгімелеп айтып, сұраққа жауап беруге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** әртүрлі ойын арқылы балалардың қимыл-қозғалысын дамыту;	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Торғайлар қуанышы. (Мұбарак Жаманбалиновтың өлеңі) **ҰІӘ міндеттері:** - торғайлар туралы түсінігін кеңейту; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -табиғатты қорғауға тәрбиелеу. **Дағды**: Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:**

	сұлулығын сезіну. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға табиғат көріністерін сипаттап, қыс қызықтарын айтқызып үйрету. Балаларды табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** - Қыс мезгілінде болатын құбылыстар туралы түсіндіру. Қыстың ғажап көріністерін сезіне білуге үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»** **Күтілетін нәтиже**: - шығармашылық әңгіме құрайды, қыс мезгілінің ойындарын бөледі; -қардың қандай болатынын ; -сөздерге дыбыстық талдау жасайды; -өлең мазмұнын ,қардың «жапалақтап», «түйіршектеніп" жауатынын түсінеді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** – Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? – Қыс мезгілі қай мезгілдің соңынан келеді? – Дұрыс, күз мезгілінің соңғы айы суық болып, жаңбырлатып, арты қарға ұласады. Сөйтіп қыс		Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту; ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыра отырып сөздік қорын байыту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ертегінің мазмұнын түсіндіру, берілген тапсырмаларды көз алдарына елестете отырып орындау арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра отырып сөйлеуге үйрету. **Қауіпсіздігі:** Балаларды қазақ халқының ата- бабадан қалған асыл мұрасы - тыйым сөздерді бала шағынан бойына сіңіру, адамгершілікке тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»** **Күтілетін нәтиже**: - ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі; -ертегінің мазмұнын түсінеді; -мазмұнының жүйесін сақтай отырып, ертегіні айтып бере алады. **Педагог әрекетінің**	балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** **Қауіпсіздігі:** Балаларға табиғат көріністерін сипаттап, қыс қызықтарын айтқызып үйрету. Балаларды табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»** **Күтілетін нәтиже**: - берілген суретке тақырып қояды, әңгіме құрайды; сөйлем түрлерін, сөз бен сөйлемді айырмашылығын; айырмашылықтарын табады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** – Қазір жылдың қай мезгілі? – Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай? – Қардың түсі қандай? Қар қайтіп жауады? – Қыс мезгілінде бәріміз қандай мерекені асыға күтеміз? – Балалар, осы қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайық. Даладағы аппақ қар күмістей жарқ-жұрқ етеді. Қардың тазалығы сондай, бетіне ештеңе тастағың келмейді.	Құстарға қатысты халық болжамдары, пайдасы туралы меңгерту. Балалардың тілін, ой - қиялын ұштау, дүниетанымын қалыптастыру, құстар әлеміне деген қызығушылығын арттыру. Табиғаттың жаршысы - құстарды қорғауға, аялауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Құстарға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастырып, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге дағдыландыру. **Қауіпсіздігі:** Балалардың қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»** **Күтілетін нәтиже**: Құстар және оларды тамақтандыру жайында түсініктерді игереді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңберін құру.** Қандай суық қыс деген,

	мезгілінің алғашқы айы басталады. – Қыс мезгілінде неше ай бар? – Қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аязды, ызғарлы суықпен өтеді. – Балалар, қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме? Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршіктеніп те жауады. Кәне, бәріміз бірге жапалақтап, түйіршіктеніп деген сөздерді қайталайық. – Қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ, ұлпа. **Сөздік жұмысы:** жапалақтап – қардың жалпақ, ірі болып жаууы түйіршіктеніп – қардың түйір-түйір болып жаууы – Балалар, көптеген ақын, жазушылар қыс мезгілін суреттеп, өлең, әңгіме жазған. Бүгін ақын Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Қаңтар» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Қаңтар** Лебі мұздай, ызғарлы, Алып келді қыс қарды. Қысқы түндер ұзарды, Ұзақ күндер қысқарды. Аяз сүйіп қарсы алған Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан Қыс айының ортасы. – Өлең не туралы? – Қардың лебі қандай? – Не қысқарды?		**алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңберін құру.** Адал, жақсы ниетпен, Бар адамға бақ тілеп, Жарып шыққан жүректен Сөздің бәрі – ақ тілек. – Балалар, бір-бірімізге жақсы тілегімізді айтайық. – Достарыңнан жақсы тілек есту ұнады ма? Көңіл күйің көтерілді ме? – Балалар, ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? – Қандай ертегі білесіңдер? (Слайдтан ертегілер көрсетіледі). – Балалар, жыл басы болуға таласқан жануарлар туралы ертегіні үнтаспадан тыңдаймыз. Ерте заманда жануарлар жыл басы болуға таласыпты. Ертегіден көрініс көрсету (жылқы, түйе, сиыр, қой, тауық, ит, тышқан). Балаларға ертегінің мазмұнын оқып беру (соңындағы қосымшадан қараңыз). Ертегі мазмұнындағы жануарлар туралы түсінік беріледі. **Балаларға көрсету:** **Сөздік жұмысы:** *жусан* – дәмі ащы, бозғылт түсті шөп *жабағы* – екі түрлі мағынада қолданылады:	Педагог балалардың әңгімесін тыңдайды. – Балалар, қыс мезгілінде қармен көп ойнайтындарыңды әңгімелеріңнен байқадым. Енді мен сендерге қар туралы «Қар қандай?» ертегісін оқып берейін. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Қар қандай?** **(ертегі)** Бірде құстар кәдімгі қардың қандай болатынын анықтамақ болады. Ұшып жүріп, барлығына бір сұрақ қояды: – Қар қандай? – Алтындай жарқырап тұрады, – дейді таң. – Көгілдір түсті, – дейді мұнтаздай көгілдір аспан. – Тастай суық, – деп жауап береді үйрек тұмсығын қанатының астына тыға түсіп. – Жып-жылы шығар, – деп жауап қатады тауық. – Жеп-жеңіл! Сондай жеңіл! – деп шу ете қалады жел. – Сондай ауыр! Кереметтей ауыр! – деп күрсінеді ағаш бұтақтары. – Күмістей, әрине! – деп күлімсірейді аспандағы сұлу да сымбатты Ай. Жер-көкті шарлаған құстар осылай бір сұраққа алуан түрлі жауапты естиді. Педагог: – Балалар, неге бір сұраққа әркім әртүрлі жауап берді? Жеп-жеңіл – сондай ауыр, суық – жылы – антоним сөздер.	Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең, Құлағыңды тістеген. – Қыс мезгілі сендерге ұнай ма? – Қыста ауа райы қандай болады? Бүгін ауа райы қандай? Педагог жұмбақ жасырады: Қанаты бар талмаған, Аспанда ұшып самғаған. (Құс) – Қандай құстарды білесіңдер? – Қыста ұшып жүретін құстарды көрдіңдер ме? – Торғай қандай құс? (Момын, кішкентай) – Торғай пайдалы құс, ол зиянкес құрттар мен дәндерді, нан қиқымын жейді. Торғайдың қанатының астындағы мамық жүндері қыста қалыңдайды, сондықтан олар суыққа тоңбайды, төзімді болады. – Бүгін біз торғай туралы ақын Мұбарак Жаманбалиновтың «Торғайлар қуанышы» өлеңімен танысамыз (соңындағы қосымшадан қараңыз). **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** қашықтан – алыстан шоқып-шоқып – торғайдың тамақ жеуі Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады? Балалар торғайларға не шашты?

	– Қыстың ортасы қай айдан басталады? Өлеңдегі *мұздай – ызғарлы* – синоним сөздер. *Түндер – күндер, ұзарды – қысқарды* – антоним сөздер. **Сергіту сәті :** Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Демімізді алайық. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Қыс мезгіліне арналған мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, қайталатады. 1.Қысына қарай – көктемі, Диқанына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы. 3.Қыстың қамын жазда ойла. **Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта»** **Шарты:** «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табады. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі д – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі з дыбысы да дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады. **Үлестірмелі материалмен жұмыс**		1) қой мен түйе малының қысқы жүні; 2) жабағы деп бір жасар құлынды айтады *бақташы* – мал бағушы *өркеш* – түйенің арқасында бір не екі айыр болып тік шаншылған қомы Ертегінің мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:*** – Ертегі қалай аталады? Ертегі қалай басталады? – Жылдың басы болуға қандай жануарлар таласты? – Жылқы не айтты? Түйе не деді? – Ал сиыр не айтты? Момақан қой не деді? – Ит не деді? Әтеш не айтты? Тышқан не айтты? – Түйе неге жыл басы бола алмады? ***Дидактикалық ойын: «Қара да есіңде сақта»*** (баланың есте сақтау қабілетін дамыту) Шарты: ертегідегі жануарлардың суреттері көрсетіледі. Бала кейіпкерлерді рет-ретімен атап шығады. Қимылын, жүрісін, дауысын бейнелейді. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті** Тышқан деген батырың Таңды көзбен атырды. Төбесінен түйенің Жылды көріп, қатырды. Педагог ертегіні екінші қайтара оқиды. Педагог ертегінің басын айтады, балалар аяқтайды. 2-3 балаға ертегінің	Сұлу, сымбатты; күлімдейді, күлімсірейді – синоним сөздер. **Сөздік жұмысы:** ұлпа – жұмсақ, нәзік **Сергіту сәті:** Сергіту жаттығуларын 3. Шүкіровтің «Ақша қар» өлеңімен жасатуға болады. Айналамда ұшып жүр Ақ мамық қар себелеп. Қалт-құлт еткен бейне бір Ақ қанатты көбелек. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде ойнаймыз?»** **Шарты:** шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіртпе суреттеріне қарап, олармен қай мезгілде ойнайтынын айту. **Үлестірмелі материалмен жұмыс.** 1. Сурет бойынша әңгімеле. Саған қандай қысқы ойын ұнайды? 2. Не артық? Белгіле. Аққаланы қалай жасайды? Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	– Торғайлар тамақты қалай жеді? – Торғай сөзіне сөйлем құра. **Тіл ұстарту жаттығуы:** Ос-ос-ос – құстар бізге дос. Ұс-ұс-ұс – ұшып кетті құс. **Сергіту сәті:** Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп қонғайсың. Жем шашайын, тойып ал, Сонда аязға тоңбайсың. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Дидактикалық ойын: «Торғайлар» (баланың зейінін дамыту).** **Шарты:** «Күн» дегенде – қанатын қағып ұшады. «Түн» дегенде – балалар ұйықтайды. Ұйықтамаған құс айыбын өтейді. Педагог «Торғайлар қуанышы» өлеңін екінші қайтара оқиды. **Торғайлар қуанышы** Бір уыс дән шашып қап, Шолып едім қашықтан, Ұшып келіп әр жақтан, Жапырласты торғайлар. Қалғандай-ақ ашығып, Шоқып-шоқып асығып. Сілкініп те алады, Қанаттарын қағады. Секіріп те ойнайды, Өздерінше тойлайды. Қарасады айнала: Қайырымды қай бала? (Мұбарак Жаманбалинов) Суреттер арқылы тақпақты жаттатады. 3-4 балаға өлеңді жатқа айтуды ұсынады. **Үлестірмелі материалмен**

	• Қай бала қаңтар айының ауа райына сай киінген? Белгіле. • Қаңтарда қандай табиғат құбылысын байқаймыз? Белгіле. • Екеуін сәйкестендір. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.		мазмұнын айтуды ұсынады. Балалардың қайталап айтып беруін бағалайды. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Ертегідегі кейіпкерлерді ата. Олар не жайында айтысты? 2. Суреттерді боя. 3. Тышқанның ініне қайтуына көмектес. Үзік сызықтарды қос. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлге бөлінеді. Ертегіні кейіптендіру, кейіпкердің жүрісін, қимылын, дауысын бейнелеу. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтайды. – Ертегідегі қай кейіпкер ұнады? Ойыңды білдір. Балаларды мадақтау. **Жыл басына таласқан жануарлар (қазақ халық ертегісі)** Ерте заманда хайуанаттар жылдың басы болуға таласыпты. Жылқы айтыпты: – Мен алысты жақын қыламын. Күшімді көреді, сүтімді ішеді. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын, – дейді. Түйе айтады: – Сен адамның жұмысын		**жұмыс.** 1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Балаларға ат қой. Олар не істеді? Торғайлар не істеп жатыр? 2. Торғай мен сауысқанды салыстыр. Несі ұқсас, қандай айырмашылығы бар? 3. Қыстап қалатын құстарды ағашқа сызып қос. **4. Жаңылтпашты жаңылыспай айт:** Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Бүгін не туралы әңгімеледік? – Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар? Балаларды мадақтау.

			істесең, сұлы, шөп асайтын тамағың үшін істедің. Мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, алыс жерлерге барамын. Аш болсам, арпа, сұлы сұрамаймын. Көде, жусанды қорек етіп, табылса су ішіп, табылмаса шөлде жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық. Сиыр айтады: – Адам егінді менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт-май істейді. Жыл басы болу маған лайық. Қой айтады: – Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді? Жүнімнен киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Мен лайықпын жыл басы болуға. Ит айтады: – Мен болмасам, сендерді не ұрлап, не қасқыр жеп кетер еді. Мен сендердің бақташыларыңмын, дұшпан көрінсе үріп, абалап иеме хабар беремін. Әтеш айтады: – Мен болмасам, адам ерте жұмысына бармай, ұйықтап қалар еді. Мен ерте тұрып, таң атты деп шақырып, хабар айтамын. Тышқан не айтарын білмей тұрды да, қулық ойлап, жиылған көпке айтады: – Бұл таластан ешнәрсе өнбес, жылды қарап тұралық та, кім бұрын		

			көрсе, сол жыл басы болсын, – деді. Түйе өзінің бойына сеніп, менен бұрын кім көреді деген оймен тышқанның сөзін қостайды. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің өркешіне шығып отырады. Көп жануарлар: «Біз көреміз, біз көреміз», – деп таласып тұрғанда, ең биікте отырған тышқан жылды бұрын көріп, жыл басы болыпты. Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты.		
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. **10:00-10:10** **Ас қабылдау мақсаты:** Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.	**Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.			
	«Адал азамат» біртұтас тәрбие				
	- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды. **- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.** **- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.** **- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.**				
	«Тамақ ішу әдебі» **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»** **анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының басты мемлекеттік мерекесі, Тәуелсіздік күні.**	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»** **анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Дәнді шашпа, нанды баспа	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ...ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Ас адамның арқауы.	**«Тамақ ішу әдебі»** **«Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік»** **анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»
2 үзіліс – 10:00 – 10:10					

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

Қозғалмалы жүгіруге арналған ойын: «Екі Аяз»

Басты міндеттері: Топпен қарым-қатынасты нығайту, шапшаң қозғалуға баулу.



Қозғалмалы,жүгіруге арналған ойын:

«Екі Аяз»

Ойын міндеті: Топпен қарым-қатынасты нығайту, шапшаң қозғалуға баулу.

Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалуға дағдыландыру.

Ойын шарты: Ойын алаңынан екі жақ шетінде «үй» болады. Алаңның бір жақ шетінде барлық ойыншылар тұрады. Аяздар: « Мен Аяз қызыл мұрын, мен Аяз көк мұрын, кім аяздан қорықпайды, сол батылдық жасайды» дейді. «Біз аяздан қорықпаймыз» деп ойыншылар алаңның екінші шетіне жүгіріп өтуге тырысады. Кімге Аяздың қолы тисе сол қатып қалу керек. Аяздың қолы тимеген ойыншылар жеңеді.

Ықтимал күрделендіру:тез ойла,тез қозғал.

Тіл ұстарту жаттығуы:

Далада қар борайды,(қар-қар)

Ақ мамыққа орайды.(ақ-ақ)

Мұз болады, қатады (мұз-мұз)

Жып-жылтыр болып жатады. (жып-жылтыр)

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.10 – 10.35

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жаңа Жыл құтты болсын! **ҰІӘ міндеттері:** - Жаңа Жыл мерекесіне байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты,яғни сөзді анық, дұрыс айта білу	**16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының басты мемлекеттік мерекесі, Тәуелсіздік күні.**	**3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Сөйлем құрау\ **ҰІӘ міндеттері:** - сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту; -сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру; -дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу. -сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Қысқы орманға саяхат. **ҰІӘ міндеттері:** - ормандағы жануарлар мен құстардың атауларын дұрыс айта алу, білімдерін бекіту; -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамытуды	**3.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Қазақстанның байлықтары мен жетістіктері\ Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері **ҰІӘ міндеттері:** - Қазақстан жерінің байлықтарымен, жетістіктерімен таныстыруды жалғастыру. -еліміздің табиғи байлықтары туралы мәлімет беру, еліміздің қалаларымен таныстыруды жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. -туған елге сүйіспеншіліктерін

	дағдыларын дамытуды жалғастыру. **Дағды**: ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету, сұрақтарға дұрыс жауап беру дағдыларын жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. Жаңа Жыл мерекесіне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау,көңілді ойындар ойнату, достық қарым — қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату. **Қауіпсіздігі:** Жаңа Жыл мерекесіне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»** **Күтілетін нәтиже**: - мерекеге қатысты сөздерді қайталайды; -жаңа жыл мерекесінің ерекшелігін түсінеді; -қойылған сұрақты түсінеді, жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:**		сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру; -сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту; -көлік түрлерінің пайдасын айта отырып, еңбеккорлыққа тәрбиелеу. **Дағды:** Сөйлемді дұрыс құрай білу дағдыларын жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. Өз ойын ашық білдіруге, өзіндік жұмыс істеуге, сауатты жазуға дағдыландыру. Көркем жазуға, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа және де өз елін құрметтеуге баулу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды бауырмалдыққа, бір - бірін қолдауға, достарының сөздерін тыңдай білуге, топпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Сөйлемнің сөзден құралатыны, белгілі бір тиянақты ойды білдіретіні туралы түсінік беру; Сөйлемнің алғашқы сөзін бас әріптен бастап жазып, соңына тыныс белгісін дұрыс қоюды үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»**	жалғастыру. **Дағды**: ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Қыс мезгілінің ерекшеліктері жайлы түсінік беру. Қысқы орманға саяхат жасау. Қысқы табиғатты бақылап болып жатқан өзгерістерді байқауға, ерекшеліктерін ажыратып айта білу дағдыларын қалыптастару. Сурет бойынша әңгімелету арқылы балалардың сөздік қорын молайту. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қызығушылық белсенділігін ояту. **Қауіпсіздігі:** балалар бойындағы адамгершілік қасиеттерді дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»** **Күтілетін нәтиже**: - сөздерді дұрыс айтады, сөйлемдер құрастырады; -сұрақтарды, жаңа сөздерді түсінеді; -сұраққа жауап бергенде	арттыру, отансүйгіштікке баулу. **Дағды**: Республикамыздың табиғи байлықтары, жетістіктері (нан өсірілетін игерілген тың жерлер; табиғи көмірдің, мұнайдың, темір рудасының ірі кен орындары; Байқоңыр ғарыш айлағы және т.б.) туралы түсініктерін қалыптастыру. .).Зейінін, табандылығын дамыту. **Құндылықтарға баулу:** Қазақстан жерінің байлықтарымен, жетістіктерімен таныстыруды жалғастыру. Отан туралы білімдерін кеңейту, еліміздің табиғи байлығы туралы мәлімет беру, еліміздің қалаларымен таныстыруды жалғастыру. Туған өлкелеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, отансүйгіштікке баулу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Өз еліне деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу.Туған өлкелеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, отансүйгіштікке баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Байланыс құралдары дұрыс қолдануға үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»** **Күтілетін нәтиже**: - картада белгіленген қазба

	Ғажайып сәт. Қуыршақтар – Сәуле мен Арман әдемі сандықпен кіреді. –Сәлеметсіңдер ме, балалар? Ойын ойнауға шақырады. Өткен тақырыпты қайталау, «Саяхатшы» ертегісіндегі кейіпкерлерді атауды ұсынады. Қоян нені жоғалтты? Сәбізді нелер тауып алады? Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. **2.Негізгі кезең** **Жаңа сөздермен таныстыру.** Сиқырлы қалам постерімен жұмыс. Балалармен бірге суреттер арқылы сөздерден сөйлем құрау. Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Бұл мерекені отбасымызбен, достарымызбен бірге тойлаймыз. – Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген. – Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар? – Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген. – Мынау – Ақшақар. – Мынау кім? – Мынау – Ақшақар. – Мынау – сыйлықтар. – Мынау нелер? – Мынау – сыйлықтар. – Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр. – Ақшақар балаларға не таратып жатыр? – Ақшақар балаларға		**Күтілетін нәтиже**: - сөйлемді жалғастырады, сурет мазмұнына байланысты сөйлем құрайды; -сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді; -сөздердің жалпы атауын атайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Дыбыстармен жұмыс** ***«Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны*** Педагог дыбыстарды айтады: а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса, қызыл, ал дыбыс дауыссыз болса, көк фишканы көтеру керек. ***«Сөйлемді жалғастыр» дидактикалық ойыны*** – Балалар, мен сөйлемнің басын бастап айтамын, сендер мағынасына қарай аяқтайсыңдар. **Ойын шарты:** педагог сөйлемнің басын айтады, сөйлемді балалар аяқтау керек. Мысалы: **Педагог:** *Балалар бақта Атам шалғымен* *Атам шалғымен* *Ағаштың түбі –* *Аю қыста* *Малдар жайлауда* *Малдар жайлауда* **Балалар:**	өздері білетін сөздерді қолданады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Ғажайып сәт.** Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. –Сәлеметсіздер ме?! Өткен «Жаңа жыл құтты болсын!» тақырыпты қайталау. **Ойын:«Аудармашы».** Педагог сөздерді қазақ тілінде айтады, балалар аударады. Аязата – Дед Мороз, Жаңа Жыл – Новый Год, Ақшақар – Снегурочка, сыйлықтар – подарки, шырша – елка. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. **2.Негізгі кезең** **Ойын: «Қысқы орманға саяхат».** Слайд «Қысқы орман». Қазақстан орманында қандай жануарлар бар? Балалар жануарларды атайды. Балалар көздерін жұмып орманда елестетеді. Үнтаспадан орман дыбысы естіледі. –Балалар, орманда не көрдіңдер? Өз ойларын айтады. –Мен қоян көрдім. Мен	байлықтардың шартты белгілерімен танысады; -қазба байлықтарды жерден қазып алатынын, оны өңдеу туралы түсініктерді; -еліміздің аумағынан өндірілетін пайдалы қазба түрлері және олардың пайдасы мен маңызы туралы біледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог өлең оқиды, балалар өлең Қазақстан туралы екенін айтады. Үлкен орман, шөлдері Үлкен өзен, көлдері Елді десем, табыңдар! Бұл – менің Отаным... – Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Біздің жеріміз – кең-байтақ Қазақстан. Бүгін біз еліміздің байлықтары мен жетістіктері туралы әңгімелесеміз. Интербелсенді тақтадан пайдалы қазбалардың туралы бейнебаян көрсетіледі. Пайдалы қазба – жер астынан қазылып алынатын кен. Біздің жеріміз кең-байтақ, еліміз бай, оның байлығын халқымыз пайдаланады. Қазақстанның жер қойнауы қазба байлықтарға толы. Жерімізде алтын, күміс, темір, көмір, мыс,

	сыйлық таратып жатыр. – Мынау – Аязата. – Мынау кім? – Мынау – Аязата. – Аязата балалардың тақпақтарын тыңдап отыр. – Аязата не істеп отыр? – Аязата балалардың тақпақтарын тыңдап отыр. – Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды. – Балалардың көңіл күйлері қандай? – Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды. – Мынау – шырша. – Мынау не? – Мынау – шырша. Балалар шыршаны айналып ән айтады. Балалар не істейді? Балалар шыршаны айналып ән айтады. Балалар сұрақтарға жауап беру барысында жаңа сөздерді жеке, хормен қайталау. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).** Қ-қ-қ-қ -Ақ-қ-ша-қ-қар-Ақшақар Қ-қ-қ-қ- сый-лық-қ- сыйлық. Педагог шағын мәтін құрап айтады. Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Мерекеге Аязата мен Ақшақар келеді. Аязата мен Ақшақар балаларға сыйлықтар әкеледі. Балалар мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды. Балалар мәтінді қайталайды.		*жүгірді.* *шөп шапты.* *сауды.* *қалың қар.* *Ұйықтайды.* *жайылды.* *ойнады.* *жуды.* **Балаларға көрсету әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттерді қара. Әр сурет бойынша сөйлем құра. Сызбасын сыз. 2. Суреттерді ата. **С** дыбысының орнын анықта. Сөздің басында болса – бірінші бөлікті, ортасында болса – екінші бөлікті, соңында болса – үшінші бөлікті көк қарындашпен боя. **Сергіту сәті** Сағат тілі соғады оңға-солға, оңға-солға, Тықылдатып қағады, қағады. Шырылдайды тым қатты, тым қатты, «Шырр!» деп дауыс шығарады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 3. Өрнектерді штрихта. 4. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.	түлкі көрдім. ... –Мынау ненің дыбысы? (Үнтаспадан құстардың, тоқылдақтың дыбысы естіледі). –Құстардың үні. –Сендер қандай құстарды білесіңдер? (Торғай, қарға, сауысқан). **Суретпен жұмыс.** Мынау – тоқылдақ. –Мынау не? –Мынау – тоқылдақ. Жеке, хормен айтып жаттығады. –Тоқылдақ – орман құсы. –Тоқылдақ қандай құс? –Тоқылдақ – орман құсы. –Балалар, қыста орманда қандай жануарларды көрмейміз? (Аю, кірпі). –Иә. Қысқы орманда аю, кірпі жоқ. Олар қыста ұйықтайды. Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды. **Тыныстық реттеу ойын жаттығуы**: **«Ұлпа қарлар»** (жерге түскен қағаз қарларды үрлеп ұшырады) **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады)** Қ-қ-қ -тоқ-тоқ – тоқылдақ - то-қыл-дақ. **Сергіту сәті:** Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлерден Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің.	мұнайдың мол қоры бар. Қазақстанның басты байлығы – мұнай. Ол Атырау өңірі, Каспий теңізінен алынады. **Балаларға көрсету әрекеті:** – Алтын, күміс, темір, көмір, мыс, мұнайды бір сөзбен қалай атаймыз? – Пайдалы қазбалар. – Оларды іздейтін адамдардың мамандығы «геолог» деп аталады. Балалар хормен қайталайды. Педагог балаларды әртүрлі тас, құм т.б. тұрған үстелге шақырып, оларды сипаттауларын өтінеді. – Қара, жылтыр, қатты. – Көмір бізге не үшін қажет? – Отқа жағып, үйді жылыту үшін. – Көмірді тағы қайда қолданатынын білеміз бе? – Өнеркәсіпте пластиктерді, бояғыштарды, дәрілік препараттарды өндіру үшін көмір қолданылады. Мына зат қалай аталады? **Оны сипаттаңдар.** – Темір. Қара, қатты, ауыр. Осылайша құм, тұз, борды сипаттайды, оларды қайда қолданатынын айтады. – Балалар, мына ыдыстағы нәрсе не екен? – Бұл – мұнай. – Иісі қандай? – Бензиннің иісі шығады, сұйық, қоймалжың. **Балалармен бірге орындау әрекеті:**

	Сергіту сәті: Педагог ортаға шыршаны қойып, балалар шыршаны айнала ән айтады. **«Жаңа жыл» әні.** Жаңа жыл, жаңа жыл! Жаңа жылда жаңа жыр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. Тамаша, тамаша! Шыршамыз тұр жараса. Басында әсем жұлдызы, Көз тоймайды қараса. Көрікті, бөрікті, Аязата келіпті, Тақпақ айтқан балаға, Сыйлықтарын беріпті. А. Асылбеков **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс.** 1.Суретке қара. Қандай мереке бейнеленген? Мерекеге кімдер келді? Әңгіме құра. 2.Шыршаны безендіреміз. Ойыншықтардың суретін сал. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. **Дидактикалық ойын: «Дұрыс па, бұрыс па?»** Ойынның мақсаты: сөздерді, сөйлемдерді түсініп, меңгерту. Ойынның шарты: педагог сөйлем айтады, балалар оның дұрыстығын анықтайды, дұрыс болса: «Дұрыс», – деп, дұрыс емес болса: «Бұрыс», – деп айтады. – Қыста жаңбыр жауады. –Бұрыс. – Жаңа жыл мерекесі жазда болады.		Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы** Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді. Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. **ҰІӘ тақырыбы:** Ойнай отырып оқимыз. **ҰІӘ міндеттері:** - сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту; -сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру; -дербес жұмыс істей алуға	**Ойын: «Жалғастыр».** Педагогтің қимылына, ым-ишарасына қарап, сөйлемді аяқтайды. Мысалы: Аю ...(үлкен), түлкі ...(кішкене). Құстар ...(ұшады), қасқыр(жүгіреді). –Жанурларға тиісуге бола ма? –Жоқ, болмайды. Жануарларды қорғау керек. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Мақал-мәтелмен таныстыру, мағынасын түсіндіру.** Табиғат – біздің анамыз, Біз – табиғатқа панамыз. **Жұмыс дәптерімен жұмыс.** 1.Суретке қара. Қай жыл мезгілі бейнеленген? Жануарларды ата. Тиін қайда отыр? 2.Суретке қара. Тоқылдақты тап. Белгіле. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. **Дидактикалық ойын:«Құйрығын тап»** 	Желаяқ балаларға тұз, құм, темір пен көмірді зерттеп көру туралы ұсыныс жасайды. Адамның оларды қалай пайдаланатынын нақтылауды сұрайды, Педагог балаларға тәжірибе жасап көру үшін топқа бөлініп, алжапқыштар мен жеңдер киіп, қалаған үстелдеріне отыруға шақырады. Балалар ыдыстағы суға көмірді салып, судың қара түске боялғанын көреді, көмір қатты болғанымен үгітілгіш екенін байқайды, тұзды салса еріп, су бұлыңғыр түске айналғанын , бор да үгілгіш екенін, тақтаға жазып, із қалдыратынын, құм сусылдақ, суға салса ерімейтінін анықтайды. Темірге магнит жақындатса, жабысатыны туралы айтады. Мұнайды ыдысқа құйса, батпай, қалқып жүргенін айтады. **Сергіту сәті:** (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Тақтаға торкөздер сызылған сөзжұмбаққа арналған парақша ілінеді, педагогтің көмегімен балалар сөзжұмбақты шешеді (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). **Үлестірмелі материалдармен жұмыс:** 1. Желаяқпен бірге пайдалы қазбалардың шартты белгілерін есіңде сақта. 2. Мұнай мен көмірдің жердің астынан қалай

	– Бұрыс. – Қар сары. – Бұрыс. – Қыста суық, аяз болады. – Дұрыс. – Қыста біз шаңғы тебеміз. – Дұрыс. – Сәбіз ағашта өседі. – Бұрыс. **3.Рефлексия.** Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. – Біз бүгін не істедік? Сендерге не ұнады? Жұмыс дәптерінде сендер өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар балалармен қоштасады.		және шыдамдылыққа тәрбиелеу. -сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру; -сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту; -көлік түрлерінің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Дағды:** Сөйлемді дұрыс құрай білу дағдыларын жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. Өз ойын ашық білдіруге, өзіндік жұмыс істеуге, сауатты жазуға дағдыландыру. Көркем жазуға, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа және де өз елін құрметтеуге баулу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды бауырмалдыққа, бір - бірін қолдауға, достарының сөздерін тыңдай білуге, топпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Сөйлемнің сөзден құралатыны, белгілі бір тиянақты ойды білдіретіні туралы түсінік беру; Сөйлемнің алғашқы сөзін бас әріптен бастап жазып,	 **3.Рефлексия.** Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. –Қандай тапсырма ең қызықты болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайл арқылы белгілейсіңдер. Қуыршақтар балалармен қоштасады.	алынатынын әңгімеле. Педагог жеке жұмыс жүргізеді, қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. **ҰІӘ тақырыбы:** Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. **ҰІӘ міндеттері:** - еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. Суреттер арқылы еліміздің рәміздері туралы әңгімелей білуге баулу; -әр рәміздің мән-мағынасын әңгімелету арқылы зейіндерін дамыту; -өз елінің тарихын білуге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, елжандылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Сөздік қорларын молайту,байланыстырып сөйлеуге үйрету берілген сұрақтарға жауап беруге үйрету. **Құндылықтарға баулу:** Отан сүйгіштікке баулу,елін,жерін құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақстандықтар өз елінің рәміздеріне сүйіспеншілігін танытады. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерімен таныстыру. Туды, Елтаңбаны және Гимнді бір - бірінен ажырата білуге

			соңына тыныс белгісін дұрыс қоюды үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»** **Күтілетін нәтиже**: - сөйлем құрайды, сызбасын сызады, сөздерге дыбыстық талдау жасайды; -сөйлемнің сөзден тұратынын түсінеді; -тақырыпқа байланысты сөздерді дұрыс қолданады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Бөлшектерінен тап» ойынымен бастайды. Педагог бір заттың бөлшектерін тізіп айтады. Балалар ненің бөлшегі екенін тез табу керек. 1.Терезе, шатыр, қабырға – ...*(үй)* 2. Жапырақ, діңгек, бұтақ – ...*(ағаш)* 3. Дөңгелек, кузов, кабина, руль – ...*(көлік)* 4. Бас, аяқ, ауыз, өркеш – ...*(түйе)* **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** ***Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт»*** (Педагог суреттерді көрсетеді). – Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суреттегі заттың атын атап, бірінші дыбысын анықтап		үйрету. Балаларға рәміздерді құрметтеуге, қастерлеуге рәміздерді бәрінен биік ұстауға, рәміздердің әр элементтерін, бөлшектерін атауларын жатқа білуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Байланыс құралдары дұрыс қолдануға үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Ынтымақ – достықтың белгісі»** **Күтілетін нәтиже**: - Мемлекеттік Гимнді жатқа айтады; -Қазақстан Республикасының рәміздерін атайды; -Елтаңбасы мен Туын сипаттайды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Гүлдердің ертемен Қауызын ашқанын, Көктемнің мөп-мөлдір аспанын, Таулардың қол жетпес асқарын. Ұнатам бәрін де, Өйткені ол Отан – Ұлы Отан. Бәрін де, бәрін де ұнатам, Өйткені ол Отан – Ұлы Отан. Балаларды екі топқа бөліп, 1-топ бірінші шумақты бәсең дауыспен қайталайды, 2-топ екінші

			айтасыңдар. Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды. Мысалы: *апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө)* т.б. – Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Иә, дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды. Дауыссыз дыбыстарға сөздер: *пима (п), фабрика (ф), кілт (к), киіз (к), қант (қ) т.б.* – Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттыңдар. Балалардың жауаптары тыңдалады. – Иә, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер. Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***«Сөзді өлшейміз» дидактикалық жаттығуы*** – Алақандарыңды үстелге қойыңдар. Сөз айта бастағанда алақанды бір-бірінен алшақтата беріңдер. Егер алақандардың арасы жақын болса, онда сөздің		шумақты көтеріңкі дауыспен қайталайды. Екі топ жарысып, өлең жолдарын талдайды. – Отанымыз белгілеріне, яғни мемлекеттік рәміздерге не жатады? – Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Гимн. – Рәміздер – сол елді айқындайтын белгілер. Интербелсенді тақтадан Ер Төстіктің бейнесі шығып, ол балалардың не білгісі келетінін сұрайды. Балалар рәміздер туралы білгісі келетінін айтады. Ер Төстік рәміздердің бейнелерін шығарады. Педагог балаларға туды сипаттап, айтуды ұсынады, балалардың жауабы толықтырылып отырылады. – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс ашық аспанды, бейбітшілікті, игілікті білдірсе, түстің біркелкілігі еліміздің тұтастығын меңзейді. Шұғылалы Күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі. **Балаларға көрсету әрекеті:** – Тудың авторы кімдер? – Қазақстан Туының авторы – Шәкен Ниязбеков. Елтаңба – Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің

			қысқа болғаны, егер алыс болса, онда сөз ұзын болғаны. Мына сөздерді өлшейік: *дос, бейбітшілік.* **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттегі көліктерді ата. Дауыссыз дыбыстардан басталатын көліктер туралы сөйлем құра. Сызбасын сыз. 2. Дыбыстық талдау жаса. Педагог арбаның суретін, сызбасымен тақтаға іледі, бір баланы тақтада дыбыстық талдау жасатады. Басқа балалар орындарында жасайды. Педагог балаларға сөздегі әр дыбысты анық айтып, оның дауысты, дауыссыз екенін анықтауға тапсырма береді. ***«Арба»*** сөзіне дыбыстық талдау. «Арба» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. Педагог шананың суретін, сызбасымен тақтаға іледі, бір баланы тақтада дыбыстық талдау жасатады. Басқа балалар орындарында жасайды. **А**-жуан, ашық, езулік дауысты. **Р**- дауыссыз, үнді. **Б**-дауыссыз,ұяң. **А**- жуан, ашық, езулік дауысты. ***«Шана»*** сөзіне дыбыстық талдау. «Шана» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. Педагог **шана, арба** сөздерінде неше дауысты, неше дауыссыз дыбыс бар екенін балалардан сұрайды. **Ш**-дауыссы,қатаң. **А**- жуан, ашық, езулік		бірі. Педагог балаларға елтаңбаны сипаттап, айтуды ұсынады. – Елтаңбаның негізі бөлігі – шаңырақ. Шаңырақ – мемлекеттің түп-негізі – отбасының бейнесі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын паш етеді. Мемлекеттік елтаңбада жұлдыздың бейнеленуі қазақстандықтардың әлемнің барлық халықтарымен ынтымақтастық пен серіктестік орнатуға ниетті ел болуға деген талпынысын танытады. – Елтаңбанын авторлары кімдер? – Елтаңбанын авторлары: Жандарбек Мәлібеков, Шота Уәлиханов. – Еліміздің гимні – «Менің Қазақстаным» әні. Авторлары: Нұрсұлтан Назарбаев, Жұмекен Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқов. Мемлекеттік Гимн – басты рәміздің бірі. Гимнді орындарынан тұрып, оң қолдарын жүректерінің тұсына қойып орындайды. – Рәміздерді қандай жерлерге іледі? Балалар қай жерлерде Қазақстанның Мемлекеттік Туының ілініп тұрғанын көргенін айтады.

			дауысты. **Н**-дауыссыз,үнді. **А**- жуан, ашық, езулік дауысты. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** **Иә-жоқ** **Педагог: Балалар:** Жыламаймыз ешқашан. – Иә! Иә! Иә! Күлімдейміз әрқашан. – Иә! Иә! Иә! Көп жейміз бе тамақты? – Жоқ! Жоқ! Жоқ! Шытамыз ба қабақты? – Жоқ! Жоқ! Жоқ! Біз еңбекті сүйеміз. – Иә! Иә! Иә! Ойға білім түйеміз. – Иә! Иә! Иә! Ойыншықтарды шашамыз ба? – Жоқ! Жоқ! Жоқ! Біз ақылды боламыз ба? – Иә! Иә! Иә! Табиғатты қорғаймыз. – Иә! Иә! Иә! Жаман бала болмаймыз. – Иә! Иә! Иә! Кішкентайларды ренжітеміз бе? – Жоқ! Жоқ! Жоқ! Біз алғыр болып өсеміз бе? – Иә! Иә! Иә! **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 3. Нүктелерді үзбей бастыр, тұскиізді толықтыр. 4. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін		Елбасы Қасымжомарт Тоқаевтың мемлекеттік рәміздер туралы жаңа қаулысы шықты. Қаулы бойынша қазақстандықтардың Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында, тек мемлекеттік зәулім ғимараттарда ғана емес, сонымен қатар балкон мен терезелерге де Мемлекеттік Туды ілуге болады. Рәміздер – сол елді айқындайтын белгілер. Мысалы, үлкен теңіз, мұхиттарда көп кемелер жүзіп барады. Олар өздерінің қай елден екенін білдіру үшін, Мемлекеттік Туын іледі. Әртүрлі спорттық жарыстарда, олимпиадаларда спортшылар елінің туымен шығады. Барлық елдерде біздің елшілігіміз бар. Сол елшіліктердің төбесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы ілінеді. Спортшылар жеңіске жеткенде сол елдің туы желбіреп, гимні орындалады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Педагог сөзжұмбақ шешу үшін тақтаға торкөздер сызылған сызба парағын іледі. Балалар болжаған сөздерді атайды, ал педагог

			естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы** Айдын шалқар көлдерде Балықтар өмір сүреді. Шолпылдатып құйрығын, Әрі-бері жүзеді. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.		торкөздерді толтырады. (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). **Үлестірмелі материалдармен жұмыс.** Ер Төстіктің пайымдауы: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – біздің ұлттық мақтанышымыз. 1. Еліміздің мемлекеттік рәміздер туралы не білесің? Ер Төстікке әңгімеле. 2. Мемлекеттік рәміздердегі суреттерді тауып белгіле. Бұл суреттерді қай мемлекеттік рәмізден көрдің? 3. Басқа елдердің елтаңбаларымен таныс. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын тап. Белгіле. 4. Мемлекеттік Гимнді айтып тұрғанда қандай ережені сақтау керек? Ер Төстіктің сұрағына жауап беру: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы мен Туын қандай ғимараттан көрдің? Ойланып, жауап бер. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.

Құндылықты қалыптастыру

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру

3 үзіліс – 10:35 – 10:45

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен танысыру,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Қазақтың ұлттық ойыны: «Арқан тартыс»

Басты міндеттері: Жарыс кезінде әділ ойын көрсету, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру. Ұлттық спорт ойындарын халыққа әдіс тәсілдерін түсіндіріп жеткізу.

Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.

Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығуларартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:

1. «Сабын көпіршігін үрле». Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.

2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле» (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).

3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді». Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.

4. «Көңілді маймыл». Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.

5. «Шарларды үрлеу». Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.

6. «Жылан қалай ысқырады». Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай



Қазақтың ұлттық ойыны: «Арқан тартыс»

Ойын міндеттері:Жарыс кезінде әділ ойын көрсету, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсету және түсіндіру. Ұлттық спорт ойындарын халыққа әдіс тәсілдерін түсіндіріп жеткізу.

Дағды:

Оқушыларды шыдамдылыққа,ептілікке, төзімділікке тәрбиелеу.

Қимыл қозғалыстарын шапшаң орындауға дағдыландыру.

Ойынның ережесі : тартысқа түскен екі топ бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп өткізіп әкету. Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы топты бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады. Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады. Ойын қимыл бірлігін қалыптастырып, коллективтік іс-әрекетке тәрбиелейді.

Әдістемелік нұсқаулар.

Арқан тартыс ойыны — ұлттық ойын. Ойынды жазда көгалды алаңда, спорт залында өткізуге болады. Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі топқа бөлінеді. Олардың саны 10—12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады.

Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта түрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»... деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп тақ жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады.

Күн ілгері сызып қойған үш сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып тұрады. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі

ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте қатты дыбыс).				топ тартысқа түседі. **Ойынның педагогикалық маңызы.** Бірінші, екіншіге саналу арқылы 2 топқа бөлу, жағына бір –біріне қарама –қарсы тұрғызу.	
4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 10.45 – 11.10					
	бойынша) беріледі. Әр бала өз қалауы бойынша суреттер алып,сөздердің бір дыбысын түсіріп айтамын, сендер түсіп қалған дыбысты қосып, толық сөзді айтуларың керек. *Балалар суретке қарап,түсіп қалған дыбысты айқынырақ айтады.* Мысалы: *ұша...(қ), қызана...(қ), бана...(н), тор..(т), апельси ...(н), қоя...(н), автоб...(с), шәйне...(к), қо...(й), тәкш...(е), до...(п), күші...(к), сыпырғы...(ш), қамш...(ы), телефо...(н), қылы...(ш), қайы...(қ), балапа...(н), тырн...(а), тара...(қ), бақ...(а), балмұзда...(қ), қан...(т), қия...(р).* **Ықтимал күрделендіру**: тілдік әріптерге байланысты іс-қимыл арқылы көрсете білу. **Ойынның нұсқаулары**: заттың суреттерін көрсету арқылы әріпті табу. **Тіл ұстарту жаттығуы: «Саусақ жаттығуы»** Партадағы саусақтар, Адымдайды, жүреді. Өнерлі бұл саусақтар, Сурет сала біледі. Ортанғы мен сұқ саусақ, Түйеқұсты салады. Төңкеріліп аспанға, Қоянда бола қалады **Шығармашылық жұмыс:**«Доп» суретін дауысты,дауыссыз	өзіндік іс - әрекетін, шығармашылық қабілетін дамыту. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. **Кіріктірілген:** көркем әдебиет,қоршаған әлеммен танысу,шығармашылық. **Қосымша жабдықтар**: суреттер, ойын құралдары. **Ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Балалар үстел үстіндегі әр түрлі шыршының ойыншықтарын жинап, арналған қораптарға салады. Шырша әшекейлеріне керек ойыншықтарды сәйкес қораптарға жинау.Неге дайындық, не жайында екенін әңгімелеп айтады.Жаңа Жыл мерекесіне байланысты суреттер. **Ықтимал күрделендіру:** Жаңа Жыл туралы тақпақ айту,өз ойларымен.Мысалы:Аяз Ата келіп тұр,... **Ойынның нұсқаулары:** Жылдың тамаша мезгілі, қыс!Қыс айында Жаңа Жыл мерекесін тойлаймыз. Қызыл,жасыл,сары ойыншықтарды бірдей сәйкес түсті қорапқа салу керек. Бала тапсырманы орындағаннан кейін оны қорапқа қандай ойыншықтарды және қандай түсті қойғанын	**Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. **Кіріктірілген:** Сөйлеуді дамыту,шығармашылық дағдылар. **Қосымша жабдықтар**:Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер. **Пайдасы:** Шыршаның адам денсаулығына тигізер пайдасы қандай? Шырша қылқан жапырақты ағаш түріне жатады. Ал, қылқан жапырақтылардың емдік қасиеті мол. Ағаштардың қылқанында эфир майы бар, ол адамның тыныс жолдарын жақсартады. Сонымен қатар, ағаш иісінің түрлі микроб пен вирусты жоятын қасиеті бар. Сол себепті көбіне тубсанаторийлер осы ағаштар өсетін аймақтарға салынады. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Үстел – үстінен өз қалаулары бойынша шыршаның ішінде орналасқан суреттер алады. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндерге сәйкес заттармен толтыр. **Ықтимал күрделендіру**: Құрастырылған заттарға байланысты тіл ұстарту жаттығулар айтуға жұмыстану,баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып.	дағдыларын меңгерту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Киімді ұқыпты,таза киюге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. Сандарды білу, заттарды санау, салыстыру, ажырату. **Кіріктірілген:** көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту,қоршаған әлеммен танысу,шығармашылық. **Қосымша жабдықтар**: суреттер, ойын құралдары. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** 1- нұсқа Мұғалім үстелге қолғаптарды немесе мойын орағыш (шарф,шапка) салады. Балаларды оларға қарауға шақырады, қолғаптардың бір-бірінен қалай ерекшеленетінін (түсі, үлгісі) атап өтеді. Әрбір қолғап үшін жұпты қалай таңдау керектігін көрсетеді. Осыдан кейін ол ойынға қатысушыларды жұптарды өздері таңдауға шақырады. Ойын балалар қолғаптың барлық жұптарын дұрыс таңдаған кезде аяқталады. **Ықтимал күрделендіру:** қиялдау,елестету. **Ойынның нұсқаулары:** **2-нұсқа** Мұғалім балаларға бір	еңбекқорлыққа баулу. Сөздік қорын байыту, бауырмалдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Саусақ моторикаларын дамыту. **Қауіпсіздігі:** Ойындардың ережелерін бұзбай ойнай білу керек. **Кіріктірілген:**сөйлеуді дамыту,қоршаған әлеммен танысу. **Қосымша жабдықтар**: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер. **Дидактикалық ойынды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар**: ***Ойынның шарты:*** Қолғаптар үстелге қойылады. Балалар оларды қарастырады, олардың ұқсастығы, айырмашылығы деп атайды. Балалар суреттерді мұқият қарап, әр қолғапқа жұп іздейді. қиылған қолғап, малақай, т.б қысқы киімдердің суреттері беріледі, балалар құрастырады.Балалар бір-бірден қолғап алып, бірдей нәрсені іздейді. Ойын олар барлық жинақтарды жинағанға дейін жүреді. Содан кейін қолғаптар араластырылып, осындай сөздер айтылады: **«Қолғап»** Жоғалыпты қолғабым, Тыз-тыз етті қолдарым. Сорып аяз тастады, Естен кетпес тоңғаным. Қолғаптық жіп шығарып, Тоқыды әжем біз алып. Мен отырмын ұяттан,

	дыбыстардың түсіне сәйкес бояу. ұша...(к) қызана...(к) бана...(н) тор..(т) апельси ...(н) қоя...(н) автобу...(с) шәйне...(к)  ко...(й) текш...(е) до...(п) күші...(к)	айтуға шақырыңыз. **Есіңе сақтап ал:** Оларға сипаттама беру,ойыншықтарына таза,мұқият болуға үйрету. **Тіл ұстарту жаттығуы:** Әдемілеп біз ілген, Ойыншықтар тізілген Қандай жақсы шыршамыз Ән шырқайық баршамыз **Артикуляциялық жаттығу:** Қан-қан-қан, Іннен шықты тышқан. Қа-қа-қа Көлде бір бақа. Ян-ян-ян, Қорқақ қоян. Қу-қу-қу, қу Түлкі Ыр-ыр-ыр Қасқыр. Ю-ю-ю, Қорбаң-қорбаң Аю **Қосымша жабдықтар:** 	**Ойынның нұсқаулары**: Құрастырылған жұмыстарын қандай геометриялық фигураларға ұқсайды,атауларын жатқа айту.Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру. **Тыныс алу жаттығуы: «Сабын көпіршігін ұшырайық»** Бұл жаттығу алдыңғы 3-жаттығуға ұқсас. Сабын көпіршігін елестетіп, болмаса, дайын сабын көпіршігін қолдануға болады. Жаттығу 3-4 рет орындалады. **Ырғақты жаттығу:** Бойды бүкпей тік ұста, Жай сол қолды сол жаққа, Жай оң қолды оң жаққа Осылай бір байқа да, Он шақты рет қайтала. **Пішіндер туралы жұмбақтар:** 1.Атына сай балалар, Үш бұрыш,үш жағы бар Ол пішінді кім табар? (үшбұрыш) 2.Төрт бұрышы бар, Төрт қабырғасы бар Бұл қай пішін? (төртбұрыш) 3.Допқа өзі ұқсайтын, Ерекше бір пішін бар Атын оның атаңдар. (дөңгелек) **Саусақ жаттығулары:**	қолғап береді. Музыка әуенімен балалар топтың айналасына шашырап жүгіреді. Мұғалімнің «Бір, екі, үш, жұпты тап» деген сигналы бойынша балалар қолғаптың түсі де, үлгісі де оның қолғаптарына сәйкес келетін баланы табады. **3-нұсқа** Мұғалім балаларға бір қолғап береді. Педагог балаларды қолғаптарына қарап, өрнектің қандай геометриялық пішіндерден тұратынын, олардың түсі қандай екенін атайды, содан кейін осы қолғаптың жұбын табуға шақырады. Әрі қарай, қолғапты жіпке іліп қою керек, оны киім жіпімен бекітіңіз. **Практикалық жұмыс:** Балалар,мысалы жаңбыр,қар жауғанда киімдеріміз су болып қалады.Енді киімдерімізді шешіп ілгішке ілу керекпіз. -Киімдеріміз су, не істеу керек? -Кім көрсетеді?(Балалар киімдерді сілкіп ілгішке іледі) -Ал,егер пальтомыз шаң болса,дақ түссе не істейміз? -Киім щеткасымен тазалаймыз. **Тиым сөздер** 1.Бас киімді теріс киюге, лақтыруға болмайды. 2.Киімнің жағасын басуға болмайды. 3.Аяқ киімді,төңкеріп теріс киюге болмайды. 4.Киімді оң қолдан бастап	Тоңғандай боп қызарып.  **«Шаңғышы»** - «М-м-м-м» деген дыбысты мұрнынан шығарып шаңғышының қимылын салады. **Ықтимал күрделендіру**: Құрастырылған заттарға байланысты тіл ұстарту жаттығулар айтуға жұмыстану,баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып. **Ойынның нұсқаулары**: Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру. **Тыныс алу жаттығуы:** Диафрагма арқылы тыныс алу үшін тік тұрыңыз. Алдымен толық дем шығарыңыз, содан кейін мұрын арқылы дем алыңыз. Диафрагма жаттығулары

сыпырғы...(ш) қамш...(ы)

телефо...(н) қылы...(ш)

қайы...(қ) балапа...(н)

тырн...(а) тара...(қ)

бақ...(а) балмұзда...(қ)

қан...(т) қия...(р)







«Барабанда ойнаймыз»
Балалар саусақтарын бүгіп, яғни жұдырықтарын түйіп, кеуде тұсынан сәл төмен ұстайды. Содан соң сұқ саусағын жазып, тік ұстап көрсетеді де, «барабанда ойнаймыз» деген тәрбиешінің белгісі бойынша сұқ саусағын жоғары төмен қозғалтады.

Тіл бұлшықетіне арналған жаттығулар
«Көңілді тіл»
а) Біздің ауызымызда Көңілді Тіл өмір сүреді. Оның үйшігі - ауыз. Көңілді, тентек Тіл бір орында отыра алмайды. Сондықтан ол үйшігінен шығып жан-жағына қарайды. Оң жағына қарайды, сол жағына қарайды.
ә) Көңілді Тіл күнде ертемен далаға шығып, жан-жағына амандасады. Тілді сыртқа шығарып, ырғақпен оңға –солға, солға-оңға бұрады. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.

Қосымша жабдықтар:



киіп, сол қолдан бастап шешеді.

Тілдік жаттығулар:
То - то - то - тон
Де - де - де - жейде
Лек - лек - лек - көйлек
Ім - ім - ім - киім
Ғап - ғап - ғап - қолғап
Тік - тік - тік - етік
Шын - шын - шын - құлақшын.

Санамақ
1-дегенім бөрік
Кисең бойға көрік.
2-дегенім етік
Киер сәнді етіп.
3-Дегенім ішік
Теріден тігер пішіп.
4-Дегенім тымақ
Қыста кисең жылы-ақ.
5-Дегенім байпақ
Іші жылы тайпақ.

Қосымша жабдықтар:

үшін бір қолды көкірекке, екінші қолды үш-төрт саусақ төс сүйегінен төмен қоямыз. Тыныс алғанда ішіміздегі қолымыздың қозғалуына, төстің үстіндегі қолымыздың әрекетсіз қалуына тырысамыз.

Ырғақты жаттығу:
Тоңса біздің қолымыз,
Қолғапты киіп аламыз.
Сарт-сарт шапалақты соғамыз
Тоңса біздің аяғымыз,
Етікті киіп аламыз
Топ-топ топылдатып билейміз.

Саусақ жаттығулары:
«Қолғап»
Қыс та енді басталар
Не істейміз сонда балалар
Бір – біріне киінуге
Көмектесер біздің қолдар.
Үлкен тонды киіп ал,
Болады саған жақсылар
Ағалардың ізімен бір, екі,
үш Сиысып қәне көрші
Орналасып саусақтар
Шықты міне қолғап

Қосымша жабдықтар:

			 ianie  ianie  ianie		 

					

					
	Таңғы жаттығу – күннің сәтті бастамасы! **Мақсаты:** – Балаларды салауатты өмір салтын ұстануға баулу; – Күнделікті жаттығу жасауға дағдыландыру; – Сабаққа деген ынта-жігерін арттыру. **Міндеттері:** – Таңғы жаттығулар арқылы оқушылардың сергектігін қамтамасыз ету; – Қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру; – Дене шынықтырудың маңыздылығын насихаттау. Балалардың жүзіндегі күлкі мен сергектік – осындай сәттердің жемісі. **Дағды:** Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру. **Салауатты ұрпақ – жарқын болашақ кепілі!**				
08:45-09:00 **Таңертенгі жаттығу** Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушыларда ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 15** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар** **№ 2 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне,	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 16** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар** **№ 1 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 17** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар** **№ 2 жаттығулар кешені** 1.«Допты жоғарыға». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарына доп алып	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 18** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар** **№ 3 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1–	**Өмірге салауатты қадам** **«Жалпы жаттығулар кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады** **Жалпы дамыту жаттығулар кешені** **ЖИЫНТЫҚ № 19** **(қайталау)** **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекет дағдыларын қалыптастыру.** **ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК** **Заттарсыз орындалатын жаттығулар** **№1 жаттығулар кешені** 1.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1– қолдарын екі жаққа созу;

артады. Балаларды тәртіптендіреді.	төмен,қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет) 2.Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап тұрып,қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет) 3.Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайтатүзеу. (8–10 рет) 4.Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысыпұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бүгу, қайта созу. (8–10 рет) 5.Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан асырып ұстап жату; арқасынан ішіне,ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет) 6.Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет).	доп алып тұру. 1-2– допты басынан асырыпбарып, артқа жіберіп, аяқ басына көтерілу, демін ішіне тарту; 3-4– б.қ. – демін сыртқа шығару. 10 рет қайталау. 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын бүгіп, доп алып тұру. 1-2– доп ұстаған қолын жанына қарай апарып, оңға (солға) бұрылу; 3-4– б.қ.: аяқтарын бүкпей, түзу ұстау. 5рет қайталау. 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-3– оңға (солға) иіліп, допты аяғынан айналдыра дөңгелету; 4- б.қ. 4 рет қайталау. 4.Б.қ.: арқасымен шалқалап жату, допты басынан жоғары көтеру. Допты бір жағынанекінші жағына өзін айналдыра дөңгелету. 5-6 рет қайталау. 5.Б.қ.: қолын артынан еденге таянып отыру, допты балтырының тұсына қою. 1-2– аяқтарын түзу созу, жоғары көтеріп, допты балтыр тұсымен оңға-солға дөңгелету; 3-4– б.қ. Басын төмен түсірмеу. 4–6 рет қайталау. 6.Б.қ.: етпеттеп жатып, допты түзу аяқтарының ортасына қысу; қолдарының шынтағымен еденге тірену; аяқтарын допты түсірмей бүгу, жазу. 3–5 рет қайталап, үзіліс	тұру. 1 – қолдарын бүгіп, допты кеуде тұсына ұстау; 2 – допты жоғары көтеру; 3 – допты кеуде тұсыны ұстау; 4 – б.қ.қ. (8 рет). 2.«Отырып-тұру». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолын бүгіп, доп алып тұру. 1 –отыру, допты алдына шығару; 2 – тұру, б.қ.қ. (8 рет). 3.«Еңкею». Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолына доп алып кеуде тұсына ұстап тұру. 1оң аяғына қарай иілу; 2-3 – допты оң жағына оң қолымен домалату, екі қолымен алу; 4 –б.қ.қ. (8 рет). 4.«Қайық». Б.қ.– етпетінен жатып, аяқтарын біріктіру, допты қолдарында ұстау. 1-3 – қолдарын жоғары көтеру, допқа қарау; 4 – б.қ.қ. (8 рет) 5.«Отырып иілу». Б.қ.: отыру, аяқтарын аздап ашу, допты арасына қою; 1-2 – аяқтарын бүкпей допты ілгері домалату; 3-4 – допты артқа дөңгелету. 6.«Секірулер». Б.қ.: – аяқтарын аздап ашу, допты еденге қою. Допты айнала екі аяқпен секіріп жүру. 8 рет	қолдарын екі жаққа созу;2– қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3– қолдарын екі жаққа созу; 4– б.қ.қ. (8 рет) 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, доптыеденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет) 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, доптысол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет) 4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– орырып, доптыеденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет) 5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1–4– оңға иілу; допты оңғақарай сыртқа домалату; 5–8– б.қ.қ. сол жаққа қайталау (8 рет). 6.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау.	2–қолдарын жоғарыға апарып, аяқ басына көтерілу; 3– қолдарын қайтадан екі жаққа созу; 4 –б.қ.қ. (7-8 рет) 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын желкесіне қою. 1 – денені оңға бұру,қолдарын екі жаққа созу; 2– б.қ.қ. Сол жаққа қайталау (8 рет) 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын төмен қою. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2–оң (сол) аяққа иілу, қолдарының саусақтарын аяқ бастарына тигізу; 3– қолдарын екі жаққажазып, денесін түзулеу; 4– б.қ.қ. (8 рет) 4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1-2 – отыру, қолдарын алдығасозу; 3-4– б.қ.қ. (8 рет) 5.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын төмен қою. 1– оң аяғын жанына, қолдарынекі жаққа созу; 2– оң қолын төмен, сол қолын жоғары көтеру; 3– қолдарын екі жаққа созу;4– оң аяғын орнына қайтарып сүйем қадам жасау, б.қ.қ. Сол жағына сол қимылдарды қайталау (8 рет). 6.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою. 1 – оң аяғының басын созыпбасып, алдыға қою; 2 – оң жақ жанына қарай апару; 3 – артқа; 4– б.қ.қ. Сол аяқпен сол

			жасап, 4–6 рет қайталау.			қимылдарды қайталау (8 рет). 7.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарын беліне қою; 1 – секіріп аяқтарын алшақтатып, қолдарын екі жаққа созу; 2 – б.қ.қ. 1–8 санап, 3-4 рет қайтару. Музыкаәуенімен немесе орташа жылдамдықта қайталау.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, жаңалықтарды білуге, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылауға, қызықты әрекетті таңдауға, ережелерді келісуге және т.б. үйрету. Балалар қоршаған ортаны ұйымдастыруда тәрбиешіге көмектеседі (бірлескен іс-әрекет, міндет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
ҰІӘ уақыты: 09.00-11.10	09.00-09.25 09.35-10.00 10.10-10.35 10.45-11.10	**Дүйсенбі** **22.12.25**	**Сейсенбі** **23.12.25**	**Сәрсенбі** **24.12.25**	**Бейсенбі** **25.12.25**	**Жұма** **26.12.25**
		Математика негіздері **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Дене тәрбиесі**	**Сауат ашу негіздері** **Қоршаған әлеммен танысу** **Жапсыру** **Музыка**	**Математика негіздері** **Көркем әдебиет** **Сауат ашу негіздері** **Дене тәрбиесі**	**Математика негіздері** **Сөйлеуді дамыту** **Қазақ тілі** **Музыка**	**Сауат ашу негіздері** **Көркем әдебиет** **Қоршаған әлеммен танысу** **Дене тәрбиесі**
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.00-09.25						
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)		**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** «Алдымен-содан кейін», «болды-бар-болады», «бұрын-кейінірек»(суретті) **ҰІӘ міндеттері:** - оқиғалар тізбегін «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек», жыл мезгілдеріне қарай айларды ретімен атауға үйрету, жыл мезгілдері мен табиғи өзгерістер туралы түсініктерді бекіту, 1-ден 10-ға дейін санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау,	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік? [з] **ҰІӘ міндеттері:** - сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру; -сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру; -қайырымды болуға тәрбиелеу. **Дағды**: Сөйлемді дұрыс құрай білу дағдыларын	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** «Алдымен-содан кейін», «болды-бар-болады», «бұрын-кейінірек»(суретті сызып қосу) **ҰІӘ міндеттері:** - оқиғалар тізбегін «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек», жыл мезгілдеріне қарай айларды ретімен атауға үйрету; -логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -қазақ халқының мәдениетіне деген	**1.Математика негіздері–** ойын, зерттеу іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** 10 көлемінде тура және кері санау.№1 **ҰІӘ міндеттері:** - 10 көлемінде тура және кері санауды жаттықтыру, оқиғалар тізбегін ретімен дұрыс атауға үйрету; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу дағдысын; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке және шыдамдылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Сұрақ қою және дағдыларын дамыту. Қоршаған ортадағы сәйкес	**1. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Біз сөйлем құрай аламыз. **ҰІӘ міндеттері:** - сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру; -сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту; -жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін түсіндіре отырып, табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу. **Дағды**: сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктеріне дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:**

	сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекке деген сүйіспеншілікке, нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **Дағды**: Бастапқы уақыттық бейнелердің қандай деңгейде қалыптасқанын анықтау: "бұрын", "кейінірек", "алдымен", "содан кейін", кеңістіктік қатынастар: "алдында тұру", "соңынан еру", "арасында болу"; зейінді, ойлауды дамытуға, ұқыптылыққа баулуға жағдай жасау; реттік сандарды дұрыс атауға үйрету. **Құндылықтарға баулу:** Жауапкершілікке,бірін-бірін тыңдап,сыйлауға үйрету. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Оқиғалар тізбегін «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек», жыл мезгілдеріне қарай айларды ретімен атауға үйрету, жыл мезгілдері мен табиғи өзгерістер туралы суретін көрсете отырып есте сақтау қабілетін дамыту Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, зейінін дамыту. Уақытты үнемдеуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Достыққа бірлесіп жұмыс атқаруға, ойнауға мұқият тыңдауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің**	жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** Білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілікке,аңғарымпаздыққ абір-біріне деген достық қарым- қатынасқа,топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Байланыстыра сөйлеуді дамыту, сөздік қорын молайту. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»** **Күтілетін нәтиже**: - дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі; -сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын; -дыбыстарды ажыратады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** «Қарама-қарсы іс-әрекетті айт» ойынын ойнату. 1. Үміт жылады, Іңкәр ... *(жыламады)* 2. Марат үндемей отыр, Таңат ... отыр. *(шулап)* 3. Ардақ жазып отыр, Асыл ... *(жазбай отыр)* 4. Қыздар биледі, ұлдар ... *(билемеді)* 5. Ақтөс үрді, Құтжол ...	қызығушылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: Бастапқы уақыттық бейнелердің қандай деңгейде қалыптасқанын анықтау: "бұрын", "кейінірек", "алдымен", "содан кейін", кеңістіктік қатынастар: "алдында тұру", "соңынан еру", "арасында болу"; зейінді, ойлауды дамытуға, ұқыптылыққа баулуға жағдай жасау; реттік сандарды дұрыс атауға үйрету. **Құндылықтарға баулу:** Балаларға «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек» нақты түсініктерді қалыптастыру. Жылдың төрт мезгілін айыра білу дағдыларын бекіту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың сөздік қорын, ауызекі сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Есте сақтау қабілетін арттыру. Зейінділікке, ұстамдылыққа, тапқырлыққа баулу. Дидактикалық материалдарды пайдалана отырып, балаларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларды табиғатты қорғауға, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын,	пішіндегі заттарды табуы. Логикалық ой өрісін дамыту, есепке қызығушылығын арттыру, алған білімдерін пысықтай отырып, бекіту. **Құндылықтарға баулу:** Жауапкершілікке,бірін-бірін тыңдап,сыйлауға үйрету. Айтқанды мұқият тыңдауға, өзгенің ойымен келісе білуге, сыпайы бола білуге, адамгершілікке тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Математикаға деген қызығушылықты, дербестікке, достыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, зейінін дамыту. Уақытты үнемдеуге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Достыққа бірлесіп жұмыс атқаруға, ойнауға мұқият тыңдауға тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»** **Күтілетін нәтижелер:** - сандарды тура және кері санауды және геометриялық фигуралардың атауларын біледі; -фигуралардың күнделікті өмірде кездесетінін ,оның пайдаға жарайтынын түсінеді; -өз ойларын толық жеткізе алады, сандарды санауды , пішіндердің аттарын толық	Білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Ептілікке,аңғарымпаздыққа бір-біріне деген достық қарым- қатынасқа,топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балаларға сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатыны туралы түсіндіру, ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»** **Күтілетін нәтиже**: - сөйлем құрайды, сөздерге дыбыстық талдау жасайды; -сөйлемдегі сөздердің белгілі бір ретпен тұратынын; -дыбыстарды ажыратады, буынға бөледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Артығын тап» ойынын ойнату.** 1. Қыс, көктем, жаз, күз, үз. *(үз)* 2. Жел, жаңбыр, қар, боран, қуыршақ, бұршақ. *(қуыршақ)* 3. Шаңғы, коньки, шана, ана. *(ана)* 4. Әке, ана, ата, әже, аға, таға. *(таға)*

	байлығымыз!» **Күтілетін нәтижелер:** - тиісті уақыт өлшем бірліктерін қолданады; -олардың арасындағы өзара байланысты түсінеді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** – Балалар, қараңдаршы, барлық карточкалар араласып кетті. Оларды ретімен орналастыруға көмектесіңдер.Үлестірмелі материалмен жұмыс (№23-24 парақтар). – Суреттерді қара, «алдымен» не болды, «содан кейін» неге айналды? Балалар суреттерді орналастырады және «алдымен», «содан кейін» сөздерін қолданып жауапты түсіндіреді. **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Суретке қарап, алдымен не болатынын, содан кейін не болатынын айт. Суреттерді ретімен сызып қос. Балалар суреттерді қарайды. Педагог нан жасап шығарудың қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Нанды жасап шығару үшін жұмыс жасайтын адамдардың еңбегін бағалау туралы тәрбиелік әңгіме жүргізеді. Содан кейін балалар оқиғалардың дұрыс реттілігін қалыптастырады,	*(үрмеді)* **«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.** ***Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»*** Педагог қандай да бір дыбысты айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***жаттығуы: «Дауысты сөзден баста»*** Педагог қойған сұрақтарға балалар дауысты дыбыстан басталатын сөздердермен жауап беру керек. 1. Қандай көлікпен бардың? (Ұшақпен ұштым т.б.) 2. Сүйікті сусының? (Айран т.б.) 3. Достарыңның аты? (Орал, Ұлпан, Омар, Асқар, Ынтымақ, Олжас.) 4. Сүйікті ойыныңның аты қандай? («Асық», «Арқан тартыс» т.б. **Ойын-жаттығу: «Сөз таңда»** Педагог мақалды оқиды, мақалдың мазмұнын балаларға түсіндіреді. Балалар суретттегі заттардың тиістісін айтып, мақалды толықтырады. Суреттегі заттардың атын буынға бөледі. **Мақал – сөздің мәйегі.** 1) Оқу ... құдық қазғандай. *и-не, ку-рек, қа-сық.*	логикалық ойлауды дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»** **Күтілетін нәтижелер:** - тиісті уақыт өлшем бірліктерін қолданады; - олардың арасындағы өзара байланысты түсінеді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Киіз үйді құрастыр» ойындық жағдаят.** Бөлшектеп кесілген үлестірмелі материалды қолданады. Педагог киіз үй – қазақтардың дәстүрлі тұрғын үйі екендігі туралы айтады. Оны қысқа мерзімде құрастыруға және кері бөлшектеуге болады. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** (№23 парақ). Балалар карточкаларды қарап, оларды ретімен қойып орналастырады, «алдымен – кейін» сөздерін қолдана отырып, өз әрекеттерін түсіндіреді. **Дәптермен жұмыс.** **1-тапсырма.** Суретке қарап, алдымен не болатынын, содан кейін не болатынын айт. Суреттерді ретімен сызып қос. Карточкалармен алдыңғы жұмыс негізінде балалар өз бетімен орындайды.	айта алады . **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балаларды вагон болуға шақырады. Он бала бір-бірінің артынан тұрып, пойыздың қозғалысын жасайды. Балаларға 1-ден 10-ға дейінгі цифры бар карточкалар беріледі. Педагог қалған балаларға вагондарды тікелей және кері тәртіпте 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Үлестірмелі материалдардан жасалған вагондарды: №16 парақты есепті тура және кері тәртіпте санау үшін қолдануға болады. Педагог вагондардың нөмірленуін кері тәртіпте өзгертеді және балалармен бірге оңнан солға қарай санайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Дәптермен жұмыс** **1-тапсырма.** Суретке қара. Қандай вагондардың нөмірі жоқ? Оларды ата. Сурет бойынша балалар тура және кері бағытта санайды. Карточкалармен жұмыс. Тақтада немесе үстелдерде балалар 1-ден 10-ға дейінгі сандық қатарды орналастыруы керек. Тура және кері тәртіпте сана.	5. Таңқурай, құлпынай, бүлдірген, күлдірген. *(күлдірген)* «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. ***Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»*** Педагог дыбыстар айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***Дидактикалық жаттығуы: «Сөзді аяқта»*** – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар. Мысалы: аққа...ла, ба..ла, ба..нан, бан..тик, асқа..бақ, сә..біз, домбы..ра. Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады. – Балалар, мен сендерге А.Меңжанова апайларымыздың «Бұл қай мезгіл?» өлеңін оқып беремін. Сендер мұқият тыңдап, қай мезгіл туралы айтылғанын табуларың керек. Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Шанамен зырлап желетін,

	педагог балаларды «алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек», сөздерін қолдануға итермелейді. **Балаларға көрсету әрекеті:** **2-тапсырма.** Суретке қарап, алдымен, содан кейін не болатынын айт. Алдымен не болғанын белгіле. Балалар суреттерді түсіндіреді, «алдымен – кейін», «ертерек – кейінірек», «бұрын – кейін» деген сөздерді қолданады. **Сергіту сәті.** Педагог қимылдарды көрсетеді *Бұталар мен төмпешіктен* *Аттап өтіп жеңілдікпен,* *Бұтақтар мен томарлардан* *Секіріп өтіп оңайлықпен* *Ұзақ-ұзақ жүріп келдік,* *Шаршадық деп берілмедік.* *Енді жеттік, тоқтадық,* *Кел, достарым, жайғасып,* *Отырайық демалып.* *Тынығамыз, күш жинаймыз,* *Одан кейін сапарға* *Аттанамыз қайтадан.* **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **3-тапсырма.** Жыл мезгілдерін ата. Әр жыл мезгілін өзіне тиісті суретпен сызып қос. Педагог тапсырманы түсіндіріп орындауды ұсынады. Балалар қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған **4-тапсырма.** 1-ден 10-ға дейінгі цифрларды ретімен сызып қос.	2) Ата көрген ... жонар *оқ, оқ-тау, ер.* 3) Ана көрген ... пішер. *жей-де, тон, көй-лек.* 4) Асықпаған арбамен . . . алады. *түл-кі, қо-ян, а-ю.* **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл. 2. Дыбыстық талдау жаса. Педагог тақтаға **есік** сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. Балаларға жұмыс дәптерде өз беттерінше дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалардың жұмысын тесеру үшін, тақтаға бір баланы шақырып, талдау жасатады. Қалған балалар тақтадағы жұмыспен өз талдауларын салыстырып тексереді. *Есік* сөзінің дыбыстық талдауы. *Есік* сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. **Е** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. **С** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. **І** – жіңішке дауысты дыбыс. **К** – қатаң дауысты дыбыс, көк түспен белгілейміз. Шкаф сөзіне дыбыстық талдау жасатылады. Шкаф сөзіне дыбыстық	 **Балаларға көрсету әрекеті:** **2-тапсырма.** Сурет бойынша бұрын не болғанын, кейін не болғанын айт. Суреттерді цифрлармен ретіне қарай сызып қос. Педагог ауыл туралы әңгімені жалғастырады. Киіз үйде балаларды әже күтіп отыр. Ол балаларға телпек тоқиды. Айтындаршы, басында не болды, содан кейін не болады? **Сергіту сәті.** *Киіз үй, киіз үй дөңгеленген үйіміз,* (Шеңбер бойымен жүреді.) *Ішінде біз жақсы өмір сүреміз.* (Қолды екі жаққа жаяды.) *Босағадан атта да,* (Шеңберге қадам жасайды.) *От жағайық ортада.* (Жұдырықшаларды қысады, босатады.) *Міне, қолды көтерсек* (Бір қолын және екінші қолын жоғары көтереді.) *Шаңырақ тұрар төбеде!* (Көрші тұрған баланың қолын ұстап жоғары көтеру.) Одан соң педагог **«Алдымен – содан кейін»** ойын жаттығуын ойнатады.	**«Аққаланы санаймыз»** жұптық жұмыс жүргізіледі, балалар аққалаларды үстелдерге қояды, біреуі тура санаса, екіншісі кері санау жүргізеді, содан кейін балалар өз орындарымен ауысады. **Қолданатын тәсіл:** бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады. Педагог балалардың қала сыртына шанамен сырғанақ тебуге келгені туралы сюжетті жалғастырады. Педагог **2-тапсырманың** суреттерін қарауды тапсырады. Суретте балалар не істеп жүр? Төбешікте неше бала тұр? Сана. Оларға қанша бала көтерілуде? Барлығы қанша болады? Төбешіктен неше бала төмен сырғанады? Төбешікте нешеуі қалды? **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті** *Бір – көтерілу, керілу.* *Екі – иілу, шалқаю.* *Үш – үш рет шапалақ ұру,* *Оңға, солға бас бұру.* *Төрт қолды кең ғып ашамыз,* *Бес – қол бұлғаймыз, қашамыз.* *Алты – үстелге отырамыз.* *Жеті, сегіз – жалқаулықты біз қуамыз!* **3-тапсырма.** Суреттерде не бейнеленген? Сана және ата. Педагог бірінші суреттегі	Шаңғы, коньки тебетін. Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Бұлтты айдай желдеткен, Нөсерлеткен, селдеткен. Шалшық кешіп ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Қойның толы жеміске, Көк майсалы еңістe. Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Балалар өлең қай жыл мезгілі туралы айтылғанын табады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті:** **Бұғы** Айқастырып қос қолды, Бұғы мүйіз жасаймыз. Оңға қарап, солға қарап, Азық іздей бастаймыз. Тастай мықты мүйізі бар, Біз бұғымыз қараңыз. Қар астынан мүйізбен Азық іздеп табамыз. Кәне, кәне, қарайық, Азық іздеп табайық. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** 1. Жыл мезгілдерін ата. Қазір жылдың қай мезгілі? **Күз, қыс, көктем, жаз** сөздерін қатыстырып, сөйлем құра. Сызбасын сыз. 2. Суреттерді ата. Буынға бөл. 3. Дыбыстық талдау жаса. Педагог тақтаға «жаз» сөзінің дыбыстық сызбасын іліп, балаларға өз орындарында дыбыстық талдау жасауға тапсырма береді. Балалар орындарында орындайды. Педагог тақтаға балалардың

	Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. – Қандай тапсырма ең қызықты болды? Ал қай тапсырма ең қиын болды? Өз жұмыстарыңа баға беріңдер. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	талдау жасатылады. 3. Суреттерді ата. [З] дыбысы бар сөзді қатыстырып, сөйлем құра. Сызбасын сыз. **Сергіту жаттығуы** **Үйрек** Жай жүреміз, балпаңдаймыз, Аяқты басып алшаңдаймыз. Тұмсықты төмен түсірмейміз, Мойынды созып қайқаңдаймыз. Га-га-га, га-га-га Сызылтып біз ән айтамыз, Асықпай үйге біз қайтамыз. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* 4. Қозы мен құлыншақты бастыр. 3.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. **Саусақ жаттығуы** Қолды алға созамыз, Алақанды бұрамыз. Алақанның сыртымен Шапалақты ұрамыз. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды.	Ойын үшін карточкаларды (№24 парақтар) немесе басқа суреттерді пайдалануға болады: Құрт – көбелек; жидек – тосап; тұқым – өсімдік; көгөніс – тамақ; ұлпа – қар, аққала; бұтақтағы гүл – піскен алма және т. б. Әрі қарай **«Не болды, не болады?»** тақырыбында әңгімелесу жүреді. Балаларға бірнеше карточкалар беріледі, мысалы, тұқым – өскін – күнбағыс. Педагог «өскіннің» суретін көрсетеді. Суреттер сериясына ұқсас: бидай, ұн, нан. – Бұған дейін не болды? (Тұқым), содан кейін не болады? (Үлкен өсімдік, гүл). **3-тапсырма.** Тыңда. Аптаның әр күнінде балалар қандай ертегі оқығанын ата. Сызып қос. Дүйсенбіде – Шалқан, Сейсенбіде – Ешкі мен қой, Сәрсенбіде – Түлкі мен тырна, Бейсенбіде – Ақылды қоян, Жұмада – Қасқыр мен жеті лақ, Сенбіде – Сараң бай, Жексенбіде – Жыл басына таласқан жануарлар. Тапсырманы орындамас бұрын балалар педагогті тыңдайды, ол аптаның күндерін жүйелеп өз ретімен атайды және аптаның әр күнінің атауын қайталайды. Содан кейін балалар аптаның әр күнінде	пайымдау үлгісін көрсетеді. Алаңқайда 3 аққала болды. Біреуі еріді? Қалғаны қанша? (2.) **«Алдымен – содан кейін» дидактикалық ойыны.** Педагог суреттерді көрсетеді – қар ұшқыны – аққала, астық – өсімдік, иірілген жіп – жемпір және т.б. балалар суреттерді қарайды, алдымен не болғанын айтады, содан кейін олар өз жауаптарын түсіндіреді. **4-тапсырма.** Қалай ойлайсың, сол жақтағы суретпен не жұптасуы мүмкін? Белгіле. Балалар өз ойларын айтады. Педагог нақтылайтын сұрақтар қояды: жұптар қандай принцип бойынша жиналды? (Үй жануарлары қандай пайда әкеледі?) Балалар тапсырманы орындайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.	жұмысын тексеру үшін, бір баланы шығарады. Балалар тақтадағы дыбыстық талдау мен өз дыбыстық талдауларын тексереді. *Жаз* сөзінің дыбыстық талдауы. *Жаз* – 1 буын, 3 дыбыс. **Жаз** сөзінде бір дауысты дыбыс, екі дауыссыз дыбыс бар. Педагог тақтаға «күз» сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. **Күз** сөзінің дыбыстық талдауы. *Күз* – 1 буын, 3 дыбыс бар. ***Жаз*** – 1 буын, 3 дыбыс. **Ж** – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. **А** – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз **З** – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. **Жаз** сөзінде бір дауысты дыбыс, екі дауыссыз дыбыс бар. Тақтаға **«күз»** сөзінің дыбыстық сызбасын іледі. **Күз** сөзінің дыбыстық талдауы. ***Күз*** – 1 буын, 3 дыбыс бар. **К** – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. **У** – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. **З** – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. **Күз** сөзінде бір дауысты дыбыс, екі дауыссыз дыбыс бар. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* **Саусақ жаттығуы :**

		Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған с-әрекеті қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. –Қай тапсырманы орындау барысында қиындықтар болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	қандай ертегі оқығанын айтады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **4-тапсырма.** Қалай ойлайсың, сол жақтағы суретпен не жұптасуы мүмкін? Белгіле. Балалар жұптарды «неден жасалады» деген қағидамен таңдайды: пирог – ұннан. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалар іс-әрекетінде не ұнағаны туралы айтады. Іс-әрекетінде балалардың өз жұмыстарын **«Бағдаршам»** арқылы бағалауға ұсынады. Егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмаларды жартылай орындасаң, сары дөңгелекті боя. Егер тапсырма қиын, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.		Саусақтар шықты қыдырып, Балетке келді жүгіріп. Залдың шамы сөнеді, Бишілер билеп береді. Балет қандай тамаш! Қол соғайық таласа. 4. Штрихта. 5. Жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Тапсырмаларды орындау барысында қиналған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру**					

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Ұлттық құндылықты қалыптастыру

Аз қимылды ойыны: «Таудан тауға»

Басты міндеттері: Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;
Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту, ұйымшылдыққа, өзара көмектестікке тәрбиелеу,

Сөйлеуді дамытуға арналған логопедиялық жаттығулар.

Артикуляциялық гимнастика - логопедиялық қыздыру - логотип жаттығулары - бұл арнайы жаттығуларартикуляциялық аппараттың қозғалғыштығын жақсартады. Гимнастика сөйлеуді анық айтуға көмектеседі, ал бала өзін мәжбүрлеп жатқанын сезбеуі керек. Әр мүмкіндікте жаттығуларды қайталаңыз. Сондай-ақ тыныс алу жаттығуларын бастау керек. Тыныс алу жаттығуларын ойын стилінде орындауға болады. Міне, сіздің балаңызға ұнайтын және өте пайдалы болатын кейбір танымал жаттығулар:

1. «Сабын көпіршігін үрле». Жуынатын бөлмеде үрлеп ойнауға болады сабын көбіктеріалақан арасында, немесе көшеде, сабын ерітіндісін жасау үшін су құмырасына сусабынды сұйылтқаннан кейін.

2. «Бақбақ (Одуванчикті) үрле» (егер бақбақ (одуванчик) маусымы әлі келмесе, дәптер парағынан үлпілдек немесе мақтаны үрлеуге болады).

3. «Кімнің қайығы ары қарай жүзеді». Қағаздан қайықтар жасап, оларды су құйылған ыдысқа салыңыз. Қайыққа соқ, жарысып, кімнің қайығы ары қарай жүзеді. Баланың басы айналмауы үшін 7 секундтан артық емес үрлеңіз.

4. «Көңілді маймыл». Бетіңізді үрлеп, құлағыңызды ұстаңыз. Тілді көрсету және жасыру. Айна алдында беттерді жасаңыз. Енді байсалды бет жасаңыз, содан кейін маймылды қайтадан көрсетіңіз.

5. «Шарларды үрлеу». Дүкеннен түрлі-түсті шарларды сатып алып, балаңызбен бірге үрлеңіз. Шарларды үрлегеннен кейін, оларды үстелдің үстіне жинап, содан кейін оларды үстелден үрлеңіз.

6. «Жылан қалай ысқырады». Баланы кішкентай жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге шақырыңыз (тыныш ысқырады). Үлкен жылан қалай ысқырады (орташа дыбыс) Үлкен жылан қалай ысқырады (өте

Аз қимылды ойыны: «Таудан тауға»

Ойынның міндеттері: Балалардың қозғалмалы ойынына қызығушылығын арттыру, қозғалмалы ойындар технологиясын терең меңгерту;
Ептілік, икемділік қабілеттерін дамыту;
Бәсекеге қабілетті болуға, ұйымшылдыққа, ззара көмектестікке тәрбиелеу.

Дағды: Балаларға ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын қалыптастыру, қимыл қозғалысын жылдамдыққа дағдыландыру.

Ойын іс әрекеті:Тақияны тез көршісіне кигізу.

Әдістемелік нұсқаулар.

Ойыншылар жанындағы көршісінің басына қолы жететіндей болып, шеңбер құрып отырады. Барлығы баскиімсіз отырады, тек жүргізушінің басында ғана тақия бар.Жүргізуші келесі сөздерді айтады: «Таудан тауға ! Таудан тауға!». Осыдан кейін басынан тақияны алып, оны оң жағындағы көршісінің басына кигізеді. Ал тақия кигізілген ойыншы дәл сол сөздермен солай келесі көршіге кигізеді. Тақия жүргізуші басын жауып «Таудың басына! Таудың басына!» сөздерін айтқанша шеңбер бойымен жүре береді. Сол кезде тақиябасында қалған ойыншы қандай да бір тапсырманы орындайды.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы Қозғалмалы ойындардың ережелерін, және техника қауіпсіздігін үйрету арқылы оқушылардыептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеу.

Ұсыныс: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін...

қатты дыбыс).					
2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.35 – 10.00					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Ақсақ құлан.(Аңызы) **ҰІӘ міндеттері:** - Л, р дыбыстарымен таныстыру; - тілдік қорын байыту; - халық ауыз әдебиетіне қызығушылығын ояту. **Дағды**: Қойылған сұрақтарға жауап береді, төлдердің дауысын сала білуге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** адамгершілікке, ізгілікке баулу, елжандылыққа, табиғаттың берген сыйына құрметпен қарауға тәрбиелеу; әдеби дүниетанымдарын кеңейту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Аңыз әңгімені оқыта отырып, сөйлеу тілін дамыту, сұрақ қойып жауап бере білуге үйрету. **Қауіпсіздігі:** - әңгіме арқылы ұлы адамдар өмірін өнеге ете отырып, адам бойындағы жақсы қасиеттерді, ақылдылығы мен тапқырлықты дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»**	**2.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Жер – біздің ортақ үйіміз. **ҰІӘ міндеттері:** - жердің барлық тіршілік иесінің ортақ үйі екенін ұғындыру. Адам табиғаттың негізгі бір бөлігі екенін, оның табиғатты қорғаудағы рөлін түсіндіру; -табиғат туралы түсініктерін кеңейту; -табиғатта өзін дұрыс ұстауға, оны қорғау арқылы Жер ғаламшарын құрметтеуге тәрбиелеу. **Дағды**: Жердің барлық тіршілік иесінің ортақ үйі екенін ұғындыру, адамның да табиғаттың негізгі бір бөлігі екенін, оның табиғатты қорғаудағы рөлін ұғындыру. **Құндылықтарға баулу:** Табиғатта өзін дұрыс ұстауға, оны қорғау арқылы Жер ғаламшарын құрметтеуге тәрбиелеу. Туған өлкелеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, отансүйгіштікке баулу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Қоршаған орта, табиғат	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Орман емшілері. (Максим Зверевтің әңгімесі) **ҰІӘ міндеттері:** - әңгіменің мазмұнын ойдан құрастыруға баулу; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Дағды**: Құстардың тіршілігі мен қоректенуі, олардың дауытарын және тигізер пайдасы жайлы түсінік бере отырып, сөздік қорларын дамыту және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру. Құстарға қамқорлық жасауға, қойылған сұрақтарға еркін жауап беруге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Құстарды күтіп – баптауға, аялауға, оларға мейірімділікпен қарауға және қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, адамгершілікке тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың тілін, ой - қиялын ұштау,	**2.Сөйлеуді дамыту-** коммуникативтік, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Суықторғай.(Әңгіме) **ҰІӘ міндеттері:** - әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету; -құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту; -құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу. **Дағды**: Құстарға қамқорлық жасауға, қойылған сұрақтарға еркін жауап беруге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Құстарға қатысты халық болжамдары, пайдасы туралы меңгерту. Балалардың тілін, ой - қиялын ұштау, дүниетанымын қалыптастыру, құстар әлеміне деген қызығушылығын арттыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Табиғаттың жаршысы - құстарды қорғауға, аялауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу. Құстарға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Балалардың қызығушылықтарын	**2.Көркем әдебиет-** қарым-қатынас, ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Жаңа жыл келді. (Сағи Жиенбаевтың өлеңі) **ҰІӘ міндеттері:** - өлеңнің эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу; -көркем сөзге қызығушылығын жетілдіру; -татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу. **Дағды**: Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. Жаңа Жыл мерекесіне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау,көңілді ойындар ойнату, достық қарым — қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату. Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге және өзара қарым-қатынасын дамытуға жетелеу. Ұйымшылдыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

	Күтілетін нәтиже: - қойылған сұрақтарға жауап береді, төлдердің дауысын салады; -аңыздың мазмұнын, құланның қандай аң екенін, аңдарға жамандық жасауға болмайтынын; -сөздерді буынға бөледі. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог жылқы тектес жануарлардың суретін іледі (жылқы, құлан). Әр суретке тоқталып, түсініктеме береді. – Құлан – жылқы сияқты жалы бар, аласа бойлы, тұяқты, жабайы жануар. Құлан Қызыл кітаптың қызыл парағынан орын алған. Құлан жылқы сияқты жүйрік, есекше ақырып, жылқыша пысқырынады. Құландар суда да жақсы жүзеді, кейде ені жалпақ өзеннен қиналмай-ақ жүзіп өте шығады. Олардың көргіштігі мен иісшілдігі өте сақ жануар екендігін аңғартады. Құландар ұшы-қиырсыз жазық далада үйір-үйірімен жүреді. Жаздағы қатты жел мен қыстың бораны құландар үшін өте қолайсыз. Құландар ауа райының құбылатындығын алдын ала сезеді. Жел, боран соғардан бұрын бұтаны, сай-саланы	пен тіршілік арасындағы байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту. Ойлау есте сақтау және зерделенуін, сөздерді анық айтуға машықтау және сөйлеу мәдениетін қалыптастыру табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу, жаратылыстың әрбір заты мен мүшесін құрметтеуге, қоршаған ортаны қорғауға, сақтауға үйрету. Сүйіспеншілік, мейірімділік қасиеттерін дамыту. **Қауіпсіздігі:** Жер туралы мәліметтерді, табиғаттың адам өміріндегі маңызы туралы білімді. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»** **Күтілетін нәтиже**: - өз ойын қорытындылайды, сұраққа жауап береді; -адамның табиғатсыз өмір сүре алмайтынын, ал табиғатты қорғау адам қолында екенін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Проблемалық сұрақ:** – Балалар, адамдар табиғатсыз өмір сүре ала ма?	дүниетанымын қалыптастыру, құстар әлеміне деген қызығушылығын арттыру. Табиғаттың жаршысы - құстарды қорғауға, аялауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Құстарға қатысты халық болжамдары, пайдасы туралы меңгерту. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»** **Күтілетін нәтиже**: - әңгіменің тақырыбын және авторын біледі, мазмұнын түсініп сұраққа жауапбереді; -құстардың үй құстары мен жабайы құстар, жабайы құстардың жыл құстары,отырықшы құстары және жыртқыш құстары болып бөлінетінін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңберін құру.** Педагог аудиожазбадан құстардың дыбысын тыңдатады. – Балалар, ненің даусын естіп тұрмыз? – Құстар қандай болады? Қандай құстарды білесіңдер? – Балалар, мынау ненің	арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»** **Күтілетін нәтиже**: - әңгіменің тақырыбын және авторын біледі, мазмұнын түсініп сұраққа жауапбереді; -құстардың үй құстары мен жабайы құстар, жабайы құстардың жыл құстары, отырықшы құстары және жыртқыш құстары болып бөлінетінін. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **«Торғайлар мен мысық» ойыны** Педагог мысық, ал балалар торғайлар болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңқайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың даусын естісімен «торғайлар» ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысықты» ауыстырады. Ойын осылай жалғаса береді. – Балалар, біз торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған жоқпыз. Бүгін жазушы Максим Зверевтің **«Суықторғай»** атты әңгімесімен танысамыз. **Суықторғай**	**Қауіпсіздігі:** Жаңа жыл туралы түсініктерін кеңейту. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»** **Күтілетін нәтиже**: -өлеңнің авторын атайды, өленді жаттайды; -өлеңнің мазмұнын түсінеді; -өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі, жаңа жылда алған әсерлері туралы айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** **Шаттық шеңберін құру.** Педагог үстелге шыршаны, қуыршақ Аязата мен Ақшақарды қояды. – Балалар, жақында қандай мерекені қарсы аламыз? – Қандай мереке шыршасыз өтпейді? Шырша қайда өседі? – Қазір жылдың қай мезгілі? Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды?

	сағалап, ықтасынға тасаланады. – Мен сендерге **«Ақсақ құлан»** аңызын оқып берейін. Аңыз деген – ерте кезде өмірде болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жетіп, аңызға айналған. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Ақсақ құлан** Жошы ханның жас баласы аңшылармен бірге жүріп, бұрыла қашқан ақсақ құланды жеке қуып кетіпті. Ашынған ақсақ құлан жүйткіп жетіп қалған балаға қарсы шауып, үріккен аттан бала құлап, қаза табады. Аңшылар баланың қаза болғанын ханға айта алмай, құлан қуып, жоғалып кетті деп келеді. Жошы хан қаһарын төгіп, «Баламды өлді деп естірткен адамның аузына ерітілген қорғасын құямын!» – дейді. Ешкім Жошы ханға шындықты айта алмайды. Ақыры бір домбырашы жігіт келіп, ханға қаралы хабарды күймен жеткізеді. Хан еріген ыстық қорғасынды домбыраға құйғызады. Содан домбыраның бетінде ойық пайда болыпты. **Сөздік жұмысы:** қорғасын – көкшіл сұр түсті металл – «Ақсақ құлан» аңызы ұнады ма? – Аңызда не туралы айтылған? **Сергіту сәті:** **«Арғымақ»** Мініп алып сабауға,	– Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды, ауа, Күн, сусыз тіршілік жоқ. Адам тіршілігі үшін қажетті заттардың бәрін табиғаттан алынады. Сондықтан Жер ғаламшары – бәріміздің ортақ үйіміз. – Жердің пішіні қандай? – Дөңгелек. Педагог беті шүберекпен жабылған затты үстелге қояды, жұмбақ жасырады. Домалақ тұрқы, Көк түс көп, сырты. «Білсін» деп жұрты Кішірейткен сиқы. (Глобус) Балалар глобусты ұстап, айналдырып көреді, түрі, пішіні туралы әңгімелеседі. – Глобус – Жердің кішірейтілген моделі. 1-слайд. Жердің сыртқы бейнесін көру үшін, адамдар оның кішірейтілген моделі – глобусты жасады. Неге ғарыштан Жер көгілдір болып көрінеді? – Су көп болғандықтан. – Жерде су көп пе, құрылық көп пе? – Су көп. – Ғарыштан түсірілген жерде көк түс көп, бұлар – мұхит, теңіз, өзен, көл, қоңыр түс – құрлықтар, ақ түс – бұлт. 2-слайд. Жер өз осінен айналады және Күнді айналады. Күнге қараған жағы – күндіз, көлеңке	суреті? (Слайдтан сурет көрсету, әңгімелеу). – Орманда қандай құстар өмір сүреді? Тоқылдақ не істеп жатыр? – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағаштың қабығы астындағы құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны орман дәрігері деп атайды. Тоқылдақтың тесіп, ойып кеткен ұясын басқа құстар мекен етеді. Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы қазақстандық жазушы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді . **Орман емшілері (әңгіме)** Тоқылдақ қарағай діңіне қонып, ағаш қабығын арши бастады. Қабық астынан зиянды көбелектер, қоңыздар ұрықтарымен қоса сау етіп төгілді. Орман шымшықтары қар үстіне келіп қонып, әлгі жәндіктерді теріп жей бастайды. Тоқылдақ келесі ағашты зиянды жәндіктерден тазарту үшін ұшып кетті. Шымшықтар одан бір елі қалатын емес. Осылайша олар қыс бойына тоқылдақтың арқасында тамақ асырап шығады. Кенет қар бетінде	Қыстыгүні қатты аязда таудан аққан өзеннен бу шығып жатады. Екі жағалауына көкпеңбек жалтыр мұз қатады. Өзеннің тек ортасы ғана мұзсыз. Осындай кезде шыр-шыр етіп, мұз үстінде жорғалап торғай жүреді. Ол – қайқы құйрық, кішкентай қара торғай. Торғай шолп етіп ағынды суға сүңгіп кетеді. Оның мөлдір судың түбінде жорғалап, тастардың ара-арасын шұқылап жүргенін анық көруге болады. Әне, ол пыр етіп қайтадан жағаға ұшып шықты. Тырнақтарының ұшына мұз қатып қалған. Оны да елең қылмастан, зыр-зыр жорғалап, баяғысынша әндетумен болады. Бұл қандай ғажап құс! Бұл құсты суықторғай дейді. Ол қысы-жазы бірдей жемін судың түбінен табады. **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** көкпеңбек жалтыр мұз. Педагог балаларға әңгіменің мазмұны бойынша сұрақтар қояды. – Әңгімеде жылдың қай мезгілі суреттелген? – Әңгіме не туралы? – Суықторғайды сипаттап бер. – Суықторғай жемін қайдан табады? – Суықторғайды не үшін ғажап құс дейді? – Балалар, құстар үй құстары және жабайы	– Бүгін біз ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді **Балаларға көрсету әрекеті:** **Сөздік жұмысы:** жылыстап – ақырындап, біртіндеп әзір – дайын Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады? Авторы кім? Өлең не туралы? – Жаңа жылда балалар не істейді? Жаңа жылда бізге кім келеді? – Аязата мен Ақшақарды сипаттап бер. **Сергіту сәті** Қар борайды оң жақтан, Қар борайды сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Тіл ұстарту жаттығуы:** Ша-ша-ша – жап-жасыл шырша. Педагог «Жаңа жыл келді» өлеңін екінші рет қайталап оқиды. Жаңа жыл келді Аспан жерге төгеді Ақ күмісін уыстап. Жаңа жыл да келеді Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл! (Сағи Жиенбаев) – Өлеңнің бірінші жолы

	Асыр салып жүр інім. Достары тұр маңайда, Қызық көріп қылығын. Жақын келген баланы Қағып-соғып кетеді. Арықтардан алдағы Қарғып-қарғып өтеді. (Қ. Баянбаев) **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Педагог балаларды жаңа дыбыстармен таныстырады. Р, л дыбыстарының дұрыс артикуляциясы: ерін, тіл сәл ашылып, тілдің ұшы үстіңгі тістің түбіне тиеді. Л дыбысын айтқанда тілдің ұшы жоғары көтеріліп, тістің түбіне тиеді. Ал тілдің артқы жағы көтеріңкі, ортасы ашық болып, екі жағы тіске тимей, дем осы тілдің ортасынан шығады. Бірге қайталап айтайық. – **Л, р** – дауыссыз дыбыстар. **Бірге айтып қайталайық.** «Л» – дауыссыз дыбыс. "Л" дыбысының буын арасында кездесуі. Ла-ла-ла – лақ. Лә-лә-лә – Ләззәт. Да-да-да – дала. До-до-до – долана. Құ-лан. Құ-лақ. **Дидактикалық ойын: «Л, р дыбыстарының орнын анықта»** Лақ, құлан, құлақ, бал, Райхан, айран, қырық, қыр, жыр **Үлестірмелі материалмен жұмыс**	жағы түн болады. Педагог балаларды түнгі шам және глобус тұрған үстелге шақырады. Шам Күнді бейнелейді. Шамды жағып балаға глобусты ақырын айналдыруды сұрайды. – Глобусқа шам жарығы түскен түскен беті қандай болды? – Жарық. Бұл жердегі күндізгі уақыт. – Ал жарық түспеген жағы қандай болды? – Көлеңке. Бұл жердің түнгі уақыты болады. Ойын «Күн мен Жер». (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу) Интербелсенді тақтадан «Жер-ана» экологиялық ертегісі көрсетіледі. – Ертегі не туралы? – Адамдардың «Жер-ананы» қалай пайдаланатыны туралы, қандай зиян келтіріп, жерді зауыттар мен фабрикаларға толтырып, зиянды қалдықтарды мұхиттарға, өзен-көлдерге төгіп жатқаны туралы айтылады. Жұмбақ шешу: Бір шетінде – жаз, бір шетінде – күз, бір шетінде – қыс, бір шетінде – көктем, керемет алып неткен? (Жер шары) **Балаларға көрсету әрекеті:** 3-слайд. Жер шарының ластануы туралы: фабрика мен зауыттардан шыққан көк түтін, жергілікті өзен-	қаршығаның қара көлеңкесі пайда болды. Шымшықтың біреуі қанатты жыртқышты байқап қалды да, үрейлене шиқылдай жөнелді: – Қашыңдар, қаршыға келіп қалды! Сол сәтте-ақ шымшық атаулы түп-түгел бұтақтардың арасына зып етті. Сары көзді қарақшы сұм құралақан қайтты. Осылайша шымшықтар тоқылдақты күзетеді. Ал тоқылдақ оларға жем тауып беруге көмектеседі. Сөйтіп, бәрі бірігіп жүріп орманды зиянды жәндіктерден тазартып, емдейді. **Балаларға көрсету:** **Сөздік жұмысы:** жыртқыш құс – ұсақ құстарды аулап қоректенетін құс ағаштың діңі – ағаштың ең негізгі бөлігі **Сұрақ-жауап:** – Әңгіме не туралы? Авторы кім? – Тоқылдақ ағашта не істеді? Ағаштың қабығынан не төгілді? – Орман шымшықтары тоқылдаққа қандай көмек көрсетті? – Орманды зиянды жәндіктерден не қорғайды? **– Құстар сөзіне сөйлем құра.** **Сергіту сәті** Қолымызды созайық,	құстар болып екіге бөлінеді. – Әңгімедегі суықторғай қандай құсқа жатады? Ойынды ортаға сал. Жабайы құстар қыстап қалатын құстар, жылы жаққа ұшып кететін құстар және жыртқыш құстар болып бөлінеді. – Жыртқыш құстарға қандай құстар жатады? **Суретпен жұмыс** Педагог балаларға сурет көрсетеді. Суретте жемсауытта отырған құстар – торғай, қарға, көгершін, сауысқан. – Балалар, қазір ауладан қай құсты көріп жүрсіңдер? Оларға қамқорлық жасап, жем, нан үгіндісін сеуіп жүру керектігін ұмытпаңдар. Балалардың назарын екінші суретке аударады: тоқылдақ, қарлығаш. – Мына жерден өздерің білетін құстарды атаңдаршы. – Құстардың қандай пайдасы бар? Тоқылдақ ағаштың қабығы арасынан құрттарды теріп жейді, сондықтан оны ағаш дәрігері деп атайды. – Қарлығаш ұясын қай жерлерге салады? – Торғайдың ұясын бұзған баланы кім дейміз? Педагог балалардан сұрағына жауап алады. Сергіту сәті Сергіту жаттығуларын ақын Х. Талғаровтың «Торғай» өлеңімен жасатуға болады.	қалай басталады? Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын жаттату тәсілін пайдаланады. Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суретте балалар не істеп жатыр? Әр балаға ат қой. Жаңа жыл мерекесі қалай тойланады? 2. Жұмбақты шеш. Жасыл ине киімім, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласаң, Төріндемін үйіңнің. (Шырша) 3. Жаңа жылды қарсы алу үшін қажетті заттарды шыршаға сызып қос. Балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. **Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» (баланың қиялын дамыту)** **Шарты:** екі шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Шыршаны өздері қолдан жасаған қағаз ойыншықтармен безендіру. Жылдам безендірген топ жеңімпаз. Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Сен жаңа жылды қалай қарсы аласың? Үйдегі

	1. Суретке қара. Құлан туралы не білесің? Ол қандай жануар? Сөзді буынға бөл. 2. Суретті бастырып сыз. Домбыраны боя. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	көлдердің ластануы, ормандағы қоқыс, өсімдік, жануарлардың жойылуы... – Біздің елде табиғат қалай қорғалады? – Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңы бойынша Қазақстанның әрбір азаматы табиғатты қорғауға, табиғат байлығын сақтауға міндетті. Барлық адам табиғатты қорғауы керек. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** 4-слайд. Жердің ғарыштан түсірілген суреті бойынша әңгімелейді. – Қандай түстерді көріп тұрсыңдар? – Жасыл, сары, қоңыр, көк. – Жасыл түспен не бейнеленген? – Жазық. – Қоңыр түспен ше? – Таулар. – Сары түспен не бейнеленген? – Шөлдер. – Көк түспен не бейнеленген? – Мұхит, теңіз. Педагог балаларды Қырағыға «Жеріміздің табиғатын қорғауға не кедергі болуы мүмкін?» деген сұраққа жауап табуға көмектесуге шақырады. Педагог алдын ала дайындалған қатырғықағаздан қиылған дөңгелектерді балаларға таратып береді, балалар түрлі түсті ермексазды	Құстай қанат қағайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. Балалар қимылмен орындайды. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Педагог әңгімені қайталап оқиды. Әңгімені сюжет бойынша бір бала бастап, екінші бала жалғастырады. Педагог балалардың әңгімелеуін бағалайды. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Орман дәрігері деп қай құсты айтады? Құстар қалай тіршілік етеді? 2. Жұмбақты шеш. Тоқылдатып, мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ) 3. Суретте қай құс жасырынған? Боя. 4. Ұйқасын тап. Тұмсығымен шымшып, Құрт тереді ... . (шымшық) **«Қыстап қалатын және ұшып келетін құстар» ойын-жаттығуы** **Мақсаты:** қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын айыра білуге үйрету. Материал: қыстап қалатын құстар мен жыл құстары бейнеленген иллюстрация. Балалар екі топқа бөлінеді, бірінші топ жыл құстары бейнеленген суреттерді, ал екінші топ қыстап қалатын құстар бейнеленген	Торғай, торғай, торғайсың, Таяу келіп қонғайсың. Жем шашайын, тойып ал, Сонда аязға тоңбайсың. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Ж, ш** дыбыстарының дұрыс артикуляциясы: ж, ш дыбыстарын айтқанда тілдің ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді. **Ш дыбысын дұрыс естіп, ажыратуға арналған жаттығулар:** Ша-ша-ша – шана Шу-шу-шу – шуда Шы-шы-шы – шыны Ше-ше-ше – шелек Ши-ши-ши – шие Шө-шө-шө – шөп Аш-аш-аш – ашық Ұш-ұш-ұш – ұшқыш Ыш-ыш-ыш – қыш Өш-өш-өш – көш **Жаңылтпаш айту** – дыбысты дұрыс айтқызудағы ұтымды тәсілдердің бірі. Шемішке шақсаң шақ, Шапшаң шақ. Шөбіңді шапсаң шап, Шапшаң шап. (Қ. Мырза Әли) **Ж** дыбысын буын ішінде келтіру. Жа-жа-жа – жалау Жо-жо-жо – жол Жу-жу-жу – жусан Жы-жы-жы – жылан Жи-жи-жи – жидек Же-же-же – жер Жә-жә-жә – жәшік Аж-аж-аж – гараж – Жаңылтпаш айтайық.	шыршаны қалай безендіресің? Балаларды мадақтау.

		жағып, Жер бедерін жасайды, гүлдермен әсемдейді. Қырағының пайымдауы: Жер ғаламшарын сақтау керек. Сергіту сәті (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). Үлестірмелі материалдармен жұмыс: 1. Қырағыға Жер ғаламшарының неге қуанғаны мен неге мұңайғанын түсіндір. Қай суретті қайда орналастырасың? Сызықпен қос. 2. «Жер-ана – біздің асыраушымыз» дегенді қалай түсінесің? Әңгімеле. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.	суреттерді жинайды. Ойыннан кейін жыл құстары панно түрінде орналастырылады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Қыста құстарға қандай қамқорлық жасаймыз? Балаларды мадақтау.	Жоғалды бес шыбыш, Жоқ әлі еш сыбыс. Жоқ әлі еш сыбыс, Жоғалды бес шыбыш. (Қ. Мырза Әли) **Үлестірмелі материалмен жұмыс** • Бұрыс қылықтарды қызыл түспен, дұрыс қылықтарды жасыл түспен боя. • Теріс қылық көрсеткен балаға қандай ақыл айтар едің? Балаларды екі топқа бөліп, бірінші топқа санағыштан қараторғайға ұя құрастыру тапсырылады. Екінші топқа кірқыстырғыш таратылып, қарлығаш ұясын құрастыру тапсырылады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.	
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. **10:00-10:10** **Ас қабылдау мақсаты:** Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас	**Үнемді тұтыну мақсаты:** берілген тағымды толық ысырыпссыз жеуге**,** мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыра отырып дағдыландыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
	«Адал азамат» біртұтас тәрбие				
	- Тамақ ішіп отырған кезде көп сөйлеуге болмайды. **- Тамаққа үлкен адамдардан бұрын қол созба.** **- Нанды екі қолмен үзіп жеу керек.** **- Тамақты асықпай ішіп үйреніңдер, асығып ішкен тамақ ас болмайды.**				

құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. **Дағды:** Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.	**«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»	**«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Дәнді шашпа, нанды баспа	**«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ...ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» Ас адамның арқауы.	**«Тамақ ішу әдебі» «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» анимациялық бейнероликтер топтамасын басшылыққа алу ұсынылады ҮНЕМДЕУ...ЕҢБЕК... ДАҒДЫ... ӨСИЕТ...** «Астарың дәмді болсын!» «Нан тағамның атасы», «Нанды шашпай, үгітпей жейміз»

2 үзіліс – 10:00 – 10:10

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті **(ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету**) түрінде іске асырылады.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында

Қозғалмалы жүгіруге арналған ойын: «Екі Аяз»

Басты міндеттері: Топпен қарым-қатынасты нығайту, шапшаң қозғалуға баулу.



Қозғалмалы,жүгіруге арналған ойын:

«Екі Аяз»

Ойын міндеті: Топпен қарым-қатынасты нығайту, шапшаң қозғалуға баулу.

Дағды:Балалардың жүгіру қабілеттерін дамытып, тез қозғалуға дағдыландыру.

Ойын шарты: Ойын алаңынан екі жақ шетінде «үй» болады. Алаңның бір жақ шетінде барлық ойыншылар тұрады. Аяздар: « Мен Аяз қызыл мұрын, мен Аяз көк мұрын, кім аяздан қорықпайды, сол батылдық жасайды» дейді. «Біз аяздан қорықпаймыз» деп ойыншылар алаңның екінші шетіне жүгіріп өтуге тырысады. Кімге Аяздың қолы тисе сол қатып қалу керек. Аяздың қолы тимеген ойыншылар жеңеді.

Ықтимал күрделендіру:тез ойла,тез қозғал.

Тіл ұстарту жаттығуы:

Далада қар борайды,(қар-қар)

Ақ мамыққа орайды.(ақ-ақ)

Мұз болады, қатады (мұз-мұз)

Жып-жылтыр болып жатады. (жып-жылтыр)

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 10.10 – 10.35

Білім беру ұйымының кестесі бойынша	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын,	**3.Жапсыру-** шығармашылық,коммуник	**3. Сауат ашу негіздері-** тілдік қарым-қатынас,	**3.Қазақ тілі-** коммуникативтік, ойын,	**3.Қоршаған әлеммен танысу-** тілдік қарым-

ҰІӘ (ұйымдастырылған іс-әрекет)	танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Менің киімдерім. **ҰІӘ міндеттері:** - сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру, киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету; -киімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету; -сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту. Артикуляциялық аппаратты дамыту. **Дағды**: сұрақтарға дұрыс жауап беру дағдыларын жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** Баланы тазалыққа, әдептілікке тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балалардың сөздік қорын молайтып, қазақ тілінде еркін сөйлей білуіне жол ашу. Киімдер мен ыдыстардың аттарын бір - бірінен ажыратып салыстыруға үйрету. **Қауіпсіздігі:** Гигиенаға үйрету, киімдерді таза, ұқыпты киюге шақыру. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»** **Күтілетін нәтиже**: - киімдерін меншіктеп және жекеше және көпше түрде	ативтік, ойын әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Айдарлы әтеш.Түлкі. **ҰІӘ міндеттері:** - үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту; - түлкінің бейнесін қию арқылы пішіндер туралы түсініктерін нығайту; -бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; -ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту , -ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. **Дағды**: үйлестіре отырып жапсыруды, дұрыс қолдануға үйрету дағдыларын қалыптастыру. **Құндылықтарға баулу:** Сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру; қиюдың түрлі тәсілдерін сәндік қолданбалы өнер элементтерін жапсыруда қолдана білуді үйрету, саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; ою атауларын еске түсіру; ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту;жапсыруда	ойын, танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Біз нені үйрендік,нені білдік? [ч] **ҰІӘ міндеттері:** - суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру; -қайырымдылық, қамқорлық сөздерінің мағынасын түсіндіру арқылы ақыл-ойларын дамыту; -мамандық түрлерімен таныстыру арқылы еңбек етуге тәрбиелеу. **Дағды:** Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру. **Құндылықтарға баулу:** Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. Өз ойын ашық білдіруге, өзіндік жұмыс істеуге, сауатты жазуға дағдыландыру. Көркем жазуға, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа және де өз елін құрметтеуге баулу. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларды бауырмалдыққа, бір - бірін қолдауға, достарының сөздерін тыңдай білуге, топпен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** Сөйлемнің сөзден құралатыны, белгілі бір	танымдық іс-әрекеті. **ҰІӘ тақырыбы:** Қысқы киім. **ҰІӘ міндеттері:** - 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Тақпақ жаттау үйрету; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, игерген сөздерін қолданып, сөйлем құру дағдыларын дамыту. **Дағды**: киімдерді атап, топтай алу, сұраққа қысқа сөйлеммен жауап беруге,дұрыс айтуға дағдыландыру. **Құндылықтарға баулу:** Сабаққа қызығушылығын оята отырып өз сөзімен әңгімелеуге ой-өрісін дамыту. Қызығушылық белсенділігін ояту. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуге, киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу. **Қауіпсіздігі:** балалар бойындағы адамгершілік қасиеттерді дамыту. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»** **Күтілетін нәтиже**: - киімдердің қазақша атауларын, сөз тіркестерін айтады, тақпақ жаттайды; киімдердің атын, сынын білдіретін сөздерді	қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. **ҰІӘ тақырыбы:** Қардың пайдасы. **ҰІӘ міндеттері:** - қардың түзілуі жайлы жалпы мәлімет беру; -қардың қасиеттері туралы балалардың білімін бекіту арқылы «суық», «дымқыл», «жеңіл», «жарқырауық», «жылтырақ», «қатты» деген сөздермен сөздік қорларын байыту; -табиғат құбылыстарын зерттеуге қызығушылық шақыру. **Дағды**: Қар туралы ,оның жауып тұрғандағы көрінісінің әдемілігі жөнінде түсіндіру.Балаларға қардың ерекшелігін білдіру: түсі ақ,жұмсақ ,суық екенін өз беттерімен атап айтуға үйрету. Таным қызығушылықтарын артыра отырып достыққа баулу. **Құндылықтарға баулу:** Балалардың қыс мезгілінің құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатты бақылауға, жақсы көруге, қоршаған ортаның сұлулығын көруге тәрбиелеу. Қыс мезгілінің ерекшелігі жайлы түсінік беру.Тәжірибе арқылы мұздың қасиетімен таныстыру. **«Адал азамат» біртұтас тәрбие:** Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қардың қасиеттерімен

	айтады; -киім атауларын түсініп, дұрыс көрсетеді; -дыбыстарды, сөздерді дұрыс айтады,сұраққа қысқа сөйлеммен жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Өткен «Қысқы орманға саяхат» тақырып бойынша сөздерді естеріне түсіреді. Педагог құстарды атайды, балалар олардың суреттерін тақтаға іледі. Балалар әр дұрыс жауап үшінфишкадан алады, соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады. **Дидактикалық ойын:** «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері). –Көйлек неге артық? –Көйлек – киім. –Сендерде қандай киім бар? Қуыршақ киімдері арқылы *жейде, шалбар* сөздерін естеріне түсіру. –Көйлек, шалбар, жейде – нелер? –Көйлек – киім. Шалбар – киім. Көйлек, жейде, шалбар – киімдер. Мынау – ұзын жең жейде. Мынау қандай жейде? Мынау – ұзын жең жейде. Мынау – қысқа жең көйлек. Мынау қандай көйлек?	бірнеше бөліктерден бейнелерді суреттеуге баулу;түстердің тану білімін тексеру.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Жануарларды қорғауға тәрбиелеу. Құстарды атап шығады және олардың үй құстары екенін анықтайды. **Қауіпсіздігі:** Баланың ізгілік қасиетін дамыту. Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қимылын ұштау. **Коррекциялық:** Қайшыны қолдану іскерліктерін бекіту;ойлау,есте сақтау қабілеттерін,ұсақ қол қимылдарын дамыту Ұқыпты жұмыс істеуге, бір-бірінекөмектесе білуге баулу. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»** **Күтілетін нәтиже**: - түлкі мен әтешті бірнеше бөліктерден жапсырады; -үйлестіре отырып жапсыруды. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Балалар, үй құстары – қаз, тауық, әтеш, үйрек бір-бірімен қалай амандасатынын білесіңдер	тиянақты ойды білдіретіні туралы түсінік беру; Сөйлемнің алғашқы сөзін бас әріптен бастап жазып, соңына тыныс белгісін дұрыс қоюды үйрету. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»** **Күтілетін нәтиже**: - суретке қарап сөйлем құрайды, сызбасын сызады, суреттегі заттың атауына сызба құрайды; -сөйлем неден құралатынын түсінеді; -сөйлем сызбасын дұрыс қолдана алады. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Педагог балалармен «Кім не істейді?» ойынын ойнау арқылы балаларды ұйымшылдыққа шақыра отырып, ұйымдастырылған іс-әрекетті бастайды. 1. Шофер не істейді? 2. Ұшқыш не істейді? 3. Етікші не істейді? 4. Бағбан не істейді? 5. Ұста не істейді? «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. ***Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»*** Педагог дыбыстар айтады. Егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны	түсінеді; киімдерді атап, топтай алады, сұраққа қысқа сөйлеммен жауап береді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Өткен «Менің киімдерім» тақырыпты қайталау. Дидактикалық ойын: «Бұл кім?». Аталған киімдері (көйлек, шалбар, жейде) бойынша баланытабады. Қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс). –Қыс қандай? (Қыс суық). Адамдар қыста жылы киім киеді.Жылы, жы-лы. Жылы киім. Қысқы киім жылы. Қысқы киім ...(жылы). Балалар сөйлемді жеке-жеке, хормен аяқтайды **Балаларға көрсету әрекеті:** Интербелсенді тақтада компьютерлік ойын: **«Қуыршақты киіндіру».** –Қуыршақ не киді? *Балалар ойын барысында қуыршаққа кигізген таныс киімдерді атайды.Жаңа сөздермен таныстырады. Балалар жаңа сөздерді жеке, хормен айтып жаттығады.* –Қуыршақ күрте киді. –Қуыршақ не киді? –Қуыршақ күрте киді –Күрте жылы. –Күрте қандай?	таныстыру, ақ ұлпа қар туралы түсініктерін кеңейту. Тіл байлықтарын, есте сақтау, сөздік қорын молайту, саусақ маторикасын дамыту. **Қауіпсіздігі:** Қауіпсіздік ережелерін айта отырып, ұқыпты таза жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. **Апта дәйексөзі**: **«Бірлік – біздің байлығымыз!»** **Күтілетін нәтиже**: - қар қыста жауатының; -қар жылы жерде ериды; -қар туралы сұрақтарға жауап берді. **Педагог әрекетінің алгоритмі:** балаларға айтып беру, балаларға көрсету, балалармен бірге орындау. **Балаларға айтып беру әрекеті:** Көлтауысар балаларға балабақшаға келе жатып, аспанда қалықтап ұшып жүрген аппақ ұлпаларды көргенін, оларды құстардың қауырсындары деп ойланып қалғанын әңгімелеп береді. Жұмбақ жасырады: Аппақ, бірақ сүт емес, Аппақ, бірақ бор емес, Аспаннан ол түседі, Даланы ақпен жабады. (Қар) – Балалар, сендерге қар жауған ұнай ма? – Қар қалай жауады? – Түйіршіктеліп, жапалақтап, қалықтап, мұздақтап т.с.с.

	Мынау – қысқа жең көйлек. Сөйлемдерді айтып жаттығады. *Жең, ұзын* сөздерін дұрыс айтып жаттығу.Ең-ең-жең. Ұұзын жең. Қа-қа-қысқа – қысқа жең. **Балаларға көрсету әрекеті: Суреттермен жұмыс.** –Мынау – шұлық. Шұ-лық. –Мынау не? –Мынау – шұлық. –Мынау – шұлықтар. –Мынау нелер? –Мынау – шұлықтар. –Мынау – жемпір. Жем-пір. –Мынау не? –Мынау – жемпір. –Мынау – жемпірлер. –Мынау нелер? –Мынау – жемпірлер. –Жемпір – киім –Жемпір не? –Жемпір – киім. –Сен не кидің? (Балалар өз киімдерін атайды). –Сенің көйлегің қандай? –Менің көйлегім қызыл (ұзын жеңді, әдемі). **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұ-ұ- шұұ-лық – шұлық І-і-і-і- жем-жем-піір- жемпір Қима материалдар арқылы меншіктеп айтып жаттығу. *Менің жейдем ақ. Менің жемпірім көк. т.с.с.* Сергіту сәті. Жаттығу жасаймын 1 – 2 – 3, 1 – 2 – 3, Сымбатты боламын.Айнаға қараймын Шашымды тараймын.Әдемі	ме? Құстар сөйлесе білмесе де өздеріне тән дыбыс шығарып, өзара бір- бірімен амандасады. Адамдар сияқты қарым-қатынаста болып, бір-бірін жақсы түсініседі. Мысалы: әтеш шақырады, тауық қыт-қыттайды, қаз қаңқылдайды т.с.с. – Балалар, бұл қай ертегі? Педагог жабайы аңдардың суреттерін (аю, түлкі, қоян, қасқыр т.б.) көрсетіп, балалармен олардың тіршілігі, мекені, қорегі туралы әңгімелейді. Ойыншық түлкіні балаларға көрсетіп: – Қараңдаршы, мынау – түлкі. Ал түлкінің баласын «жәутік» деп атайды. Оны естеріңде сақтаңдар. – Түлкінің түсі қандай? – Құйрығы қандай? – Жақсы, балалар, ертегідегі түлкі мен бауырсақтың кездесуін еске түсірейік. Ешкімге алданбаған бауырсақ түлкіге қалай алданды? Иә, түлкі әрі қу, әрі айлакер. Ол осы айлакерлігінің арқасында ешкімге алданбайды, керісінше алдайды. **Балаларға көрсету әрекеті:** –Кәне, бір-бірімізбен әтеш, тауық, қаз сияқты амандасайық. №1, 2, 3, 4 слайдтан үй құстарын көрсете отырып, әңгімелеу (тауық, әтеш, қаз, үйрек).	желбіретеді. **Балаларға көрсету әрекеті:** ***Дидактикалық ойын: «Дұрыс таңда»*** (*Педагог тақтаға алма, ағаш суреттерін және олардың дыбыстық сызбасын іледі.* – Сөздегі дыбыстарды анықтаңдар. Қай сөзге қандай дыбыстық сызба тиісті? Балалар дыбыстық талдау жүргізеді. Суреттерді тиісті сызбамен саластырады. Педагог көмек керек балаларға көмектеседі. ***Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап»*** – Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті атайсыңдар. Сол сөз дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласыңдар. Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** ***Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата»****(доппен)* – Балалар, мен сендерге допты лақтырып, сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасыңдар да, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: *жаман-жақсы,*	–Күрте жылы. –Мынау – тон. –Мынау не? –Мынау – тон. –Тон жылы. –Тон қандай? –Тон жылы. –Қыста тон киеді. –Қыста не киеді? –Қыста тон киеді. –Мынау – қолғап. –Мынау не? –Мынау – қолғап. –Қолғап – қысқы киім. –Мынау – құлақшын. –Мынау не? –Мынау – құлақшын. –Құлақшын жылы. –Құлақшын қандай? –Құлақшын жылы. –Мынау – етік. –Мынау не? –Мынау – етік –Етік жылы. –Етік қандай? –Етік жылы. Тон, күрте, қолғап, құрақшын, етік – қысқы киім. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** **Сергіту сәті.** Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт-сарт-сарт Шапалақты соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз, Етік киіп аламыз. Топ-топ-топ Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз, Тонды киіп аламыз. Зу-зу-зу етіп, Шанаменен зулаймыз. Шынығамыз жалықпай,	– Біз қардың қалай түзілетіні жайлы әңгімелесеміз. Интербелсенді тақтадан қардың түзілуі жайлы бейнебаян көрсетіледі. Теңіз, мұхит, өзен, көлдегі су буланады. Бу түрінде судың ұсақ бөлшектері аспанға жоғары көтеріледі, бу салқындап, бір-бірімен қосылып, қар түйіршіктерін түзетін шағын кристалдарға айналады. Қар бүршіктері бұлттарға жиналады, олар көбейіп, толып кетеді, ауырлағанына қарай, ақырын жерге түседі. Қар түйіршіктері – кристалдар, бу бұлтқа түскен бойда олар бірден жеңіл, нәзік қар түйіршіктеріне айналады. Жерге құлаған кезде қар түйіршіктері бір-біріне жабысып, қатты аяз болмаса, үлпек қар түзеді. Жерге аппақ, жеңіл, жарқыраған қар басады. Балалар, таңертең бақшаға келе жатқанда, қардың қандай қасиеттерін байқайсыңдар? **Балаларға көрсету әрекеті:** – Қарды басқанда, сықырлайды, қар жылтырайды, ұсақ бөлшектері көз қарықтырып жылтырайды, жарқырайды. – Қардың қандай түрлері болады? – Дымқыл, құрғақ, үлпілдек. – Қандай қардан аққала

	көйлек киемін Таза болып жүремін. Қима суреттермен жұмыс. Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет». Педагог киімдердің атауларын жекеше, көпше түрде және олардың түр-түстерін атайды.Балалар сөздерді қайталап, сөзге сәйкес суретті көрсетеді. Мысалы: көйлек, көйлектер, сары көйлек, қысқа жең жейде.	– Үй құстарын қалай күтіп-баптау керек? – Өте дұрыс айтасыңдар. Мен сендерге жұмбақ жасырайын. Сол жұмбақты шешсеңдер, бүгінгі оқу қызметінде қиып жапсыратын қандай үй құсы екені белгілі болады. №1 слайдтан түлкінің дене бөліктерін, жасалу жолын көрсету. Педагог жұмыс барысында жекелеген балаларға көмектеседі. Шаршыны кесу сызығы арқылы екі бөлікке бөлеміз. Үлкен үшбұрыш –денесі. Кішкентай үшбұрыштардың біреуі – басы, жоғарыдағы екеуі – құлағы.Сопақша – құйрығы. «Көлеңке» қимылды ойыны. Көлбең-көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Түлкі қалай жүреді, Кім көрсете біледі? – Ал, балалар, біраз сергіп алдық, енді жұмысымызд жалғастырайық. Түлкінің қалған бөліктерін қиып алайық. Қиып дайындаған бөліктерді 22-беттегі 8.1-үлгіге жапсыру тапсырылады. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** Бұрап қойған сағаттай, Айқайлайды таң атпай. – Ол не? (Әтеш) Жұмысымызды бастамас бұрын, сюжетті суретте	*ақ-қара, ақылды-ақымақ, білімді-білімсіз т.б.* ***Дидактикалық ойын: «Буынға бөл»*** – Мен сендерге суреттер көрсетем, сендер суретті атап, атауын шапалақпен буынға бөліңдер. Мысалы: *жа-пы-рақ, жү-зім, ке-ру-ет, тү-йе, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы* т.б. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** **Сергіту сәті:** **Толқын** Айқастырып саусақтарды біз, Толқындарды тербетеміз. Шалқытып көк толқындарды, Жайменен біз әндетеміз. 1. Суретке қарап, сөйлем құра. Сызбасын сыз. 2. Сөздерді буынға бөліп айт. 3. Суреттерді ата. Тиісті дыбыстық сызбамен қос. **Жұмыс дәптерімен жұмыс** *(графикалық жұмыс)* **Саусақ жаттығуы:** Партадағы саусақтар Адымдайды, жүреді. Өнерлі бұл саусақтар Сурет сала біледі. Ортанғы мен сұқ саусақ Түйеқұсты салады. Төңкеріліп аспанға, Қоян да бола қалады. 4. Штрихта. 5. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс	Коньки, шаңғы тебеміз. **Дыбыстық жаттығу** (айнамен орындалады). Ғ-ғ-ғ- ғап-қолғап- қолғап Ұ-ұ-ұ-ұл-құл-құ-лақ-шын. Тақпақ жаттау: *педагог киімдерді қайталап, тақпақ жаттауды ұсынады.* Мен естияр баламын, Өзім кие аламын. Көйлегімді, күртемді, Аяққиім, пәлтемді. Інімді де үйретем, Жөн жобамды көрсетем. Е.Өтетілеуұлы **Қима суреттермен жұмыс. Дидактикалық ойын:** «Қайтала, көрсет». Педагог киімдерді атайды, балалар сөзді қайталап суретін көрсетеді.	жақсы соғылады? – Дымқыл қардан, өйткені дымқыл қар жабысқақ, аққала соғу оңайға соғады. – Қардың көп жауғаны жақсы ма? Интербелсенді тақтадан даладағы қар тоқтату жайлы бейнебаян көрсетіледі. – Қар тоқтату жұмысы ауылшаруашылығы үшін маңызды. Орманы аз, жел жиі соғатын ашық далаларда көп қолданылады. Қар тоқтатудың түрлері: егістікке қалқа орнату; қардан жал, десте жасау; егістікке ықтасын жасау. Құрғақшылық жиі кездесетін аймақтарда қар тоқтату әдісі жақсы қолға алынған. Топырақта ылғалдың біршама қорын жинаса, мол өнім алынады. Оңтүстік аймақта қар қыстайтын дақылдарды (күздік дәнді дақылдар, кейбір майда жемістер, көпжылдық шөптер) қысқы және ерте көктемгі суықтан қорғайды. – Қар тоқтату жұмыстары не үшін жүргізіледі? – Егістік жерлердегі ылғалды ұстау үшін. **Балалармен бірге орындау әрекеті:** – Балалар, мен сендерді «Қар зертханасына» шақырамын, – дейді Көлтауысар. Балалар сырттан әкелінген қарды ұстап, оның суық екенін

		бейнеленген әтешке назар аударайық. – Әтештің басында несі бар? – Қанатын қалай атауға болады? **Сергіту сәті:** **«Балапандар»** ойыны. Бәрі бірігіп топ болып ойнайды. Ойынды сүйемелдеу үшін көңілді музыка қоюға болады. Қалған бөліктерін асықпай қию керек, өйткені ойық тұстарын абайлап қимасаң, дұрыс болмай қалады немесе басқа жері қиылып кетуі мүмкін. Енді осы қиып алған бөліктерді үлгіге жапсырамыз. Міне біздің «Айдарлы әтешіміз» дайын болды. - Әтеш қандай құс түріне жатады екен? (үй құсы) - Әтеш қалай шақырады? (ку-ка- ре- ку) - Әтешті қандай материалдарды пайдаланып жапсырдық? Педагог қорытындылап, балаларды мадақтайды. Балалармен жұмысты талдайды.	отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алғызып, алдымен ауада жаздырады. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу. – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.		айтады. Ыдыс ішіндегі қардың бөлме ішінде ери бастағанын бақылайды. Еріген қарды стақанға құйып, оның лас су екенін айтады. Аязды күні даладағы су қатып, мұзға айналатыны да айтылады. Бір кесек мұзды ыдыстағы суға салып, оның суға батпайтынын зерттейді. Педагог қарды қатты тығыздап, қолына қысып, кесек жасап, сосын суға салады, екінші ыдыстағы суға тығыздамай, бос қарды батырады. Бос қардың бірден еріп кеткенін, өйткені оның өте жеңіл екенін, ал тығыздалған қардың бос қардан ауыр екенін айтады. Тығыз қар біраз қалықтап, суға ерімей батқанын көреді. Педагог балаларға қар салынған бір контейнерге тұз себуді ұсынады, екінші қар салынған ыдысқа жарма себуді ұсынады, жарма мен тұз қарға қалай әсер ететінін бақылайды. Балалар тұз себілген ыдыстағы қардың тез ери бастағанын бақылайды, «мұздың шытырлағаны естіледі» деген қорытындыға келеді. Көшеде жол тайғақ болмас үшін тұз сеуіп, қарды ерітетінін айтады. Педагог өлең оқиды: Қар айналар, қар айналар, Қар ағашты айналар, Қарлы басын, иіп төмен, Мүлгіп шырша ойланар.

					– Шырша неге басын иіп, мүлгиді? – Қар ағашты басып қалғанда, ағаш қарды көтере алмай, басы иіледі. Интербелсенді тақтадан қардың жауғаны жайлы бейнебаян көрсетіледі. Педагог балаларды шығармашылық бұрышына шақырып, қар түйіршіктерін қағаздан қиып, жапсыруды, бояқпен бейнелеп суретін салуды, кейбір балалардың қалауынша құмның үстінде сызып, бейнелеуді ұсынады. **Сергіту сәті:** **Үлестірмелі материалдармен жұмыс:** 1. Көлтауысарға қардың пайдасы туралы әңгімеле. Қар көп жауғаны жақсы ма? Қандай қысқы еңбекті білесің? Ата. 2. Ойындарды ата. Әңгімеле. Саған қандай ойын ұнайды? Белгіле. 3. Табиғаттағы қардың түзілуін бағдаршамен көрсет. Қар айналымы қалай жүреді? Әңгімеле. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.
